**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**
**М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті**

*Әдіскер ғалым, әдебиет зерттеушісі,*
*педагогика ғылымдарының кандидаты,*
*профессор Қалимолла Жұмағалиұлы Мырзағалиевтің*
*90 жылдық мерейтойына арналған*

# «ПРОФЕССОР Қ.Ж. МЫРЗАҒАЛИЕВТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ (ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫ)»

*атты дәстүрлі IVоблыстық оқу-әдістемелік семинар*
***МАТЕРИАЛДАРЫ***

**5 қазан 2018 жыл**

***Орал қаласы***

**ӘОЖ**
**КБЖ**

**Ұйымдастыру алқасы:**

**Тасмағамбетов Ә.С.** – т.ғ.д., профессор, М. Өтемісов атындағы БҚМУ ОӘЖ жөніндегі проректоры;
**Дәрішева Т.М.** – п.ғ.к, доцент, М. Өтемісов атындағы БҚМУ ТЖ және ӘМ жөніндегі проректоры;
**Мұтиев З.Ж.** – ф.ғ.к., доцент, М. Өтемісов атындағы БҚМУ филология факультетінің деканы;
**Ниязғалиева А.Ә.** – ф.ғ.к., М. Өтемісов атындағы БҚМУ қазақ филологиясы кафедрасының доценті;
**Сұлтаниязова И.С.** – PhD доктор, доцент М. Өтемісов атындағы БҚМУ қазақ филология кафедрасының меңгерушісі;
**Сапарова Ж.К.** - М. Өтемісов атындағы БҚМУ қазақ филология кафедрасының магистр-оқытушысы.

**Әдіскер ғалым, әдебиет зерттеушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Қалимолла Жұмағалиұлы Мырзағалиевтің 90 жылдық мерейтойына арналған «ПРОФЕССОР Қ.Ж. МЫРЗАҒАЛИЕВТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ (қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңартылған мазмұны)»:** дәстүрлі IV облыстық оқу-әдістемелік семинар материалдары. – Орал: М. Өтемісов атындағы БҚМУ баспа орталығы, 2018. - 288 бет

Жинаққа әдіскер ғалым, әдебиет зерттеушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Қалимолла Жұмағалиұлы Мырзағалиевтің 90 жылдық мерейтойына арналған **«Профессор Қ.Ж. Мырзағалиевтің педагогикалық мұрасы және заманауи білім беру жүйесі (қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңартылған мазмұны)»** атты дәстүрлі IV облыстық оқу-әдістемелік семинарға келіп түскен баяндамалар енген.

Семинар материалдарының жинағында профессор Қ.Ж. Мырзағалиевтің педагогикалық мұралары, рухани жаңғыру – ұлттық құндылықтардың жаңғыруы, қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда жаңа технологиялардың әдістемелік жүйесіне арналған жоғары мектептің профессор-оқытушыларының, ғалым-педагогтарының, жас ғалымдардың ғылыми мақалалары мен орта мектептің озық тәжірибелі мұғалімдерінің әдістемелік мақалалары қамтылған.

© М.Өтемісов атын. БҚМУ РБО, 2018

# АЛҒЫ СӨЗ

**Ә.С.Тасмағамбетов,**
М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университетінің проректоры,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

**Қадірменді оқытушылар, қала мектептерінің ұстаздары мен Қалимолла Мырзағалиевтің ұрпақтары, бауырлары, ағайын-туғандары бүгінгі бас қосуға қош келдіңіздер!**

Әрбір жоғары оқу орнының тарихында есімдері құрметпен аталатын ғалымдары болады. Олар - факультеттің, кафедраның тарихын қалыптастыруда, жан-жақты маман тәрбиелеуде, ғылыми-әдістемелік оқулықтар мен оқу-құралдарын жазуда ғибратты істер тындырып, өмірде із қалдырған тұлғалар. Солардың бірі - саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиелеу ісіне арнаған ұлағатты Ұстаз, әдебиет зерттеушісі, әдіскер-ғалым, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор Қалимолла Мырзағалиев. Көзі тірі болса 90 жасқа толу мерейтойын қара шаңырақ болып атап өткен болар едік, бүгінде ғалымға тағзым ету мақсатында өзі қызмет еткен Қазақ филологиясы кафедрасы «Профессор Қ.Ж.Мырзағалиевтің педагогикалық мұрасы және заманауи білім беру жүйесі(қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңартылған мазмұны)» атты облыстық оқу-әдістемелік семинарын ұйымдастырып отыр.

Қалимолла Жұмағалиұлы осы білім ұясында оқып, білім алып, өмірінің соңына дейін оқу орнында қызмет еткен. Күнделікті дәріс оқу, семинар сабақтарын өтгізу, сан алуан тәрбие жұмыстарын жүргізумен қатар республикада алғашқылардың бірі болып жалпы білім беретін орта мектептердің 7, 9,10 сыныптарына арнап академик С.Қирабаевпен бірге «Қазақ әдебиеті» оқулықтары мен «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін», сондай-ақ осы оқулықтарға сәкес «Қазақ әдебиетінің хрестоматиясын» жазған. Көркем әдеби шығармаларды талдау, реферат, курстық, диплом жұмыстарын жаздыру, әдеби үйірмелер мен бірлестіктердің жұмысын ұйымдастыру туралы еңбектері мен әдебиеттің жанрларына байланысты баспа көрген ғылыми мақалалары қаншама! Бұл еңбектер өз кезінде мектептің де, ЖОО-ның да қажеттіліктерін өтесе, қоғамның жаңаруы, ғылым көкжиегінің дамуы, мектептегі жаңартылған білім мазмұны мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындарының оқытушыларына жаңаша талаптар қоюда. Елбасының халыққа жолдаған Жолдауында: «Өмір бойына жететін білім алу» тұжырымының «өмір бойы білім алуға» көшуі қазіргі білім жүйесінің негізгі бағытын анықтайды. Қазіргі қазақ ұрпағы – жаңа ғасырдың басшысы. Жаңа заманның жаршысы өз тілінде еркін сөйлеп, еркін ойласа ғана ұлттығымыздың ұлықталғаны. Ендеше, бүгінгі оқу-әдістемелік семинар кенеулі ойларды ортаға салатын, оқытудың озық тәжірибелерін айқындайтын, тәжірибе алмасатын алаң болады деген ойдамын. Тағылымы мол істеріңізге береке берсін!

ӘОЖ 81 28:811 16.1.1

# ҚАЛИМОЛЛА ЖҰМАҒАЛИҰЛЫ МЫРЗАҒАЛИЕВ – КӨРКЕМ ШЫҒАРМАҒА ӘДІСТЕМЕЛІК-ТӘЖІРИБЕЛІК ТАЛДАМА ЖАСАУ ШЕБЕРІ

**Қыдыршаев А.С.,** *М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, мәдениет және өнер факультетінің деканы, п.ғ.д., профессор;*
**Қыдыршаева Қ.С**., *М.В.Ломоносов атындағы ЖББОМ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі*

Профессор Қалимолла Жұмағалиұлы Мырзағалиевты Қазақстан Республикасына танымал тәжірибелі әдіскер-ғалым ретінде білеміз. Ағамыз ағарту саласындағы атқарған қыруар ісі, өз тұсында жүргізген күллі ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижесінде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің білгір теоретигі ретінде қалыптасты. Осы мақаланың авторларының бірі ұлы ұстаз хақында бір кезде «Төккен тер текке кетпеген» атауымен өз жүрекжарды пікірін білдірген-ді [1].

Бәрі де сонау 1958 жылы БҚО Казталов ауданы Богатырев орта мектебінің мұғалімі болып жүрген кезде «ҮІІІ-Х класс оқушыларының әдебиет пәнінен реализм туралы ұғымын қалыптастыру» деген тақырыпта өз пікірін айтып, тәжірибе бөлісуден басталған болатын. Содан бергі жылдарда өмірінің ақырғы сәтіне шейін жүзден аса құнды әдістемелік еңбектері жарық көріпті. Оның қатарына әдебиетті оқыту мәселесіне қатысты мақалалары да, жеке кітап ретінде жарық көрген еңбектері де енеді. Бұл саптағы «Пейзаждың идеялық-көркемдік ерекшелігін оқыту», «Абай лирикаларының композициясы», «Әдебиет сабағында әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту», «Абай жолын» оқытудың кейбір мәселелері», «М.Әуезовтің «Қараш-қараш» повесін оқыту», «Қазақ әдебиетінен ІХ класта шолу тақырыбын оқытуға методикалық нұсқау», «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы курсынан бақылау-жаттығу жұмыстары», «10 класқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығына методикалық нұсқау» (филология ғылымдарының докторы, профессор Қирабаевпен бірлестікте), «Мектепте әдебиет теориясы ұғымдарымен таныстыру» және басқа еңбектері ғылыми-әдістемелік құндылығы жағынан мұғалімдерге зор көмек. Бұл еңбектер туралы кезінде әртүрлі баспасөз беттерінде қилы пікірлер айтылып, орынды бағасы берілді де. Ғалым-әдіскер еңбектерінде қазақ әдебиетін орта мектепте оқыту мәселесінің сандаған аспектілері қарастырылады. Мәселен, ғалымның «Жоғары кластарда әдебиет сабағында жанрлар табиғатын таныту» нұсқауына үңілсек, онда жоғары сыныптарда көркем шығармаларды оқу, талдау жұмыстарымен бірге сол шығарманың жанрлық ерекшелігін аша дәлелдеу әдеби-теориялық білім беруді тереңдете түсетіндігін айтады. Оқушы Х сыныпта көркем сөз, хат, көркем әңгіме, лириканың түрлері, мысал, аударма жанры, ғақлия, сюжетті өлең, реалистік, романтикалық және тарихи поэмалар, естелік шығарма, әлеуметтік роман формаларымен, яғни мүлде тың жанрлармн танысатындығын, жанр табиғатының өте күрделі синтездік сипатының молдығын, әдебиетші ғалымдардың еңбектерінде, әдебиет оқулықтарында бір шығарманың өзі әртүрлі жанрлық атаулармен атала беретініне (мысалы, «Кім жазықты» бірде роман, бірде поэма, «Маузер», «Колхозды ауыл осындай» бірде сюжетті өлең, бірде баллада, бірде поэма аталып жүруі) назар аудартады. Х сынып хрестоматиясында Шоқанның «Сот реформасы туралы жазбалар», «Ислам дінінің зияндылығы туралы» еңбектерінің жанрлық табиғатын танытудағы қиындықтарды сөз етеді, оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері жөнінде ой бөліседі. Шоқаның озық ойларын, демократ-ағартушылығын, А.Н.Майковқа, Ф.М.Достоевскийге жазған хаттарын оқытудағы хат жанрының маңыздылығын, өзіндік ерекшелігін әңгімелейді. Идеялық мазмұны жағынан ұқсастығына қарай Ыбырайдың «Надандық» әңгімесін Шоқанның «Ислам дінінің зияндылығы туралы» еңбегімен салыстыра оқыту туралы көркем әңгіме мен публицистиканың жанрлық айырмашылығын жеңіл ұғындыруға болатынын ұсынады. Абайдың қара сөздері қай жанрға жатады? Оқушыға қалай танытамыз? Ғалым Абай қара сөзі мен Ыбырай әңгімелерін, ақынның өз өлеңдері мен салыстыра оқыту жолын ұсынады. Бұл арқылы да бір мазмұнның екі түрлі формада берілуінің жанр өзгешелігінде жатқаны танылады.

Әдіскер-ғалым Қ.Ж.Мырзағалиев кейінгі ағарту саласындағы ізбасар әріптестеріне қалдырған мол әдістемелік мұрасында оқушыларды көркем әдебиетті оқып-үйренуге баулу, олардың дүниеге көзқарасын, ой өрісін, эстетикалық талғамын, адамгершілік, имандылық

қасиеттері мен өнерге, сөз өнеріне ынтасын қалыптастыру белгілі мөлшерде әдеби-теориялық ұғымдарды жете меңгеруді қажет етерін баса атайды. Осыған байланысты оқытудың арнайы қағидаттары белгіленіп, жеке әдеби ұғымдарды меңгерту тәсілдері туындарын қозғайды. Бұл жұмыстың әр сыныпта сатылы түрде дамытылып, оқушылардың жас ерекшелігіне қарай жүргізілуі тиістілігін көре біледі. Бұл ретте ғалым: *«Дидактикалық қағидаттарға сүйене отырып, көркем мәтіннің ішінен бейнелілікке (образдылыққа) қатысты нақты бір детальдарды алып қарастырып, одан әдеби-теориялық ұғымды анықтау сабақ үрдісінде іске асырылады. Қандай әдеби ұғым болмасын, мәтіннің композициялық құрылысынан туындайды. Одан тыс тұратын әдеби-теориялық ұғым болмайды. Кең түрде алып қарасақ, бұл жұмыс жалпы әдебиет теориясының ғылыми курсында көркем шығарма мен оның құрылысына, яғни композициясына тән үлкен проблемаға келіп саяды. Сондықтан да көркем шығармадағы адам бейнесін (образдар жүйесі), шығарманың композициялық құрылысы мен сюжетінің жасалу жолдарын талдауға кең орын беріледі. Оқылатын шығарманың табиғатына сай әдеби кейіпкер, кейіпкер мінезі мен портреті, сюжет, композиция, тақырып және идея, бейнелі сөздер, жанрлық түр жайындағы теориялық ұғымдар кеңейтіле түседі»,* - дейді.

Ғалымның пікірінше, әдебиетті жете түсінудің негізі – шығарманың көркемдік әсерін оқушының сезіне білуінде. Мұғалімнің оқыту тәжірибесіндегі ой жібере оқу, эвристикалық әңгіме жүргізу, зерттеу және репродуктивті әдістер мен оның әр түрлі амалдарын қолданудың бәрі де көркем шығарманы, әдеби-теориялық ұғымдарды жете меңгертуді көздейді. Ал теориялық ұғымдарды жете меңгерту – оқушының талғамына сай, өз бетімен оқыған көркем шығарманың идеялық-көркемдік ерекшеліктерін ажыратып, оған баға бере білудің негізі бола алады.

Жалпы әдебиет сабағында жүргізілетін жұмыстың қандай түрі болса да, оқылатын мәтіннің мазмұнына, көркем бейнелеріне, құрылысына байланысты көркем мәтінде сюжет болмаса да, жанрлық түрі, көлеміне қарай мазмұнға сай композициялық құрылысы болатынын білгізу міндет. Мәселен, әдіскер-ғалым Қ.Ж.Мырзағалиев орта мектепте «Мақал-мәтелдер» тақырыбына орайлас құнды әдістемелік бағыт сілтейді. Мақал-мәтелдерді оқытудың алғашқы сабағы оқушылармен әңгімеден басталуы мүмкін. Себебі мақалдармен төменгі сыныптан бастап танысқан оқушының көңілге тәжіребиесі, мақал мәтелдің мақасаты мен мазмұнын ұғынуы біраз кеңейеді. Мақал-мәтелдің өткен өмір тәжіребиесінің шежіресі екені, тақырыптары, қазіргі кездерде де туындап отырғаны, оны сөз шеберлерінің дамытып келе жатқаны, мақал-мәтелдің өзара аймашылықтары алғашқы сабақта айтылса, екінші сабақта мәтелдің поэтикалық көркемдік ерекшілігі, хрестоматиядағы үлгілерден сол мазмұн мен көркемдіктің үйлесім тауып айтылуына арналады. Мақал –мәтелдердің көркемдігін байқауға көркемдік сөз үлгілері: ауыстыру, метафора *(Көп сөз – күміс, аз сөз – алтын. Ашу – дұшпан, ақыл – дос, ақылыңа ақыл қос), теңеу (Жақсылардың үлгісі-жанып тұрған шамдай, Шешендердің сөздері – ағып тұрған балдай), эпитет (От ауыздыортақ тілді. Қаһарлы сөз қамал бұзар), метаномия (Шебердің қолы көпке ортақ. Жүрген аяққа жөргем ілінер), синтаксистік паралелизм (Жолдас қадірін жарықта білесің, Дос қадірін соғыста білесің.),* шендестірулерді таныту мақсаты қойылады. Әсіресе синтаксистік паралельдер мен шендестірулердің жақындығы, қабысып отыруы, тура көркем баламалардың үйлесімділігіне көбірек көңіл аударылады. *(Ат басына күн туса, ауыздығымен су ішер, Ер басына күн туса, етегімен су кешер).* Мақал мәтелдерді оқыту арқылы қалыптаса, дмытыла түсетін әдеби теориялық ұғыс – тақырып пен идеяның бірлігі және поэтикалық көркемдігі, ырғағы, ұйқасы, тармағы. Мәселен, «Еңбек етсең, емерсің». Егер осы мақалдың тақырыбы мен идеясы – нәтижесін көру дегенді ашып қалды да, сәлден кейін мақалдың тақырыбы – еңбек ету, идеясы – нәтижесін көрі дегенді ашып берер еді. Хрестоматияларда түрлі тақырыпқа топтасқан мақалдар берілген. Осы мақал-мәтелдегі тақырып пен идеяны ашу, қандай поэтикалық көркемдікпен жасалғанын білгізу үшін сұрақ, тапсырмалар беру мұғалімнің ең басты ісі. Мақалдардың дыбыс үндестігін ашып дәлелдеңдер. Мақалдың аяқаталуында, басталуында, сөздердің іштей үйлесімділігінде қандай үндестік бар? Мақалдардағы теңей, ауыстыра, балап айтылғын сөздерге мысал келтіріп, оның қандай поэтикалық көркемдік екенін дәлелдеңдер. Мқалдағы бейнелі пераллелизмдердің мазмұндық көркемдігін тани білуге тапсырмалар оқушыны мақал мәтініне тағы бір мәрте үңілдіріп, мазмұнын, көркемдігін тани білуге жұмылдырады. Егер, мұғалім осы тақырыпта топтасқан мақалдарды өздерің білетін, оқыған, үлкендерден естіген мақал-міәтелдермен, ақын жазушылар шығармаларынан мақалға, нақылға айналып кеткен даналық сөздермен толықтырыңдар, оның тақырыбы мен идеялық мазмұнын ашыңдар десе, оқушының белсенділігін арттырып, қазықтыра түсер жұмыс болары кәміл.

Ал әдеби –теориялық ұғымдарды кеңейтуге қатысты әдіскер-ғалым түрліше ой өреді. Асан, Қайғы, Бұқар?Махамбет мұраларынан басталған әдебиетіміздің тарихи даму жолы одан әрі XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезіндегі әдебиет тарихымен жүйелі курс болып

жалғасып келеді. Сондықтан әдебиет теориясы ұғымдары әдебиеттің тарихи даму үрдісін оқып білумен қабыса жүргізіледі. Оқулықта әдебиет теориясы мәселелері бес жүйеге бөліне топтастырылады.

Бір-бірімен тығыз байланысты, бірін-бірі толықтыра түсетін бұл теориялық мәселелер оқыту үдерісінде екі жолмен жүргізіледі. Алдымен XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы әдебиетке арналған шолу тақырыптарында жинақы түрде таныстырылды. Екіншіден, Шоқан, Ыбырай, Абай, С.Көбеев, С.Торайғыров, С.Дөнентаев мұраларын оқытуда осы теориялық мәселелер жекелеп те, өзара байланысты түрде де танытылады. Ақын-жазушының өмірі мен шығармашылық жолы тақырыбына, жанрына қарай топтасып, бірнеше шығармалары жүйелі түрде оқылатын болғандықтан, жырлаған, суреттеген тақырыбына автордың көзқарасы жайында жинақы, түйінді пікірмен баға беру мүмкіндігі жасалады. Өзара байланыстырыла отырып шығарымпаздық әдісі анықталады.

Сондай-ақ, ғалымның жанр мен стиль турасында айтылған түйін –тұжырымдарының құндылығы бүгінгі тұста да бір сәт төмендеген емес. Бұл ретте ғалым дәстүр мен жаңашылдық проблемасы жанр, стиль проблемасымен тығыз байланысты. Бір ақын, жазушының шығармалары арқылы бірнеше жанрлық форманы таныстырамыз. Оқушы төменгі сыныптарда С.Сейфуллиннің өлеңдерімен таныса, ортаңғы сыныптарда әңгімесімен, повесімен танысады. Ал жоғарғы сыныптарда С.Сейфуллин шығармашылығын оқу арқылы әдебиеттің үш тегінен тарайтын лирика, баллада, поэма, әңгіме, повесть, роман, пьеса жанрларында шығарма жазғанын оқып танысады. Б.Майлин, І. Жансүгіров, С.Мұқанов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ. Мұстафин шығармашылығын оқу арқылы осы жанрлардың одан әрі алуан сипатымен түрлене, жаңа белгімен дамытыла түскені таныстырылады. Мәселен, драмалық шығарманы алайық. Оқушылардың жалпы драмылық шығармаларын оқу тәжіребиесі шамалы, өз бетімен оқуға бара бермейді. Әйтсе де С.Сейфуллин, Б.Майлин, І. Жансүгіров, С.Мұқанов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов шығармашылығынан драманың, комедия, сатиралық комедия, трагедия түрлерінің өзара айырмасын қайталау кезінде ажырата білетін болу керек. Бұл жерде оқушылардың театр сахнасынан, кино, телеэкраннан көргені де қамтылуы мүмкін. Бұл жерде айтарымыз, жанр жанр қатып қалған форма емес. Әдебиет теориясында сол форманың ортақ белгілері шарты болып қалыптасқан. Жанрлық белгілері өзара араласа үйлесім тауып, көркемдік формаға тұтасып, тақырыптық-идеялық мазмұнын жеткізіп отырады. Орыс сыншысы Белинский жанрларды біріне-бірі қатысы жоқ дара дүние тұрғысында деп қарамаған. Олардың жеке компаненттері бірінен екіншісіне ауысып отыратынын, өзара байланысты бірлікте болатынын айтады. Кейбір шығарманың осындай жанрлық формасын, белгілерін, шекарасын ажырату оқушыға (мұғалімге десек те болады)оңай емес. Сәкенннің «Маузерін» бірде өлең, бірде баллада, бірде поэма деп, Сәбиттің «Колхозды ауыл осындайын» бірде поэма, бірде ұзақ өлең деп оқулықта да, зерттеулерде де әр түрлі атап оқып жүрміз. Ғ.Мүсіреповтың «Кездеспей кеткен бір бейне» шығармасын көлеміне, құрылысына, оқиғасына қарай повестке жатқызуға болатын сияқты. Повестер қатарында аталып тұр. Бірақ автор шығармасы поэма аталған. Сырт қарағанда проза десек те, өлең ырғағы мен романтикалық көтеріңкі де нәзік әуенмен жазылған. Екі жанр табиғатының айрықша сапалары тұтастырылған. Еркебұлан сияқты күрескер ақынның жан дүниесін, сезімін поэмаға тән лиризммен мөлдірете қара сөзбен жеткізу шеберлігін танытқан. Революциялық күрес дәуірінің оқиғалары шығармада жаңа қырынан көрінеді. Халық азаттығы үшін күреске Еркебұланның үлкен санамен, зор жауапкершілікпен барғанын, оның алдында қойған мақсатында еш нәрсе кдергі бола ламайтынын, туған еліне адалдығын көреміз. Автор шығарманың эстетикалық сипаиына мән бергендіктен поэма атаған.

Көркем шығарманың өнер ретінде көркемдік қасиетімен түрленіп отыруы талантқа тән заңды құбылыс. Белгілі бір жанр шарттарын орындап жазылғын құнды туынды сол жанрға белгілі жаңалық әкеледі, жанрдың дами түсуіне өзінше үлес қосады. Монографиялық тақырыптарды оқытуда шығарманың жанрылық сипатындағы өзгешеліктерді оқушы танып білетін болуы керке.

І. Жансүгіровтің «Дала», «Күйші», «Құлагер» тәріздес тарихи реалистік поэмалары жазылу табиғатына қарай әр түрлі жанрлық сипатымен көрінеді. Әр поэманың тақырыбының композициялық құрылысының, сюжеттік желісінің, образдар жүйесінің жасалуына қарай бірінде эпикалық, екіншісінде лирикалық ырғақ тнтонациясының, көркемдік компанеттерінің басымдығына ерекше түрде оқырман зердесін аударуына қарай әр түрлі жанрлық сипаттағы анықтауларға ие болып келеді. Әдебиет зерттеушілері «Дала» поэмасын лирикалық-философиялық (Әуезов), тарихи-философиялық (Қаратаев), лирикалық поэманың жаңа түрі (Дүйсенов), лирико-публистикалық, лиро-эпостық (Нарымбетов) дегендей жанрлық анықтаулармен атайды. «Даланың» лирикалық сипаты «Арнау», «Той бастау» бөлімдерінен және жыр ағымы, толғау, терме, дәстүрінде жазылуынан, эпикалық сипаты басқа бөлімдерінен, шартты кейіпкерлерінен байқалады. Ал

философиялық сипаты – тұтас тарихи кезеңдерді қамтыған өмірдің дамуы, қайшылығы, еүресі, халық иеалы, гуманизмі және тарихылығы деуге болады. Поэманы оқытуда оның жанрлық сипатына қарай айтылып жүрген көп анықтама сөздерді білуді тоқталса жеткілікті.

С.Сейфуллин, Б.Майлин, І. Жансүгіров, С. Мұқанов, М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафиннің шығармашылық әр жанрдағы шығармаларын талдау, көркемдігін тану үстінде өзіндік жазушылық өзгешеліктерді де сөз болады. Осы көрнекті әдебиет өкілдерінің Шығармашылығында біртіндеп қалыптасқан, айқындала түскен, бір-біріне ұқсамайтын суреткерлік шеберлігі, стилі, мәнері бар. Әр жазушы өзінше сөз саптайды, өзінше суреттейді, образдар жасайды. Әр жазушының осындай көркемдік, стильдік һзгешеліктерін оқушының өздігінен ажыратып отыруы мүмкін емес. Стильдің қыры мен сыры мол. Мектеп бағадарламасы арқылы оны толық тануға мүмкіндік жоқ. Әйтсе де, аса көрнекті классик ақын, жазушылардың өзіндік басты стиль ерекшелігін тани алатындай ерекшілігі болатыны айқын. Жазушы стилін алғаш аңғартатын бірінші фактор – тіл өрнегі. Бірақ ол стильдің жан-жақты сипатын ашып бере алмайды. Жазушы өмір шындығын шығарымпаздық қиялымен типендіре жинақтай отырып, образ жасайды, суреттейді. Сол үрдісте оқиғаны, әрекетті, адамның қарым-қатынасын, сөзін, күйініш-сүйініш сезімін өсіре, әсірелей не әшкерелей әр түрлі жағдайға келтіреді. Стильдік өзгешелікті танытатын осы компоненттер [2, 125-127].

Ғалымның әдістемелік зерделеу жұмыстарының өміршеңдігі – практикалық жағының басымдығынада, әдебиет пәні мұғалімдерінің ауыр еңбегін жеңілдетуде ғылым-әдістемелік жағынан тиімді көмек, кеңес бере білуінде. Әдіскер-ғалымының баспа жүзін көрген көмекші нұсқауларын өз ісінде, әдебиет сабақтарында пайдаланған, өз кезеңінде ғалымға ризашылығын білдірген мұғалімдердіңі алуан пікірлері де – ғалым еңбегіне берілген баға.

Қалимолла Жұмағалиұлын Орал, Ақтөбе, Маңғыстау, Жезқазған аймақтық білім жетілдіру институттары әлсін-әлсін мұғалімдердің мезгілдік курстарында әдебиет әдістемесінен, әдебиет теориясынан, әдебиет тарихы мәселелерінен лекция оқуға шақырып отырған. Мәселен, 1986 жылы Ақтөбе мұғалімдердің айлық курсында лекция оқыған. Кейін Шалқар қаласының мұғалімі М.Құлманова ғалымның лекцияларындағы әдістемелік талдауларның құндылығы жайында мақала («Қаз.мек» журн., №2, 1987 ж.) жариялады. Бұл бағытта БҚО Сырым ауданының мұғалімі Х. Хамидуллин («Қаз.мек» журн., 8 тамыз, 1986 ж.) Бөкей ордасы ауданының мұғалімі Е.Қисахметов («Орал өңірі», 29 қыркүйек, 1989 ж.) өз мақалаларында ризашылықтарын білдерген. Қ. Жұмағалиұлы студенттерге әдебиет әдістемесінен дәріс оқумен бірге, жастарды ғылыми жұмыстарға баулуды әсте естен шығармағаны кейінгі зор үлгі.

Әдістеме ғылымы саласында кезінде үздіксіз тер төккен ғалымның «Сөз өнерінен – ойлау өнеріне» деген зерттеуі – мектеп бағдарламасына енгізілген жаңа шығармаларды оқытудың жолдарын, жазушы Хамза Есенжановтың «Ақ жайық» трилогиясын сыныптан тыс талқылау және әдеби өлкетану жұмыстарын жүргізу түрлерін көрсетеін құнды еңбек сапында.

Қысқасы, бірегей ғалым, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің теоретигі Қалимолла Жұмағалиұлы Мырзағалиевтің мол әдістемелік мұрасы ешқашан да ескірмек емес.

**Библиографиялық тізім:**

1. Қыдыршаев А.С. Төккен тер текке кетпеген //«Серпер»- «Прогресс» газеті, 1992, 23 мамыр, №33-34. – 3-бет.

2. Мырзағалиев Қ.Ж. Мектепте әдебиет теориясы ұғымдарымен таныстыру. Алматы, «Рауан» баспасы, 1992.-128 бет.

3. Қыдыршаев А.С., Өтегенов Ж.Т. Ұстаз-ғалым Қалимолла Мырзағалиев – қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің білгір теоретигі // "Қазақ әдебиеттану ғылымы мен тіл білімі: жаңа бағыттары және оқытудың инновациялық технологиялары" тақырыбындағы аймақтық ғылыми-тәжіребиелік конферерениця материалдары. Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2013 – 75-78-б.б.

ӘОЖ 37.011.31:82.085

**Қазіргі заманауи ритор-мұғалімнің тұлғасы**

**Тұрғаналиева Г.Г.,**
*магистр-аға оқытушы,*
*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті,*
**Кулдашева М.С.,**
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғары санатты мұғалімі,*
*№5 ЖОББМ,*
*Орал қаласы*

Еліміз егемендік алғалы қоғамдық жүйелердің барлығын ұлттық құндылықтармен толықтырып, жаңартып жатқан тұста білім беру саласындағы өзгертулер мен жаңартулар халықтық болмыс пен ұлттық құндылықтарға ойысып келеді. Бұндағы негізгі мақсат – болашақ ұрпақты халықтық дәстүрмен тәрбиелеу, ұлттық қасиеттерді бойына сіңіре отырып, олардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

Халқымыз өткір тілімен айтылған салмақты, терең ойға, ділмар данышпандықпен айтылған үкім сөзге қаулы-қарарсыз-ақ тоқтап, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» болып, шешілмеген дау, алынбаған жау қалмаған. «Ханның тағынан шешеннің бағы артық» немесе «Ерді екінің бірі туады, шешенді мыңның бірі туады» деп шешендік өнерді тақтан да артық бақ санап, жоғары бағалаған емес пе?

Қай халықта болсын тәрбиенің негізгі бастау бұлағы – халықтық педагогика, сол халықтық педагогиканың басты құралы сөз өнері екені мәлім. Сондықтан өз ұрпағының болашағын ойлаған шешен тәрбиешілер жастарды ең әуелі сөз өнеріне, яғни шешендікке, сөз сөйлеу мәдениетіне, өз ойын тиянақты жеткізе білуге тәрбиелеуі тиіс.

Адам өмірінің мәні - білім мен тәрбие десек, оны шәкірт бойына сіңіретін құдірет иесі – ұстаз. «Мұғалім – мектептің жүрегі» деп тегін айтылмаса керек. Тынымсыз соққан жүректей үздіксіз ізденіс пен ерен еңбек әйтеуір бір нәтежиеге жеткізеді.

Педагогика өмір сүріп келе жатқаннан бері мұғалімнің жеке басын және оның еңбегін зерттеуге үзбестен көңіл аударылып келеді. Я.Коменский алғашқылардың бірі болып ұстаз қызметін мәртебелі деп бағалады. К.Ушинский мұғалімнің жеке басы жастар үшін еш нәрсемен айырбастауға болмайтын жанып тұрған күн нұры, тәрбиешінің жеке басы – бүкіл тәрбие ісі деп атап көрсетті.

Елбасымыз «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» тақырыбындағы дәстүрлі Жолдауында келесі жылы «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеп, қабылдау қажет деп санайтындығын айтқан болатын. Себебі ұстаздық мамандық өзге мамандық атаулының бәрінен өзгеше. Оның іс-әрекетінің бәрі ұрпақ тәрбиесіне, оны жеке адам етіп қалыптастыруға арналады. Жас ұрпақ бойына жағымды мінез-құлық сіңіріп, оны жақсы мен жаманның ара жігін ажырата алатындай ету, қоғамның көркеюіне белсенді қатысушы дәрежесіне жеткізу мұғалім міндетіне жүктеледі. Сондықтан болашақ ұрпақ бойынан табылатын қасиеттің бәрі мұғалімнің бойында болуы шарт.

Мұғалім – ең алдымен, жоғары дәрежедегі тұрақты модальділік және псхологиялық-педагогикалық даярлықты қажет ететін еңбектің бірі. Нағыз мамандық иесі деп оқушылардың ойы мен жүрегіне жол тапқан, педагогикалық шеберліктің қыр-сырын меңгерген ұстазды айтады. Бұл қасиет оның жеке басының ерекшеліктерінен көрінеді: 1) білім дәрежесі; 2) озық әдістемелік меңгеру; 3) мақсат бағыттылығы; 4) ғылыми тілмен сөйлеу мәдениеттілігі.

Шешендік – біліктіліктен, білімнен, терең түйсікті сезімнен, ұшқыр қиялдан, зерделіктен тұрады. Болашақ мұғалімдерге шешендік өнерді меңгертуде Аристотель, Цицерон, Әл–Фараби т.б. ойшылдардың еңбектері, қазақтың ұлттық ойлауы мен сөйлеу ерекшеліктері ерекше маңызға ие. Ендеше бала тәрбиелеуде шешендік өнердің алатын орны жоғары.

«Шешеннің қуаты, - деп есептейді Цицерон,- тыңдаушының көңілін бүтіндей аударып, өзіне бағындыра білуінде. Сонымен бірге шешен екі негізгі қасиетті меңгеруі тиіс, біріншісі- нақты дәлелдердің көмегімен тыңдаушысын иландыра білу, екіншісі- тыңдаушылардың жүрегін айбынды да пәрменді сөзбен жігерлендіре білген әлдеқайда маңыздырақ».

Цицерон шешендік сөздегі ең басты қағида етіп шешеннің білімділігін және оның жалпы мәдениетін алады. Цицеронның өзін де табысқа жеткізген осы қасиеттер еді. Білімділік пен көп мағлұматтылық шешенді сәтті әрекеттерге жетелейді. Шешеннің өнегелі, жағымды көзқарасы -

шешендік өнердегі ең бастысы. Адам тағдырына қатысты дұрыс шешім қабылдауға көмектесуге өте қажет қасиет. Білімдарлық пен көп нәрседен хабардарлық, мықты логика, сондай- ақ шешендік әрекеттегі тәжірбие, дауыс күшін игеру қабілеті сөз өтімділігінің негізі болып саналады. Цицерон «Шешенде диалектіліктің тапқырлығы, философтың ойы, ақынның тілі, заңгердің есте сақтау қабілеті, трагиктің даусы болуға тиіс. Шынайы шешен халық өмірі мен әдет-ғұрып, салт-сана дәстүрлеріне мейлінше жетік болуы керек» деп түйіндейді.

Ғаламдану жағдайында ұлттық мүдде мен көзқарас жойылып кету қаупі де жоқ емес. Қазіргі ақпараттық тасқын әлсізді шайып, жағаға ысырып тастауға бейім. Халықтық педагогика тізгінінен айырылсақ, ұлттық каймағымыз да бұзылады, рухани дүниеміз ойсырайды, қиялымыз «тобырлық мәдениет» қамауына түседі, тіліміз шұбарланады, діліміз азады, адамымыз тозады. Біздіңше, қазіргі таңда барлық салада да шешендіктану ілімінен хабардар болудың қажеттілігінің, аса өзектілігінің де себебі осында жатыр.

Шешен азамат, интеллект. Шешен – жазу-сызу өнерінің, дұрыс сөйлей білу кәсібінің адамы. Шешен – бойына адамзат мәдениетін, әдеп әлемін жинақтаған тұлға.

Шешендіктану ғылымы қамтылмайтын тақырып кем де кем. Түйткілді көсіле сөйлеу сөз арқылы шешіледі. Соған орай шешен сөйлеуші адамның жауапкершілігі де күшейеді. Жаңа заманда осы сауалға сұраныс туған жағдайда шешендіктану пәні мұғалімі жан-жақты болуы шарт. Сала маманына тән қасиет – өз түйінін дәлелдеп, айтқанын өткізетін, ойын батыл қорғай алатын қайсар мінез, ұлтына деген шексіз сүйіспеншіліктің болуы. Сондықтан бүгінгі ритор-мұғалім қандай болуы керек?

Тәжірибеге сүйінсек, шешен бойында қалыптасуы тиіс жеке бас қасиеттеріне *шешендік этика, ұстаздық шеберлік, шешендік эрудиция, сөйлеу мәдениеті, шешендік импровизацияны* жатқызуға болады.

**Шешендік этика.** Этика – теориялық жағынан заң-ережелерден тұратын ғылым. Объектісі – мораль, адамгершілік, ізгілік. «Этика» - термин. Салт-дәстүр, жөн-жоралғы, үрдіс мағынасын беретін грек сөзі. Яғни, ұлттық-халықтық салт-дәстүрлер ережесі. «Этикет» - тәртіп мағынасын беретін француз сөзі. Этика, этикет, этикетка, эстетика, тактика мағыналары жақын сөздер. Жиынтығы – әдеп әлемі. Шешендік этика – қызмет-бабы барысында мұғалім ұстанатын заң, ереже, шарт, тәртіп һәм мінез.

**Шешендік шеберлік.** Шеберлік – тәрбиелеу мен оқытудың жоғары және ұдайы жетілдіру өнері. Шеберліктің негізіне мұғалімнің жеке мәдениеті, білімі мен ой-өрісінің педагогикалық техникамен, сондай-ақ алдыңғы озық тәжірибемен ұштасып, қорытылуы алынған. Шеберлікті меңгеру үшін көп нәрсені білу және істей алу қажет. Мұғалімнің шеберлігі, әсіресе, сабақтарда үйрете білуден байқалады. Шеберліктің маңызды көрсеткіші – оқушылардың белсенділігін арттыра алуы, олардың қабілеттерін, өз бетімен жұмыс істеуін, білуге құмарлығын дамытуы, оқушыларды сабақта ойлануға мәжбүр ете білуі. Оқыту процесінде тәрбие жұмысын тиімді жүргізе білу, оқушыда жоғары адамгершілікті, патриотизм сезімін, еңбексүйгіштігін, дербестікті қалыптастыру білігі шешендік шеберліктің басты элементтерінің бірі.

**Шешендік эрудиция** – бұл риторика саласындағы мәселелерді шешуде шешен-мұғалімге көмек болар оның жетік, жан-жақты білігі.

**Сөйлеу мәдениеті.** Шешеннің басты қызметі – сөйлеу. Бейнелеп әсем сөйлей білу – бұл жоғары мәдениеттіліктің белгісі.

Шешендік өнер – адамзат өркениеті тудырған рухани-мәдени құндылықтардың бірегейі. Оның өсіп өркендеуіне халықтық демократиялық дәстүрлер негіз болады. Ол әрбір ұлттық тарихи-әлеуметтік, саяси –экономикалық өмірінде қоғамдық қажеттіліктен туады. Сондықтан шешендік өнер мен оның тарихы – адамзат мәдениеті тарихының сабақтас бір бөлігі.

Шешендік өнер табиғатын танып білуге, оның қағидаларын меңгеруге жоғары сыныпта берілетін сабақтардың осыған байланысты тиімді әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы ғана жүзеге асып, оқушылардың сөйлеу мәдениетін игеруіне жағдай жасалады. Қазақта «Шешеннің сөзі мерген, шебердің көзі мерген» деген мақал бар. Осыдан сөз күшінің ерекшелігін аңғаруға болады.

Сөз мәнерін, техникасын меңгеріп, ақиқатты тану сияқты қабілетті қалыптастыру көп ізденісті керек етеді. Оқу шеберлігіне баулу және дағдыландыру – жүйелі сөйлеуге тәрбиелеу үрдісінің үйлесімділігі нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін.

**Шешендік импровизация.** Кез-келген сабақтың қызықты өтуінің ешқандай да дайын рецепті болуы мүмкін емес, тіпті керемет жазылып, жоспарланған сабақтың өзі оның жақсы өтуіне кепілдік бермейді. Демек, сабақ барысының қызықты өтуі ритор-мұғалімнің бойындағы асқан шеберлікті, яғни импровизацияны қажет етеді.

Шешендіктану пәні мұғалімі – ерекше тұлға. Өйткені ол – оқушылар мен үлкендер әлемінің арасындағы сарапшы. Сондай-ақ ол баланың психикалық құпияларын жетік біле отырып, білім береді, оны адам болуға үйретеді, өмірге бейімдейді.

«Мұғалімі қандай болса, қоғамы да сондай» деген бұлжымас заңдылық ерте кезеңдерден-ақ белгілі. Адамзат өркениеттің дамуы тарихында жақсы мектебі мен мұғалімдері бар мемлекеттер ғана алға озған. Мұғалімнің рөлін төмендету қашанда болмасын мемлекетті аздырып, әдеп-ғұрыптарды нашарлататын қынжыларлық жағдайлармен аяқталып отырған.

Жасалған теориялық талдаулар барысында ритор-мұғалімге қойылатын бірқатар негізгі талаптар бар екені айғақталды. Алғашқы талап – педагогикалық қабілеттіліктің болуы – оқушылармен жұмыс жүргізуге бейімділіктен; балаларға сүйіспеншіліктен; олардың қарым-қатынас жасау мәдениетінен көрінетін тұлғалық сапа. Көбіне педагогикалық қабілеттер сөз сөйлеу мәдениетін, оқушыларды ұ йымдастыру және т.б. нақты әрекеттерді орындай білумен сипатталады. Мәселен, В.А.Сластениннің пікіріне сүйене отырып, шешен-мұғалімнің төмендегідей қырлары шығар еді:

1. **Ұйымдастырушылық.** Мұғалімнің оқушыларды топтастыра алуы, оларды іске араластыру міндеттерін бөліп беру, жұмысты жоспарлау, атқарылған істі қорытындысын шығару т.б. біліктерінен байқалады.

2. **Дидактикалық.** Оқу материалын, көрнекілік құрал-жабдықтарды іріктеу және дайындау; оқу материалын ұғынықты, анық рухани қажеттіліктердің дамуын ынталандыру, оқу-танымдылық белсенділігін арттыру және т.б.

3. **Рецептивтік.** Оқушылардың рухани әлеміне ене алу, олардың эмоцияналдық көңіл-күйін объективті бағалау, психика ерекшеліктерін анықтау біліктерінде көрініс береді.

4. **Коммуникативтік.** Мұғалімнің оқушылармен, олардың ата-аналарымен, әріптестерімен, оқу орнының жетекшілерімен педагогикалық мақсатқа сәйкес қарым-қатынас орната алу білігінен байқалады.

5. **Зерттеушілік.** Педагогикалық ситуациялар мен процестерді танып білу және объективтік бағалау білігінен көрініс береді.

6. **Ғылыми-танымдық.** Мұғалімнің педагогика, психология, әдістеме салаларындағы жаңа ғылыми білімдерді меңгеруге қабілеттілігіне саяды.

Шешендіктану – жан дүниені, он екі мүшені, алпыс екі тамырды түгендеп, жайлап, еш уақытта да көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі – адамды өз ырқына жетелеп алатын қасиетті дүние. Демек, бүгінгі өмір талабына сай ритор-мұғалімдер:

- Біріншіден, ритор-мұғалім өз сөзін дәл, нақты, қисынды да дәлелді етіп құра алатын, әрі оқушылармен шығармашылық әріптестік негізінде ұдайы пікірталас ұйымдастыру арқылы сабақты қызықты көрініске айналдырып, берілетін мағұлмат көлемін әлдеқайда көбейте білуі керек;
- Екіншіден, ритор-мұғалім қиын деген сыныптармен байланыс, қарым-қатынас жасай білу керек;
- Үшіншіден, сөз арқылы ол оқытады, тәрбиелейді, өз көзқарасын жеткізеді, оған оқушыны көндіреді, оқушының санасына ғажайып көрнекі бейнелер туғызады.

«Шешендік – сөзбен жүзеге асырылатын әрі сөзбен барша жетістіктерге жеткізетін өнер саласы. Демек, барлығының тізгінін өз қолына алған, күллі өнердің қасиет күшін өз бойына жинақтаған деуге болады», - демекші ежелгі грек философы Платон, шешендік өнерді бүкіл ұлттық болмысымен бойына дарытқан ритор-мұғалім осындай болуы қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. А.С.Қыдыршаев. Шешендіктану. Орал «Ағартушы». 2004. – 156 бет.
2. А.С.Қыдыршаев. Шешендік тағылымы. Орал. 2006. – 142 б.
3. А.С.Қыдыршаев. Мұғалім кадрларының біліктілігін арттыруға шешендіктану ілімінің қатысы // 12 жылдық білім жүйесі және жаңа педагогикалық конференция материалдары. Ақтөбе. 2006-9-10 б.б.
4. А.С.Қыдыршаев. Шешен-лектор профессиограммасы. Орал, 2004. – 56 б.
5. Н.Д.Десяева, Т.А.Лебедева, Л.В.Ассуирова. Культура речи педагога. Москва: «Академия», 2003. – 192 с.
6. С.Негимов. Шешендік өнер. Ана тілі, А., 1997.
7. Т.В.Мишаткина. Педагогическая этика. Ростов на Дону: «Феникс», 2004. – 304 с.
8. А.А.Волков. Основы риторики. Москва: «Академический проект». 2005. – 304 с.

# БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫ НЕГІЗІНДЕГІ КОГНИТИВТІЛІК КАТЕГОРИЯЛАРЫ

**Хасанов Ғ.Қ.,**
*М. Өтемісов атындағы БҚМУ профессоры, ф.ғ.д.*

«Таксономия» термині алғашқы рет 1813 жылы Огюстен Декандолдың өсімдіктерді сұрыптап бөлу, олардың жүйелерін реттеу орнына қолдану еңбегінде айтылды.

Чикаго университетінің профессоры Б. Блум дарынды адамдардың табысқа жетуін зерттеп, олардың 10 жылдан 18 жылға дейінгі аралықта табысқа жеткендігін анықтап, «Дарындыларды дамыту жобасы» деген атпен зерттеу жүргізеді. Бұл зерттеуде атақты пианистер, скульпторлар, шахматистер, теннисшілер, математиктер, неврологтар т.б. мамандық өкілдеріне зерттеулер жүргізіп, дарындылардың табысқа жетуі үшін жылдар кететінін анықтады. Блум таксономиясының басты нәтижесі оқушыларға арналған арнайы жасалған бағдарламалар мен оқу тапсырмалары арқылы дарынын ашу, дамыту. Оқушыларды жүйелі тапсырмалар арқылы ситуацияға сала отырып оқыту нәтиже беретінін байқады.

1956 жылы Блум таксономиясы деген атпен тарихқа енген өзінің оқыту теориясын енгізді. Екі кітап жазады: Стабильділік және адам мінезінің өзгеруі (*Stability and Change in Human Characteristics*) және Білім беру мақсатын жүйелеу (*Taxonomy of Educational Objectives*). Блум теориясы АҚШ-тың көптеген оқу орындарында қабылданып, оқытылды. Соңынан үлкен сындарға шыдамай мектептерде бұл теорияны қолдану азайды.

Блум таксономиясы алты кезеңнен тұрады.

1. Білім
2. Түсіну
3. Қолдану
4. Талдау
5. Жинақтау (синтез)
6. Бағалау

Қазіргі уақытта мектеп мұғалімінің алдында тұрған жауапты міндет – оқушыға тиянақты білім беру. Оқыту үрдісінде оқушылардың әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, өздеріне деген сенімін туғыза білу, оқушының білімге ынтасын көтере білудің маңызы ерекше.

Осы оқыту негізінде қолданатын оқыту формалары топтық, топтық – жеке, жұппен жұмыс, диспуттар, пікірталастар, т.б. қолдану оқытудың міндеті мен шарты болып табылады.

Күтер нәтиже: қазіргі қоғам талабына сай әлеуметтік бейімділігі жоғары, мәдениетті, ұлттық тәлім-тәрбие алған, білімі мен біліктерін өмірде пайдалана алатын, жан-жақты дамыған жеке тұлға туғызу. Бұл әдістеме оқушылардың креативтілігін дамыту мәселесін шешуге жол ашады. Е. Торрекс бойынша креативтілік білім игеруде кездесетін қиындықтарды, кейбір кемшіліктерді шешудегі қабілеттілік. Д. Богоявленская креативтілікті жеке тұлғаның «шығармашылық дарындылығы» деп қарастырады. Блум таксономиясы қолдану арқылы оқытуда жеке тұлға әр сапада көрініп, өзіне ғана тән жеке тұлға қажеттері қалыптасатыны анықталып тұр, белгілері мынадай:

- тәрбиеге ұмтылушылық – жаңа проблемаларға икемді мәселені шешуге бейімділік;
- талқылауға икемділік – тапсырманың шегіне шыға алу;
- ой ұшқырлығы – тез арада кенеттен шешім шығару тәсілдерін алу қабілеттілігі;
- ойлау ерекшелігінің болуы – өз беттілік, даралық ерекшелік, ерекше шешім шығару.

Блум таксономиясы жеке тұлғаның біліктілік қасиеттерін шыңдай түсуге жол салат, атап айтсам, аса сезгіштік, ой ұшқырлығы, жаңаға ұмтылушылық, шығармашылық қабілеттер, өзіндік ой-пікірлерге тұра білу, өзіне сын көзбен қарау, қисын ойлау, жаңаны сезгіштік, күмәншілдік, әр нәрсеге күмән келтіру. Блум таксономиясының негізінде жеке тұлғаның креативтілігі, шығармашылық дербестілігін қалыптастырады. Демек, б.т. оқытуы арқылы жеке тұлғаны қалыптастыру – жеке тұлғаның сапалық қасиетін дамытатын рухани құндылықтарды игерудің бірден-бір жолы. Блум таксономиясы «интерактивтік-педагогикалық әрекет» ұғымын іске асыруға жүзеге асырушы болып табылады.

Тіл дамыту үрдісі, ең алдымен, шығармашылық бағыттағы әр түрлі жұмыстар арқылы жүзеге асады. В. Монахов технологиясының басты мақсаты – оқушының білім деңгейін шығармашылық деңгейге көтеру болып табылады. Білімді толық меңгерту технологиясы оқушының білім деңгейлерін шығармашылық деңгейге көтерілумен түсіндіріледі.

Американдық ғалымдар Ди Кэрон мен Б. Блумның білімді толық меңгерту технологиясының да маңызы зор. Педагогикада бұл технологияны «Блум таксономиясы» деп атайды.

Блум таксономиясы бір ізбен реттелген мақсаттар жүйесі арқылы оқушылардың білім деңгейлерін, шығармашылық деңгейге жетуді ұсынады. Оның кестесі төмендегідей:

1-кесте. Блум таксономиясы

| Мақсаттар жүйесі | Оқушылардың когнитивтік іс-әрекеті |
|---|---|
| Білім | Оқушы меңгеретін және берілетін білім негіздері |
| Түсінік | Оқушы білімді қабылдайды, түсінеді, түсіндіреді. |
| Қолдану | Алған білімді қолданады |
| Анализ | Білімді жай қабылдамайды, талдайды, саралайды, салыстырады |
| Синтез | Алған білімнен жаңа өнім жасап шығарады. |
| Баға (сыни өзіндік пікір) | Өз пікірін білдіреді, сынайды, жоққа шығарады, не мақұлдамайды. |

Блум таксономиясының басты белгісі осындай жүйеленген мақсаттармен ерекшеленеді. Оқушы білімін шығармашылық деңгейге жетелеу өнімді тәсілдермен жүзеге асады. Ол өнімді деңгей деп аталады.

Ғалым әдіс тәсілдерді когнитивті іс-әрекетіне байланысты өнімді - өнімсіз деңгей деп бөледі. Оны жоғарыдағы кестеден де көруге болады.

• Білім: Оқушылар мұғалім.

• Түсінік: Өнімсіз деңгей. Өздерінің белсенділігі төмен.

• Қолдану: Білім деңгейіне байланысты жүзеге асады.

• Анализ: Өнімді деңгей, яғни, шығармашылық деңгей

• Синтез: Білім алу оқушыны өз іс-әрекеті белсенділігімен жүзеге асады. Бағалау жүйесінде Блум таксономиясының ұтымдылығы да сол оқушылардың білімін шығармашылық деңгейге жетелеумен ерекшеленеді.

Блум таксономиясы – тұлға шығармашылығын дамытушы әдіс ретінде кеңінен қолданылып келеді.

2000 жылы итальяндық ғалым, когнитивті психология өкілі Марцано ұғыну, түсіну білімді қажет етеді, одан соң қолдану ұғыну ды қажет етеді деп әрі қарай кете беретін 1956 жазылған Б. Блумның бұл теориясы қате деп көрсетеді. Марцаноға бұл ой когнитивті психологиялық эксперименттер нәтижесінде келген. Жеңілден қиынға құрылған Б. Блумның иерархиялық құрылымы Марцанонның ойынша зерттеулер арқылы дәлелденбеген.

1999 жылы Лорин Андерсон және әріптестері 1956 жылы енгізілген Б. Блумның таксономиясына әсер ететін жаңа факторлардың жиынтығын енгезеді. Бұлар мыналар, яғни білімді құрайтындар: жалпылау, ойқорыту, теңестіру, салыстыру, түсіндіру.

Ал қолдану құрамы мынадай: орындау, қолдану, яғни іске асыру. Ал талдау, анализ құрамы: айыру, жіктеу, салыстыру, шендестіру, қатынастырудан тұрады.

Бағалау құрамы мыналар: тексеру, оның ішінде, топтық тексеру, жекелей тексеру, талдау арқылы тексеру, өндіріске енгізу. Сонымен қатар, сынау, сыни тұрғысынан бағалау жүйесі.

Құрастыру, жасауға келсек, оның құрамында бағалау, өзін-өзі тану, базалық білім, алған білім, қондырма білім, кездейсоқ білім, концептуалдық білім, стратегиялық білім, мегаконцептілік білім болады. Блум таксономиясын оқу жетістігін бағалауда қолдану дегеніміз осы аталған барлық құрамдас бөліктердің әрқайсысына жекелей тапсырма құру арқылы оқушыны бағалау. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры Г.Е. Утебалиева когнитивтілік негізінде коммуникативті-когнитивті оқыту әдістемесі және осыған құрылған бағалау жүйесін өзінің зерттеуінде жазған болатын [1, 45 б.]. Б. Блум таксономиясының озық нәтижелерін пайдалану барлық елдердің әдістемесінде кеңінен тараған.

3. Блум таксономиясын оқу жетістігін бағалауда қолдану.

Блум таксономиясының әр бөлігі және бағалау компонентінің әр құрамдас бөлігіне арнайы тапсырмалар құру арқылы білімді бағалау өз нәтижесін береді.

Атап айтқанда,

1. Білім 2. Түсіну 3. Қолдану 4. Талдау 5.Жинақтау (синтез) 6. Бағалау

Жаттығулар мен тапсырмалар әр сыныпқа әр оқушыға байланысты құрылады. Ол үшін сабақта бұны қолдана білу керек.

Блум таксономиясын қолдану, мәселен, сабақта былай көрінеді.

| Кезең | Сабақ бөлімдерінің мақсаты | Сабақтың өту барысы | Оқушы жұмысы | Сабақтың әдісі |
|---|---|---|---|---|
| Білім | Ұйымдастыру кезеңі,ойлану | Жазушы қандай мәселені көтереді? | Топтық жұмысқа оқушылар дайындығы. | Ой-пікір, ой түзу |
| Түсіну | Жазушы ойының идеясына, ішкі мағынасына зер салдырту | Жазушы шығармасының негізгі идеясы неде? | Жеке жұмыс. | Ой-толғау Оқушы ой пайымын туғызу. |
| Қолдану | Ерекше ұнаған жері туралы ой бөлісу | Шығармадан өзіңе қатты әсер етті жерін ата.<br>Жазушы ойымен үндес оның әріптестерін білесіздер ме? | Жеке жұмыс. | Өрнекті ойды ою.<br>Даралық ой туғызу<br>Жеке тұлға пікірі |
| Талдау | Салыстыру | Егер оның сондай әсер еткен жері өзге жазушы шығармаларында білсең, салыстыр. Венн диаграммасын толтыру. | Жеке жұмыс<br>Жұптық жұмыс | Анализ.<br>Синтез.<br>Қорыту. |
| Жинақтау (синтез.) | Алған білімді жинақтау | Эссе кезеңі.<br>1.Т. Ахтановқа XXI ғасыр перзентінен хат<br>2. Мен – соғыс қаруы гранатпын.<br>3. Батырларын жоқтаған Жер – ана. | Жеке жұмыс | Жазу ойы-талпынысы<br>Шабытты туғызу |
| Бағалау | Сабақ барысында<br><br>оқушы көзқарасы | Оқушылардың сабақ соңындағы түйін сөзі. | Жеке жұмыс | Қорыту<br><br>Ойтүйін |

Блум таксономиясы адамның санасындағы когнитивті негізге байланысты болады. Когниция Блум бойынша оқытудағы басты тетік болады. Блум таксономиясы негізін құрайтын когнитивтілік категориялары енді ғана зерттеле бастады. В.А. Маслова өз зерттеуінде когнитивті лингвистиканың ұғымдық бірліктері, яғни терминологиялық базасы қатарында: *сана, білім, концептуалдық жүйе, категоризация, когниция, ғаламның тілдік көрінісі немесе бейнесі, когнитивтік база, ментальді көзқарастар, танымдық модель, вербалдану, ментальдық, мәдениет константтары, концепт, әлем бейнесі, концепттік ая, ұлттық мәдени кеңістік* терминдерін қарастырады [2, 29-35 бб.]. Енді солардың мәніне тоқталайық:

**Сана** – көптеген ғылымдардың еншісінде қарастырылатын категория, сондықтан әр ғылымның өзіндік мақсатты тұрғысынан анықталады. Когнитивті тіл білімінің өкілі В.А. Маслова бұл танымдық бірліктің шеңберінде: «Адамның құндылықтарды, заттар мен құбылыстардың универсалды байланысын тану мүмкіндіктерін әрі сол сабақтастық негізінде әрекет ету өзгешеліктерін» қарастырады, «бұл сананың тууы және оның мақсатты бағытта берілген организмнің қоршаған ортамен өзара қарым-қатынаста жүзеге асу механизмі», – деп таниды [2, 30 б.].

Когнитивті сана, тілдік сана өте күрделі басы ашылмаған мәселе болып қала береді. З.Д. Попова, И.А. Стернин: «Тілдік сана – сөйлеу әрекетінің механизмдерін қамтамасыз сананың бір бөлігі. Сөйлеу әрекеті сөйлеуді тудыру, сөйлеуді қабылдау және тілді санада сақтаудан тұрады» – деп жазады [3, 46 б.]. Білім – В.А. Маслова: «бұрыннан орныққан тәжірибе мен қалыптасқан түсінік негізінде субъективті-объективті қатынастарды реттейтін, сөйтіп, тұжырымдар мен қорытындыларды негіздеуге көмектесетін, бір мақсатқа бағытталған әрекет. Білім – «әлем бейнесін» қалыптастырушы вервалды, бейвервалды тәжірибені өңдеуден туған өнім, динамикалы функционалды құрылым» [2, 30 б.]. Білім ғылыми және күнделікті болып бөлінетіні белгілі, ал когнитивті педагогиканың зерттеу нысанына білімнің екі түрі де енеді. Ұлттық мәдени кеңістік. Тілдің когнитивтік ерекшелігін оқытуда аудиторияның өмір сүріп жатқан өзіндік ортасы да бұл үрдіске өз ықпалын тигізетіні сөзсіз, сол себепті когнитивистер бұл ұғымды ұлттық мәдени кеңістік

деп атайды. «Ұлттық мәдени кеңістік – бұл ұғымның аясы мен негізгі айырым белгілері өзге мәдени құбылыстармен бетпе-бет келгенде ғана айқындалатындықтан, оның мағыналық ерекшелігін информациялар мен эмоциялар тізбегі, адам өмір сүретін және қызмет ететін виртуалды әрі шынайы шарттар құрайды» [2, 32 б.].

Мәдениет константтары. Когнитивті тіл білімінде, әсіресе, беларус мектебінде, концептілердің бір түрлерін мәдениет константары деп атау қалыптасып кеткенін айта кету керек. В.А. Маслова «Бұлар өте ертеде көрініп, күні бүгінге дейін ойшылдар, жазушылар және қатардағы тіл тасушылар көзқарастарында байқалатын концептілер», – деп жазады [2, 33 б.].

Категория – адам ойының танымдық түрі. Э.Н. Оразалиева бұл туралы: «Ол – адам тәжірибесін жалпылауға, жіктеуге мүмкіндік беретін ерекше ұғым. Бүгінгі күні танымдық категория негізгі ерекшеліктеріне қоса, жаңа мүмкіндіктермен қамтамасыз етіліп, адамның когнитивті әрекетімен, яғни әр түрлі заттарды белгілі бір қасиеттеріне орай жіктеу, топтау негіздерімен, материя мен оның қимыл-әрекеттерін сипаттар көп қырлы формаларды объективті түрде кластарға, топтарға біріктіру мүмкіндіктерімен сабақтаса дамып келеді», – деп ойын сабақтайды [4, 270 б.]. Концептосфера. Бұл терминді алғаш қолданған академик Д.С. Лихачев болатын. Когнитивті тіл білімінде бұл терминмен қатар, концептілік жүйе термині де қолданылады. З.Д. Попова, И.А. Стернин: «Концептосфера – бұл халықтың концептілерінің жиынтығы, ойлаудың ақпараттық базасы», – деп анықтайды [3, 36 б.]. Когнитивтік модель (үлгі). А.Б. Әмірбекова концептілік жүйе мен когнитивтік модельдің тығыз байланысынан концептінің құрамдас бөліктері туындайды деп санайды. «Біздің пікірімізше, дүниенің концептілік бейнесін көрсететін негізі тірек – концептілік жүйе. Концептілік жүйе ішкі және сыртқы құрылымдардан тұрады. Ішкі құрылымы концептіні танытуға бағытталған құрылымдар: фрейм, сценарий, ойсурет, схема; ал сыртқы құрылымы: сөз, фразеологизм, метафора, сөйлем, тіркес, метонимия т.б.. Концептілік жүйе қалыптастыруда санадағы ішкі құрылымдар белгілі бір когнитивтік модельге салынып жинақталады. Когнитивтік модель автор танымындағы символ, бейне, прототип, этикет, эталон, ассоциативтік, стереотиптік бірліктер мен инсайт таңбалар арқылы қалыптасады» [5, 28 б.]. Өзге тілді оқыту мәселесін қарастырған Г.Е. Утебалиева модельдің коммуникативті-когнитивті моделі түрін көрсетіп, оны: «өзге тілді меңгеру механизмі сипаттау модельдің барлық компоненттерінің жиынтығы ретінде», – деп ұғынады [1, 126 б.]. Сонымен, когнитивтік модель дегеніміз – концептің құрамдас бөліктерін көрсетуші әртүрлі ассоциативтік, символдық белгілер арқылы танылатын үлгі, құрылым.

Концепт – когнитивті лингвистиканың басты бірлігі. Оның әр зерттеу тұрғысына және әр мектептерге қатысты көптеген түрлері бар. «Концепт» термині «ұғым, мағына» терминдерімен бірдей мағынада қолданылады. Ғалымдар бұл терминдердің ара жігін былайша ашып көрсетеді. В.А. Маслова «Концепт» пен «ұғым» терминдері ішкі формасына қарай бірдей: концепт латынның «conceptus – ұғым» сөзінің калькалық аудармасы» – деп түсінеді [2, 49 б.].

«Дүние суреті». Дүние суреті (картина мира) когнитивтік лингвистикадағы ең басты бірлік болып табылады, кейде «ғалам бейнесі» терминінің орнына «дүниенің суреті», «ғалам образы», «ғалам моделі» немесе «ғалам туралы білімдер жүйесі» ұғымдары қолданылады. «Дүниенің суреті» когнитивті тіл біліміндегі басты категория болғандықтан, әртүрлі мектептер көзқарастары бойынша әртүрлі бағытта анықталады. Жалпы семантика өкілдері бала санасында ғаламның қарапайым бейнесі қалыптасатынын, оның негізінде ғаламның күрделі бейнесі дамитынын дәлелдейді. Ресей көрнекті тілшілері З.Д. Попова, И.А. Стернин, алдымен, ғаламның тікелей бейнесі және тікелей емес бейнесін көрсетіп, одан ғаламның когнитивті бейнесі, одан ғаламның тілдік бейнесі туындайды деп көрсетеді. Олардың жазуынша, ғаламның когнитивті бейнесі негізінде адам санасында ғаламның тілдік бейнесі жасалады. Олар: «ғаламның когнитивті бейнесі» – адамның немесе халықтың когнитивті санасында құрылған сезу мүшелері арқылы шындық болмыстың бейнеленуінің нәтижесі болатын шындық болмыстың менталды бейнесі. Ғаламның когнитивті бейнесі – бұл мәдениетпен берілген сананың концептосферасы мен стереотиптерінің жиынтығы», – деп анықтайды [3, 52 б.]. Қазақ когнитивті тіл білімінде А. Ислам «Дүниенің тілдік суреті» бойынша өз зерттеуін жазғанын айта кету керек. Қорыта айтқанда, Блум таксономиясының негізінде когнитивтілік категориялары басты астар болады, осыған орай оқытушы когнитивтілік категорияларды жақсы түсінгені абзал.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1 Утебалиева Г.Е. Усвоение неродного языка: коммуникативно-когнитивная модель. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 232 с.

2 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. Учебное пособие. – Минск: ТетраСистемс, 2004. – 255 с.

3 Попова З.Д. И.А.Стернин. Когнитивная лингвистика. – М., «Восток – Запад», 2007. – 314 с.

4 Э.Оразалиева Когнитивтік лингвистика: қалыптасуы мен дамуы.– Алматы: Ан Арыс, 2007. - 312 б.

5 А.Б.Әмірбекова Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М. Мақатаев поэзиясы бойынша). Филол. ғыл. канд. дисс. қолж. – Алматы, 2006. -122 б.

## Қ.МЫРЗАҒАЛИЕВ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Габдуллина З.Д.,**
*№48 ЖББОМ (Орал қаласы)*

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің де басқа ғылым салалары сияқты өзіндік қалыптасу тарихы бар. Сол тарихқа көз жүгірту кейінгі ұрпаққа парыз деп білеміз.

Осы мақаламызда біз жергілікті ғалым Қалимолла Мырзағалиевтің қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне қосқан үлесі туралы өз ойымызды ортаға салсақ дейміз. Әрине, бұл мәселе ғалымдар тарапынан айтылып жүр, десек те біз мектеп мұғалімі ретінде өз пікірімізді білдіргіміз келеді.

Қалимолла Мырзағалиевтің қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасуына өз үлесін қосқандығына оның кейінгі ұрпаққа жазып қалдырған еңбектері – куә.

Ғалымның 1992 жылы «Мектепте әдебиет теориясы ұғымдарымен таныстыру» (мұғалімдерге арналған көмекші құрал) атты еңбегі жарыққа шықты [1]. Бұл еңбек туралы ғалым, ұстаз С.Ғ.Шарабасов төмендегіше пікір айтады: «Шағын дидактикалық еңбектің архитектоникасы да күрделі. «Кейіпкер, композиция және сюжет ұғымын дамыту», «Әдеби теориялық ұғымдарды қалыптастыру, жинақтау», «Жоғары кластарда әдебиет теориясын оқып-үйрену, қалыптастыру, кеңейту», «Әдеби теориялық ұғымдарды жинақтау, жүйелеу, қорытындылау» қысқасы, автор өзі айтқандай, осы тараулар арқылы: «мұғалімнің оқыту тәжірибесіндегі ой жібере оқу, эвристикалық әңгіме жүргізу, зерттеу және репродуктивті әдістер мен оның әр түрлі амалдарын қолданудың бәрі де көркем шығарманы, әдеби теориялық ұғымдарды жете меңгеруді көздейді» [2, 71 б.]. Қ.Мырзағалиевтің жоғарыда аталған еңбегіне айтылған мәселе бүгінгі күні де өз құндылығын жойған жоқ. Себебі мектепте әдебиет пәні бойынша оқушыларға әдеби теориялық ұғымдарды түсіндіруде осы еңбек көмекке келеді.

Мектептегі әдебиет теориясынан берілетін білім көркем шығарма табиғатын танудың басты құралы, кілті болып есептеледі. Әр сыныпта әдебиет теориясына байланысты ұғымдар әр түрлі деңгейде оқытылады. Әр сыныпта, әр жанрда әдеби-теориялық ұғымдар оқушының жас ерекшелігіне сәйкес жекеден жалпыға қарай оқытылады.

Оқушының ортаңғы сыныптарда алған әдеби ұғымдары жоғарғы сыныптарда жеке ақын, жазушы шығармаларының әр түрлі көркемдік қырларымен танысуы арқылы тереңдей түседі. Мәселен, ортаңғы сыныптарда әдебиет теориясынан берілетін: шығарманың тақырыбы, идеясы, композициясы, сюжеті, көркемдегіш құралдары мен суреттеу тәсілдері сияқты әдеби ұғымдар жоғары сыныптарда тереңдетіле оқытылады. Поэзиялық шығармаларды оқытуда өлең сөздің құрылымдық элементтерінің (өлшем, ырғақ, ұйқас, шумақ) мән-мағынасын, негізгі ұғымдарын білуі және оларды практикалық қолданыста ажырата алуы сабақ барысында жүзеге асырылатын құбылыс. Шығарманың мәнерлеп оқытудың барлық элементтерін (дауыс ырғағы мен екпіні, олардың бірде жоғары, бірде бәсең болуы) білуін жаңа технологиялық әдіс үлгілерін басшылыққа алу арқылы үйрету. Біріншіден, мазмұндық-тақырыптық талдау, шығарманы тұтастай ала отырып, бөлім бойынша мазмұнын, тақырыбын таныта отырып талдау. Екіншіден, тілдік эстетикалық талдауға көңіл бөлу. Шығарманың тілдік ерекшелігін, сөз өрнегін, суреттемелік шеберлігін, көркемдігін, сөздер табиғатын, стилдік айырмашылықтарын таныту. Үшіншіден, кейіпкерлік-бейнелік талдау. Шығармадағы кейіпкерлерге талдау, олардың өзара сабақтастығын шығарма тақырыбы мен оқиға желісіне қатысын айқындата отырып, ажырату әрі салыстыру. Әдебиет теориясынан берілетін мәліметтер мектеп оқулығында тиісті әдеби шығармалардың тұсында ғана беріліп отырады. Өтілетін әдеби шығарманың тұсында жанрына, құрылысына, оқиғасына, көркемдік ерекшелігіне қарай әр сыныптың өз көлемінде тиісті мәлімет беріледі де, сыныбы жоғарылаған сайын ұсынылатын теориялық әдеби ұғымдар күрделене түседі. Ғалымның жоғарыда аталған еңбегінде мектепте әдеби теориялық ұғымдарды қалай меңгертуге болатындығы кеңінен сөз

етілген. Қ.Мырзағалиев жоғары сыныптарда көркем шығармаларды оқу, талдау жұмыстарымен бірге сол шығарманың жанрлық ерекшелігін аша дәлелдеу әдеби-теориялық білім беруді тереңдете түсетіндігін айтады.

Көркем шығарманы оқып, мазмұнын біліп қана қою оқушы үшін аздық етеді. Әдебиет әлемінің тұңғиығына бойлап, оның өнер ретіндегі сипатын зерделеп, көркем туындының мазмұны мен пішініне теориялық талдау жасай білу – оқушы үшін өте қажет білім. Көркем шығарманы талдау оны оқудан басталады. Көркем туындыны толық оқымай, мазмұнын жетік меңгермей тұрып, оны талдау мүмкін емес. Әңгіме, мысал сияқты шағын жанрларды талдау (барлық көркем компоненттерін қосып) роман, эпопеяларға қарағанда әрі қолайлы, әрі жеңіл болады. Әңгіме мен мысалды талдауда мұғалімнің олардың көркем табиғатын таныту, барлық бітім-болмысын сөз етуге мүмкіндігі мол. Ал роман, эпопеяны бағдарламада көрсетілген аздаған сағаттарда толық дәрежесінде талдау мүмкін емес. Сондықтан, әсіресе, осындай көлемді шығармаларды оқыту үшін, мұғалім айрықша еңбектенеді. Ең бастысы, қандай мәселелерге көңіл бөлу керек, талдаудың қай түрі тиімді, қандай әдіс-тәсілдер нәтижелі болмақ, міне, осы мәселелерге мұғалім ерекше назар аударады. Оқушылар роман, повестерді оқи отырып, автормен «кезігеді», онымен іштей сырласады, олар авторды да, оның туындыларын да өз пікірі, эмоциясы, дүниетанымы арқылы қабылдайды, ал мұғалімнің мақсаты - сол алғашқы, өзіндік қабылдауларды ғылыми негізге бағыттау, дұрыс бағыт-бағдар беру болып табылады. Көлемді шығармаларды талдауда да мұғалім көркем мәтінмен жұмысқа ерекше ден қоюы керек. Әрі оны тұтастай қарастыруды ойластырғаны жөн (мазмұн мен форма бірлігін сақтай). Эпикалық шығармаларды талдау әр буында өзіндік ерекшеліктерімен даралана талданады (сыныбы, жасына қарай). Мысалы, бастауыш буында (5-7) сюжеті, композициясы, кейіпкерлеріне назар аударылса, 8-9-сыныптарда ол тереңдей түседі, авторлық тұрғыға, оның негізінде жатқан проблематикаға көңіл бөлінеді, ал жоғары сыныптарда әдебиеттану ғылымының басты талаптарымен талдау, әдеби-теориялық негізде тереңірек талдау жүзеге асуы тиіс. Олай болатын болса, оқушылардың әдеби-теориялық білімдерін шығарманы оқыту барысында қалыптастыру - оны оқытудың басты міндеттерінің бірі. Бұл турасында ғалым өз еңбегінде былайша ой түйіндейді: «Дидактикалық қағидаттарға сүйене отырып, көркем мәтіннің ішінен бейнелілікке (образдылыққа) қатысты нақты бір детальдарды алып қарастырып, одан әдеби-теориялық ұғымдарды анықтау сабақ үрдісінде іске асырылады. Қандай әдеби ұғым болмасын, мәтіннің композициялық құрылысынан туындайды. Одан тыс тұратын әдеби-теориялық ұғым болмайды. Кең түрде алып қарасақ, бұл жұмыс жалпы әдебиет теориясының ғылыми курсында көркем шығарма мен оның құрылысына, яғни композициясына тән үлкен проблемаға келіп саяды. Сондықтан да көркем шығармадағы адам бейнесін (образдар жүйесі), шығарманың композициялық құрылысы мен сюжетінің жасалу сырларын талдауға кең орын беріледі. Оқылатын шығарманың табиғатына сай әдеби кейіпкер, кейіпкер мінезі мен портреті, сюжет, композиция, тақырып және идея, бейнелі сөздер, жанрлық түр жайындағы теориялық ұғымдар кеңейтіле түседі» [1].

Оқу құралының тағы бір құнды жағы – мұнда жоғары кластарда әдебиет теориясын оқып-үйрену, қалыптастыру, кеңейту мәселесінің арнайы қарастырылуы. Бұл тақырыптың мақсаты – жоғары сынып оқушыларына әдебиет теориясы бойынша ұғымдарды түсіндіруде қандай мәселеге баса назар аударып, қандай әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану керектігінің арнайы сөз болуы. Аталған әдіс-тәсілдерді бүгінгі күні де әдебиет сабағында толықтай қолдануға болады. Оған тек мұғалімнің шеберлігіне орай жаңаша оқыту әдістерін келтіруге болады. Оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс-тәсілдерді орнымен қолдану қажет. Мұғалім оқушыға көркем шығармаға қатысты өзінің жеке пікірін таңуды, жаттанды ойларды айтқызуды мақсат тұтпауы керек. Әдебиетті, оның ішінде поэзиялық шығарманы оқытуда ең алдымен, шығарма туралы оқушы пікіріне, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешелігі де, күрделігі де осында. Өзге пәндерге қарағанда эмоция, әсер, шабыттану, қиялдау, армандау, еліктеу осы пәнде ерекше көрінеді.

Ғалымның жоғарыда аталған еңбегімен таныса отырып, мынадай ой түйдік: көркем әдебиеттегі шеберлік пен үйлесімді оқушыларға терең таныту шығарманың барлық компоненттеріне теориялық талдау жасауға негізделеді. Онсыз әдебиеттен оқушыларға терең де сапалы білім беру мүмкін емес. Оқушылардың әдеби білімі олардың көркем шығарманы оқи және оған сан қырлы талдау жасай білуінен айқын байқалады. Әрбір зерделі, зейінді оқушы - әдебиетіміздің болашақ мәдени оқырманы. Ондай қабілеті қалыптасқан оқушы әдеби шығармаларға ой жүгірте алады, өзінің талғамын, түйсік-сезімін жеткізе алады, шығарманы жан жүрегімен, зердесімен қабылдайды.

Ғалым Қ.Мырзағалиевтің қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне қосқан тағы бір үлкен үлесі – академик С.Қирабаевпен бірлесе жазылған жалпы білім беретін мектептің 10-класына арналған

«Қазақ әдебиеті» оқулығы. Жергілікті ғалымның республика көлеміне тарайтын оқулық авторы болуы әдістеме ғылымындағы орнын одан сайын айқындай түседі. Қ.Мырзағалиев басқа да бірнеше әдебиетші ғалымдармен бірлесе отырып, жоғарыдағы оқулықтың хрестоматиясын да жазып шықты.

Әдебиетші ғалым З.Ж.Мүтиевтің айтуынша Қалимолла Мырзағалиевтің «...Тәуелсіз еліміздің жаңарған оқулығын жазуда да қомақты үлесі бар. Мәселен, XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің жүйесін құрайтын 10-класс оқулығының «Шәкәрім Құдайбердіұлы», «Шәңгерей Сейіткерейұлы Бөкеев», «Ахмет Байтұрсынов», «Міржақып Дулатов» тарауларын профессор Қ.Мырзағалиев жазды. Аталған тарауларда көп жылдарға созылған ақтаңдақтар ақиқатын ашып, оны оқушының қабылдауына лайықтап жүйелеген. Әсіресе, бұрын-соңды көп зерттеле қоймаған Шәңгерей Сейіткерейұлы Бөкеев шығармашылығын танытуда автор жергілікті мұрағат материалдарына үңіле еңбек етті. Шәңгерей мен Ғұмар Қараштың рухани байланыстарын терең ашып көрсетуге ұмтылды. Ал Міржақып Дулатов өмірі мен қайраткерлігін, журналистік, ағартушы-педагогтік қырын оның көсемсөз жанрындағы еңбектері арқылы танытуға ден қойды» [3, 27 б.].

Қ.Мырзағалиевтің әдіскерлік шеберлігі көрінетін тағы бір тұс - 5-8 сынып оқулықтары мен көмекші әдістемелік құралдарға жазған сын-пікірлері. Ғалым басқа да сыныптардың әдебиет оқулықтары мен хрестоматияларының, әдебиет бағдарламалары мен әдістемелік құралдарының ұдайы назар аударып, өзіндік сыни пікірлерін білдіріп отырды.Әсіресе, оқулықтардағы тапсырмалардың көпке байқала бермес кемшіліктер немесе хрестоматиялық нұсқалардағы орынсыз қысқартулар мен шұбалаңқы оралымдарды жіпке тізгендей көрсетіп, ұтқыр да нақты оймен дәлелдеп бергенде, оқулық авторларының өздері уәж айта алмай ғалым білімінің тереңдігіне таң қалысатын [3, 27 б.]. Бұл ғалымның мектептегі әдебиет пәнінің оқытылу жайына бей-жай қарамағандығын көрсетеді.

Ғалым-ұстаз Қ.Жұмағалиұлы көп жылдар бойына білімнің қара шаңырағы – БҚМУ- де еңбек етіп, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты. Осы университетте білім алған талай студенттің, яғни болашақ мамандардың қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі бойынша мықты білім алуына тер төкті деп айта аламыз.

Қалимолла Мырзағалиевтің әдістемелік мұрасын зерттеу – қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне көптеген соны жаңалықтар әкеліп, осы саланы байыта түсетініне шек келтірмейміз. Ғалымның барлық әдістемелік еңбектері қазақ әдебиеті әдістемесі ғылымының алтын қорына енеді деп сенеміз.

Қ.Мырзағалиевтің әдістемелік мұраларын қайта бастырып шығарып, мұғалімдер мен әдіскерлердің ойына қозғау салу қажет. Мұғалімдер қауымын жергілікті ғалымдар еңбектерімен таныстыра отырып, олардың ұтымды ой-пікірлерін мектеп тәжірибесінде пайдалануларына жағдай жасаған дұрыс деп есептейміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Мырзағалиев Қ.Ж. Мектепте әдебиет теориясы ұғымдарымен таныстыру» (мұғалімдерге арналған көмекші құрал). Алматы: Рауан, 1992.

2. Шарабасов С.Ғ. Мырзағалиев қисындары // Қазақ әдебиеттану ғылымы мен тіл білімі: жаңа бағыттары және оқытудың инновациялық технологиялары: Аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 27 наурыз 2013 ж. – Орал: «Шапағат» баспа орталығы, 2013. - 290 б. (70-72 б.б.).

3. Мүтиев З.Ж. Профессор Қ.Ж.Мырзағалиев және қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымы // Қазақ әдебиеттану ғылымы мен тіл білімі: жаңа бағыттары және оқытудың инновациялық технологиялары: Аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.

## ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА БЕЛСЕНДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР

**Абдолова Г.К.,**
*№1 жалпы орта білім беретін мектебінің*
*І санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

**Оқу сауаттылығы** – білім алушылардың мәтін мазмұнын түсіне білу және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері. Оқу жылдамдығы мен мәтінді дәлме-дәл түсіну бағаланбайды, мәтінге арналған рефлексия мен ұғым, оқылғанды өмірлік мақсаттарды жүзеге асыруы үшін пайдалануы бағаланады.Білім мазмұнын жаңарту аясында мектеп білім алушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалып отыр.Функционалдық сауаттылық әр мектеп пәнінің негізінде қалыптасады. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстарына бейімделген тапсырмалар; экономикалық, тарихи мазмұндағы тапсырмалар; тәжірибеге бағытталған тапсырмалар т.б.) болып табылады.Білім алушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау (ОЖСБ) аясында білім алушылардың функционалдық сауаттылығы бағаланады. Функционалдық сауаттылықты тексеруге арналған тест тапсырмалары алғаш рет 2014 жылы ОЖСБ тапсырмаларына қосылды.

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заманның талабы. Соның ішінде оқу сауаттылығы – оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі. Яғни, оқу сауаттылығының негізі – мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Жаңартылған мазмұнда қазақ тілі сабақтары тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының ерекшеліктері арқылы іске асады.Сондықтан күнделікті сабақты дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, оқу сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқарады. Соның ішінде оқылым дағдыларының ерекшеліктері оқу сауаттылығын арттырудың бірден бір жолы.

***Оқу стратегиялары***

Оқушының білім жолы мен іс-әрекет бағдарламасы оқу стратегиясы деп аталады. Оқу стратегияларын үйрену ақпараттық деңгей иерархиясын ашу біліктілігі ғана емес (дәлел, пікір, пайымдау), мәтін мағынасының иерархиясы (негізгі ой, тақырып, тақырыпшалар, шағын тақырып және т.б.), және әрине, түсіну процесі (рефлексивтік ақпарат), яғни оқу барысындағы түсіну рәсімі. Мәтіннің мағынасын түсініп оқу қабілетін дамытуға аналитикалық, интерпретациялық және сыни оқу өнерін меңгеру көмектеседі. Мәтіннің мағынасын түсініп оқу қабілетін меңгеру әр уақытта кітап бойынша өнімді оқуға мүмкіндік береді.

Стратегияны меңгеру барысында білім алушылардың тілдік қана емес, коммуникативтік құзыреттілігі де топта және жұпта іске асады.

***№ 1 стратегия. Бағытталған оқу.***

Мақсаты: оқу мәтінін мақсатты түрде оқу біліктілігін қалыптастыру.

Проблемалық сұрақтар қою, топта талдауға қатысу.

1. Өзектілігі.

«Ассоциативті бірлестік» тәсілі: мұғалім тақтаға түйінді сөзді немесе мәтін тақырыбын жазады, білім алушылар бірінен кейін бірі өздерінің ассоциацияларын айтады, мұғалім тақтаға жазып отырады. Бұл тәсілді қолдану білімді өзектендіреді, келесі іс-әрекетке деген қызығушылығын арттырады әрі жұмыс жасауға ынталана түседі.

2. Білім алушылар шағын көлемді мәтінді немесе мәтін бөлігін іштерінен оқиды да белгіленген жерде тоқтайды.

3. Мұғалім оқылған мәтін бойынша проблемалық сұрақ қояды.

4. Бірнеше оқушының жауаптарын сыныпта талдайды.

5. Білім алушылар оқиғаның одан әрі қарай қалай өрбитінін болжайды.

***№2 стратегия. Жұппен оқу – жұпта талдап қорыту.***

Мақсаты: негізгі ойды табу, оқығанын тезис түрінде талдап қорыту, проблемалық сұрақтар қою дағдыларын қалыптастыру.

1. Білім алушылар мұғалім таңдап алған мәтінді немесе мәтін бөлігін іштерінен оқиды.

2.Мұғалім білім алушыларды жұпқа бөліп, нақты нұсқау береді. Әрбір білім алушы екі рөлді орындайды: баяндамашы – бір тезис түрінде мазмұнын қорытындылайды және оқиды ; респондент – баяндамашыны тыңдайды және нақты екі сұрақ қояды . Одан әрі рөлдермен алмасады.

3.Мұғалім талдауға барлық оқушыларды тартады.

***№ 3 стратегия. Оқимыз және сұраймыз.***

Мақсаты: баспа ақпараттарымен өз бетінше жұмыс жасау, сұрақты тұжырымдау, жұпта жұмыс жасау біліктіліктерін қалыптастыру.

1. Білім алушылар ұсынылған, мұғалім таңдап алған мәтінді немесе мәтін бөлігін іштерінен оқиды.

2. Білім алушылар жұптасып оқылған мәтіннен қандай негізгі ойды алуға болатынын талдайды. *(Мәтінде қандай сөз жиі кездесті? Неше рет? Қандай сөз қалың шрифтпен белгіленген? Неге? Егер сіз мәтінді дауыстап оқысаңыз , осы сөйлемнің басты сөйлем екенін қалай түсіндірер едіңіз? Фразаны дауыс арқылы бөліп көрсету туралы. Бұл жерде жаттап оқу бар).*

3. Білім алушылардың бірі кілт сөзді пайдаланып сұрақты тұжырымдайды, екіншісі оған жауап береді.

4.Кілт сөзді, сұрақтар мен жауапты сыныпта талдау. Түзету жұмыстары.

***№ 4 стратегия. Екі түрлі жазбаларға арналған күнделік.***

Мақсаты: оқу барысында сұрақ қою, ақпаратты сын көзбен қарап бағалау, оқылғанды өз тәжірибесімен салыстыру біліктілігін қалыптастыру .

1. Мұғалім білім алушылардың дәптерін екі бөлікке бөлуіне нұсқау береді.

2. Оқу процесінде білім алушылар дәптердің сол жағына таңғалдырған, әсер берген, фактілерді еске түсірген, көз алдына келтірген бір ассоциация кезеңдерін жазады; оң жағына – бұл кезеңнің несімен таңғалдырғанын , қандай ойға жетелегенін, қандай ассоциация туғызғаны туралы ықшамды түсініктеме жазады .

***№ 5 стратегия. Белгілеп оқу.***

Мақсаты: ойланып оқуын, ақпараттарды бағалап, автордың ойын өз сөзімен тұжырымдап оқу біліктілігін қалыптастыру.

Мұғалім білім алушыларға келесі қадамдар бойынша ақпаратты жұлдызшалармен дәптердің жиегіне жазуға тапсырма береді:

V - Таныс ақпарат.

+ - Жаңа ақпарат.

• - Мен басқаша ойлап едім.

? - Бұл мені таңғалдырды, одан да көп білгім келеді.

Бұл стратегия мұғалімге белсенді оқу іс-әрекетіне сәйкес қолайлы жағдай туғызуға, ал оқушыға алған ақпаратын жүйелеуге , автордың ойын өз сөзімен тұжырымдауға, ойланып оқуға мүмкіндік береді.

Кітап оқу тілдік іс-әрекет ретінде коммуникация тәсілінің маңызды бір түріне жатады. Осыған байланысты сұраққа жауап беру ғана емес сұрақты қою дағдыларын дамытуға, драмалық шығармаларды рөльге бөліп оқуға қатысуға, сондай-ақ, мәтінді толық, қысқаша, таңдап, айтушының жағын өзгертіп айтып беруге ерекше мән беріледі. Жоғары сыныптарда оқудың негізгі түріне дауыстап оқу жатады. Дауыстап оқу оқудың қарқынын өңдеу үшін өнімсіз, сондықтан оқылатын мәтін көлемін біртіндеп көбейту арқылы білім алушылардың «іштен оқу» дағдыларын қалыптастыру қажет. Жоғары кезеңде зерттеушілік және көз жүгірте оқу (қарап шығу) біліктіліктері жетіле түседі. Мәтін ақпарат алу көзі ретінде қолданылады.

**Оқылым дағдылары:**

1. Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу – мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

2. Нақты ақпараттарды табу үшін оқу - мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу.

3. Детальді түрде оқу – әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.

4. Сөз мағынасын контексттен ажырату – мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын болжау үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару.

5. Мәтін құрылымын түсіну – мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.

6. Болжай білу – оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі.

7. Мәтін түрлерін ажырата білу – әр мәтіннің өзіндік ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажырата білу. Мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгімелер, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ, хабарландыру, т.б.

**Оқылым дегеніміз не?**

Оқылым рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады. Яғни оқылым дағдысы мәтінді жазу, айтуда гөрі, оған жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдіреді. Қарапайым тілмен айтқанда жазба тілдегі мәтінді түсіну. Ол үшін біз мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсіне алуымыз қажет. Сонымен қатар мәтінде берілген ақпараттарды түсіну үшін ғалам туралы білімімізді қолданамыз.

**Оқылым дағдыларын сыныпта қолдану**

• Егерде оқушы жоғарыда аталған дағдыларды (оқылым, жазылым, айтылым,тыңдалым) өз ана тілінде меңгерген болса, онда оқушыға ол дағдыларды екінші тілде қолдану оңайға түседі. Оларды екінші тілде қалыптастыру көп жағдайларда қиынға түседі. Сол себепті төрт тілдік дағдыны әуелі ана тілінде қалыптастырған дұрыс. Мәтінді түсіну үшін оқушыларға өз білімдерін пайдаландыру мақсатында сабақтың кіріспе бөлімінде жаттығулар ұйымдастыруға болады. Жаттығулар мәтіндегі суретпен немесе тақырып мазмұнын болжаумен байланысты болу мүмкін. Сонымен қатармиға шабуыл жаттығуын да қолдануға болады, яғни тақырыпқа байланысты идеялар, сөздер немесе оқушылардың тәжірибесін тақтаға жазу, кейін оқып болған соң салыстыру.

• Сонымен қатар мәтін оқушылардың **жасына, тілдік** деңгейіне сай дұрыс таңдалуы қажет. Мазмұны қызықты етіп алыған мәтін оқушылардың тілге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Егер мәтіндегі сөйлем құрылыс тым күрделі болса, онда ол оқушыларға түсінуге тым қиын болуы мүмкін.

**• Оқылымға арналған сабақ құрылымы төмендегідей:**

*Оқылым алдындағы тапсырма*: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сөздерді алдын ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.

*Оқылым тапсырмасы*: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар(сұрақтар). Алғашқы жаттығулар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.

*Оқылымнан кейінгі тапсырма*: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек.

Оқылым дағдысына арналған сабақ үлгісі:

**8 сынып ҮМЖ 2 бөлімі Лексика. Кәсіп пен Еңбек. Болашақ мамандықтары. Сабақтың тақырыбы: Ұлт жұмысы. Сөздік қор және сөздік құрам.** Оқу мақсаты: 8.2.4.1 -тақырыбы ұқсас ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелеу, сипаттау, талқылау), құрылымын салыстыра талдау;

8.2.5.1 -перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша сұрақтар құрастыру.

Оқулық: 8 сыныпқа арналған Қазақ тілі , авторлары Б.Қапалбек, А.Омарова, Г.Закиряева, Г.Абнасырова, «Мектеп» баспасы 2018жыл.

**Сабақ мақсаттары: барлық оқушылар:** мәтіндердің түрлерін құрылымын салыстыра талдайды және перифразаның түрлі тәсілдерімен мәтін бойынша сұрақтар құрастырады.

**Оқушылардың басым бөлігі:** перифразаның түрлі тәсілдерін қолдана отырып, мәтін бойынша өмірмен байланыстыра түсіндіреді.

**Кейбір оқушылар:** мәтіндердің түрлерін құрылымын салыстыра талдайды және перифразаның түрлі тәсілдерімен бағалайды.

**Бағалау критерийлері:** - мәтіндердің түрлерін құрылымын салыстыра талдайды – перифразаның түрлі тәсілдерімен мәтін бойынша сұрақтар құрастырады,негізгі сөздік қорға тән белгілерді атайды.

*«Ширату» жаттығуы.* Мына арналар қай көлге құяды: "сөздік қор" көліне ме, "сөздік құрам" көліне ме?

*Мәтін мазмұнын болжау үшін сұрақтар:*

- «Ұлт жұмысы», «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден»деген Әлихан Бөкейхановтың сөзін қалай түсінесіздер?

***Оқылым алдындағы тапсырма*:**

1-тапсырма. «Осы мәтінде кездестіремін деп ойлайтын бес сөзді атаңыз» әдісі

2-тапсырма.Оқылым тапсырмасы: Мәтінді мұқият оқып, мәтін түрі мен стилін анықтаңыз.

**Ұлт жұмысы**

Жұмыс қолға алып істесе бітпекші, жоқ артынан қалмай іздесе табылмақшы. Айтқан айтқан жерде қалып, үйлеріне барып теңкиіп-теңкиіп жатып алса, жұмыс өзінен-өзі істелер ме?

Жұрт жұмысы құмырсқаның илеуіндей жұмыс сияқты. Құмырсқаша жабыла тынбай істесек өнеді. Бірі оны, бірі мұны істеп, илеуде қарап тұрған құмырсқа болмайды. Жұрт жұмысы да солай істесе, алға басады. Әр құмырсқа бәріне керек илеудің өсуі үшін күші жетіп көтерген шөпшегін апарып салады.Ұлтын керек қылып, халыққа қызмет етемін деген қазақ балалары қазақ жұмысына қолынан келгенінше қарап тұрмай кірісіп істей берсе, ұлт жұмысы ұлғайып, толықпақшы.

Жұртқа керегін білетіндер көп, істейтіндер аз. Білушілеріміз білгенімен қоймай, істеуге кіріссе екен.Білушілеріміз істеуші болса, оларды көріп өзгелер де істер еді.Сөйтіп, көсемдер көбейсе,ерушілер де кебейер еді.

Біреу жұмыс қылайын десем, тұрған жерім жаман дейді, біреу маңайымдағы елім жаман дейді.Бұлардың бәрі де бос сөз. Абақтыдан жайсыз орын жоқ, онда да отырып жұмыс істеуге болады.

Ісімізді істеушілер, жоғымызды іздеушілер көбейсе, ойлаған пікір, көздеген мақсат жан бітіп тірілмекші. Әркім қолдан келгенін сүр сақтап, түбінде үйіп-төгіп бір молықтырамын демей, аз-көбіне қарамай істей беруге әдеттенсе екен.Қазақ керегінің көбіәркімге –ақ мағлұм ғой; біз кейін қалған халық алға басыпжұрт қатарына кіру керек. Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Білімді болуға оқу укерек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек. (А.Байтұрсынов)

3-тапсырма.***Оқылым тапсырмасы***

“Сканерлеу”әдісі арқылы перифраздарды табыңыз.

4-тапсырма. “ Алты неліктен?” әдісі арқылы сұрақ құрастырыңыз

***Оқылымнан кейінгі тапсырма***

***5- тапсырма.Белгілеп оқыңыз.***

Мақсаты: ойланып оқуын, ақпараттарды бағалап, автордың ойын өз сөзімен тұжырымдап оқу біліктілігін қалыптастыру.

Мұғалім білім алушыларға келесі қадамдар бойынша ақпаратты жұлдызшалармен дәптердің жиегіне жазуға тапсырма береді:

V - Таныс ақпарат.

+ - Жаңа ақпарат.

- - Мен басқаша ойлап едім.

? - Бұл мені таңғалдырды, одан да көп білгім келеді

***6-тапсырма. Екі түрлі жазбаларға арналған күнделік.***

| Мәтіндегі фактілерді жаз | Мәтінге орай қазірге кезеңге сай фактілерді салыстыр |
|---|---|
| | |

**7-тапсырма Синтез «Ойлан – жұптас – бөліс»** әдісі

“Біреу жұмыс қылайын десем, тұрған жерім жаман дейді, біреу маңайымдағы елім жаман дейді” деген Ахмет аталарыңның ойын тарқатып, топта талдап ортақ пікір білдіріңіз.

**Рефлексия:**

«Үш сөзбен»

Оқушылар өздеріне берілген 12 сөздің ішінен өздерінің бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтындай 3 сөзді таңдап айтады.

Демек,жоғарыдағы сабақтан байқағаныңыздай оқылым дағдыларын дамыту үшін тапсырмаларды жүйелі құрастырудың маңызы зор. Оқылым дағдылары ерекшеліктерін меңгеру – оқушылардың оқу сауаттылығын арттырады.

**Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасында білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана, 2011.
2. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. 25.06.2012. № 832 Үкімет қаулысы.
3. 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,2017
4. Оқушылардың оқу сауаттылығы. Оқу құралы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Педагогикалық өлшеулер орталығы».
5. Қабдолов З. «Сөз өнері»Алматы, 2002.
6. Даулеткалиева Р. Л. Қазақ тілі сабағында оқушылардың оқу сауаттылығын дамыту // Молодой ученый. – 2017. – №18.1. – С. 16-18. – URL https://moluch.ru/archive/152/43264/ (дата обращения: 16.09.2018).
7. Р.С.Қуанаева, Б.С.Күлшариева, М.А.Зеинешева. PISA халықаралық зерттеуін жүргізу аясында оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамыту. Әдістемелік құрал. – Орал, 2015. бет

## БЕЛСЕНДІ СТРАТЕГИЯЛАР АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСУ ҚЫЗМЕТІНІҢ ТҮРЛЕРІН МЕҢГЕРТУ

**Бердіғалиева Р.Ж.,**
*Орал қаласы №42 «Ақ ниет» гимназиясының*
*жоғары санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

XXI ғасыр білекке емес – білімге, күшке емес – епке тоқтаған заман. Келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын бүгінгі жаңартылған білім беру бағдарламасының негізгі идеясы да – «білген аз, сол білгеніңді іске қолдана білу» дегенге саяды. Сол себепті де қазіргі таңда оқушыға қандай білім беремін деп емес, оқушы алған білімін өмірде жүзеге асыра ала ма деп ойлану керек сияқты. Күн сайын күрделеніп, өзгеріп және тез жетіліп келе жатқан, біз өмір сүріп жатқан әлемде білімді болу жеткіліксіз. Сондықтан қоғамымызға проблемаларды шеше алатын, шешім қабылдайтын, сындарлы ойлайтын, идеялар мен өнімді пікір ұсына алатын және топтарда да, жеке де тиімді жұмыс істейтін икемді, креативті және бастамашылық қабілеті бар жастар өсіруіміз қажет.

Ол үшін не істеуіміз керек? Қоғам дамыған сайын оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері де артып, жаңа технология тәжірибемізге көптеп енгізілуде. Жаңа технологияны күнделікті сабаққа енгізе салу үлкен қателік болып саналады. Кез-келген жаңалықты іс-тәжірибеден өткізбей тұрып, бірден пайдаланамын деу –сапаның төмендеуіне әкеп соқтырады. Жаңа технологияны енгізу үшін сыныптың жас ерекшелігін, қабылдау деңгейін, жаңалықты меңгере алуын, икемделуін, белсенділігін, қызығушылығын, жеке ерекшеліктерін ескерген жөн.

Мұғалім сабақты бастамас бұрын сыныпта ынтымақтастық ахуалдың орнауына ықпалдасып, сабақтың қызықты әрі нәтижелі өтуіне жағдай жасау керек. Профессор С.Мақпырұлы «Қазіргі шәкірт те күрделі бір музыкалық аспап секілді. Құлақ күйін бабымен келтіре алмасаң, домбыра дұрыс тартыла ма? Өзің аңсаған үнді ести аласың ба? Оқушы да сол секілді. Оның да құлақ күйін келтіріп алу керек, яғни сабаққа алдын ала психологиялық тұрғыдан даярлап, тақырыпқа қызықтырып, шығармашылық-танымдық белсенді әрекетке тарта білу қажет», -дейді. Әр сабақта шәкірттерімнің қуанған, нұрланған жүзін көрсем, аңсаған қоңыр үнін естісем деймін. Осы тұрғыда жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерге негізделген ынтымақтастық ахуалды орнатуға арналған «Шаттық шеңбері», «Жылы лебіз»,т.б. тренингтерді пайдалану нәтиже береді, оқушыны шаттандырып, жұмыс жасауға деген қабілетін оятады.

Қазақ тілі пәні мұғалімі ретінде оқушыларды топтық жұмысқа ұйымдастыру арқылы сапалы оқудың бұдан әрі қалай жүретінін меңгертіп қана қоймай, сабақта қолдана отырып, оқыту мен оқу тәсілдерінің негізінде тиісті модельді құру арқылы шағын топтардағы жұмысты ұйымдастырып, көшбасшы елдердің нәтижелері негізінде әлемнің қарқынды өзгеруі жағдайында оқушыларға қойылатын жаңа талаптар жөніндегі түсінік қалыптастырып, алдымда отырған оқушыларды табысты жұмыс істеуге дайындау және өмірлік жағдайларда олардың бәсекелестікке қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін инновациялық кәсіби дағдылар мен білімдерді

насихаттаймын. Бұл оқушының жалаң білім алып қана қоймай, тілдік қорының молайып, сөзін шешендік тұрғыда шебер жеткізуіне ықпал етеді. Топта жұмыс барысында сөздік қоры мол оқушы өз тобының мүшесін үнемі алға сүйреп, ілгерілендіріп отырады. Оқушы да компьютер сияқты, оның жадына не салсаң, соны сақтай береді. Сондықтан «Қоқыс жәшігі» әдісі арқылы әдебиеттен өткен сабақта оқушылар өз бойындағы жағымды мінез - құлықтарын смайликті қорапқа, жағымсыз жақтарын «қоқыс жәшігіне» салу арқылы өз-өздеріне сыни тұрғыда баға беруге дағдыланды. Бұл оқушының шамына тимей, өз бойындағы жағымсыз қасиеттерден жиреніп, жақсылыққа талпынуға шақыратын тәсіл. Зейінді шоғырландыруға арналған «Суретті салыстырамыз» жаттығуы арқылы кез келген нәрсеге аса зейін қойып қарау керектігін білуге болады. «Сонымен қатар «Джигсо» әдісін пайдаланудың көп көмегі бар, мұнда біріншіден, барлық оқушы тақырыптың қай тұсын әңгімелеп жатқанын аңғару арқылы бір-бірін тыңдауға дағыдыланса, екінішіден, ойын құрмалас сөйлемдер арқылы көркем жеткізуге үйренеді, үшіншіден, бір айтылған оқиға желісі әр оқушы аузынан қайталанбай, мәтінді түгел талдап шығуға мүмкіндік туады. Осы тұста оқушы екі жақты ойлануға мүмкіндік алады, біріншіден, мәтін мазмұнын әңгімелесе, екіншіден, өз ойын алдыңғы оқушыдан да көркем жеткізуде талпынып, сөздік қорын молайта түседі. «Қарлы кесек» стратегиясы да оқушылардың тақырыпты терең талдауына жағдай туғызатын тәсіл деп атауға болады, себебі оқушы сұрақтың өзге оқушы үшін қиынырақ болғанын қалайтыны белгілі, ендеше, ол осы тәсілді қолдану үшін тақырыпты тереңірек зерттеп және дайындаған сұрақтарын түрлендіріп келеді, сонымен қоса оқушы бойында бәсекелестік сезімі артады деген сөз. Әдебиет сабағында «Қос жазба күнделігін» пайдалану оқушының өзіндік көзқарасының қалаптасуына үлкен септігін тигізері сөзсіз. Себебі оқушы дәптер бетін екіге бөліп, сол жағына өзінің назарын аударған немесе ерекше толғандырған үзінділерді жазса, оң жағына яғни «түсіндірме» жағына сол жақта көтерілген мәселелердің түсіндірмесін жазады, бұл оқушының тақырып туралы өзіндік пікірінің қалаптасуына оң ықпал етіп, эссе жазуға дайындалуына әсер етеді. Бұл тәсілді 10 «А» сыныбында әдебиет сабағында «Еңлік-Кебек» дастанын өткенде пайдаландым. Нәтижесінде оқушылар «түсіндірме» жағында қазақ халқының салт-дәстүрлері арқылы имандылыққа, адамилыққа шақыратын ой тудыра алды. Биылғы оқу жылындағы қорытынды аттестаттау үшін жазылатын эссені жазуда бұл тәсілдің көп көмегі бар, себебі оқушы тақырып көлемінде ғана ойланбай, оны екі жақты зерттеу арқылы есінде сақтай алады.

Жаңа технологияларды пайдалану барысында байқап жүргендеріңіздей, оқытудың жаңа әдістерін іс-тәжірибеге енгізу нәтижесі оқушылар бойында мынадай қасиеттерді қалыптастыруға болатынын байқатып жүр:

- әрбір оқушы өзінің жеке ойымен, өмірге деген көзқарасымен және ойлау қабілетімен ерекшеленеді; бір-бірінің пікірлерін қабылдауға үйренеді;

-ойын жаңа ақпараттар арқылы білдіреді, өзіне белгіліні пайдалана алады;

-өз біліміне сүйеніп, мәселенің шешімін дұрыс тауып, ойын жеткізе біледі;

-білімді өз бетімен алуға деген ынтасы, шығармашылық жұмыстарға қабілеті, танымдық белсенділігі артады.

-білім дәрежесі деңгейін саралау, өзіндік талдау, бағалауының деңгейі қалыптасады;

-бір-бірімен ынтымақтастығы, пікірлерін айта білуге дағдыланады.

Оқушылардың оқу материалын немесе тақырыпты белгілі бір тапсырмаларды орындау, яғни әрекет арқылы игеретіндігі белгілі. Жалпы «Оқушыларға ұсынылатын іс-әрекет немесе тапсырма қандай болуы керек?» деген сұрақ бәрімізді алаңдатуы тиіс. Әрине, ол жерде мұғалімнің шеберлігі керек-ақ, оның үстіне тапсырманың бәрі оқу мақсатына негізделетінін ұмытпағанымыз абзал. Бұл - басты мәселе. Алдағы уақытта мұғалімдер тек оқу мақсаттарымен жұмыс істейтін болады. Жасыратыны жоқ, көп сабақтарда тапсырманы оқушыларға олардың бос отырмауы немесе тапсырманың қызықтылығы үшін, кейде тіпті іс-тәжірибесінің, әдіс-тәсілдерінің көп екендігін көрсету үшін беретін секілді. Алайда басты мәселе – оқу мақсаты екенін ұмытпауымыз керек. Сондықтан да сабақтағы барлық тапсырма, қолданған әдіс-тәсілдер тек оқу мақсаты мен сабақ мақсатын ашуға, соған жетуге бағытталуы тиіс. Айталық, оқу мақсаты оқылым болса, тапсырмалар жазылымға негізделмейді. Осыны мұғалімдер сабақтарында ескеру керек.

Сабақтың құрылымы схема түрінде көрсетсек, былай болуы керек: «Оқу мақсаты оқушылардың деңгейіне орайластырылған сабақ мақсаты →сабақ мақсатына жетелейтін бағалау критерийлері→ бағалау критерийлерінен шығатын тапсырмалар немесе ұсынылатын іс-әрекеттер → тапсырманы орындауға қажетті ресурстар». Тапсырманы жоспарлап, оқушыларға ұсыну үшін алдымен мына мәселелерге назар аудару қажет:

**Мақсаты.** Мұғалім «Бұл тапсырманы не үшін беріп отырмын?» деген сұраққа жауап береді немесе «Бұл тапсырманы не үшін бердім?» деген сұрақты топ ішінде талқылуды ұсынады. Мұғалім «Оның нәтижесі не болады?» деген сұрақты оқушыларға айтып немесе талқылау ұйымдастырады. Барлық тапсырмалар оқу мақсатын ашуға, мақсатты жүзеге асыруға бағытталады.

**Деңгейі:** Тапсырма күрделілігі Блум таксономиясы, яғни ойлау деңгейлерін негізге алуы шарт. Оқулықты қайталайтын тапсырма ұсынбай, оның ауқымынан шығып, материалды дамыту, тереңдету немесе оның негізінде жаңа ақпарат, ұғым құрастыруды талап ететін тапсырма берген жөн. Сол сабақта іске асырылатын деңгейлердің барлығына жеке-жеке бағалау критерийлері және тапсырма мен дескрипторлар құрылады. Тапсырманы әр оқушы дескрипторларға қарай отырып, өз деңгейінде орындайтын болады.

**Уақыт**. Тапсырманы орындау үшін берілетін уақытты нақты белгілеу. Жұмыстың аяқталу мерзімін тақтаға жазып қойған орынды. Дәл осы уақытта жұмыс тоқтатылып, қажет болса жиналып алынады.

**Орындалуы.** Мұғалім тапсырманы қалай орындау керегін түсіндіреді, немесе тақтаға жазып қояды. Әр топқа немесе әр оқушыға таратып беруге де болады. Тапсырма бойынша не жасау керектігін 1 минут уақыт беріп топ ішінде талқылауға да болады.

**Бағалау.** Критерийлер мен дескрипторлар әр оқушыға немесе топқа таратылады. Интерактивті тақтаға шығарып қоюға да болады. Тапсырманы дұрыс түсінгендігін анықтау қажет. (қайта сұрау, қайталату, топта талқылау). «Тапсырманы түсіну – оны табысты орындаудың 50% деп бекер айтпайтын болар.

Топ/жұп құрамында орындау. Берілген тапсырманы топ немесе жұп құрамында орындау қажет. Оқушылардың бұл жұмысты таңдап алған рөлдер ауқымында жүзеге асырғандығы дұрыс. Мұнда топтағы өзара позитивті тәуелділікті тудыру үшін әр топтың спикерін көрші топтың таңдағаны орынды. Бұл спикерді топтың өзі тағайындаудан әлдеқайда тиімді болады, өйткені топ мүшелері топ намысын бермеу үшін барлық оқушылардың талқылауға белсенді қатысып, спикер болатындай дәрежеге шығуға тырысады.

**Жариялау.** Оқушылар өз жұмыстарын сыныпқа таныстыру, қорғау үшін қанша уақыт берілгенін айту керек. 1, 2, 3 минут. Жариялау барысындағы ең маңызды сұрақ: «Бір топ қорғағанда қалған оқушылар не істеп отырады?» Қалған оқушылар бекер отырмау үшін олар бір-біріне кері байланыс беруге дайындалып отырады. Ол үшін жариялаумен таныса отырып (тыңдап, қарап отырып), бір топ (немесе бір оқушы) сұрақтар қоюға дайындалса, екінші топ (немесе оқушы) «жұлдызшалар» беруге (таныстырылымның ұтымды жақтарына тоқталу), ал үшінші топ (немесе оқушы) таныстырылымды қалай жақсартуға болатындығы туралы ұсыныс жасауға дайындалады. Егер төртінші топ болса (немесе төртінші оқушы), онда оларға таныстырылымды қорытындылау тапсырмасы беріледі, яғни оқушылар мұның оларға жасаған әсері, көмегі, маңызы туралы өз ойларымен бөліседі. Осылайша оқушылар тек мұғалімге жауап бермей, өз таныстырылымдарын бүкіл сыныпқа бағыттайды. Қалған оқушылар да өздерінің жұмыстарымен әлек болмай, назарларын жарияланып жатқан жұмысқа (немесе айтылып жатқан жауапқа) аударады.

**Кері байланыс.** Жариялау немесе таныстырылым аяқталған соң оқушылар оның сапасы туралы өз ойларын ортаға салып, жағымды жақтарына тоқталады және оны жақсарту туралы ұсыныстар жасайды. Әрине, мұнда кері байланыстың «сыншыл дос» ұғымы ауқымынан шықпағаны дұрыс. Сонымен бірге кері байланыс жауап берген оқушыларға пайдалы болып, оларды ынталандыруы және қанаттандыруы керек. Мұнда бұл оқушылардан кері байланысты қалай қабылдағандығы туралы сұраған орынды: кері байланысқа қайта кері байланыс жасату.

**Қорытындылау.** Тапсырма бойынша белсенді әрекеттер аяқталды. Енді оқушылар ой-толғанысқа ден қойып, аз уақытта (1-2 минут) топ ішінде немесе бүкіл сыныппен тапсырманың нәтижелерін талқылайды. Олар бұл талдауда «Тапсырманы қалай орындадық? Жақсы жақтары мен кемшін тұстары қандай? Неліктен олай болды? Бұл тапсырма бізге не берді? Оның нәтижелері қандай?» деген секілді сұрақтарға жауап беруге тырысуы керек. Кейде жалпылама «Тапсырма орындау барысында не үйрендік?» сұрағының орнына «Тапсырма орындау барысында үйренген 2 нәрсені көрсетіңіз» деген дұрыс болатын шығар. Жауапты 2-4 сөйлем арқылы тұжырымдаса қалай болады?! Мұндай тапсырманы ерте берген орынды, сонда бала сабақ соңында не үйренгенін 2-4 сөйлем төңірегінде қортындылап береді. Сонымен қатар адамдармен қарым катынас тәсілдерін, түрлі әлеуметтік топтарда жұмыс істеу дағдыларын меңгереді.

Мәтінмен жұмыс жасауға арналған стратегиялар, атап айтқанда «джигсо, джигсо -2, Инсерт, ойланып оқу» тағы баска стратегиялар арқылы оқушы тек жаңа ақпарат алып қана

қоймайды, мәселенің негізгі түйінін тауып, тақырып бойынша ой қозғап, өз бетімен білім алуға белсенділігі артады, өз пікірін ортаға салады. Оқушылар топпен жұмыс жүргізуге дағдыланады.

Ал жазылым стратегиялары, «еркін жазу, 5 минуттық эссе, жол қалдырып жазу, бес – бес – бір» сияқты стратегиялар аркылы оқушы берілген тақырып бойынша өзінің пікірін, ойын, дәлелдерін жазады. Керек кезінде тақырып бойынша ұсыныстар жасап, болжау жасауға мүмкіндік алады. Басқа пікірлерді сынайды. Оқушы осы стратегиялар арқылы өздерінің танымдық құзыреттілігін дамытады.

Пікірталасқа арналған «кубизм, болжау таблицасы, семантикалық карта, жұппен ой бөлісу» т.б. стратегиялар арқылы оқушылар өзара пікірталас, диспут, дебат жүргізу арқылы өз ойларын айтып, оны дәлелдеуді үйренеді, басқалардың пікірін тындай біледі.Топпен, жұппен, жеке жұмыстар жүргізу барысында өзара қарым-қатынаста болады. Оқушылардың шығармашылық құзіреттілігі, қабілеті артады.

Тапсырма орындау барысында сұрақтардың алатын орны ерекше. Сұрақты сауатты қою да өнер. Жоғары денгейлі сұрақтар арқылы алған білімді тексеріп, баланы сыни ойлауға жетелеуге болады. Соңғы уақыттары сұрақ түрлерін Блум тамксономиясы негізінде былай жіктеп жүр.

Қарапайым сұрақтар – нақты фактілерді білуді талап етеді. Кім? Не? Қашан? Қайда? деген сұрақтарға жауап беруді сұрайды.

Анықтағыш сұрақтар - оқушыларға алған ақпаратты дәл мәтіндегідей емес, оқығанын түсініп, обьектілерді салыстыру, негізгі идеяны анықтау\ мақсатында қойылады. «Менің түсінгенімше,», «Сізді дұрыс түсіндім бе?» деген сияқты сұрақтар.

Талдау сұрақтары /интерпретация/ Оқушыларға алған ақпаратты түйсініп, осыған ұқсас жағдайларда қолдану, мәселелерді шешу жолдарын табу ұсынылады. Мәтінге интерпретация жасату арқылы біз оқушылардың түрлі пікірлер мен әрекет себептерін түсіну дағдысын қалыптастырамыз. - келтірілген?

Әдебиет пәнін оқытуды жақсарту – осы пән мұғалімдері үнемі көңіл бөлуге тиісті өмір талабының бірі. Өйткені әдебиет пәні жас ұрпақты жан сұлулығына, биік адамгершілік қасиеттерге, өмірді сүйе білуге баулиды. Ең бастысы, әдебиет арқылы ертеңгі елінің қоғам құрылысшылары – бүгінгі мектеп оқушыларының бойында рухани мұраттарына адалдық, адамгершілік дүниетаным, азаматтық күрескерлік көзқарас қалыптасады. Заманауи білім беруде де әдебиетті оқытудағы осы міндеттерге баса назар аударылған. Ұзын сонар баяндау, көп сөз оқушыларды жалықтырады. Сондықтан мен сабақтың танымдық сапасын арттыру үшін көрнекті құралдар мен кестелерді тиімді пайдалануға тырысамын.

Қазақ халқының көрнекті қайраткері Ж.Аймауытов:«Сабақ беру-үйреншікті жәй ғана шеберлік емес, ол-жаңадан жаңаны табатын өнер»,- дегендей, әрқайсысымыз өз сабақтарымызды заман ағымына қарай түрлендіріп, оқушылардың тілдік қабілеттерін арттыру мақсатында пайдалансақ, мемлекеттік тіліміздің өсіп өркендеуіне қосқан үлесіміз болмақ.

**Пайдаланылған әдебиеттер:**


1. Әлімов А. Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері. – Оқу құралы. - Алматы. – 2013.
2. . Қожахметова К.Ж. Этнопедагогика. - оқу құралы. – Алматы. «Қарасай». – 2012.
3. Құсайынов А. К. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы. –Алматы. – 2013.
4. . Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде. –Қарағанды. – 2011.
5. Қылышбаева К.Ә. «Әдебиет пәнін тірек-сыхбалар арқылы оқыту» .Астана -2012.


## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ТЫҢДАЛЫМ, АЙТЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ


**Казиева Г.У.,**

*№ 46 жалпы орта білім беретін мектебі*

*(Орал қ.)*


Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның Үшiншi жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабiлеттiлiк» атты халыққа жолдауында: «Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» деген болатын [1].

XXI ғасыр мұғалімдерінің басты міндеті – білімі мен ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу. Қазақ тілін оқытуда жаңаша әдіс-тәсілдердің озық үлгілерін тиімді пайдалану, оқушылар бойында тілдік дағдыларды қалыптастыру – бүгінгі күннің басты талабы.

«Жаңартылған білім беру мазмұнының» ерекшелігі қандай?» деген сұраққа осы бағдарламамен жұмыстанған 1 жыл ішінде түйгенімді және байқаған, көзімді жеткізген ерекшеліктердің бірі сабақ барысында төрт дағдының қолданылуы, соның ішінде тыңдалым, айтылым дағдыларының ерекшеліктері туралы айтқым келеді.

Жаңа бағдарламаның артықшылығы – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді қолданамыз. Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі спиральді қағидатпен берілуі. Қазақ тілі сабақтарында еркін қарым-қатынас жасауға, сыни тұрғыдан өз көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыландырса, оқушы берілген кез-келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады.

Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әр түрлі салада қолдана білуіне мүмкіндік жасайды. Барлық оқушылар өздері өмір сүретін әлемде жұмыс істеуге дайын болуы өте маңызды. Олар күн сайын ғаламтордан, түрлі технологиялар арқылы орасан зор ақпаратпен танысатындықтан, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым мүмкіндіктері оқушыларды барған сайын артып келе жатқан жаһандану жағдайындағы қоғамда қарым-қатынас жасауға дайындайды. Бұл дағдылар олардың жаңа білімді меңгеруіне, алған білімін әрі қарай дамытуына мүмкіндік береді. Қоғамның толыққанды мүшесі болу үшін барлық тілдік дағдылардың маңызы зор.

Адам күнделікті өмірде бір-бірімен қарым-қатынаста жазу, оқу әрекетінен гөрі тыңдау, айту әрекеттерін көбірек қолданады. Ал алдымызда отырған әрбір шәкірт қоғамның бір мүшесі. Олардың қоғамға тез бейімделуі үшін, өз көзқарастарын ашық айтып, пікірін білуі үшін, бір-бірін дұрыс тыңдай білуі, тыңдалған ақпаратты қолдана білуі үшін тілдік төрт дағдының да орны ерекше.

Осылардың ішінде басқа дағдыларды қалыптастырудың негізгі алғы шарты – тыңдалым әрекеті болып табылады. Өйткені күнделікті өмірде оқушы көптеген ақпаратты сағат сайын естіп, көріп тыңдайды. Бірақ кез келген ақпаратты тыңдау арқылы түсіну сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Егер оқушы өзіне керек мәліметті тыңдау арқылы тауып үйренсе, ол басқа үш дағдыны (айтылым, жазылым, оқылым), яғни айтылып жатқан мәліметті түсінеді, өз пікірін білдіре алады және басқалармен қарым-қатынас жасай алады,тақырыпқа қатысты деректі түсініп оқиды, көтерілген мәселеге қатысты өз көзқарасын жазбаша да жеткізе алады.

Тыңдау – адам баласының тілдік қарым-қатынасқа түсу кезіндегі басты құралдардың бірі. Біз тыңдау арқылы қоршаған орта, ондағы болып жатқан оқиғалар туралы ақпараттарды ала отырып, дүниетанымымызды, тілдік қорымызды байыта отырып, қабылданған ақпаратқа талдау жасап, өз пікірімізді білдіреміз. Бір адам екінші адамның айтқанын түсінбесе, ұқпаса, онда пікірлесу мен сөйлесу жүзеге аспайды.

Мен қазақ тілі сабағында тыңдалым дағдысын қалай жүзеге асырамын? Сабақ барысында тыңдалым дағдысы сабақтың өн бойында жүзеге асырылады. Тыңдалым дағдысын топтық, жұптық жұмыстарда, бағалауда, аудиомәтінмен, бейнежазбалармен монолог оқумен жұмыстануда жүзеге асырып отырамын. Аудиомәтінмен немесе бейнежазбамен жұмыстану барысында тыңдалым дағдысын қалыптастыратын тыңдалым алды, тыңдалым кезінде және тыңдалымнан кейінгі тапсырмалар беріледі. Тыңдалым алды кезеңінде белгілі бір жағдаят туғызу немесе жекелеген сөздер, сөз тіркестері, суреттер, жоспар арқылы оқушылардың тыңдайтын мәтінінің тақырыбына болжам жасалады. Тыңдалым барысында оқушылар мәтіннің түрін анықтайды (әңгіме, жаңалық, өлең т.б), шығатын дыбыстарға көңіл бөледі, мазмұны мен негізгі ойын анықтайды, сөйлеушінің немесе кейіпкердің үніне, дауыс ырғағына назар аударады, ішінен қайталап отырады, таныс емес сөздерді байқайды. Тыңдалымнан кейін мәтінді қалай түсінгендері жөнінде талқылау тапсырмасы беріледі.

Тыңдалым аяқталған соң «Дауыстап айтылатын ой», «Тыңдап отырған үштік», «Шахмат», «Қар кесегі», «Қар үйіндісі», «Жалғасын тап», «Тепе-теңдік дөңгелегі» секілді әдістермен талқыланады. Бұл әдістер балалардың ынтасын оятып, ой-өрісін жетілдіреді, бір-бірімен ынтымақтастықта жұмыстануға, бір-бірін мұқият тыңдауға және тыңдағанын ортаға салуға үйретеді.

Кей кезде оқушылардың сыни ойлау қабілетін жетілдіру мақсатында мәтіннің басын ғана тыңдатып, өз ойларымен әрі қарай жалғастыру ұсынылады. Баланың қиялы шексіз, сондықтан бұл кезде оқушылар мәтінді жалғастыру үшін өздері-ақ асқан қызығушылықпен қатысады.

Айтылым әрекетінің барлық түрлері тыңдалым дағдысымен тығыз байланыста болғандықтан, тапсырмалар жүйесі де тығыз байланыста болмақ. Тыңдалым мен айтылымды бір-бірінсіз елестету мүмкін емес, өйткені ақпаратты қабылдау оның айтылуына, оқушының айтылған ақпаратты ұғынуына байланысты. Айтылым әрекетінің нәтижелі болуы тыңдалған ақпараттың есту арқылы меңгеріліп, ішкі сөйлеудің дамуына байланысты.

Айтылым дағдысында тапсырмалар тақырыпқа қатысты ойын білдіру, өз көзқарасын дәлелдеу, шешім шығару, қорытынды пікір жасау туралы түсінік пен біліктілік деңгейіне бағытталады.

Айтылым мазмұны – ауызша түрде ойды жеткізу. Айтылымның негізінде дыбыстау, лексикалық және грамматикалық дағдылар жатыр. Айтылым монолог және диалог түрінде, талқылау, шешім шығару, пікір алысу кезінде орындалады.

Айтылым дағдысында:

- қандай да бір коммуникативтік міндеттерді шешу бойынша шартты коммуникативтік жаттығулар, оның барысында оқушылар іс-әрекеттің бір-бірімен өзара ара-қатынасын белгілеу (мақұлдау – қайт сұрау, сұрақ-жауап), яғни қарым-қатынас барысындағы екі жақты белсенділікті сақтайды;
- мәтінді әңгімелеу, суреттеу дайындау, берілген тақырыпқа шағын мәтін, әңгіме құрастыру;
- берілген тақырыпты логикалық бірізділікпен ашу;
- өз сөзіне пікір білдіру, дәлелдемелер келтіруді қоса отырып, өз пайымдауының дұрыстығын дәлелдеу;

Айтылым дағдысы да тыңдалым дағдысы секілді үш кезеңнен тұрады. Сөйлер алдында әңгіме немесе айтылар ой қандай тақырыпта болатынын тыңдалым мәтіні, тірек сөздер, ақпараттар немесе сұрақтар арқылы табады. Сөйлеу барысында қарапайым сөз тіркестерін қолдана алады, сөйлеушінің айтқан сөзін өз ойымен жеткізе алады, өз көзқарастарын ашық білдіре алады, ортақ шешімге келу үшін пікірлесе алады, қарсы пікірін білдіреді, сұрақ қояды, бір-бірін толықтырады. Айтылым дағдысы сабақтың барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады.

Сабақ барысында тыңдалым, айтылым дағдылары қатар жүреді. Сабақ оқу мақсатына негізделіп, күтілетін нәтижеге жетуді көздейді.

7-сыныпта Ш. Қанайұлының «Зар заман» тақырыбындағы сабағымның мақсаты шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдау болса, соған сәйкес оқу нәтижелеріне шығарманың мазмұнын, идеясын өз ойымен жеткізеді, кейбіреуі шығармадағы көркемдегіш құралдардың қолданысын талдай алады деп алдым. Сабақтың басында оқушыларға өткен тақырыпты қаншалықты меңгергенін анықтау мақсатында «Ашық микрафон» әдісін қолданамын. Бұл әдісті алған себебім, «Ашық микрафонға» шыққан оқушы өз сыныптастарының сұрағына жауап береді, дәлелдер келтіреді, өз көзқарасын жеткізеді. Білмей қалған жағдайда басқалары арқылы өзінің қатесін түзетіп, есіне сақтайды. Сабақтың негізгі бөліміне ДЖИГСО әдісін қолдануды жөн көрдім. Бұл кезде топ мүшелері өздеріне берілген көркемдегіш құралдарды өлең жолдарынан тауып, өзара талқылайды, топтармен алмаса отырып түсіндіреді, дәлелдейді. Менің ойымша, сабақ ортасына бұл әдістің тиімділігі сабаққа оқушылар тыс қалмай түгел қатысады. Ал бағалауда «Диктафон» әдісін қолданамын. Оқушылар өз дәлелдемелерін тыңдау арқылы өз жетістіктері мен кемшіліктеріне назар аударады, шынайы бағалауға үйренеді. Сабақта әрі айтылым, әрі тыңдалым дағдылары қалыптасты [2]

**Айтылым дағдысын қалыптастыруда төмендегі әдіс-тәсілдерді қолданған тиімді:**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **«Бір минуттық әңгіме» тәсілі** | Оқушының бір-бірінен ақпарат алу дағдысын қалыптастыру. | Оқушылар бір-бірімен әңгімелесу арқылы ой қорыта алады, жұптық жұмыс жүреді. | Оқушылар қарама-қарсы сызық бойымен қатарға тұрып, жұптық әңгіме жүргізеді. Үйге берген тапсырма туралы әңгімелесулеріне болады немесе жаңа сабақты бекіту мақсатында өз ойларымен бөліседі. |
| **«Ашық микрофон» әдісі** | Оқушыны жылдам әрі тұжырымды ойлауға дағдыландыру. | Құнды ой жинақтап, ойын ашық айтады | Оқушылар қолдарына микрофон ұстап, өткен сабаққа байланысты немесе үй жұмысына байланысты сұрақ қояды, екінші оқушы жауап береді. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **«Ыстық орындық » әдісі** | Оқытуда оқушы белсенділігін арттырумен қатар әр оқушының мүмкіндіктерін, қабілеттерін, қызығушылықтарын анықтау. | Оқушылардың сұрақ қою дағдысы қалыптасады және сұрақ қою арқылы өзара ашық пікірлеседі. | Сыныптағы кез-келген оқушыны «Ыстық орындыққа» отыруға шақырады. Ең маңыздысы – өз еркімен шығу.Оқушы ортада тұрған үстелге отырып тапсырма бойынша қойылған сұрақтарына жауап береді. Берілген тапсырмаға байланысты қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру қажеттігін мұғалім түсіндіреді. Сұраққа жауап бере алмаған жағдайда «күйді» деп ескерту беріледі. Осылайша бес немесе алты оқушы «Ыстық орындыққа» отыру арқылы үй жұмысын немесе жаңа сабақты қорытындылауға бойынша сұрақтарға жауап береді. 2-ші нұсқа бойынша «Ыстық орындыққа» отырған оқушы сұрақтар қоя алады. |
| **«Жасырын сөздер»** | Идеяларды қорытындылау және кері байланыс жасау үшін | Идеялар талқыланады, жинақталады, шығармашылық қабілеттері дамиды. | 1 адам ортаға шығады, жүргізуші оның артында тұрып, бірнеше сөздерді жасырады, ал топтағылар ым-ишара арқылы ғана түсіндіреді. Ортадағы адам қандай сөз жасырылғанын табу керек. |

**Тыңдалым дағдысын қалыптастыруда төмендегі әдіс-тәсілдерді қолданған тиімді:**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **«Үштік» әдіс (Ойлан, жұптас, бөліс)** | Оқушылар ойына келген жауаптар немесе идеяларды барынша көп жазу арқылы, кейін өз идеяларымен бөлісу. | Оқушылардың есте сақтау қабілеті (мұқият тыңдалым) сақталады. Өз ойын ашық айта алады. Оқушылардың оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым дағдылары қалыптасады. | Сынып бойынша тапсырманы оқиды. Оқушылар бірнеше жұптан бөлінеді:бірінші оқушы оқиды немесе айтады, екінші оқушы тындайды, үшінші оқушы түртіп алады, кейін өз пікірін айтады. |
| **«Бұзық телефон»** | Дұрыс тындалым, айтылымға бағыттау. | Оқушыларды дұрыс тындауға ынталандырады. Сергиді. | Шаттық шеңберге тұрып бастаушы келесі адам құлағына бір сөз сыбырлайды соңында бастаушыға қайта келгенде сол сөз жету керек, кейін сөзді ауыстырып жіберген адам анықталады. |
| **«Дауыстап ойлау» әдісі** | Оқи отырып ой түю, ой бөлісу. | Оқушыларды дұрыс тындауға ынталандырады. Оқылым, тындалым дағдылары қалыптасады. Ойлау қабілеті дамиды, сөздік қоры молаяды. | Жұптаса отырып берілген тақырыпты біреуі дауыстап оқиды, екіншісі тыңдай отырып ой түйеді. Бір-біріне түсіндіреді. |

Қасиетті қаламын серік еткен қазақтың маңдайына біткен Жүсіпбек Аймауытов: «Баланы оңай үйретуге талпынба, ол әр кезде нәтижеге ойлану арқылы жету керек», – деген екен.

Оқушыны шығармашылық ойлауға, жылдамдыққа, икемділікке, тапқырлыққа үйрету ол мұғалімнің әр сабағында қалыптасып отыратыны анық. Мақсатымыз – әрбір шәкіртіміздің бойына

білім дәнегін егіп, өмірге бейімдеп, қанаттандырып жіберу болса, Елбасымыздың биылғы жолдауында айтылғандай «...Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда...» [3], біз соған келе жатырмыз.

Елдіктің басты нышаны – тіл десек, елдігімізді айқындайтын қасиетті қазақ тілімізді меңгертуде кез-келген ортада еркін сөйлей алатын, өз ойын, пікірін қорғай алатын жеке тұлға қалыптастыруда талмай тер төгіп келе жатқан еңбектеріңізге сәттілік тілеймін.

**Әдебиеттер:**


1. Әлімов А.Қ. «Интербелсенді әдістер», – Астана. – 2014.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына Жолдауы
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 5 қазандағы Қазақстан халқына Жолдауы
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық, 2016.
5. 7-сынып «Қазақ тілі» оқулығы, 2017.


## ОҚУ МЕН ОҚЫТУДАҒЫ ДАҒДЫЛАР МЕН ҰСТАНЫМДАР


**Шхан Н.Е.,**
*Дарынды балаларға арналған мамандандырылған Сәкен Сейфуллин атындағы №11 облыстық қазақ мектеп-интернат кешені*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*


«Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет»

*«Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»*
*2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Президенті*
*Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы*

Елбасы көрсетіп отырған оқыту бағдарламалары оқушы тұлғаның ойлау қабілетіне, өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға негізделуі қажет.

Жаңартылған оқу бағдарламаларында оқушы тұлғалардың бойында қалыптастыруды қажет етеін құндылықтар мен дағдылар анықталған. Енді осы дағдыларды жүзеге асыру үшін қажетті ұстаным әрекетіміздің дұрыстығына негізделуі тиіс.

**1-кесте.** Құндылықтар мен дағдылар

| Құндылықтар | Дағдылар |
|---|---|
| - шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;<br>- қарым-қатынас жасау қабілеті;<br>- өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау;<br>- жауапкершілік;<br>- денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету;<br>- өмір бойы оқуға дайын болу. | - сын тұрғысынан ойлау;<br>- білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті;<br>- проблемаларды шешу қабілеті;<br>- ғылыми-зерттеу дағдылары;<br>- қарым-қатынас дағдылары (тілдік дағдыларды қоса алғанда);<br>- жеке және топпен жұмыс істей білу қабілеті;<br>- АКТ саласындағы дағдылар (4/7) |

Жалпы ұстаным дегенде біз, алдымен, ұстанымның өзі нақты бір мәселеге қатысты көзқарасымыз екенін ескеруіміз керек [1, 862 б.]. Ал, мұғалім ұстанымы дегенде алдымен оның кәсіби саласы бойынша өз әдістеме технологиясына деген көзқарасын айтқанымыз дұрыс.

Кәсіби маман өз ұстанымында Әл-Фараби бабамыз айтпақшы, **... түрлі пәндермен сабақты ауырлата беру тәртіпсіздікке және белгі бір жүйеден айырылып қалуға апарып соқтыратынын** ескергені абзал [2, 113 б.]. Бұл жерде сабақ процесінде пәнаралық байланыстың салдарынан туындайтын қиындақтармен ауырлату емес, әр пәннің өз әліпби бастамасынан бала

қабілетіне сай нақты талапты артық қойып, үстеме тереңдетушіліктің саладарынан туындайтын қиындықтар оқушы тұлғамен бірге мұғалімнің өзі де өз жүйесі мен тәртібінен, ұстанымынан айырылып қалатындығын ескеру керек.

Сөзімізді заман талабына сай өрбітер болсақ, мұғалім ұстанымы жөнінде психологтар ұстанымды адамның іс-әрекетке деген бейімділігімен байланыстырады [3, 9 б.]. Олай болса, біз әр оқушы тұлғаның өзіміз меңгерткелі отырған пәнге сәйкес іс-әрекетке деген бейімділігіне назар аударуымыз қажет.

Социологтар өз кезегінде, ұстанымды жеке тұлғаның негізгі құндылығы ретінде қарастырады [3, 9 б.]. Бұл орайда, оқушы тұлғаның оқу мен отытуға деген көзқарасын пайымдай алғанымыз абзал.

Алдымен, көзқарас дегеніміздің өзі қарапайым ой-пікір, ұғым не түсінік екенін ескерсек [1, 406 б.], оқушы тұлғаның жалпы оқу мен оқытуға деген пікірін, не ойлайтынын және қалай ойлайтынын түсініп алған дұрыс. Егер оқушы тұлға оқудан гөрі оқытуға бейім болса, өз бетімен оқудан гөрі оқытуды қажетсінсе, онда тереңдетуден гөрі қарапайымды меңгеруіне септесуіміз керек.

Жаңа білім беру мазмұны оқу мен оқытуды бағалауға негізделгенін ескерсек оқу дегеніміздің өзі оқушы тұлғаның өз бетімен оқи отырып білім біліктілігін ілгері алып кете алу қабілетін көрсетеді. Бұл өз кезегінде, оқушы тұлғаның оқу қабілетін прогрессивті деп бағалауға жол ашады. Ал, оқудан гөрі оқытуды қажетсінетін қабілет регресивті-прогресс болмақ. Егер оқыту арқылы танылған танымын одан әрі өздігінен дамыта алатын болса. Олай бола алмаған жағдайда оқушы тұлғаның оқу қабілеті регрессивті-регресс көрсеткішінде қала бермек.

Мұғалімнің ұстанымы оқушының көзқарасының қалыптасуына зор ықпал ететінін ескерсек [3, 9 б.], оқудың оқытудан айырмасының барын танытуға тырысуда, сабақ үстінде отырған өз бетімен оқитын оқушы тұлға мен тек оқытуды қажетсінетін оқушы тұлғаның ара айырмасын аша түсу өз тиімділігін береді. Өз бетімен оқитын оқушының оқуға деген көзқарасы жетіле түсіп, өз білетінін жаңа мағынамен толықтыру арқылы өз біліктілігін қорландыратынын түсінеді. Бұл оқу қабілетінің прогрессивті-прогрес көрінісі жаңа танылған түсінік өз кезегінде біліктіліктің күші екенін қолдау үстінде ұғына отырып, жаңаша нәтижеге, әрі өзі жасайтын нәтижеге апаратынын сезінеді. Мұның өзі оқуға деген көзқарастың белгілі бір шешім қабылдап, сыныптағы іс-әрекеттерді түсіну мен түсіндірудің көзі болып табылатыны [3, 9 б.] сөзсіз. Сондықтан, мұғалімнің ұстанымы оқушы тұлғаның оқу мен оқытуға деген көзқарасына сәйкестенуі керек. Сәйкесінше, кәсіби маман өз біліктілігімен оқушы тұлғаның нені, қалай білетіндігін назарда ұстай отырып, олардың оқу мен оқытуға деген көзқарастарын ескерумен қатар, оқу нәтижесінен күтілетін болжамдардың жиынтығы арқылы ілгері ойлау, мұғалімнің оқыту құралы болып табылуы тиіс.

Заман талабына сай Пажарес (1992) пікіріне жүгінсекте осыны пайымдайтынымыз рас. Оқыту стилін таңдау кезінде мұғалімнің білімділігінен гөрі, ұстанымға негізделген ой-тоқтамдарының ықпалы күштірек деп сендіретінін [3, 9 б.] ескерсек, ғалымның пайымдауынша, мұғалімнің ұстанымға негізделген ой-тоқтамдары оқушы тұлғаның оқу мен оқытуға деген көзқарасына ықпалы барын түсінеміз. Ол ықпал біздің ой-тоқтамдарымызға байланысты. Сәйкесінше, мұғалімнің ұстанымы – оның ой-тоқтамы. Біздің ой-тоқтамымыз өз кәсіби біліктілігімізді шыңдай отырып, оқушы тұлғаның оқу мен оқытуға деген көзқарасымен жұмыстану үстінде оқу нәтижесінің көк жиегіне жету мен жеткізу болмақ. Жететін оқушы тұлға. Оқып жетеме, оқыту арқылы жетеме: ол оқушы тұлғаның көзқарасына, пиғылы мен ниетіне, қызығушылығына байланысты. Оқушы тұлғаның оқу мен оқытуға деген көзқарасын ескере отырып, оларды нәтижеге жеткізетін мұғалім. Ал, жету нәтижесінің сапасы оқушы тұлғаның көзқарасымен айқындалатынын мойындауымыз қажет. Сондықтан, **«Ғылымды үйренем деген адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері, тілек-мақсаты ақиқат пен әділдік үшін талап жолында болуы шарт»** [2, 113 б.], – дейді ғұлама ғалым Әл-Фараби. Ең бастысы оқу оқып білім алам деген оқушы тұлғамен оны оқу оқып, сауатын ашып, білім алсын деп мектепке беріп отырған ата-ананың ақыл-ойы айқын болуы керек. Баласы оқыту арқылы емес, оқу арқылы білім алуы үшін оның күш-жігерін сәби күніне шыңдап, мектепке барған сәттен-ақ, білім алудағы тілек-мақсатының ақиқаттығын қамтамасыз етуі керек.

Ең бастысы білім алушының, оқушы тұлғаның сол ғылымды үйренуге деген, білім алуға деген ақыл-ойы айқын, ерік-жігері мен тілек-мақсаты күшті болуы керек. Олай болмаған жағдайда жақын арадағы даму аймағының ықпалы кері әсер беруі де ықтимал.

| |
|---|
| Выготский: ЖАДА – оқушының өз бетінше шешкен міндеттердің көмегімен анықталған өзекті даму деңгейі мен үлкендердің басшылығымен және анғұрлым қабілетті жолдастарымен бірігіп шешілген міндеттер арқылы анықталатын болжамды даму деңгейі арасындағы қашықтық |

Жақын арадағы даму аймағында қалыптастырушы бағалау арқылы ықпалдасу білім алушы тұлғаның прогресивті жетілуіне ықпалдасады. Сабақ үстіндегі қалыптастырушы бағалауда бағалаушы оқушы тапсырма талаптарыны сай жабдықталған дескрипторлардың көмегімен сөйлеушіні емес, талапқа сай келтірілген пікірді саралау арқылы өз білімінің біліктілігін де пайымдайтын болады.

ЖАДА-да ересек адам өзара қарым-қатынас барысында тапсырманы алдыңғы білімдер мен тәжірибемен байланыстыра отырып және қызметті жүзеге асыруда баланың мақсатты түрде қатысуына мүмкіндік бере отырып басшылық жасайды [3, 28 б.].

Сәйкесінше, қалыптастырушы бағалауда мұғалім тарапынан балл не баға қойылмағанымен, жақын арадағы даму аймағы оқушы тұлғаның білім біліктілігін пайымдайтын не пайымдататын күшке ие болуы тиіс. Олай болмағанда, адам баласының табиғилығы білдірілгеннен берілген бағалауды жақсы түсінеді не жақсы меңгереді. Бұл өз кезегінде мықты күш көрсеткіші – мықты қуатты күш.

***Қалыптастырушы бағалау*** оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады. Тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды. Мұғалім мен білім алушы арасындағы үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі. Қалыптастырушы бағалау кезінде білім алушылардың қателесуіне, оны түзетуіне құқығы бар. Бұл білім алушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу үдерісін түзетуге мүмкіндік береді [5, 10 б.].

Бағалаушы оқушы тарапынан берілген бағалау сараптамасы бойынша белгілі бір дәрежеде оқу масатына негізделген білім көрсеткішінің бағалану критериилеріне сай оқушы тұлғалардың қатысуымен тапсырма талаптары бойынша дескрипторлар құрсатырып, бағалау көрсеткіштерін белгілеп отырға болады. Сол арқылы әр оқушы тұлға күнделікті сабақта белгілі бір пәннен белгілі бір мөлшерде білім сапасының көрсеткішіне ие болғанын пайымдай алуы шарт. Бірақ күнделікті сабақ үстіндегі білім пайымының жиынтық бағалауы бөлім не тоқсандық жиынтық бағалауға не еш қатысы болмауы тиіс. Солай бола тұра, өз кезегінде күнделікті меңгерліген білімнің сапалық көрсеткіші мен бөлім бойынша жиынтық бағалаудың нәтижесіндегі айырма оқушы тұлға мен мұғалімнің неге көңіл аударып, келешекте немен айналысуына жәрдемдесетін күшке, қатынасқа ие болады. Өйткені бөлім мен тоқсандық жиынтық бағалаудың тапсырмалары күнделікті меңгертіліп отырған оқу мақсаттарының шеңберінде жабдықталатынын есекеру керек.

**Әдебиеттер:**


1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі /Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
2. Ақылдың көзі. /Құрастырған Қ.Жарықбаев. – Алматы: Жалын, 1980. – 160 бет.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық: Екінші (негізгі) деңгей /Бакиров К.А., т.б. – 3 басылым. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының баспасы, 2014. – 292 б.
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.
5. Негізгі және орта мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдістемелік құрал./О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциялауымен – Астана: «Назарбаев Зияткелік мектептері» ДББҰ, 2016 – 54 б.

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӘНЕ ҰСТАЗДАҚ ШЕБЕРЛІК**

**Набиева А.К.,**
*№26 ЖББОМ-тің жоғары санатты*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Педагогикалық әдеп – мұғалімнің кәсіптік белгісі. Ол белгі адамның үйреншікті әдетінен, сөйлеген сөзінен, тіпті киім киісінен де байқалуы мүмкін. Мұғалім кәсібінің ерекшелігі ең алдымен оның педагогикалық әдебінде жатады.

*Ұстаздық шеберлік дегеніміз не?*

*Біріншіден,* мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық намысы.

*Екіншіден,* пәнді жетік білуді, ойымызды оқушыларға жеткізу үшін негізгі материалды терең түсініп, олардың алдында жан-жақты дайындықпен баруды, сонымен қатар, оқушыларымыздың бойына әдеп, дағды сияқты жақсы қасиеттерді сіңіру үшін моральдық нормаларды білуді қамтиды.

*Үшіншіден,* оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін міндетті түрде меңгеру. Педагог көп біліп қана қоймай, сол білгендерін оқушыларға бере білуі, сабақтың қызықты да, түсінікті әрі жеңіл өту жағын ойластыруы қажет.

Ал, педагогтық әдеп ұстаз шеберлігінің *төртінші* құрамды бөлігі десе болады.

Педагогтық шеберлік – тек қана мұғалімнің жалпы жан-жақты және методикалық сауаттылығы ғана емес, ол – әр сөзді оқушыларға жеткізе білу, олардың толық қабыл алуы, толғанып бойға сіңіруі. К.Д.Ушинскийдің сөзімен айтқанда, «педагогика теориясын қаншама жетік білгенімен, педагогтық әдептің қыр – сырын меңгермейінше бұған оның қолы жетпейді».

Педагогикалық әдеп сақталмайынша оқушымен тіл табысу мүмкін емес, ал оқушылардың тілін тапайынша, оқу-тәрбие  процесінде ілгерілеу жоқ. Белгілі психолог М.Д. Летвитов айтып көрсеткендей, педагог әдептен құр қол болса, оқушылар тәрбиесіне залалы тиеді, олардың бойында киін түзетуге қиын соғатын неше түрлі жаман әдет-қылықтардың пайда болуына себеп болады.

*Педагогтық әдепті оқушылардың жүрегіне жол таба білу деп түсінген жөн.*

*«Әдеп»(*такт) сөзі *«жұғысу», «адамдар ара-қатынасының түрі»* мағынасында қолданылады. Әдеп – адамдардың өзара жақсы қарым-қатынас жасауына қажетті жағдай. Әдепті адамдарға басқаларға барынша жақсылық жасауды, қуаныш әкелуді тілеп тұру тән.

Балалар мен тәрбиелеу ісінде жалпы әдеп атаулыны педагогикаға кіріктіріп пайдаланудың өзі педагогтық әдеп болып есептеледі. Әдепті адамдарды олардың кішіпейілдік , тапқырлық, елгезектік, өзгенің пікіріне құлақ асушылық, ұстамдылық, байсалдылық, әзілкештік сияқты мінез-құлық белгілеріне қарап тануға болады.

Педагогтық әдеп – медецина қызметкерлерінің дәрігерлік эткасы сияқты мұғалімнің кәсіптік сапасы. Ол педаготық білім мен педагогтық тәжірибені қоса алғанда пайда болатын педагогикалық шеберліктің құрамдас бөлігі болып табылады.

Педагогикалық әдептің негізгі оқушыларға деген шын ықыласта  және олардың адамдық ар-ұятына деген адалдықта жатыр. Педагогтық әдепке – баланы адам ретінде сыйлау деп анықтама беруге болады.

Педагогтық  әдеп көбіне – көп оқушылар мен бүкіл оқу-тәрбие жұмысының барысында ұстанатын жөнге лайық шара ретінде анықталады.

Педаготық әдеп, кең мағынасында алғанда – мұғалімнің әрбір накты іс үстінде тәрбие мәселесінің ең ұтымды әдіс-тәсілдерін қолданып, оқушыларды еліктіріп әкететін кәсіптік сапасы.

Әдепті мұғалім оқушылардың жүрегіне жол таба біледі. Жол таба білудің нәзік жолдары: ерік-жігер, ұстамдылық, ілтипаттылық, дәйектілік, талап қоя білушілік, зейінділік, қалжыңдай білушілік, орынды мысқыл, ептілік, зіл – оспаққа үйірсектік, көзқарас және дауыс ырғағының мол болуы.

Педагогтық әдеп – творчество, ақыл-ой әрекеті, айрықша іскерлік. Әдепті мұғалім педагогтық әр түрлі әдіс-тәсілдердің мол арсеналын меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар оларды ақыл таразысына салып өлшеп, орнымен пайдалана да біледі.

Педагогтық әдеп әр мұғалімде әр түрлі және әр қалай көрініс беруі мүмкін. Бұл оның жасына, темпираментіне, мінез-құлқына, тағы басқа да ерекшеліктеріне байланысты.

*Педагогтық әдепті дамытуға септігін тигізетін жекелеген психологиялық және педагогикалық жайттар бар, сенім, әділдік, байсалдылық, ұстамдылық қасиеттері:*

1. *Байсалдылық.*

Байқағыш мұғалім шәкірттерінің ішкі әлеміне терең үңіліп, көңіл-күйлерін қабақтарынан танып, әр қайсысының мінез-құлық ерекшеліктерімен санаса біледі. Байқағыштық педагогтық

мамандық сияқты аңғару, сезу арқылы жүре бара қалыптасады. Адамның жан-дүниесіне жол табу тәсілдері қалай іздестірілсе, сезімталдық-байқағыштық тәсілдері де соған ұқсайды.

2. *Ілтипаттылық.*

Қандай түрде болмасын мұғалімдер тарапынан оқушыларға ілтипат болмаса, мұның өзі олардың араларына түбі сызат-жарықшақ түсірмей қоймайды.

3. *Сенім.*

Педагогтық әдеп мұғалімнің оқушыларға сенім арта білу қабілетін де қамтиды. «Оқушыға сенім арту тәлім-тәрбие жұмысының принципі» деп Макаренко әдемі айтқан.

4. *Әділдік.*

Әділ мұғалім оқушылардың кемшілігін, қателігін кешіре алады. Егер мұғалім әділ болғанның үстіне әдебі мол, көңілді, жайдары болса, мектепте одан беделді адам болмас та еді. Мұғалімнің әдеп сақтамауы оның айнымалы мінезінен немесе өзіне-өзінің ұдайы талап қоймауынан және оқушының білімін бағалай білмегендігінен болуы да мүмкін.

5. *Төзім және сабыр сақтау.*

Мұғалімнің педагогтық әдеп әлемі үшін төзім мен сабыр сақтау сияқты қасиеттердің үлкен, тіпті көп жағдайда шешуші мәні бар. Сабырлылық, өзін-өзі ұстай білушілік сияқты қасиеттер ұстаздың белсенді құралы болуы қажет. Басқа мамандық иелері сияқты педагог та жұмыс бабында кездесетін қиыншылықтарды күні бұрын көре білуге және оларды жеңе білуге дайын болуы тиіс.

Мұғалім – өмір тынысын қалаушы. Оның негізгі міндеті- балаларға өз пәнін үйрету. Одан да үлкен міндеті – балаларды адамгершілігі күшті азамат етіп шығару.

Педагогикалық әдеп жоғарыда аталған қасиеттердің бір-бірімен тығыз байлансып жатырған кезінде ғана күшті. Біреуі жетіспей тұрса, соның өзі педагогтық әдепке едәуір нұқсан келтіреді. Педагогтық әдеп мұғалімнің психолгиялық білімін алдын ала қарастырады. Педгогтық әдепті бойына сіңіру үшін әр мұғалім не істеу керек, деген сұраққа, міне, шамамен осылай жауап беруге болады. Тәжірибе жинақталмас бұрын, – деп жазды К.Д. Ушинский, – педагог көп оқып, көздеген мақсаты, пәні және өз еңбегінің кілті жайында жатпай-тұрмай ойлануы керек.

Оқушыларға білім беру мен тәрбиенің табысты болуы қарым-қатынасқа байланысты. Мұғалімнің әр сөзі жақсы өңделген жерге себілген дәндей оқушының көкейіне қонып жатады. Ал қарым-қатынас нашар болған жағдайда жылы сөздің өзі де ешқандай нәтиже бермейді. Оқушылармен тіл табысу – педагогтық әдептіліктің тікелей жемісі. Әдеп сақталмаған жерде оқушылармен қарым-қатынас та бұзылады. Қалыпты жағдайдың болмауы – ұстаз бен шәкірттің арасында әр түрлі қақтығыстар мен түсінбеушілік тууының басты себебі. Бізде сабақтың тиімділігін арттыру, оқушылардың өз беттерімен ойлау қабілеттерін жетілдіру үшін қыруар жұмыстар атқарылады, ал оқушыларға шынайы сүйіспеншілікпен қарауға, сондай-ақ олармен толық тіл табысуға жете көңіл бөлінбейтіні өкінішті-ақ. Қазір оқушылардың ақыл-ойы енжар деп сылтауратып, ережені құр жаттауға бой ұрған педагогтарды көп кездестіреміз. Оқушылармен өзінің қарым-қатынасын тек қана өктемдікке, әкімшілікке құратын педагогтар да кездеседі. Соңғы кезде оқушылармен дәл осындай қарым-қатынаста болатындарды қолпаштаушылар да бой көрсете бастады. Олардың айтатын пікірлері мынадай: «біз, яғни мұғалімдер, оқушылардың жат қылықтарын көп кешіреміз. Сондықтан, мектепте жұмыс істеу барған сайын қиындап барды-мыс». Олардың пайымдауынша, мұғалім оқушыларға неғұрлым қатал болса, онда шәкірттермен арадағы қатынас та солғұрлым жақсара түспек.

Балалар шындықты сүйеді. Олар шындықтан сәл жаза басқанда ешбір төзбейді. Мысалы, үлкендер олардың айыптарын беттеріне басқанды жақсы көреді. Ал, балалар бізден өте әділ болуды тілейді. Педагог оқушылар алдында кіршіксіз адал болуы тиіс.

Оқушылармен ортақ тіл табысу – мұғалімдердің құрметті мамандығының құрамды бөлігі, арнайы педагогикалық шеберлік. Мұндай шеберлікті жете меңгеру – балалардың психологиясын қалай білетіндікке, жұмыс істейтін ұжымның ерекшеліктеріне, өмірлік және педагогикалық тәжірибемізге тікелей байланысты. Сонымен бірге мұғалімдердің бойынан парасаттылық, байсалдылық, ақылдылық, зейінділік,ыждағаттылық, болашаққа кәміл сенушілік, реті келген жерде есе жібермей, бірақ болар-болмасқа күйіп-пісушілік, аңғарымпаздық, ілтипаттылық, мейірімділік, қанағатшылдық және осы қасиеттерге байланысты педагогтық әдеп берік орын алуы қажет.

*Сабаққа қойылатын талаптар (педагогикалық техникалар):*

1. Сабақты оқушылардың белгілі бір тобының қабілетіне лайықтап, олардың бос отыруға уақыты болмайтындай қарқында жүргізу;
2. Тәртіп бұзушыларға үсті-үстіне тапсырма беріп қою керек;
3. Оларға орынсыз тіл тигізуге, қорқытуға болмайды;
4. Оқушылардың болымсыз қылығына ескерту жасамаңыз;

5. Сыныпта тәртіп орнатуға басқа адамдардан көмек сұраудың қажеті жоқ;
6. Бүкіл сыныппен немесе олардың басым көпшілігімен айтыс-тартысқа түспеңіз, егер ондай жағдай бола қалса, оны ұзаққа созбай келісімге келу керек;
7. Мына бір қағиданы еске сақтаңыз: кінәлағаннан гөрі мақтауға бейім тұрған жақсы.

*Оқушы жүрегіне жол табуға орасан зор мәні бар нәрселер:*

1. Көңіл-күй әрқашанда көтеріңкі болсын!;
2. Адал сөз беру, ант беру (кешірім сұрау);
3. Баға қою;
4. Гүлдер мен орындықтар;
5. Сынып сағаты (жиналысы) сабақ емес қой?;
6. Ескертудің орынды болғаны жөн;
7. Сылтаудың да жөні бар.

Педагогтық әдеп, әдепті болуға құлшыныс болған жағдайда ғана, қажырлы еңбек процесінде, қызмет барысында игеріледі. Педагогтық талант, күнделікті өзіміздің шеберлігімізде жатыр. Кез-келген мұғалім ынта-ықылас қойып, табандылық танытатын болса, өз ісінің нағыз шебері атана алада. Педагогтық әдеп және оқушылармен ортақ тіл табысу жағы жеткіліксіз болса, жеткіншек ұрпақ тәрбиелеуде нағыз шебер болу мүмкін емес. Ұстаз ең алдымен – оқушылардың айнымас жан досы, олардың ең жақын көретін адамы, сондай-ақ, жәбірден арашалайтын панасы бола білуі керек. Өз өмірін адамзаттың ең маңызды ісіне – жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне арнаған әр адам педагогтық шеберліктің ажырамас құрамдас бір бөлігі болып табылатын педагогтық әдепті жете меңгеруі қажет.

Педагогикалық әдеп – мұғалім әрбір нақты жағдайда оқушыларға тәрбиелік әсер етудің бірден–бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке оқушылар жүрегіне педагогикалық жас табу деп те анықтама беруге болады. Оны оқушылардың сыртынан психологиялық бақылау жүргізу деп деп те атауға болады, өйткені педагогикалық әдептің өзі, К.Д. Ушинскиидің айтқанындай,- түптеп келгенде психологиялық әдеп.

*Оқушылармен тіл табысудың, оларға әсер етудің әр түрлі құралдары бар:*

1. Адамдық қадір-қасиетті құрметтеу;
2. Ықпал жасау шамасы;
3. Шешімге келу;
4. Көңіл қалдырмау;
5. Оқушымен жеке әңгімелесу кезіндегі мінез-құлық;
6. Оралымды жолдар;
7. Білімді бағалау;
8. Көңіл күй;
9. Әзіл. Тапқыр сөз;
10. Педагогикалық тактика.

Құметті әріптестер, ұлағатты ұстаздар, бала жанының дәрігерлері, бұл жоғарыда айтылған мәселелер тек менің ғана көкейімде жүрген мәселелер емес, барлық қоғамдағы, яғни педагогика саласында жүрген адамдардың өмірлік іс-тәжірибелері мен ғылыми зеттеулерінен туындап отырған мәселелер. Біз де пендеміз, біздің де (мұғалімдердің) қателесіп, артық кетіп жататын күндеріміз баршылық. Алайда бала тәрбиесін өз қолына алған педагогтың әдеп тұғырынан шығып, педагогтық тактиканы ұстанбауы кешірілмес қателік. Баланы тек сезіммен ғана тәрбиелеу мүмкін емес. Бала тәрбиесіне келгенде өте жауапкершілікпен қараған жөн деп санаймын. Біздер, ұстаздар қауымы, аяулы әріптестерім, педагогикалық әдептің шеңберінен шықпайық дегім келеді!

**Әдебиеттер:**

1. Синица И.Е. «Педагогический такт и мастерство учителя» - Мәскеу: Педагогика 657, 1983. – 248б.

## ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Зулкарнаева Г.Е.,**
*Ш.Жексенбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп-бөбекжай кешенінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

Әр елдің болашағы білім ордасынан басталары анық. Бүгінгі таңда өскелең ұрпақтың білімі мен тәрбиесі педагогика ғылымы мен озат тәжірибелердің басты бағыты болары даусыз. Сондықтан ғылымның әр саласын дамыту жаңа технологияларды игерумен тығыз байланысты екендігіне көзіміз жетті. Жаңа ғасырда өркендеу мен гүлденудің, табысқа жетудің бірден-бір кілті - білімде. Егемен еліміздің білім беру саласында заман ағымына қарай едәуір өзгерістер енгізілуде. Солардың бірі- жаңартылған білім беру бағдарламасы. Мақсаты- білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы- оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сыни тұрғысынан ойлауды, зерттеу жұмыстарын жүргізуді, тәжірибе жасауды, АКТ-ны қолдануды, коммуникативті қарым-қатынасқа түсуді, жеке, жұппен, топта ынтымақпен жұмыс жасай білуді, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді тиімді әдіс-тәсілдер арқылы меңгерту.

Жаңартылған білім беру мазмұнында қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәндерінің бағдарламасы ой-өрісі дамыған, әдеби тіл мен әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін және шынайы өмірге бейім, жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу мәселесін жүзеге асыруды пән мұғалімдеріне міндеттеп отыр. Себебі әр шәкірттің жүрегінен жол тауып, қабілетін танитын, білімді ұрпақтың жұлдызын жағып, мәртебесін биіктететін, тағылымын қалыптастырып, танымын кеңейтетін де ұстаз. «Мұғалім –мәңгі нұрдың қызметшісі, ол барлық ой мен қимыл әрекетіне ақылдың дәнін сеуіп, нұрын құятын жалын иесі» деген чех педагогі Я.А.Коменскийдің сөзі қай қоғамда да мұғалімнің рөлі зор екенін, жаңашылдығымен, ізденімпаздылығымен заман көшін алға бастайтын көшбасшы болу керектігін аңғартады.

Жаңартылған оқу бағдарламаларында оқушылардың бойында қалыптастыру көзделетін бірнеше құндылықтар мен дағдылар анықталған. Мен жаңартылған оқу бағдарламасындағы «шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау» құндылығын оқушылардың бойына қалыптастыру жолында оқу мақсаттарына сай жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді сабақ үрдісінде жиі қолданып жүрмін.

Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету барысында оқушылар өз ойын, пікірін жүйелі жеткізе біледі, тереңінен салыстыра отырып ойланады, өзіндік идеяларын ұсынуға дағдыланады. Бұл технологияны қолдану қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнін оқытуда ерекше орын алады.

6-сыныпта қазақ тілінен «Ұлттық құндылықтар – ел қазынасы» тақырыбын өткен кезде «Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау» мақсатына жету үшін «Ашық-жабық сұрақтар» әдісін қолдандым. Елбасының «Мәңгілік Ел» жолдауынан үзінді мәтін етіп алып, жетекші сұрақтар қойып, оқушылардың пікірін, арманын білуге тырыстым.

**«...Ел дегенде, жер дегенде – білегін сыбанып, іске дайын тұратын, еліміздің жарқын болашағы үшін күресе білетін, намысты ұрпағымыз болса, қоғамымыздағы ұлттық бірліктің іргесі шайқалмаса, ұлтымыз өз әдет-ғұрпын, таза тілін сақтаса, Мәңгілік ел боламыз, бұл – жеңіске жетуіміздің негізгі кепілі...» Мәтінде берілген осы сөйлемді өз арманыңмен байланыстыра қалай жалғастырар едің?»** деген «Еркін микрофон» әдісімен берілген тапсырмаға оқушылар белсене қатысып, өз елінің көркеюі үшін келешекте қандай игілікті жұмыстар атқаратынын ортада айта білді.

Ал 5-сыныпта «Екі жақты жазба күнделігі» әдісін қазақ әдебиеті сабағында тиімді қолдану арқылы шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне оқушылардың көзқарасын, сынын еркін білдіре алатынына көз жеткізуге болады. «Қобланды батыр» жырын оқу барысында оқушы шығармадан өзіне ұнаған үзінді алып, тақырыбы мен идеясын анықтап, екінші бағанға неге ұнағанын дәлелдей жазды. Жырдағы Қарлығаның іс-әрекетін алған оқушы «Маған Қарлығаның махаббаты үшін әкесін өлімге қиятын тұсы ұнамайды. Қыздар ата-анасының ақ батасын алып, сүйгеніне қосылады. Ғашығы үшін әкесін өлтірту Қарлығаның мейірімсіздігін көрсетеді » деп өзінің сыни көзқарасын жазған. «Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау» оқу мақсаты бойынша жүргізілген «ПОПС формуласы» әдісі арқылы кейіпкер іс-әрекетіне баға беру жұмысында да оқушылар жыр кейіпкерлерін қазіргі заманғы адамдардың мінез-құлқымен салыстыра отырып, «Қараман батырдың Қобландыға дөрекі сөз айтып, әйеліне қарсы айдап салуы - қазіргі кездегі

адамдардың бойынан табылатын жағымсыз мінез. Отбасылы адамдардың арасына түсіп, бір-бірін айдап салу арқылы бірліктерін бұзып, ажырастырып жіберуі де мүмкін» деген дәлелді сөздерінен Қараман ісіне сынай қарағанын көрсетеді.

Ал «Венн диаграммасы» әдісі арқылы Кендебайдың елге жасаған жақсылығы мен қазіргі заман адамдарының қайырымдылығын салыстыра келе, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын талдап, «Қайырымдылық - асыл қасиет» деп қорытындыға келуінен оқушылардың бойына жақсы қасиеттердің қалыптаса бастағанын байқадым.

Сыни ойлауға берілген тапсырмалар арқылы оқушы берілген білім мазмұнына деген өзінің көзқарасын, қатынасын білдіре алады. Оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдылары қалыптастырылады, дамытылады.

Сабақта полилог–сұхбат әдісін кең қолдана отырып, оқушыларға өздері меңгеруі тиіс ғылым-білімді іздеу мен сұрыптау жұмыстарын жаппай және тең дәрежеде ұйымдастырып жүргіземін.

Қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінде суреттер, фотосуреттер, естелік жазбалары сияқты дәлелдерді жинақтау және топтастыру, негізгі дереккөздерді бағалау және соларға сәйкес сұрақтар қою; негізгі дереккөздерді жағдаяттық қорытындылармен салыстыру және толықтыру әдіс-тәсілдерін пайдалану оқушылардың сыни ойлануына мүмкіндік жасайды. Оқушылардың пәнді терең түсіну қабілеті дамиды, алған білімдерін сыныптан тыс жерде, кез келген жағдайларда тиімді пайдалана білуін қамтамасыз етеді.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру бағытында атқарылған жұмыстар оқушыға мынандай мүмкіндіктер беретінін анықтадым:

– білім мәдениеттілігі мен маңыздылығын түсініп, қажетті іс – әрекетті белсене және өз бетінше орындауға;

– жеке ерекшелігі мен қабілетіне сай тапсырмаларды өзі таңдап, іздеп тауып, белсене орындауға;

– білім мен мәдени құндылықтарды игеру ісін топтасып және ұжымдасып мұғалім көмегінсіз атқаруға;

– құр мәлімет алумен шектелмей, сабақ барысында өз пікірін ашық айтып, сұхбат жүргізуге;

– ой-өрісі ғана емес, рухани және әлеуметтік жағынан өздерін – өздері дамытып, тәрбиелеуге.

Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазу дамыту технологиясын сабақ үстінде қолдану барысында төмендегідей тиімділіктерге қол жеткізуге болады:

- Өз көзқарасын білдіру арқылы сыни ойлауын дамыту;
- Сабақты белсенді өткізіп, әр баланың еркін жауап беруіне мүмкіндік беру;
- Өзіне сенімді болу;
- Қиялын дамыту «менің ойымша» деген жауапты жүйелі айта білуге дағдыландыру;
- Әр түрлі жауапты соңына дейін тыңдау;
- Оқушыдан жауап алу үшін сұрақты қызықты әрі ойландыратындай етіп қою;
- Баланың дүниетанымының кеңіп, рухани өсуіне, әр сабақта жағдай жасау.
- Жеке тұлға ретінде «мен» деген рөлін көтеру, өз пікірін қалыптастыру.

Әр сабағымда оқу мақсатына жету жолында пайдаланатын стратегиялар түрі:

«Түртіп алу», «Ассосация», «Сиқырлы орындық», «5 минуттық эссе», «Болжам ағашы», « Галереяға саяхат», «Жылдам дебат», «Венн диаграммасы», «Қос жазба күнделік», «Автор орындығы», «Хан жарлығы», «Ой қозғау», «Еркін микрофон», «Кезбе тілші», «Бес жолды өлең», «Ар-ождан аллеясы». Аталған стратегияларды пайдалана отырып көп жетістіктерге жетуге болады. Ең бастысы – оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артып, олардың бір – бірімен пікір таластырып ашық сөйлеу, еркін сөйлеу дағдылары қалыптаса бастайды. Өздеріне сенімсіздік білдіріп, бұйығы отыратын оқушылар өз ойларын аз да болса жүйелеп, еркін айта бастайды.

Бұрын шығарма, мазмұндама, жоба жұмыстарында оқушылар өз ойын білдіруге, әңгіме құрауда көптеген қиындықтарға кездесетін. Қазір күнде өтілген әңгімеден соң оқушылар ой – толғанысын жасап, өз ойын жазбаша, ауызша білдіреді, кейде мәтіндегі ойға байланысты мақал да кірістіріп жазады.

Қорыта айтқанда, сабақ үрдісінде сыни ойлау дағдыларын дамыту оқушылардың адамгершілік, зияткерлік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді. Оқушылар өзін-өзі дамытып, қоғамда алатын орнын анықтайды. Білім беру жүйесіндегі оң өзгерістерге жаңаша қарап, қол жеткізген табыстарды сын көзбен бағалай отырып, саралауды, шығармашылық әлеуетін дамытуды қолға алады.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Шәкірттерді осындай деңгейге көтеру, бәсекеге қабілетті жеке тұлға дәрежесіне жеткізе білу - әр ұстаздың міндеті. Сондықтан заман талабына сай болып жатқан өзгерістерден қорықпай, мақсатқа сай нәтижеге жете аламыз деп сенемін.

# «ЖАҢАША ОҚЫТУ МАЗМҰНЫНА - ЖАҢАША КӨЗҚАРАС»

**Диярова Р.Р.,**
*№9 жалпы білім беретін мектебінің*
*қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі,*
*(Орал қаласы)*

Білім саласының дамуы көшінен қалмай ілгерілеу басты мақсатымыз болса, еліміздің ертеңі жас ұрпақтың қолында.

Қазіргі заман талабына сай болашақ ұрпақтың оқып білім алуын елімізбірінші орынға қойып отыр. Білім беру мен білім алудағы атқарылатын қарқынды жұмыс ұстаздарың еншісінде. Осы орайда ұлы педагог Ушинскийдің «Бала – балқытылған алтын» деген қанатты сөз бірден ойға түседі. Балаға қалай бағыт берсең, солай өседі.

Сондықтан баланыі бойында жақсы қасиеттердің болуына, олардың жан-жақты дамуына ықпал етіп, рухани бай тұлға қалыптастыра білуіміз керек. Оқытудағы жаңа тәсілдерді пайдалана отырып, оқушы бойында өзіне деген сенімділік пен жауапкершіліктерді қалыптастырамыз.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін одан да маңызды. Жаңа технологиялар оқушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін молайтуға көп көмегін тигізеді. Осы тұрғыда жаңа технологияларды қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында кеңінен пайдалануға тырысамыз. Бүгінгі таңдағы оқу үрдісі – жаңа әдіс-тәсілдерді,жаңа идеяларды қажет етеді.

Мысалы, 8 сыныпта қазақ тілі пәнінен «Рухани жаңғыру-тарих пен инновацияның сабақтастығы» тақырыбында өткен сабағымызда, алғашқыда «Көңіл-күйді анықтау» тренингі жүргізілді, оқушылар параққа өз көңіл күйлерін түрлі смайлик суретін салу арқылы білдірді. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту мақсатында рухани жаңғыру тақырыбында интерактивті тақтадан бейнеролик көрсетілді. Ролик бойынша сұрақтар қойылды. Бейнебаяннан үзінді көрген оқушы жаңа ақпарат ала отырып, осы ақпаратты толық алу үшін ізденуге талпынады.

Білім беру жүйесінде жаңа ақпараттық технологияны қолдану нәтижесінде адам машықтанған тұлғаға айналуы өзіне-өзі түсінікті.Оқыту үрдісінде мұғалім мен компьютердің көмегін қолдану білім беру үдерісінің сапасын арттырады. Осы аталған әдістемені қолдану сабақ беру үрдісін белсендіре түседі және оқушылардың білімге деген қызығушылығын арттыра түседі.

Біріншіден, мұғалімнің жаңа сабақта компьютерді қолдануы дайындығы әртүрлі деңгейдегі оқушылардың білімді бірдей деңгейде меңгеруіне мүмкіндік береді. Мәтіналды жұмыста мұғалім компьютердің көмегіне жүгінеді: интерактивті тақтадан тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен таныстырып, сөздік дәптермен жұмыс жасатады.

**Мәтінмен жұмыс.**

Сыныпты үш топқа бөледі. Пікірлер парағы әдісінің негізінде ортақ тапсырма орындатады. 1-топ: «Мирас» – мәтіннен инновация туралы пікірлерді тауып жазады. 2-топ: «Бабалар өсиеті» – 1 топтың пікірін дәйексөз ретінде қолданып қолданып, рухани жаңғыру туралы өз ойын түйіндеп айтады. 3-топ: «Мұрағат» – рухани жаңғыру туралы ұсыныстарын жазады.

Бұл әдіс – **коммуникативтік тәсіл** – бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған. Яғни, оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады.

5,6-тапсырмалар. «Екі түрлі түсініктеме» күнделігі арқылы орындалады. Мәтіннің бір бөлігіне тірек сөздер, тарихи деректер жазылса, екінші бөлігіне сол сөздерге сипаттама жазылады. Бұл әдістің тиімді жағы,оқушы өзіне түсініксіз сөздер мен сөз тіркестерімен жақынырақ, тереңірек танысады.әр сөз бойынша ізденіп,мағынасымен танысады. Мысалы,кестенің бір жағына мәтіндегі *қыш кітап,рухани жаңғыру,алтын көпір* т.б. сөздер жазылса,екінші жағына сәйкестендіріп сол сөздерге түсінік беру керек.Енді осы тапсырманы бағалау негізінде, «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісін қолданамыз.Бұл әдіс бойынша оқушы кестедегі сөздердің екі ұтымды жағын, бір жетілдіру жағын айтып өтеді.

Мәтін соңында тақырып бойынша постер қорғатуға болады.Оқушылар сабақта білген-түйгенін қорытындылап, өз фантазияларын қосып, «Рухани жаңғыру» бойынша постер қорғайды. Постер арқылы оқушылардың білу, түсіну, түйіндеу, қолдану, талдау дағдылары қалыптасады.

8-тапсырма «Интервью» әдісі бойынша жүргізіледі. Мәтіндегі Зүбайра апай мен журналист арасында диалог құрастырады. Тапсырмада Зүбайра апайдың дәйексөздері қамтылуы тиіс. Бұл әдістің мақсаты – алған теориялық білімін меңгертіп, іс-жүзінде қолдана білуге үйрету.

*Қысқа мерзімді сабақ жоспарының үлгісі:*

*Тақырыбы:* **«Рухани жаңғыру-тарих пен инновацияның сабақтастығы»**

| | |
|---|---|
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлығы** мәтіннің түрін анықтайды<br>**Көбі** мәтінді талдайды<br>**Кейбірі** негізгі ойды анықтайды |
| **Бағалау критерийлері** | Мәтіндердің тақырыпқа қатысты негізгі ақпаратты таба алады, қоғамдағы рухани өзгерулер жайлы айтады ,мәтінді талдайды. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Пәнге тән лексика мен терминолгия**: көне жазба, белгісізді тану, рухани жаңғыру, бабалар сөзі<br>**Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер:**<br>Рухани жаңғыру, бүгінгі ғылым мен білім |
| **Бастапқы білім** | Ғажайып планета туралы айтады, сипаттайды.Мұғалім жетекші сұрақтар қою арқылы оқушының бастапқы білімін анықтай алады. |
| **Сабақ барысы** | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс әрекет** |
| **Сабақтың басы** | «Мұғалім көңіл-күйді анықтау» тренингінің негізінде сабақ басында оқушыларға А4 парағы мен маркерлер таратады.Оқушылар параққа өз көңіл күйлерін түрлі смайлик суретін салу арқылы білдіреді.<br> |
| **Сабақың ортасы** | **Қызығушылықты ояту**.Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын ояту мақсатында рухани жаңғыру тақырыбында интерактивті тақтадан бейнеролик көрсетіледі.Ролик бойынша сұрақтар қойылады.<br>**Мәтіналды жұмыс.**<br>Мұғалім интерактивті тақтадан тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен таныстырады,аудармасын айтады,оқиды,оқушыларға қайталатады,сөздік дәптермен жұмыс жасатады.<br>Дескриптор<br>-жаңа сөздерді үйренеді.<br>-сөздік жұмысын жүргізеді.<br>**Жаңа сабақ. Мәтінмен жұмыс.**<br>Сыныпты үш топқа бөледі. Пікірлер парағы әдісінің негізінде ортақ тапсырма орындатады.2 тапсырма<br>1-топ-«Мирас» - мәтіннен инновация туралы пікірлерді тауып жазады.<br>2-топ-«Бабалар өсиеті» -1 топтың пікірін дәйексөз ретінде қолданып қолданып, рухани жаңғыру туралы өз ойын түйіндеп айтады.<br>3-топ-«Мұрағат»- рухани жаңғыру туралы ұсыныстарын жазады.<br>**Дескриптор**<br>-оқушылар мәтін бойынша білімдерін шыңдайды;<br>- білімін толықтырып, өз пікірлерін айтады;<br>- сұраққа толық жауап береді.<br>**Қалыптастырушы бағалау**. «Аквариум» әдісі бойынша топтар бір-бірінің жұмысын бағалайды.<br>**5,6- тапсырма** «Екі түрлі түсініктеме» күнделігі арқылы |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың соңы** | орындалады. Мәтіннің бір бөлігіне тірек сөздер, тарихи деректер жазылса, екінші бөлігіне сол сөздерге сипаттама жазылады.<br>**Қалыптастырушы бағалау. «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы бағалайды.**<br><br>**Кері байланыс**.Бір+плюс,бір-минус стратегиясы.тапсырманы орындау барысында сәті шыққан 1 мезетті,сәтсіз, түсініксіз болған 1 мезетті атайды<br>**Мәтін соңы жұмыс**<br>**Ойсергек.**Оқушыларға түрлі-түсті маркерлер, қарындаштар, фломастерлер,плакаттар таратылады.Олар мәтін немесе жалпы бүгінгі сабақ бойынша рухани жаңғыру тақырыбына өз түсініктерімен постер жасайды.<br>**8- тапсырма «Интервью»** әдісі бойынша жүргізіледі.Зүбайра апай мен журналист арасында диалог құрастырады.Тапсырмада Зүбайра апайдың дәйексөздері қамтылуы тиіс.<br><br>**Дескриптор**<br>-диалогтың сұрақтарын әзірлейді<br>-тақырып бойынша жаңа сөздерді қолданады;<br>-диалог құрады.<br>**Қалыптастырушы бағалау.** «Жетістік баспалдағы» әдісі<br><br>арқылы бағаланады.<br>**Рефлексия.** «Күн шапағы» парағына сабақтан алған әсерлерін толтырады.<br>**Үйге апсырма.**1- тапсырма. Үйірме туралы диалог құру |

Сабақ барысында бір ғана тәсілмен шектелмей, өз сабақтарымда қазіргі таңдағы инновациялық технологияларды оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты таңдап қолдануға тырысамын. Атап айтсақ, модульдік технология, сын тұрғысынан ойлау, тірек-сызба, дамыта оқыту, деңгейлеп-саралап оқыту, рефлексия, кері байланыс, тренингтер мен ойсергектер т.б. Мен үшін әрбір сабаққа жаңалықтарды, озық тәжірибелерді пайдалану үлкен жетістіктерге жетелейді. Қазақ тілі пәнін оқытуда жаңа технологиялардың элементтерін қолдана отырып, деңгейлеп оқыту технологиясына ерекше көңіл бөлу-заман талабы...

**Әдебиеттер:**

1. Оразбаева Ф.Ш., Дәулетбекова Ж.Т., Рахметова Р.С. Қазақ тілі мен әдебиеті оқулығы. 8-сынып, Көкжиек-Горизонт, 2018.24-27 б;

2. Оразбаева Ф.Ш., Дәулетбекова Ж.Т., Рахметова Р.С. Мұғалім кітабы. 8-сынып, Көкжиек-Горизонт, 2018. 26- 35 б;

3. Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектептері», ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016 ж;

4. «Тіл және әдебиет» журналы, 2018 ж, №2;

5. Оразбаева Ф.Ш., Дәулетбекова Ж.Т., Рахметова Р.С. Дидактикалық материал, 8-сынып, Көкжиек-Горизонт, 2018 ж.

## АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР ТҮРЛЕРІ

**Ержанова Б.,**
*«№7 жалпы орта білім беретін мектеп» ММ*
*қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі*

Еліміздің қоғамдық-экономикалық, саяси, мәдени дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениетке көтерілетін білімді де мәдениетті, денсаулығы мықты, парасатты азамат тәрбиелеп шығару – мектептің, ұстаздар қауымының бүгінгі таңдағы баға жетпес міндеті.

Нағыз сабақ – әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, кеңесе шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжірибенің бірлігі. Педагогикалық технологиялар оқыту мақсатына жетудің тиімді, нақты жолдарын көрсетеді.

Осы жолда сабақтар сан алуан шығармашылық сипаттарда құрылуы тиіс: мәтінді зерттеу – ізденіс сабағы, мәтін үзінділерінен белгілі бір түсінікті құрастыру сабағы, философиялық ойтолғау сабағы, семинар сабақ, ақынмен диалог сабағы, өзара диалог (пікірсайыс) сабағы, қиял сабағы, конференция, дебат, қарама -қайшылықтар сабағы, демонстрация, өлең мен қарасөздер мәтіндерін өзгерту сабағы, жағдаяттар құру сабағы, оқушы мұғалім ретінде өтетін бинарлы сабақ, әртүрлі ойындар сабағы, шығармашылық жұмыстарды қорғау сабағы, топтық жұмыс сабағы, жоба қорғау сабағы, рефлексия сабақ, рецензиялау сабағы, өзара бақылау сабағы, спектакль сабақ, «дөңгелек үстел» сабағы, шығармашылық есеп сабағы, панорама сабағы (шолу сабақтарының орнына өтіледі) т.б. Бұлардың ішінде көп қолданылатыны – көркем мәтінмен жұмыс сабағы. Себебі абайтанудың кілті – ақынның өз шығармаларында.Мектепте Абайды оқушылар оның шығармаларын тікелей оқи отырып, өз көзімен, өз ойымен тануға тиіс.

Мұғалімнің мақсаты – оқушының ізденіп, өз оқу әрекетін өзі ұйымдастырып, өзі мақсат қойып, өзі орындап, өзі бақылап, өзі түзетіп, өзі бағалауға және осы үдерістер барысында өзіндік рефлексияға шығуына бағыттау жолдарын көрсету.

Мысалы, «Ұлылардың үндестігі» сабағында сынып оқушыларын топтарға бөліп алдын ала тапсырмалар береді. Олар берілген тапсырмалар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Гете тобы «Вандрерс Нахтлид» өлеңінің жазылу тарихын зерттейді. Лермонтов тобы орыс ақыны Гетеден өлеңнің идеясы мен негізін алып, өзінше өзгертіп, өлеңдегі жоқ сөздерді образды енгізіп өзінің төл туындысы дәрежесіне жеткізгені туралы әңгімелейді. Абай тобы «Қараңғы түнде тау қалғып» өлеңінің аудармасына ақынның жасаған өзгерістері туралы әңгімелейді.

Абайтану материалдары шеңберінде оқушылардың зерттеушілік әрекеттерін, қабілеттерін дамыту – негізгі міндеттердің бірі. Мұнда мұғалім – оқушының әрі кеңесшісі, әрі зерттеушілік ізденісінің ынтымақтас әрекетшісі. Ол оқушыға өз бетімен айқындалған тапсырманы шешу жобасын жасауға, оны нақты өмір жағдайларымен байланыстыруға, әр түрлі дереккөздерден ізденіп білім жинау (оқулықтан, мұғалімнен, құрбыларынан, қосымша әдебиеттерден, электрондық оқу құралдарынан т.б.) бағыттайды. Нәтижесінде оқушы Абайдың берілген белгілі бір көркем мәтінін түсіне отырып, ол туралы өз түсініктерін байыта отырып, өзіндік тұжырымдарын өзгертеді, жаңартады, толықтырады, өмірдегі жағдаяттармен байланыстырады, нәтижесінде берілген мәтінді жаңа өнімге айналдырады. Сабақта өз бетінше жаңа бір нәрсені білуге ұмтылу бала үшін шаттық сезіміне айналады. Оқыту стандарттық оқуды қайталамайтын оқу әрекеті болып табылады. Сондықтан оның әдістемесі де өзіндік ерекшеліктерімен айшықталады. Мұнда оқушылар оқу материалын меңгеруді ғана емес, сол оқу материалдары бойынша өз бетінше оқу әрекеттеріне енуге, ізденімпаздық қабілеттеріне үйренуге бағытталады. Демек, оқу материалдары өмірге керек ақпараттық, коммуникативтік, проблемаларды

шешу сияқты негізгі құзыреттерді қалыптастыру үшін де қолданылады. Өз бетімен жұмыс істеу шарттарын оқушы бойында дағдыға айналуына қол жеткізсек – онда тұлғаның қалыптасуына, тұлғаның өзгеруіне, тұлғаның рефлексиясына қол жеткізгеніміз.

Мысалы, Абай өлеңдеріндегі афоризмдер туралы оқушылардың ойын білу үшін «Екі жақты күнделік» стратегиясын пайдалануға болады. Күнделіктің бір бөлігіне Абай сөздері жазылады, екінші бөлігіне оқушы өз ойын жазады.

| Өлең жолы | Оқушының пікірі |
|---|---|
| 1.Ғылым таппай мақтанба,<br>Орын таппай баптанба.<br>2.Болмасаң да ұқсап бақ,<br>Бір ғалымды көрсеңіз.<br>3.Сөзіне қарап кісіні ал,<br>Кісіге қарап сөз алма. | Адам өмірін босқа өткізбей ғылым үйренуі керек.<br>Ғалымнан үлгі алу керек.<br><br>Адамды ақыл-ойына қарап бағалау қажет. |

Оқушылардың алған білімдерін бекітуді ойтолғаныс кезеңінде жүзеге асыруға болады.Бұл кезеңде оқушылар оқып білгендерін, үйренгендерін топтайды, белсенді түрде өз ұғымдарын жаңамен ұштастырып қайта құрады. Нақты осы кезеңде балалар бар білімдерінің негізінде жаңа білімді дұрыс пайдалана алады.Ойтолғаныс кезеңінің тағы бір сәті оқушылардың бір-бірімен өзара ой алмасуы. « Жұптас. Ойлан. Пікірлес» стратегиясы, эссе жазу тәсілдері т.б. өз нәтижелерін береді. Әсіресе, орыс сыныптарында Абай өлеңдерін талдауда «Өлеңді сатылай кешенді талдау» кестесін пайдаланған өте ыңғайлы.

| Өл<br>еңді<br>түс<br>iніп<br>оқу | Түсі<br>ніксіз<br>сөзде<br>рмен<br>жұм<br>ыс | Өлең<br>тақы<br>рыбы | Ид<br>еяс<br>ы | Өлең<br>құрылы<br>сын<br>талдау | Көрк<br>емдег<br>іш<br>тәсіл<br>дері | Әр<br>шумақтағы<br>ой-<br>толғаныс | мақ<br>сат<br>ы | Тірек<br>шума<br>қ | Пайы<br>мдау |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Өл<br>еңді<br>оқу | Қана<br>ғат-<br>довол<br>ьство<br>асыл<br>іс-<br>добр<br>ое<br>дело | Жаст<br>арды<br>ғылы<br>мға<br>шақы<br>ру | Ғы<br>лым<br>-<br>үлк<br>ен<br>қаз<br>ына | Шумақ<br>саны,<br>тармақ<br>саны,<br>буын<br>саны | Бес<br>асыл<br>қасие<br>тті<br>бес<br>асыл<br>іске<br>теңе<br>йді | 1 ш –<br>Ғылым<br>таппай<br>мақтанба<br>2 ш- Бес<br>асыл іс<br>3ш-<br>Ғылым-<br>үлкен<br>қазына<br>4ш- Сөзіне<br>қарап кісіні<br>ал | Өмі<br>рде<br>н өз<br>орн<br>ынд<br>ы<br>тап | 3<br>шума<br>қ<br>шум<br>ақ<br>шум<br>ақ | Ғылы<br>м-<br>үлкен<br>қазына |

Абайдың табиғат лирикасына жазылған өлеңдерін мына кестемен талдауға болады:

| Тақырыптары | Қыс | Жазғытұрым | Жаз | Күз |
|---|---|---|---|---|
| Кімге ұқсатады? | | | | |
| Кімдерді бейнелейді? | | | | |
| Табиғат суреттерін көрсететін сөздер | | | | |

Орыс әдебиетінің нәрімен сусындаған ақын А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, И.А.Крыловтың шығармаларын қазақ тіліне аудару арқылы қазақ әдебиетінің қорын байытып, жаңа бір белеске көтерді. Абай аудармаларының ерекшеліктерін оқушылармен бірге анықтаймыз. Өйткені орыс сыныбының оқушылары бұл ақындардың шығармаларымен таныс.

| Шығарма ның аты | Кімнен аударылғаны | Абай аудармасының ерекшелігі |
|---|---|---|
| 1.«Евгений Онегин» | А.С. Пушкин | 1.Бөлек үзінділер түрінде аударды.<br>2.Көбіне хаттарына мән берді. |

| | | |
|---|---|---|
| | | 3.Абай аудармасында Онегиннің Пушкинде жоқ ақырғы сөзі беріледі.<br>4.Романдағы ой, сезім көркем бейнеленеді. |
| 2. «Демон» | М.Ю.Лермонтов | 1.Демонның мұсылманша ұғымы – «әзәзіл», Абай «шайтан» деп алады.<br>2.Діни аңызды қазақы түсінікке жақындатып аударады. |
| 3. «Есек пен бұлбыл» | И.А.Крылов | 1.Крыловтың бір жолын Абай төрт жолмен береді.<br>2.Ой түйіні басқаша беріледі. |

Венн диаграммасымен екі ақынның өлеңіндегі ұқсастық пен айырмашылықты анықтауға болады:

Жыл мезгілі суреттеледі, табиғат көрінісі Абай «Желсіз түнде жарық ай», Лермонтов «Гетеден»

Қызығушылықты ояту сатысында оқушылар тек тыңдаушы ғана емес, өз ойларын белсенді білдірушілер болуы қажет. Бұл кезде мұғалім қажетті, мазмұнды сұрақтарды дұрыс қоя білуі керек.

6. Өлеңнің атауы саған қандай ой салады?
7. Абай өмір сүрген заман қандай болды?
8. Абай « Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» деген өлең жолы арқылы не айтқысы келген?

Бұл сұрақтар ақынмен диалог сабағына әкеледі.

Мәтінмен жұмыста INSERT стратегиясы әрбір баланың сөйлеуіне мүмкіндік береді.

V – маған бұрыннан таныс таныс ақпарат
\+ – мен үшін жаңа ақпарат
? – түсінбедім
\- – менің бұрынғы білетініме қайшы

Оқушылар әр сөйлемді белгілеп, мәтін мазмұнын түсіндіреді.

Сыни тұрғысынан ойлаудың стратегиясының бірі - Блум таксономиясы. Блум таксономиясының деңгейлері төмен деңгейден басталып, орта, жоғарғы деңгейге дейін көтеріледі. Бұлай оқу оқушылар үшін тиімді.Себебі балалар өздері білетіндерінен бастап,бірте- бірте жаңа тақырып пен ұштастыра отырып, білімін толықтыра түседі. Сондай-ақ берілетін тапсырмалар әртүрлі болғандықтан оқушылардың қызығушылығын оятады, сыни тұрғыдан ойлауға белсенділігі артады.

1-қадам: «Білу»

1. Абай қашан, қай жерде туған?
2. Абай білім алған үш арнаны ата?
3. Халқына пайдалы болудың жолдарын Абай неден іздеді?
4. Абайдың көп өлеңдері қандай тақырыптарға арналған?

2-қадам. «Түсіну»

1. Неліктен әкесі Абайдан үлкен үміт күтеді?
2. Не себепті Абайдың көп өлеңдері мәдениет пен білімге арналған?

3-қадам. «Талдау»

Абай мен Шоқанды салыстырыңдар.( «Венн диаграммасы» бойынша)

4-қадам. «Жинақтау» Абай туралы мазмұндаудың тірек сызбасын құрыңдар.

5-қадам. «Қолдану»

1.Абай туралы «Мен білемін», «Не білдім?», «Не білгім келеді? деген сұрақтарға жауап беріңдер.(кестені толтыру)
2. Абай туралы жаңа мәліметтер бойынша сұхбат құрыңдар.
3. Берілген мәтін бойынша Абай туралы пікірлеріңді білдіріңдер.
4.Хрестоматияда берілген М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан үзіндіні түсініп оқыңдар, бала Абайдың бойынан байқаған қасиеттер туралы айтып беріңдер.

6-қадам. «Баға беру» Бала Абайға хат жазыңдар.

Өз ойын сараптай отырып,берілген тапсырмаларды орындай алады. Оқушылар арасында топтық жұмыс та, жұптық, жеке жұмыс та орындалады.Әрбір оқушы өз білімінің деңгейін көре алады, сондықтан алған білімдерін одан әрі шыңдай түседі, ойларын қорытындылауға үйренеді. Жалпы Блум таксономиясы мен сабақ өткізудің тиімді жақтары мол.Себебі: тақырып түгел қамтылады; бір сабақта деңгейлеп бірнеше тапсырмалар орындалады; сабаққа оқушылар белсенді түрде қатысып, өз ойын, пікірін дәлелдеуге дағдыланады; әр оқушы білім деңгейін байқап, өзін-өзі

бағалап отырады, жұптық бағалау, ал сабақ соңында топ көшбасшылары топты критериймен бағалап отырады; мұғалім де оқушы да көп ізденуге машықтанады.

Қазақ тілін деңгейлік оқыту барысында сабақта коммуникативтік- танымдық мақсат жүзеге асу үшін сөйлесім әрекетінің (речевая деятельность) бес түрі іске қосылады. Олар: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім.

**Айтылым** – адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Ол – тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару үдерісі, өз сөзін екінші біреуге ұғынықты етіп жеткізуі.

Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айт.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша пікіріңді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.

Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.

Абайдың «Он жетінші» қара сөзі.

1. Ақыл мен қайратқа жол сілтейтін жүрек.

2. Таза жүректі адамдар өмірде өз жолын дұрыс табады.

3.Адам жүрексіз қара күшіне, байлығына сүйенуге болмайды. Мысалы, «Ескендір» поэмасындағы Зұлқарнай сияқты мейірімсіз болмауы керек.

*4.*Осы *үшеуің* бір кісіде менің айтқанымдай табылсаңдар*, табанының топырағы көзге сүртерлік* қасиетті адам сол.

Сабақта пікірлесудің, ауызша сөйлесудің барлық түрлері қатарынан қолданыла береді. Мысалы, хабарламалық: әрбір оқушы өзінің ойын, идеясын, көңіл-күйін, көз-қарасын, ұсыныс-пікірлерін айтады.

Мысалы: Абайдың « Сенде бір кірпіш дүниеге кетігін тап та бар қалан!» деген өлең жолдары бойынша ойталқы өткізу. Бұл жұмыс түрі оқушының ой-өрісін дамытады,іздендіреді, мәдениеттілікке тәрбиелейді.

**Айтылым** және **жазылым** дағдыларын қалыптастыруда «ПОПС» формуласын қолдану өте тиімді. Тақырып бойынша өз пікірін дәлелдеп, көзқарасын білдіріп, шешім шығарады.

«ПОПС» формуласы бойынша Абайдың «Сағаттың шықылдағы – емес ермек» өлеңін талдау.

• *Бірінші сөйлем* «Менің ойымша, ... »

• *Екінші сөйлем* «Себебі, мен оны былай түсіндіремін … »

• *Үшінші сөйлем* «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын »

• *Соңғы сөйлем* «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім

9. Менің ойымша, «Сағаттың сыбдыры – өткен өмірдің белгісі» болып табылады.

10. Себебі осы сыбдырмен бірге адамның өмірі өтеді.

11. «Уақытты босқа жіберіп алудан артық өкініш жоқ», – деген Гетенің нақыл сөзі соның дәлелі.

12. Адам өткен уақытты қайтара алмайды.Уақыт – ең қымбат дүние.

«Фишбон» әдісі – бұл стратегия проблемаларды анықтау және одан шығу жолдарын қарастыру моделі болып табылады. Бұл сызбаны алғаш болып Каора Исикава ұсынған. Оқыту процесінде бұл әдіс оқушылардың ортақ тақырыпты талқылауына септігін тигізеді. Бұл балық сүйектерін тігінен және көлденең орналастыруға болады. Жазылым қысқаша жазылуы тиіс. Балықтың басына: зерттелетін, қаралатын, талқыланатын тақырып жазылады. Оң жақ қабырға сүйектеріне: анықтаған проблема себептері, тақырыптың негізгі мазмұндары мен түсініктері жазылады.Сол жақ қабырға сүйектеріне:проблемаларды шешу жолдары, қарама-қайшылық тудырушы кедергілер жазылады.

Балықтың құйрығына: анықталған жұмыстың нәтижесі мен талданған тақырыптың қорытындылау сұрағына жауап жазылады. Бұл стратегия оқушыларды сызба арқылы логикалық ойлауға, жүйелі баяндауға дағдыландырады.

Себептері

Мәселеле

Қор Қорытынды

Дәлелдер

Балықтың басы. Қаралатын мәселе: Абай тәлім-тәрбие мәселесіне көп көңіл бөлген.

Жоғарғы сүйектері. Себептері: халықтың сауатсыздығы, артта қалушылығы, надандығы.

Төменгі сүйектері. Дәлелдер: «Сегізаяқ», «Ғылым таппай мақтанба», Интернатта оқып жүр» т.б. өлеңдерді жазды.

Құйрығы. Қорытынды: Абай – ойшыл-ағартушы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы.

«Семантикалық карта» әдісі арқылы оқушылар тақырып бойынша негізгі ойды жаза отырып, тақырыптарды бір-бірімен салыстыруға, талдауға үйрене отырып, сыни тұрғыдан ойлануға үйренеді. «Сематикалық карта» арқылы өтілген тақырыптарды салыстыра отырып, пікір алмасып, негізгі түйінді ойды жаза отырып, тақырыпты қайталап, талдап, негізгі ұғымдарды есте сақтайды.

Семантикалық карта

| *Үзін Ді* | *«Қыс»* | *«Жаз»* | *«Күз»* | *Қараша, желтоқ сан мен сол бір-екі ай»* | *«Қалың елім, қазағым, қайран жұртым »* | *«Жасым да ғылым бар деп ескерме дім»* | *«Желсіз түнде жарық ай»* | *«Қансона рда бүркітші шығады аңға»* |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| *Жаздыгүні шілде болғанда....* | | | | | | | | |
| *Беті-қолы домбығып үсік шалды.....* | | | | | | | | |
| *Құрбысынан ұялып өңкей жалбыр....* | | | | | | | | |
| *Баламды медресеге біл деп бердім....* | | | | | | | | |
| *Қар-аппақ, түлкі-қызыл, бүркіт-қара...* | | | | | | | | |

Баланың әлеуметтік және шығармашылық қабілеттерін ашуға және дамытуға ықпал ететін сабақ түрі – пікірсайыс сабағы.

Көркем шығарманы бөлініп талдау арқылы мынадай нәтижелерге жетуге болады:

13. Мәтінді оқушының толық оқып шығуы және өз пікіріне нақты дәлел іздеуі;
14. Сол дәлелмен дәйектемелерге сүйеніп өз ойын жақтап шығуы;
15. Сөйлеу мәдениетін игеруі;
16. Шығармаға сын айта білуі;

Сабақ соңында кестені толтырады.

«Пікірлер картасын» толтырыңыз. ( +) Себебін айтыңыз «Ескендір» поэмасын талдау

| Пікірлер | толықтай | жартылай | Мүлдем |
|---|---|---|---|
| | келісемін | | Келіспей мін |
| 1.Зұлым, дүниеқор адам. | + | | |
| 2.Әлемді өз мойнына қаратқысы келді. | | | |
| 3. Адамның бассүйегі арқылы шалдың дәлелдеуі. | | | |
| 4. Мұндай адамдар көп кездеседі. | | | |
| 5.Өмірде қанағатшыл, рақымшыл болу керек | | | |
| 6. Өмірде билік арқылы адам өз мақсатына жетеді. | | | |
| 7. Байлық, қазына арқылы адам баласы бәрін жеңеді | | | |

Абай шығармаларын тақырыбы бойынша сәйкестендір.Түсіндір.

| Абай шығармаларынан үзінділер | Тақырыбы |
|---|---|
| Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір | Бірінші қара сөзінен |

| | |
|---|---|
| бірталай өмірімізді өткіздік: ... алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық әурешілікті көре-көре келдік. | |
| Көзімнің қарасы,<br>Көңілімнің сарасы,<br>Бітпейді-ау іштегі<br>Ғашықтың жарасы. | «Көзімнің қарасы» әні |
| Өлең-сөздің патшасы,сөз сарасы,<br>Қиыннан қиыстырар ер данасы.<br>Тілге жеңіл,жүрекке жылы тиіп,<br>Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы. | «Өлең-сөздің патшасы,сөз сарасы» өлеңі |
| Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей. | «Сегіз аяқ» өлеңі |

Елбасымыз жолдауында: «Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс» - деген болатын. Ол бүгінгі білім беру кеңістігінде ауадай қажет, әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет екенін әрқашанда есте ұстауымыз қажет.

**Әдебиеттер:**


1. Абай. Энциклопедия. Ред. басқарған Р.Нұрғалиев. – Алматы: Атамұра, 1995.
2. Мырзахметұлы М. Абайтану. Оқу құралы. – Алматы, 2010 – 152 б.
3. Әбілдаұлы Ұлықман. Абайды оқу әліппесі. – Алматы: Рауан,1994 – 88б.
4. Алтай А. Асылов Ұ. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. – Алматы: «Арда», 2005. –208 б.
5. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – А., Мектеп, 1969.
6. Ақшолақов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. А., Мектеп, 1993.
7. Бітібаева Қ.Әдебиетті оқыту әдістемесі. – А., 1997.


## ОҚЫЛЫМ – ОҚУШЫНЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БАСТЫ БӨЛІГІ


**Набиева С.Ш.,**
*№17 ЖОББМ КММ*


Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытуда шет ел азаматтарына тіл үйретуді тиімді ұйымдастыру және іске асырудың түрлі аспектілері қарастырылып, осы пәнді оқытудың мақсаты, принциптері, мазмұны мен әдістемесі, мәселелері, тілдік әрекет түрінде оқыту талабы алға тартылады. Біз кеңінен оқу үрдісінде қолданып жүрген қатысымдық технология негізінен оқу материалын меңгеруге, тіл үйренушінің тұлғасына, оқытушы мен тіл үйренушінің ынтымақтастығына бағытталу арқылы оқу мақсатының жүзеге асырылатынын білеміз.

Сөйлеуді үйрету барысында қатаң талаппен сұрыпталған лексикалық, фонетикалық, грамматикалық минимумдар мен сөздік материалдар алынады. Олардың барлығы сөйлеуді меңгеруге тікелей қатысы бар жағдаяттар болып табылады. ***Мәтінмен жұмыс жасау*** – қазақ тілі сабақтарындағы оқылым дағдысының негізі. Сондықтан бұл технолгияның ерекшелігі тіл үйренушілердің шығармашылық жұмыспен қамтылуы. Сөздікпен жұмыс кезінде тіл үйренушінің шығармашылығы, мүмкіндігіне қарай сөз тіркесін сөйлемдерге айналдыру, сөзжұмбақ, ребус немесе сканворд құрастыру мүмкіндігін тудыру болса, жаңа материалмен жұмыс кезінде өз ойын сурет не тірек сызбалары арқылы жеткізуіне болады. ***Мәтінмен жұмыс*** – сабақта өткізілетін әртүрлі жұмыстардың жиынтығы [1].

Сонымен қатар мәтінді оқытудың мынадай түрлерін сабақ үстінде қолдану оқытушының жеке зерттеушілік жұмыстары үшін өте пайдалы:

***1. Дауыстап оқыту арқылы*** – тіл үйренушінің сөйлеу элементерін меңгергендерін байқауға болады, тағы да бір тиімділігі – тіл үйренушілер бірінің қатесін бірі естіп және түзетіп отырады.

***2. Іштей оқу*** – бұл жұмыстың мақсаты тіл үйренушілердің шапшаң оқу дәрежесін анықтау. Мысалы: тіл үйренушілерге іштей шапшаң оқу үшін бір мәтін беріліп, қай жерге дейін оқу керектігін белгіленеді. Әркім белгілеген жерге келгенде кітаптарын жауып, бітіргенін байқатады. Осылайша тіл үйренушілердің оқу шапшандықтарының мөлшерін оқытушы өзі белгілеп отырады.

Оқылым – оқушының оқу сауаттылығын қалыптастырудың құрамдас бөлігі. Оқылым дағдыларын жақсартпайынша жазылым кезеңі жүзеге аспайды. Оны оқу үдемелігін қалыптастыру

кезеңдеріне қарап та танып білуге болады. Ф. Оразбаева өз зерттеулерінде «оқылымның берілген материалды түсініп, ұғу ғана емес, ондағы әрбір тілдік-қатысымдық тұлғалардың мағынасын білу, қалпын тану және оны тілдік қарым-қатынаста кеңінен пайдалану керектігінің» маңызды екендігіне баса назар аударады. Оқылым кезінде тіл үйренуші қажетті ақпаратпен танысады, оны өзінің тәжірибесінде пайдалануды негізге алады. Оқылым арқылы тіл үйренушінің танымы кеңейеді, ойлау жүйесі дамитын болады. Оқылым механизмдерін қолдана отырып, мәтіндегі өзіне қажетті ақпаратты алатын болады [2].

Оқылым процесі негізгі 4 компонент арқылы жүзеге асады: көру, ойлау мүшелері, тілдердің таңбалық жүйесі, коммуникативтік қарым-қатынас. Оқылымды жақсарту ол жадағай оқудан тұрмайды. Оны жақсартудың жүйеленген әдіс-тәсілдері бар. Солардың ішінде біз жаңарған білім беру бағдарламасы аясында оқылым әдіс-тәсілдерінің 3 кезеңді қамтитынын қарастырып жүрміз.

«*Оқылым алдындағы кезеңде* оқушылар суреттерді қалай қолдану керектігін, мәтіннің мазмұнын табуды және зерттеуді үйреніп, өздерінің анағұрлым тиімді оқуына көмектеседі.

*Мәтінді оқыған кезде* олар маңызды ақпаратты қажет емес бөліктерінен қалай ажырату керектігін үйреніп, оқу жылдамдығы қаншалықты артатынын және таныс емес сөздерге қалай түсінік берілетінін үйренеді.

*Оқылымнан кейінгі кезеңде* оқушылардан қайтадан оқып шығып, нақты ақпаратты табуды және оқығандарын қайтадан оқып шығып, нақты ақпаратты табуды және оқығандарын түйіндеуді сұрауға болады




Оқылым стратегияларын «Жылдам кездесу», «Ойланыңыз,жұптасыңыз, бөлісіңіз», «Піспеген модель», «Белсенді түрде модельдеу», «Стоп кадр», «Кітап оқу кезіндегі саяхат», «Ақпараттағы олқылықтар», «Сен білесің бе?», «Графикалық органайзерлер», «Жалғыз құты», «Қос құты», «Венн», «Уақыт диаграммасы» (уақыт сызығы),«Оқиға картасы»(Тарих картасы), «Торлы диаграмма» (Радиальді диаграмма), «Себеп салдарлы диаграмма» (Балық сүйегі немесе Фишбоун), « Тоғыз гауһар» ұсынамын.

Мен өз сабағымда төмендегедей әдістерді қолданамын. Мәтінді тыңдап болғана кейі өз ойларын жеткізуде «ПОПС» формуласын пайдалануға болады.

«ПОПС» формуласы

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша ...................................»

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны былай түсіндіремін ............................»

Үшінші сөйлем. « Мен оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын .»

Төртінші сөйлем. «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім ....»

**Мысалы «Өнер» мәтінінде басты ойды түсініп, негізгі ойды түртіп алып, бөлімдерге бөлу.**

**а)Негізгі ойды «РОМБ» әдісі бойынша түртіп аламыз.**

**ә) Мәтінді «Хикая картасы» әдісі бойынша бөлімдерге бөлу.**

Жас ұрпақтың сапалы білім алуға, жоғары мәдениетті болуға, бірнеше тілді меңгеруге, ақпараттық технологияларды жетік меңгеруге ұмтылыстары ерекше. Бүгінгі мен кешегі оқушының

арасы жер мен көктей деуге толық негіз бар. Сондықтан да қазіргі таңдағы баланың ақыл-ойының дамуы, тез дамып жатқан өркениетте өз орнын табуға үйрету – біздің басты міндетіміз.

**Әдебиеттер**:


1. Рахымбаева А., Тойымбаева Ж. «Қазақ тілі сабағында оқушылардың коммуникативтік құзырлылығын дамыту». Ғаламтор желісі
2. Қазбекова Н.Т. «Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік оқытудың элементтерін қолдану» // 12 жылдық білім, 2006-№1.
3. «Технологиялар арқылы сабақтың тиімділігін арттыру». Ғаламтор желісі


## «МӘТІНМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ»


**Темірғалиева М.Ж.,**
*Орал қаласындағы эстетикалық*
*бағыттағы мектеп- гимназиясы*


Орыс мектептерінде қазақ тілін жүргізу мұғалімдерден үлкен жауапкершілікті талап етеді. Мұғалімнің еңбегінің табысты болуы оқушының ана тілі мен қазақ тілінің арасындағы ұқсастықтарын, айырмашылықтарын есепке ала отырып, соларға негіздей оқытқанда ғана сабақ табысты да тиімді болады деп ойлаймын.

Сабақ үстінде оқушының жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік жасау, сабақтың тақырыбына сай нақты міндет қою – мұғалімнің шеберлігі. Өйткені оқушыларды терең әрі жүйелі біліммен қаруландыру, олардың шығармашылық қабілетін, қызығушылық талғамын дамыту, өз бетінше білім алуына дағдыландыру сияқты жұмыстар сабақ барысында қалыптасады. Бұл әрбір мұғалімге ой салып, жаңаша жұмыс істеуге, жаңа ізденістерге жетелейді. Әрбір мұғалімнің негізгі алға қойған міндеті – оқушылардың ой-өрісін кеңейту, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру.

Мәтінді оқып, оны өз бетінше меңгеруі әдіс-тәсілдердің тиімділігіне байланысты. Орыс мектебінде оқытылатын қазақ тілі пәнінің мақсаты- оқушыларға қазақ тілін меңгерту, ойлау қабілеті мен сауаттылығын арттыру, қазақ тілінде сөйлеп, жаза білетін дәрежеге жеткізу, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру.

Сабақ өткізу, оқыту барысында өткізілетін ең негізгі жұмыс түрлерінің бірі – сабақта мәтінмен жұмысты ұтымды ұйымдастыру. Көбінесе мәтіннен оқушылар алғашқы ақпаратты ғана алып жүр. Тиімдісі қосымша материалмен танысуы. Бірақ та оқушылар оқу үшін қосымша материалдардың болмауынан, мұндай мүмкіндікке қолдары жетпей қалуы мүмкін. Ол үшін өз тәжірибемде оқушыларға бір нәрсені оқуға берердің алдында оқылған мәтін негізінде құрылған жаттығуларды орындауды тапсырамын. Мысалы, өз бетімен оқу, жұптаса оқу, топта немесе сынып бойынша төменде берілген сұрақты талдау.

Сұрақ қойғанда жабық сұрақтардан гөрі ашық сұрақтардың қойылғаны тиімді.

**Бастауыш сыныпта:**

1. Әңгіме кім жайлы болды;
2. Кім не істеді;
3. Мәтіндегі кейіпкерлер мен заттар қандай екен;
4. Кейіпкерлер жайлы пікірлерің қандай;
5. Сендер нені өзгертер едіңдер;
6. Басқа оқушылар үшін олардан сұрақтар дайындауын сұрау.

**Жоғары сыныпта:**

7. Олардың көзқарастары бойынша мәтіннің негізгі жағдайы қандай:
8. Не жаңа болды немесе таңқалдырды;
9. Олар немен келіспейді;
10. Сіздің қойған сұрағыңызға жауап табу;
11. Оқушылар қойған сұраққа жауап табу;

Тапсырманы орындаудың алдында оқушылардың мәтінді кем дегенде екі рет оқып шығуын талап етемін. Бірінші оқығанда жалпы идеяны тауып, анықтап, бөлімде қандай мәселенің көтерілгенін білу үшін олар мәтінді тез оқып шығуы мүмкін, ал екінші рет мұқият оқиды. Алған мәліметті талқылаудың алдында қайтадан ойланады. Мәтінмен жұмыс сабақта өтілетін әр түрлі жұмыстардың жиынтығынан құралады.

**Менің оқушыларым үшін мәтін қиын болса, мен не істеймін?**

Өз тәжірибемде шешімін былай таптым:

12. Мәтінді оқу: дауыстап оқу-оқушының сөйлеу элементтерін меңгергендерін байқауға болады, тағы да бір тиімділігі оқушылар бірінің қатесін бірі естіп түзетіп отырады.

Іштей оқу – бұл жұмыстың мақсаты оқушылардың шапшаң оқу дәрежесін анықтау.

Мәтінді қарап шығып, таныс емес сөздер мен сөз тіркестерін табу сұралады. Содан соң сол сөздердің мәнін көршісінен сұрасын. Әлі де анықталмаса сынып бойынша талқылауға болады. Егер де сынып болып бұл сөздерді білмесе, онда мұғалім көмекке келеді. Бұл **INSERT** әдісімен іске асырылғаны.

Мәтінді оқып, төмендегідей белгілермен белгі қойып отырады.

«V» - бұл маған белгілі;

«+» - бұл мен үшін жаңа;

«?» - түсінбедім;

«!»- өте қызықты, ол туралы сыныптастармен әңгімелесуім керек.

1. Мазмұнына қарау: мәтінде қарастырылған бөлімнің негізгі идеясы қандай, нені білгенін айтады. Олар мәтіндегі негізгі тірек сөзден бастайды. Тәжірибе барысында «Мені түсін» оқыта үйрету ойыны пайдалы болды. 10 шақты тірек сөзді айтады. Одан кейін мұғалім өзі дайындаған түйінді сөздерімен салыстырады. Кімнің осы түпнұсқамен сәйкес келетін сөздері көп болса, сол жеңеді.

2. Миға шабуыл: оқушылардың қиын бөлімді түсінулері үшін, мәтінді оқудың алдында миға шабуыл жасап алған тиімді. Сұрақ: «Бұл бөлім не туралы деп ойлайсыңдар?» Осылайша оқушылар бір – бірімен сөздік қорларымен және білетін мәліметтермен ой алмасады.

3. Сұрақ қою: өз көзқарастарымен сұрақ құрастырып, оған ойланып жауап нұсқаларын ұсынады. Жауаптарын тексеру үшін қайтадан миға шабуыл жүргізуге болады.Сұрақтарды Блум таксономиясына салу.

4. Оқығанды айту: бөлімді сынып алдында дауыстап оқу, тоқтап мазмұнын және мәтіннің мәнін талдау.

Тәжірибем барысында мәтінді түрлі әдіспен меңгерту нәтижелі болды. Мәтін бойынша тапсырмаларды пайдаланудың бірнеше тиімді жолын айқындап, тіл үйрету сабақтарында мәтінді, мәтін бойынша тапсырма түрлерін ұтымды пайдаланып, тиянақты нәтижеге қол жеткізуге болатынына көз жеткіздім.Қазіргі заман талабы бойынша әр оқушы сабақ кезінде жаңа білім қосып қана қоймайды, соны өзі игеріп, талдап, пікір алмасу деңгейіне жетіп, даму үстінде болуын қалайды.

**Қысқа мерзімді сабақ жоспары**

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ :** № 1 | | **Мектеп:** эстетикалық бағыттағы мектеп-гимназиясы |
| **Пән:** қазақ тілі | | |
| **Күні:** | | **Мұғалім:** Темірғалиева Меңдігүл Жылқыбайқызы. |
| **Сынып: 6 Т2** | | |
| **Бөлім:** | Қазіргі қазақ ауылы мен қаланың тыныс- тіршілігі.<br>Ә.Дүйсенбиев «Шұжық,бәтіңке,балқаймақ» | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Туған жер- алтын бесігім | |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:** | 6.5.2.1.Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау | |
| **Сабақ мақсаты:** | Оқушылардың барлығы: тыңдаған ақпараттарды түсінеді;<br>Оқушылардың көбісі: негізгі және қосымша ақпараттарды анықтайды;<br>Оқушылардың кейбірі: негізгі ақпаратты өз сөзімен түйіндейді | |
| **Құндылықтарды игерту:** | Отансүйгіштік, өз елін мақтан тұту. | |
| **Пәнаралық байланыс:** | Тарих, география | |
| **АКТ-ны қолдану** | Интертақта көмегімен бейнеролик көрсету, слайд | |

| | |
|---|---|
| **дағдылары:** | |
| **Бағалау критерийлері:** | Тыңдалым мәтінінен негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай алады;<br>Түсінген мәліметтерін пайдаланып, өз көзқарасын білдіре алады; |
| **Тілдік мақсаттар:** | Тақырыпқа қатысты жаңа сөздерді меңгерту: жергілікті, тыныс, кептеліс, отшашу, қалалық, жерұйық, ойын- сауық, қарбалас. |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | Қазақстан туралы нақты білімдері бар. |

**Жоспар**

| **Жоспарлан атын уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер** | **Дереккөзде р** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** | **Қызығушылықты ояту**<br>**Психологиялық ахуал орнату:**<br>«Бір жақсы сөз» әдісі бойынша оқушылар шеңбер бойымен тұрып, бір-бір жақсы тілек айтады.<br>**Назарын шоғырландыру. Тақырыпты болжау:**<br>«Оралым- әсем қала» бейнебаянын көріп, жетелеуші сұрақтар арқылы сабақ тақырыбын болжайды.<br>Бейнебаяннан қай қаланы тамашаладыңдар? Бүгінгі сабақтың тақырыбын айта аласыз ба? Сабақ тақырыбы және мақсатымен таныстыру. | «Оралым- әсем қала» https://youtu.be/5o89CE0_-I8 |
| **Сабақтың ортасы** | **Тыңдалымалды тапсырма: Сөздік жұмысы: «Сөздік кестесі» әдісімен** оқушылар өз беттерімен 10 жаңа сөзге түсінік береді. Жұпта бөліседі. (кесте төменде) | |

| | *Менің ойымша* | *Көршінің ойынша* | *Сөздік бойынша анықтама* |
|---|---|---|---|
| *жергілікті* | | | |
| *тыныс* | | | |
| *кептеліс* | | | |
| *отшашу* | | | |
| *қалалық* | | | |
| *Ойын- сауық* | | | |
| *қарбалас* | | | |
| *жерұйық* | | | |
| *ұйымдастыру* | | | |
| *тұрғындар* | | | |

**Қалыптастырушы бағалау: өзін – өзі және өзара бағалау жүреді. Кім неше сөзді тез, дұрыс тапты?**

Тыңдалым мәтінінен біз үйренген жаңа сөздер қандай сөздермен байланысып тұрғанына назар аударамыз және қандай ақпараттар бар түртіп алыңыз.

**Тыңдалым кезінде: «Туған жер- алтын бесігім»**

Мәтінін тыңдайды. (кемінде 2 рет тыңдайды)

**«Туған жер- алтын бесігім»**

Қазақта « Туған жер- алтын бесігім» деген сөз бар. Әркімге өзінің туған жері- жерұйық. Біздің дүниеде жалғыз еліміз, жеріміз бар. Ол- Қазақстан.

Ал туған қаламыз- Орал. *Орал қаласы- Батыс Қазақстан облысының орталығы*. Орал қаласы *700 шаршы шақырымнан астам жер көлемін алып жатыр. Жайық өзенінің бойында орналасқан. Табиғаты өте әдемі*. Жергілікті халық бос уақытын қалалық демалыс саябағында, ойын- сауық орталықтарында өткізеді. Мерекелік шаралар көбіне орталық

| | | | |
|---|---|---|---|
| | алаңдарда ұйымдастырылып, соңы әдемі отшашумен аяқталады.Қала тұрғындарының тыныс- тіршілігі қарбаласқа толы.<br>**Тыңдалымнан кейінгі тапсырма:**<br>**1-тапсырма: «Шындық- жалған» әдісімен мәтіннің мазмұнын қаншалықты түсінгенін анықтау.**<br>**І нұсқа**<br>Орал қаласы 900 шаршы шақырымнан астам жер көлемін алып жатыр.(жалған)<br>-Жайық өзенінің бойында орналасқан.(шындық)<br>- Орал қаласы, Батыс Қазақстан облысының орталығы.(шындық).<br>- Қала тұрғындарының тыныс- тіршілігі баяу жүріп жатыр.(жалған)<br>- Жергілікті халық бос уақытын қызықты өткізеді.(шындық)<br>**ІІ нұсқа**<br>Мерекелік шаралар орталық алаңдарда ұйымдастырылады(шындық)<br>Орал қаласы Шығыс Қазақстан облысының орталығы(жалған)<br>Қала халқының тыныс- тіршілігі қарбаласқа толы(шындық)<br>Жалғыз еліміз- Қазақстан(шындық)<br>Орал қаласы Орал өзенінің бойында орналасқан(жалған)<br>**Дескрипторы:**<br>Тыңдалым мазмұны бойынша ақпараттарды түсінеді<br>Жалған ақпарат пен шын ақпаратты ажыратады<br>**Қалыптастырушы бағалау «Басбармақ»**<br>**2-тапсырма**. мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықта.<br><br>Мәтін \| Негізгі ақпарат \| Негізгі түйін<br><br>«Сүзгі» графикалық органайзер. Дәптерлеріне түртіп алған ақпараттарын жұпта талқылап, сүзгіге салады. | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr>
<td>Қазақта « Туған жер- алтын бесігім» деген сөз бар. Әркімге өзінің туған жері- жерұйық. Біздің дүниеде жалғыз еліміз, жеріміз бар. Ол- Қазақстан.<br>Ал туған қаламыз- Орал. Орал қаласы- Батыс Қазақстан облысының орталығы. Орал қаласы 700 шаршы шақырымнан астам жер көлемін алып жатыр. Жайық өзенінің бойында орналасқан. Табиғаты өте әдемі. Жергілікті халық бос уақытын қалалық демалыс саябағында, ойын- сауық орталықтарында өткізеді. Мерекелік шаралар көбіне орталық алаңдарда ұйымдастырылып, соңы әдемі тшашумен аяқталады.Қала тұрғындарының тын□с- тіршілігі қарбаласқа толы.</td>
<td>Батыс Қазақстан облысының орталығы- Орал қаласы.</td>
<td>Туған қалам ыз- Орал.</td>
</tr>
</table>
Дескриптор:<br>-Негізгі ақпаратты анықтайды<br>-Қосымша ақпаратты ажыратады<br>-Негізгі ақпаратты түйіндейді<br>-Негізгі ақпаратты бір сөйлеммен береді<br>Қалыптастырушы бағалау: «Сэндвич» әдісі
</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы</td>
<td>Кері байланыс<br>Оқушылар «Шығу билеті» әдісі арқылы кері байланыс жазып, ауызша оқиды.<br>Сіз бүгін не үйрендіңіз?<br>Сіз тағы не білгіңіз келеді?</td>
<td></td>
</tr>
</table>

**Әдебиеттер:**


1. Орақова А.Ш. «Интерактивті оқыту әдісін қолданып сабақты жоспарлау және басқару». Алматы, – 2014 жыл.
2. Корнилова Т.Б. «Настольная книга учителя- коуча». Алматы, – 2014 жыл.
3. Жақсылықова К.З. «Тренингтік ойындар мен жаттығулар». Алматы, –2015 жыл.
4. «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқулығы 6 сынып, – 2018 жыл.
5. «Жаңартылған оқу бағдарламасы». – 2017-2018 жыл.

# АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ӘДЕБИ-ШЕШЕНДІК ТАҒЫЛЫМЫ

**Мухамедьярова З.Т.,**
*филология ғылымдарының магистрі,*
*қазақ тілі мен әдебиетінің жоғары санатты мұғалімі,*
*Кембридж курстары бойынша бірінші*
*(ілгері) деңгейлі сертификатталған мұғалім*
*(№9 ЖОББМ)*

Орта мектеп оқушыларына өмір танытып, саналы тәрбие беруде әдебиеттің алатын орны ерекше. Әдебиет, ең алдымен, адамды зерделейтін, оның жан дүниесін нұрландырып, адамды асыл арманға жетелейтін, ізгілікке, адамгершілікке баулитын пән. Оқытылатын сабақ , әдебиеттің қай жанрында жазылса да, ондағы құнарлы ой, қуатты сөз тыңдаушыны әсерлендіріп, оның дүниетанымына, қалыптасуына игі ықпалын тигізеді. Жас ұрпақты Отанына, еліне, жеріне деген шексіз сүйіспеншілікке, яғни патриотизмге тәрбиелеуде де әдебиеттің рөлі ерекше. Мұнда адамды баулап алар, көңіл толқытар, қуат берер, әсемдікке ынтызар етер айрықша күш бар.

Әдебиет пәнінің оқытылу дәрежесі, соған сәйкес оқыту әдіс- тәсілдері, қай уақытта болсын, үнемі жетілдіріліп отырады.

Көркем әдебиет – сөз өнері, адамтану құралы екендігі белгілі. Бұл – әдебиет сабағында шығарманың жанрлық, көркемдік ерекшеліктеріне, әсіресе лирикалық шығармалардың адам жанын тебірентіп, жүрек қылын шертетін бейнелі ойға, сезімге әсер ететін қуат- құдіретіне жете көңіл бөлінуі керек.

Қазақтың классик ақыны Абай Құнанбаевты тану – бүкіл қазақ жазба поэзиясын тану деген сөз. Абай Құнанбаев – XIX ғасырдың соңғы ширегінде реалистік жаңа жазба әдебиеттің деңгейіне көтерген ұлы ақын, кемеңгер ойшыл. Орыс әдебиетін оқып-тану үшін А.С. Пушкин шығармаларын оқып-білу қандай қажет болса, қазақтың көркем жазба әдебиетінің қыр-сырын тану үшін Абай шығармаларын оқу қажет. 10 сынып бағдарламасындағы ең көлемді және аса маңызды бөлім – Абай шығармашылығы болғандықтан, оған алты сағат уақыт бөлінген.

Бұны жеке тақырыптарға бөлгенде, Абайдың әдебиеттегі орны, үлесі, шығармаларының маңызына бір сағат, өмірі мен шығармашылығына бір сағат, өлеңдерін оқытуға бір сағат, поэмалары мен аудармасына – бір сағат, табиғат лирикасына бір сағат, қара сөздеріне – бір сағат. Мұғалім өз тәжірибесіне қарай тақырыптарды өз тәжірибесіне қарай ауыстыруға ерікті. Абай шығармашылығын оқуға бөлінген алты сағат аз. Абайдың философиялық ойларына, оның шығармаларындағы дін мәселесіне де арнайы сағат бөлуге де болар еді. Сондықтан кейбір үлгере алмаған маңызды мәселелерді үйге тапсырма беру арқылы, яғни реферат, буклет, конспект жасау, үйден шығарма жаздыру арқылы Абай шығармаларын тереңдете оқыта алады.

Орыс халқының реалистік поэзиясын Пушкин бастап, Лермонтов одан әрі тереңдетіп әкетсе, қазақ әдебиетінде Абайға қазақ әдебиетінің Пушкині де, Лермонтовы да болуға тура келеді. Абай өз елінің алға басуының бірден-бір шарты – озық мәдениеттерге, соның ішінде, жақындағы орыс мәдениетіне терең бойлау деп түсінді. Сондықтан Абай – орыстың Пушкин бастаған ұлы таланттарынан үйренуге ерекше мән берген адам. Мұғалім ретінде ескеретін бір нәрсеміз – Абайдың бұрынғы және өз тұсындағы зар заман ақындарымен бет алыс бағыты жағынан үндесетін және үндеспейтін тұстары. Өмірден жалпы адамгершілік ұлы мағына іздеген Абай шығыстан, батыстан келер идеяларды селқос қабылдамаған. Өз халқының алға басуына бар жан-тәнімен берілген ақын ешбір ойды екшемей-талғамай ала салмаған, ол тек халқымызға пайдалы деген, алға сүйрер ойды ғана алған. Сол алға бастар ойды Абай орыстың ұлы классиктерінен – Пушкиннен, Лермонтовтан, Белинскийден, Чернышевскийден, Толстойдан тапты. Мен үнемі өз сабақтарымда Абай мен орыс әдебиетінің классиктерінің арасында біте қайнасқан байланыс бар екенін айтып отырамын.

Абайдың халқымыздың рухани мәдениетін танытуда – оның өмірінің үш кезеңін, бастау бұлағы мен рухани нәр алған қайнар көзін анықтап беруді ойдан шығармаймын. Мысалы, мен мәнерлеп жақсы оқи алатын оқушыға академик-жазушы М. Әуезовтің төмендегі сөздерін оқытамын: «Дана ақынның өз халқынан және жалпы адам баласының өнер, ой байлығынан алған үш үлкен салалы түп-төркіні барын байқаймыз. Мұның біріншісі, қазақ халқының есте жоқ, ескі заманнан жиып, өсіріп келген өз даналығы –халықтың ауызша әдебиет қоры, ақын Абай осы қордан көп нәр алып, ол арқылы өз өлеңін көп көркейтті.

Екінші бір қол артқан қазынасы – араб, парсы, түрік тіліндегі шығыстың көркем классикалық поэзиясы. Үшінші үлкен өнер, мол білім алған зор саласы – орыс халқының мәдениеті

және сол арқылы Еуропа мәдениеті . Осы соңғы өріске құлаш созған Абай өз заманы үшін әрі жаңа тарих, әрі жаңа дәуірдің басы, әрі кең майдан келешек еді.»

Абай үшін ақындық өнер – қоғамды түзетуші құдіретті күш, әділетсіздікті бетке айтатын , қара қылды қақ жарғыш әділ қазы, қараға да, ханға да ой салатын ақылшы, қоғамды түзетуші ұстаз. Олай болса, М. Әуезов негіздеп берген Абайдың рухани нәр алған үш бұлағы жайындағы тұжырым – ақынның күрделі шығармаларының табиғатын танудың кілті екендігіне көңіл бөлемін.

Абай – жаңа әдебиеттің көш басшысы ғана емес, өз алдына жеке ақындық мектебін қалыптастырған кемеңгер ақын. Абайдың азаматтық болмысын оқушыларға таныту үшін, оған арналаған арнау өлеңдерді пайдаланудың өнегелік маңызы бар. Абайға өлең арнаған , пікір білдірген ақын-жазушылардың шығармаларын іріктеп алып, әдеби монтаж жасадым. Ең алдымен өзім алдын ала оқушыларға 1911-1915 жылдары аралығында Троицк қаласында шығып тұрған қазақ журналы « Айқаптың» бетінде жарияланған бір деректі оқып бердім. «Айқап» журналының 1914 жылғы 44-санында Абай қайтыс болуының он жылдығына орай Семейде ұйымдастырылған еске алу кеші туралы былай делінген: «Абай туғызған қазақ даласы да Абай секілді білікті , онан да артық данышпандар туғызар» дегенде, тыңдаушы қазақтардың жүйкесі босап, көзіне жас алғандары да болды... Абайдың қадірі халыққа зор екен. Абайдың өлеңі оқылғанда, талай қазақтың көзінен жас мөлдіреді. Бұл кешті жасауға Нұрғали Құлжанов, Абайдың балалары Кәкітай мен Тұрағұл мырзаның өлеңге, білімге ыңғайы бар деп айтысады. Абай сықылды сұңқардың орны бос қалмас деп үміт етеміз» – деп жазылған.

Содан кейін балаларға Шәкәрімнің «Жастарға» деген өлеңін оқыттым.

Оқушы (Шәкәрім):

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмс мал берелік,
Бір білімді данышпан жан табалық.
Ал енді олай болса, кімді алалық?
Қазақта қай жақсы бар көз саларлық?
Шын іздесек, табармыз шыны ғалым.
Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!
Қарауылдар мезгіл ғой , тұр,қаралық!
Жүз айтқанмен , өзгенің бәрі надан,
Жалынарлық Абайға , жүр, баралық!
Білімді сол кісіден ізделелік!
«Әдейі іздеп біз келдік сізге» ,-делік.
«Өмір зая болмастық өнер үйрет,
Ақылыңды аяма бізге делік»,-делік.

Сосын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Таныстыру» деген поэмасынан үзінді оқыдым.

Оларды қоя алмаймыз Абаймен тең
Себебі, оқымаған, ілімі кем.
Туыс талант Абайдан жиырма есе
Олардың артығы бар дей алам мен.
Абайды дейік биік бұлтқа жетті,
Аз ілімі жетуіне жәрдем етті.
Алты алашқа атағы айқындалып,
Сүйікті, тағзым мінді , суретті.
Толстой онан биік күнге жетті,
Күн астындағы елдерге даңқы кетті.
Алса егер Толстойдың тәрбиесін,
Абай да көрсетер еді сондай кепті...

Оқушы (Мағжан): «Алтын Хакім Абайға»

Шын Хакім , сөзің асыл баға жетпес,
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның
Әлемнің құлағынан әні кетпес.
Қарадан хакім болған сендей жанның
Әлемнің құлағынан әні кетпес!
Сөзіне құлақ салып, баға бермей,

Қисайып қыңырайды жұртың ниеттес
Бұртиып теріс қарап: «Аулақ жүр», – деп,
Болды ғой жақын туған бәрі кектес.
Тыныш ұйықта қабіріңде, уайым жеме:
«Қор болды қайран сөзім босқа» – деме
Артында қазақтың жас балалары мен
Сөзіңді көсем қылып жүрер жеңге»!
Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,
Өлтірер талай жанды, жүгін артар.
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.
Жүрген жанның артында ізі қалар,
Етікші өлсе, балға мен ізі қалар.
Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар
Шешен өлсе, артында сөзі қалар!
Оқушы (Ахмет Байтұрсынұлы):

Қазақтың бас ақыны Абай. Онан асқан бұрын-соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ...

Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы боларға керек. Сөздің шырайлы, ажарлы болуына – ойдың шеберлігі керек. Ұнамды, орынды, дәмді болуына – білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне, Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыш болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген...

Яғни мұғалім сабақ барысында оқушыларға тілдік құзыреттілікті дамыту мақсатында сан түрлі әдеби-тілдік шығармашылық тапсырмаларды таңдай алады.

**Әдебиеттер:**

1. Абдиманулы О., Дюсебаев С . Қазақ әдебиеті, – Алматы.: «Мектеп». – 2007
2. Қазақ әдебиеті для школ с русским языком обучения. Методическое руководство, – Алматы.: «Мектеп». – 2006

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**Жарылғапова К.К.**
*№33 жалпы орта білім беретін мектебі*

Ахмет Байтұрсынұлы: «Тілдің міндеті – ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйуін түйгенінше айтуға жарау. Айта білетін адам табылса, тіл пайдалануға әрқашан жарайды. Тек айта білетін адам табылуы қиын», – деген.

Қазақстан әлемдік білім беру кеңістігіне енуі отандық білім дамуының стратегиялық жоспарын әзірлеуді және соған орай ұлттық білім жүйесінің жетістіктері мен білім дамуындағы жалпы әлемдік үрдестерді ескеретін жаңа үлгісіне көшуді талап етуде. Білім бере отырып, тиімді жолмен жаңа заман тұлғасын қалыптастыру әр ұстаздың мақсаты екені анық. Білім мазмұнын жаңартудың ғылыми негізіне оқушы белгілі бір қажетті біліктер мен дағдылардың иесі, оқу әрекетінің субъектісі,әр түрлі мәдениеттер мен өз көзқарасы тұрғысынан білімді, сауатты, өз ойын дұрыс әрі шебер жеткізе білетін, мәдениетті тұлға.

Сыни ойлау – ашық қоғам негізі. Сыни ойлау деген – әр жеке тұлғаның кез-келген жағдайдағы мәселені ойлап, зерттеп қорытып, өз ойын еркін ортаға жеткізе алуы.Сыни тұрғыдан ойлау, өзіндік, жеке ойлау болып табылады.Ол – өз алдына сұрақтар қойып және үнемі оларға жауап іздеу, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтау, әр мәселеге байланысты өз пікірін айту, оны дәлелдей алу, сонымен қатар басқалардың пікірлерін дәлірек қарастыруды және сол дәлелдемелердің қисынын зерттеу дегенді білдіреді. Нағыз сабақ – ол әрқашан диалог, іздене, дайындала, үйрене, шәкірттер болашағын ойлай жасалған еңбек пен тәжербиенің бірлігі. Сын тұрғысынан ойлау үш бөліктен тұрады:

Біріншіден, сын тұрғысынан ойлау өзіндік және жеке ойлау болып табылады.

Екіншіден, сын тұрғысынан оқыту жаттанды қағидаларды дәлелдеп айта беру емес, оқушы оқып, оны еске сақтап айту қаблеті жоқ, керсінше терең ойлау арқылы ескіге жаңаша көзқарас қалыптастыру мүмкін, тың идеялар ойлап табуы мүмкін.

Үшіншіден, сын тұрғысынан ойлау сұрақтар қойып, шешімін табуды қажет ететін мәселені анықтаудан басталады.Жалпы адамзат баласы тумысынан білуге құмар болып келеді.Өзінің жеке қызығушылықтарымен қажеттіліктеріне жауап беруге талпынады.

Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасы қызығушылықты ояту, мағынаны ашу, ой толғаныс кезеңдерінен түзіледі.

Қызығушылықты ояту

Үйрену процесі – бұрынғы білетін және жаңа білімді ұштастырудан тұрады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді, өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады, кеңейте түседі. Сондықтан да, сабақ қарастырылғалы тұрған мәселе жайлы оқушы не біледі, не айта алатындығын анықтаудан басталады. Осы арқылы ойды қозғату, ояту, ми қыртысына тітіркенгіш арқылы әсер ету жүзеге асады. Осы кезеңге қызмет ететін “Топтау”, “Түртіп алу”, “Ойлану”, “Жұпта талқылау”, “Болжау”, “Әлемді шарлау” т.б. деген аттары бар әдістер (стратегиялар) жинақталған. Қызығушылықты ояту кезеңінің екінші мақсаты – үйренушінің белсенділігін арттыру. Өйткені, үйрену – енжарлықтан гөрі белсенділікті талап ететін іс-әрекет екені даусыз. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды. Яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы оның ойы ашылады, тазарады.

Осылайша шыңдалған ойлауға бірте-бірте қадам жасала бастайды. Оқушы бұл кезеңде жаңа білім жайлы ақпарат жинап, оны байырғы біліммен ұштастырады.

Ойлау мен үйренуге бағытталған бұл бағдарламаның екінші кезеңі мағынаны ашу (түсіне білу). Бұл кезеңде үйренуші жаңа ақпаратпен танысады, тақырып бойынша жұмыс істейді, тапсырмалар орындайды. Оның өз бетімен жұмыс жасап, белсенділік көрсетуіне жағдай жасалады. Оқушылардың тақырып бойынша жұмыс жасауына көмектесетін оқыту стратегиялары бар. Соның бірі INSERT. Ол бойынша оқушыға оқу, тақырыппен танысу барысында V – “білемін”, — - “мен үшін түсініксіз”, + - “мен үшін жаңа ақпарат”, ? – “мені таң қалдырады” белгілерін қойып отырып оқу тапсырылады. INSERT – оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды құрал. Бір әңгіменің соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну – күрделі жұмыс. Сондықтан да, оқушылар арасында оқуға жеңіл-желпі қарау салдарынан түсіне алмау, өмірмен ұштастыра алмау жиі кездеседі. Мағынаны түсінуді жоғарыдағыдай ұйымдастыру – аталған кемшіліктерді болдырмаудың бірден-бір кепілі.

Үйретушілер білетіндерін анықтап, білмейтіндерін белгілеп сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білім арасында көпірлер құрастыруға, яғни байланыстар құруға дағдыландырады Тақырып туралы ой-толғаныс – бағдарламаның үшінші кезеңі. Күнделікті оқыту процесінде оқушының толғанысын ұйымдастыру, өзіне, басқаға сын көзбен қарап, баға беруге үйретеді. Оқушылар өз ойларын, өздері байқаған ақпараттарды өз сөздерімен айта алады. Бұл сатыда оқушылар бір-бірімен әсерлі түрде ой алмастыру, ой түйістіру, өз үйрену жолын, кестесін жасау мақсатында басқалардың әр түрлі кестесін біліп үйренеді. Бұл үйрену сатысы – ойды қайта түйіп, жаңа өзгерістер жасайтын кезең болып табылады. Әр түрлі шығармашылықпен ой түйістіру болашақта қолданылатын мақсатты құрылымға жетелейді.

Осы кезеңді тиімді етуге лайықталған “Бес жолды өлең”, “Венн диаграммасы”, “Еркін жазу”, “Семантикалық карта”, “Т кестесі” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр-жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады.

Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмау керек. Мұғалім шеберлігі арқылы баланың білімді игеруге қызығушылығын ояту қажет. Ал ол сұрақ әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланың алдына жан-жақты мақсат қойып, іске асыруына жол көрсетеді.

Технологияның басты мақсаты – дамыта оқыту негізінде “Сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазуды дамыту” бағдарламасын іске асыру, балаларға терең білім беру.

Бұл бағдарлама Қазақстан қоры жанынан 1998 ж. қазан айынан бастап жүргізіліп келеді.

Жаңа технология ретінде ең озық әдістерді дер кезінде игеру, іздену арқылы бала бойына дарыту, одан өнімді нәтиже шығара білу – әрбір ұстаздың басты міндеті.

RWCT бағдарламасы – ағылшын тілінен аударғанда “Сын тұрғысынан ойлау үшін оқу мен жазу” дегенді білдіреді. Бұл бағдарлама оқытудың 60 түрлі стратегияларынан: әдістерінен тұрады. Мақсаты – шығармашылық ойлауды, сын тұрғысынан ойлауды дамыту.

Сабақтың мақсаты:

а) қызығушылықты ояту – сұрақ қою;

ә) мағынаны ажырату – жауаптар іздеу, мәселені зерттеу;

б) ой толғаныс – ойлау процесінің ең жоғарғы сатысында мәселені талқылау, яғни үш фазада сабақты бөліп өту, оқыту мен оқу процесін осындай үш сатыда ұйымдастыру.

Қазақ тілі сабақтарында оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдана отырып тұлға қалыптастыру тәжербиесін сабақтарда қолданудамын. Сын тұрғысынан ойлауда оқушы болжайды, зерттеп, қорытып, өз ойын жеткізеді, негізін ашады, сұрыптайды, талқылайды, сын көзбен қарайды,пікірін дәлелдейді, пікір алмасады, ортақ пікірге келеді, мақсатқа жетеді, өзін-өзі басқарады, топпен жұмыс істеуге үйренеді, жан дүниесін өзгертеді, ойлауды дамытады, қызығушылықты дамытады, қызығушылықты артырады, кез-келген сабақты меңгертеді, оқушы өзін-өзі тәрбиелейді [6].

Мен өз сабақтарымда стратегияларды оқу бағдарламасына сәйкес бірізді жүйелі түрде қолданып келдім. Сабақта қолданып жүрген әдістерім мынадай:

I – қызығушылықты ояту фазасында ой қозғау (шақыру).

II – мағынаны ажыратуда түртіп алу жүйесі, 5 жолды өлең.

III – ой толғаныс фазасында Венн диаграммасы, еркін жазу т.б. стратегиялар арқылы баланың дамуына, оның бойындағы жеке қабілеттердің ашылуына, шығармашылықпен ізденуіне жол саламыз.

СТО бағдарламасына қатысудың нәтижесінде сабақта жеткен нәтижелерім:

1. Сабағымда сабақтың жаңа құрылымы пайда болды.

Сабақтың жоспары:

1. Психологиялық дайындық.

2. Ой ашар.

3. Үй тапсырмасын тексеру.

4. Жаңа сабақ.

I. Қызығушылықты ояту.

а) Ой қозғау.

ә) Өзіндік жұмыс.

б) Түртіп алу – + ? v (INSERT)

II. Мағынаны ашу сатысы.

а) Топпен жұмыс.

ә) Бес жолды өлең.

III. Ой толғаныс сатысы.

а) Венн диаграммасы.

ә) Бағалау.

б) Үйге тапсырма.

2. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту сабақтарының негізінде менің сабағымда оқушылар арасында: -белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланды:

мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға;

* бір-біріне құрметпен карауға;

бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың негізі қаланды;

- өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашуға;

* өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға;

* өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға;

* достарының ойын тыңдап, мәселені шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге;

Мен жұмыс жасап отырған технологиямен дәстүрлі сабақтан шығатын нәтижені мына кесте арқылы салыстыруға болады:

RWCT с а б а қ т а р ы

Мұғалімнің әдістері Оқушының іс-әрекеті

Топқа бөліп, ой қозғайды Ұжыммен жұмыс жасайды

Тақырыпқа қызықтырып бағыттайды Мәтінмен өздері танысады

Мәтіндегі ең құнды нәрсені анықтауды ұсынады Әр түрлі әдістер арқылы мәтінді зерттейді

Кейіпкердің ерекшеліктерін тануға ағыттайды Жеке кейіпкерлерді талдайды, өздерін олардың орнына қойып, қарайды, салыстырады

Мәтіннің тілдік ерекшелігі туралы сұрақ қояды Әр түрлі әдістер арқылы шығарманың негізгі мазмұнын анықтайды. Өз ойларын жазуды ұсынады

Ойларын қорытып, оны қағаз бетіне түсіреді

Ойларын қорытуға бағыттайды Өз тұжырымдамасын жасайды

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалана отырып, жұмыс жасаған уақыт ішінде байқалған оңды өзгерістерді мына диаграмма арқылы көруге болады. Мен 2008-2009 оқу жылында алған 10 сынып оқушылары 2 жыл көлемінде мынандай нәтижеге қол жеткізді: 50 %-дан 62%-ға, 52%-дан -68%-ға.

Менің тәжірибемдегі сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдаланған сабақтарды дәстүрлі сабақтармен салыстырғанда, білім сапасының өскендігін байқауға болады.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясын қазақ тілі сабақтарында қолдана отырып тұлға қалыптастырудың тиімді жақтары өте көп екендігіне көз жетті.Жалпы сы технологияның жетістіктері мынандай болып табылады:

1. Оқушылар күні бұрын берілген тапсырма мен де сабақ үстінде берілген тапсырмалармен қосымша ізденеді, өзбетімен дайындалады.
2. Оқушы ой қиялының дамуына, пікір айтуына еркіндік беріледі
3. Өз өміріне , қоршаған ортаға сын көзбен карауға үйренеді.
4. Өзгенің пікірін тыңдап, оған өз көзқарасын қоса білуге үйренеді.
5. Шыншылдық, әділдікке дағдыланады.
6. Өзгенің пікірімен санасуға үйренеді.
7. Әр түрлі шығармашылық жұмыстарға дағдыланады.
8. Өз пікірін қорғай дәлелдей алады.
9. Топпен жұмыс істеуге үйренеді.
10. Жан дүниесін тәрбиелейді.

Қазіргі кездегі мамандық атаулының барлығы бейімділікті, ептілікті, шапшаңдықты, ерекше ой қызметін, мол шығармашылық мүмкіндікті, өзін қоршаған түрлі жағдайларға тез икемделіп қана қоймай, оларды керекті бағытына шығармашылықпен бұра білу қаблеттілігін қажет етеді [1].

Сондықтан психологтардың өзі тұлға қалыптастырудың қажеттілігін тұтас бір кешенді қасиеттермен байланыстырады. Қазақ тілі сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясы тіл дамыту мен қатар тұлға қалыптасытруда маңызы зор екендігі тәжербие негізінде дәлелденуде. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы-ойлаумен ұштастыра білім алуды бағыттайтын оқыту технологиясы.

**Әдебиеттер:**

1. Қ.Бітібаева, М.Мұқашева. «Технология талаптары және әдебиет сабағы »№2 2004ж
2. Қазақстан Республикасы 12 жылдық білім берудің жалпыға міндетті стандарты. Нормативтік құжаттар. – Астана. 2006ж
3. У. Райысов. «Сыни тұрғысынан ойлау технологиясы»
4. К..Бітібаева. «Әдебиетті оқыту әдістемесі». – Алматы, «Мектеп» баспасы. – 2003 ж.

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІ БОЙЫНША САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ
## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ

**Кенжегарина Қ.М.**
*А.Құсайынов атындағы ЖОББМБ кешені*

| | | |
|---|---|---|
| **Пән:** | Қазақ тілі | **Мектеп:** А.Құсайынов атындағы ЖОББМБ кешені |
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі :** | Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер | **Мұғалімнің аты-жөні:** Кенжегарина Қымбат Мусиевна |
| **Сынып:** | 5 сынып | |
| **Сабақ тақырыбы:** | Қазақ халқының салт-дәстүрлері | |
| **Оқу мақсаттары:** | 5.2.4.1(О) - ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру; | |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар орындай алады**: мәтіндердің тақырыбы мен мазмұнын түсінеді, асты сызылған сөздердің тура не ауыспалы мағынада қолданғанын ажыратады | |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады**: мәтіндердің тақырыбы мен мазмұнына байланысты айырмашылықты, ұқсастықты ажыратады, асты сызылған сөздердің тура не ауыспалы мағынада қолданғанын ажыратады | |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады**: мәтіндердің тақырыбы мен мазмұнына байланысты айырмашылықты, ұқсастықты 5 сөз не сөз тіркесімен береді, асты сызылған сөздердің тура не ауыспалы мағынада қолданғанын ажыратады, өз сөзімен түсіндіріп береді | |
| **Бағалау критерийлері:** | Мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын анықтайды, салыстырады дәстүрлердің айырмашылығы мен ұқсастығын табады табады ауыспалы мағынадағы сөздерді анықтайды | |
| **Тілдік мақсаттар :** | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер**: ауыспалы, тура мағыналы сөздер | |
| | **пайдалы тіркестер**: | |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар**: | |
| **Құндылықтар :** | мәдениет , ұлтжандылыққа баулу | |
| **Пәнаралық байланыс:** | Өнер , тарих | |
| **Алдыңғы оқу:** | Қонақжайлық | |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурс тар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**3 мин**<br>***Білу, түсіну деңгейі***<br>**7 мин** | **Ширату.**<br>Судан өтті (саусақ қағыс)<br>Құмнан өтті (алақан үйкелеу)<br>Тастан өтті(жұдырықты үйкелеу)<br>Кедергіден өтті (секіру)<br>Көпірден өтті (таңдай қағу)<br>Мәреге жетті (у-у шапалақ)<br>Жай жүріске түсті (сан ұру)<br>**Жаңа сабаққа өту. (ҰЖ)**<br>**Топтастыру** | Слайд 1 |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>***Қолдану,талдау деңгейі***<br>**5 мин** | <u>Сабақтың тақырыбы, мақсаты мен бағалау критерийлері таныстырылады.</u><br>**ҚБ тапсырмасы**<br>**Төмендегі екі мәтінді мазмұн, тақырып жағынан салыстырыңыз. Мәтіндегі тілдік құралдардың айырмашылығын анықтаңыз (70-80 сөз).** | Бағалау критерийлері<br><br>Оқулық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **1-мәтін**<br>Сүйінші. Қуанышты хабар жеткізуші адам «сүйінші-сүйінші» деп келеді. Мұндайда қуанышты үй иесі «қалағаныңды ал» дейді немесе оған риза болатындай сыйлық ұсынады. Бұл – қуанудың, ризалықтың белгісі.<br>Сәлемдеме – адамдардың бір-біріне деген сыйластығының, құрмет тұтуының айқын белгісі. Олар – көптен көрмей сағынысқан адамдардың бір- біріне жіберген қымбат бұйымы, асыл заты немесе жеңсік тамағы, қысқы сыбағасы. Оның қымбат бағалы болуы шарт емес.<br>Көрімдік және байғазы. Жаңа туған балаға, жас келінге, жас төлге алғаш көрген сәтте көрімдік сұрау – халықтың ежелгі және лайықты дәстүрі. Мұның маңызы алып-беруде ғана емес жақын-жуықтың адамгершілігін, ниетін, қолы ашықтығын да танытудың белгісі ретінде қаралады. Байғазы мен көрімдік – екеуі екі басқа ұғым. Көрімдік адамға, жандыға, байғазы көбінесе жансыз дүниелерге қатысты айтылады.<br>Базарлық. Алыс сапарға саяхатқа, сауда жолына шыққан адамдар жерлес- теріне, көрші-көлемдеріне, сыйлас адамдарына, жас балаларға ірілі-ұсақты сыйлықтар әкеледі. Оны «базарлық» деп атайды.<br>Жеті ата. Әр адам жеті атаға дейін жақын туыс саналады. Қазақ халқы жеті атаға дейін қыз алыспаған. Жеті ата әкеден төмен емес, жоғары таратылады. Олай болса жеті ата: 1. Бала. 2.Әке. 3. Ата. 4. Арғы ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата. (Ата-тек деген сөз осыдан шыққан). Жеті атаны тарату осылай жіктеледі. (Қазақ энциклопедиясы, 7-том)<br>**2-мәтін**<br>Қазақстанның 14 облысында және қалаларында қазақ, татар және башқұрт халықтарының көп ғасырлық тарихы бар сабан тойы, әндері, билері және спорттық ойындары өткізіледі.<br>Корей халқында үш мерекенің аталып өтуі міндетті: бірі – баланың туған күні, екіншісі – үйлену тойы, үшіншісі – мүшел тойы (алпысқа келу). Бұл халықта да құда түсу, құда-құдағиды құрметтеу, қалыңдық таңдау, көрімдік беру, үйлену тойын бірлесіп өткізу тәрізді салт-дәстүрлер бар.<br>Корей халқының кейбір мерекелері жыл мезгіліне, шаруашылыққа байланысты (көктемнің басы мен егін салу кезі, егін орағының басталуы) өткізіледі. (З. Бейсембаев)<br>Дүнгендердің келін түсіру ырымдарында қазақтарға ұқсастық жағы бар. Оларда да дастарқан толы түрлі тағам беріліп, жағалай отырған көңілді адамдар насихат сөздер айтысады. Шашу шашылады, ырым, жол-жоралғылары жасалып, жас отауға тілектер айтылады. (Ә. Дайрабаев)<br>Ұйғырлардың отбасында ең үлкен үш қуаныш арнайы тойланады. Олар – нәрестенің дүниеге келуі, ер баланы сүндетке отырғызу, үйлену тойы.<br>Жастардың тұрмыс құруы ата-ананың ұйғаруы бойынша іске асырылған. Ұйғырларда жастайынан айттырып қою да болған. Қызды қолдан ұзату ата-ана үшін үлкен абырой саналады. Қызды алып қашу деген болмайды. Кіндік шешелікке ел құрметтеген адамдарды шақыру дәстүрі әлі күнге сақталған. (Ш. Майғаранова) | | |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Дескриптор<br>- әр мәтіннің тақырыбы мен мазмұнына байланысты айырмашылықты<br>5 сөз не  сөз тіркесімен береді;
<table>
<tr><td colspan="2">Мәтіндерді салыстыру</td></tr>
<tr><td>1 -мәтін</td><td>2- мәтін</td></tr>
<tr><td colspan="2">Тақырыбы мен мазмұнындағы айырмашылық(5 сөз не сөз тіркесі)</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Тақырыбы мен мазмұнындағы ұқсастық (5 сөз не сөз тіркесі)</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Тілдік құрал ( асты сызылған сөздердің тура не ауыспалы мағынада қолданғанын ажырату)</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
-әр мәтіннің тақырыбы мен мазмұнына байланысты ұқсастықты<br>5 сөз не  сөз тіркесімен береді<br>- мәтіндердегі асты сызылған сөздердің тура не ауыспалы мағынада қолданғанын ажыратады</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы Жинақтау деңгейі</td>
<td>«Бес қадам» әдісі<br>1 қатар  - Тақырыбы мен мазмұнындағы айырмашылық<br>2-қатар – Тақырыбы мен мазмұнындағы ұқсастық<br><br>3-қатар  -Ауыспалы мағынадағы сөздер<br><br></td>
<td>Тірек сөздер</td>
</tr>
<tr>
<td>Кері байланыс</td>
<td>(Ж) «Екі түрлі күнделік
<table>
<tr><td>Бүгінгі сабақта мен не түсіндім?</td><td>Бүгін сабақта маған не қиындық тудыр</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table></td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Үй тапсырмасы</td>
<td>Беташар – қазақтың келін түсіргенде жасалатын салтының бірі. Дәстүрлі беташар, әдетте, тойға жиналған халық таркар кезде өткізілген. «Беташар» салты туралы не білесіз? Мәтінде аргументтер келтіре отырып, ойыңызды сипаттап жазыңыз (100-150 сөз көлемінде)</td>
<td></td>
</tr>
</table>

**АМАНДАСУ**

**Сахасова Ш.Х.**
*№1 ЖОББМ (Орал қаласы)*

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы**:<br>1-бөлім: Мәдениет: тіл және қарым-қатынас<br>Грамматикалық тақырып: Үндестік заңы | **Мектеп**: Орал қаласы, №1 ЖОББМ | |
| Күні: | **Мұғалімніңаты-жөні:** Сахасова Шынжибек Хабдилшапиховна | |
| **Сынып: 5** | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Амандасу |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаты** | 5.2.1.1. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну,анықтау. |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды түсінеді,анықтайды. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтап, талқылайды. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>Мәтін мазмұны негізінде негізгі және қосымша ақпаратты талқылап, өмірмен байланыстырып әңгімелейді. |
| **Бағалау критерийлері** | • Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды;<br>• Мәтіндегі нақты ақпаратты өмірмен байланыстырып талқылайды. |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:**<br>Мәтін мазмұнын игеріп, нақты ақпаратты өмірмен байланыстыру. |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер**: Егде кісі, болыстық басқарма, пошта басқармасы, шекпен. |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар**:<br>• Амандасу мәдениетін қалай түсінесіз?<br>• Сәлем беру әдебінің тәрбиелік маңызы неде деп ойлайсыздар? |
| **Құндылықтарға баулу** | Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім, өмір бойы білім алу, құрмет, ынтымақтастық, ашықтық. |
| **Пәнаралық байланыс** | Өзін – өзі тану, әдебиет |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Амандасу ұғымы туралы түсінік дағдылары қалыптасқан. Мәтін мазмұнын өз сөздерімен әңгімелей алады. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған Кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 минут | **Ширату. «Соңғы әріп –сөз басы» жаттығуы.**<br>Шеңберде тұрған оқушылар сөз аяғында кездескен әріптерді қолдана отырып, бір-бірімен амандасып шығады. Көп кездескен амандасу атаулары бойынша топқа бөлінеді.<br>**Оқылым алды тапсырмасы. С**<br>**«Ой шақыру» әдісі** бойынша «Сәлемдесу салты» тақырыбында тақырыптық бейнеролик ұсынылады. Туындаған талқылау сұрақтары арқылы жаңа тақырыпты анықтайды.<br>• Амандасу мәдениетін қалай түсінесіз?<br>• Сәлем беру әдебінің тәрбиелік маңызы неде деп ойлайсыздар?<br>**Оқу мақсаты мен бағалау критерийлері хабарланады.** | https:youtu.be/izsjxmateq<br>«Сәлемдесу салты» |

Сабақтың ортасы
30 минут

**Оқылым кезі тапсырмасы:**
**1 – тапсырма. СЖ. «Сканерлеу» әдісі**

Берілген мәтінді Сканерлеу әдісімен **«Прожектор моделі»** бойынша мәтін ішінен кездескен қиын сөздердің астын сызып отырып оқу тапсырылады және «Т» кестесіне тірек сөздер мен аргументтерді орналастырады.

Ел мол жиналыпты: ақсақалды қарттар, егде кісілер, жігіттер мен бозбалалар да жүр.

– Әне келе жатыр, әне келе жатыр, – деп күбірлесе бастады жиналғандар. Қасында пошта бастығы мен болыстық басқарманың бір топ жігіті бар орта бойлы, сұр шекпеннің өңірі ашық күйде, жалаңбас бір кісі келеді екен. Бәріміз де бар ықыласымызбен тесіле қарап қалыппыз. Ол төбешікке шыққан соң, төрдегі ақсақалдардың қолын жағалай алып шықты. Қалған топпен қолын кеудесіне қойып, бас иіп ізетпен сәлемдесті.

– Армысыздар, ардақты қауым, – деді ол аздаған қарлыққан дауыспен. – Аман-есенсіздер ме, қадірменді қариялар. Дендеріңіз сау ма? Туған-туыстарыңыз, мал-жандарыңыз аман ба?
Ол осылайша алдымен ақсақалдарға амандасты.

– Рақмет, қарағым Садық. Өзің де аман-есенсің бе?

– Денің сау ма, Садықжан? – Балаларың өсіп жатыр ма, қарағым? – деп шалдар шетінен саулық сұрасып жатыр.

– Рақмет, – деді Садық ақ тістерін көрсете жымиып. – Әзірше аман-есенбіз... (Б.Момышұлы)

**«Т» кестесі**

| Тірек сөз | Аргумент |
|---|---|
| | |

**Дескриптор:**
- ұсынылған мәтіннен қиын сөздерді тауып, астын сызады;
- мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды, кестеге орналастырады.

**ҚБ: Смайликтер арқылы бағалау**
**Саралау жұмысы: Сөздік жұмысы**
Егде кісі –
Пошта бастығы –
Болыстық басқарма-
Шекпен -

**2 – тапсырма Ж.**
**Нақты ақпаратты табу үшін оқу**
**«Шындық және жалған» әдісі**
Мәтінді қайта оқи отырып, нақты ақпараттарды қайта анықтап,ажырату үшін кестені толтырады.

| Ақпараттар | шындық | жалған |
|---|---|---|
| 1. Ел мол жиналыпты: ақсақал-ды қарттар, егде кісілер, жігіт-тер мен бозбалалар да жүр. | | |
| 2. Қариялар Садықтан аман – саулық сұраспады. | | |
| 3. Ол төбешікке шыққан соң, төрдегі ақсақалдардың қолын алмай, бедірейе қарап тұрды. | | |
| 4. Бәріміз де бар ықыласымыз-бен тесіле қарап қалыппыз. | | |
| 5. Қалған топпен қолын кеуде- сіне қойып, бас иместен тұрды. | | |
| 6. Садық алдымен ақсақалдар-ға амандасты. | | |

http://zhasorken.kz/
Мәтін



<table>
<tr>
<td></td>
<td>Дескриптор:<br>-Мәтінді қайта оқып, нақты ақпаратты қайта анықтайды;<br>-Ұсынылған нақты ақпараттардың шын немесе жалған екенін ажыратады;<br>-Дұрыс нұсқа бойынша қателері түзетіледі.<br>Саралау жұмысы:<br>-Дұрыс жауабы тақтадан көрсетіледі.<br>ҚБ.Жұлдызшалар арқылы бағаланады<br>3 – тапсырма<br>ЖЖ. «Іріктеп оқу» әдісі<br>Мәтінді оқи отырып, негізгі және қосымша ақпараттарды іріктеп шығады. Мәтіндегі ішкі шеңберге негізгі ақпараттарды, сыртқы шеңберге қосымша ақпараттарды орналастырады.<br>Дескриптор:<br>- мәтінді оқи отырып, негізгі және қосымша ақпараттарды іріктеп шығады;<br>- мәтін мазмұнын талқылайды;<br>- мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтап, негізгі ақпаратты ішкі шеңберге, қосымша ақпаратты сыртқы шеңбер ішіне орналастырады;<br>• негізгі, қосымша ақпараттар ішінен буын үндестігіне бағынбайтын сөздерді табады.<br>ҚБ. «Бағдаршам» әдісі<br>Оқу мақсаты мен бағалау критерийлері еске түсіріледі.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>5 минут</td>
<td>Оқылымнан кейінгі тапсырма: ТЖ.<br>«Екі жақты күнделік» әдісі
<table>
<tr><td>Ақпарат</td><td>Менің пікірім<br>(өмірмен байланыстырады)</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор:<br>- мәтіндегі ақпаратты өмірмен байланыстырады.<br>ҚБ. «Екі жұлдыз, бір тілек»<br>Оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне кері ораламын.<br>Кері байланыс. «Шығу билеті» әдісі<br>• Сабақтан не үйрендің?<br>• Сабақтан қандай жаңа ақпарат алдың?<br>• Келесі сабақтан не күтесің?</td>
<td>

Стикерге өз тілек, ұсыныс жұлдыздарын жазады.<br></td>
</tr>
</table>

## БАҒДАРШАМНЫҢ ТАРИХЫ

**Бисекешова Ж.М.**

*Өркен жалпы орта білім беретін мектеп – балабақша кешені*

<table>
<tr><td colspan="2">Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Көлік және жол белгілері. Морфология. Сан есім.</td><td colspan="2">Мектеп: Өркен жалпы орта білім беретін мектеп – балабақша кешені</td></tr>
<tr><td colspan="2">Күні:</td><td colspan="2">Мұғалімнің аты-жөні: Бисекешова Жаннат Муханбетовна</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сынып: 5</td><td>Қатысқандар:</td><td>Қатыспағандар:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы</td><td colspan="3">Бағдаршамның тарихы</td></tr>
<tr><td>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу</td><td colspan="3">5.1.5.1. Тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| **мақсаттары** | білдіру. |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:** мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріп, көтерілген мәселеге қатысты өз ойын білдіре алады. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** тыңдалған мәтін мазмұнына сай сұрақтарға жауап беріп, көтерілген мәселеге өз пікірін білдіріп, өз ойын дәлелдермен жеткізеді. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:** тыңдалған мәтін бойынша өз пікіріне дәлелдер келтіріп, өз көзқарасын өмірмен байланыстырып білдіреді |
| **Бағалау критерийлері** | • мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап береді;<br>• мәселеге қатысты өз көзқарасын білдіреді. |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:** мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Көтерілген мәселеге өз пікірін білдіріп, ойын жүйелі жеткізе алады. |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер**:<br>бағдаршам, семафор, газшам, Юта штаты. |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>• Жол ережелерін реттеудегі бағдаршамның атқаратын қызметі қандай?<br>• Жол тәртібін білу қаншалықты маңызды? |
| **Құндылықтарға баулу** | Зайырлы қоғам және жоғары руханият, ұлттық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік, өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы, Қазақстандық патриотизм немесе азаматтық жауапкершілік. |
| **Пәнаралық байланыс** | Жаратылыстану, көркем еңбек. |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Жол ережелері мен бағдаршам туралы біледі. Сан есім туралы түсінігі бар. Тыңдағанмәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беріп, көтерілген мәселелерге қатысты өз көзқарасын білдіре алады. |

## КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ЖАЗУЫ

**Гиляжева Г. Ж.**
*Щапов жалпы орта білім беретін мектебі*

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ тақырыбы:** «Көшпелілердің жазуы» | Мектеп: Щапов жалпы орта білім беретін мектебі | |
| **Күні:** | Мұғалімнің аты-жөні: Гиляжева Гулмира Жасталаповна | |
| **Сыныбы:** 7 | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |
| **Оқу мақсаты:** | 7.Т/А3. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу. | |
| | 7.Ж1. Әр түрлі жанрдағы мәтіндерді жазу үшін құрылымын ескере отырып, күрделі жоспар құру. | |
| | 7. ӘТН4. Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану. | |
| **Сабақ мақсаты:** | **Барлығы:**мәтіннің мазмұнын түсінеді, берілген ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата біледі. | |
| | **Көбі:** мәтін жазу үшін күрделі жопар құрады. | |
| | **Кейбірі:**Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолданады. | |
| **Күтілетін нәтиже:** | Көшпелілер жазуының тарихымен танысып, тастағы таңбалардың тарихи мәнін ұғынады, мақал-мәтелдерді меңгереді. | |
| **Оқыту әдістері** | Түсіндіру, әңгімелеу,сұрақ-жауап, талдау, «Шаттық шеңбері» тренингі, «Кіші шеңбер» тәсілі | |

| Сабақ кезеңдері | Мұғалім іс-әрекеті | Оқушы іс-әрекеті |
|---|---|---|
| **Кіріспе бөлім** | **Психологиялық ахуал қалыптастыру.** Сәлемдесу, «Шаттық шеңбері» тренингін өткізу, топқа бөлу | Оқушылар сәлемдеседі, бір-біріне жақсы тілектер айтып, топқа бөлінеді |
| **Өтен сабақты тексеру** | **«Кіші шеңбер»** тәсілінің негізінде үй тапсырмасы тексеріледі | Оқушылар үй тапсырмасын қалай орындағандарын баяндайды, дұрыс орындалған жұмыстардың нәтижесі тақтаға жазылады. |
| **I. Қызығушылықты ояту** | - Қазақ тілінде неше әріп бар?<br>- Олар қалай бөлінеді?<br>- Дауысты дыбыстар қалай жасалады?<br>- Дауыссыз дыбыстар қалай жасалады?<br>-Көне түркі жазуында осындай заңдылық болғанба, қалай ойлайсыздар? | Оқушылар сұрақтарға жауап береді. |
| **II. Мағынаны тану** | **А) Білу. Түсіну.** 1-тапсырма.Тыңдалым. Мәтінді тыңдап, мазмұнын түсіну.<br>*Дискриптор:*<br>• *Мәтінді тыңдап, негізгі ақпараттарды қосымша ақпараттардан ажыратады;*<br>• *Логикалық екпін қай сөздерге түскенін табады.*<br>2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру<br>**Б) Тілдік бағдар**.<br>Фразеологизмдер туралы мәлімет беру, білімдерін дамыту. | Мәтінді тыңдап, ақпараттарды ажыратады, логикалық екпінді табады.<br><br>Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді. |
| | **Талдау және қолдану**<br>**I топ:** «Білгенің дұрыс» айдарымен жұмыс 5-тапсырма.<br>*Дискриптор:*<br>• *Мәтінді оқып, негізгі ақпарат пен қосымша ақпаратты ажыратады.*<br>**II топ:** 7-тапсырма. Көне түркі жазуының фонетикасы мен қазіргі фонетиканы салыстыр.<br>*Дискриптор:*<br>• *Көне түркі жазуындағы дауысты және дауыссыз дыбыстарды қазіргі қазақ* | Берілген тапсырмаларды орындайды |

| | | |
|---|---|---|
| | *тілінің дыбыстық жүйесімен салыстырады;*<br>• *Қандай ой түйгендерін жазады.*<br>**ІІІ топ:** 6-тапсырма.«Ойлан. Тап. Қолдан.» әдісі бойынша көне түркі жазуы жайында білгендеріңді баяндау.<br>*Дескриптор:*<br>• *Көне түркі жазуы жайында білгендерін баяндайды.*<br>**ІҮ топ:** . 9-тапсырма.Көшпелі тайпалардың өзіндік әліпбиі болғандығын дәлелдеп, постер құру<br>*Дескриптор:*<br>- *Көшпелі тайпалардың өзіндік әліпбиі болғандығын дәлелдейді;*<br>-*Шағын мәтін құрастырады.*<br>**Сергіту сәті.** «Кім көп біледі?» ойыны.<br>*Шарты: әр топтан бір фразеологизмнен айтып, мағынасын түсіндіру.* | |
| | **Жинақтау.**«ПОПС» формуласының негізінде 8-тапсырманы орындату | Тапсырманы орындайды |
| **ІІІ. Бағалау:** | Әр тапсырмадан кейін топ басшылары бағалап отырады.<br>**Кері байланыс**: 11-тапсырма. «Шығу парағын» пайдаланып, сұрақтарға жазбаша жауап беру. | Топ басшылары өз топ мүшелерін бағалап отырады. |
| **Үйге тапсырма:** | 10-тапсырма. Тыңдалым мәтініндегі «тас моншақтағы жазудың» мәнісін түсіндіріп, досына хат жазады. | |

## ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ

**Хайруллина Ж.Ж.**
*Володар ЖОББМ*

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Өзім туралы** | **Мектеп: Володар ЖОББМ** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні: Хайруллина Ж.Ж.** | |
| **Сынып: 1 «б»** | **Оқушылар саны:** | **Қатысп ағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы** | **Оқу құралдары** | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 1.1.1.1 Сөзді зейін қойып тыңдау, түсіну және оған сәйкес дұрыс әрекет ету (қимыл, ым-ишараны қолдану, іс-әрекет жасау)<br>1.2.3.1 Сұхбаттасының не туралы айтқанын түсіну<br>1.3.2.1. Мәтіндегі таныс сөздердің мағынасын түсіну. суретте берілген заттардың сынын білдіретін сөздерді жазу<br>1.5.1.2 Мұғалімнің көмегімен көптік жалғауларын ауызша тілде қолдану | |

| | |
|---|---|
| **Сабақ мақсаттары** | **Оқушылардың барлығы орындай алады:** Мынау не? деген сұраққа жауап береді. Сабақта үйренген оқу құралдарын атай алады.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Оқу құралдарын өзара сөйлесу кезінде еркін қолдана алады. Бір –бірінен өзіне қажет оқу құралын сұрап ала алады.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>Басқа да оқу құралдары атауларын біледі, оларды өмірлік жағдаятта еркін қолдана алады. |
| **Бағалау критерийлері** | Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсінеді, ойын қысқа сөйлеммен жеткізеді. |
| **Тілдік мақсат:** | Диалог құруға арналған сөз тіркестер: мынау кітап, қызыл қалам, маған берші, мен жазамын. |
| **Пәнаралық байланыс:** | Орыс тілі |
| **Сабақта қамтылатын құндылықтар:** | Бір –біріне көмектесу, тәрбие, тазалық |
| **Алдыңғы оқу** | Сыныпқа байланысты, сыныптағы заттар. |

<table>
<tr><th colspan="3">Жоспар</th></tr>
<tr><th>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</th><th>Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы</td><td>Шаттық шеңбері.<br>«Өрмекші» әдісі бойынша сыныптағы заттарды атау.<br>- Оқушылар: Есік, терезе, парта, үстел, т.б.<br>-Мұғалім: Қалам<br>-Оқушылар: «Қалам» сыныптағы заттарға жатпайды.<br>-Бұл оқу құралдары.<br>Балалар, сонда бүгінгі тақырыбымыз не туралы?<br>-Оқу құралдары.<br>Сабақтың тақырыбын, мақсатын хабарлаймын.</td><td>Суреттер</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>1-тапсырма. Интерактивті тақтадан оқу құралдарының суреттерін көрсетемін. Оқу құралдарын атай алуға үйренеді. Мысалы:<br>Мынау –кітап. Кітаптың орнына қалам, қарындаш, сызғыш, өшіргіш, қайшы, дәптер сөздерін қолдануға жаттығады.<br>**«Сәйкестендіру» әдісі.**<br><table><tr><td></td><td>**Қалам**</td><td></td></tr></table></td><td>Оқулық</td></tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
|  | **Қарындаш** | | Суреттер |
|  | **Дәптер** | | |
|  | **Кітап** | | |
|  | **Өшіргіш** | | |

Суреттерді сәйкестендіреді, бір –бірінен суреттерді сұрап алып, құралды не үшін қолданатынын айтады.
-Маған қалам берші, мен жазамын
-Маған кітап берші, мен оқимын
**Бас бармақ әдісімен бағалау.**
**Сергіту сәті.**
Бір саусағым тіпті де, .
Ұстай алмас жіпті де
Екі саусақ бірікті
Ине қолға ілікті, .
Үш саусағым орамды,
Жүгіртеді қаламды.
Өнерлі екен он саусақ,
Қала салсақ, жол салсақ.
**Топпен жұмыс.**
**1-топ:** Оқушылар суреттердің ішінен екі қалам, үш сызғыш т.б суреттерді таңдап алады. Олардың суретін жапсырып, көпше түрде айтады. Мысалы: қаламдар, сызғыштар, кітаптар, т.б.

Жұмыс дәптері

**2-топ:**
Суреттердің ішінен түрлі –түсті оқу құралдарының суретін таңдап алып, жапсырып, оларды түсімен айтады**.** Мысалы: қызыл қалам, көк кітап, т.б.
Екі топ бірін –бірі бағалайды.

Қосымша тапсырма.

**«ТКО» әдісі.**
Оқушыларға суреттер үлестіріледі.
Мұғалім: Кімде қызыл қалам бар сол оқушы есікті жақсын.
Кімде сары сызғыш бар сол терезеге қарасын
Кімде жасыл қарындаш сол қолын шапалақтасын т.б
**(Мұғалім «Жарайсыңдар», «Өте жақсы» деген мадақ сөздермен бағалайды)**
**Дәптермен жұмыс.** Сабақ барысында алған білімдерін бекітеді.
**«Иә, жоқ стратегиясы».**
-Мынау кітап па?

| | | |
|---|---|---|
| | -Жоқ, бұл дәптер<br>-Мынау сызғыш па?<br>- Жоқ, бұл қайшы т.б. | |
| Сабақтың соңы | Рефлексия.<br>«Бағдаршам» әдісі арқылы сабақты қорытындылау. Оқушылардың алдарына бағдаршам суреттері беріледі.<br><br>Жаңа тақырыпты шамалы түсінгендер<br><br>Жаңа тақырыпты орташа түсінгендер<br><br>Жаңа тақырыпты жақсы түсінгендер | |

| | |
|---|---|
| **Қорытындылау:**<br><br>Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе? Неге?<br>Жүргізілген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды? | |
| **Қорытынды бағалау:**<br>**Ең жақсы өткен екі нәрсе?**<br>**1:**<br>**2:**<br>**Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді?**<br>**1:**<br>**2:** | |

## АЙ МЕН ШОЛПАН ТОҒЫСТЫ

**Жаманғарина А.А.**
*М.С.Бабажанов атындағы ЖОББ мектебі*

| | |
|---|---|
| Мектеп: М.С.Бабажанов атындағы ЖОББ мектебі<br>Күні: СЫНЫП: 5<br>Қатысқандар: Қатыспағандар: | |
| 9 Бөлім: | Аспан әлемінің құпиялары |
| Сабақтың тақырыбы | **Ай мен Шолпан тоғысты** |

<table>
<tr><td>Осы сабақ арқылы жүзеге асатыноқумақсаттары:</td><td colspan="2">5.О6. Оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мәтіннің мазмұнын түсінуүшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу.</td></tr>
<tr><td rowspan="3">Сабақ мақсаттары:</td><td colspan="2">Барлық оқушылар орындайалады: Мәтіндітүсініпоқиалады</td></tr>
<tr><td colspan="2">Оқушылардыңкөпшілігіорындайалады: Жалпымазмұнынтүсініп, ақпараттытабаалады.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Кейбіроқушыларорындайалады: Нақтыақпараттымәтінішінентабады;</td></tr>
<tr><td>Бағалау критерийі</td><td colspan="2">Оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мәтіннің мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу.</td></tr>
<tr><td>Тілдікмақсат</td><td colspan="2">Шолпан, Үркер, Тоғыс, Отамалы</td></tr>
<tr><td>Құндылықтарға баулы</td><td colspan="2">Шығармашылықжәне сын тұрғысынанойлауқұндылығы.<br>Аспан әлемін зерттеудегі қазақ халқының даналығы.</td></tr>
<tr><td>Пәнаралықбайланыс</td><td colspan="2">Әдебиет, тарих, жаратылыстану,музыка.</td></tr>
<tr><td>Тақырып бойынша алдыңғы білім</td><td colspan="2">Аспан әлемі туралы біледі. Планета, Ай, Шолпан. Ауа райын болжау.</td></tr>
<tr><td>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</td><td></td><td>Рес урс тар</td></tr>
<tr><td>Сабақтың басы</td><td>1)Тренинг. «Қораптағы бір бейне»<br>Топқа бөлу.<br>Ай, Күн, Шолпан<br>2)Сұрақтар ұшқыны.
<ul>
<li>Ай неге тек қана түнде шығады деп ойлайсыңдар?</li>
<li>Күннің адам өміріне пайдасы қандай?</li>
<li>Қандай жұлдыздарды білесіздер?</li>
<li>Таң алдында туатын қандай жұлдыз?</li>
<li>Ай мен жұлдызға байланысты қандай жорамалдарды білесіздер?</li>
</ul>
3) ББҮ кестесі бойынша оқу мақсаттарын айқындау
<table>
<tr><td>Білемін</td><td>Білгім келеді</td><td>Үйрендім</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table></td><td>Пар ақш а<br><br>Кес те</td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы</td><td>Ай мен Шолпан тоғысының тарихы.<br>Ежелгі адамдар аспандағы жұлдыздарға қарап жыл мерзімі мен уақытты айратын болған. Жердің жалғыз табиғи серігі – Ай.Ғарышта күн жүйесіне жақын ғаламшар Шолпан деп аталады.Ол Күнді кері айналатын ғаламшар.Шолпан Аймен тетелес болады.Қазақ жұртының уақыт есебінде тоғыс есебі ерекше маңызды. Айдың үркерді басып өтуі <u>тоғыс</u> деп аталады. Тоғыс есебі–мал шаруашылығымен шұғылданып жүрген қазақ халқының күнтізбесі. Ай толғанда ауа райы бұзылып, өзгеріс болады. Тоғыс үш күнге жалғасады.Бір жылда 13 рет тоғысу оның11 ғана көре аламыз.13 тоғысты шамамен 28 күн деп есептейді. Тоғыс есебі ежелгі түркі және үнді халықтарына белгілі болған. Тоғыс айлары:23тоғыс-шілде,21тоғыс-тамыз, 19тоғыс–мизам,17тоғыс – қазан,15тоғыс – қараша,<br>13тоғыс – желді,11тоғыс – қаңтар,9 тоғыс – үштің айы,<br>7тоғыс – бірдің айы, 5тоғыс – көкек,3тоғыс – мамыр,<br>Қазақ халқы көшіп – қону шаруаларын тоғысқа үйлестіріп отырған. Тоғыспен байланысты есептің бірі– <u>амалдар</u> деп аталады.Амалда ауа райы бұзылып, адамға да жайсыз болып ,қара суық ,жел, жауын, қар жауады.<br>Амалдар: қаңтарда-тоқырауын.<br>Күн тоқтаған кезге байланысты амал.<br>ақпанда–ақпанамалы. Ақпан – Тоқпанағайындыжігіттерқойбағады.Ақпанқойжайғануақыттааяа</td><td>Ғал амт орж еліс інен</td></tr>
</table>

райыбұзылыпқойменбіргеүсіпөлген.
**наурызда –Үтамалы.**Арпа-бидайсатқансартжиғанмалынайдап бара жатып, қырылған, жазғытұрымтабылған.
**сәуірде -Отамалы.**Сіріңкежоқзамандакөршіауылдан от алуғабарғанәйелүйінежеткеншебұрқақатаадасыпүседі.
**мамырда –Әзамалы.**
Әздіақсақалдыүлкенқарияадамныңбейнесіменбейнелептүсінеді. «Әзболмайжазболмас,жазболмай, мәзболмас» дегенсөзқалған. (200сөз)

| Оқыр алдында | Оқу кезінде | Оқығаннан кейін |
|---|---|---|
| 1.Осы мәтінде кездестіремін деп ойлайтын бес сөзді атаңыз. | **«Түртіп алу»әдісі.**<br>Мәтіннен қажетті ақпараттарды тауып, астын сызыңыз.<br><br>**ЖЖ.** | «Ай мен Шолпан тоғысы» туралы сіздің пікіріңіз қандай?» |
| **2.Мәтінді іштей түсініп оқу** | | |
| Тақырыпты оқығанда не ойладыңыз?<br>**Жалпы сұрақ.** | | |

**Сөздікпен жұмыс.**
**Шолпан** - ғаламшар
**Үркер** - шоқжұлдыз
**Тоғыс** - Айдың үркерді басып өтуі
**Амалдар** - тоғыспен байланысты есеп
**ҚБ. Ақша арқылы бағалау.**
**Дискриптор.**

| |
|---|
| 1.Мәтінді іштей түсініп оқиды |
| 2.Мәтіннен қажетті ақпараттарды алады |
| 3. Мәтіннен нақты ақпаратты табады. |
| 4.Мәтіннен нақты ақпаратты анықтайды |

**І топ «**Оңай және қиын сұрақтар».
**ІІ топ** «Уақыт тізбегі»
**ІІІ топ** «Сөйлемді толықтыр»

**ҚБ. «От шашу»**

**Сергіту:** «Аспанға қараймын»

Түсіндірмелі сөздікпен жұмыс




Ән мәтіні

| | | |
|---|---|---|
| Соңы | **«ББҮ»** арқылы сабақты қорытамын.<br>**Рефлексия. «Бағалау терезесі» әдісі.**<br>Бүгін сабақта ең құнды нәрсе қандай болды? | |
| Қосымшамәлімет: | | |
| Саралау – оқушығамейлiншеқолдаукөрсетудiқалайжоспарлайсыз?<br>Қабiлеттiоқушығатапсырманықалайтүрлендiресiз? | Бағалау – оқушы бiлiмiн тексерудi қалай жоспарлайсыз?<br><br>Оқушылардың білімі топ ішінде «Мадақтау», «Саусақпен бағалау» өзін –өзі бағалау арқылы бағаланады. | Пәнаралық байланыс.<br>Денсаулық және қауіпсіздік,<br>АКТ-менбайланыс.<br>Құндылықтарменбайланыс<br>(тәрбиеэлементі). |

| | | |
|---|---|---|
| **«Оңай және қиын»** тапсырмаларды беру арқылы сараланады. Қабілетті оқушылар қиын сұрақтар дайындайды. Тоғыс айларының ерекшелігін айқындайды. **«Сөйлемді толықтыр»** әдісі бойынша тапсырманы өзі құрастыру беріледі. | | **Жаратылыстану, Тарих, математика, музыка АКТ Шығармашылықжәне сын тұрғысынанойлау, қарым-қатынасжасауқабілеті** |
| Рефлексия Сабақтыңмақсаты мен оқуміндеттеріорындалд ыма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қалай өтті? Қандай деңгейде? | Меніңойымша, сабақтыңоқумақсаттары мен міндеттеріорындалады. Себебі, тапсырмалароқумақсатынасайберіледі. Сабақта оқылым дағдысына көп көңіл бөлдім. Тапсырмалардыорындауүшін «Оңай және қиын сұрақтар», « Сөйлемді толықтыр», «Уақыт тізбегі»белсендіәдістердіқолдандым. «Түртіп алу»әдісібойыншаоқушыларнақтыақпараттытабуғаүйренеді. Саралауталапқасайіскеасырылдыдепойлаймын. Критериалдыбағалаудыоқушылардыңжасерекшеліктерінесайалдым. | |
| Жалпы бағалау: Еңжақсыөткенекінәрсе : - «Бес саусақ» әдісіарқылысабақбойыншақорытындыжасады. Қандайекінәрсенемесетапсырмасабақтыңбұдан да жақсыөтуінеықпалынтигізереді? Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандайақпарат білдім? | | |

## АСЫЛ ТАСТАР. ТАСЫМАЛ

**Махмудова Г. Ж.**

*М.С.Бабажанов атындағы ЖОББМ*

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы:** Асыл тастар. Тасымал. | Мектеп: М.С.Бабажанов атындағы ЖОББМ | |
| **Күні:** 03.10.2018 ж. | Мұғалімнің аты-жөні: Махмудова Гүлімжан Жомартқызы | |
| **Сыныбы:** 5 «в» | Қатысқандар | Қатыспағандар |
| **Сабаққа негізделген оқу Мақсаттары:** | 5.1.1.1 – тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау.<br>5.3.3.1 – сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру. | |
| **Сабақ Мақсаттары:** | **Барлық оқушылар орындайалады:** | |
| | тақырып бойынша қойылған сұрақтарға жауап бере алады. | |
| | **Оқушылардыңкөпшілігіорындайалады:** | |
| | сөздерді буынға бөліп, тасымалдай біледі. | |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:** мәтінді талдап, ой-пікірін айта біледі. | |
| **Жетістік критерийлері** | Жаңа тақырып туралы білімдері қалыптасады.<br>Тасымалдың ережесін біледі. | |
| **Тілдікмақсат** | **Оқушыларістейалады:** | |
| | Оқушылар асыл тастар туралы біліп, сөздерді дұрыс тасымалдауды үйренеді. | |
| | **Негізгі сөздер мен тіркестер:** | |
| | Асыл тас, інжу, тасымал, тасымалданбайтын сөздер, бір буынды сөз. | |
| | **Сыныптағы диалог/жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:** | |
| | **Талқылауға арналған тармақтар:**<br>1. Тасымал дегеніміз не?<br>2. Тасымалданбайтын жағдайларды атаңдар.<br>3. Сөздерді ережеге сай тасымалдауды үйреніңдер. | |
| | **Сіз неліктен … екенін айта аласыз ба?** | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Жазылым бойынша ұсыныстар:** бір-бірлерін тыңдауға үйренеді. Жеке, топтық тапсырмалар арқасында сөздерді дұрыс тасымалдауға бейімделеді. | |
| **Алдыңғы оқу:** | Сұлулық сыны. Буын, оның түрлері | |
| **Жоспар** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар /төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз/** | **Ресурстар** |
| **Басталуы – 7 минут** | **1. Шаттық шеңбері.** Тренинг – «Менің көршім». (Оқушылар дөңгеленіп тұрады да әр оқушы өз көршісінің бойындағы жақсы қасиеттерін айтады, мысалы: менің көршім – Аянат, ол қарапайым және шыншыл).<br>2. Суретте бейнеленген асыл тастар – гауһар, жақұт, інжу – арқылы 3 топқа бөлінеді.<br>3. Үйге берілген тапсырма тексеріледі<br>2,6-тапсырма. Мұғалімнің жеке бағалауы -«Жарайсың!», «Тамаша!», «Керемет!» сөздері ақылы ынталандыру. | Қазақ тілі – Б.Қапалбек, М.Жолшаева, Т.Мадиева (5-сынып).<br><br>Асыл тастар бейнеленген суреттер |
| **Ортасы – 30 минут** | **1.Жаңа тақырыпты ашу.**<br>**Топтық жұмыс.**<br>1) «Кім көп асыл тас жинайды?» деген ұранмен 1-тапсырмадағы мәтінді топпен оқиды. Мұғалім «қонаққа бару» әдісі бойынша тыңдайды. Түсіндірме сөздікті дәптерлеріне жазады.<br>Қалыптастырушы бағалау – «Бағдаршам»<br>2) 1а тапсырмасы (3-топқа бөліп орындату). Мәтін мазмұнына келетін ең жақын жауапты тауып, жауаптарын дәлелдейді.<br>3) 1ә тапсырмасы (топпен орындату және оқыту). Берілген суреттердің реті бойынша жоспар құрып, шағын мәтін құрастырады.<br>Қалыптастырушы бағалау - «Екі жұлдыз, бір тілек»<br>4.Жаңа тақырып слайд арқылы түсіндіріліп, сұрақтар қойылады.<br>2-тапсырма. Мәтінді оқиды (топпен оқыту).<br>2а тапсырмасы. Мәтіннен бір сөйлемді таңдап алып, сөйлемдегі сөздерді алдымен буынға бөліп, кейін оны тасымалдайды (жеке жұмыс)<br>Мұғалімнің жеке бағалауы - мөр арқылы (оқушылардың дәптердегі жұмыстары тексеріліп, мөр қойылады).<br>**5. Сергіту сәті.**<br>Орнымыздан тұрайық,<br>Қолымызды созайық,<br>Бір отырып,бір тұрып<br>Біз тынығып алайық,<br>Алақанды соғамыз ,<br>Орнымызға қонамыз.<br>6. 3-тапсырма. Бірінші бағандағы мақал-мәтелдің жалғасын екінші бағаннан тауып, мағынасын түсіндіреді.<br>7. 5-тапсырма (тақтада орындалады). Берілген сөздерді тасымалдап жазады. /3 топтан 3 оқушы/<br>Қалыптастырушы бағалау - «Үш шапалақ» әдісі.<br>8.Тест жұмысы. (оқушылар 7 сұрақтан тұратын тест тапсырмасын орындайды).<br>«Бағалау парақшасы» арқылы әр топ мүшелері көршісінің жинаған ұпайларын санап, қорытынды бағасын шығырады.<br>9. Қосымша материал. «Кім білгіш?» – сөзжұмбақты шешу. | Асыл тас бейнеленген суреттер<br><br>Бағдаршамның түстері.<br><br>Слайд-көрсетілім<br><br>«Жарайсың!», «Жақсы!», «Талпын!» деген жазулары бар мөрлер |

| | | |
|---|---|---|
| | 1.Қазақ тілі қандай тілдер тобына жатады?<br>2. Дауысты дыбыстың еріннің қатысына қарай жіктелуі.<br>3. Жеке тұрып буын құрай алмайтын дыбыс.<br>4. Түркітілдес халықтардың мәдениетін, тіл-әдебиет, тарихын зерттейтін ғылым<br>5. Дыбыстың жазудағы таңбасы.<br>6. Сөз құрамындағы бір не бірнеше дыбыс тобынан тұратын фонетикалық бөлшек.<br>7. Ауаның кедергіге ұшырамай еркін шығуынан жасалатын дыбыстар.<br>8. Дауыссыздан басталып, дауыссызға аяқталатын буынның түрі.<br>9. «Төте жазу» деген атаумен белгілі әліпбидің авторы.<br>10. Тілдік қарым-қатынастың ауызша түрі.<br>**10. Үйге тапсырма.**4-тапсырма. Кестені үлгі бойынша толықтыру. | Карточкалар<br><br>Бағалау парақшасы |
| **Аяқталуы – 3 минут** | **Кері байланыс**–«Білім қоржыны» әдісі (оқушылар сабақ туралы ойларын стикерге жазып, қоржындардың біріне жапсырады) | 3 түсті қоржын: «Өте жақсы түсіндім, мен үшін қызықты болды», «Мен сабақты жақсы түсіндім», «Тақырып бойынша әлі де ізденуім керек» |

## ҚАРА ШАҢЫРАҚ

**Ержанова Г. Т.**
*Батурин жалпы орта білім беретін мектебі*

| | | |
|---|---|---|
| Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер Лексика. Сөз және оның мағынасы**.** | **Мектеп**: Батурин жалпы орта білім беретін мектебі | |
| Күні: | **Мұғаліміңаты-жөні**:<br>Ержанова Гульмира Темиргалиевна | |
| **Сынып: 5** | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Қара шаңырақ |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | 5.3.5.1. оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу. |
| **Сабақтың мақсаттары** | 1. Оқыған және тыңдаған материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жаза алады. |
| | **2.** Оқыған және тыңдалған материалдары бойынша негізгі ақпараттарды анықтап, жинақы мәтін жаза алады. |
| | **3.** Негізгі ақпаратты сақтай отырып, жинақы мәтінді талдайды, дайын мәтінмен салыстырады, бағалайды. |
| **Бағалау критерийлері** | • оқыған және тыңдаған материалдардағы негізгі ақпараттарды сақтайды;<br>• сақтаған ақпараттарды салыстыра отырып, жинақы мәтін жазады. |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:**<br>оқыған және тыңдаған материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жаза алады. |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер**: қара шаңырақ, кенже ұл, медет тұту, ас беру, соғым, мұрагерлік. |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>• Неліктен әкенің үйі қара шаңырақ деп аталады?<br>• Қара шаңыраққа ие болу не себепті кенже балаға жүктеледі?<br>• Қазіргі кезде қара шаңырақтың маңызы қандай? |
| **Құндылықтарға баулу** | Құрмет, ашықтық, Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік;<br>Тарих, мәдениет пен тілдің біртұтастығы,<br>Зайырлы қоғам және жоғары руханият. |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ әдебиеті,тарих |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Қара шаңырақ туралы туралы түсінігі бар. Мәтін құрастырып жаза алады. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған Кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | **Ширату: «Құпия сурет» әдісі**<br>Сандықшадан оқушылар суреттер алады. Суретте бейнеленген кім, не екенін және сабақпен қалай байланысқанын айтады.<br>**Оқу мақсаты және бағалау критерийлері хабарланады.** | <br><br> |
| Сабақтың ортасы<br>25 мин | **Жазылым алдындағы тапсырма**<br>**1-тапсырма «Мозайка» әдісі (С)**<br>Тақырыпты ашатын суретті құрастырады. Суреттің артындағы сұрақтарға жауап жазады.<br>• «Қара шаңырақ» деген ұғымды қалай түсінесің?<br>• Отбасының басын біріктіретін не?<br>• Қандай отбасылық әдет –<br>ғұрып туралы білесің?<br>Дескриптор:<br>• Суретті құрастырады;<br>• Сұрақтарға жауап жазады.<br>**ҚБ. «От шашу»**<br>**Жазылым кезіндегі тапсырма.**<br>**2- тапсырма "Ақпаратты сүзу" әдісі. С.**<br>Оқушылар мәтінді оқып отырып, 3 сұрақ құрастырып жазады. Мәтіндегі негізгі ақпараттарды анықтау үшін жазған сұрақтарын басқа топпен алмасып, жауап береді.<br>**Дескриптор:**<br>- мәтін мазмұнына қатысты 3 сұрақ құрастырып жазады;<br>- тыңдаған ақпаратты негізге алып, сұрақтарға жауап береді<br>**ҚБ. «Күншуақ» әдісі**.<br>Ресурстар бойынша саралау жұмысы: **«Броундық қозғалыс» әдісі**<br>Сынып ішіне тақырыпқа қатысты мәліметтер мен ақпараттар | <br><br><br><br>Қазақ тілі 5-сынып «Мектеп» 2017 52-б. |

орналастырылады. Оқушылар бүкіл сынып ішінде қозғала жүріп, берілген тақырып бойынша ақпарат жинайды.

**3- тапсырма «Балық қаңқасы» әдісі Жж.**

Оқыған және тыңдаған мәтіндегі фактілер мен аргументтерді және нәтижені анықтап, шимай жазады.

Қара шаңырақтың сыры

Қасиетті қара шаңырақ

**Қиелі қара** **міндет** **әдет –ғұрыптарды**
**мұрагерлік**
**шаңырақ** **жүктеледі** **атқару**
**салт**

**әкенің үйі,** **кенже ұл** **қара** **сақ,үйсін**
**Халық** **қара** **шаңырақты** **ғұндар**
**Қалаулы** **шаңырақтың** **медет** **заманынан**
**ларының** **иесі** **тұтады** **бастау**
**үйі** **алады**

**Дескриптор**:
- мәтіндегі фактілер мен аргументтерді жазады
- жинақы мәтіннің шимайын жазады
- оқыған мәтінен тура және ауыспалы мағынада тұрған сөздерді жазады.

**ҚБ. «Смайликтер»** әдісі

Оқушылардың дербестігі мен жауапкершілігі бойынша саралау жұмысы: **«Аяқталмаған сөйлем» әдісі.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді жазады

**4-тапсырма. «Мәтіндер кестесі » әдісі Ж. ТЖ.**

Тыңдаған және оқыған материалдағы негізгі ақпаратты сақтай отырып, мәтін мазмұнын жинақтап, өз сөзіңізбен жазыңыз. (40-50сөз)

| **Мәтін** | **Жинақы мәтін** |
|---|---|
| Қазақта кенже ұлға мұра болып қалатын әкенің үйі *қасиетті қара шаңырақ, үлкен үй* деп аталады. Бұл үй әкесі тірі кезінде де, қайтыс болған соң да қара шаңырақ атала береді. Халқына беделді,сыйлы, құрметті адамдардың қара шаңырағын оның ел –жұрты қанша уақыт өтсе де киелі деп санаған. Отбасынан қыз бала ұзатылып, үлкен ұл үйленіп,бөлек шығып кеткен соң, кенже ұлға қара шаңырақпен бірге әке –шешені бағып қағу, күту міндеті де жүктеледі. Сондай –ақ осы кенже ұлға тиесілі болған қара шаңырақты басқа ұлдары кенже ұлдың үйі емес, әке шаңырағы деп есептеп, сый-құрметпен қарайды. Оны өздеріне тірек, медет тұтады. Сондықтан қазақы ортада ас беру, соғым басына шақыру сияқты әдет-ғұрыптарды атқаруда алдымен қара шаңырақ ескеріледі. Қара шаңырақтың кенже ұлға мұрагерлікке қалдырылу салты сонау сақ, үйсін, ғұндар заманынан бастау алады. | Қасиетті қара шаңырақ кенже ұлға мұра боп қалады. Халық қалаулыларының шаңырағы да киелі деп саналған. Әке- шешені бағып-қағу міндеті кенже ұлға жүктеледі. Үлкендері қара шаңырақты сүйеніш көреді. Барлық әдет –ғұрыпты атқаруда алдымен қара шаңырақ ескеріледі. Қара шаңырақтың кенже ұлға мұрагерлікке қалдырылу салты сонау ерте заманнан басталады |





Графикалық органайзер Жинақы мәтін жасау жолдары:
- мазмұнды өңдеу;
-мәтінге тілдік өзгеріс енгізу



топшалар

| | | |
|---|---|---|
| | Құрылған жинақы мәтінді топқа ұсынады, түзейді.<br>**Дескриптор:**<br>- Мәтінді мұқият оқиды;<br>- іріктелген негізгі ақпараттарды сақтайды;<br>- 40-50 сөзден тұратын жинақы мәтін жазады;<br>- сөз мағыналарын ажыратып жазады;<br>**ҚБ. Өзара редакциялау бақылау парағы.**<br>Мазмұн бойынша саралау жұмысы:<br>**«Бір сөйлеммен түйіндеу» әдісі.**<br>Сөйлемдерді кім,не, қашан, неліктен, қалай, қай кезден сөздерінен құралап жаза алады. |  |
| Сабақтың соңы<br><br>10 мин | **Жазылымнан кейінгі тапсырма5- тапсырма «Домино 1» әдісі ТЖ**<br>Домино топшаларда берілген сұрақтар арқылы сөйлемдерді реттейді. Ықшам мәтінді өздерінің мәтінімен салыстыра отырып, қайта жазып шығады.<br>Дескриптор:<br>- сұрақты мұқият оқиды<br>- мәтін бөліктерін құрастырады<br>- топта жазылған мәтінмен салыстырады<br>- түзетіп, қайта жазады.<br>**ҚБ. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» әдісі.**<br>Нәтиже мен жауап бойынша саралау жұмысы: **«Венн диаграммасы» әдісі** арқылы мәтіндерді салыстырады.<br>**Оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне кері оралмын**<br>**Кері байланыс: «Өз үйіңді таңда» әдісі**<br><br>«Сабаққа белсенді қатысып, жазба мәтінді өте жақсы орындап шықтым» Стикерді хан сарайына жапсырады.<br><br>«1- 2 қатем бар, тақырыптан аздап ауытқып жаздым» Олар стикерді коттеджге жапсырады.<br><br>«3 және одан көп қатем бар, тақырыптан ауытқып жаздым» стикерін қарапайым үйге жапсырады. | Домино топшалар<br><br><br> |

**ЖАЛБЫЗ – ЕМДІК ӨСІМДІК**

**Исатаева Л.И.**
*Ұзынкөл орта мектебі*

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:**<br>4- бөлім «Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі»<br>Омоним, синоним, антоним | **Мектеп**: ЖББ Ұзынкөл орта мектебі | |
| Күні: | **Мұғалімнің аты-жөні**: ИСАТАЕВА ЛАУРА ИСАТАЕВНА | |
| **Сынып:** 5 | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Жалбыз – емдік өсімдік |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | 5.2.1.1. мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты талқылайды. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>Негізгі және қосымша ақпаратты қолдана отырып, мәтін мазмұнын әңгімелейді. |
| **Бағалау критерийлері** | – Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсініп, анықтайды;<br>– Мәтін мазмұнын талқылайды. |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:**<br>Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты таба алады. |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер**: Жалбыз, шөптесін өсімдік, эфир майы, өнеркәсіп, косметика, кондитер, ментол. |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>– Жалбыздың қандай емдік қасиеті бар ?<br>– Жалбызды қай салада пайдаланады? |
| **Құндылықтарға баулу** | Еңбек және шығармашылық, өмір бойы білім алу, ынтымақтастық |
| **Пәнаралық байланыс** | Жаратылыстану және тарих, әдебиет |
| **Алдыңғы білім** | Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты ажырата алады. Мәтіннен синоним, антоним сөздерді таба алады. |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | **«Пазл» әдісі**<br>Сурет қиындылары арқылы топқа бөлінеді.<br><br>**Ширату. «Болжау» әдісі.** Ребус шешу арқылы оқушылар бүгінгі тақырыпты болжайды.<br><br> | Сурет қиындылары<br><br><br>ж<br>албыз<br>алоэ |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы | **Оқу мақсаты және бағалау критерийлері хабарланады.**<br>**Оқылым алдындағы тапсырма**<br>**1-тапсырма ТЖ.    «Бастапқы танысу» әдісі.**<br>Мәтінді оқырдың алдында оқушылар ассоциация құрады, ассоциацияларының негізінде мәтін не туралы болатынын анықтайды.<br><br>**Дескриптор:**<br>- берілген тақырыпты анықтайды.<br>**ҚБ «Қол шапалақтау» әдісі**<br>**Оқылым кезіндегі тапсырма**<br>**2-тапсырма ТЖ.**<br>**«Джиксо» әдісі**<br>Топтарға мәтін бөлігі таратылады. Мәтін бөлігін оқып, өз топтарында талқылайды. Бастапқы топқа қайта келіп, қолдарындағы мәтін бөліктерін құрастырады. Топтарға мәтіннің толық нұсқасы таратылады. Толық мәтін мазмұнымен танысып, мәтін желісін топ мүшелері бірлесіп ақпаратты талқылайды.<br>**Жалбыз**<br>Жалбыз – көп жылдық, шөп тектес, құлқайыр тұқымдасына жататын дәрілік өсімдік. Биіктігі 80-100 см.Оның түрлері көп. Қазақстанда оның 2 түрі кездеседі – бұрышты жасыл жалбыз, ақ жалбыз. Өзен мен көл жағалауларында өседі, тау баурайларында, шабындықтарды, бақшаларда кездеседі. Ол – хош иісті, көп жылдық шөптесін өсімдік. Солтүстік қоңыржай ендікте көп тараған. Қазақстанда жалбыздың 9 түрі өседі. Сабағы тік, жапырақтары қарама – қарсы орналасқан болады. Оның дала жалбыз, су жалбызы, бұйра жалбыз, кермек немесе бұрыш жалбыз секілді маңызды түрлері бар. Жалбызды сабынның иісін жақсарту үшін пайдаланады, дәрілік те маңызы бар. Ал кермек жалбыздың жапырағы мен гүл шоғынан жалбыз эфир майы алынады.<br>Бұл майдың негізгі құрам бөлігі – ментол. Ментол парфюмерия, косметика, кондитер, тамақ өнеркәсібінде, сондай – ақ тіс порошогы мен пастасын жасауда пайдаланылады. Жүрек тамыр жүйесі ауруларына қарсы қолданылатын дәрі. Валидол осы ментолдан алынады. Халық медицинасында жалбызды бауыр мен өтқабы, бүйрек пен бүйрек түбекшесі ауырғанда, іш кепкенде, булыққанда, дауыс қарлыққанда, грипппен ауырғанда және суық тигенде қолданады. Сонымен бірге, жалбыздан жасалған шайдың ішек құртын түсіретін қасиеті бар. Жалбызтікеннің тамырының біршама бөлігі сілекейлі-шырышты заттан құралатындықтан, түрлі ісік, қабыну ауруларына ем. Сондай-ақ, ол қарын сөлінің бөлінуін жақсартады және жүйкені нығайтады. Жалбыз (мята) шөбінің емдік қасиетін адамдар ерте заманнан білген.<br>2 топ мәтіннен антоним, синоним сөздерді табады.<br>1.Көп - ... (аз)<br>Тік - ... (қисық)<br>Биік - ...(аласа) | <br><br>Мәтін жазылған парақ<br><br>https://kk.wikipedia.org/wiki/ Жалбыз |

| | | |
|---|---|---|
| | 2. Тамақ, ... (ас)<br>Пайдаланады, ... (қолданады)<br>Халық, ...(ел)<br>**Дескриптор:**<br>- оқылған мәтіннің мазмұнын талқылайды;<br>- мәтіннен антоним, синоним сөздерді табады.<br>**ҚБ «От шашу»**<br>**Оқу мақсаты және бағалау критерийлері еске түсіріледі.**<br>**3 – тапсырма. ТЖ. «Балық қаңқасы» әдісі.**<br>Мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтау.<br>Орындалу барысы: басына – тақырыптың атын, үстіңгі сүйектеріне – жалбыз өсімдігінің емдік қасиеттерін, астыңғы сүйектеріне – жалбыздың басқа салада да қолданылатынын,<br>құйрығына – тақырыпқа қатысты түйінді сөйлемді анықтап орналастырады.<br>**Дескриптор:**<br>• мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды;<br>• негізгі және қосымша ақпаратты пайдаланып, түйінді ойды көрсетеді.<br>**Саралау жұмысы:** мәтіннен негізгі және қосымша ақпаратты анықтауда оқушыларға нұсқау сөйлемдер беріледі.<br>**ҚБ «Басбармақ» әдісі**<br>**Оқу мақсаты және бағалау критерийлері еске түсіріледі.**<br>**Оқылымнан кейінгі тапсырма**<br>**4 – тапсырма. Ж. «Баяндама» әдісі**<br>Мұғалім оқушыларға мәтінді оқуға, соңынан оның мазмұнын тірек сөздер, сызба түрінде беруді ұсынады. Бұл «шпаргалканы» оқушы оң жағындағы көршісіне береді. Енді әрқайсысы өз көршісінің тірек сөздерін не сызбаларын қолдана отырып, осы мәтін бойынша «баяндама» жасайды. «Баяндама» мазмұнын неғұрлым кең ашып, оны қорғап, ең жақсы өрнекті ұсынған оқушы жеңімпаз болады.<br>**Дескриптор:**<br>-мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды қолданады;<br>-мәтін мазмұнын әңгімелейді.<br>**Саралау жұмысы:**<br>-оқушылар мәтін мазмұнын толықтай әңгімелеуде бір – біріне тірек сөздер, сызбалар береді.<br>**ҚБ «Бағдаршам» әдісі** | <br><br><br><br>Стикер, парақшалар, маркер<br> |
| Сабақтың соңы | **Оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне кері ораламын.**<br>**Кері байланыс**<br>**«Ойды аяқта» әдісі**<br>Бүгін мен білдім...<br>Мен үйрендім...<br>Қолымнан келеді ...<br>Қиындық тудырды ... | Стикерлер<br><br> |

## ӘКЕ КӨРГЕН ОҚ ЖОНАР...

**Бектұрғанова А.У.**
*№24 ЖОББМ*

| | | |
|---|---|---|
| Сабақ: | Қазақ тілі | №24 ЖОББМ |
| Сынып: | 6 | Мұғалімі: А.У.Бектұрғанова |
| Күні: | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |
| Бөлім атауы/ Модуль атауы | Отан отбасынан басталады | |
| Сабақ тақырыбы | Әке көрген оқ жонар... | |
| **Оқу мақсаты** | Т1. Тірек сөздер, мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау.<br>А2. Тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу.<br>ТБ1.1. Мәтіндерден деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, ауызша жұмыстарда қолдану. | |
| **Сабақтың мақсаты** | **1.** Сөздікке сүйеніп, тірек сөздердің мағынасын анықтау, тыңдалған мәтіннің тақырыбы мен көтерілетін мәселесіні болжау.<br>**2.** Ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикетіне сай тақырып бойынша диалогтік қарым-қатынасқа түсу.<br>**3.** Деректі және дерексіз зат есімдерді, көптік мәнді есімдерді ажырату, өз пікірін білдіру. | |
| **Бағалау критерийлері** | • тірек сөздердің мағынасын анықтайды, мәтін тақырыбы мен көтерілетін мәселені болжайды;<br>• ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын сақтай отырып, диалогтік қарым-қатынасқа түседі;<br>-деректі және дерексіз зат есімдерді пайдаланып өз пікірін білдіред | |
| **Құндылықтарға баулу** | • Отбасындағы әке мен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту,<br>• ұлттық салт-дәстүрімізге байланысты әке орнының ерекше екендігін ұғындыру,<br>- әкеге деген бала махаббатын ояту. | |
| **Пәнаралық байланыс** | Өзін-өзі тану, жаратылыстану,АКТ | |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу, түсіну, қолдану,жинақтау | |
| **Тілдік міндеттер** | **Оқушылар орындай алады:**<br>«Әке көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» тақырыбына сай диалог құра алады және өз ішкі толғанысын білдіреді<br>**Пәнге қатысты сөздік қор мен сөз тіркестері:**<br>отағасы, еркеле, тәрбиеле, жауапкершілік, намыс, шыда, үйлен<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>1. Қазақта әкені неге «отағасы» деп атайды?<br>2. «Әке мен баланың арасындағы сыйластық» дегенді қалай түсінесің?<br>**Не себепті ... деп ойлайсыз?**<br>Не себепті отбасында әкенің жауапкершілігі зор деп ойлайсыз? | |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | Отбасы мүшелері туралы түсінік қалыптасқан, зат есімнің мағынасын біледі, сөйлем ішінде қолдана алады | |
| | **Сабақтың барысы** | |
| **Сабақтың кезеңдері** | ***Жоспарланған жұмыс*** | **Дерек көздер** |
| **Сабақтың басы** | **1.Ұйымдастыру бөлімі**<br>**Ширату. «Шаттық шеңбері» әдісі**<br>**Мақсаты:** оқушылардың шеңбер бойында идея мен тілек білдіру, | |

<table>
<tr>
<td>Білу</td>
<td>тыңдау дағдыларын дамытуға бағыттау.<br>Қадамдары:<br>- оқушылар үлкен шеңбер құрады,<br>- кезектесіп тілек айтады.<br>Топқа бөлу.Мақал-мәтелді құрастыру арқылы топқа бөлінеді<br>1. Әке көрген оқ жонар... 2. Шеше көрген тон пішер.<br>1. Әкеден – ақыл... 2. Анадан – мейірім.<br>Үй тапсырмасы. “ Ыстық орындық” әдісі<br>Мақсаты: оқушылардың алдыңғы білетін тақырыптары бойынша алған білімдерін тексеру, кері байланыс жасау.<br>Ұсынылған тапсырма бойынша қойылған сұрақтарға жылдам жауап беру.<br>Сұрақтар:<br>- Отбасыңда неше адам бар?<br>- Қандай отбасылық мейрамдарды атап өтесіңдер?<br>- Отбасы күні қашан тойланады?<br>-Отан отбасынан басталады мақалын қалай түсінесің?<br>(Әртүрлі сұрақтар қойылады)<br>ҚБ. Жарайсыңдар! Керемет! Тамаша!<br>«Ой қозғау» әдісі<br>Мәтіналды жұмыс<br>Оқушыларға тақырыпты болжау суреттері көрсетіліп, сұрақтар қойылады.<br>Мақсаты: Қандай да болмасын ақпарат туралы бар білгендерін ауызша ой салу.<br>  
<br>- Оқушылар, мына суреттерде не бейнеленген?<br>- Отбасындағы әкенің рөлі қандай?<br>- Әкешім – бәйтерегім, Әке – шаңырақ тірегі, Әке – асқар тауым сөздерінің мағынасын қалай түсінесіңдер?<br>Дескриптор:<br>-сұрақтарға жауап береді.<br>-сурет бойынша ойларын жеткізеді.<br>ҚБ. Жұлдызшалар арқылы бағалау.<br>Оқушылар жауабын алу арқылы жаңа тақырып ашылады.</td>
<td><br>Бейнелі суреттер</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы</td>
<td>Сөздікпен жұмыс. Сөздікке сүйеніп, берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын, аудармасын анықта.<br>Мақсаты: сөздік қорды дамыту, мағынасын ашу.<br>«Семантикалық карта» әдісі
<table>
<tr><th>Сөз</th><th>Сіздің ойыңызша, оның мағынасы қандай</th><th>Сөздіктегі анықтамасы</th><th>Сөйлем</th></tr>
<tr><td>отағасы</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>өнеге</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>ағайын</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>қолда</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>тәрбие</td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Оқылым. Оқушылар назарын мәтінге аударып, «Ойлан, жұптас, бөліс» әдісі бойынша әр топ мәтінмен жұптық, топтық жұмыс жасайды.</td>
<td>Сөздік<br><br>Қазақ тілі мен әдебие</td>
</tr>
</table>

**Түсіну**

**Мәтінмен жұмыс. Мәтінді жеке, жұппен оқу, түсіну.**

Аяулы әкетайым, мен сіздің жүзіңізден шексіз махаббат көрдім, сізге ерекше еркеледім.

Сізді мақтан етемін, құрметтеймін. Өзіңізге деген сенім қалыптасты. Сізден жауапкершілікті үйрендім. Бізге: «Үлкендерге сәлем беріңдер», «Қолында ауыр заты болса, көмектесіңдер», «Өтірік айтпаңдар!», «Ұрлық жасамаңдар!», «Намысты болыңдар!», «Қиындыққа шыдаңдар!», «Жасырын, жаман істен аулақ болыңдар!» - деп тәрбиеледіңіз.

Сізді қатты сағындым, аяулы әкем!

**Досыңнан әкесі туралы сұхбат ал.**

- Сәлем, Айнұр!

-

- Сен кімді үлгі тұтасың?

-

-Әкеңнің саған жасаған ең алғашқы сыйлығы есіңде ме?

-

**Дескриптор:**

- оқылым мәтіні бойынша оқушылар жеке, жұппен мәтінді оқып түсінеді
- тақырыбын анықтайды;
- тақырып бойынша өзара сұхбаттасады.

**ҚБ.** Өзара бағалау (жұптар бірін-бірі «Бас бармақ» әдісі арқылы бағалайды).

**Қолдану**

Жазылым.

**Жеке жұмыс.Мақал-мәтелдердің мағыналарын түсіндір. Дерексіз зат есімдерді тап.**

1. Әке – балаға сыншы.
2. Әке – асқар тау,
Ана – бауырындағы бұлақ,
Бала – жағасындағы құрақ.
3. Әкеден – ақыл,
Анадан – мейірім.
4. Отан оттан да ыстық.
5. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.

| Мақал-мәтел | Деректі зат есім | Дерексіз зат есім |
|---|---|---|
| Әкеден – ақыл, Анадан– мейірім. | әке, ана | ақыл, мейірім |
| Әке – асқар тау, Ана– бауырындағы бұлақ, Бала– жағасындағы құрақ. | | |
| Әке – балаға сыншы. | | |
| Отан оттан да ыстық. | | |
| Отансыз адам – ормансыз бұлбұл. | | |

**Дескриптор:**

- мақал-мәтелдердің мәнін мұғалім жетекшілігімен түсіндіреді;
-деректі және дерексіз зат есімдерді мақал-мәтелдерден ажыратады

**ҚБ.** Қосу, алу, қызықты!

*Ресурстар:* ті. Бәйшешек 6-сынып 1-бөлім. *Ф.Оразбаева, Ж.Дәулетбекова, А.Рауандина, Р. Рахметова, Қ.Жайлаубава/Көкжиек-Горизонт, 2018ж*

Үлестірмелі қағаздар

<table>
<tr>
<td>Жинақтау</td>
<td>
<table>
<tr><td>қосу</td><td>алу</td><td>қызықты</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Сергіту сәті. «Қыдырып қайтайық» бейнебаян<br>
Топтық жұмыс. Тапсырма. «Екі түрлі түсініктеме күнделігі» әдісі арқылы мәтінді оқып, өзіндік пікірді постерге түсіреді.<br>
Мақсаты: Ой желісі арқылы екі жақты пікірді үйлестіру, өзіндік түсінік қалыптастыру, мәтіндегі тірек сөздерді теріп алу.
<table>
<tr><td>Мәтін</td><td>Пікір</td></tr>
<tr><td>Әкеге тән қасиеттер<br>Ата-бабамыз ұл баланы ертеңгі әке, қадірлі отағасы, елді қорғайтын ер, батыр би, ақын, ұлттың намысты азаматы ретінде әділдікке, қайсарлыққа, кешірімді болуына, өнерге, білімге, салт-дәстүрімізді сақтауға тәрбиелген.</td><td></td></tr>
<tr><td>Әкеге тән әрекеттер<br>Әкесінің баласына қалдырған ең үлкен мұрасы – оны жақсы тәрбиелеуі, баласын оқытып, жақсы көріп, баласына ат қою, баласын сау етіп өсіру, үйленер жасқа келгенде баласын үйлендіру – қазақ отбасының басты міндеттерінің бірі.</td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор:<br>
-мәтіндерді түсініп оқиды;<br>
-әкеге тән қасиеттер мен әрекеттерді ұғынады;<br>
-өзіндік пікірін постерге түсіреді.<br>
ҚБ. Екі жұлдыз, бір тілек.<br>
Оқушылар бір-бірін өзара бағалайды.
</td>
<td>Интербелсенді тақта<br><br>Үлестірме мәтін жазылған парақтар<br><br>Плакат, маркер, желім, суреттер</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы.<br>Бағалау</td>
<td>Мұғалім тарапынан бағалау «Өте тамаша!» «Жарайсың!» «Талпын!» медальдар табыс ету.<br>
Рефлексия. Рефлексия - «Шабадан, еттартқыш, қоқыс жәшігі» әдісі<br>
Мақсаты: оқушының алған білімін саралай білуге дағдыландыру.<br>
Қадамдары:<br>
-оқушылар тақырып бойынша алған керекті ақпараттарды шабаданның тұсына жазады;</td>
<td>Медальдар үлестіру<br><br>Плакат, смайл</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | -әлі де оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, **еттартқыштың** тұсына жазады;<br>-керек емес болған, артық дүниені **қоқыс жәшігінің** тұсына жазады.<br>Осылайша, оқушылардың өткен сабақтан қандай білім алғанын білуге болады.<br>**Үй тапсырмасы: «Әке» туралы өлеңді жаттау** | иктер |

## ПИРАМИДА. БӨЛЕК ЖАЗЫЛАТЫН СӨЗДЕРДІҢ ЕМЛЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ ЕСКЕРТУЛЕР

**Ниязгалиева А.А.**
«Қаракөл жалпы орта білім беретін мектеп балабақша-сы кешені»КММ

| | |
|---|---|
| **ҚМЖ** | **Мектеп: «**Қаракөл жалпы орта білім беретін мектеп балабақша-сы кешені»КММ |
| **Күні 11.10.2018 ж.**<br>**Сыныбы: 6** | **Мұғалімнің аты-жөні:** Ниязгалиева Анар Адиловна.<br>**Қатысқаны:** 6 **Қатыспағаны:**0 |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Пирамида. Бөлек жазылатын сөздердің емлесіне қатысты ескертулер |
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаттары:** | 6.1.1.1-мәтіннің атауын талқылау және алғашқы бөлігін тың дау арқылы көтерілген мәселені болжау;<br>6.1.5.1-тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұ-рақтарға жауап беру,мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байла-ныстыру;<br>6.4.1.1-тақырып бойынша жеке сөздер,бірге,бөлек және дефис ар-қылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазу. |
| **Сабақ мақсаты:** | • көтерілген мәселені болжау арқылы мәтіннің негізгі мазмұ- нын түсінеді;<br>• тыңдалым материалының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап береді,сансөзді шешеді;<br>• бөлек жазылатын сөздердің емлесінің қолдану орнын біле-ді, талдайды,түсіндіреді |
| **Ойлау дағдысының деңгейі:** | Білу.Түсіну.Қолдану.Талдау.Жинақтау. |
| **Бағалау критерлері** | · Білім алушы мәтіннің атауын талқылайды,көтерілген мәселені болжайды;<br>· тыңдалған мәтін мазмұны бойынша нақты сұрақтарға жауап бе-реді;<br>·бөлек жазылатын сөздердің емлесіне қатысты ескертулерді ескe-ріп,орфографиялық нормаға сай жазады.<br>. |
| **Тілдік мақсат** | <u>**Терминдер**</u>: пирамида,Хеопс пирамидасы,Гиза аңғары.<br>Ресурстар мен мәтінмен жұмыс жасайды**.(оқылым)**<br>Оқулықтағы тапсырмамен жұмыс (**жазылым)**<br>Мәтін мазмұнына сәйкес сұрақтарға дұрыс жауап беріп,сансөзді шешеді.**(айтылым)**<br>Тапсырмаларды орындауда үнтаспа тыңдайды.**(тыңдалым)** |
| **Құндылықтарға баулу** | «Мәңгілік Ел» жалпықоғамдық құндылығы: тарихтың,мәдениет пен тілдің біртұтастығы. |
| **Пәнаралық байланыс** | Математика,дүниежүзі тарихы |
| **Алдыңғы білім** | Жеті санының сыры туралы біледі. |

**Сабақтың жоспары**

| **Сабақты жоспарлау кезеңдері** | **Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар тапсырмалар** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**5 мин.** | Ұйымдастыру бөлімі.<br>1.Сыныппен сәлемдесу.<br>2.Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру.<br>**Өзімізге:** сәттілік,қуаныш!<br>**Қонақтарымызға:** жақсы көңіл-күй!<br>**Елімізге:** ашық аспан,тыныштық!<br>**«Автор орындығы»**әдісі арқылы қазақ халқындағы қасиетті сандар туралы жинаған ақпаратын автор ретінде аудитория алдында оқуға шақырылады.<br>**ҚБ:** мұғалім бағалауы мөр белгісімен /жарайсың!,өте жақсы!қатесіз жаз! жақсы! Талпын! Тамаша!/Өткен сабақты түсінгенсіздер. | Мөр белгісі |
| **Сабақтың ортасы**<br>**25 мин.** | Оқушыларға тақырыпты болжатуға ребус ұсынылады.<br><br><br>Бүгінгі біздің танысатын тақырыбымыз- Пирамида.<br>–Балалар, бір сәт экранға назар аударайық. Білім бук платформасынан геометриялық фигура пирамида тақырыбын математикалық білім-дағды бойынша таны-сып,Билим ланд платформасынан дүниежүзі тарихы пәні бойынша Мысыр пирамидалары тура лы мәлімет алайық.<br>**Тыңдалым:** Үнтаспадан 7-аудиомәтінді тыңдау.<br>**Оқылым.Айтылым:**<br>2-тапсырманың А бөлімі бойынша мәтін мазмұнына сәйкес сұрақтарды оқып,дұрыс жауап беріп,сансөзді шешіңдер.<br>**Дескриптор**<br>√ мәтін мазмұнына сәйкес сұрақтарға жауап береді – 5балл<br>√ сансөзді шешеді-1балл<br>**ҚБ:** жапсырмалы жұлдызшалар.Мұғалім жинаған балл есебіне сәйкес жұлдызды ұсынады.<br>**Жазылым: «Сәйкестендіру»**<br>2-тапсырманың Ә бөлімі: бірінші бағандағы тіркестердің мағыналарын екінші бағаннан табыңдар.<br>**Тілдік бағдар «Бөлек жазылатын сөздердің емлесіне қатысты ескертулер**<br><br> | Флипчарт, ребус<br><br>АКТ Интербелсенді тақта, білім бук, білім ланд платформалары<br><br>Диск «Мектеп» баспасы<br><br>Оқулық<br><br>Интербелсенді тақта |
| **Сабақтың соңы10 мин.** | **Жұптық жұмыс**<br>**«Пирамида»** әдісі<br>3-тапсырмадағы берілген сөздерді пирамидаға орналастырып,сын есімнің емлесіне сай жазыңдар.Орын- | Пирамида фигурасы әр оқушыға А4 парағы |

| | | |
|---|---|---|
| | дап болған тапсырмаларыңды қастарында отырған жұптарыңа беріңдер.Тексеруші ретінде сендердің мін- деттерің- пирамида иесінің жұмысына баға беру.Сенің түсінігің мен пирамидадағы тапсырма қаншалықты сәйкес келеді,соған талдау жасайсыңдар.Егер қарсы-лықтарың болса,неліктен екенін ортаға саласыңдар. Бірақ , баға қоймайсыңдар.Себебі,жеке адамның ойы бағаланбайды.Оған тек пікір білдіреді. | |
| **3 минут** | **Рефлексия**<br>**Білім ағашы.**<br><br>**Үйге тапсырма:** Пирамида құрылысына ұқсас салын- ған қазіргі кездегі ғимараттар туралы ақпарат жинаң-дар. | Стикерлер жапырақ пішінді |
| **Саралау** | **Бағалау** | Денсаулық және қауіпсіздік |
| Көтерілген мәсе-лені болжау арқы-лы мәтіннің негіз-гі мазмұнын тү-сіндіру<br>Бөлек жазылатын сөздердің емлесі- нің қолдану ор-нын талдау.<br>Тыңдалым мате-риалының негізін-де сұрақтарға жа-уап беріп,сансөзді шешу | -Әр қалыптастырушы тапсырмадан кейін кері байланыс беріп отырамын.<br>- Жағымды сөздермен қолпаштау.<br><br>-Жұптар бірін-бірі өзара бағалайды. | Денсаулық және қауіп-сіздік тех-никасын сақтау ере-жесі танрыс-тырылады.Же ке жұ-мыс,жұп-пен жұмыс жасауда қарым-қа-тынас жа-сау дағды-сы ескері-леді. |
| | **Бағамдау** | |

| |
|---|
| Қандай екі нәрсе табысты болды( оқытуды да, оқуды да ескеріңіз?<br>1.Алдыңғы білім бойынша берілген тапсырмаға қызығушылықтары артып,ізденімпаз-дыққа төселген. |

| |
|---|
| 2.Сын тұрғыдан ойландыруға жетелеу<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды?<br>1. АКТ-ны тиімді қолдану<br>2.Сабақ үрдісіндегі әдіс-тәсілдер «Автор орындығы», «Сәйкестендіру», «Пирамида»<br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік,қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?<br>Сабақ барысында ынтымақтастық атмосферасы оқушылардың және қонақтардың кө- ңіл-күйіне жақсы әсер қалдырды.Автор орындығына автор ретінде шақырылған қабіле-ті орташа оқушы Ф.Хамитов үйге берілген тапсырма бойынша қызықты,тәрбиелік мәні бар ақпарат іздеп әкелген.Жаңа тақырыпты болжауда Н.Медет,А.Қайыржан шапшаң-дық танытты.Сансөзді шешуде сыныптың үздік оқушысы А.Самиғолла алты балл жи-нап,көп жұлдызшаны иеленді.Жазылым тапсырмасы бойынша сыныптағы егіз қыздар Жанбота мен Ақбота өте жай жазатындықтан қиындық тудырды.Келесі сабақта оқушы-лардың жазу калиграфиясына және қолдау көрсетуге көңіл бөлу қажет екенін ескеремін. |

## ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ БАСТЫ КЕПІЛІ-ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМ

**Алипкалиева К.С.**
*Ө.Сахипов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп*

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп: Ө.Сахипов атындағы жалпы білім беретін орта мектеп | | |
| 7 -бөлім:<br>Қазақстандағы ұлттар достығы | Сабақ тақырыбы: Тұрақтылықтың басты кепілі-татулық пен келісім | |
| Күні: 29.06.2018 ж. | Мұғалімнің есімі: Алипкалиева Какима Сагыналиевна | |
| Сынып: 7 | Қатысқандар саны 9 | Қатыспағандар саны-0 |
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты** | 7.1.1.1 /Т/А/-мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау;<br>7.3.6.1 /Ж/-мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау | |
| **Сабақ мақсаттары:** | **1**.Мәтін үзінділерін мұқият тыңдап, оқиғаны болжайды;<br>Сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексереді, берілген синонимдерді мәтіндегі сөздердің орнына қояды.<br>**2**.Үзіндіні тыңдай отырып, мәтіннің дамуы мен соңын болжайды;<br>Мәтіндегі сөздердің мағынасын ашады, асты сызылған сөздерді синонимдік қатармен ауыстырып, лексикалық түзетулер енгізеді.<br>**3**.Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, дамуы мен аяқталуына нақты болжам жасайды;<br>Мәтіндегі Сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексереді, түзетулер енгізіп, редакциялайды.. | |
| **<u>Бағалау критерийлері:</u> (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)** | • Мәтін үзінділерін тыңдап, дамуы мен аяқталуын болжайды;<br>• Мәтіндегі сөздердің қолданылуын тексеріп, лексикалық түзетулер енгізеді, редакциялайды.<br>• Мәтінді қайта жазады. | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Тілдік дағдылар:** тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым | |
| | **Терминология:** кепіл, тұрақтылық, татулық, этностар, диаспора | |
| | **Сөз тіркестері:** тұрақтылық кепілі, түрлі диаспора | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, ынтымақтастық | |
| **Пәнаралық байланыстар** | Қазақстан-достық мекені /өзін-өзі тану, тарих/ | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Мәтіннен аудио жазба арқылы үзінді тыңдау, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау, ақпаратты өңдеу дағыдылары қалыптасады. | |
| **Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім** | Қазақстан халқы Ассамблеясы, Мәңгілік ел: бір ел, бір тағдыр | |
| **Жоспар** | | |

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басталуы**<br><br>**Білу, түсіну** | Тренинг «Суретті сөйлету<br><br><br><br><br>Түрлі ұлт өкілдерінің суреттерімен топқа бөлу, әр топ өз ұлттық ерекшеліктерін көрсету<br><br>**Тыңдалым алды тапсырмасы**<br>**«Жалғыз аяқ жол» әдісі** арқылы өткен тақырыпты пысықтау. /«Мәңгілік ел:бір ел, бір тағдыр»/<br>**Бағалау критерийі:**<br>• Сұрақтарға нақты жауап бере алады,<br>• Қазақстандағы ұлттар достығы туралы өз білімдерімен бөлісіп, бір-бірін толықтырады.<br>**Дескриптор:**<br>• Берілген сұрақтар бойынша өз ойларын еркін жеткізеді.<br>• Ойларын нақты фактілермен дәлелдейді.<br>**Ой қозғау сұрақтары:**<br>**1-топқа**<br>• «Кепіл» сөзінің мағынасын қалай түсінесіңдер?<br>• Сен тұратын аймақта қанша ұлт өкілі өмір сүреді?<br>• Елімізде тұратын түрлі ұлттардың мәдени орталықтары туралы не білесіңдер?<br>**2-топқа**<br>• Сенің басқа ұлт өкілдерінен достарың бар ма?<br>• Өзге ұлттардың Қазақстанға қалай келгені туралы не білесің? | |

| | | |
|---|---|---|
| | • Біздің елде басқа ұлт өкілдерінің құқықтары қалай қорғалады?<br>**3-топқа**<br>• «Татулық» сөзіне синоним болатын қандай сөздерді білесің дер?<br>• Сенің басқа ұлт өкілдерінен достарың бар ма?<br>• Елімізде тұратын түрлі ұлттардың мәдени орталықтары не білесіңдер?<br>**Саралау:** Әр топ мүшелеріне деңгейлік сұрақтар беріледі.<br>**ҚБ: «Градусник»**әдісі арқылы топтар бір-бірін бағалайды. | |
| **Ортасы**<br><br>**Қолдану**<br><br>**Талдау жинақтау** | **Т/А-1-тапсырма «Болжау» әдісі**<br>**Дескриптор:**<br>-мәтінді мұқият тыңдайды;<br>-болжай отырып, әрі қарай дамытады;<br>-мәтінді аяқтайды, тыңдалым мәтінімен салыстырады;<br>-тірек сөздерді жазып алады, әр топ ортақ тірек сөздерді топтастырады.<br>**Кері байланыс: Мұғалімнің қолпаштауы**<br>**Тыңдалымнан кейінгі, жазылым алды тапсырмасы:**<br>**«Кімнің жады мықты?» әдісі**<br>**Дескриптор:**<br>- оқушыларға Қазақстандағы татулық пен келісім тақырыбында тыңдалым мәтіні ұсынылады;<br>- мәтінді оқушылар бірлесе тыңдайды;<br>- оқушылар өздері тыңдаған мәтіннің тірек сөздерін анықтайды;<br>- жеке жұмыс істеп, тірек сөздерді жазады, сосын жұпта және топта салыстырады;<br>- жұмыстың соңғы нәтижесін сынып алдында талқылай отырып, негізгі тірек сөздерді анықтап алады;<br>- іріктелген тірек сөздерді екінші бір баламаларымен – синонимдерімен жазып шығады<br>**Саралау:** Оқушылардың деңгейіне қарай жұптастыра жұмыс жасатамын.<br>**Ж-1Жазылым тапсырмасы «Мәтінді редакциялау»**<br>**Дескриптор:**<br>- баламалары табылған тірек сөздерді қатыстыра отырып, тақырып негізінде шағын, жинақы мәтін құрастырады;<br>-.редакциялайды;<br>-Қайта жазады.<br>**ТЖ**<br>**А деңгейіне**<br>Қазақстанда әр ұлт өкілдерінің <u>іспен</u> шұғылдануына барлық жағдай жасалған. Бізден басқа <u>елде</u> дәл біздегідей терезесі тең еңбек етіп, кәсіп жасап, қалаған ісімен айналысып жатқан <u>диаспоралар</u> жоқ. Сондықтан олар Қазақстанда <u>жақсы</u> өмір сүріп жатыр.<br>Елімізде еңбек етіп жүрген әр түрлі ұлт өкілдерін көргенде <u>халқымыздың</u> кеңдігіне <u>таңданасыз</u>. Осыдан біраз жыл бұрын <u>еліне</u> кеткен біраз немістер Қазақстанға қайта келді.<br>***Қажетті синонимдер***:кәсіппен, мемлекетте, ұлт өкілдері, мамыражай, қазақтың, қайран қаласыз,,<br>**В деңгейіне**<br>Қазақстанда әр ұлт өкілдерінің <u>іспен</u> шұғылдануына барлық жағдай жасалған. Бізден басқа <u>елде</u> дәл біздегідей терезесі тең еңбек етіп, кәсіп жасап, қалаған ісімен айналысып жатқан <u>диаспоралар</u> жоқ.Сондықтан олар Қазақстанда <u>жақсы</u> өмір сүріп жатыр.<br>Елімізде еңбек етіп жүрген әр түрлі ұлт өкілдерін көргенде <u>халқымыздың</u> кеңдігіне <u>таңданасыз</u>. Осыдан біраз жыл бұрын <u>еліне</u> кеткен біраз немістер Қазақстанға қайта келді.<br>**С деңгейіне** | Интернет мәліметі<br>https://www.youtube.com/watch?v=weyWezvkmqc<br>Оқулық мәтіні |

Қазақстанда әр ұлт өкілдерінің іспен шұғылдануына барлық жағдай жасалған. Бізден басқа елде дәл біздегідей терезесі тең еңбек етіп, кәсіп жасап, қалаған ісімен айналысып жатқан диаспоралар жоқ.

Сондықтан олар Қазақстанда жақсы өмір сүріп жатыр. Елімізде еңбек етіп жүрген әр түрлі ұлт өкілдерін көргенде халқымыздың кеңдігіне таңданасыз. Осыдан біраз жыл бұрын еліне кеткен біраз немістер Қазақстанға қайта келді.

**Саралау:**Топ ішіндегі оқушыларға тапсырманы А, В, С деңгейіне қарай саралап беремін.

**Қ/Б. «Өзін-өзі бағалау»**өз жазғандарын ИБ тақтадағы мәтінмен салыстырады, өз-өздерін бағалайды.

**«Еркін жауап» әдісі /қосымша тапсырма/**

**Бағалау критерийі:**

- Өз өңірлеріндегі түрлі ұлт өкілдері туралы қосымша ақпараттар айта алады;
- Берілген сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын аша алады.

**Дескриптор:**

- Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын ашу синонимдерін табу;
- Сұрақтарға өмірмен байланыстырып жауап беру

- Бүгінде облысымызда қанша діни ұйым бар екендігін білесіңдер ме?
- Облысымыздашетелдікмиссионерлер бар ма?
- «Тұрақтылықтың басты кепілі-татулық пен келісім» деген сөз орамын қалай түсінесіңдер?
- «Тұрақтылық» деген сөзді айтқанда ең бірінші ойларыңа не келеді?
- Елімізде түрлі ұлт өкілдері өмір сүруінің ел болашағына ықпалы қалай болады деп ойлайсыңдар?

**Саралау: Оқушы қарқынын саралап дайындаған қосымша тапсырма**

**Кері байланыс:**

**«Бес саусақ» әдісі**

**Бас бармақ – басты мәселе.** *Бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?*

**Балалы үйрек – бірлесу.** *Мен топта қалай жұмыс жасадым? Кімді риза қылдым?*

**Ортантерек – ойлану.** *Мен бүгінқандайбілім мен тәжірибеалдым?*

**Шылдыршүмек–шынайылық.** *Сабақмағанұнадыма? Неліктен?*

**Кішкентайбөбек – көңілкүйахуалы.** *Мен өзімдісабақта қалай сезіндім?*

**Аяқталуы Бағалау**

**Әр топ «ПОПС» формуласы бойынша ойын қорытындылап жазады.**

Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, Қазақстан- ........................ мемлекет»

Екінші сөйлем: «Себебі, ...............…»

Үшінші сөйлем: «Оны мына мысалдармен дәлелдей аламын ..........… »

Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім................................ ».

**Мұғалімнің мадақтауы**

**Рефлексия кері байланыс**

| Мен үшін құнды | Мен үшін қызық | Мен үшін қиын |
|---|---|---|
| | | |

**Үйге тапсырма:**

- «Достығыжарасқан ел» дегентақырыпта фотоколлаж дайындаңдар.
- «Қазақстан-достықтың киелі бесігі» тақырыбында эссе жазыңдар.

Дескриптор:

-Эссе құрылымын сақтау;

- тақырыптан ауытқымау;

-өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу;

«Жерұйық» Көркем фильмі

| | | |
|---|---|---|
| | -100-150 сөзден кем болмау.<br>• Ғаламтордан «Жерұйық» фильмін көріңдер және тақырыппен байланыстырып таныстырылым дайындаңдар<br>**Саралау**: әр оқушы өз деңгейіне қарай тапсырманы саралап алады. | |

| | |
|---|---|
| **Қосымша ақпарат** | |
| **Саралау - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?** | Саралау-оқу мақсатына жету үшін жасалатын нақты қадам. Ең алдымен, **топқа бөлгенде** оқушылардың қабілеттеріне қарай саралап бөлемін. Оқу мақсатына жету үшін **мұғалім тарапынан қолдаудықажет ететін оқушыларды**сөзбен қолпаштап, мадақтап ынталандырып отырамын. Тапсырмалар бергенде әр тапсырманы оқушы қабілетіне қарай саралап беремін. **Тыңдалым алды тапсырмасы «Жалғыз аяқ жол» әдісі** арқылы өткен тақырыпты Еске түсіру кезінде оқушыларға А,В,С деңгейін дегі сұрақтар беремін.«**Мәтінді редакциялау» әдісімен берілген** жазылым тапсырмасын да үш деңгейде беремін. **Қабілеті жоғары оқушылардың қарқынын саралап, «Еркін жауап» әдісі** қосымша тапсырмасындайындадым. Үй тапсырмасын да үш деңгейде саралап беремін. Оқушылар өздері қалаған тапсырманы орындайды. |
| **Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?** | Сабақ барысында оқушыларды **«Градусник»** әдісі арқылы топтарды бір-біріне бағалатсам, сабақ ортасында мұғалім қабілеті төмен оқушыларды ынталандырып, **қолпаштау** көрсеттім. Жазылым тапсырмасынан кейін ИТ арқылы оқушылар өз жазғандарын өздері салыстыра отырып, **өз-өздерін** бағалайды. Қосымша тапсырманы орындағаннан кейін **«Бес саусақ»**әдісімен кері байланыс жасаса, сабақты қорытындылағанда **«3 Қ»**әдісі арқылы сабақ оқушылар сабаққа рефлексия жасап, өзіме кері байланыс алдым. |
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?<br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | Оқу мақсатын:<br>7.1.1.1 /Т/А/-мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау;<br>7.3.6.1 /Ж/-мәтіндегі сөздердің тақырыпқа сай орынды қолданылуын тексеру, синонимдік қатармен ауыстыра отырып, лексикалық түзетулер енгізу, редакциялау<br>Сабақ мақсаты оқу мақсатына сәйкеснегізделіп, әдіс-тәсілдердің сабақтың өн бойында оқу мақсатын аша алатындығына назар аудардым. «Қазақстандағы ұлттар достығы» тақырыбындағы тыңдалым мәтінін жазылым мәтініне де қолданып, бір тапсырмамен екі мақсатқа жетуді көздедім.<br>Бұл сабақта оқушылар Қазақстандағы халықтар достығы туралы білді.<br>Тыңдалым мәтіні арқылы жазылым тапсырмасын орындау барысында мәтінге түзету енгізіп, редакциялады, мәтінді қайта жазды. Сабақта саралаған тапсырмалар тиімді болады деп есептеймін. Тапсырманың барлығын орындауға уақытты есептедім. Өз жоспарыма қабілеті жоғары оқушыларға арнап «Еркін жауап» әдісі қосымша тапсырмасын жасадым. |
| **Қорытынды бағамдау** | |

| |
|---|
| **Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?**<br>1.Тақырып бойынша толық мәлімет алады.<br>2. Тыңдалым мәтіні мен жазылым мәтінінің сабақтастығы оқу мақсатына жетуге ықпал етеді.<br>**Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?**<br>1. Жан-жақты сараланып берілген тапсырмалар сабақтың құндылығын арттыра алады.<br>2.Ресурстарды тиімді пайдалану оқушылардың оқу мақсатына жетуіне негіз болады.<br>**Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?**<br>1. Оқушыларды үнемі ынталандырып, бағыт-бағдар беріп, бір-біріне ықпал етуге жағдай туғызып отыру керек<br>2.Әдіс-тәсілдерді жетілдіріп, саралап отыру керек. |

## БАЙҚОҢЫР

**Пергалиева А.Т.**
*Сарбаев атындағы ОЖББМ-балабақша кешені*

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақмерзімдіжоспардыңтарауы: 6-бөлім. Қиял әлемі** | **Мектеп**: Ғ.Сарбаев атындағы ОЖББМ-балабақша кешені | |
| Күні: 16.01.2018 | **Мұғалімніңаты-жөні**: Пергалиева Асель Тлекқабылқызы | |
| **Сынып: 5** | Қатысқандар: 12 | Қатыспағандар: 0 |
| **Сабақтың тақырыбы** | *Байқоңыр* | |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | 5.2.4.1(Оқылым)ауызекі стильдегі мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын және тілдік құралдарын салыстыру.<br>5.4.4.1. (ӘТН)жұрнақ арқылы жасалған туынды сөздерді және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдану. | |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>Мәтіндердің мазмұнын түсінеді, ақпараттарды анықтай алады. | |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Мәтіндердің мазмұнын түсініп, тақырыбын анықтай алады және жұрнақ арқылы жасалған туынды, күрделі сөздерді таба алады. | |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>Мәтіннің стилі мен тілдік құралдарын салыстырады. Туынды және күрделі сөздерді ауызша және жазбаша тілдесім барысында қолдана алады. | |
| **Бағалаукритерийлері** | *Мәтіндердің мазмұнын, тақырыбын, стилін анықтайды.*<br>*Айырмашылығын табады.*<br>*Тілдік құралдарға салыстыру жасайды.*<br>*Мәтіндегі сөздердің грамматикалық нормаларын сақтайды.*<br>*Ауызша және жазбаша жұмыста қолданады.* | |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:**<br>*Мәтіннің мазмұны мен тақырыбын анықтап, стилі мен тілдік құралдарын салыстыра алады.* |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер**:<br>Байқоңыр, ғарыш кешені, ғарыш айлағы, біріккен сөз |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:** |
| **Құндылықтарға баулу** | Қазақстандық патриотизм менен азаматтық жауапкершілік |
| **Пәнаралықбайланыс** | Өзін-өзі тану, әдебиет, тарих |
| **Тақырыпбойыншаалдыңғыбілім** | *Мәтіннің мазмұны бойынша негізгі және қосымша ақпаратты анықтай алады.Лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтіндер арқылы таниды. Берілген мәтіндерге сәйкес кіріспе, негізгі және қорытынды бөлімдерді қамтитын қарапайым жоспар құра алады.* |

## ҚОНАҚ КҮТУ ДӘСТҮРІ

**Рыспаева А. Р.**
*Жәнібек ауданы, Е. Ниетқалиев атындағы жалпы білім беретін орта мектебі*

| | | |
|---|---|---|
| Сабақ: 6-сабақ | Мектеп: Жәнібек ауданы, Е. Ниетқалиев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп КММ | |
| Күні: | Мұғалімнің аты-жөні: Рыспаева Альвина Рафхатовна - қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі | |
| Пәні: қазақ тілі<br>Сыныбы: 5 | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспағаны: |
| Бөлімі: | Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер | |
| Сабақтың тақырыбы: | Қонақ күту дәстүрі | |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | Ж5.3.5.1. Оқылым мен тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу. | |
| **Сабақ мақсаттары:** | • Мәтіндегі негізгі ақпараттарды табады, мәтін жазады;<br>• Негізгі ақпараттарға сүйене отырып, мәтін жазады;<br>• Мәтін құрылымына сай жинақы мәтін жазуда негізгі ақпараттарды сақтайды. | |
| **Бағалау критерийлері:** | • негізгі ақпараттарды табады;<br>• жинақы мәтін жазады. | |

| | | |
|---|---|---|
| **Тілдік мақсаттар:** | • **Оқушылар орындай алады:** тыңдайды, сөйлейді, ойын еркін айтады;<br>• **Сабаққа қатысты сөздік қор мен терминдер:** қонақжайлылық, құдайы қонақ, мейман, арнайы қонақ, қыдырма қонақ. | |
| **. Құндылықтарды дарыту** | Қазақ халқы қонақ десе ішкен асын жерге қоятын қонақжай халық екенін біледі. Қонақ күту үлкен жауапкершілікті талап ететінін түсінеді. | |
| **Пәнаралық байланыстар:** | Қазақ әдебиеті, өзін-өзі тану | |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Қонақ күту - қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлерінің бірі екенін біледі | |
| **Сабақтың кезеңдері** | **Жоспарланған жұмыс түрі** | **Дереккөздері** |
| **Сабақтың басы** 5 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Сабақтың ортасы**<br>10 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>5 минут | *Түрлі-түсті кәмпиттер арқылы топқа бөлу.*<br>Ширату жаттығуы<br>**"Өлең түйіні" әдісі**<br>Сабақты болжау мақсатында А4 форматына жазылған Үмбетей жыраудың бір шумақ өлеңі әр топқа беріледі. Топта оқып, түсінгендерін жинақтап, бір сөйлеммен ғана айтады.<br>Кісі көрсең есікке,<br>Жүгіре шық кешікпе.<br>Қарсы алмасаң қонақты ,<br>Кесір болар несіпке. (Үмбетей жырау)<br><br>- Бүгінгі сабағымыз не туралы болады деп ойлайсыңдар?<br>-Бүгінгі сабағымызда қонақ күту дәстүрін кеңінен әңгімелейміз.<br>(Сабақ тақырыбы мен мақсатына болжау жасалады)<br><br>**Ж. 1-тапсырма**<br>**"Үнсіз оқу" әдісі.**<br>*"Қазақтың қонақ күтуі" тақырыбындағы мәтінді түсініп оқып, негізгі ақпараттардан түсінгеніңді 5 сөйлеммен білдір.*<br>Қазақтың қонақ күтуі<br>Қазақ халқы ежелден қонақ десе ішкен асын жерге қоятын халық. Үй иесі үйге келген кісіні танысын, танымасын "Құдайы қонақпын" десе болды жылы шыраймен қарсы алып отырған. Олар жол жүріп келе жатып ауылдың кез-келген үйіне түсіп, қонақ бола берген. Сондай-ақ, алыстан арнайы келген жақын, туыс, жолдас қонақтар да болады. Үй-үйді, ауыл-ауылды аралап, қыдырып жүретін қыдырма қонақтар да бар.<br>Қазақта қонақты дұрыс қарсыламаса, дәм таттырмаса ол ашуланып, жамандап кетеді. Қазақ үшін мұны есту ұят, бетке шіркеу болған. Сондықтан халқымыз қонақты қарсы алу мен шығарып салуға ерекше мән берген.<br>Үйге келген қонаққа үй иесі "төрлетіңіз", "қош келдіңіз", "құрметті қонағым бол" деген сөздерді айтып, қонақты өзіне баурап алады. Келген қонақтармен жөн сұрасқаннан кейін үй иесі қонағына ең жақсы тамақтарын беріп, риза етуге | <br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br> |

тырысады. Бұл адамдардың арасындағы сыйластықты, бір-біріне деген құрмет пен қамқорлықты, үй иесінің адамгершілігін, имандылығын көрсетеді.Үй иесіне риза болған қонақ «Рахмет», «Алғысым шексіз», «Тамаша», «Бәрекелді», «Құрметіңізге ризамын» деген сияқты сөздермен алғыс сезімін білдіреді.



Қазақта "қонақ келсе - құт келеді", «Қазақ қонағын құдайындай сыйлаған», «Қонақ күту- ғанибет» деген қанатты сөз де бар. Қазақ халқының осы қонақжайлылығы атадан балаға мұра болып қалатын ұлттық салт-дәстүрдің бірі.

5 минут

Дескриптор:
- мәтінді түсініп оқиды;
- негізгі ақпараттарды анықтайды;
- түсінгендерін 5 сөйлеммен айтады.

**Қ.Б.Мұғалімнің бағалауы. "Жұлдызшалар тарату"** Үлкен жұлдызша-тапсырманы жақсы орындады.Орташа жұлдызша -тапсырманы орташа орындады.

**ЖЖ. ТЖ.**

10 минут

**2-тапсырма.**

**"Рөлдік ойын" әдісі**



5 минут ішінде мәтіндегі ақпаратты сақтай отырып, Қонақ пен Үй иесі рөлінде диалог құрыңдар. Сәтті шыққан бір диалогті топтан оқуға ұсынады.

Диалогте бір- бірін құптау үшін, қолдау үшін төмендегі сөз орамдарын ұсынамын: «Рахмет», «Алғысым шексіз», «Тамаша», «Бәрекелді», «Құрметіңізге ризамын»

Дескриптор:
- уақытты тиімді пайдаланады;
- сөз әдебін сақтайды;
- тақырыпты ашады;
- жұпта, топта талқылайды.

**Қ.Б. Өзара бағалау "Үш шапалақ".** 3 шапалақ-өте жақсы, 2 шапалақ-жақсы,1 шапалақ-әлі жетілдіру керек.

**ЖЖ.ТЖ. 3-тапсырма.**

**«Қос жазба күнделігі» әдісі**

*Төмендегі кестелердің біреуін таңдап, мағынасын ашып, түсініктеме бер.*

| **Ақпарат** | **Қонақ түрлері** |
|---|---|
| Алыстан арнайы келген туыс, жақын, жолдас сияқты сыйлы қонақтар | |
| Үй-үйді, ауыл-ауылды аралап, қыдырып жүретін қонақтар | |
| Өзің танымайтын шалғай елден жолаушылап жүріп, атбасын тірей қалған бөгде қонақтар | |

| **Қанатты сөздер** | **Түсініктеме** |
|---|---|
| Қазақ қонағын құдайындай сыйлаған | |
| Қонақ күту – ғанибет | |
| Қонақ келсе- құт келеді | |

Дескриптор:
-қонақтың түрлерін табады;
- қанатты сөздерге түсініктеме береді;
- өз ойларын дәлелдейді;

**Қ.Б. Өзара бағалаудың"Бағдаршам" Жасыл түсі-өте жақсы,сары түсі-жақсы, қызыл түсі-әлі де жетілдіру керек.**

**Ж. 4-тапсырма.**

**"Еркін жазба"әдісі**

*Мәтіндегі негізгі ақпараттарды сақтай отырып, 50-60 сөзден тұратын жинақы мәтін жаз.*

| | |
|---|---|
| "Қазақтың қонақ күтуі" тақырыбындағы мәтінді түсініп оқып, негізгі ақпараттардан түсінгеніңді 5 сөйлеммен білдір.<br>Қазақтың қонақ күтуі<br>Қазақ халқы ежелден қонақ десе ішкен асын жерге қоятын халық. Үй иесі үйге келген кісіні танысын, танымасын "Құдайы қонақпын" десе болды жылы шыраймен қарсы алып отырған. Олар жол жүріп келе жатып ауылдың кез-келген үйіне түсіп, қонақ бола берген. Сондай-ақ, алыстан арнайы келген жақын, туыс, жолдас қонақтар да болады. Үй-үйді, ауыл-ауылды аралап, қыдырып жүретін қыдырма қонақтар да бар.<br>Қазақта қонақты дұрыс қарсыламаса, дәм таттырмаса ол ашуланып, жамандап кетеді. Қазақ үшін мұны есту ұят, бетке шіркеу болған. Сондықтан халқымыз қонақты қарсы алу мен шығарып салуға ерекше мән берген.<br>Үйге келген қонаққа үй иесі "төрлетіңіз", "қош келдіңіз", "құрметті қонағым бол" деген сөздерді айтып, қонақты өзіне баурап алады. Келген қонақтармен жөн сұрасқаннан кейін үй иесі қонағына ең жақсы тамақтарын беріп, риза етуге тырысады. Бұл адамдардың арасындағы сыйластықты, бір-біріне деген құрмет пен қамқорлықты, үй иесінің адамгершілігін, имандылығын көрсетеді.Үй иесіне риза болған қонақ «Рахмет», «Алғысым шексіз», «Тамаша», «Бәрекелді», «Құрметіңізге ризамын» деген сияқты сөздермен алғыс сезімін білдіреді.<br>Қазақта "қонақ келсе - құт келеді", «Қазақ қонағын құдайындай сыйлаған», «Қонақ күту-ғанибет» деген қанатты сөз де бар. Қазақ халқының осы қонақжайлылығы атадан балаға мұра болып қалатын ұлттық салт-дәстүрдің бірі. | |

Критерий:
- 50-60 сөзден тұратын мәтін құрайды;
- мәтіндегі негізгі ақпараттарды сақтайды;
- ой жүйелігін сақтайды;

**Қ.Б Өзара бағалау"Екі жұлдыз, бір ұсыныс"** Алдымен бір-бірінің жасаған ісіне екі мақтау сөз айтады,бұл жұмысты қалай жақсартуға болатыны жөнінде бағыт-бағдар беріп,бір

| | | |
|---|---|---|
| | ұсыныс айтады. | |
| **Сабақтың соңы:**<br>5 мин. | **Оқу мақсаттары мен бағалау критерийлеріне қайтаораламын.**<br>**Рефлексия. "Табыс таразысы"**<br>- Мен үшін  таныс немесе жеңіл ақпарат...<br>- Мен үшін ең маңызды және  күрделі  ақпарат...<br>(Стикерлерге жазып, таразыға жапсырады) |  |

## ЖЕМІСТЕР МЕН КӨКӨНІСТЕР

**Рахметова Н.У.**

| **Сабақ:** | ***Жемістер мен көкөністер*** | |
|---|---|---|
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні: Рахметова Назгуль Утегеновна** | |
| **Сынып:1**<br>**IV тоқсан** | **Қатысқандар:** | **Қатыспағандар:** |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | 1.1.3.1. Хабарламаны тыңдау және мұғалімнің көмегімен мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, сәйкес иллюстрация/заттық сурет/сызба таңдау;<br>1.4.2.1. Мұғалімнің көмегімен оқыған немесе тыңдаған /тыңдау-көру материалдары бойынша заттардың таныс атауларын жазу;<br>1.5.1.5.  Мұғалімнің көмегімен сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап құрастыру. | |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:** Хабарламаны тыңдау және күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздердің мағынасын түсінеді | |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Иллюстрация жасап, таныс сөздердің атауларын жазады. | |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:** Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап, мәтін құрастырады. | |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:** Сөздердің мағынасын түсінеді, оны  дұрыс айтады, сұраққа жауап береді. Оқушылар шағын мәтін құрастыра алады. | |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** ***жеміс, көкөніс, алма, алмұрт, қызанақ, қияр, дәрумен, банан, өрік, қатты, жұмсақ*** | |
| | **Диалог құруға/шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:** ***пайдалы дәрумен, қызыл алма, тәтті шырын, дәмді алмұрт*** | |
| **Бағалау критерийлері:** | • Күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздерді атайды, қажетті иллюстрацияны таңдай біледі.<br>• Жаңа сөздермен сөз тіркестерін құрастырады, тыңдаған/ оқыған материал туралы өзінің қарапайым пікірін (ұнайды /ұнамайды**)** саралайды. | |
| **Алдыңғы оқу**<br>**Топқа бөлу** | «Жеміс бағында» ойыны  (*алма, апельсин, банан* деп оқушыларды кезектестіре атап, топқа бөлу) | |
| **Басы** | • Мұғалімнің кіріспе сұрағы. ***«Миға шабуыл» әдісі***<br>• Алма, апельсин, банан деген сөздерді бір сөзбен қалай атаймыз?<br>• Тағы қандай жемістерді атай аламыз?<br>• Ал енді мына суреттегі нәрселер қалай аталады?(көкөністердің суреттері)<br>• Бейнеролик ***«Жемістер мен көкөністер»*** | |

| | |
|---|---|
| | • Тақтадағы сөздерді мұғалім оқиды, оқушылар қайталайды.<br>**Сабақтың оқу мақсатымен таныстыру.**<br>Оқу мақсатына сай табыс критерийлерін құру.<br>**Табыс критерийлері:** Күнделікті өмірде жаңа сөздерді қолданады, өз пікірін айта біледі.<br>**Дескрипторлар:**<br>- оқушылар сұрақтарға жауап береді;<br>-жаңа сөздердің мағынасын түсінеді;<br>-жаңа сөздерді қайталайды, айтады;<br>-сөйлемдер құрастырады. |
| **Ортасы** | **I .** Мәтінді оқушылар тыңдайды. (мұғалім өзі дауыстап оқиды)<br>*Мынау – бақша. Бақшада сәбіз, пияз, қызылша, қияр, қызанақ өседі.*<br>*Мынау – бақ. Бақта алма, алмұрт, өрік өседі.*<br>*Көкөністер мен жемістерде дәрумендер көп болады.*<br>**Дескриптор:** оқушылар мәтінді тыңдайды, таныс емес сөздерді тауып, астын сызады.<br>• **тапсырма.**Мәтіндегі таныс емес сөздерді табады, оны айтып жаттығады;<br>**Дескриптор:** оқушылар мәтіндегі жаңа сөздерді дұрыс айтады;<br>• **тапсырма.** Мұғалім: - Жемістер мен көкөністердің сынын білдіретін қандай сөздерді білеміз, балалар? М: Алма қандай? Пияз қандай?<br>**Дескриптор:** оқушылар қойылған сұрақтарға жауап береді.<br>**Сергіту сәті:**<br>Алма баққа барайық<br>Алма теріп алайық<br>Еңүлкеніндәмдісін<br>Анамызғасыйлайық<br>• **тапсырма.** Жемістер мен көкөністерге сипаттама беріп жаз. *(барлық оқушылар)*<br>*Алма - қызыл, дәмді.*<br>*Алмұрт - жасыл, жұмсақ.*<br>*Картоп - қоңыр, дәмді*<br>*Сәбіз - сарғыш, қатты*<br>**Дескриптор:** жемістер мен көкөністерге сипаттама беріп, дәптерлеріне жазады.<br>• **тапсырма**. Мұғалімнің көмегімен мәтін бойынша сөйлемдер құрайды<br>Алма бақта өседі. Сәбіз бақшада өседі. Т.с.с.<br>**Дескриптор:** оқушылар мәтіндегі жаңа сөздермен сөйлемдер құрайды. |
| **Соңы** | «Кім жылдам?» ойыны. Екі топ оқушылары себеттерге жемістер мен көкөністерді (суреттерін) бөліп салып, олар туралы айтып беру.<br>Жемістер І Ш<br>көкөністер<br><br>**Дискриптор:Себеттерге суреттерді орналастырып, І топ жемістер туралы, ІІ топ көкөністер туралы айтып береді.** |

| | | |
|---|---|---|
| |  **Бағалау: «Бағдаршам»**<br> | **Пәнаралық байланыс:**<br>АКТ, орыс тілі, дүниетану. |
| **Рефлексия:**<br>1. Сабақтың оқу мақсаттары қолжетімді болды ма?<br>2. Бүгін оқушылар не үйренді?<br>3. Оқыту ортасы қандай болды?<br>4. Менің бөліп оқытқаным өз мәнінде жүзеге асты ма?<br>5. Мен өз уақытымды тиімді пайдалана алдым ба?<br>6.Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен? | | **Рефлексия сұрақтарына жауап: Қорытынды бағалау.** |

## ҮЙСІЗ ЖАНУАРЛАРДЫ БІРГЕ ҚОРҒАЙЫҚ

**Машанова Г.К.**
*Жәнібек ауданы, Ғ.Абдуллин атындағы ОЖББМ*

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:**<br>4-бөлім, «Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі», № 5 сабақ | **Мектеп**: Жәнібек ауданы<br>Ғ.Абдуллин атындағы ОЖББМ КММ | |
| Күні: | **Мұғалімнің аты - жөні**: МАШАНОВА ГУЛЬСАРА КИСАШЕВНА | |
| **Сынып: 5** | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Үйсіз жануарларды бірге қорғайық | |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | 5Т\А1. Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау. | |
| **Сабақтың мақсаттары** | **<u>Барлық оқушылар орындай алады:</u>**<br>• Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжай алады; | |
| | **<u>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</u>**<br>• Тірек сөздердің мағынасын дұрыс қолданып, тақырыпқа сай ойын айта алады; | |
| | **<u>Кейбір оқушылар орындай алады:</u>**<br>• Тақырып бойынша өз ойларын тұжырымдап, қорытынды шығара алады; | |
| **Бағалау критерийлері** | **Білім алушы:**<br>• Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжай біледі;<br>• Тірек сөздерді мағынасына сай дұрыс қолданып, тақырыпқа сай ойын айта алады;<br>• Тақырып бойынша өз ойларын тұжырымдап, қорытынды айта алады. | |

| | |
|---|---|
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:** Тақырыпты болжауда өз ойларын айта алады. Үйсіз жануарлар туралы білгендерімен бөліседі. |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер**: Үйсіз жануарлар, қамқорлық, бағып күту, көмек, ерікті (волонтер) |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>• Сіз үйсіз жануарлардың мәселесі туралы не білесіз?<br>• Үйсіз жануарларды жиі көресіз бе ?<br>• Неге үйсіз жануарлар көбейді деп ойлайсыз? |
| **Құндылықтарға баулу** | Құрмет, ынтымақтастық, қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, ашықтық, еңбек және шығарма-шылық, өмір бойы білім алу, жалпыға бірдей еңбек қоғамы |
| **Пәнаралық байланыс** | Жаратылыстану және тарих, бейнелеу өнері, музыка |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжай алады. Жануарлар әлемі туралы түсініктері бар. |

## ТҰМАР ПАТШАЙЫМ

**Молдашева Р.М.**
*БҚО, Жәнібек ауданы «№1 мектеп-лицей» КММ*

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ: қазақ тілі** | Мектеп: БҚО Жәнібек ауданы Жәнібек ауылы «№1 мектеп-лицей» КММ | |
| **Күні:** | Мұғалімнің аты-жөні: Молдашева Роза Маратқызы | |
| **Сынып:** 5 Т2 | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспағандар: |
| **Бөлім атауы:** | **Көшпелілер мәдениеті** | |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Тұмар патшайым** | |
| **Жүзеге асатын оқу мақсаттары** | Шағын көлемді көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау (О5);<br>Шағын көлемді мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, соған сүйеніп баяндау (А4).<br>Жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу (Ж3). | |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар:** Мәтін мазмұнын түсіне отырып, Тұмар патшайымның кім екенін біледі.<br>**Көптеген оқушылар:** Сипаттау барысында көркемдегіш сөздерді қолданады.<br>**Кейбір оқушылар:** Мәтін мазмұнына жоспар құрады, жүйелі баяндайды. | |
| **Бағалау критерийлері** | Мәтіндегі ақпаратты көркемдегіш сөздермен сипаттайды.<br>Бірлескен әрекетте құрылған жоспар бойынша мәтінді әңгімелейді. | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар орындай алады:** Оқушылар сөздік қорларын кеңейтеді, өз ойын жүйелі жеткізуге дағдыланады. Сөздер мен сөз тіркестерін орынды қолдана алады. | |
| | **Пәнге қатысты сөздікқор мен терминдер:** патшайым, тарих, сақ тайпасы, Мидия, парсы, жорық, Ұлы дала, шайқас, әскер,қаһарман, кеменгер. | |
| | **Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:** қазақ халқының түп атасы, сақ тайпасының қызы, парсы патшасы Кир, жорыққа аттанады,<br>Менің ойымша, Тұмар патшайым өте..., Геродот кітабынба... | |
| | *Талқылауға арналған сұрақтар:* | |
| | • Тұмар патшайым елі үшін қандай ерлікке барды?<br>• Тұмар патшайымның ерлігінен қандай үлгі алуға болад ? | |

| | |
|---|---|
| | *Не себепті ... деп ойлайсыздар?*<br>*ишара:* |
| **Ойлау дағдысының деңгейі** | Білу,Түсіну, Қолдану |
| **Құндылықтар** | Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | Тұмар патшайым туралы аңыз<br>**Сұрақ-жауап әдісі арқылы өтілетін тақырыпқа келу**<br>• Әлем тарихында ерлікпен даңқы шыққан қандай әйел патшаларды білесің?<br>• Ел ішінде аты аңызға айналған қандай дана әйелдерді білесің?<br>• Қазақ халқының қандай ержүрек жауынгер қыздарын білесің? |
| | |

| Жоспарланатын уақыт | Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер | Дереккөз дер |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>2 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>2 мин | Қызығушылықты ояту.<br>**Сергіту сәті**<br>Қорамсаққа қол салып,<br>Қолға садақ аламыз.<br>Көздеп тұрып жамбыны,<br>Жебені тартып қаламыз.<br>Туған жерді қорғауға,<br>Қолға семсер аламыз.<br>Ел қорғаны болуға,<br>Әрдайым дайын тұрамыз.<br>Ержүрек батыр боламыз.<br>**Топқа бөлу.**<br>Сыныпты түрлі-түсті пазл-стикерлерге жазылған батыр, ержүрек, қаһарман сөздері арқылы топқа бөлу.<br>**«3 белгі арқылы тану» әдісі** арқылы оқушылар суреттен келесі ақпараттарды анықтап, айтады. (Суретке қарап сабақтың тақырыбын анықтайды)<br><br>• **белгі: әйел адам**<br>• **белгі: әскерлер**<br>• **белгі: бас иген уәзірлері**<br>Сіздің назарыңызды аудартқан үш нәрсені айтыңыз: әйел адам, ел билеуші, қол астында мыңдаған әскері бар, бір елдің | <br><br>Түрлі-түсті пазлдар<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Интербелсенді тақта<br><br>Слайд №1 |

| | | |
|---|---|---|
| | ханшайымы, жауына қатал, уәзірлер, елші жіберу, т.б.<br>• Әйел адам, ел билеуші, қол астында мыңдаған әскері болған, бір елдің ханшайымы атанған сақ тайпасының қызы кім туралы таныспақпыз? (Өткен сабақта Тұмар патшайым туралы аңызбен танысты.) Ол қалай бір елдің патшайымы атанған, қалай ел билеген? Ел билеуші патшайым қандай болады? (әділ, ержүрек, батыр)<br>- Ендеше, оқушылар біздер бүгін сақ патшайымы Тұмар патшайыммен танысамыз. Тұмар патшайым туралы мәліметті мәтіннен анықтаймыз. Тұмар патшайымның ерлігі туралы әңгімелейміз. Мәтіндегі жаңа сөздерді пайдалана отырып, кейіпкерді сипаттайтын, ерлік іс-әрекеттерін бейнелейтін боламыз. Мәтін желісі бойынша жоспар құрып, баяндаймыз. | |
| Сабақтың ортасы<br><br>5 мин<br><br>3 минут<br><br>4 мин | **1-тапсырма. «Ойлан. Жұптас. Бөліс»**<br>Оқушыларға мәтін беріледі. Алдымен жеке-жеке оқиды, жұбымен талқылайды, содан кейін топпен ой бөлісіп, бір-біріне түсінгендерін айтады.<br><br>**Тұмар патшайым**<br>Тұмар – біздің заманымызға дейінгі 570-520 жылдарда өмір сүрген. Ол – қазақ халқының түп атасы есептелетін сақ тайпасының қызы еді. Тарихта Томирис деген атпен белгілі. Сол кездегі Мидияның (парсы) атақты патшасы Кир көптеген елдерді жаулап алған еді. Ол сақтардың Ұлы даласына да шабуыл жасайды.<br>Бұл кезде сақтардың патшасы Тұмар болатын. Соғыс ұзаққа созылады. Ақырғы шайқасқа сақтардың әйелдері де, қыздары да қатысады. Парсы әскері ержүрек сақ әйелдерімен шайқасты күтпеген еді. Сақтар парсылардың әскерін толық қиратады.<br>Геродот өзінің кітабында Тұмардың айтқан сөзін келтіреді. «Басқа елдің бізге қажеті жоқ, бірақ біз өз даламызды ешкімге бермейміз», - депті қаһарман да кемеңгер Тұмар патшайым.<br>**Дескриптор:**<br>• Мәтінді түсініп оқиды.<br>• Тұмар патшайымның кім екенін таниды.<br>• Патриотизм ұғымын анықтайды.<br>**«Прожектор» әдісі. Сөздікпен жұмыс**<br> <br> | Оқулық материалы, Авторлары: С. Дүйсебаев, Г.Байтилеуова, А.Кошкари, Г.Боранбаева (Материалықшамдалып алынды.)<br><br>үлестірме материал<br><br>Интербелсенді тақта<br><br>Слайд №2 |

| | | |
|---|---|---|
| 10 мин | сақ тайпасы б.з.д. 1 мыңжылдықта Орта азия мен Қазақстан жерін мекен еткен ежелгі тайпа<br>племя<br>Мидия парсы елінің ежелгі атауы<br>древнее название страны персов<br>жорық жортуыл<br>Ұлы дала киелі мекен<br>Великая степь<br>ақырғы шайқас соңғы шайқас<br>последний бой<br>шабуыл жасайды соғыс ашады<br>нападают<br>қиратады қырғынға ұшыратады<br>уничтожает<br>қаһарман батыр<br>герой<br>кемеңгер ақылды, данышпан<br>гений<br>**Жұптық жұмыс. «Қарым-қатынас аймағы» әдісі**<br>Мына мінездемелердің қайсысы Тұмар патшайымға сай келеді.<br>Батыл, өжет, ел қамын ойлаған, ержүрек, тапқыр, қайсар, алғыр, айлакер, кемеңгер, қаһарман, өзімшіл, батыр, жауына қатал, әділ, қаһарман, ел қорғаны, жауынгер қыз.<br>**Дескриптор:**<br>• Сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді.<br>• Мәтін мазмұнына сай кейіпкердің мінезін сипаттайды.<br>• Тұмар патшайымға тән сипаттамаларды маңыздылығына қарай шеңбердің ішінен сыртына қарай орналастырады.<br>**Кері байланыс**<br><br>**«Бағдаршам» әдісі**<br>Оқушылардың бағдаршам түстерін көрсету арқылы тақырыпты қалай түсінгенін тексеремін.<br>Қызыл түс- Мен түсінбедім<br>Сары түс-Мен түсінгендеймін.<br>Жасыл түс- Мен түсіндім<br><br>**Топтық жұмыс.** Мына кестеге сүйене отырып, жоспар құрады. Жоспар бойынша әңгімелейді.<br>1-топ.<br>«Уақыт тізбегі» кестесі арқылы жоспар құрады.<br>Тұмар/ Кир/ Парсы әскері/ Сақтар/ Геродот кітабы<br>2-топ. Берілген сөздер мен сөз тіркестері арқылы жоспар құрады.<br>Б.з. д. 570-520 жылдар (өмір сүруі)<br>Тарихта (Томирис деген атпен танылуы)<br>Парсы патшасы Кир (шабуыл жасауы)<br>Ақырғы шайқас (сақ әйелдерінің де қатысуы)<br>Парсы әскері (жеңіліс табуы)<br>Геродоттың кітабында (Тұмар патшайымның сөзі)<br>3-топ. Берілген сурет арқылы жоспарлайды. | А 4 үлестірме материал<br><br>А 4 үлестірме материал<br><br>А4 |

<table>
<tr>
<td>10 мин<br><br>2 мин</td>
<td>Дескриптор:<br>• Мәтін мазмұнына жоспар құрады.<br>• Құрылған жоспарды «Уақыт тізбегі» кестесіне салып жүйелі баяндайды.<br>Кері байланыс.<br>«Баспалдақ» әдісі<br><br>Қызыл – келесі тапсырмаға дайынмын!<br>Жасыл – тапсырманы түсіндім<br>Сары - түсінбедім<br>«Модельдеу диктанты» әдісі арқылы саралау тапсырмасы орындалады.<br>• Қолдауды барынша қажет ететін оқушылар көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қояды<br>I. Тұмар патшайым – ..........сақ тайпасының қызы.<br>Сақтардың ......... даласына Кир шабуыл жасады.<br>Парсы әскері .............сақ әйелдерімен де шайқасты.<br>Сақтар парсылардың әскерін ............ қиратады.<br>Тұмар – ел қамын ойлаған ...............патшайым.<br>Керекті сөздер: Ұлы, ежелгі, қаһарман, толық, ержүрек<br>• Қолдауды орташа қажет ететін оқушылар сөйлемді жалғастырады.<br>II. Тұмар – қазақ халқының түп атасы ..............<br>Тарихта Томирис .............<br>Сол кездегі парсылардың атақты патшасы ...............<br>Бұл кезде сақтардың ..................<br>Парсы әскері ержүрек сақ әйелдерімен ................<br>(Тапсырманы орындап болғаннан кейін толық нұсқасы интерактивті тақтадан көрсетіледі)<br>Тұмар – қазақ халқының түп атасы есептелетін сақ тайпасының қызы еді.<br>Тарихта Томирис деген атпен белгілі.<br>Сол кездегі парсылардың атақты патшасы Кир көптеген елдерді жаулап алған еді.<br>Бұл кезде сақтардың патшасы Тұмар болатын.<br>Парсы әскері ержүрек сақ әйелдерімен шайқасты күтпеген еді.<br>• Қолдауды аз қажет ететін оқушылар берілген көркемдегіш сөздерді орынды қолдана отырып, сөйлемді толықтырып, сипаттап жазады.<br>III.
<table>
<tr><td>1 сөз</td><td>Тұмар патшайым – (ежелгі) сақ тайпасының қызы</td></tr>
<tr><td>2 сөз</td><td>Сақтардың (Ұлы) даласына Мидияның (атақты) патшасы Кир шабуыл жасайды.</td></tr>
</table>
</td>
<td>Үлестір ме материал<br><br>Интербел сенді тақта<br><br>Слайд №</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><td>3 сөз</td><td>(Ақырғы) шайқаста парсы әскері сақтың (ержүрек) әйелдерімен де, (жауынгер) қыздарымен де шайқасады.</td></tr>
<tr><td>4 сөз</td><td>(Қаһарман) сақ жауынгерлері (жеңіліп көрмеген) парсылардың (қатыгез) әскерін (толық) қиратады.</td></tr>
<tr><td>5 сөз</td><td>Менің ойымша, Тұмар патшайым өте (әділ, кемең батыл, ел қамын ойлаған, жауынгер) патшайым.</td></tr>
</table>
(Сөздер мен сөз тіркестері тақтада көрсетіліп тұрады)<br>
Ел қамын ойлаған, ержүрек, қаһарман, тарих, сақ тайпасы, Мидия, парсы патшасы, жорық, Ұлы дала, шайқас, ақырғы соғыс, әскер, қаһарман, кемеңгер, жауынгер, соғыс ашу, жерін кеңейту, әскери жорық, қазақ халқының түп атасы, сақ тайпасының қызы, парсы патшасы Кир, жорыққа аттанады, шабуыл жасайды, ерлігімен, толық қиратады, түгелдей қырғынға ұшыратады, жеңіліп көрмеген, қатыгез, жауына қатал;<br>
Менің ойымша, Тұмар патшайым өте..., Геродот кітабында..<br>
Дескриптор:
<ul>
<li>Көркемдегіш сөздердің мағынасын түсінеді.</li>
<li>Көркемдегіш сөздерді орынды пайдалана алады</li>
<li>Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтайды.</li>
<li>Сауатты жазады.</li>
</ul>
Кері байланыс. «Серпілген сауал» әдісі<br>
Тапсырманың толық нұсқасы интерактивті тақтадан көрсетіледі. Тапсырманың әр жерінен оқушылардың кез-келгеніне оқытамын. Оқыған сөйлемдері бойынша «Серпілген сауал» әдісі арқылы сұрақ қоямын.<br>
Мысалы,<br>
«Анель, Батырханның жауабы туралы сен не ойлайсың?»<br>
«Бекзат, Әсемнің жауабын барынша кеңейту үшін оны қалай дамытуға болады?»<br>
«Олжас, Тұмар патшайым елі үшін қандай ерлікке барды?»<br>
«Асланбек, Тұмар патшайымның сөзінен қандай үлгі алуға болады?»<br>
«Жұлдыз, естігеннің барлығын бір жауапқа қалай біріктіруге болады?»<br>
«Серпілген сауал» әдісі бойынша оқушылар мұғалім жетекшілігімен қойылып отырған сұрақтар арқылы бір-бірінің жауабына баға береді. Бірін-бірі тексереді, смайлик жапсыру арқылы бағалайды.
</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>2 мин</td>
<td>
Үйге тапсырма: «ПОПС» әдісі<br>
П – Менің ойымша, Тұмар патшайым.....<br>
О – Себебі мен оны былай түсіндіремін.........<br>
П – Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын........<br>
С – Қорыта келе, .............<br>
Рефлексия.
<table>
<tr><th>«+»</th><th>«-»</th><th>«мен үшін қызық»</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td colspan="3">Қосымша ақпарат</td></tr>
<tr><td>Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?</td><td>Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?</td><td>Пәнаралық байланыс<br>Қауіпсіздік ережелері<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)</td></tr>
<tr><td>Берілетін тапсырма, күтілетін нәтиже, қолдау, берілетін уақыт, қолданатын дерек көздеріне байланысты бөліп оқыту.<br>Топта бірлесіп оқыту.<br>Барлық оқушылар: Мәтін мазмұнын түсіне отырып, Тұмар патшайымның кім екенін біледі.<br>Көптеген оқушылар: Сипаттау барысында көркемдегіш сөздерді қолданады.<br>Кейбір оқушылар: Мәтін мазмұнына жоспар құрады, жүйелі баяндайды.<br>«Модельдеу диктанты» әдісі арқылы саралау тапсырмасы орындалады.<br>• Қолдауды көп қажет ететін оқушылар көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қояды.<br>• Қолдауды барынша қажет ететін оқушылар сөйлемді жалғастырады.<br>• Қолдауды аз қажет ететін оқушылар көркемдегіш сөздерді орынды қолдана отырып, сөйлемді сипаттап жазады.</td><td>Тапсырмалардың өзара байланысты болуына баса назар аударылады.<br><br>Жұмыс нәтижесі жетістік критерийлері арқылы бағаланады. «Бағдаршам», «Баспалдақ», «Серпілген сауал» әдістері, смайлик арқылы бағалау.</td><td>Пәнаралық байланыс – тарих<br>«Басқа елдің бізге қажеті жоқ, бірақ біз өз даламызды ешкімге бермейміз», - депті қаһарман да кемеңгер Тұмар патшайым.<br><br>Интерактивті тақта сабақ материалдарын демонстрациялау мақсатында қолданылады.</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ойлану<br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма?<br>Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды?<br>Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланғануақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен?</td><td colspan="2">Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ/оқу мақсаттары жүзеге асты. Оқушылар белсенділік танытты.<br>Оқу атмосферасы жағымды болды. Саралау принциптері жүзеге асты.</td></tr>
<tr><td colspan="3">Жалпы баға<br>Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?<br>1: таңдалған ресурс көздері<br>2: топтық жұмыс<br>Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?<br>1: жұптық жұмыс формасын қолдану<br>2: тірек сөздермен мәтінді қалпына келтіру<br>Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?</td></tr>
</table>

## СЫРТ КЕЛБЕТ ЖӘНЕ ӨМІР САЛТЫ

**Султангереева Г.У.**
*Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББМ*

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп: Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББМ | | |
| 8-бөлім. Адамның сыртқы келбеті мен мінезі.<br>Сабақ тақырыбы: Сырт келбет және өмір салты | | |
| Күні: | Мұғалімнің есімі: Султангереева Гулайым Урынгалиевна | |
| Сынып: 5 | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты** | О5.2.5.1. Мәтін мазмұнын түсінуге,нақты ақпараттарды анықтауға бағытталған сұрақтар құрастыру<br>ӘТН 5.4.4.3. Сын есімдердің, шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігін тану, сын есімді зат есім орнына қолдана білу | |
| **Сабақ мақсаттары:** | Барлық оқушылар: Оқылым мәтінін мазмұнына сай сұрақтар құрастырады, сын есімді табады.<br>Оқушылардың басым бөлігі: Нақты ақпараттарды анықтап, мәтіннен шырай түрлерін ажыратады.<br>Кейбір оқушылар: Сын есімдерді шырай түрлерінің көркемдік ерекшелігіне сай қолданады. | |
| **<u>Бағалау критерийлері:</u>** | Мәтіндегі нақты ақпараттарға сай сұрақтар құрастырады.<br>Сын есімнің шырай түрлерін анықтап, сын есімдерді зат есім орнына қолданады. | |
| **Тілдік мақсаттар** | Өз ойын еркін айта алады, сұрақтар құрастырады. | |
| | Сөздік қор мен терминдер: сырт келбет, өмір дағды,өмір салты,талғам,мінез | |
| | | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Мәдениеттілік, мінез сұлулығы | |
| **Пәнаралық байланыстар** | Өзін-өзі тану, бейнелеу өнері | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақта, слайд | |
| **Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім** | Адамның сырт-келбеті жайлы көркем шығарма үзінділері, суреттерде бейнеленген адамдардың түр-тұлғасын сипаттау, өмір сүру салты туралы түсініктері бар | |
| **Жоспар** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | Жоспарланған жаттығулар | |
| **Басталуы**<br>**5 мин** | **Ширату жаттығуы:**<br>«Автопортрет» сергіту сәті.<br>(Көрші суретін салу, зерделеу, бағалау, пікір айту).<br>Гүл түстері арқылы топқа бөлу<br>**Оқылым алды тапсырмасы.**<br>Тақтадағы суретке көңіл аударайық:<br>  <br>Сырт келбетіне қарап адамды бағалау дұрыс па?<br>Өмір салтының адамның сырт келбетіне әсері бар ма?<br>Адамның сыртқы келбеті мен мінезінде байланыс бар ма?<br>**Талдау сұрақтар арқылы сабақтың мақсаты анықталады**. | |

| | |
|---|---|
| **Ортасы**<br><br>**15 мин** | **Оқылым тапсырмасы.**<br>**«Ойлан,бірік,бөліс!» әдісі**<br>**ЖЖ**.<br>**1-тапсырма:**<br>Мәтінді түсініп оқы. Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтап алыңыз.<br>Анықталған ақпараттар негізінде 3 сұрақ құрастырыңыз<br>Адамның сыртқы келбеті мен киім киюі оның оның ішкі дүниесінен де хабар беріп тұратыны ертеден мәлім. Кез келген адамды бір көргенде-ақ оның көзі,қасы, беті, дене бітімі,қылығы, киім киісі саған әрқилы әсер етеді. Онымен танысып,әңгімелесіп,араласып кетпей тұрып-ақ, ол адам жөнінде өзіндік пікір де қалыптастырып үлгересің. Бұл- адамның сыртқы келбеті арқылы-ақ танып білу қасиеті.Әйтеуір ,адамның сыртқы келбеті бір қарағанда не сүйсіндіреді, не одан жирендіреді,тіпті, таң-тамаша қалдырады.<br>Адамның қадір-қасиеті мінез-құлқына қарай бағаланады десек те, оның талғамы мен өмір салтын сыртқы келбеті аңғартатыны анық. Кейде адамның сыртқы келбеті оның талай-тағдырына да әсер етеді. Өйткені адамның сыртқы келбеті тартымды болмаса, ішкі жан дүниесі көбімізді қызықтыра бермейтіні белгілі.<br>Бұл өмірде адамдардың жан дүниесін танып білудің ,әрқайсысынң сана-сезімімен санаса келіп, олардың жеке-дара өзгешеліктерін түсіне білудің маңызы айрықша. Ол,әрине, өзара қарым-қатынас жасау,сыйласу барысында анықталатын жайттар. Осы жерде мына мақал-мәтелдерді айта кеткен жөн.»Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен», «Жақсылыққа жақсылық- әр кісінің ісі, жамандыққа жақсылық- ер кісінің ісі»,»Жаяуға жол алыс» . Тек есте болатын бір жағдай, жеке адамның әртүрлі ерекшеліктерінің дамып, қалыптасуы оның өзі өмір сүріп отырған ортасына, ондағы қоғамдық қатынастарға да тәуелді. Бірте-бірте мүлде бөгде өмір салты қалыптасады.Соған қарамастан, адам тану бойынша зерттеу жүргізушілер адамның сыртқы кескін-келбеті, жүріс-тұрысы,сөйлесу,сәлемдесу әдебі арқылы –ақ оның қандай мінезді, ақыл-парасатының, ерік күшінің, белсенділігінің қаншалықты екенін аңғаруға болады деп есептейді.<br>«Кітапты қабына байланысты бағалама» деген сөздердің адамға қатысты да көп айтылатынын бәріміз білеміз. Алайда осы арада адамдардың пікірі екіге бөлінеді. Біреулері «сырт келбеттің ішкі әлемге еш қатысы жоқ» десе, екінші топтағылар «адамның сырт келбеті оның мінезін, ойын анықтайды» деп жатады. Адам баласы өмірге келгенде өзінің түрін, келбетін өзі таңдамайды. Бірақ өмір сүру барысында сырт келбетін дұрыс қалыптастырып, күтім жасауының арқасында бақыт құсын қолына қондырса, келбетінің кесірінен армандарын желге ұшырып алуы да әбден мүмкін.Сондықтан сыртқы келбетке аса мән берген жөн.Талғамды қашанда ақылға жүгіндіру қажет.<br>**Дескриптор**<br>-Мәтін мазмұнын оқиды және түсінеді<br>-Мәтіндегі нақты ақпараттарды анықтайды.<br>-Анықталған ақпараттарға қатысты 3 сұрақ құрастырады |

| | |
|---|---|
| **10 мин** | Back to AFL Tools<br>**Мадақтау сэндвичі** |

**1 бөлік** – позитивті комментарий, не ұнады;



**2 бөлік** – сындарлы сын, не нәрсені жақсарту керек;

**3 бөлік** – келешекке арналған комментарий: маған ұнады.

**2-тапсырма**:

**«Үш жақты күнделік» әдісі**

Мәтіннен сын есімдерді тауып жаз,асырмалы шырай,.салыстырмалы шырайдың –лау,-леу,-шыл,-шіл,-ғылт,-гілт жұрнақтарын жалғау арқылы түрлендіріп жаз, берілген  сын есімдерді зат есім орнына қолдан

| Сын есім | Шырай түрлері (салыстырмалы, асырмалы) айналдыру | Мәтіндегі белгіленген сын есімдерді зат есім орнына қолдану |
|---|---|---|
| | | |

**Саралау**: кейбір оқушыларға тапсырманы орындау барысында жан жақты әрі нақты көмек қажет болады.Бұл әдісті қолдану барысында сөзбен қолдау көрсету мен ынталандыру да маңызды рөл атқарады.

**ҚБ**. «Бағдаршам» әдісі.

| | |
|---|---|
| **Аяқталуы**<br><br>**5 мин**<br><br><br><br><br>**Кері байланыс.**<br><br>**5 мин** | **Оқылымнан кейінгі тапсырма.**<br>**«Бұл кім» әдісі**<br>**Ж.**<br>Сын есімдерді қолданып, парталас көршіңнің портретін сипаттап жаз.<br>**Бағалау критерийі.**<br>-Парталас көршісінің портретін жазады.<br>-Жазған жұмысынан сын есімдердің шырай түрлерін табады.<br>«Чемодандар» әдісі<br>Әр оқушыдан кезекпен өзімен бірге бүгінгі сабақтан қандай білім,білік,дағды алып кеткісі келетінін айтуларын сұрайды.Бұл сабақты қорытындылауға жақсы көмектеседі. |

## МЫҢ АЛҒЫС САҒАН, ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ!

**Бексейтова В. Н.,**
*Амангелді мектеп -балабақшасы*

| | |
|---|---|
| Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: 7<br>Мектеп: ЖОББ Амангелді мектеп -балабақшасы<br>**Қазақстандағы ұлттар достығы**<br>Күні: Сынып: 7<br>Мұғалімнің аты-жөні: Бексейтова Венера Насибуллаевна<br>Қатысқандар: Қатыспағандар: | |
| Сабақтың тақырыбы: | **Мың алғыс саған, қазақ халқы!** |
| Оқу мақсаты: | 7.2.2.1-әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты |

| | |
|---|---|
| | диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдау;<br>7.1.5.1-проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау; |
| Сабақтың мақсаты | А. Мәтінді тыңдайды, тақырыпқа байланысты тірек сөздер арқылы мәселені анықтайды;<br>В. Тыңдалған мәтіннен деректер келтіріп, дәлелді жауап береді;<br>С.Өз жауабын өзгенің жауабымен салыстырып, талқылайды. |
| Тілдік мақсаттар | Еліктеуіш сөздер |
| Құндылықтарға баулу | Сыйластық, ризашылық, алғыс құндылықтары жөнінде түсінік беру, сөздік қорын және тілдік дағдыларын қалыптастыру |
| Бағалау критерийі | • Көтерілген мәселе бойынша өз көзқарасын білдіреді;<br>• Тыңдалған мәтіннен деректер келтіріп, дәлелді жауап береді; |
| Пәнаралық байланыс | Өзін –өзі тану,әдебиет. |
| Тақырып бойынша алдыңғы оқу | Ұлт бірлігі, татулық, келісім туралы біледі. Сөз мағыныларын түсінеді. |

| Сабақ барысы | | |
|---|---|---|
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
| Сабақтың басы<br>**І Қызығу-Шылық ты ояту**<br><br>5 мин | **Шаттық шеңбері:** «Мен ....... алғыс білдіремін, өйткені...» (оқушылардың ойларын тыңдау)<br>- Алғыс сөзінің қандай синонимі бар? «Ризашылық». Ендеше, оқушылар, мен сендерді «Алғыс», «Ризашылық» деп, екі топқа біріктіремін.<br>- Қазақ халқының ұғымында неғұрлым көп алғыс алған адам бақытты болады дейді. “Алғыспен ер көгерер” деген мәтел соған мегзейді.<br>Әңгімелесу:<br>-Адам өзінің ризашылығын,алғысын қандай сөздермен білдіреді?<br>-Сендерге кім қандай жағдайда алғыс айтты?<br>-Өздерің қандай жағдайда алғыс айтып көрдіңдер?<br>(балалардың жауаптары тыңдалады)<br>Бүгін сабағымызда,балалар, «Алғыс айту» ұғымын үлкен масштабта қарастырамыз, себебі біздің сабағымыздың тақырыбы «Мың алғыс саған, қазақ халқы! деп аталады.<br>Сабақта тақырыпқа байланысты диалог құрастырасыңдар,тыңдалған мәтіннен деректер келтіріп, талқылайсыңдар, эссе құрылымын сақтап, тақырыпқа байланысты өз көзқарасыңызды білдіресіңіз. | |
| Сабақтың ортасы<br>**ІІ Мағына ны тану**<br><br>3 мин. | • Білу. Түсіну.<br>Тыңдалым алды тапсырмасы. «Ризашылық» және «Алғыс» сөздерінің мағынасын ашу.<br>-Ризашылық дегеніміз не?<br>- Алғыс дегенді қалай түсінесіңдер?<br>Ризашылық – адамның басқа адамнан көрген жақсылығы, көмегі, көңілі үшін қанағаттанушылық және алғыс білдірушілік сезімі.<br>Алғыс – адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай-ақ оның ойы мен іс-әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беруі.<br>• Талдау .<br>Тыңдалым кезіндегі тапсырма.<br>Мәтінді мұқият тыңдап, тірек сөздерді түртіп ал.<br>(Мәтінді мұғалім оқиды.)<br>2015 жылдың сәуір айында Қазақстан халқы Ассамблеясының | |

<table>
<tr><td>7 мин.</td><td>«Мәңгілік Ел: бір ел — бір тағдыр» тақырыбымен басталған XXII сессиясының ашылу салтанатында сөз сөйлей отырып, Нұрсұлтан Назарбаев халықтардың түгелдей жер аударылғанын еске алған еді. «Сталиндік режім кезіндегі әр жылдарда бүтіндей бір халықтар – 800 мыңға жуық неміс, 102 мың поляк, 550 мың Солтүстік Кавказ халықтарының өкілдері, 18,5 мың Қиыр Шығыстағы корей отбасылары қоныс аударды. Оларды вагондардан ашық далаға әкеліп түсірді. Ол кезде мұнда тек қазақтар ғана тұратын. Сондықтан қабылдаған да солар болды. Сөйтіп, өздері мұқтаждықта өмір сүріп жатқан қазақ отбасылары оларды өздерінің саман үйлерінде қабылдады.», – деген болатын Президентіміз.<br>«Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнінде — 1 наурызда, басқа уақытты қойса да болады — барлық ұлттың бір-біріне және осы адамдарды қабылдаған, аяушылық білдірген қазақтарға алғыс айту күні деп белгіленсе әділетті болар еді», — деді Қазақстан Президенті.</td><td>Мәтін</td></tr>
<tr><td>10 мин.</td><td>Тыңдалым кейінгі тапсырма. Қолдану<br>1. I топ: Тыңдалған ақпарат бойынша топта талқылап, тірек сөздерді пайдаланып, сызбаға түсіріңіз.<br>«4 сөйлем» әдісі<br>• Пікір<br>• Дәлел<br>• Мысал<br>• Қорытынды<br>II топ: Мәтіндегі бес негізгі ақпараттарды санамалап айтыңыз.<br>Біріншіден, ...<br>Екіншіден, ...<br>Үшіншіден, ...<br>Төртіншіден, ...<br>Бесіншіден, ...<br>ҚБ. «Үш шапалақ» әдісі арқылы топпен қолды шапалақтап мадақтау.<br>(1 шапалақ – орташа, 2 шапалақ – жақсы, 3 шапалақ – өте жақсы)<br>Дескриптор:<br>• Мәтінді мұқият тыңдайды;<br>• Тірек сөздерді түртіп алады;<br>• Маңызды ақпараттарды топтастырады;<br>I топ көшбасшысына тапсырма: Қазақстанды қолдау, «Мәңгілік Ел» идеясын іске асыру мақсатында қазақтың бойындағы 6 асыл қасиетті және сақтандыратын 6 кеселді жаз.<br><table><tr><td>Асыл қасиеттер</td><td>Кеселдер</td></tr><tr><td>Қонақжайлылық<br>Адамгершілік<br>Батырлық<br>Тапқырлық<br>Қайраттылық<br>Адалдық</td><td>Еріншектік<br>Жігерсіздік<br>Жалтақтық<br>Аңқаулық<br>Ынжықтық<br>Жасқаншақтық</td></tr></table>II топ көшбасшысына тапсырма: «Қазақстан» сөзінің әр әрпінен басталатын, патриоттық сезімге әсер ететін сөйлемдер жаз:<br>Қ – Құлпырған елім жасасын!<br>А – Азат ел – Қазақстан.<br>З – Зайырлы ел – Қазақстан.<br>А – Армандар орындалады.<br>Қ – Қуаныш пен шаттық орнаған ел – Қазақстан.</td><td>Топтық жұмыс Постер жасайды<br><br>«4 сөйлем» әдісі<br><br>«1-ден 5-ке дейін» әдісі<br><br>С оқушы сына</td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>7 мин.<br><br>Соңы<br>III Қоры-<br>тынды<br>5 мин</td>
<td>С – Салтанаты жарасқан ел – Қазақстан.<br>Т – Татулық бесігі – Қазақстан.<br>А – Алар биігі алда.<br>Н – Намысты бірінші орынға қоятын халық.<br>ҚБ: Саусақпен бағалау<br>2. «Достықтың Отаны – Қазақстан» тақырыбында диалог құру.<br>ҚБ: Топтық бағалау
<table>
<tr><th>Критерий</th><th>Дескриптор</th><th>Бағасы</th></tr>
<tr><td rowspan="2">Тақырыптың ашылуы</td><td>Толық ашылды</td><td></td></tr>
<tr><td>Жартылай ашылды</td><td></td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ереже</td><td>Меңгерілген</td><td></td></tr>
<tr><td>Толық меңгерілмеген</td><td></td></tr>
<tr><td rowspan="3">Оқушылардың сөйлеу мәдениеті</td><td>Өте жақсы</td><td></td></tr>
<tr><td>Жақсы</td><td></td></tr>
<tr><td>Қанағаттанарлық</td><td></td></tr>
</table>
3.Жинақтау<br>Кері байланыс<br>«Алғыс айту» күні туралы түсініктерін кластер арқылы көрсету:<br>Алғыс айту күні<br>ҚБ: Мұғалімнің қолпаштауы, мадақтауы.</td>
<td>тапсырмалар<br><br>Жұптық жұмыс</td>
</tr>
<tr>
<td>3мин.</td>
<td>YI Рефлексия:<br>Ризамын... (өзіңіз орындаған қай жұмысқа ризасыз?)<br>Ойланамын... (бүгінгі сабақ бойынша не туралы ойланасыз?)<br>Түзетемін... (бүгінгі орындаған тапсырмаңыз\ сабаққа қатысыңыз бойынша нені түзетесіз?)<br>ҚБ: Мұғалімнің бақылауы бойынша.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Үйге тапсырма</td>
<td>6-жаттығу. Эссе жазу</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?</td>
<td>Бағалау- оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</td>
<td>Пәнаралық байланыс; денсаулық және қауіпсіздік, АКТ мен байланыс, құндылықтармен байл</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | | аныс (тәрбие элементі) |
| Рефлексия | Өткізген сабақ туралы ойлану үшін төмендегі орынды пайдаланыңыз. | Сол жақтағы сіздің сабағыңызға қатысты сұрақтарға жауап беріңіз. |
| Жалпы бағалау<br>Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың бұдан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім? | | |

## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН

**Измагамбетова М.С.,**
*С.Жақсығұлов атындағы ЖОББМ*

| **Мектеп: С.Жақсығұлов атындағы ЖОББМ**<br>**Күні: Мұғалімнің аты-жөні: Измагамбетова Маншук Салимгереевна**<br>**Сынып: 5** | |
|---|---|
| **Бөлім атауы:** | Менің Тәуелсіз Қазақстаным. |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Тәуелсіз Қазақстан. |
| **Жүзеге асатын оқу мақсаттары** | Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу (5.О5.);<br>Тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синонимдері мен антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу (5.А1.);<br>Жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдарын қолданып жазу (5.Ж3.). |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар:** Қазақстан туралы біледі,мәтін мазмұнын түсінеді.<br>**Көптеген оқушылар:** Синоним, антоним, омонимді қолданып сөйлем құра алады, мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтайды.<br>**Кейбір оқушылар:** Жазба жұмыстарын жазуда бейнелеу құралдарын пайдаланып, ойын жеткізе алады. |
| **Бағалау критерийлері** | • Мәтіндегі ақпаратты түсінеді, сұраққа жауап береді.<br>• Мәтіндегі негізгі ақпаратқа қатысты тірек сөздердің антоним, синоним, омонимдерін анықтап, сөйлемде қолданады.<br>• Мәтін ақпараттарын жазба жұмыстарында қолданады. |
| **Тілдік мақсаттар** | • **Оқушылар орындай алады:** Мәтінді түсінеді, тірек сөздерді қолдана алады.<br>• **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** тәуелсіздік, рәміздер, бостандық, қыран, елтаңба, шаңырақ, еркіндік, мемлекеттік<br>**Жазуға арналған пайдалы тіркестер:** көп ұлтты , дамып келеді,болашағы зор, ЭКСПО-2017 |
| **Құндылықтарға баулу** | Қазақстанның тәуелсіздігі және Астана. Қазақстандықтардың патриоттық мақтанышы. |
| **Ойлау дағдысының деңгейі** | Білу, түсіну, қолдану |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақстан тарихы |
| **Тақырып бойынша** | Қазақстан туралы бұрынғы білімдерін еске түсіру, жаңа тақырыппен |

| | | |
|---|---|---|
| **алдыңғы білім** | байланыстыру мақсатында сұрақтар беріледі. | |
| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
| **Сабақтың басы**<br>**5 мин** | Сабаққа қызығушылығын ояту сәті. Психологиялық ахуал туғызу мақсатында «Жүректен жүрекке» тренингін өткіземін. Яғни оқушылар бір-біріне жылы лебізін білдіреді. Содан кейін топқа бөлінеді. Рәміздердің белгілерімен бөлінеді. Қағазға рәміздің белгілері жазылады, оқушылар соны табады. І-топ «Ту» ІІ-топ «Елтаңба» ІІІ-топ «Әнұран» | |
| **Сабақтың ортасы**<br>**25 мин** | **Білу. Түсіну**.<br>Топқа бөлінгеннен кейін сабақ тақырыбына сай шағын бейнеролик көрсетемін. Оқушыларға сұрақ қою арқылы сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтаймын.<br>Сабақ мақсаты айқындалған соң топтарға мәтін беріледі. Мәтінмен **«Ойлан. Бірік. Бөліс»** әдісі бойынша жұмыстанады.<br>**Қолдану. Мәтінмен жұмыс.**<br>Мәтінді оқиды, сөздік жұмысы жүргізіледі.<br>**Тәуелсіз Қазақстан.**<br>Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстан- көп ұлтты, егеменді, тәуелсіз мемлекет.<br>Оның жері кең-байтақ . Бұл мемлекет Еуразияның орталығында орналасқан. Қазақстанның табиғаты тамаша. Халқының саны 17 миллионнан асады.<br>Қазақстанның ұлан – байтақ даласында мол байлық бар,бұл-сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер,пайдалы қазбалар.<br>Біздің еліміздің өз рәміздері бар. Олар: ту, елтаңба, гимн. Қазақстанның бас қаласы және астанасы- Астана. Астана Сарыарқа даласында, Есілдің жағасында орналасқан. Еліміздің тұңғыш Президенті — Н.Ә.Назарбаев. Біз өз Отанымызды сүйеміз, мақтан етеміз.<br>**1. Тапсырма**<br>• Мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді:<br>— Қазақстан қандай мемлекет?<br>— Қазақстан қайда орналасқан?<br>— Халқының саны қанша?<br>— Қазақстан немен бай?<br>— Қазақстанның бас қаласы қандай қала?<br>— ҚР тұңғыш президенті кім?<br>**ҚБ"Жарайсыңдар!" мадақтау сөзін қолданамын 5б**<br>**2.Тапсырма**. **Әр топ "Қарым-қатынас аймағы" әдісі арқылы мәтіннен негізгі мәселені теріп жазады.**<br>**ҚБ" Топтар бір-бірін өзара бағалайды. 5б**<br>**3. Тапсырма. Деңгейлік тапсырмалар орындау: Мәтін бойынша сұрақтық жоспар құрастыру.**<br>**ІІІ- деңгей.**<br>- Қазақстан қандай мемлекет?<br>- Қазақстан Республикасының халқының саны қанша?<br>- Қазақстанның рәміздері?<br>- Қазақстанның тұңғыш президенті кім?<br><br>**ІІ – деңгей. Берілген сөздердің омоним, синоним, антонимдерін жазып, сөз тіркестерін құрайды.**<br>**Синоним** **Антоним** **Омоним**<br>Кең-байтақ- көп- сана- | You tybe Материалдары<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Қима қағаздар |

<table>
<tr><td></td><td>Отан- сирек- ас-<br>Тәуелсіз- мол- бас-<br>Тамаша- пайдалы- жаға-<br><br>III деңгей (шығармашылық деңгей)<br>Мәтіннен берілген сөйлемдерді толықтырып, сипаттап жеткізеді.<br>1.Берілген қосымша мәтінді оқып, таңысыңыз.<br>2. Мәтіндегі ақпаратты пайдаланып, Тәуелсіз Қазақстан туралы «Төрт сөйлем» әдісін орындаңыз.<br>3. Ұсынылатын сөз тіркестері: болашағы зор, көп ұлтты мемлекет, дамып келеді, ЭКСПО-2017<br>Дескриптор:<br>- Мәтінді түсінеді, сұрақ құрастыра алады..<br>- Антоним, синоним, омонимдерді табады. Тірек сөздерді қолданып сөйлем құрайды.<br>- Мәтіндегі ақпаратты қолданып, сипаттауда ойын еркін жеткізеді.</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы<br>10 мин</td><td>"Дара диаграмма" беріліп, оқушылар мәтін бойынша ақпаратты толықтырып шығады.<br>ҚБ: 5б</td><td></td></tr>
<tr><td>Рефлексия</td><td>Кері байланыс<br><table><tr><th>Сабақ</th><th>Мен сабақта</th><th>Қорытынды</th></tr><tr><td>Қызық</td><td>Жұмыс істедім</td><td>Материалды түсіндім</td></tr><tr><td>Қызықсыз</td><td>Демалдым</td><td>Білетінімнен де көп білдім</td></tr><tr><td>Енжарлық басым</td><td>Балаларға көмектестім</td><td>Түсінбедім</td></tr></table></td><td></td></tr>
<tr><td>Үй тапсырмасы</td><td>Мәтінді әңгімелеу, сөздік жаттау</td><td></td></tr>
<tr><td>Саралау-сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</td><td>Бағалау-Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</td><td>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</td></tr>
<tr><td>Қолдауды көп қажет ететін оқушылар:<br>Қолдауды аз қажет ететін оқушылар:<br>Қабілетті жоғары оқушылар</td><td></td><td></td></tr>
</table>

## ОТБАСЫЛЫҚ МЕРЕКЕЛЕРДІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

**Кошкарбаева К.С.**

| | |
|---|---|
| Бөлім атауы | Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер |
| Сыныбы: 5 | Мұғалімі: Кошкарбаева Кумсай Саниевна |
| Күні: 15.10.2018 ж. | 19.10.2017 ж. |
| Сабақтың тақырыбы | Отбасылық мерекелердің тәрбиелік мәні |
| Оқу мақсаттары | 5.Т/А1.Тірек сөздер мен иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау. |

| | |
|---|---|
| | 5.Ж3. Сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру. |
| Сабақтың мақсаты | Барлығы: көмекші құралдар арқылы тақырыпты болжайды. |
| | Көбі: суретке қарап, әңгіме құрастырады. |
| | Кейбірі: сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгімені әсерлі етіп құрастырады. |
| Күтілетін нәтижелер | Отбасылық мерекелер жайлы ақпарат береді, отбасылық мерекелердің тәрбиелік мәні мен маңызын сипаттайды. |
| Сабақтың түрі | Жаңа материалды меңгерту сабағы. |
| Пәнаралық байланыс | Музыка. Әдебиет. |
| Тілдік мақсат | Менің ойымша ...<br>Бұған дәлелел..<br>Сөздер мен сөз тіркестер:<br>Бесік жыры, ана тілегі ,қадамы құтты болсын, дәстүрлер, тәрбиелік мәні т.б. |
| Құндылықтар | Отбасылық құндылық, Қазақстандық патриотизм, өмір бойы білім алу |
| Алдыңғы білім | Мәтінді жоспарлауды біледі, отбасылық мерекелер туралы түсініктері бар. |
| Жоспар | |
| Ширату жаттығуы | «Ыстық алақан» |
| Топқа бөлу , тақырыпты болжау | |
| І Қызығушылықты ояту | «Бесік жыры» бейнебаяны |

1-тапсырма Т/А «Тұсау кесу» бейнебаяны
Тыңдалым алды тапсырмасы
Мәтінді тыңдап, тірек сөздерді теріп жазу
Дескрипторы: 1. Мәтінді мұқият тыңдайды
2. Тірек сөздерді теріп жазып алады.
3.Топта , топпен қорғайды.
Бағалау : бас бармақ
Айтылым тапсырмасы Төрт сөйлем әдісі
Пікір. Тыңдалым мәтіні бойынша ойыңды бір сөйлеммен жаз.
Дәлел. Өз пікіріңді бір сөйлеммен дәлелде.
Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтір.
Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды жаз.
Дескрипторы: 1. Жеке орындайды
2. Топта ақылдасады , түзейді.
3. Қорғайды.
Бағалау: бағдаршам
Саралау: мұғалім жетекшілігі
Жазылым алды тапсырмасы
Сұрыпталған себет
Дескрипторы:1. Суреттерді қарап шығып, тақырыпқа қатыстыларын ғана қалдырады.
2. Сол суреттің ішінен топпен ақылдасып сюжеті барын алып алдарына қояды.
Бағалау: Шапалақ
Жазылым тапсырмасы: ТЖ
Суретті мұқият қарап шығып, сюжеті бойынша мәтін құрайды.
Дескрипторы:1. Сюжет не туралы екенін анықтау.
2. Кіріспе, негізгі , қорытынды бөлімді сақтай отырып мәтін құрау.
3. Топта қарап шығу.
4. Қорғау
Бағалау: екі жұлдыз, бір тілек
Саралау: нұсқаулық берілген топшама

Жазылым соңы тапсырмасы: Редакциялау
«Маркер" әдісі
Дескрипторы:
-жазылған жазба жұмысын тексеру
-орфографиялық қателерін түзеу
-құрылымын тексеру
-рәсімделуін тексеру
**Оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне кері ораламын.**
**Үйге тапсырма**
**Шілдехна туралы жазып келу**
**Кері байланыс**
**Даналық ағашы**

## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АУА РАЙЫН БОЛЖАУЫ

**Макарова А.М.,**
*Оян орта мектебі*

| | | | |
|---|---|---|---|
| ҰМЖ 1-бөлім: Ауа райы және климаттық өзгерістер | | *Жалпы білім беретін Оян орта мектебі* | |
| Күні: | | Мұғалімнің есімі: Макарова Асылзада Мүсиргалиевна | |
| СЫНЫП: 7 | | Қатысқандар саны: | Қатыс пағанд ар |
| Сабақтың тақырыбы: Қазақ халқының ауа райын болжауы | | | |
| Сабаққа негізделген оқу мақсаты: 7.Т\А1.Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжау. | | | |

| | |
|---|---|
| Сабақ мақсаттары | Барлық оқушылар:<br>Мәтін үзінділерін тыңдай отырып, оқиғаның аяқталуын болжай алады.<br>Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. |
| | Оқушылардың басым бөлігі:<br>Ұсынылған материалдар арқылы тақырыпқа сай мәтін құрай алады.<br>Топтық жұмысты бірлесе орындайды. |
| | Кейбір оқушылар:<br>Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжай алады. Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. |
| Бағалау критерийі | Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады.<br>Тақырыпқа сай мәтін құрай алады. |
| Тілдік мақсат | Оқушылар орындай алады:<br>Тірек сөздерді орынды қолдана алады.<br>Пәнге қатысты сөздік қормен терминдер. Ғаламшар, ауа. |
| | Талқылауға арналған сұрақтар.<br>1)Сен ауа райын болжай аласыңба?<br>2)Қазақ халқының астрономиялық түсініктері жайлы не білесің? |
| | Ишара. Тербетіліп, шайқалып тұрған теректі сұлбалау. |
| Құндылықтар | Шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау; |
| Пәнаралық бай/с | Әдебиет,өзін-өзі тану, музыка, бейнелеу өнері. |
| Алдыңғы тақырып | Жұлдызжорамал, жеті қарақшы ұғымдары бұрыннан таныс. |

| Уақыт | Жоспарланған жаттығу түрлері | | Ресурс |
|---|---|---|---|
| Басы<br>5 минут | С. Тыңдалым алдындағы тапсырма.<br>1. «Пазл» әдісімен «Күз, қыс, көктем» суреттерін төрт бөлікке бөліп топқа бөлу. | | Суреттер қиынды-сы |

   

Ауа райы мен климаттық өзгерістерге байланысты құрастырған суреттерінен  оқушылар  өтілетін тақырыпқа болжау жасайды.
- Балалар, бұл суреттерде не бейнеленген ?
- Бұл суреттер арқылы бүгінгі өтілетін сабағымыздың тақырыбы қандай? Неге олай ойлайсыздар?
2.ҚБ. Мадақтау. Жарайсың! Өте тамаша!Керемет!

Ортасы

15 минут

3. Тыңдалым тапсырмасы.  ТЖ. *«Стоп, кадр» әдісі*
Дескриптор

| | |
|---|---|
| 1 | Аудиожазбаны зейін қойып тыңдау. |
| 2 | Ауа райы және климаттық өзгерістер *туралы*  айтылған ойды үзілген жерден жалғастырып, өз ойларымен дамытып айтады,   болжайды. |
| 3 | Мәтіндегі ойдың байланысын анықтайды |

Аудио-жазба

4. Тыңдалымнан кейінгі   тапсырма.
«Зымыран сұрақтар» әдісі. (ЖЖ)
1. Бұрын ауа райын ата-бабаларымыз алдын ала қалай болжаған?
2. Аспан әлемі туралы астрономиялық түсініктер дегенді қалай түсінесің? Неліктен?
3. Табиғат құбылысының айналып келуі заңдылық па?
4.Қазақ халқының тұрмыс- тіршілігі үшін ай жаңалануының алмасып отыруының маңызы  болған ба?
ҚБ. Смайликтер

Сұрақтар




5. ТЖ .Деңгейлік тапсырмалар.
(3 топтағы оқушылар өздерінің таңдаған бөлімдері бойынша жұмыстанады)
<u>І топ Оқулықтағы 6-тапсырма.</u>
Мәтінді талда. Төмендегі белгілермен  әр абзацты немесе сөйлемдерді белгіле. Өз ойларыңды қорытындылап жаз.

| «V» | «-» | «+» | «?» |
|---|---|---|---|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлағаныма қайшы,кереғар. | Мен үшін жаңа ақпарат | Келісе алмаймын, білгім келеді. |

Кесте

Слайд

Графика-лық кескінде-ме

15 минут

<u>ІІ топ  «Суреттер сөйлейді» әдісі</u>
Фотосуреттерге қарап отырып,  тақырыпқа сай мәтін  құру.

  




<u>ІІІ. "Балық  қаңқасы" әдісі.Мәтінді талдау.</u>
тірек сөздер

Тақырып    қорытынды ой

| | | |
|---|---|---|
| | дәлелдер<br><br>ҚБ. Бармақпен бағалау.<br>Дискриптор. Өз ойларын қорытындылап жаза алады.<br>Суреттер арқылы мәтін құрай алады.<br>Мәтіннен тірек сөздерді табады. | |
| Соңы<br>5 минут | «Лотерея барабаны» Оқушы тірек сөздерге жауап береді.<br>Рефлексия. «Бес саусақ» әдісі.<br>• Бүгін сабақта ең құнды нәрсе қандай болды?<br>• Мен бүгін сабақтан қандай білім мен тәжірибе алдым?<br>• Топта, жұпта қалай жұмыс жасадым?<br>• Сәл жетпей қалған тұстарың болды ма? |  |

## ТАУЛАР СЫРЫ

**Утешева Р.А.,**
*Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББМ*
*( Тасқала ауданы)*

| Сабақ тақырыбы: 3-бөлім: Таулар сыры<br>1-2 сабақ. Қазақстандағы қандай тауларды білесің? | | |
|---|---|---|
| **Күні 18.06.18 ж** | Мұғалімнің есімі Утешева Р.А | |
| **Сынып 6** | Қатысқандар саны | |
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты** | 6.1.3.1 - тұрмыстық - әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну;<br>6.2.6.1 - тірек сөздерге сүйеніп, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру;<br>6.5.1.3 - реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану; | |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** «Қазақстандағы қандай тауларды білесің?» сұрағына жауап бере алады, жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді;реттік, жинақтық сан есімдерді ажырата алады;<br>**Оқушылардың басым бөлігі:** тірек сөздерге сүйеніп « Қазақстан таулары» сюжетті суреттердің желісі бойынша сипаттап айта алады,сан есімдерді орынды қолдана алады;<br>**Кейбір оқушылар:** «Қазақстан таулары» туралы әңгіме құрастыра алады, реттік, жинақтық сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарында орынды қолдана алады; | |
| **<u>Бағалау критерийлері:</u> (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)** | Мәтіннен жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсінеді;<br>сан есімдерді ажыратады;<br>Суреттер бойынша әңгіме құрастырады, сипаттап айта алады, сан есімдерді орынды қолдана алады; | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Тілдік дағдылар:**Тыңдалым,айтылым**,**жазылым, | |
| | **Терминология:** шоқылы,тастақ,жоталары,нүктесі,биіктігі | |
| | **Сөз тіркестері:** шоқылы аласа таулар,тастақ таулар тізбегі,орташа биіктігі, | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Ортақ тарих,мәдениет,тіл | |
| **Пәнаралық байланыстар** | География (тау атаулары,дамуы,құрамы,зерттелуі),тарих (таулар шығу тарихы) | |
| **АКТ қолдану** | Интербелсенді тақта, бейнебаян. | |

<table>
<tr><td>дағдылары</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>Алдыңғы оқу/<br>Бастапқы білім</td><td colspan="2">Сан есімдерді ажыратады.Таудың не екенін біледі,таудың кейбір географияль<br>атауларын біледі</td></tr>
<tr><td colspan="3">Жоспар</td></tr>
<tr><td>Жоспарланған уақыт</td><td>Жоспарланған жаттығулар</td><td>Ресурста</td></tr>
<tr><td>Басталуы<br>5 мин</td><td>Ұйымдастыру кезеңі<br>1. Сәлемдесу<br>2. Психологиялық ахуал: «Күн сәулесі» әдісі арқылы сыныпта жағымды орта құрамын. Оқушылар шеңберге тұрып, бір-біріне бүгінгі күндеріне сәттілік тілейді.<br>«Миға шабуыл» әдісі арқылы оқушыларға сұрақтар қоямыз.<br>• Сен Қазақстанның қай аймағында тұрасың?<br>• Сен тұратын жерде тау бар ма? Ол қалай аталады?<br>• Қазақстанның қандай тауларын білесің?<br>(Осындай сұрақтар арқылы тақырыпты ашамыз.)</td><td>«Миға шабуыл»</td></tr>
<tr><td>Ортасы<br>5 мин<br><br>Бағалау критерийі:<br>Тыңдаған ақпаратты сұрақтар арқылы анықтайды, тау туралы тірек сөздерді қолданып, сипаттай алады.<br><br>15 мин<br><br>Бағалау критерийі:<br>Қазақстан Таулары суреттері туралы дәлелдейді.</td><td>• Тыңдалым алды жұмыс.<br>Сөздікпен жұмыс. Жаңа сөздерді тақтаға іліп, аудармасын стикерлерге жазып, жасырып қою, оқушылар сынып ішінен тауып, сәйкестендіріп жаңа сөздерді дауыстап айтып, бірнеше рет қайталайды,сөз тіркестерін құрастырады;<br>Шоқылы<br>Тастақ<br>Жоталары<br>Нүктесі<br>Биіктігі<br>шоқылы аласа таулар,тастақ таулар тізбегі,орташа биіктігі,<br>• Тыңдалым кезіндегі жұмыс.<br>• Бейнебаянды мұқият тыңдайды,қарайды.<br>1. Тыңдалым мәтіні не туралы?<br>2. Онда қай тауларға ерекше тоқталып өтті?<br>3. Қазақстанда қандай таулар бар?<br>Дескриптор:<br>• Бейнебаянды мұқият тыңдайды,қарайды.<br>• Қазақстанның тауларын атап көрсетеді,тақтадағы тірек сөздермен сипаттап айтады,сұрақтарға жауап береді.<br>• Сан есімдерді атайды.<br>Қалыптастырушы бағалау.<br>«Альтернативті тест» әдісі арқылы жұптар өзара жұмыстарын тексереді, тақтадағы дұрыс жауабымен салыстырады<br>
<table>
<tr><td>Сұрақ</td><td>иә</td><td>жоқ</td></tr>
<tr><td>• Сарыарқа таулары Орталық Қазақстанда орналасқан.<br>• Олар-ұсақ шоқылы биік таулар.<br>• Мағалжардың ең биік нүктесі-Боқтыбай тауы.<br>• Боқтыбай тауы биіктігі – 657 м</td><td>+<br><br>+<br>+</td><td>-</td></tr>
</table>
Тыңдалымнан кейінгі жұмыс.Т.Ж.<br>Тірек сөздерге сүйеніп «Қазақстан таулары» сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастырады,сан есімдерді орынды қолдана алады;</td><td>Интербел сенді такт<br><br>«Аль терна тивті тест<br></td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **10 мин** |  <br> <br><br>**Дескриптор:**<br>- 7-8 сөйлем жазу;<br>- тау табиғаттың бір бөлшегі екенін айтады;<br>- таулардың маңызын көрсетеді;<br>- Қазақстан таулары туралы нақты мәліметтер келтіреді;<br>**Қалыптастырушы бағалау.**<br>Екі жұлдыз, бір тілек. | |
| **Аяқталуы**<br>**4 мин**<br><br><br><br><br><br><br><br>**1 мин** | Бекіту.Алты жұпқа бөлініп,Қазақстанның<br>таулы аймақтары көрсетіл<br>ген картаға Сарыарқа,Мұғалжар,Маңғыстау,Алтай,<br>Тянь-Шань,Жоңғар Алатауларының<br>суреттерін жапсырыңдар.Ол таулар туралы білетіндеріңді айтыңыздар<br><br><br>**Қалыптастырушы бағалау.**<br>«ҚАҚ» - (Қосу,алу,қызығамын)<br>**Үй тапсырмасы:**<br>54 –бет ,7-8 –тапсырма | |

| | | |
|---|---|---|
| | **Рефлексия:** Өз миыңды суретте.Оқушылар мидың суретін дәптерге салады да,оны сабақ кезінде меңгерген білімдерін білдіретін сөздермен толтырады.<br> | |

| | |
|---|---|
| Қосымша ақпарат | |
| <u>Саралау</u> - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз? | |
| Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз? | |
| Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?<br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | |
| Қорытынды бағамдау | |
| Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1.<br>2.<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1.<br>2.<br>Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?<br>1.<br>2. | |

## ҚОНАҚ КҮТУ ДӘСТҮРІ

**Хаирмухамбетов К.А.,**
*Бірлік негізгі мектебі*

| | |
|---|---|
| Күні: 19.10.2018 жыл.<br>Мұғалімнің аты-жөні: Хаирмухамбетов Кобланды Айткулович | Мектеп: ЖББ Бірлік негізгі мектебі<br>Сынып: 5 «А» |
| Сабақтың тақырыбы: | Қонақ күту дәстүрі |
| Оқу мақсаттары: | 5.1.2.1. (Т/А) – әлеуметтік – тұрмыстық, әлеуметтік – мәдени, тақырыптарға байланысты диалог, монологтердегі көтерілген мәселені түсіндіру;<br>5.3.5.1. (Ж) – оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу. |
| Сабақ мақсаттары: | A) Мәтінді түсініп, сұрақтарға жауап береді;<br>B) Мақалға қатысты өз ойын айтады;<br>C) Жинақы мәтін құрастырады; |
| Бағалау критерийі: | Мәтін мазмұнын түсінеді;<br>Негізгі ақпаратты сақтай отырып, әңгіме құрастырады;<br>Ықшам мәтін жазады; |

| | | |
|---|---|---|
| Тілдік мақсаттар: | Қырықтың бірі қыдыр, құт, ырыс, мырза үй, сараң үй. | |
| Құндылықтар: | Қонақжайлылыққа тәрбиелеу;<br>Дәстүрді құрметтеу. | |
| Пәнаралық байланыс: | Тарих, әдебиет | |
| Алдыңғы білім: | Қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы біледі | |
| Сабақ кезеңдері | Тапсырмалар | Ресурстар |
| **Сабақтың басы:**<br><br>4-минут | Шаттық шеңберге шығайық ортаға балалар!<br>Дөңгеленіп тұрайық,<br>Керегені құрайық .<br>Уықтар болып иіліп,<br>Шаңыраққа киіліп,<br>Киіз үйді құрайық.<br>Міне, сіздермен біз үлкен киіз үйді құрдық. Осы киіз үй сияқты топтарымыздың қабырғалары мықты болып, шаңырағы биік болсын дегім келеді.<br>Сурет қимылдары арқылы «Құдайы қонақ», «Қыдырма қонақ», «Арнайы қонақ» болып топқа бөлінеді.<br>**«Ой қозғау» әдісі.**<br>- Оқушылар, қазақ отбасында бар тәттісімен жақсысын кімге сақтайды?<br>- Ендеше, бүгінгі сабақтың тақырыбы: «Қонақ күту»<br>- Сіз қонақты қалай күтесіз? | <br><br><br>«Ой қозғау» әдісі. |
| **Сабақтың ортасы:**<br>7-минут | Тыңдалым алдындағы тапсырма.<br>1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап беріңдер.<br>**Қонақ күту**<br>Қазақ халқы танымаса да, «Құдайы қонақпын» деген адамды қарсы алады. Жол жүріп келе жатқан адам кез келген ауылға, үйге келіп, қонақ бола береді. Қазақ халқында «Қырықтың бірі қыдыр» деген сөз бар. Бұл сөздің мағынасы: «Алланың жіберген сыйы қырық адаммен бірге келуі мүмкін». Сондықтан «Қонақпен бірге құт, ырыс келеді, қонақты қусаң, құт, ырыс кейін қашып кетеді» деген түсінік бар.<br>Қазақ үшін қонақты қарсы алмау, күтпеу – ұят. Қонақты қарсы алуға, шығарып салуға ерекше мән береді. Қонақ келгенде үй иесі алдынан шығып қарсы алып, есікті өзі ашып, үйге кіргізіп, өзі қонақтардан кейін кіріп, есікті жабуы керек. Бұл – қонақпен келген «Құт», «Ырыс» бірге кірсін дегені.<br>Қонақ күту – қазақ халқының ең жауапты ісі. Үй иесі оларды риза етуге тырысады. Ең алдымен, қонақтарға сусын (қымыз, шұбат) беріледі. Содан кейін шай ішіледі. Шайдан кейін қонақтардың көңілді отыруына үй иесі жағдай жасайды. Ауылдағы әнші, күйшілерді шақырып, қонақтардың көңілін көтереді. Қонақты жақсы қарсы алған үйді «Мырза үй», ал дұрыс қарсы алмаған үйді «Сараң» дейді. Осы дәстүр қазір де бар. Шетелден келген қонақтар «Қазақ халқы – қонақжай халық» деп бекер айтпайды.<br>(Ш.Бектұров)<br>2-тапсырма | Интерактивті тақта |

| | | |
|---|---|---|
| 6-минут<br><br>13-минут<br><br>7-минут | Берілген сұрақтарға жауап жаз.<br>(**«Көршіңе әңгімелеп бер»** әдісі арқылы сұрақтарды **жұппен** талқылайды)<br>- Қонақ күту туралы не білдіңдер?<br>- Қонақты қалай қарсы алып, қалай шығарып салу керек?<br>- «Мырза үй» дегенді қалай түсінесіз?<br>- «Сараң үй» дегенді қалай ұғынасыз?<br>- Қонақтарды қазақ қалай жіктеген?<br>Қонаққа байланысты қандай ырымдарды білесіңдер?<br>3-тапсырма<br>**I топ** Берілген тақырыпқа мәтін құра. (Оқушыларға сипаттама мәтінін құрау үшін «Қонақты қалай күтемін» деген тақырып беріледі.)<br>**II топ** Қонақ сөзіне қатысты мақалдар жазып, біреуінің мағынасын ашып жаз.<br>Құс жеткен жеріне қонар,<br>Қонақ қалаған үйіне қонар.<br>**III топ** Суреттерге қарап, әңгіме жазыңыз.<br>**ҚБ: Бағдаршам арқылы**<br>Дескриптор:<br>• Мақалдың мәнін ашып, түсіндіреді.<br>• Мәтіндегі негізгі ақпаратқа сүйеніп, жинақы мәтін құрайды.<br>• Отбасындағы қонақ күту дәстүрін әңгімелеп жазады.<br>4-тапсырма:<br>**«Жылдам дебат» әдісі**<br>1.Құдайы қонақты жақсы қарсы алу маңызды ма? (дұрыс/бұрыс) | «Көршіңе әңгімелеп бер» әдісі<br>ҚБ: Өзара бағалау<br>Мадақтау<br>Жарайсың!<br>Керемет!<br>**«Броундық қозғалыс» әдісі.**<br><br><br>**ҚБ: Бағдаршам арқылы**<br>ҚБ: Мұғалімнің бағалауы<br>ҚБ: Өзара бағалау |
| **Сабақтың соңы:**<br><br>2-минут | **«5+5+1» әдісі**<br>Сабақ тақырыбы бойынша<br>5 сөйлем жазады<br>5 сөзге қысқартады<br>Содан 1 сөз қалдырады.<br>Сабақтың түйіні шығады.<br>Ой бөлісу.<br>«Қонақ күту» дәстүрін сақтау маңызы қандай? | **«5+5+1» әдісі**<br>ҚБ: Мұғалімнің бағалауы.<br>Мадақтау,қошемет теу. |

| |
|---|
| |

*1-минут*



***Сабақ бойынша рефлексия***

*«Блоб ағашы»*
*Кері байланыс: Тапсырманы сәтті орындаған болсаң, берілген смайликтерді теректің жоғарына іліңіз.*
*Тапсырма орындау барысында бір қиындықтар болса, ортасына іліңіз.*
*Тапсырма орындау барысында мүлдем қиын болса теректің тамырына іліңіз*

**БЕСІККЕ САЛУ**

**Мухамбетжанова Г.А.,**
*Оян ЖОББМ*

| | | |
|---|---|---|
| САБАҚ: | Мектеп: Жалпы білім беретін Оян орта мектебі | |
| Күні: | Мұғалімніңаты-жөні: Мухамбетжанова Гульжан Амангельдиевна | |
| СЫНЫП: | Қатысқандар: 12 оқушы | Қатыспағандар: жоқ |
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы** | Отбасындағы дәстүрлер мен мерекелер | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Бесікке салу | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары** | **5 Т\А4** Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау | |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>Тірек сөздер мен ұсынылған суреттер бойынша тақырыпты болжайды | |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>Мәтіндегі негізгі ойды түсіндіреді, мәтіндегі ойды болжап, байланысын анықтайды | |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>Ақпараттық дерексөздермен жұмыстана біледі. Өзіндік пікірлерін нақты дәлеледермен қорытындылайды | |
| **Бағалау критерийі** | 1.Берілген суреттер мен бейнежазбаға қатысты тірек сөздер арқылы тақырыпты болжайды. | |
| **Тілдік мақсат** | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>*Бесік* - жас нәрестеге арналып жасалған, тербелмелі ағаш төсек.<br>*Түбек* - сәбиді бесікке бөлегенде, жаялығы былғанбас үшін бесіктің астын тесіп орнатқан киіз не басқа зат.<br>*Ағаш бесік*- нәрестені бөлеуге арналған ағаштан жасалған төсек<br>*Тыштырма*- шашуға әкелген құрт, май, бауырсақты уыстап алып бесіктің түбек байлайтын тесігінен өтетін дәм<br>*Аттың жалы*-бала шабандоз болсын, аттай жүйрік болсын деген ырым<br>*Бесікті алып қашу*- бүлдіршіннің ата-анасы кәдесыйларын бергенше баланы қайтармау салты | |

| | |
|---|---|
| **Құндылықтарға баулу** | Отбасындағы дәстүрлерді құрметтеу |
| **Пәнаралық байланыс** | этномәдениет , музыка |
| **Алдыңғыоқу:** | Оқушылар бесікке салу дәстүрі туралы біледі, тірек сөздер мен иллюстрациялар арқылы болжау дағдылары бар |

<table>
<tr><th colspan="3">Жоспар</th></tr>
<tr><th>Уақыты</th><th>Жоспарланған жаттығу түрлері</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr>
<td>Басы<br><br>минут<br><br><br><br>Ортасы</td>
<td>
Оқушыларды топқа бөлу.<br>
Шашу шашу. Оқушыларға шашылған шашуда бауырсақ, құрт, кәмпиттің біреуін алу ескертіледі. Алған шашуларына қарап оқушылар 3 топқа бөлінеді.<br>
• Неліктен бүгінгі сабақ шашу шашудан басталды деп ойлайсыңдар?<br>
Иллистрациялық суреттер ұсыну. «Ой қозғау»<br>
  <br>
Бала- өмірдің жалғасы    Әже әлдиі.    Бесік тербеткен ана.<br>
Бұл суреттерде қандай отбасылық мерекелер бейнеленген? Бұл суреттерді не байланыстырады? Тақырыптың не туралы болатынын болжаңдар? Неліктен олай болжап отырсыңдар? Берілген тірек сөздер тақырыпты ашуға көмектесті ме?<br>
Ендеше бүгінгі жаңа тақырыбымыз «Бесікке салу»<br>
<br>
<u>Мадақтау.</u> Жарайды тақырыпты ашуға жақсы атсалыстыңыздар. Қол шапалақтау.<br>
<u>1-тапсырма «ББҮ»</u> жеке жұмыс<br>
<table>
<tr><th>Білемін</th><th>Білгім келеді</th><th>Үйрендім</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>
Бесікке салу дәстүрі туралы бейнежазба көрсетіледі.<br>
2-тапсырма «Стоп, кадр» әдісі<br>
Тақырып туралы болжамын жалғастыру. Топпен жұмыс.<br>
Дескриптор
<table>
<tr><td>1</td><td>«Бесікке салу салты» бейнежазбасын зейін қойып тыңдау</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Бесікке салу дәстүрі туралы айтылған ойды үзілген жерден жалғастырып айту, болжау.</td></tr>
<tr><td>3</td><td>Мәтіндегі ойдың байланысын анықтайды</td></tr>
</table>
<br>
Бесікке салу салты (бейнежазбаның мәтіні)<br>
Бала - өмірдің жалғасы. Жас нәрестенің дүниеге келуі отбасы мүшелеріне үлкен қуаныш.Туылған баланың кіндігі түске соң бесікке салады. Халқымыз қастерлеген бесіктің ең алдымен баланың тазалығына, аяқ-қолы мен денесінің түзу болып қалыптасуына тигізер пайдасы орасан....(стоп) Бесікке сәбиді кім
</td>
<td>
Бауырсақ<br>Құрт<br>Кәмпит<br>
<br>
<br>
<br>
<br>


</td>
</tr>
</table>

**салады және түрлі ырымдарды неліктен жасайды?**
Нағашы әжелері әкелген бесікке әулет әжелері ерекше ықыласпен қарап, оның жөн-жоралғысын жасаған. Мыс: Оңба оң (айна,тарақ т.б.) Нәрестені бесікке салмас бұрын «тыштырма» жасалады. (стоп) **Тыштырма деген не, оны қалай үлестіреді?**
Тәттілерді түбектің ойығынан салып бесік астынан уыстап алынған тыштырмаларды жас бүлдіршіндерге таратады.
Кәрі жіліктен жасалаған шүмек баланың тазалыққа үйреніп, баланың төсегін былғамауына және ұзақ ұйықтауына жағдай жасалынады.Сәбиді ақ мамығына жатқызған соң(стоп) **Бесікктің үстіне нелерді жабады?** өз атасының шапанын , жібек маталар, ат әбзелдері мен әкесінің зерлі белбауы секілді заттарды бесік үстіне жабады. Аттың жалы бесіктің аяқ жағына қойылады. Балаңыз шабандоз болсын, аттай жүйрік болсын деп тілеген. Қазақ мұрагерімнің болашағы мықты болсын деген ниетпен түрлі дәстүрлерді ұстанған. Баланы бесікке салған аналар (стоп) **Неліктен түрлі жоралғылар жасайды?** «бесікті алып қашу» салтын жасаған. Ілгеріде әжелеріміз немерелерін бесіктің үстіне мініп Қаратаудың басына алып қашып кетекен екен. «Мен де сол Қаратаудың басына қарай алып қашып барамын, сатып алыңдар» ,- деген екен. Сол кезде бүлдіршіннің ата-анасы кәдесыйларын беріп баланы қайтарып алған.
Бесік өмірге жаңа келген сәбидің ақ отауы. Қазақ балалары бесік жырын тыңдап өскен. (стоп) **Қандай бесік жырларын білесіңдер?** Бесік жыры арқылы көркем мінезді қалыптастырып ұлттық құндылықты бойына сіңірген.
Бесік көшпелі өмірге өте қолайлы болғандықтан бабаларымыз баласын ағаш бесікке салып өсірген. Қазақтың туған жерді алтын бесікке теңеуі бесікті ардақтаудан шыққан.

**Қалыптастырушы бағалау.** ***Смайлик***

Тапсырма қалай орындалды

| Тақырып туралы көп мәлімет біледі, ойы сәйкес келді | Берілген жауаптар түсініксіздеу болды. | Толықтыру керек |
|---|---|---|
|  |  |  |

**https://www. youtube.....**

**\Бесікке салу салты — Яндекс.Видео _files**



**Соңы**

**минут**

***3-тапсырма . Түсініктеме күнделігі*** немесе «Сөздік гол»

«Бесікке салу» мәтінін әр топқа мағынасы түсініксіз 1 сөздің мағынасын жазу www.Kitap.kz сайтындағы «Сөздік» айдарынан іздеп тауып мағынасын түсіндіріңдер.

Жеке жұмыс

**Дескриптор**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Тыңдалған мәтіннен алынған сөйлемдегі қарамен жазылған сөздің мағынасы туралы өз түсініктерін жазу | |
| 2 | Сөздікте берілген сол сөздің анықтамасымен салыстыру | |
| 3 | Ақпараттық дерексөздермен жұмыстана біледі | |

| Тыңдалған мәтінде | Түсініксіз сөз | Менің түсінігім | Сөздікте |
|---|---|---|---|
| | | | |

www.Kitap.kz

| | | | |
|---|---|---|---|
| Тәттілерді **түбектің** ойығынан салып бесік астынан уыстап алынған тыштырмаларды жас бүлдіршіндерге таратады | **түбек** | | Сәбиді бесікк бөлегенде, жаялығы былғанбас үш бесіктің асты тесіп орнатқа киіз не басқа зат. |
| Кәрі жіліктен жасалған **шүмек** баланың тазалыққа үйреніп, баланың бесігін былғамауына және ұзақ ұйықтауына жағдай жасалады | **шүмек** | | бесіктегі сәбидің кіші дәретін түбек ағызатын қойдың асық жілігінен жасалған түтікше. |
| Нәрестені бесікке салмас бұрын **«тыштырма»** жасалады | **Тыштырма** | | Шашуға әкел құрт, май, бауырсақты уыстап алып бесіктің түбе байлайтын тесігінен өтет дәм |

**Қалыптастырушы бағалау. Өзін-өзі бағалау.Әркім өзінің жұмысын слайдта жазылған жауаппен тексереді.**
**Басбармақпен бағалау**
Сөздікпен сәйкес келсе- өте жақсы
Сәл ауытқушылық болса – жақсы
Мүлдем ауытқушылық болса - орташа




**Кері байланыс минут**



**«ББҮ» әдісі**

| **Білемін** | **Білгім келеді** | **Үйрендім** |
|---|---|---|
| | | |

| Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз? | Бағалау- оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | Пәнаралық байланыс; денсаулық және қауіпсіздік, АКТмен байланыс, құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі) |
|---|---|---|
| *Жұмыстың барлық түрінде оқушылардың қабілеті мен тілдік деңгейлері ескерілді* | *Тапсырмалардың өзара байланысты болуына баса назар аударылады.* Жұмыс нәтижесі жетістік критерийлері арқылы бағаланады | |

| | | |
|---|---|---|
| Рефлексия | Өткізген сабақ туралы ойлану үшін төмендегі орынды пайдаланыңыз. | Сол жақтағы сіздің сабағыңызға қатысты сұрақтарға жауап беріңіз. |
| **Жалпы бағалау**<br>Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың бұдан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1:<br>2:Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат білдім? | | |

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЛИМАТТЫҚ АЙМАҚТАР

**Алтаева У.М.,**
*Бөрлі ауданы Ақсай қ. №7 ЖББОМ*

| | |
|---|---|
| **Пәні:** Қазақ тілі | **Мектеп:** Бөрлі ауданы Ақсай қ.№7 ЖББОМ |
| **Сынып:** 7 | **Мұғалімнің аты-жөні:** Алтаева Умит Мусагалиевна |
| **Бөлім 1** | **Ауа райы және климаттық өзгерістер** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Қазақстандағы климаттық аймақтар |
| **Оқу бағдарламасына сілтеме** | 7.2.5.1. Оқылым Мәтін бойынша сұрақтар құрастыра білу<br>7.3.5.1. Жазылым Оқылым және тыңдалым материалдары негізінде жинақы мәтін (компрессия) жазу |
| **Оқу мақсаттары** | 7.2.5.1 - мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру<br>7.3.5.1 -оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** Берілген мәтіндерге талдау жасайды<br>**Оқушылардың басым бөлігі:**Синоним сөздердің мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдана алады.<br>**Кейбір оқушылар:** Тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазады. |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу, түсіну, қолдану |
| **Бағалау критерийлері** | *Мәтін бойынш проблеманы анықтайды<br>*Проблемалық сұрақтар құрастырады<br>*Тірек сөздер мен сөз тіркестерін синоним сөздерге ауыстырады<br>*Синонимдік қатарды қолданып, мәтін жазады. |
| **Бөрлі ауданыҚұндылықтарды дарыту** | Құрметтеу: оқушылардың топтық және өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіре отырып, бір-біріне құрметпен карауға шақыру;<br>Тәрбие: ата-ана қадірін, отбасы қадірін түсіну. |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақстан тарихы, этнография |
| **АКТ-ны қолдану** | Интербелсенді тақта |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | Ауа райы және климаттық өзгерістер |

**Жоспар**

| **Жоспарланатын уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер** | **Дереккөздер** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>5 минут | ***Сәлемдесу***<br>**Қызығушылықты ояту/Топқа бөлу** | Үлестірме қағаздар |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы**<br>15 минут<br><br><br>12 минут | **1-тапсырма**<br>Мәтіндегі көтерілген басты мәселені анықтап, екі-үш проблемалық сұрақ дайындаңыз<br>Дескриптор *Білім алушы*<br>*Мәтіннен көтерілген мәселені анықтайды.<br>*Проблемалық сұрақтар құрастырады<br><br>Көтерілген мәселені айқындайтын сөйлем / Проблемалық сұрақтар<br>Қазақ халқы ертеден-ақ ауа-райын бақылаудың қарапайым әдіс-тәсілдерін білген. / Қазіргі таңда ауа райын болжау туралы ата-әжелеріміз бен ата-анамыз қаншалықты болжай алады?<br><br>**2-тапсырма**<br>**Мәтіндегі негізгі ақпараттарды іріктеп, синонимдік қатарларды өзгертіп, мәтінді ықшамдаңыз**<br>**Дескриптор** *Білім алушы*<br>*Мәтіндегі негізгі ақпараттарды табады<br>*Синонимдік қатарларды ажыратады<br>*Мәтінді ықшамдап қайта жазады. | Слайд |
| **Сабақтың соңы**<br>8 минут | **Сабақты қорытындылау** | |
| 5 минут | Не білдім?<br>Не үйрендім?<br>Нені білгім келеді? деген сұрақтарға жауап беру арқылы кері байланыс береді. | |
| **Бағалау** | Бағалау критерийлері бойынша бағалау | |

## ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ҮЛКЕН ӨНЕР

**Тұрсынғали Л.Қ.,**
*№7 ЖОББМ*
*(Бөрлі ауданы, Ақсай қ.)*

| | |
|---|---|
| **Пәні:** Қазақ тілі | Мектеп: Бөрлі ауданы, Ақсай қ. №7 ЖОББМ |
| **Сынып:** 7 | Мұғалімнің аты-жөні: Тұрсынғали Любовь Құттығұлқызы |
| **Бөлім 3** | Денсаулық – зор байлық |
| **Сабақтың тақырыбы** | Денсаулықты сақтау үлкен өнер |
| **Оқу бағдарламасына сілтеме** | **7.3.2.1. Жазылым Әр түрлі жанрда мәтіндер құрастыру**<br>**7. 4.3.1.ӘТН: Лексикалық норма** |
| **Оқу мақсаттары** | **7.3.2.1**- жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, нұсқаулық құрастырып жазу 7.4.3.1- фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолдану |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазады.<br>**Оқушылардың басым бөлігі:** Қолданылған тілдік құралдардың ерекшеліктерін ажыратады<br>**Кейбір оқушылар:** Көркемдегіш құралдарды қатысытырып, әр түрлі жанрда мәтіндер құрастырып жаза алады. |
| **Ойлау дағдыларының** | Білу, түсіну, қолдану |

| | |
|---|---|
| **деңгейі** | |
| **Бағалау критерийлері** | Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай құрылымын сақтай отырып, шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жаза алады..<br>*Көркемдегіш құралдарды мәтіннің стильдік ерекшелігіне сай қолданады.<br>*Фразееологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшелігін түсініп қолданады. |
| **Құндылықтарды дарыту** | Құрметтеу: оқушылардың топтық және өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіре отырып, бір-біріне құрметпен қарауға шақыру;<br>Тәрбие: ата-ана қадірін, отбасы қадірін түсіну. |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақстан тарихы, этнография |
| **АКТ-ны қолдану** | Интербелсенді тақта |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | Ауа райы және климаттық өзгерістер |

**Жоспар**

| **Жоспарланатын уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер** | **Дереккөздер** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>5 минут | ***Сәлемдесу***<br>**Қызығушылықты ояту/Топқа бөлу**<br>**Тапсырма алды жұмыстар:**<br>«Денсаулық» тақырыбына байланысты алдын ала берілген тапсырма бойынша үй жұмысы тексеріледі. 3 тапсырманың біреуін орындайды.<br>1. Мектептегі мұғалімдерден, сыныптағы оқушылардан ,ата-ана, аға, әпкең, көршілеріңнен сауалнама алу, сұхбат жүргізу. Сұхбатты бейнежазбаға түсіруге де болады. (көлемі: 3 сұрақтан) (С деңгейлі тапсырма).<br>2. Дереккөздерінен тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдер, қанатты сөздер, фразалар жазу; (В деңгейлі тапсырма)<br>3. Ақпарат көздерінен танымал қайраткерлердің, спортшылардың тақырып бойынша түрлі көзқарастары мен пікірлерін жинау.( Адеңгейлі тапсырма)<br>Топтағы оқушылар бір-бірін тексереді, ең жақсы деп бағалаған 2 жұмыс тексеріледі. Қалған жұмыстар жинап алынады. | Үлестірме қағаздар |
| **Сабақтың ортасы**<br>15 минут<br><br>12 минут | **1-тапсырма (56-бет)**<br>**Мәтінді оқып, негізгі ақпаратты іріктеп, жоспар құру.**<br>**Дескриптор** Білім алушы<br>*Мәтін бойынша негізгі ақпаратты ажыратады.<br>*Жоспар құрады.<br>**2-тапсырма**<br>**Төмендегі тақырып бойынша шағын мақала жазыңыз. Сөз саны – 250-300**<br>«Бірінші байлық – денсаулық» тақырыбындашағын мақала жазыңыз.<br>Кез келген елдің болашағы – оның халқының денсаулығына байланысты екендігі – дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Өз денсаулығына деген жауапкершілік сезімін қалыптастыру – баршаның борышы.<br>**Дескритпор** Білім алушы<br>*Мақаланың жанрлық және стильдік ерекшеліктерін сақтайды.<br>*Көркемдегіш құралдарды сақтайды.<br>*Мақаланы тақырыпқа сай жазады. | Слайд |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br>8 минут | Сабақты қорытындылау<br>Кері байланыс:<br><br> | |
| 5 минут | **Ү/Т:** Денсаулықтың нығаюына әсер ететін дәрумендер туралы мәліметтер жинау | |
| **Бағалау** | Бағалау критерийлері бойынша бағалау | |

## АЙ МЕН КҮН

**Жантасова Г.Х.**,
*Григорьев жалпы орта білім береін мектебі*

| **Қазақ тілі** | | |
|---|---|---|
| **Бөлімі** | Аспан әлемінің құпиялары | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | Ай мен күн | |
| **Мерзімі:** | Мұғалімнің аты-жөні: Жантасова Г.Х. | |
| **Мектеп** | КММ Григорьев жалпы орта білім береін мектебі | |
| **Сыныбы: 5** | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспағандар: |
| **Сабақтың оқу мақсаттары:** | *Сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру(5Ж3)*<br>*Мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзету және редакциялау(5Ж6)*<br>**Бағалау критерийі:**<br>-сурет бойынша мәтін құрайды.<br>-мәтіндегі орфографиялық нормаға сай жазылмаған сөздер мен сөз тіркестерін анықтайды.<br>-Анықталған қателерді сөздіктерге сүйеніп, түзетеді. | |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар орындай алады:** | |
| | Сурет бойынша мәтін құрайды. | |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** | |
| | Мәтіндегі орфографиялық нормаға сай жазылмаған сөздер мен сөз тіркестерін анықтайды. | |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:** | |
| | Анықталған қателерді сөздіктерге сүйеніп, түзетеді. | |
| **Алдыңғы оқу** | Жер кіндігі | |

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекеттер** | **Дерек көздері** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>3мин<br><br>4мин | Ұйымдастыру. Жұпқа бөлу.Суреттер бойынша жұпқа бөлінеді.<br>1. "Ай" тобы<br>2. "Күн"тобы<br>**Жазылым алдындағы тапсырма ЖЖ**<br>***Сипаттамалық жазба***<br>  | https://www.google.kz/search?<br><br>Суреттер |

<table>
<tr>
<td>5 мин<br><br>10 мин<br><br>10 мин<br><br>5 мин<br><br>3 мин</td>
<td>




<br>-Бұл суреттерден қандай ерекшелік байқадыңдар?<br>
-Ай мен күннің айырмашылығы қандай?<br>
- Ай мен күн неге қатар тұрмайды?<br>
«Сүзгі» әдісі арқылы талқылайды.<br><br>
Жазылым кезіндегі тапсырмалар ЖЖ<br>
Тірек сөздер тақтаға жазылады.<br>
Күн тұтылады, жер серігі, аспан әлемі<br>
Сурет бойынша мәтін жазады.<br>
Тапсырманың дескрипторы:<br>
-Тірек сөздер мен сөздерді орынды қолданады.<br>
-Мәтінге ат қояды.<br>
-Сурет желісі бойынша мәтін құрайды.<br>
Кері байланыс: Өзара бағалау.Екі жұп бір-бірінің мәтінін дескриптор арқылы бағалайды.<br>
Жазылымнан кейінгі тапсырма Ж<br>
Орфографиялық нормаға сәйкес мәтінді түзетіп, редакциялаңыз.<br>
Күн неге батад және шығад? Бірақ, шындығында, күм батпайт және шықпайд. Ол Жермен салыстырғанда қозғалмайды. Жер өз білігінен сағап тіліпе қарама – ғарсы бағытқа айпалу арқылы Күнге біресе бір жағымеп біресе екінші жағымен қарайд.<br>
Ай, Күм мен Жердің арасынан өткен кезде Күннің бетін көлеңкелейді. Бұл Күннің тұтылуы деп аталады.Әдетте, Жердің көпшүлік бөлігінде жарым – жартылай тұтүлуі көрінеді. Айдың тұлғасы Күнді толық жапқанда 7 минуттай түнек орнайды. Сол гезде Жерден Күннің сәуле жиегі көрүнеді.
<table>
<tr><th>Қате жазылған сөз</th><th>Орфографияға сай жазылуы</th><th>Түсініктеме</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Тапсырманың дескрипторы:
</td>
<td>Графикалық органайзер<br><br>Оқулық<br><br>Кесте</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | -Қате жазылған сөзді табады.<br>-Дұрыс жазылған сөзбен салыстырады.<br>-Ережеге сай жазады.<br>**Кері байланыс:** 2 жұлдыз 1 ұсыныс.<br>**"Шығу билеті"**оқушылардың сабақта не түсінгенін тексеремін.<br>-Әңгіме құрастыруда қиыншылықтар болды ма?<br>-Мәтінді қалай түзеттіңіз?<br>Және сабақта алған әсерлерін айтады | |

| *Қосымша ақпарат* | | |
|---|---|---|
| Ажырату – сіз қалай көбірек қолдау беруді жоспарлайсыз? Басқаларына қарағанда анағұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырма бересіз? | Бағалау – Оқушылардың оқуын қалай тексермексіз? | Пәнаралық байланыстар<br>Денсаулық және қауіпсіздік тексеріс<br>АКТ байланыстары<br>Құндылықтар байланыстары |
| *Оқушылар мәтін құрау кезінде бір-біріне қолдау көрсетеді.*<br>*Қабілетті оқушылар мәтіннен тапқан қателерін түзетеді және түсіндіреді.* | *Өзара кері байланыс, жұптар бір-бірінің жауабын дескрипторлар арқылы бағалайды және жеке отырып бағалайды.* | *Жеке, жұппен жұмыс істеу дағдылары , жеке жұмыстануға, бірін-бірі бағалауды үйренеді.*<br>*Бірін бірі сыйлауға, тыңдай білуге үйренеді.* |
| Қорытынды бағалау<br>Ең жақсы нәрсе (оқытуды да, оқуды да қатар қарастырыңыз)?<br>1.<br>2.<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді (оқытуды да, оқуды да қатар қарастырыңыз)?<br>Бұл сабақтан мен келесі сабағыма әсер ететін, сынып туралы немесе оқушылар туралы нені білдім? | | |

## ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН

**Сапиева Г.С.,**
*Қанай мектеп-балабақша кешені*

| | | |
|---|---|---|
| **Күні: 14.03.18.** | Мұғалімнің аты-жөні: Сапиева Г.С.<br>Қанай мектеп-балабақша кешені | |
| **Тақырыбы** | Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен | |
| **Сынып:** 5 | Қатысқандар саны: 6 | Қатыспағандар саны: |
| **Оқу мақсаттары** | 5.1.1.1.-тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау;<br>5.3.5.1.- оқылым және тындалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазу. | |
| **Сабақ мақсаттары** | Оқушылардың барлығы орындай алады: тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжайды.<br>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:оқылым және тындалым материалдары бойынша негізгі ақпараттарды сақтай отырып, жинақы мәтін жазады.<br>Оқушылардың кейбірі орындай алады: өзіндік ой-тұжырымын шығармашылық жұмыстарында қолдана алады. | |
| **Жетістік критерийлері** | Грамматикалық ережелерді ұсынады, шығармашылық жұмыстар жаза алады. | |
| **Тілдік мақсат** | Негізгі сөздер мен тіркестер : жақсы әдет, жаман әдет.<br>Сыныптағы диалог/ жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер:<br>Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестері : *менің ойымша, бұл пікірге қарсылық білдіремін, деп ойлаймын.* | |
| **Алдыңғы оқу** | Әлін білмеген әлек | |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** (*ескерпелерді де жазыңыз)* | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| **Басталуы** | Қызығушылықты ояту.Суреттерде адам бойында кездесетін қандай жағымсыз әдеттер бейнеленгенін атайды.<br>«Еркін микрофон» әдісі бойынша Жақсы мен жаман әдеттер туралы сұхбат құрады. | ОӘК материалдары |
| **Ортасы** | «Іштей оқу» әдісі бойынша әңгімені түсініп оқып, тақырып қояды. Баланың жаман әдеттен бас тартуының себебін анықтайды.<br>«Темекінің зияны » атты бейнежазбамен танысады. Оқылым мәтінін негізге алып , өз пікірлерін ортаға салады.<br>Тапсырмаларды топқа бөлініп орындайды.<br>1-топ. «Т кестесі» әдісі арқылы Жақсы және жаман әдеттерді жазады.<br>2-топ. Достарының бойындағы жақсы қасиеттерді сипаттап , шағын мәтін жазады.<br>Сергіту сәті: «Не жақсы, не жаман ?» ойыны.<br>«Ыстық орындық» әдісі арқылы өткен тақырыпты қайталау | ОӘК материалдары «Іштей оқу» әдісі<br><br>«Т кестесі» әдісі<br><br><br>«Ыстық орындық» әдісі |
| **Соңы Рефлексия** | «Төрт сөйлем» әдісімен пікір ,дәлел, мысал, қорытынды арқылы сабақтың нәтежиесін шығарады.<br>Үйге тапсырма . «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» тақырыбына шағын мәтін жазыңдар. | «Төрт сөйлем» әдісі<br>ОӘК материалдары |

## МУЗЫКА – ЖҮРЕК ТІЛІ

**Мұқанова А.С.,**
*Б.Аманшин атындағы ЖОББМ*
*(Қаратөбе ауданы, Үшана ауылы)*

| | |
|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:** 5 – бөлім «Музыка өнері және қазақтың домбырасы», № 11 сабақ<br>**Сынып: 7** | |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Музыка – жүрек тілі** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 7.Ж2 – Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, шағын әңгіме құрастырып жазу.<br>7.ӘТН5 – Сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшедеуші) дұрыс қолдану. |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар орындай алады:**<br>– Жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне қарай көркемдегіш құралдарды орынды қолдана отырып, әңгіме құрастырып жаза алады.<br>– Сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдана отырып, қажет жеріне дұрыс қоя біледі. |

| | |
|---|---|
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>– Әңгіменің желісін өмірмен байланыстырып, қорытынды тұжырым жасай алады.<br>– Сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдана отырып, дауыс ырғағына сай айта біледі. |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:**<br>Әңгіме негізінде сыни ойлауларын дамыту, музыканың өмірде алатын орны туралы түсіндіру. |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:**<br>Музыка |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>– Музыка тыңдау адамға қалай әсер етеді?<br>– Әлемді музыкасыз елестету мүмкін бе? |
| **Құндылықтарға баулу** | Құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, өмір бойы білім алу, зайырлы қоғам және жоғары руханият, өзгеге құрметпен қарау. |
| **Пәнаралық байланыс** | Тарих, әдебиет, музыка |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Музыка туралы өз пікірлерін айта алады. Музыка туралы диалогке еркін түсе алады. |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 минут<br><br>Сабақтың ортасы<br>25 минут | Ширату<br>«Дирижер»<br>(Оқушыларды домбыра және гитара суреттерін таңдау арқылы топқа бөлемін. «Дирижер» әдісі арқылы әуендерді айтқызамын).<br>«Пазл» әдісі<br>Ширату жаттығуларымен топқа бөлудегі мақал – мәтелдерге қарай жаңа сабаққа болжам жасалады.<br>Оқу мақсаты және бағалау критерийлері хабарланады.<br>Жазылым алдындағы тапсырма:<br>1 –тапсырма Ж, ЖЖ, ТЖ.<br>Топтарға берілген мәтін бойынша «Ұшақ» әдісі. (Әңгіменің негізгі идеясын 5 сөйлеммен тұжырымдай отырып, ұшақты келесі топқа ұшырады. Оқушылар пікірі тыңдалады.)<br>«Күйдің құдіреті» аңыз әңгімесін беремін.<br>Ертеде бір кедейдің жалғыз түйесі болыпты. Жазғытұрым түйесі боталап, екі күннен кейін ботасы өледі. Ботасыз қалған жануар иімей, желіні сыздап күңірене боздайды. Бұл жағдай кедейдің жанына қатты батады. Иесі бір күні сыртқа шығып қараса, түйенің екі көзінен жас парлап ағып тұр екен. Сол аулда Әуелбек деген білгір адам болады. Түйенің иесі соған барады. Сонда Әуекең: «Оны тек сазбен иітуге болады. Бұл шебер домбырашының ғана қолынан келеді. Сен елге жар сал. Маяны иіткен адамға үлкен сый тарту бересің», -деп ақыл – кеңес береді. Содан әлгі кедей: «Егер сазбен маяны иіте алатындай өнерпаз табылса, тарту берумен бірге жалғыз қызымды да соған қосар едім», -деп елге жар салады. Қыздан үміткер болып, өздерінің бақтарын сынамақшы оймен хабар жеткен жерден талай домбырашы келеді. Бірақ мая иімейді. Бірде түйені иітуге үш домбырашы келеді. Шарт бойынша маяны кім иітсе, қыз сол кісіге тұрмысқа шығуы керек. қыз маяны құдықтың басына әкеліп, шелегін қолына алып, саууға дайын тұрады. Үш | |

домбырашы келісіп, бірінші кезекті жасы үлкен шалға береді. Шал домбыраның үнін түйенің боздағанындай күңіренте тартқанда, маяның алпыс екі тамыры шымырлап ий бастайды. Нардың игенін сезсе де, қыз желінді қатты қысып тұрып: - Иімеді! Домбыраны келесі кісіге беріңіз, -деп шалға бұйырады. Бұл шалға бармау үшін қыздың істеген әрекеті екен. Екінші кезекті алған жігіт домбыраны күңіренте тартады. Қыз өз ісін сол жерде отырғандарға сездірмес үшін, күй біраз тартылғаннан кейін маяның желінін босатып, сауа беріпті. Үшінші домбырашы балаға кезек жетпейді. Бұған қатты қиналған бала, қыздан айрылған өкінішіне арнап, «Күйдім, жандым» деген күй тартыпты. Осылайша үш домбырашы күйлерін тартып болған соң, өз өнеріне сенімі мол шал қызға қарап: Шырағым! Маяны иткен мен едім, сіз зорлық жасап отырсыз. Егер осы айтқанымды бекер десеңіз, біз әлгі тартқан күйлерімізді тартып үш жаққа кетелік. Осы жануар кімге «ботам» деп еміне ерер екен, - дейді. Қыз маяны иткен кім екенін біле тұрса да, шалдың талабын орындауға мәжбүр болады. Айтқандай – ақ, мая шалдың артынан қалмай, шапанын иіскелеп ере беріпті. Мұны көрген халық маяны кім иткенін біледі. Бұл жағдайды жұртшылық тегіс көрген соң, шал қайта келіп қызға: Қарағым, бұдан былай өтірікке үйір болма, қалаған қосағыңмен бірге қартай, -деп батасын беріп, қызды жігітке қосып кетіпті.

| № | Дескриптор | Балл |
|---|---|---|
| 1 | Әңгіменің идеясына сай тұжырым жасай біледі. | 1 |

ҚБ «Мадақтау»
(Мұғалім мадақтауы)

Жазылым кезіндегі тапсырма:
2 – тапсырма Ж.ЖЖ

«Домино» әдісі. (Топтарға 10 сұрақ жауабымен беріледі. Балалар ретімен алдымен сұрағын сосын жауабын орналастыру керек.)

| № | Дескриптор | Балл |
|---|---|---|
| 1 | Әңгіме желісі бойынша сұрақтар мен жауаптарды өз орындарына қоя біледі. | 1 |

ҚБ. Смайликтер арқылы бір – бірін бағалауы
3 –тапсырма. Ж және ТЖ
«Стоп кадр» әдісі.
(Оқушыларға әуен естіледі сол бойынша әңгіме жазулары керек. Мультфильм көрсетіледі. Балалар ойын әрі қарай жалғау керек.)

| № | Дескриптор | Балл |
|---|---|---|
| 1 | Әуенге сәйкес әңгіме құра біледі. | 1 |
| 2 | Өз ойларын жүйелі жалғай біледі. | 1 |
| 3 | Тыныс белгілеріне сай оқи біледі. | 1 |

ҚБ. «Бағдаршам»
Топтар бір – бірін бағалайды.

Жазылымнан кейінгі тапсырма:
4 –тапсырма. Ж.
«Біздің сүйікті әуендер»
Постер қорғау

| № | Дескриптор | Балл |
|---|---|---|
| 1 | Тақырып бойынша өз пікірлерін білдіре алады. | 1 |
| 2 | Пікірлерін өмірмен байланыстыра алады. | 1 |

ҚБ «Екі жұлдыз, бір ұсыныс»
Оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне кері ораламын.
Кері байланыс: «3 – 2 – 1»

**ҚБ «Мадақтау»**

**Жарайсың!**
**Өте жақсы!**
**Керемет!**
**Өте дұрыс!**

Смайликтер



| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>7 минут<br><br>Кері байланыс<br><br>3 минут | Сабақтан алған 3 құнды мәліметім...<br>Мен риза болған 2 сыныптасым...<br>Өзіме 1 ұсыныс. | **ҚБ «Бағдаршам»**<br><br>**орташа**<br>**жақсы**<br>**өте жақсы**<br>**ҚБ «Екі жұлдыз, бір ұсыныс»**<br><br><br> |

## БАБАМНЫҢ КИГЕН КИІМІ


**Абдрахманова Д.М.,**

*Успен мектеп – балабақша кешені*


| | | |
|---|---|---|
| **Қазақ тілі** | | |
| **Сабақтың тақырыбы:** | «Бабамның киген киімі» | |
| **Мерзімі:** | Мұғалімнің аты-жөні: Абдрахманова Д.М | |
| **Сыныбы: 5** | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспағандар: |
| **Оқу мақсаттары:** | (5 Т\А)1.Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау; | |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар орындай алады:** | |
| | Суреттерге қатысты тірек сөздерді анықтай алады | |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:** | |
| | Суреттерге ортақ тақырып ұсынады | |
| | | |
| | | |
| **Алдыңғы оқу** | Мәтіндер арқылы отбасындағы дәстүрлер мен мерекелерді бір – бірінен ажырата алады.Оқушылар отбасында қандай мерекелер өткізу керектігін біледі. | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған іс-әрекеттер** | **Дерек көздері** |
| Сабақтың басы | **Ұйымдастыру. Ширату жаттығуы. «Суреттер сөйлейді»** | www.google.kz |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ соңы**<br>Рефлексия |       <br>**1-тапсырма**.Балалар, бұл суреттер Сізге қандай ақпарат бере алады? Бұл киім үлгілерін кімдер және қашан киген? Бұл киімдер Сіздерге ұнай ма?<br>Осы киімдерді сипаттайтын 3 сөз жазайық<br>Кимешек қандай? ....,   .... , .... .<br>Шапан қандай? ....,   .... , .... .<br>Т.б.<br>**2-тапсырма.** Оқушыларға мәтін беріледі. Мәтінді түсініп оқып шығады және  негізгі ақпаратты тауып астын сызады.<br> **«Сократ стиліндегі әңгіме»** әдісі арқылы ішкі шеңбердегі оқушылар негізгі ақпараттарды айтады. Сыртқы шеңбердегілер тыңдап тұрып негізгі ақпараттарды түртіп алады, өзі тапқан ақпараттарымен салыстырады келіспеген жағдайда  сұрақ қояды. Рөлдерімен алмасады.<br>**ҚБ.** Өзін-өзі бағалау<br>**3-тапсырма. ТЖ** Сіздің қалаңызда жаңадан «Бабамның киген киімі» орталығы ашылды. Орталықтағы ұлттық киімдерді жарнамалау керек.<br>Критерийі:<br>1.Жарнама парақшасында ашылған орталықтың атауы, ерекшеліктері, орналасқан жері жазылады;<br>2. Киімдерге жүргізілетін қандай да бір жеңілдіктер жайында ақпараттар көрсетіледі<br>3. Киім үлгісін сипаттайтын сөздер мен ол туралы нақты ақпараттар көрсетіледі.<br>1-топ. "Шапандарды жарнамалайды<br>2-топ. "Бөріктерді жарнамалайды<br>**ҚБ.** «Екі жұлдыз, бір тілек». (Критерийге сүйеніп айтады)<br>Бүгінгі сабақта не үйрендім? | |

*Қосымша ақпарат.*

| Ажырату – сіз қалай көбірек қолдау беруді жоспарлайсыз? | Бағалау – Оқушылардың оқуын қалай | Пәнаралық байланыстар: сурет, музыка |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Басқаларына қарағанда анағұрлым қабілетті оқушыларға қандай тапсырма бересіз? | тексермексіз? | Денсаулық және қауіпсіздік тексеріс<br>АКТ байланыстары<br>Құндылықтар байланыстары |
| *Әр оқушыға маңызды ойды анықтауға қолдау көрсетемін, әр тапсырмаға кері байланыс жүргізе отырып, оқушылардың жетістігі мадақталып отырады. Оқушылардың белсенділігін арттыру мақсатында жеке, жұптық, топтық тапсырманың қолжетімділігі қарастырылады*<br>*Оқушылар бір-біріне қолдау көрсетеді. Қабілетті оқушыларға нақты және қосымша ақпаратты анықтауға және жарнама құрастыруда жарнамаға тың идеялар қосатын болады* | *мақсатқа жету үшін таңдалынған тапсырмаларды орындау кезінде бақылап, бағыт беремін. Оқушылардың өзара жұпта, өзара бір – бірін және «екі жұлдыз, бір тілек арқылы бағалауы ұсынылады.* | *Өнер, бейнелеу, сызу Мәдениеттілік, өнерсүйгіштік, еңбекқорлық ,бейнетаспадан өмірлік тәлім алу құндылығы насихатталды.Топтарда жұмыс істеу дағдылары (құрмет көрсету, кезекпен сөйлеу және т.б.), пәнаралық байланыс: өнер , сурет Топтарда, жұппен жұмыс істеу дағдыларын және жеке жұмыстануды, бірін-бірі бағалауды үйренеді.* |

## ӘЛЕМНІҢ ЖАҢА ЖЕТІ КЕРЕМЕТІ

**Жанахметова Б.А.,**
*Қаратөбе мектеп-гимназиясының*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

| | | |
|---|---|---|
| **Пән:** қазақ тілі<br>**Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі**<br>**3- бөлім** Әлемнің жеті кереметі | **Мектеп**: | |
| **Күні:**17.10.18. | **Мұғалімнің аты-жөні:** | |
| **Сынып: 6** | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Әлемнің жаңа жеті кереметі | |
| **Осы сабақ арқылы Жүзеге асатын оқу мақсаттары** | 6.1.3.1.Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, детальді ақпаратты анықтау.<br>6.1.5.1.Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы немесе нақты сұрақтарға жауап беру, мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстыру. | |
| **Сабақтыңмақсаттары** | 1.Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді. | |
| | 2. Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. | |
| | 3. Мәтіндегі ақпаратты шынайы өмірмен байланыстырады. | |
| **Бағалау критерийлері** | -Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді және детальді ақпаратты табады..<br>- Тыңдалған мәтін мазмұны бойынша жалпы және нақты сұрақтарға жауап береді.<br>-Мәтіндегі негізгі және қажетті ақпаратты қамтып, өмірмен байланыстырып айта алады. | |
| **Тілдік мақсат** | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер**: Ұлы Қытай қорғаны, Колизей, Петра, Тәж-Махал, құтқарушы Исус мүсіні | |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:** | |
| **Құндылықтар** | | |
| **Пәнаралық байланыс** | Дүниежүзі тарихы | |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Әлемнің жеті кереметі туралы біледі | |

| **Сабақтың жоспарланған** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| кезеңдері | | |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин<br><br><br><br><br><br><br>2 мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сабақтың ортасы<br>**8 мин**<br>**Білу Түсіну**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**10 мин**<br>**Қолдану**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Талдау 10 мин<br><br>Сабақтың соңы<br>5 мин | Амандасу.<br>Үй тапсырмасын тексеру. «Тізбек бойынша оқу» әдісі бойынша 6-тапсырма бірге, бөлек, дефис арқылы жазылатын сөздерді оқиды.<br>**Оқу мақсаты және бағалау критерийлері хабарланады.**<br><u>**Т.Ж.** Тыңдалым алдындағы тапсырма.</u><br><u>Ой қозғау</u><br>1.Мына суреттерде не бейнеленген?<br>2.Олар туралы не білесіңдер?<br>**«Болжау» әдісі.**<br>Оқушылар оқулықта көрсетілген иллюстрацияларды визуалды көру арқылы мәтіннің тақырыбын болжайды<br>**ҚБ. Мұғалім мадақтауы.**<br>**Т.Ж** 1-тапсырма<br>Мәтінді мұқият тыңда, тақырып қой. Мәтіннен детальді ақпаратты анықта.<br>**Дескриптор**:<br>А.Тыңдалым мәтінінің мазмұнын түсінеді.<br>В.Кем дегенде 3 детальді ақпаратты анықтайды.<br>С.Бұл ақпаратты неге алғанын түсіндіреді.<br>ҚБ: «Қол белгілері» әдісі<br>**Т.Ж. 4-тапсырма.** Тыңдалым мәтініне сүйене отырып, төмендегі сұрақтарды пайдаланып көршіңмен диалог құрыңдар.<br>**Дескриптор:**<br>**А**.Мәтін мазмұны бойынша нақты сұрақтар қояды.<br>**В.** Қойылған сұрақтарға толымды жауап береді.<br>**С.** Өз жауабын шынайы өмірмен байланыстырады.<br>ҚБ: «Үш шапалақ» әдісі<br>**Жазылым тапсырмасы**<br>Досыңа әлемнің жаңа жеті кереметінің өзіңе қатты әсер қалдырған біреуі туралы хат жаз. Жазған хатыңның мазмұнына жоспар құр. Хат жазу барысында біріккен сөз, қос сөз, тіркескен сөздерді қолдан.<br>**Дескриптор:**<br>**А**.Хат құрылымын сақтап жазады.<br>**В.** Мазмұнына жоспар құрады.<br>**С.** Біріккен сөз, қос сөз, тіркескен сөздерді қолданад<br>**Кері байланыс**<br>**«Сөйлемді аяқта»**<br>Мен мынаны білдім...<br>Маған қызық болғаны...<br>Маған қиын болғаны...<br>Мен мынаны жасай алдым...<br>Мен мынаған таң қалдым...<br>Мен мынаны сезіндім...<br>**Үй тапсырмасы: 8-тапсырма.**<br>Сөзжұмбақты шеш | <br><br><br><br><br><br>Суреттер<br><br><br><br><br><br><br>**Аудиожазба**<br><br><br><br><br><br><br><br><br> |

# ҒАЛАМТОРДЫҢ ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

**Муканова А.К.,**
*Шалғын негізгі орта мектебі*

| | |
|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:**<br>6-тарау. «Ғаламтор және әлеуметтік желілер» | Мектеп: Шалғын негізгі орта мектебі |
| **Күні: 12.01.2018 жылы** | Мұғалімніңаты-жөні:<br>Муканова Айнур Кажыгалиевна |
| **Сынып:** 7 | Қатысқандар:5 \| Қатыспағандар: жоқ |
| **Сабақтың тақырыбы** | «Ғаламтордың пайдасы мен зияны» |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 7.Т/А.5 Проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтінен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау<br>7.О.6 Оқылым стратегияларын қолдану; комментарий жасау, іріктеп оқу, зерттеп оқу |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық білім алушылар орындай алады:**<br>Тыңдаған мәтінінен деректер келтіре алады, оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжайды.<br>**Білім алушылардың көпшілігі орындай алады:**.Өзінің жауабын, өзгенің жауабымен салыстыра алады.<br>**Кейбір білім алушылар орындай алады:**Проблемалық сұрақтарға жауап беріп, деректер келтіре отырып, дәлелді жауап бере алады |
| **Бағалау критерийлері** | - Ғаламтордың пайдасы мен зиянын ажырата алады<br>-Өз ұстанымына қатысты зерттеп ой-пікірлерін білдіре алады;<br>-өз жауабын , өзгенің жауабымен салыстыра алады |
| **Сабақтың типі:**<br>**Сабақтың түрі:** | Жаңа білім білік дағдыны меңгерту<br>«ТВ шоу» |
| **Оқытудың әдіс-тәсілдері:** | Сыни тұрғыдан ойлау, Болжау, «Кластер»<br>«Бес саусақ» , |
| **Қажетті құрал-жабдықтар** | Слайд, аудиотаспа, суреттер |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**3 минут**<br><br>**1 минут**<br><br>**6минут** | Психологиялық ахуал: «Көңіл күйлеріңіз қалай? (Смайликтер арқылы арқылы оқушылар бүгінгі сабаққа деген көңіл-күйлерін білдіреді)<br><br>Сабақтың мақсаты айтылады<br><br>Үй тапсырмасы. «Біз пайдаланатын әлеуметтік желілер»<br>12-тапсырма<br>Тұйық етістік дегеніміз не? | Слайд№1<br><br><br><br>**Слайд№2**<br><br>**Слайд№3** |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>**5минут**<br><br>**3минут** | **«Ойтүрткі»**<br><br>**1.Суреттегі отбасы туралы не айтасыз?**<br>**2. Отбасы қандай болу керек?**<br>**3Ғаламтордың қандай зияны бар?** | Слайд№4 |

| | | |
|---|---|---|
| **7минут**<br><br><br><br><br><br>**15 минут**<br><br><br><br>**Сабақтың соңы**<br><br><br>**5минут** | **Тыңдалым тапсырмасы**<br>**Үнтаспа тыңдалады.**<br>**Дескриптор:**<br>**-Мәтінді мұқият тыңдайды**<br>**-Негізгі ойды анықтайды**<br><br>**Оқылым тапсырмасы**<br>• **«Жастар жанына ғаламтор жау»**<br>• **«Ғаламтор кітаптай болмайды»**<br>**Дескриптор:**<br>**-Түрлі оқылым стратегияларын пайдалана алады**<br>**-Өз ұстанымына қатысты ой-пікірін білдіре алады**<br>**-Көтерілген мәселеге пікірін білдіре алады**<br><br>Кластер: «Ғаламтордың пайдасы мен зияны»<br>Оқушылар ғаламтордың пайдасы мен зияны туралы өз пікірлерін ортаға салад<br>Рефлекция: «Бес саусақ»<br>1.Бас бармақ-басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе не болды?<br>2. Балаң үйрек -бірлесу. Мен топта қалай жұмыс жасадым. Кімге көмек бердім?<br>3. Ортан терек-ойлану. Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе алдым?<br>4. Шылдыр шүмек-шынайылық. Сабақ маған ұнады ма? Неліктен?<br>5. Кішкентай бөбек-көңіл –күй ахуалы. Мен өзімді сабақта қалай сезіндім. | <br><br><br><br>Слайд№7<br><br>Слайд№8<br><br><br><br>Слайд№9<br><br><br><br><br>Слайд№1<br>0 |

## ХОББИ ДЕГЕН НЕ? СӨЗДІК ҚОРДЫҢ ТОЛЫҒУ ЖОЛДАРЫ

**Кенжесова М.,**
*Алакөл негізгі орта мектебі*

| | | |
|---|---|---|
| Тақырыбы:<br>ХОББИ ДЕГЕН НЕ?<br>СӨЗДІК ҚОРДЫҢ ТОЛЫҒУ ЖОЛДАРЫ | | Мектеп: Алакөл НОМ |
| Күні: | | Мұғалімнің аты - жөні:<br>М. Кенжесова |
| СЫНЫП: 5 | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| **Оқу мақсаттары** | 1-сағат<br>5.2.1.1-мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау. | |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлығы:**сөздік қордың толығу жолдары туралы мәлмет аады<br>**Көбісі:** түрлі тапсырмалар орындау арқылы оқушылардың ойы,ойлау қабілеті дамиды<br>**Кейбірі:** өз ойларын ауызша білдіреді,эссе жазады. | |
| **Жетістік критерийлрі** | Тақырып бойынша білімдері қалыптасады;<br>Сөздік қордың толығу жолдарын біледі. | |
| **Тілдік мақсаты:** | **Оқушылар**: Атақты тұлғалардың әуестіктері туралы мәлімет алады. Сөздік қордың толығу жолдарын меңгереді. | |
| | **Негізгі сөздер мен тіркестер:**әуестік,хобби,төл сөздер,кірме сөздер | |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>«Хобби» ұғымын қалай түсінесіңдер? Сөздік қор қалай толығады? | |
| | **Жазылым бойынша ұсыныстар:** Тәжірибелермен,жаңа идеялармен алмасады. Маңызды дағдыларды және түсініктерді дамытады. Талдау тапсырмаларын орындайды. Күрделі тапсырмларды орындау үшін | |

| | |
|---|---|
| | қолайлы ортаны қамтамасыз етеді. |
| **Пәнаралық байланыс** | Өмірде болған атақты тұлғалар жайлы мәлімет алатындықтан тарихпен байланысты болады. |
| **Алдыңғы тақырып** | Уақыт қадірін түсіну мен антонимдер жайлы білімдерін дамыту. |

| **Жоспар** | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Жоспарланған уақыт | Мұғалімнің іс- әрекеті | Оқушының<br>іс- әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** |
| | Үйге берілген тапсырманы сұрау. «Менің сүйікті ісім» құраған мәтіндерін оқу.<br>Тапсырманы бір оқушыға асықпай оқыту.<br>А.Әр топқа өзі қалаған тақырыпты таңдатып,мәтінге ат қою.<br>Ә. «Әуес іспен айналысу уақытты сарп ету» деген ойды топта талқылату.<br>Ережені түсіндіріп, сұрақтар қою. | Үйге берілген тапсырманы көрсету.<br>1-тапсырманы бір оқушы асықпай оқиды.<br>1А.Мәтінге әр топ өзі қалаған тақырыпты қояды.<br>1Ә. «Әуес іспен айналысу-уақытты сарп ету» деген пікірге байланысты ойын топ болып талқылайды.<br>Ережені түсініп, сұрақтарға жауап береді. Екі топ бірін-бірі бағалайды. | Смайлик арқылы бағалау | Смайлик |
| | 2-тапсырма ауызша орындау.<br>3-тапсырма кеспе қағаздар арқылы орындайды.<br>Тапсырмаларды бағалау.<br>4-тапсырма. №26 аудионы тыңдату.<br>4А.Мәтін мазмұнына сәйкес ақпаратты анықтату.<br>4Ә. Тақтада орындату,қалған оқушыларға дәптерлеріне жаздыру.<br>4Б. №26 аудиодан сөдік қорға мысал табу. | 2-тапсырма ауызша орындалады.<br>3-тапсырманы кеспе қағаздан орындайды.<br>4-тапсырма. №26 аудионы тыңдайды.<br>4А. Мәтін мазмұнына сәйкес ақпаратты кеспе қағаздан анықтайды.<br>4Ә.Тақтада орындайды, қалған оқушылар дәптерлеріне жазады.<br>Екі топ жұмыстарын (2-тапсырма) алмастырып тексеріп, бірін-бірі бағалайды.<br>4Б. №26 аудиодан сөздік қорға мысал табады. | «Бас бармақ» арқылы | Стикерлер, слайд, тақта, маркер |
| | **Үйге тапсырма:**<br>6-тапсырма. «Мен уақытты бағындыра аламын» эссе.<br>**Кері байланыс:**<br>«Қызық. Қиын. Құнды» Жапырақ бөлімдеріне біз үшін қызық, қиын, құнды болған тұстарды жазып, ой қорыту. | Үйге тапсырма:6-тапсырма. «Мен уақытты бағындыра аламын» тақырыбында эссе жазып келеді.<br>Кері байланыс: сабақтың қызық, қиын,құнды болған тұстарын қағазға түсіріп айтады. | «Ақылды үкі» арқылы бағаланады. | «Ақылды үкі» |
| **Қосымша материал** | 1.Уақытты тиімді пайдалану жолдарын ары қарай жалғастырыңдар.<br>Сен пайдасыз істерге нені жатқызасың?<br>Үлгі: Ғаламторға, әлеуметтік желілерге қосылып, ондағы мәселелерді талқылауға уақыт жоғалту, себебі...<br>Сен қандай пайдалы істермен айналысасың?<br>Үлгі: Аптасына екі рет «Жас ғалым» үйірмесіне қатысамын. Меніңше, бұл-пайдалы іс, себебі... | | | |
| **Рефлекция** | | | | |

# ОТБАСЫ – ШАҒЫН МЕМЛЕКЕТ

**Әйіп А.Т.,**
*Қоскөл ЖОББМ*

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім№3:** Отбасындағы дәстүрлер мен мерекелер.<br>**Сабақ**: Отбасы – шағын мемлекет. | **Мектеп: Қоскөл ЖОББМ** | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні: Әйіп Ақмоншақ Тілекқызы** | |
| **Сынып:5**-сынып | **Қатысқандар:** | **Қатыспағандар:** |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | Сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру(5.ж3)<br>Оқы Жазылым материалы бойынша негізгі ақпар-раттарды анықтай отырып,жинақы мәтін жазу сақт. (5.ж5) | |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар орындай алады**:Негізгі ақпаратты анықтай алады.Сюжетті суреттерді іріктей алады. | |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады**:Ақпаратты қолданып жинақы мәтін жазады.Сюжетті суреттер желісі бойынша әңгіме құрастырады. | |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады**:Мәтінді өмірмен байланыстырып,шығармашылықпен жұмыс жасайды. | |
| **Бағалау критерийлері:** | Суреттер ретімен тақырыпқа сай әңгіме құрастырады.<br>Мәтіндегі негізгі ақпаратты қолданып,мәтін жазу | |
| **Алдыңғы оқу:** | Ауызекі стильдегі мәтіндердер тақырыптары мен мазмұны туралы не білеміз? Күнделікті өмірімізде осы мәтіндерді пайдаланып жүрміз бе? | |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар ОӘК** |
|---|---|---|
| 3 минут<br>10минут | **Отбасы,мемлекет** сөздері жазылған стикер таратылады,сол арқылы екі топқа бөлінеді .<br>**Тапсырма №1**<br>«**Артығын алып таста**» әдісі арқылы әр топ «мемлекет», «отбасы» сөзіне қатысы жоқ сөзді сызып тастайды. Әке,президент,отбасы,бәйтерек,бала, машина, шекара,шағын,тау,тас,ана, т.б.сөздері жазылған қағаз беріледі.Әуелі жұпта,кейін топта талқылап, өз сөздерін дәлелмен айтып шығады. **«Қол шапалақтау»** әдісімен бағаланады. | материалдары<br>Топқа бөліну қағаздары. |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>10 минут | Осы сөздерге қатысты мақал-мәтелдер бар ма екен,тауып көрейік.Осы арқылы сабақтың тақырыбын табады.<br>**Тапсырма:№2**<br>Суреттерді ретімен орналастырып, әңгіме құрастырыңыз.<br>**«Жүзімнің шоқтары»** әдісі арқылы басты тақырыпты плакаттың ортасына орналастырып,қалған суреттерді айналасына рет-ретімен қойып,әңгіме құрайды.<br><br><br>**Дискриптор:**<br>-суреттерді ретімен орналастырады;<br>-әңгімеге ат қояды;<br>-реттілігі бойынша әңгіме құрайды;<br>**ҚБ «Екі жұлдыз, бір ұсыныс»** арқылы бағаланады. | |
| **Сабақтың ортасы** | **Мәтін** | **Жинақы мәтін** |
| 15 минут | **Тапсырма№3**<br>Берілген мәтінді мұқият оқыңыз.Оқу барысында мәтіндегі маңызды ақпараттарды белгілеп отырыңыз.Кестенің екінші бағанына белгіленген ақпараттарды қолдана отырып,мәтін мазмұнын жинақтап,өз сөзіңізбен жазыңыз.<br>**Мәтін:**<br>Қазақ отбасында баланың ерте есеюіне көп көңіл бөлген.Оны жүзеге асыруда олар үлгі-өнеге көрсету,жауапкершілік арту әдістерін шебер пайдаланған.Баланы ерте жастан-ақ жауапты әдіс-әрекетке тартып отырған.Мысалы,бес жасында атқа мінгізіп, бәйгеге қосу, қой баққызу, үлкендердің арасындағы дауды шешу, келіссөз жүргізу т.с.с істерге бірге ертіп жүрген. Сондай-ақ қазақ отбасы тәрбиесінде ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан отбасы мүшелерінің қатынасының маңызы зор.Қазақ халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтың бір ұшы олардың жасы кішісінің үлкеніне сен деп сөйлемеуі, алдын кесіп өтпеуі,үлкен тұрып кішінің, әке тұрып ұлдың, шеше тұрып қыздың орынсыз сөйлемеуінде деп есептейміз.Қазақ отбасындағы бала тәрбиесін ұл тәрбиесі деп жеке-жеке мән беріп қарастыруда оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі. (110сөз) | ОӘК материалдары |
| | «**Басбармақ**» тәсілі арқылы бағаланады. | <br> |
| | **Дескриптор:** -Мәтіндегі маңызды ақпараттарды белгілеп алады; -іріктелген ақпараттар негізінде мәтінді автордың ойын сақтай отырып өз сөзімен жазады. | |

| | | |
|---|---|---|
| | -мәтінді 70 сөзге дейін ықшамдай алады. | |
| | **Тапсырма:№4**<br>Мәтінді оқып шығып, қарамен жазылған сөздерді қатыстырып сөз тіркестері,сөйлем, мақал-мәтелдер құрау.<br>Қазақ отбасында **баланың** ерте есеюіне көп көңіл бөлген.Оны жүзеге асыруда олар үлгі-өнеге көрсету,жауапкершілік арту әдістерін шебер пайдаланған.Баланы ерте жастан-ақ жауапты әдіс-әрекетке тартып отырған.Мысалы,бес жасында атқа мінгізіп, бәйгеге қосу, **қой** баққызу, үлкендердің арасындағы дауды шешу, келіссөз жүргізу т.с.с істерге бірге ертіп жүрген. Сондай-ақ қазақ отбасы **тәрбиесінде** ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан отбасы мүшелерінің қатынасының маңызы зор.**Қазақ** халқының отбасы тәрбиесіндегі өзіне тән жарасымдылықтың бір ұшы олардың жасы **кішісінің** үлкеніне сен деп сөйлемеуі, алдын кесіп өтпеуі,үлкен тұрып кішінің, **әке тұрып** ұлдың, **шеше тұрып** қыздың орынсыз сөйлемеуінде деп есептейміз.Қазақ отбасындағы бала тәрбиесін ұл тәрбиесі деп жеке-жеке мән беріп қарастыруда оның өзіндік ерекшеліктерінің ішіндегі маңыздысының бірі.<br>**«Қолпаштау»** арқылы бағалайды | ОӘК материалдары. |
| | **Критерий:** мәнді де мағыналы, кемінде екі жауап болуы;<br>Жауаптар тақырыпқа қатысты болуы; | |
| **Сабақтың соңы**<br>**Кері байланыс:**<br>**2 минут** | **«Бес саусақ»** тәсілі<br>**Бас бармақ -** басты мәселе.бүгін сабақта ең құнды мәселе қандай болды?<br>**Балалы үйрек -** бірлесу.Мен топта/жұпта қалай жұмыс істедім? Кімге көмек бердім? Кімді риза жасадым?<br>**Ортан терек -** ойлану.Мен бүгін қандай білім мен тәжірибе жинадым?<br>**Шылдыр шүмек -** шынайылық.Сабақ саған ұнады ма? Неліктен?<br>**Кішкентай бө**бек - көңіл-күй ахуалы.Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім? | <br> |

## ҚАРА ШАҢЫРАҚ

**Абуова А.С.,**
*Қуағаш негізгі орта білім беретін мектебі*

| | | |
|---|---|---|
| Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:<br>3-бөлім. Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер | Мектеп: Қуағаш негізгі орта білім беретін мектебі | |
| Күні: 18.09.2018ж. | Мұғалімнің аты-жөні: Абуова Акжаркын Сагиндыковна | |
| Сынып: 5 | Қатысқандар саны: | Қатыспағандар саны: |
| Сабақтың тақырыбы: Қара шаңырақ | | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 5.1.1.1. Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау. | |
| **Сабақ мақсаттары** | Қарашаңырақ туралы түсініктерін жетілдіріп, берілген тірек сөздер мен иллюстрациялар арқылы тақырыпқа болжау жасайды. | |
| | **Барлық оқушылар:**<br>Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжайды | |
| | **Оқушылардың басым бөлігі:** Тірек сөздер мен ұсынылған | |

| | |
|---|---|
| | иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжайды, өз пікірін білдіреді.<br>**Кейбір оқушылар:** Тақырып бойынша өз пікірін өмірмен байланыстырып дәлелдейді |
| **Жетістік критерийлері** | • - Берілген суреттерге қатысты тірек сөздерді анықтайды;<br>- Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжайды;<br>- Тақырып бойынша өз пікірін білдіреді, дәлелдейді. |
| **Тілдік мақсат** | **Пәнге қатысты сөздікқор мен терминдер:**<br>Қара шаңырақ, үлкен үй, дәріптеу, ас беру, соғым басына шақыру, киелі<br>***Талқылауға арналған сұрақтар:***<br>• Бейнероликтен не байқадық?<br>• Бейнеролик не туралы?<br>• Қара шаңырақ дегенді қалай түсінесіздер?<br>• Қара шаңырақтың иесі кім?<br>Қазақта әке-шешені бағып-қағу кімге жүктелген? |
| **Құндылықтарды дарыту** | Ынтымақтастық, Қазақстандық патриотизм, тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы |
| **Пәнаралық байланыстар** | Тарих, әдебиет, өзін-өзі тану |
| **АКТ қолдану дағдылары** | - |
| **Бастапқы білім** | Тақырып бойынша оқушылар отбасы дәстүрлерін біледі. Ол туралы өз ойын айта алады. Тірек сөздер арқылы тақырыпты болжай алады. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың барысы** | ***Сабақ басында***<br>**Ширату «Бақыт» шеңбері**<br>«Күннің шыққаны бақыт па? (күнді бейнелейді)<br>Бақыт! (шапалақтайды)<br>Желдің соққаны бақыт па? (желді бейнелейді)<br>Бақыт! (шапалақтайды)<br>Достарыңмен бірге жүрген бақыт па? (адымдайды)<br>Бақыт! (шапалақтайды)<br>Анаңды құшақтаған бақыт па? (өздерін құшақтайды)<br>Бақыт! (шапалақтайды)<br>Әкеңнің маңдайыңнан иіскегені бақыт па? (Бір-біріне бастарын тигізу)<br>Бақыт! (шапалақтайды)<br>Жанұямызбен бірге болған бақыт па? (үйді бейнелейді)<br>Бақыт! (шапалақтайды)<br>**«Тірек сөздер» әдісі** арқылы топқа бөлу<br>**Киіз үй:** шаңырақ, кереге, уық, сықырлауық, түндік.<br>**Жеті ата:** немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат.<br>**Отбасы:** әке-шеше, ұрпақ, татулық,бақыт, тәрбие.<br>**Тақырыпты болжау**<br>**С.**«Стоп-кадр» әдісімен «Қара шаңырақ» телехикаясынан үзінді көрсету арқылы жаңа тақырыпты болжату.<br>• Бейнероликтен не байқадық?<br>• Бейнеролик не туралы?<br>• Үзіндіге байланысты 5 тірек сөз айт<br>(Сабақтың мақсаты мен бағалау критерийлерін оқушыларға хабарлаймын) | Интербелсенді тақта<br>Қима қағаздар<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=LD_s54aP_UU |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы/сабақ-тың негізгі бөлімі</td>
<td>

1-тапсырма<br>
Ж.Кесте бойынша әр суретке байланысты тірек-сөздерді жаз, ортақ тақырыбын тап және оны өз сөзіңмен дәлелде. (әр суретке 5 сөз)

<table>
<tr><td>Суреттер</td><td>Тірек сөздер</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td colspan="2">Ортақ тақырып</td></tr>
</table>

Дескриптор:

- Суреттер бойынша тірек-сөздер жазады;
- Ортақ тақырыбын табады, дәлелдейді.

ҚБ: жасыл, сары, қызыл түсті асықтар арқылы бағалаймын.

  

Жасыл – өте жақсы жауап берген оқушыға;<br>
Сары – жақсы жауап берген оқушыға;<br>
Қызыл – орташа жауап берген оқушыға беріледі.<br>
2-тапсырма<br>
Ауызша мәтін құрастыр.<br>
«Айналмалы шеңбер» әдісі арқылы әр топ сурет бойынша қойылған тақырыпқа байланысты тірек сөздерді пайдалана отырып, ауызша мәтін құрастырады.<br>
Дескриптор:

- Сурет бойынша тірек сөздерді пайдалана отырып, тақырыпқа сай ауызша мәтін құрастырады.

«Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі арқылы топтар бірін-бірі бағалайды.<br>
ҚБ: Мұғалімнің қолпаштау сөзі

3-тапсырма<br>
Ж. Мәтінді мұқият тыңда, тірек сөздерді түртіп ал, мәтінге ат қой, өз сөзіңмен дәлелде.<br>
Т. Өз мәтіндеріңмен салыстырыңыз. Тірек-сөздер арқылы маңызды ақпараттарды топтастыр.<br>
Ата-бабамызда «қасиетті қара шаңырақ» деген сөздің бар екенін білетін боларсыздар. Мұндағы «шаңырақтың» киіз үйдің төбесіндегі ең қасиетті, киелі бөлігі екені де белгілі. Шаңырақ «үй, отбасы» деген мағынаны да білдіреді. Жаңадан отбасын құрып, өмірге қол ұстасып бірге аттанған жастарға «Шаңырағың биік болсын!» деп бата береді. Бұл – құрған отбасыңның тұғыры берік, мәртебесі жоғары болсын деген сөз.<br>
Қазақта кенже ұлға мұра болып қалатын әкенің үйі “қасиетті қара шаңырақ”, “үлкен үй” деп аталады. Бұл үй
</td>
<td>АКТ<br><br>Мәтін үлестірмелі парақшамен таратылады</td>
</tr>
</table>

әкесі тірі кезінде де, қайтыс болған соң да қара шаңырақ атала береді. Халқына беделді, сыйлы, құрметті адамдардың қара шаңырағын оның ел-жұрты қанша уақыт өтсе де киелі деп санап, ұрпақтан-ұрпаққа дәріптеп жеткізіп отырған.
Отбасынан қыз бала ұзатылып, үлкен ұл үйленіп, бөлек шығып кеткен соң, кенже ұлға қара шаңырақпен бірге әке-шешені бағып-қағу, күту міндеті де жүктеледі. Сондай-ақ осы кенже ұлға тиесілі болған қара шаңырақты басқа ұлдары кенже ұлдың үйі емес, әке шаңырағы деп есептеп, сый-құрметпен қарайды. Оны өздеріне тірек, медет тұтады. Сондықтан қазақы ортада ас беру, соғым басына шақыру сияқты әдет-ғұрыптарды атқаруда алдымен қара шаңырақ ескеріледі. Қара шаңырақтың кенже ұлға мұрагерлікке қалдырылу салты сонау сақ, үйсін, ғұндар заманынан бастау алады.

***Дескриптор:***

- Мәтінді тыңдайды;
- Тірек сөздерді түртіп алады;
- Мәтінге ат қояды, өз сөздерімен дәлелдейді;
- Өз мәтіндерімен салыстырады;
- Маңызда ақпараттарды топтастырады.

**Жетекші сұрақ:**

- Қара шаңырақ дегенді қалай түсінесіздер?
- Қара шаңырақтың иесі кім?
- Қазақта әке-шешені бағып-қағу кімге жүктелген?

***ҚБ:*** жасыл, сары, қызыл түсті асықтар арқылы бағалаймын.

  

Жасыл – өте жақсы жауап берген оқушыға;
Сары – жақсы жауап берген оқушыға;
Қызыл – орташа жауап берген оқушыға беріледі.
Топтың жұмысын «От шашу» әдісімен бағалаймын.

**4-тапсырма**

**Т.*“Бір айналым сөйлесу”*** әдісі арқылы мәтінді мазмұндау, өз пікірін айту.

*І топ – 1-абзац*
*ІІ топ – 2-абзац*
*ІІІ топ – 3-абзац*

Мәтін мазмұны бойынша бір топ мүшесі әңгіме бастайды, басқа топ мүшелері жалғастырып әкетеді.

**Саралау «Еркін микрофон»** әдісімен тақырып бойынша әр топтан бір оқушы өз пікірін білдіріп, қорытынды жасайды.

***ҚБ:*** жасыл, сары, қызыл түсті асықтар арқылы бағалаймын.

  

Жасыл – өте жақсы жауап берген оқушыға;
Сары – жақсы жауап берген оқушыға;
Қызыл – орташа жауап берген оқушыға беріледі.
Топтың жұмысын «Бас бармақ» әдісі бойынша бағалаймын.

**5-тапсырма**

<table>
<tr><td></td><td>
Мәтін бойынша кестемен жұмыс. (Оқушыларға кесте беріледі, оқушылар өз мүмкіндіктеріне қарай кестенің біреуін таңдап, орындайды.)<br>
Ж.«Сәйкестендіру» әдісі
<table>
<tr><td>1. Енші</td><td>A. қызға беріледі</td></tr>
<tr><td>2. Жасау</td><td>B. отау құрады, үйленеді</td></tr>
<tr><td>3. Қыз</td><td>C. ұлға беріледі</td></tr>
<tr><td>4. Ұл</td><td>D. тұрмысқа шығады</td></tr>
<tr><td>5. Кенже ұл</td><td>E. қара шаңырақтың иесі</td></tr>
</table>
«Екі жақты күнделік» әдісі
<table>
<tr><td>Мәтін бойынша тірек сөздер</td><td>Өз пікірім. (Комментарий)</td></tr>
<tr><td>1. Енші</td><td></td></tr>
<tr><td>2. Жасау</td><td></td></tr>
<tr><td>3. Қыз</td><td></td></tr>
<tr><td>4. Ұл</td><td></td></tr>
<tr><td>5. Кенже ұл</td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор:<br>
• Сөздерді сәйкестендіреді.<br>
• Берілген тірек сөздер бойынша өз пікірін білдіреді.<br>
ҚБ: жасыл, сары, қызыл түсті асықтар арқылы бағалаймын.<br>
  <br>
Жасыл – өте жақсы жауап берген оқушыға;<br>
Сары – жақсы жауап берген оқушыға;<br>
Қызыл – орташа жауап берген оқушыға беріледі
</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы</td><td>
«Өрмекші торы» әдісі арқылы бүгінгі алынған білім бойынша сұрақ-жауап беріледі.Оқушылар жіп орамын бір-біріне лақтыру арқылы тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді.<br>
Рефлексия: «Білім ағашы» әдісі арқылы рефлексия жүргіземін.<br>
Сабақта түсінбегенім көп болды<br>
Сабақта қиындықтар кездесті<br>
Сабақ ұнады, тапсырмалардың бәрін сәтті орындадым.
</td><td>Ағаш суреті салынған А4</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| |  | |
| **Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?** | **Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?** | **Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы** |
| Саралау іріктелген тапсырмалар, нақты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дебес қолдау көрсету, оқу материалдары мен ресурстарын оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиындық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін. Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез келген кезеңінде қолданыла алады | Бұл бөлемде оқушылардың сабақ барысында үйренгенін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдеріңізді жазасыз | Денсаулық сақтау технологиялары. Сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері. Осы сабақта қолданылатын **Қауіпсіздік техникасы ережелерінің** тармақтары |
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау ұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? | Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз. | |
| Жалпы баға<br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойлыныңыз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет? | | |

## АНА ТІЛІМ – АЙБЫНЫМ

**Басгулова Г. О.,**
*А.Тихоненко атындағы орта жалпы білім беретін мектебі*

| | |
|---|---|
| Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:<br>2-бөлім. Ұлттық және отбасылық құндылықтар.<br>Фонетика | Мектеп: «А.Тихоненко атындағы орта жалпы білім беретін мектебі» КММ<br>Мұғалімнің аты – жөні: Басгулова Г. О. |

| | |
|---|---|
| СЫНЫП: 6 а | Қатысқан оқушылар саны: 14<br>Қатыспаған оқушылар саны:0 |
| Сабақтың тақырыбы: | Ана тілім – айбыным |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | 6.1.4.1 мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау;<br>6.3.6.1 мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзету, редакциялау. |
| Сабақ мақсаттарыі: | **Барлық оқушылар орындай алады**:<br>мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды;<br>мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзетеді және редакциялайды.<br>**Оқушылардың көпшілігі орындай алады**:<br>мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтап, өз сөзімен түсіндіреді;<br>орфографиялық сөздікке сай қателерді түзетіп, ережесін айта алады.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды дамыта түседі;<br>мәтінді түзетіп, өз бетінше өзгертіп дәлелдейді. |
| Жетістік критерийлері | • Жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды;<br>Мәтіндегі орфографиялық және пунктуациялық қателерді сөздіктерге, емле ережелеріне сүйеніп, түзетеді, редакциялайды. |
| Тілдік мақсат | **Оқушылар орындай алады:**<br>Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аудара отырып, жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтайды;<br>Мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып, түзетеді және редакциялайды.<br>**Пәнге қатысты тірек сөздер мен терминдер:** Ана тілі, тарих, Ананың ақ сүті...<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>1. Мақал – мәтелдерде не туралы айтылған?<br>2. Ана тілі туралы не айтасыңдар?<br>3. Мемлекеттік тіл туралы не айтасыңдар?<br>4. Неліктен ана тілін ұлттық құндылық деп атайды? |
| Құндылықтарды дарыту | □ Табиғатты қорғаудағы жауапкершілік;<br>□ Еңбек және шығармашылық;<br>□ Ынтымақтастық<br>□ Құрмет;<br>□ Өмір бойы білім алу |
| Пәнаралық байланыс | Тарих, әдебиет |
| АКТ қолдану дағдылары | Слайд |
| Алдыңғы оқу | Ұлттық құндылықтар – ел қазынасы |

Сабақтың барысы

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>7 минут | «Бумба-юмга» сергіту жаттығуын жасату арқы амандасу.<br>Оқушылар қарама-қарсы тұрып бір-бірінің оң құлағын ұстап «сәлем» деп амандасады, мұрындарын түйістіру арқылы «қалайсың?» деп қалдарын сұрасады, содан соң арқаларын түйістіру арқылы «жақсымын» дегенді білдіреді.<br>**С**«Сыңарын тап» әдісі арқылы мақал – мәтелдердің сыңарын тауып, сынып үш топқа бөлінеді.<br>1. Ми ойлағанды тіл тындырады.<br>2. Өз тілің – бірлік үшін,<br>Өзге тілің – тірлік үшін.<br>3. Ана тілің алпыс тілге татиды..<br>«Түрткі сұрақ» әдісі арқылы сабақтың тақырыбын болжайды.<br>1. Мақал – мәтелдерде не туралы айтылған?<br>2. Ана тілі туралы не айтасыңдар?<br>3. Мемлекеттік тіл туралы не айтасыңдар?<br>4. Неліктен ана тілін ұлттық құндылық деп атайды?<br>Мұғалімнің марапаттау сөзі:<br>- Жарайсыңдар!<br>(Сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау). | Үлестірмелі топшама<br><br>Сабақтың тақырыбы мен мақсаты слайд арқылы көрсетіледі. |
| Ортасы<br>10 минут | **Ж**<br>Т/А тапсырмасы<br>Ана тілі мәтінін оқиды. Мәтін бойынша тірек сөздерді табады. Тірек сөздерді қатыстыра отырып жетекші сұрақ құрастырады.<br>Дескриптор:<br>- Мәтіннің құрылымдық ерекшелігіне назар аударады;<br>- Жетекші сұрақтар құрастыра алады.<br>**ҚБ Бас бармақ**<br>**ТЖ**<br>Тыңдалымнан кейінгі тапсырма:<br>I топ<br>Қазақ тілі - өзінің даласындай кең пішілген жайдары да жалпақ тіл. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап еркін есіп тұрады. Қазақ тілінің биязы мақамы – домбыраның күмбір қаққан сазындай. Асқан әуезділігі – шырқап салар әндей. Туған тіл біздің бірінші бақытымыз, бірінші ырысымыз, біз сондықтан “Ана тіліміз” дейміз. Қазақтар “Ананың тілі” деп ерекше құрметтейді. Басқа тілді білу - әрине, мақтаныш. Әйтсе де өз ана тілін аяқ асты етуге болмайды.<br>II топ<br>Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл болмаса сөз болмайды. Сөз болмаса адамзаттың тірлігінде мән-маңыз болмайтыны белгілі. Демек, тілдің, сөздің орны ерекше. Міне, осы орайда ана тіліміз жайлы терең ойлану әрқайсымыз үшін парыз. Жыл өткен сайын ана тіліміздің мәртебесі өсіп, абыройы арта түсуде.<br>III топ<br>Тіл – халықтың жаны. Тілі құрыса, халық та жер бетінен жоғалады. Адамзат тарихында көптеген өркениетті елдердің өшіп кетуі алдымен тілді жоғалтудан басталғанын ғылым дәлелдеп отыр. Бүгінгі Қазақ қоғамындағы мәңгүрттіктің басы да өз тілін тәрк етуден туды. Ана сүті сіңбеген, бесік жырынан нәр алмаған ұлттық қасиет тана сүтімен кірмейді. Тілі мен дінінен айырылған ондай жан рухани кемтарлығын, адамдық болмысын түсінбей, көлденең көк аттының қолжаулығына айналады<br>«Ойлан.Жұптас.Бөліс» әдісі бойынша жұпта талқылайды.<br>Дескриптор: | Оқулық 29- бет<br><br>Үлестірме парақша |

| | | |
|---|---|---|
| | 1. Қате жазылған сөздерді орфографиялық нормаға сай жаза алады.<br>2. Орфографиялық нормаға сай жазылуын ережеге сай дәлелдейді.<br>**ҚБ Стикерлер** | |
| Сабақтың соңы<br><br>Минут | Блум түймедағы арқылы сабақты қортындылау<br><br><br>**Кері байл**<br>Оқушылар ... абақ тақырыбы бойынша бір сөзбен тоқтаусыз, қайталаусыз және бір-бірін тыңдап,қатесіз сөйлейді. | Блум түймедағы<br><br>Кері байланыс **«Бір минут» әдісі** |
| Қосымша ақпарат | | |
| Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? | Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |
| Сабақ бойынша рефлексия | | |
| **Жалпы баға**<br>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?<br>1.<br>2. | | |

## КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗУЫ

**Джулмухамбетова А.С.**

| | | |
|---|---|---|
| Пәні: Қазақ тілі | Мектеп: | |
| Күні: | Мұғалімнің аты-жөні: Джулмухамбетова А.С | |
| Сынып: 7 Т1 | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспағандар: |
| Бөлім атауы | Көшпенділер мәдениеті | |
| Сабақтың тақырыбы | Көне түркі жазуы | |
| Оқу бағдарламасына сілтеме | 7Т/А3. Мәтіннен ақпаратты анықтау.<br>7ӘТН5. Пунктуациялық норма.<br>7ӘТН2. Орфоэпиялық норма. | |

| | |
|---|---|
| **Оқу мақсаттары** | 7.Т/А3. Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата білу.<br>7ӘТН5Сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдану.<br>7ӘТН2 Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолдану. |
| **Сабақтың мақсаттары** | Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажыратады.<br>Сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолданады.<br>Тыныс белгілерін дұрыс қолдану, интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолданады. |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу, түсіну, қолдану |
| **Бағалау критерийлері** | Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсініп, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата біледі.<br>Сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолданады.<br>Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолданады. |
| **Дескрипторлар** | Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, ұсынылған ақпарат бойынша факті мен көзқарасты ажырата біледі:<br>**-мазмұнын түсінеді;**<br>**-фактілер мен көзқарастарды анықтайды.**<br>Сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолданады:<br>**-тыныс белгілерді ажырата алады;**<br>**-сөйлем ішінде және соңында қолдана алады.**<br>Сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолданады:<br>**-интонация, кідіріс, логикалықекпінді түсінеді;**<br>**- өлең оқығанда орынды қолдана алады.** |
| **Құндылықтарды дарыту** | Құрметтеу: оқушылардың топтық және өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіре отырып, бір-біріне құрметпен қарауға шақыру;<br>Тәрбие: ата-ана қадірін, отбасы қадірін түсіну. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интерактивті тақта |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақстан тарихы |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | Ауа райы және климаттық өзгерістер |

**Жоспар**

| **Жоспарланатын уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер** | **Дереккөздер** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>5 минут | **Қызығушылықты ояту/Топқа бөлу**<br>Оқушылардың ішінен оқушылар 4 көшбасшыны таңдайды. 4 оқушы кезегімен өз тобын (Тарих, Түркі, Күлтегін, Көкбөрі) жинайды.<br>Оқушылар суреттерге қарап, Секен Тұрысбековтың «Күлтегін» күйін жіберу арқылы сабақтың тақырыбын болжайды. | |

<table>
<tr><td></td><td><br>Сабақ тақырыбымен таныстыру.<br>Сабақ мақсаттарын оқушылардың өзіне айтқызу арқылы айқындау.<br>Дескрипторлармен таныстыру</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br><br>8 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>12 минут</td><td>1-тапсырма. Тыңдалым/Айтылым. ТЖ<br>Оқушылар берілген бейнероликті тыңдау арқылы 1-2-топтар фактілер мен көзқарастарды қағаз бетіне түсіреді, 3-4-топтар проблемалық сұрақтар құрастырады. Әр топ түсіндіреді, топтар бірін-бірі дескрипторлар бойынша бағалайды.<br><br>Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары<br>1-нұсқа<br>Дескрипторлар:<br>-мазмұнын түсінеді.<br>-проблемалық сұрақтар құрастырады (проблемалық сұрақтар топ мүшелерінің санына байланысты болуы қажет).<br><br>2-нұсқа<br><table><tr><th>Фактілер</th><th>Көзқарастар</th></tr><tr><td></td><td></td></tr></table>Дескрипторлар:<br>-мазмұнын түсінеді.<br>-фактілер мен көзқарастарды анықтайды (фактілер мен көзқарастар топ мүшелерінің санына байланысты болуы қажет).<br>2-тапсырма.Оқылым.ТЖ<br>Берілген мәтіндердің тыныс белгілерін дұрыс қойыңдар (Оқушылар тапсырманы топпен орындайды, кейін басқа топқа тексеруге береді).<br>1-мәтін. 1-2-топтарға<br>Енисей жазба мұралары. Олардың бұлайша аталуы тас бетіндегі сына жазуларының Енисей бойынан табылумен байланысты бұған қосымша кейіннен Тува мен Хакасия Краснояр өлкелерінен де осындай жазбалар табылған Енисей жазбаларының жалпы саны - 85 шамалы олардың ішінде кіші – гірім жазбалармен қатар ірі тестер кездеседі Енисей ескерткіштері көлемі жағынан негізінен шағын болып келеді ең үлкен 10-15 жолдан, ең кішісі 1-2 жолдан ғана тұрады қолданылуы жағынан Енисей ескерткіштері – ескі түрік жазуының алғашқы шығып қалыптасқан, тараған нұсқасы бұл жазу біртіндеп Орхон өзені одан Талас өзені өңіріне тарады бұл тұжырымның шындыққа жанасымдылығы жеке таңбалардың жазылу тәсілі мен жетілдірілуінен де байқалады Енисей жазба ескерткіштерінің ең көне түрлері Минусинск ойпатынан табылған бұл жазбалар түркі халқы белгілі мөлшерде отырықшы болып, металл өңдеушімен айналысқанын, мәдениетті ел болғанын көрсетеді. Орхон жазба ескерткіштері. Орхон жазуы көне түркі мұраларының ішінде қазіргі түркі тектес халықтардың бәріне ортақ көне түркі әдеби тілінде жазылған ол кезде сонау Сібірден бастап Орта Азия мен Қазақстан аймағы тұтастай Түркі қағандығының қол астына қараған болатын VI ғасырдың ортасында қазіргі Солтүстік Монғолия жерінде бас құраған түркі қағандығы сол ғасырдың аяқ шенінде батысы Каспий теңізіне шығысы Корей бұғазына дейінгі аралықты аралық алып жатқан ұлы империяға айналды кейін келе Батыс Түркі және Шығыс Түркі қағандығы деп аталатын екі үлкен қағандыққа бөлініп кеткені белгілі солай бола тұра V-VIII ғасырларда жартастардың беттері мен тас мүсіндерге сондай-ақ кейбір ыдыстардың желгі түбі және қабырғаларына ойылып жазылған көне түркі жазбаларының ішіндегі ең маңыздысы –</td><td></td></tr>
</table>

Орхон жазба мұралары Орхон өзенінің бойынан табылған бұл ескерткіштердің ішінде тасқа қашалып жазылған 3 тарихи мұра ерекше аталады оның біріншісі - 731 жылы өлген хан інісі Күлтегінге екіншісі – 735 жылы өлген Білге қағанға ал үшіншісі – Тоныкөкке арналған ескерткіштер Тоныкөк туралы Копенгагиндік профессор В. Томсен мен Клеменц ханымның еңбектерінен мынадай мағлұмат ала аламыз: Орхон жазбаларында көрсетілгеніндей Тоныкөк деп табылған ескерткіште ол – үш ханның ақылшысы және Білге қағанның құдасы болған адам Қытай жазбаларында Тоныкөк жайлы 716 жылы айтылған Елтерістің патшалық құруында оның қосқан үдесі туралы Қытай және Тоныкөк жазбаларында толық көрсетілген көне түркі жазбаларын кейде «руна» жазулары деп атайды оның себебі: Сібірде айдауда жүрген швед офицері Страленберг пен неміс ғалымы Д.Г. Мессершмидт кездестірген құлпытастардағы өзі түсінбейтін жат жазуды өз елінің тілінде «руна» жазуы деп атаған еді бұл сөз термин ретінде бертін келе кеңінен таралып кетті

**2-мәтін. 3-4-топтарға**

Талас жазу ескерткіштері. Талас өзені аңғарынан табылған ескерткіштер «Талас ескерткіштері» деп аталып жүр Талас өзенінің бойынан Қырғызстан жерінен барлығы 23 ескерткіш табылған Таластан табылған ескерткіштер көлемі тар көлемі әзірше өте шағын және сан жағынан да аз

Талас алқабынан 1932 жылы табылған руна жазуы бар алатаяқ та қызықтыра түсті оның төрт қырында да көне түркі алфавитімен жазылған бұл алатаяқ шыршадан жасалған оның құндылығы да осында алатаяқ қазір Санкт-Петербургтегі мемлекеттік Эрмитажда сақталуы Орхон-Енисей ескерткіштері тектес таңба-жазылуы тастар Әулиеата түбінен Талдықорған өңірінен Сарыарқадан және Алматы маңынан табылған сонымен ежелгі түркі елі белгілі бір аумақта өмір сүріп өзіне лайық жазуын тілін өзге де мәдениетін дамытқан ежелгі түркі мәдениетінің Орталықтары Енисей Орхон Селенгі Талас өзендерінің бойы Минуевльск ойпаты Алтай тауы Қазіргі Тува КрасноярЖетісу аймақтары болды оған Шығысы Хангай Сарыөзеннен, батысы – Карпат тауларына Оңтүстігі – Қытайдың Аққорғанынан Терiскейі – Ленаға дейінгі аралықтағы байтақ аймақты мекендеген түрік халықтарының жазу-сызу дәстүрінен қалған барлық мұралар енуіғылым әлемінде түрік жұрттарының жәдігері ретінде танылған жазулар 2500 жылдан бері бар деп есептеледі әзірге мәлім болған есеп бойынша, көне Түрік жазуымен тас бетіне 240-тай қағаз бен теріге 310 беттей мәтін түсіпті маникей әріпімен 554 бетіне жуық мұралар ұйғыр әрпімен 1000-ға тарта мәтіндер 10-ға жуық кітаптар жасалыпты араб қарпімен жазылған ортағасырлық дүниелер қаншама жалпы түрік халықтары XVI ғасырға дейін оннан астам жазу үлгісін қолданып пайдаланған кездерінде қыруар мұралар қалдырған

**Дескрипторлар:**

**-тыныс белгілерді ажырата алады;**

**-сөйлем ішінде және соңында қолдана алады.**

**3-тапсырма.Топтарға «Күлтегін» жыры оқуға беріледі. Әр топтың алдына тапсырма дескрипторлары берілді. Топтар жырды үзбей, жалғастырып оқу керек.**

**Күлтегін** Құтлық (Елтеріс) қағанның екінші ұлы, Білге қағанның (Могилян) туған інісі. Шешесі Елбілге қатұн. Жеті жасында әкесі Құтлық (680-692 жж. билік құрған) қайтыс болады. Қаған тағына оның інісі Қапаған (692-716 жж.) отырады. Күлтегін мен Білге, Қапағанның інісі Бөгүні (716ж.) тақтан тайдырып, қағандық билікті Білге қолына (716-734жж.) алады.

Тарихи деректерге қарағанда, Күлтегіннің он жасында ер атанып, алғаш көзге түскен соғысы – 694 жылғы Жау жыу және Дин жыу аймақтарында болған соғыс. Қапаған осы соғыста 90 мың тұтқынды қолға түсірген. Міне, осыдан былай Күлтегіннің ерлік жолы басталады. Тарихи деректер сол

| | | |
|---|---|---|
| 10 минут | кездегі ел тәуелсіздігін сақтап қалу жолында болған қырғын соғыстардың бірде-біреуінің Күлтегінсіз өтпегенін аңғартады.<br>Батыр 47 жасқа жетіп, қаза тапқанда, төрткүл дүниеден түгел елшілер келіп, рухына тағзым етіпті. Басына ел тарихын жазып, алып ескерткіш орнатыпты. Сол ескерткіштің ғылыми көшірмесі бұл күнде тәуелсіз еліміздің астанасында, Еуразия Ұлттық университетінің бас ғимаратының төрінде тұр.<br>**1-топ.126-128 беттер**<br>**2-топ.128-130 беттер**<br>**3-топ.131-133 беттер**<br>**4-топ.133-136беттер**<br>**Дескрипторлар:**<br>**-интонация, кідіріс, логикалықекпінді түсінеді;**<br>**- өлең оқығанда орынды қолдана алады.** | |
| **Сабақтың соңы**<br>5 минут | Кері байланыс. **«Карусель»** әдісі арқылы жүзеге асады.<br>Оқушылар мен мұғалім параллель тұрып, бүгінгі сабақта жаңалық болған 2 ақпаратты айтып өтеді. | |
| **Бағалау** | Бағалау критерийлері бойынша бағалау | |

| Қосымша ақпарат | | |
|---|---|---|
| Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз? | Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз? | Пәнаралық байланыс<br>Қауіпсіздік ережелері<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент) |
| | | |

| | |
|---|---|
| **Ойлану**<br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма?<br>Бүгін оқушылар нені үйренді? | Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз. |

| | |
|---|---|
| Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланғануақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен? | |
| Жалпы баға<br>Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?<br>1.<br>*2.*<br>Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?<br>1:<br>Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым? | |

## МЕНІҢ ДОСЫМ

**Иралиева М.Р.**

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:** | | **Мектеп:** | |
| **Күні:** | | **Мұғалімнің аты-жөні: М.Р. Иралиева** | |
| **Сынып: 5** | | **Қатысқандар:** | **Қатыспағандар:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Менің досым** | | |
| **Осы сабақта қолжеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 5.О6. Оқылым стратегияларын қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу,<br>нақты ақпаратты табу үшін оқу. | | |
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар орындай алады**:<br>мазмұнын түсінеді<br>**Көпшілігі орындай алады**:<br>нақты ақпаратты таба алады<br>**Кейбіреуі орындай алады:** мәтіндегі негізгі ойды талдай алады | | |
| **Бағалаукритерийі** | · Мәтін мазмұны негізінде маңызды ақпаратты анықтайды.<br>Оқылым стратегияларын қолданады. | | |
| **Құндылықтарға баулу** | Денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету; | | |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Дос туралы түсініктері бар.<br>Достың екі түрін ажыратады. | | |
| **Сабақбарысы** | | | |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы | **Сандар арқылы топқа бөлу.**<br>**«Сэндвич»** *ә*дісі сабақтың мақсатын түсіндіру. | Спик |

15 мин

(кім сабақтың соңында сэндвич жегісі келеді,
егер бәрін жеймін десек үш бөліктегі
шарттарды орындау керек,)

1- мазмұнын түсінемін

2- мәтіндегі ойды нақты айта аламын

3- негізгі ойды талдай аламын – десек, (спикерге жазылған аттарын бөліктерге жапсырады. Сабақтың соңында ойы өзгеріп бөліктердегі шарттарды толық орындай алдым десе тағы қосымша жапсырады)

**Серпілген сауал (доп лақтыру арқылы)**

1.Адамдардың сырт келбеті әлде мінезі маңызды ма? 2.Достарыңның қандай қасиеттерін бағалайсыңдар?

3. Достарыңның ерекше қасиеттерін ата

**«Екі дос»** аңыз әңгімесін беремін**.**

Ертеде ел арасында жаугершілік жиі болатын кезде, қазақтың екі жауынгері төс қағысып дос болады. Бірде әскерлер бір өзеннің бойында шатыр тігіп, дамылдапты. Тұтқиылдан жаудың қалың қолы шабуылжасапты. Тонаған мал-мүліктерін тиеп кетіпті.Қолға түскен азаматтарды айдай жөнеліпті. Әлгі екі достың біреуі жау қолына түседі. Досының қолға түсіп қалғанын естіген екінші батыр күздің қара суығына қарамастан, өзенді малтып өтіп, жау жатқан жағаға келеді.

Анталаған жау әскерлері оны тарпа бас салады. Жауынгер өзін қолбасыларына апаруды өтінеді. Алып келген соң ол жаудың қолбасына:

-Мен қолдарыңа түскен бір ауынгерге құн төлеп, сатып алуға келдім. Менің оған айырбасқа беретін малым не мүлкім жоқ. Бір-ақ нәрсе беремін. Ол - өзімнің өмірім. Досымды босатыңыз, ол үшін өзімнің өмірімді қияр едім, - дейді.

Қолбасы ойланып отырып, оны сынамақ болады да:

-Жарайды, мен сені қыршыныңнан қимай-ақ қояйын. Маған сол өміріңнің бір бөлшегін ғана берсең болды, -дейді.

-Ол не? – дейді досын құтқаруға асыққан жігіт.

-Маған сенің көздерің керек, - дейді қолбасы. Екі көзіңді ойып аламын. Осығанкелісесің бе?

-Ол да болсын, көзімді тезірек ал да, досымды босат, - дейді жауынгер.

Жігіт бұл сыннан толқусыз өтеді.Әлгі жауынгер тұтқыннан босаған досының иығына қолын қойып, зағип күйі қуанып, күлімдеп келе жатады.

Мұны көрген жаудың қолбасы: «МЫнадай ерлері бар халықты тұтқиылдан келіп, қабыда бас салмаса, бетпе-бет ұрыста жеңу қиынға соғады», - деп түйеді. Сөйтіп өз әскерлеріне шегінуге бұйрық берген екен. (Ел аузынан)

**1.Осы мәтіннен кездестіремін деп ойлайтын бес сөзді бірінші бағанға жазыңыз. Ж**

| 5 сөз | 5 сөз | Түйін |
|---|---|---|
| | | |

ер, сурет

Доп, маркер

Сабақтың ортасы

20 мин

**2.Оқи отырып бес маңызды тірек сөз теріп екінші бағанға жазыңыз. ЖЖ**

| 5 сөз | 5 сөз | Түйін |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| | | |

**3.«... туралы сіздің ойыңыз?» Т.**

| 5 сөз | 5 сөз | Түйін |
|---|---|---|
| | | |

(әр топта)
Дескриптор: 5 маңызды ақпараттарды анықтайды.
**ҚБ**.Топтардың кері байланысы «2 жұлдыз 1 тілек»
1. Тапсырма: «тыңдайтын үшбұрыштар» әдісі арқылы Спикер (мәтін мазм түсіндіреді), интервьюр, (сұрақ қояды), хатшы (үдерісті бақылап кері байланыс береді)
**ҚБ «Бас бармақ»** әдісі арқылы өзін-өзі бағалайды**.**
**ТЖ**
**2 тапсырма**әр топ «хикая картасы» арқылы жұмыс жүргізеді.
Дескриптор: мәтін мазмұнын суреттермен береді;
әр суретке тақырып қоя алады.
**ҚБ:әр топ бірін бірі «Екі жұлдыз бір ұсыныс» арқылы бағалайды**.

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br><br>10 мин | **«Егер...................... Онда....................Өйткені» әдісімен қорытындылау. Егер мен .......... досы болсам, онда ...................істер едім, өйткені...............................**<br>**Қорытынды:**Енді балалар сэндвич жеуде ойларының өзгерді ме, мүмкін мана бір ғана бөлігін ғана жеймін деген ойлар өзгерсе, тағы да саралап спикерге жазылған аттарымызды тағы да қосуға болады.<br>**Кері байланыс**: «3-2-1» арқылы байланыс береді.<br>Мен үшін ең маңызды 3 ақпарат...........<br>Ойымды өзгерткен 2 нәрсе...<br>Қиын болған 1 нәрсе... | |

| Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз? | Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау |
|---|---|---|
| *Саралау тапсырмаларды іріктеуді, белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтижені, оқушыға жеке қолдау көрсетуде, оқу материалы мен ресурстарды оқушылардың жеке қабілеттерін* ескере *отырып әзірлеуді қамтуы мүмкін (Гарднер бойынша көптік зият теориясы).*<br>*Уақытты тиімді пайдалана отырып, саралауды сабақтың кез келген кезеңінде қолдануға болады.* | *Бұл бөлімде оқушылардың сабақ кезінде нені үйренгендерін бағалау үшін қолданатын әдіс-тәсілдерді жазыңыз.* | *Денсаулық сақтау технологиялары.*<br>*Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолдану.*<br>*Осы сабақта қолданылатын* **Қауіпсіздік техникасы ережелерінің** *тармақтары* |

| | |
|---|---|
| ***Сабақ бойынша рефлексия***<br>*Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма?*<br>*Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп* | *Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз.* |

| | |
|---|---|
| *ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?*<br>*Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба?*<br>*Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?* | |
| Жалпы бағалау<br>Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет? | |

## ҚОНАҚ КҮТУ ДӘСТҮРІ

**Тапаева Г.К.,**
*Алмаз орта жалпы білім беретін мектеп-балабақшасы*

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:**<br>Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер.<br>Тура және ауыспалы мағыналы сөздер | **Мектеп**: Алмаз орта жалпы білім беретін мектеп-балабақшасы | |
| Күні: | **Мұғалімніңаты-жөні**:<br>Тапаева Гүлаиым Кизатовна | |
| **Сынып: 5** | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Қонақ күту дәстүрі |
| **Осы сабақ арқылы жүзегеасатыноқу мақсаттары** | 5.3.5.1.Сюжетті суреттердің (фотосуреттер) желісі бойынша әңгіме құрастыру |
| **Сабақтың мақсаттары** | **1.**Сюжет арасындағы байланысты анықтайды, суретбойынша өз ойларын айтып береді |
| | **2.**Сюжет желісін қолдану арқылы тақырыпқа қатысты сөздерді қолданып, әңгіме құрастырады. |
| | **3.**Орфографиялық норманы сақтайды, тілдік мақсаттарға сүйене отырыпәңгіме жазады. |
| **Бағалаукритерийлері** | -суреттегі іс-әрекетті анықтайды;<br>-сюжет арасындағы байланысты түсінеді,әңгіме жазады.<br>-тақырыпқақатысты сөздерді қолданады,жазылу құрылымын сақтайды;<br>-сюжетті суреттерді қолдана отырып, тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолданып, әңгіме жазады. |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:**<br>-сюжетті сурет желісі бойынша тақырыпқа қатысты сөздерді анықтап, әңгіме құрастырып жазады. |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер**:<br>қонақжайлылық,сыбаға,сыйластық,адамгершілік,үлкенге құрмет,ырыс,береке, салт-дәстүр,қонақ күту,қонақ кәде, қонақ қарсы алу, шығарып салу. |

| | |
|---|---|
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>• «Қонақ кәде» дегенді қалай түсінесің?<br>• Қонақ күтуге қатысты салт-дастүрлерді білесің бе? |
| **Құндылықтарға баулу** | Құрмет, ынтымақтастық, қазақстандық патриотизм немесе азаматтық жауапкершілік,ашықтық.Мәдениет пен тілдің біртұтастылығы, жалпыға ортақ еңбек қоғамы. |
| **Пәнаралықбайланыс** | Қазақ әдебиеті, өзін-өзі тану |
| **Тақырыпбойынша алдыңғыбілім** | Қонақ күту дәстүрі жайында түсініктері бар. Тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдана алады. |

**Сабақбарысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу Түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5мин | **Ширату «Пазл» әдісі**Сурет қиындыларын құрастырады. Тағам суреттерін құрастыру арқылы топқа бөлінеді.<br>• Бұл суретте не бейнеленген?<br>• Тағам түрлері<br>• Бұл тағам түрлерін кімдерге ұсынамыз?<br>• Келген қонақтарға.<br>Олай болса, оқушылар бүгінгі сабағымыздың тақырыбы қалай аталады деп ойлайсыңдар? **«Қонақ күту»** деп жаңа сабағымның тақырыбы таныстырылады.<br>**Оқу мақсаты және бағалау критерийлері хабарланады.**<br>**Жазылым алдындағы тапсырма (Білу)**<br>**1-тапсырма «Бір минуттық әңгіме»** әдісі**(С)**<br>Барлық оқушыларға сурет беріледі. Оқушылар қарама-қарсы сызық бойында тұрып,сурет бойынша өз ойларын анықтайды, сурет желісінен әңгіме құрастыра алады<br>**Дескриптор:**<br>-сюжет арасындағы байланысты анықтайды;<br>-сурет бойынша өз ойларын айтып береді.<br>**ҚБ.«Отшашу»** арқылы бағалау<br>**Саралау жұмысы «Қазына іздеу» әдісі**<br>**Тақырыпқа қатысты сөздер:** салт-дәстүр,қонақ күту,қонақ кәде, қонақ қарсы алу, шығарып салу.Тақырыпқа қатысты сөздер арқылы сөйлем құрайды |          |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>20мин | **Жазылым кезі тапсырмасы (Түсіну)**<br>**2-тапсырма«Хикая картасы» әдісі Т.Ж**<br>Қонақ күтуге байланысты берілген суреттерді сипаттап жазады.Төрт топқа беріледі.Карта кестеге жазылған сөйлем бір-бірімен байланыстыболады.Сюжетті әңгіме желісі шығады.Туражәне ауыспалы мағыналы сөздерді табады.<br><br><br> <br> <br>**Дескриптор:**<br>- сюжет желісіне қатыстыалтысөйлем жазады;<br>- суреттеу желісі бойынша сөйлемдерде тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолданады.<br>**ҚБ.«Геометриялық фигуралар»** арқылы бағалау.<br>**3-тапсырма «Бэкроним» әдісі Ж.Ж (Қолдану)**<br>Берілген тақырыпқа қатысты сөздердің ретін сақтай отырып, әңгіме құрайды.<br>**Тақырыпқа қатысты сөздер:** қазақ, халқы, құт,үй иесі, ашады, жабады, төр, арнайы қонақ, құдайы қонақ, риза ету,тамақ, әнші, жауапты іс.<br>**Дескриптор:**<br>-тақырыпқа қатысты сөздерді әңгімеде қолданады;<br>-әңгіменің жазылу құрылымы сақталады;<br>-суреттер желісі арқылы әңгімені өмірмен байланыстырып құрастырады;<br>**ҚБ. «Күлегештер» әдісі**<br>**Саралау жұмысы**<br>**Үлестірме парақшамен жұмыс.** Сөйлемдерді оқып шығып бас,жол,тіл деген сөздердің қай мағынада қолданып тұрғанын айтады. | <br> |

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың соңы<br>15 мин | **Жазылым соңындағы тапсырма.(Жинақтау,талдау) Ж.Ж**<br>**4-тапсырма «Еркін жазу» әдісі** арқылысюжетті суреттерді пайдаланып, тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолданып, «**Қонақ күту дәстүрі»** тақырыбында әңгіме жазады<br>**Дескриптор:**<br>• сурет желісін сақтай отырып әңгіме жазады.<br>• тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолданады**.**<br>**ҚБ«Стикерлеу»** әдісі.<br>**5-тапсырма ЖЖ**<br>**«Редакциялау» әдісі** арқылы оқушылар құрастырған әңгімесін «Бағалау парағы» арқылы бір-бірінің қатесін тексереді.<br>**Дескриптор:**<br>• Құрастырған әңгімені тексереді;<br>• Қателерін түзетеді.<br>**ҚБ «Екі жұлдыз бір тілек» әдісі** өз ұсынысын білдіреді.<br>**Оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне кері ораламын.**<br>**Кері байланыс**<br>**«Шығу билеті» әдісі**<br>**Шығу билеті**<br>Сіз бүгін не білдіңіз?<br>Сіз тағы не білгіңіз келеді? | <br><br> |

**ТӨРТ ТҮЛІК**

**Султанова С.С.,**
*Л.Қылышев атындағы ОЖББМ*

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:**<br>4-бөлім. Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі | **Мектеп**: Л.Қылышев атындағы ОЖББМ | |
| Күні: | **Мұғалімнің аты-жөні**:<br>Султанова С.С. | |
| **Сынып: 5б** | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |
| **Сабақтың тақырыбы** | Төрт түлік | |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | 5.1.6.1.Коммуникативтік жағдаятқа сай одағай сөздерді еркін қолданып, диалогқа даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру;<br>5.3.2.1.Жанрлық ерекшеліктеріне сай рәсімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазу; | |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың мақсаттары** | • Мәтіндегі негізгі ақпаратты таба алады.<br>Мәтіндегі негізгі ақпараттарға сұрақ құрастыра алады.<br>• Сұрақтарға өз пікірін айтып, диалогке даярлықсыз түсе алады.Тұрақты тіркестердің мағынасын аша алады.<br>• Хат, жарнама, хабарландыру жаза алады. |
| **Бағалау критерийлері** | Өз білімін сөзбен жеткізеді,топ болып пікірталасқа түседі. Диалог құрып,қорытынды жасайды<br>Жанрлық ерекшеліктерін сақтай отырып, жазба жұмыстарын орындайды. |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:**<br>Даярлықсыз диалогке түсіп, өз ойын ашық жеткізеді. |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер**:<br>Төрт түлікке қатысты тұрақты тіркестер, сөздік қор |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>Төрт түліктің қандай пайдасы бар?.<br>3.Мал-жан аман ба? -деп амандасу себебі неде? |
| **Құндылықтарға баулу** | Адамгершілік, төрт түлікке құрмет, еңбек,<br>Қазақстандық патриотизм |
| **Пәнаралық байланыс** | Әдебиет,өзін-өзі тану, бейнелеу өнері |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Төрт түлік мал туралы жалпы ұғым бар.Төрт түлік төлін, пірін, пайдасын біледі. |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 минут | **Ширату «Шаттық шеңбері»** Оқушылар шеңберде жиналып,мұғаліммен бірге бүгінгі сабаққа сәттілік тілейді.Түрлі-түсті стикерлерді бір-біріне беру арқылы «Мені анам.....еркелетеді» деген ойды жалғастырады. Стикер түсі арқылы оқушылар топқа бөлінеді.<br><br>**Оқу мақсаты және бағалау критерийлері хабарланады.** | |
| Сабақтың ортасы<br>25 минут | **... алдындағы тапсырма**<br>**1-тапсырма Жұмыс түрі.**<br>Аудио мәтінді тыңдату.<br>**Мәтінді мұқият тыңдап, сұрақтар дайындаңыздар.**<br>**«Мен – саған, сен –маған»** әдісі бойынша оқушылар бір-біріне төрт түлік суреттерін ұсыну арқылы сұрақтар қойып, одағай сөздерді қатыстырып, жауап бере отырып, диалог жасайды.<br>**ҚБ. Мұғалімнің бағалауы, мадақтауы**<br>Жарайсыңдар! Мәтін мазмұнын барлығымыз меңгерген екенбіз.<br>**Топтық жұмыс**<br>**«Жылқы сұлбасы» әдісі**<br>**Мәтін бойынша постер қорғаймыз.** | Аудиомәтін<br><br> |



1.Жылқының 4 аяғына мәтіндегі негізгі тірек сөздерді жазыңыз.
2. **Жылқының** басына мәтіндегі маңызды ақпаратты қысқаша жазыңыз.
3. Жылқының ішкі құрылысына мәтіндегі қосымша ақпаратты, одағай сөздерді жазыңыз.
4. Жылқының құйрығына мәтін бойынша қорытынды жазыңыз.
**ҚБ өзара бағалау.**
*Алтын таға* – мәтінді жоғары деңгейде меңгерген.
*Күміс таға* – мәтінді жақсы деңгейде меңгерген.
*Темір таға* - мәтінді орташа деңгейде меңгерген
**Дескриптор:**
- Мәтіндегі тірек сөздер мен нақты ақпаратты таба алады.
- Мәтінен одағай сөздері ажырата алады.
- Өз ойын тұжырымдап айта алады.

**Саралау жұмысы**:
**2-тапсырма Жұмыс түрі**
**Мәтін бойынша деңгейлік тапсырмалар беремін. Оқушылар өз қалағандарын орындайды.**
**1-тапсырма Сәйкестендіру**
Төрт түлікті қалай шақырады? (шақыру одағайлары). Төрт түлік пірлерін сәйкестендір.
**Төлдерін**
Түйе пұшайт-пұшайт
Қой көс-көс
Сиыр құрау-құрау
Жылқы ахау-ахау
**Пірлерін**
Түйе Шопаната
Қой Қамбарата
Сиыр Зеңгібаба
Жылқы Ойсылқара
**Дескриптор**:
ҚБ
Саралау жұмысы
**3-тапсырма. Жұмыс түрі**
**2-тапсырма Мәтін бойынша дұрыс, бұрысын анықтаңыз.**

| **Сөйлемдер** | **Дұрыс** | **Б** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| | Қазақтар ешкінің жүнінен шекпендер киген, ол жеңіл әрі жұмсақ сырт киім болған.<br>Ер азаматтарға жасалатын сыйдың да үлкені ат мінгізіп, шапан жабу болған.<br>Сиырды кейде көшке де, егіске де пайдаланбаған.<br>Ешкінің серкесін әрдайым жылқының отарына қосып отырады, оның бүкіл отарды бастап, жайылымға апарып, әкелетін қасиеті бар.<br>**3-тапсырма**<br>**Мәтіндегі тұрақты тіркестердің мағынасын ашыңыз.**<br>Ақ түйенің қарны жарылған күн.<br>Жылқыдай жусатып, қойдай өргізді.<br>Аузын буған өгіздей.<br>Қой ауызынан шөп алмас.<br>Сиыр сипағанды білмейді.<br>**ҚБ.** Қол шапалақтау арқылы бағалау.<br>**3-тапсырма «Әли мен Айя» деген мультфильмді көре отырып,**<br>• Мультфильм бойынша хабарландыру жазу.<br>• Сиыр өнімдеріне жарнама жасау.<br>• Досына хат жазу.<br>**ҚБ. Өзара бағалау.** Түсінгендікті көрсету үшін бағдаршамның түстері пайдаланылады.<br>Мысалы:<br>·Оқушыларда қызыл, жасыл және сары түсті карточкалар бар, оны олар өз парталарына қояды немесе жоғары көтереді (қызыл = түсінбеймін, жасыл = барлығы түсінікті).<br>·Оқушылар бағдаршамның түстерін пайдалана отырып, өздерін бағалайды. Мұғалімге көрсетілген бағалауды оқушылардың күнделіктеріне жазуына болады. Сыныптастары бағдаршам түстерінің көмегімен таныстырылымдарды және т.б. бағалайды<br>**Дескриптор:**<br>**ҚБ.**<br>**Саралау** | https://www.youtube.com/watch?v=SvL-rmCEVKM<br> |
| Сабақтың соңы<br><br>10 минут | **Қорытынды:**<br>**«Шындық па немесе жалған ба?» әдісі** бойынша сабақты қорытындылау.<br>• Жылқының төлі – лақ (жоқ)<br>• Сиырдың басын ноқтамен байлайды (жоқ)<br>• Жылқының тобын үйір дейді (иә)<br>• Шопаната – қойдың пірі (иә)<br>• Қозы мөңірейді (жоқ)<br>• Түйе мұрындық (иә)<br>• қырық күн шөлге шыдамды – сиыр (жоқ)<br>• Жылқы – дөнен, бесті, байтал деп атайды (иә)<br>• Жылқыны ас, тойларда жарысқа қосады (иә) | |

| | | |
|---|---|---|
| | • Қазақтар сиырды киімге жаратты (жоқ).<br>**Мұғалімнің бағалауы.** Жарайсыңдар.Сабақты жақсы меңгердіңдер.<br>**Үй тапсырмасы.**Төрт түлікке қатысты мақал-мәтелдер жаттау.<br>**Рефлексия.**<br><br> | |

## ҒАЛАМТОР ЖӘНЕ КІТАП


**Утегенова Н.Т.,**
*Казталов ОЖББМ*


| | |
|---|---|
| Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: 6 Мектеп: Казталовка ОЖББМ<br>Күні: 16.01.18ж Сынып: 7б<br>Мұғалімнің аты-жөні: Утегенова Н.Т. Қатысқандар: Қатыспағандар: | |
| Сабақтың тақырыбы: | Ғаламтор және кітап |
| Оқу мақсаты: | 7.1.5.1 /Т/А/- проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру, талқылау.<br>7.3.5.1 /Ж/- оқылым және тыңдалым материалдары бойынша тірек сөздер мен сөз тіркестерін синонимдік қатармен ауыстыра отырып, жинақы мәтін жазу. |
| Сабақтың мақсаты | • Сұрақтарға жауап беру арқылы, көтерілген мәселені анықтайды, дәлелдер келтіреді;<br>• Тақырыпқа байланысты мақал-мәтелдің мағынасын ашады;<br>• Тірек сөздер арқылы негізгі ақпаратқа сүйене отырып, мәтін құрады. |
| Тілдік мақсаттар | Ғалмтор, гаджет, компьютер, кітап |
| Құндылықтарға баулу | Рухани байлық |
| Бағалау критерийі | • Жетекші сұрақтар арқылы тақырыпқа қатысты өз ойын білдіреді, кітаптың пайдасын айтады;<br>• Мақал-мәтелдің мәнін таратып айтады;<br>• Іріктелген ақпараттар негізінде мәтінді өз сөзімен баяндайды. |
| Пәнаралық байланыс | Тарих, информатика |
| Тақырып бойынша алдыңғы оқу | Ғаламтор туралы біледі |
| Сабақ барысы | |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Әдістері** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 минут | **Топқа бөлу. Әлеуметтік желілермен бөлінеді.**<br>Тыңдалым алдында сурет ұсынылып оқушылар топта талқылайды: | **«Ой қозғау»**<br><br>**ФБ «Қол шапалақтау»** |

| | | |
|---|---|---|
| | <br>- Бұл суреттен нені көріп тұрмыз?<br>- Суреттегі қай баланың әрекеті дұрыс деп ойлайсыз?<br>- Ғаламтордың пайдасы мен зияны қандай? | |
| Сабақтың ортасы<br><br>7 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>10 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>10 минут | **Мәтінді мұқият тыңдап, топтасып талқылап, негізгі ойды анықтаңыз.**<br>- Мәтіннің сабақ тақырыбымен байланысы бар ма?<br>- Қандай мәселе көтеріліп отыр?<br>- Кітап оқу жағынан алдыңғы қатардағы елдер?<br>- Елімізде кітап оқушылар саны неге аз?<br>**1) Мәтін бөлігіндегі қарамен жазылған сөздердің синонимін тауып, «Кітап, ғаламтор» сөздеріне синквэйн құрады.**<br>- мәтінмен танысады;<br>- негізгі мәліметті анықтайды;<br>- сөздерді сипаттайды.<br>**2) Оқылған мәтін ішінен тірек сөздерді тауып, әлеуметтік желілер туралы мәлімет беру.**<br>Дескриптор:<br>- мәтін бөлігімен танысады;<br>- тірек сөздерді табады;<br>- әлеуметтік желілер туралы ақпарат береді.<br>**3) Кітап туралы мақал-мәтел құрау.**<br>- мақал тауып айтады;<br>- мәнін ашады;<br>-екі тілде сөздердің аудармасын табады;<br>**4) Мәтін бөлігінен есімше, көсемше жұрнағы жалғанған сөздерді тауып, талдаңыз.**<br>- мәтін бөлігін оқиды;<br>- есімше, көсемше жұрнақты сөздерді табады;<br>- сөздерге морфологиялықталдау жасайды.<br>**ҚБ. Төменде берілген сызбамен танысыңыз. Сызбаға тақырып қойыңыз. Сызба бойынша нақты 3-4 мәліметті іріктеңіз.**<br>Ай сайынғы аудитория (мың адам)<br>Дескрипторы:<br>- сызба бойынша ақпараттарды ажыратады;<br>- тақырыбын анықтайды;<br>- нақты 3-4 мәліметті іріктейді.<br>3) Берілген тірек сөздер арқылы *«Ғаламтор әлде кітап»* тақырыбына мәтін құраңыз.<br>Ғаламтор, кітап, пайдалы, зиян, қызықты, денсаулық, тәуелділік, сөзік қор, орынды пайдалану, есте қалу.<br>Дескриптор:<br>- Негізгі ақпараттарды қолданып, жинақы мәтін құрайды.<br>- құрауда ойын жүйелі жеткізеді;<br>- Өз көзқарасын білдіреді.<br>Жұмыстарын топта талқылап, үздігін ұсынады.<br> | **Аудиоматериал**<br><br>**«Топтық әңгіме»**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**ФБ «Мұғалім мадақтауы»**<br><br><br><br><br><br>**АКТ (ноутбук, ұялы телефон)**<br><br><br>**«Еркін жауап»**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**«Мәтін құрау»**<br><br><br>**Бірін-бірі бағалау** |

<table>
<tr><td>Соңы<br>2 минут<br><br>Кері байланыс<br>минут</td><td>- Сонымен, кітап оқу маңызды ма?<br>- Ғаламтор болмаса, не болар еді?<br>
</td><td>ФБ «Мұғалім мадақтауы»<br><br>«Өзін-өзі бағалау»</td></tr>
<tr><td>Үйге тапсырма<br>2 минут</td><td>12-тапсырма, 102-бет.</td><td></td></tr>
</table>

**ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕНДЕР**

**Үмбеталиева Н.А.,**

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы:**<br>Отан үшін от кешкендер | **Мұғалімнің аты-жөні:**<br>**Үмбеталиева Нұрзада Айболатқызы** |

| | | |
|---|---|---|
| СЫНЫП: 7 | Қатысқан оқушылар саны: 20 | Қатыспаған оқушылар саны: 20 |

| | |
|---|---|
| Сабақ негізделген оқу мақсаттары | 7.О5.Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру. |
| Сабақ нәтижесі: | **Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:** Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.**Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:** Топтық жұмысты бірлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды.<br>**Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады**:<br>Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмаларды орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. |
| Бағалау критерийі | Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады.<br>Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады. |
| Тілдік құзіреттілік | Отан үшін от кешкендер |
| Ресурстар | Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер. |
| Әдіс-тәсілдер | Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, ойын, көрнекілік. Рефлексия. |
| Пәнаралық байланыс | Музыка, қазақ тілі. |
| Алдыңғы оқу | 3-тоқсанда өткен білімді пысықтау |
| Сабақтың жоспары | |

| Жоспарланғануақыт | Сабақ барысы : | Бағалау түрлері |
|---|---|---|
| **Басталуы**<br>**5 минут** | **Ұйымдастыру кезеңі 2 минут**<br>**Топтарға бөлу.**<br>**Тірек сөздер бойынша топқа бөліну.** | |

| | | |
|---|---|---|
| | Оқушыларға сөздер қиындыларын беремін. Әріп қиындыларда бақыт,қуаныш,шаттық  деген сөздер болу керек.<br>Оқушылар сол сөздер бойынша топтарға бөлінеді.<br><br>**Психологиялық ахуал қалыптастыру:  3 минут**<br>-Салем достым! (амандасады)<br>-Сен қалайсың? (иықтарынан қағады)<br>-Қайда болдың? (құлақтарынан тартады)<br>-Мен сені сағындым! (қолдарын жүректеріне қояды)<br>-Сен келдің! (қолдарын жаяды)<br>-Жақсы болды!(құшақтайды) | 1-топ: бақыт<br>2-топ: қуаныш<br>3-топ: шаттық<br><br><br><br><br>Тренинг жазылған парақшалар |
| Жаңа білім<br>8 минут | **Білу және түсіну**<br><br>**Берілген мәтіндерді балалар оқып алады.**<br>**«Стикердегі диалог» әдісі**<br>(Топ мүшелері сұрақтардың жауабын стикерлерге жазып, қабырғадағы сұрақтар жазылған қағаздарға іледі. кейін пікірлерін қорғайды.)<br> | Оқулық.Кеспе мәтіндер.<br><br>Оқулық,қабырғаға ілінген ватмандар, түрлі-түсті маркерлер. |
| Ортасы<br>10 минут | **Қолдану**<br>**Берілген мәтіндерді балалар оқып алады.**<br>**Ортақ тапсырма:  «Пкірлер»** парағы әдісі<br>«Отан үшін от кешкендер» деген тақырыпта ойтолғау жазу.<br>Отан үшін от кешкендер кімдер деп ойлайсыдар?<br>**1-топ: бақыт**<br>Жауабын жазады.<br>**2-топ: қуаныш**<br>Тексеріп, қосымша мәліметтер қосады.<br>**3-топ:  шаттық**<br>Ұсыныс жазады.<br>**Талдау**<br>**«Броундық қозғалыс»**  Оқушылар сыныпты шарлап, талқыланатын мәселе  бойынша  ақпарат жинап, басқалармен пікірлеседі. Бұл тәсілді қолданғанда оқушыларға партаға отыруға болмайтынын ескерту керек | **«Пкірлер»** парағы әдісі, сұрақтар жазылған парақшалар,қалам.<br><br><br>Оқулықтағы мәтінді оқып алады. |
| Сергіту сәті<br>2 минут | «Қызыл гүлім-ай» биі | Би билейді |
| Аяқталуы<br>Сабақты бекіту<br>10 минут | **Синтез**<br>**«Шеринг»** әдісі Барлығы шеңберде отырады, жүргізуші бастап,кезекпен барлығы тақырып бойынша түйінді ойды айтады, идеялар қайталанбау керек | Шеринг әдісі |
| Бағалау<br><br>5 минут | **«Плюс-Минус Қызығамын» әдісі** | Бағалау парақшасы |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Кері байланыс | **Плюс(+)** | | Қағаз қиындылары. |
| | **Минус(-)** | | |
| | **Қызығамын(?)** | | |

## ДӘРУМЕНДЕРДІҢ ПАЙДАСЫ

**Усагалиева А. З.,**
*Өркен жалпы білім беретін мектеп-балабақша кешені*

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы**: Дұрыс тамақтану. Морфология. | **Мектеп**: Өркен жалпы білім беретін мектеп-балабақша кешені | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты-жөні**: Усагалиева Акмарал Задашевна | |
| **Сынып: 7** | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Дәрумендердің пайдасы |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | 7.2.5.1. Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрастыру. |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады:** Мәтіннің мазмұнын түсіне отырып, проблемалық сұрақтар құрастырады. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Мәтін бойынша берілген жауапқа сұрақтар құрастырады. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:** Көңіл-күй одағайларын пайдалана отырып, диалог құрастырып, сахналайды. |
| **Бағалау критерийлері** | - Мәтін бойынша проблеманы анықтайды.<br>- Проблемалық сұрақтарды құрастырады.<br>- Көңіл-күй одағайларын сөйлемде орынды қолданады. |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:** Проблемалық сұрақтар құрастырады. Дәрумендердің пайдасы туралы біледі. |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер**: дәрумен, мутация, модификация, генетика. |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>1. Көкөністер мен жеміс-жидектердің адам денсаулығына қандай пайдасы бар? |
| **Құндылықтарға баулу** | Құрмет, ынтымақтастық, ашықтық, өмір бойы білім алу. |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ әдебиеті, биология |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар құрай алады.<br>Одағай туралы түсінігі бар. |

## БАТА БЕРУ

**Гиылманов Е. Ш.,**
*ДОСТЫҚ ЖОББМ*

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:**<br>**3 бөлім**. Отбасылық дәстүрлер мен мерекелер. Лексика. Сөз және оның мағынасы. | **Мектеп**: ДОСТЫҚ ЖОББМ | |
| Күні: 08.05.2018 | **Мұғалімніңаты-жөні**: Гиылманов Ернарын Шерниязович | |
| **Сынып: 5** | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Бата беру |

| | |
|---|---|
| **Осы сабақарқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | 5.1.5.1 тыңдалған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру |
| **Сабақтың мақсаттары** | • Тыңдағанмәтін бойынша сұрақтарға жауап беріп, көтерілген мәселелерге қатысты өз көзқарасын білдіре алады. |
| | • сұрақтар арқылы көтерілген мәселелеге өз көзқарасын білдіріп, өмірмен байланыстырыпсахналайды. |
| | • Тыңдалған мәтіннің мазмұнына сай сұрақтарға жауап беріп, көтерілген мәселеге байланысты өз пікіріне дәлелдер келтіре алады. |
| **Бағалаукритерийлері** | • Тыңдалған мәтіннің мазмұны арқылы сұрақтарға жауап береді;<br>• Мәтін бойынша мәселені өмірмен байланыстырып сахналайды;<br>• Мәселеге қатысты өз пікірін білдіреді; |
| **Тілдік мақсат** | **Оқушылар орындай алады:**<br>мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді;көтерілген мәселелерге пікірін білдіре алады. |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер**: бата, ақсақал, дуалы билер, бәле-жала. |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>• Бата деген не?<br>• Неліктен батаны елге сыйлы, көпті көрген, жолы үлкен адам береді?<br>• Бата берудің маңыздылығы қандай? |
| **Құндылықтарға баулу** | Құрмет, ашықтық, ынтымақтастық,<br>Зайырлы қоғам және жоғарғы руханият,<br>Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы. |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақ әдебиеті, тарих. |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | Бата беру дәстүрі туралы біледі;<br>Тыңдалған мәтінге сай сұрақтарға жауап беріп алады және мәселеге қатысты өз ойын білдіре алады. |

## Мен не үйрендім?

**Уразалиева Д.Е.**
*С.Жақсығұлов атындағы ЖОББМ*

| | | |
|---|---|---|
| **Қазақ тілі** | Мектеп: С.Жақсығұлов атындағы ЖОББМ | |
| **Күні: 26 02 18** | Мұғалімнің аты-жөні: Уразалиева Дильяра Ерлановна | |
| **Сынып:** 5-сынып | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспағандар: |
| Бөлім атауы: | Аспан әлемінің құпиясы | |
| **Сабақтың тақырыбы** | Мен не үйрендім? | |
| **Сабақтың түрі** | Дағдыларды қалыптастыру, білімді бекіту сабағы. | |
| **Жүзеге асатын оқу мақсаттары** | Т3. Күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну.<br>Т2.тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну.<br>Т.Б1.1 Мәтіндерден жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау. | |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың мақсаты** | **Барлық оқушылар:** модуль көлемінде аспан әлемі жайлы қазақша ақпарат бере алады.<br>**Көптеген оқушылар:** тақырыпқа байланысты сыныптастарымен тілдеседі, диалог құрады.<br>**Кейбір оқушылар:** модуль аясында аудиомәтінді толық түсінеді. |
| **Тілдік міндеттер** | Бөлім бойынша барлық сөздік |
| **Құндылықтар** | Қазақтар - түркілердің ұрпағы. |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | Жұлдызды аспанның құпиясы |

| **Жоспарланатын уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер** | **Дерек көздер** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>3 минут<br><br><br><br><br>6 минут | Сыныппен амандасу . Оқушылардың назарын аудару.<br>**Тренинг: Саусақтың белгісі бойынша тұр.** (Топқа бөлу)<br><br>Сөздікті еске түсіру, қайталау, есте сақтау. Әр топқа 10 сөзден.<br>**Айтылым.**<br>**«Сөздің аудармасын белгі бойынша тап» ойыны.** 3 топтан 1 оқушыдан шығып, алдында жатқан қағазды таңдайды. Онда қандай сөз жазылып тұрғанын көрмеуі тиіс. Сол сөзді өзінің тобына көрсетеді. Олар орысша айтып түсіндіреді, ал ұстап тұрған оқушы сол сөздің қазақшасын табады. Кейін сөздері біткен соң әр топ 2 сөзге 2 сөйлемнен құрастырып шығады. (ауызша)<br><br>Дескриптор:<br>• Сөзді қазақшадан орысшаға дұрыс аударады<br>• Ойыншы сөзді орысшадан қазақша аудармасын дұрыс табады.<br>Ф.Б: топтарға жұлдыз үлестіру (1000, 500, 200 ұпайдан) | Әдістемелік құрал, дидактикалық материалдар, сөздік |
| Сабақтың ортасы<br><br><br><br><br><br>(10 минут) | **Тыңдалым.** Тақырып бойынша аудиомәтін қосу. (3мин).<br>**Аудиомәтінді тыңдайды**. Кейін аудиомәтін бойынша тапсырмалар үлестіріледі.<br>**1-топ: Шашыраған сөйлемдерден мәтін құрастырып шығу.** ( 3-4минут)<br>Дескриптор:<br>• Тыңдалған мәтінді түсінеді.<br>• Шашыраған сөйлемдерден мәтін құрастырады.<br>**2-топ: Сұрақтарға жауап беру.**<br>Дескриптор:<br>• Тыңдалған мәтінді түсінеді.<br>• Мәтін бойынша сұрақтарға дұрыс жауап береді.<br>**3-топ: Ақпараттың дұрыс , дұрыс еместігін анықтау.**<br>Дескриптор:<br>1. Тыңдалған мәтінді түсінеді<br>2.Мәтін бойынша ақпараттың дұрыс/бұрыстығын анықтайды.<br>Мәтінді қайта тыңдап, өздерін тексеріп шығады. (2мин)<br>***Сергіту сәті.***<br>**Топтарға шығармашылық тапсырма.**<br>**1-топ:** Өткен тақырып бойынша Алиса мен анасы туралы мәтінді рөлге бөліп ойнап шығу. (60 бет)<br>Дескриптор: | Дәптер<br><br>А4 қағаздары, маркерлер |

| | | |
|---|---|---|
| (15 минут) | • Сөйлем құрылымын дұрыс сақтап сөйлейді.<br>• Актерлік қабілетін жеткізеді.<br>• Тапсырманы орындауға белсенді жұмыстанады.<br>**2-топ:** Жағдаят. Досыңмен сенбі күні расытханаға баруды жоспарлаңдар. Диалог құрастыру.<br>Дескриптор:<br>• Сөйлем құрылымы сақталған.<br>• Тақырып бойынша жаңа сөздерді қолданады.<br>• Тапсырманы орындауға белсенді жұмыстанады.<br>**3-топ:** Берілген сұрақтарға жауап беріп, диалогті толықтыр.<br>Дескриптор:<br>• Сөйлем құрылым дұрыс сақтап жазады.<br>• Диалогті дұрыс ақпаратпен толықтырады.<br>• Тапсырманы орындауға белсенді жұмыстанады. | |
| Сабақтың соңы<br>2 мин | **Кері байланыс.** Жұлдыздың ішіне бүгінгі сабақты 5 балдық жүйемен бағалап шығады.<br><br>**Үйге :** сөздік жаттау | |
| Жалпы баға<br>Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым? | | |

**Қасқыр мен тиін**

Кенжегарина Г.М.
*Бөрлі ауданы, Ақсай қ.№3*

| | |
|---|---|
| Пән: Қазақ тілі және әдебиеті<br>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:<br>Қазақстандағы жан-жануарлар мен өсімдіктер әлемі<br>Сынып: 5 Т2 | Мектеп: Бөрлі ауданы, Ақсай қ.№3 ЖОББМ<br>Мұғалімі: Г.М.Кенжегарина |
| **Сабақ тақырыбы** | **Қасқыр мен тиін (5-сабақ)** |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 5.1.6.1. Тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру. |
| **Сабақ мақсаты** | **Барлығы:** тыңдалым материалдарының мазмұнын түсінеді<br>Көбі: тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру.<br>Кейбірі: мәтіннің мазмұнын қысқаша айтып береді |
| **Бағалау критерийі** | Оқушылар мәтіннің мазмұнын түсінеді;<br>Мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді; |

| | |
|---|---|
| **Жаңа сөздер** | Тиін,өмір сүреді,бұтақтан бұтаққа,қасқыр,арқа,құлайды,ашуланады,жалынады,жіберші ,қорқамын т.б. |
| **Оқыту әдістері** | «Көк диван», «Эмоция кестесі», «Дара диаграмма», түсіндіру, сұрақ-жауап, ПАЗЛ, тренинг,жұптық жұмыс. |
| **Бастапқы білім** | Қызғалдақ туралы оқушылардың жазып әкелген мәліметтерін тыңдау. «Ыстық орындық» әдісі арқылы оқушылардың алған білімдерін пысықтау. |

| **Жоспарланған кезеңдер** | **Жоспарланған тапсырмалар** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақ басы**<br><br>**Өткен сабақты тексеру**<br><br>**Сабақ тақырыбын ашу** | Мұғалім «Көңіл-күйді анықтау» тренингі негізінде сабақ басында алдарындағы смайликтерді көрсетулерін сұрайды.<br>« Ыстық орындық» әдісі арқылы оқылған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар қойылады.<br><br>«Саусақтар» әдісі арқылы оқушылар бір-бірін бағалайды.<br><br>Мұғалім оқушыларға қасқыр мен тиіннің суреті бар пазлдарды үлестіреді.Оқушылар суретті құрғаннан кейін сабақ тақырыбы анықталады.Сабақ мақсаты оқушыларға түсіндіріледі.<br>Сөздікпен жұмыс.<br>Мұғалім тақтадан жаңа сөздерді оқиды,оқушыларға қайталатады.Жаңа сөздермен сөз тіркесін,сөйлем құрамыз.<br>1-тапсырма оқылым,сөйлесім.<br>Қасқыр қайтеді? Тиін қайтеді сұрақтарына жауап беру. | Суреттер |
| **Тыңдалым алды** | **Г.О. Жеке жұмыста әр оқушыға кластер толтыру ұсынылады.**<br><br> | |
| **Тыңдалым кезеңі** | **«Ақ тиін мен қасқыр»** ертегісін тыңдатқызу.<br>Ақ тиін бұтақтан бұтаққа қарғып жүріп,ұйықтап жатқан қасқырдың үстіне құлайды.Қасқыр қарғып тұрып оны жегісі келеді.Ақ тиін жалынып:<br>-Мені жеме,жіберші,-дейді.<br>Қасқыр:<br>-Жарайды,жіберейін.Бірақ сен маған айт:неліктен сендер,әр уақытта олай батыл жүресіңдер?-дейді.<br>Сонда ақ тиін:<br>-Мені жіберіңіз,,содан соң айтайын,әйтпесе жүрегім дірілдеп,сөйлей алатын емеспін,-дейді.<br>Қасқыр ақ тиінді босатады.Ақ тиін ағаштың басына | **https://youtu.be/e0OLfj9Ir0Q**<br><br>**Бейнежазба №2** |

| | | |
|---|---|---|
| | шығып алып:<br>-Сен,қасқыр,залымсың.Залымдық ішінді жандырады,сондықтвн әрқашан қапалы жүресің.Біз ешкімге залымдық істемейміз.Сол үшін де әр уақыт шат болып жүреміз,-дейді.<br>1-тапсырма: (бүкіл сыныпқа)<br>**«Көк диван»** әдісі арқылы тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру.Нұсқау: ортаға 3 орындық қойылады.Ортаңғы орындыққа тыңдалған материал бойынша сұрақ қояды.Екі жақтан 2 оқушы отырып,берілген сұрақтарға жауап береді.Дұрыс жауап берген оқушы қалады.Мәтін мазмұны бойынша келесі сұрақты қояды.Ойын солай жалғасады.<br>**Дескриптор:**<br>-Мәтін мазмұнын түсінеді<br>-Берілген сұрақтарға жауап береді<br>2-тапсырма.(жұптық жұмыс)<br>**«Эмоция кестесі»** әдісі арқылы оқушылар оқиғалар тізбегін және кейіпкерлердің көңіл-күйлерін кестеге толтырады | |
| **Тыңдалымнан кейінгі кезең**<br><br><br><br><br><br><br>**Бекіту** | **«Жайдарман алфавиті»** әдісі арқылы мәтін мазмұнын қайталап,қорытындылау.<br>Жазылым<br>Деңгейлік тапсырмалар:<br>А деңгейі-12-тапсырма<br>В деңгейі-9-тапсырма<br>С деңгейі- 11-тапсырма<br>Жеке жұмыс.Оқулықтағы 14-тапсырманы орындатады | 8-тапсырма,5 9-бет |
| **Бағалау**<br><br>**Үйге тапсырма**<br><br>**Рефлексия** | «Саусақ арқылы» оқушылар бір-бірінің жауаптарын бағалайды.<br>Оқулықтағы 7-тапсырманы орындау<br><br><br>Рефлексия «3-2-1» стратегиясы<br>1. Бүгінгі сабақтан алған 3 маңызды ақпарат;<br>2. Бүгінгі сабақта қиындық тудырған 2 аспекті;<br>3. Бүгінгі сабақта ұнаған 1 іс-әрекет.<br>Рефлексия жасау үшін дайын құрылым беріледі, оқушылар бүгінгі өзінің әрекетіне талдау жасайды. Сол арқылы мұғалім бүгінгі сабақтың сәтті және сәтсіз тұстарын анықтай алады. | |

## Жалбыз

**Жомартова А.,**
*М.Бегалиева атындағы ЖОББМ*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

| |
|---|
| Сабақтың тақырыбы: Жалбыз |
| Оқу мақсаты:<br>Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпаратты анықтау. Мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйене отырып түзету және редакциялау. |
| Сабақтың мақсаттары:<br>Барлық оқушылар: тыңдаған мәтінді түсінеді, негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды; Оқушылардың басым бөлігі: тыңдаған мәтінді түсінеді, негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды, мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйеніп түзетеді; Кейбір оқушылар: тыңдаған мәтінді түсінеді, негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды, мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйеніп түзетеді, дәлелдер келтіреді; |

| |
|---|
| Күтілетін нәтиже Жалбыз өсімдігінің дәрілік қасиеті және өмірдегі пайдасы туралы түсініктері кеңейеді. |
| Тілдік мақсаты Негізгі сөздер мен сөз тіркестері: дәрілік өсімдік, жалбыздың дәрілік қасиеті, ментол, бактерияларға қарсы, дәмдеуіш, әмбебап. Талқылауға арналған сұрақтар: 1.Шөптің қандай түрлерін білесіңдер? 2.Біздің жерімізде кездесетін шөптерді атаңдар. 3.Қандай дәрілік өсімдіктер бар? 4.Оларды пайдаланып көрдіңдер ме? 5. Қандай ауру түрлеріне пайдалануға болады? |
| Алдыңғы тақырып Жеміс- жидектің пайдасы |
| Жоспары |
| Жоспарланған |
| Уақыт Мұғалімнің іс-әрекеті Оқушының іс-әрекеті Бағалау Ресурстар |
| Басталуы 3 минут 7 минут Ұйымдастыру кезеңі: 1.Психологиялық ахуал қалыптастыру (оқушылар өз көңіл күй ахуалдарын смайлик арқылы білдіреді) 2.Топқа бөлу (оқушы орындықтарының арқалығына түрлі түсті стикер жапсырып қойып, түс бойынша бөлу) I. Әр топқа «Жалбыз» сөзі жасырылған сөзжұмбақ беріледі, топ болып сөзжұмбақты шешеді және жаңа сабақтың тақырыбына болжам жасайды. II. Талқылау сұрақтары: 1.Шөптің қандай түрлерін білесіңдер? 2.Біздің жерімізде кездесетін шөптерді атаңдар. 3.Қандай дәрілік өсімдіктер бар? 4.Оларды пайдаланып көрдіңдер ме? 5. Қандай ауру түрлеріне пайдалануға болады? Оқушылар өз көңіл күй ахуалдарын смайлик арқылы білдіреді. Топқа түс таңдау арқылы бөлінеді. Сөзжұмбақты шешіп, жаңа сабақтың тақырыбын ашады және тақырып бойынша өз ой-пікірлерін ортаға салады. Талқылау сұрақтарына жауап береді, өз көзқарастарын білдіреді. ФБ. Мұғалімнің қолдауы 5-сыныптың Қазақ тілі оқулығы, дәптер,түрлі түсті стикер, сөзжұмбақ жазылған плакат, маркер |
| Ортасы |
| 15 минут III. 1-тапсырма. «Жалбыз» а) Мәтінді мұқият тыңдап, мазмұнын түсініңіз; ә)Мәтіндегі тірек сөздерді анықтаңыз; б) «Ротация» әдісі бойынша топ мүшелері үш сұрақ құрастырып, басқа топқа Оқушылар мәтінді мұқият тыңдайды, тірек сөздерді анықтайды және үш сұрақ құрастырып жазады және басқа топқа жолдайды. Басқа топ мүшелері «Бас бармақ» Аудио жазба, суреттер, А4форматы жолдайды. IV. 2-тапсырма. Мәтіндегі орфографиялық қателерді сөздіктерге сүйеніп түзету жасаңыз. V. Саралау тапсырмалары. Мәтінді түсініп тыңдаңыз. 1-тапсырма Мәтіндегі тірек сөздерді тауып, маңыздылығына қарай орналастырыңыз. 1------------------------------------------------- 2-------------------------------------------------- 3------------------------------------------------- 4--------------------------------------------------- 2.Орналастыру себебін түсіндіріп айтыңыз. 2-тапсырма. Мәтін бойынша негізгі және қосымша ақпараттарды анықтаңыз. |
| Негізгі ақпарат Қосымша ақпарат 3-тапсырма.Шын және жалған ақпараттарды анықтаңдар. |
| Ақпарат жалған Шын сұрақтарға жауап береді. Сөздікке сүйене отырып түзету арқылы тапсырманы орындайды. Оқушылар саралау тапсырмаларын өз мүмкіндіктеріне қарай орындайды. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» Аудио жазба, кестелер т.б. |
| Соңы |
| 10 минут VI. Кері байланыс тапсырмасы. 1-тапсырма. Емдік шөптер туралы мәтінге тірек болатын сөздер мен сөз тіркестерінің астын сызыңдар. 2-тапсырма. Негізгі ақпаратты анықтайтын «От шашу» Топшамалар |
| сұрақтарды белгілеңіз. |
| 5 минут Үйге тапсырма: Шипалы өсімдіктер туралы мәліметтер жинау. |
| Рефлексия - сабақтағы 3 маңызды ақпарат - қиындық келтірген 2 мәселе - сабақта ұнаған 1 аспект Оқушылар сабақтан алған әсерлерін айтып, ой бөліседі және ұсыныстарын айтады. |

**Достық - өмірлік нұсқа**

**Аюпова Т.О.,**
*Бөрлі ауданы, Бөрлі № 1 ЖОББМ*

| | | |
|---|---|---|
| | Мектеп: Бөрлі ауданы, Бөрлі № 1 ЖОББМ | |
| ***Күні*** | Мұғалімнің аты-жөні:<br>Аюпова Тоғжан Орынгалиевна | |
| ***Сынып 7*** | Қатысқандар: 11 | Қатыспағандар:0 |
| ***Тараудың тақырыбы*** | **Сүйіспеншіліік пен достық**. Морфология. | |
| ***Сабақтың тақырыбы*** | Достық - өмірлік нұсқа | |
| ***Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары:*** | Т/А5.Проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіре отырып,дәлелді жауап беру, өз жауабын өзгенің жауабымен салыстыру,талқылау. | |
| | **Барлық оқушылар орындай алады.**<br>Проблемалық сұрақтарға мәтіннен дәйектер келтіріп,жауап береді. | |
| | **Көпшілік оқушылар орындай алады.**Жағдаятқа сай пікірін айта алады. | |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады.**<br>Талқыланған мәселелерге қатысты көзқарастарын бағамдайды , сараптайды. | |
| ***Бағалау критерий:*** | Проблемалық сұрақтарға тыңдалған мәтіннен деректер келтіріп, дәлелді жауап беру. | |
| ***Құндылықтарға баулу:*** | Қарым-қатынас жасау қабілеті. | |
| ***Пәнаралық байланыс:*** | Әдебиет, күнделікті өмір | |
| ***Алдыңғы оқу:*** | Проблемалық сұрақтарға дәлелдер келтіріп жауап беру дағдысы, жауаптарын салыстыру және талдау дағдысы бойынша жұмыстанып көрмеді. көтерідген мәселе бойынша сұрақтарға жауап беру, жалпы, нақты сұрақтарға жауап бере алады. | |

| ***Жоспар*** | | |
|---|---|---|
| ***Жоспар ланған уақыт*** | ***Жоспарланған іс-әрекет*** | **Ресурстар** |
| ***Басы***<br>*2мин* | Ұйымдастыру кезеңі,<br><br>« Таныстырылым » әдісі бойынша суреттер беріледі.<br>1.Суреттен нені көріп тұрсыздар?<br>2,Достық деген не?<br>3. Достықтың қандай түрлері бар ? | |

<table>
<tr>
<td>3мин</td>
<td>Тыңдалым алды тапсырма.<br>« Бинго » әдісі .
<table>
<tr><td>1,Кімнің досы көп?</td><td></td></tr>
<tr><td>2,Кім досымен демалыс орындарында болды ?</td><td></td></tr>
<tr><td>3.Кімнің досында ерекше хобби бар?</td><td></td></tr>
<tr><td>4.Кімнің досы бірнеше өнер иесі?</td><td></td></tr>
<tr><td>5. Кім дос туралы киноны көп көреді ?</td><td></td></tr>
<tr><td>6,Ата-анасы араласып тұратын достар кімдер ?</td><td></td></tr>
<tr><td>7. Балабақшадан бері дос болып келе жатқан кімдер ?</td><td></td></tr>
<tr><td>8.Дос, достық туралы өлең кім жазады?</td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Ортасы<br><br><br><br>5мин<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>15мин</td>
<td>Тыңдалым кезеңі.<br>Елде бір сыйлы қария өмір сүріпті.Жалғыз ұлы бар екен.Әкесінің дәулетіне семіріп,аттан түспей серілік құрып,жолдас-жораларын көбейтіп,күніге той,қызыққа батып жүріп алыпты.<br>Бір күні әкесі шақырып алып:<br>-Балам, мен болсам ұлғайып келем,өстіп қызық-думан құрып жүре бермекшісің, үйленсеңші,-дейді.<br>-Ой , әке, қарап жүргем жоқ,дос-жолдас көбейтіп жүрмін,-дейді.<br>Әкесі:-Досың көп пе сонда ?-деп сұрайды.<br>Баласы:-Көп, достарымның бәрі мен дегенде ішкен асын жерге қояды, айтқанымнан шықпайды,-дейді.<br>Әкесі:-Ендеше, сол достарыңды сынап қайталық,-дейді.<br>Соны айтып,өзі бір атқа,ұлын бір атқа мінгізеді.Атан түйенің жады ағашына су құйған мес салынған қапты көлденең салады да , жетекке алады.Әкелі-балалы екеуі жүріп отырып,ұлының жан досының үйіне келеді.Сыртта оңашалап сөйлеседі. Баламның жан досы екенсің ,әдейілеп ат басын тіреп тұрмыз,-дейді үлкен кісі: «- Басымызға іс түсті, малдан айырылдық. Оның үстіне мына бір кісіні байқамай өлтіріп алдық, ісімізді жайғастыр»,-дейді.<br>Досы: -Бұл істі менің мойныма ілмексіңдер ме?...Аулақ , аулақ!-дейді.<br>Мақұл десіп, келесі досына және ең сенімді деген тағы бір досына келіп, болған жайды баяндайды.Көмек сұрайды. Олардың бәрі де ат-тонын ала қашып : «Аулақ жүріңдер »,-деп қуып жібереді.<br>Баланың ұнжырғасы түсіп кеткен.Әкелі-балалы тіркесіп үйіне келеді.Сонда әкесінің отбасында отырып былай дейді: « Балам, көзің жетті ме, сенің көп досыңның бірі- малдың досы, бірі-</td>
<td></td>
</tr>
</table>

дәулетіңнің досы, бірі-жастық базарыңның досы, бірі-әншейін күн өткізудің досы.Ендігісін өзің біл!»

( Д.Досжанов )

Сұрақ-жауап .

| | |
|---|---|
| Білу | Өмірде дос не үшін керек? |
| Түсіну | Өз досыңа қандай баға берер едің? |
| Талдау | Әкесі ұлының достарының қандай екеніне көз жеткізбесе не болар еді? |
| Қолдану | Сен өз досыңның адал екенін қалай дәлелдер едің? |
| Жинақтау | Шынайы достық қай кезде сыналады? |
| Талдау | Адал дос пен амал дос аражігінің өлшемі бар ма ? |

*10 мин*

**Тапсырма-**
**« Крест- Нөл »**

| | | |
|---|---|---|
| Дос туралы мақал-мәтел жаз. | Достың қандай түрлері бар ? | Досыңның бойындағы жақсы және жаман қасиеттерін жаз. |
| Дос тақырыбында ақын, жазушылар-дың қандай шығармала-рын білесің? | Дос туралы өлең шумақтарын құрастыр. | « Жаман дос -көлеңке » тақырыбында эссе жаз. |
| Ең жақын деген досың теріс айналса не істер едің? | Қасыңдағы досыңның адал екеніне | Доссыз беймәлім аралда қалсаң не істер едің? |

**Тыңдалымнан кейінгі кезең.**
**Тапсырма**
**« Мендік аймақ » әдісі.**

Д Өзгенің жауабымен өзінің жауабын салыстырады.
Д.2. Айтылған пікір ішінен ұтымды жауапты анықтайды..
Д. 3. Неліктен ұтымды пікір екенін дәлелдейді?

**Сабақтың соңы**
3мин

**Рефлексия .**
**« 2 негізгі ақпарат ,**
**2 қажетті ақпарат,**
**1 қорытынды »**
Оқушылар өздерінің сабақта алған негізгі және қажетті ақпараттарды анықтап қорытынды жасайды.

## ӘДЕБИЕТ ПӘНІ БОЙЫНША САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ
## А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ «АДАМДЫҚ ДИҚАНШЫСЫ» ӨЛЕҢІ

**Кожагалиева А.М.,**
*№7 ЖОББМ*
*(Ақсай қаласы)*

Ұлтының ұстазы болған, бар өмірін ұлтына қызмет етуге арнаған А. Байтұрсынұлының білім саласындағы рөлі, алатын орны орасан зор. Оның қандай шығармасы болмасын оқушының көкейіне ой салып, даналық дәнін себеді. Соның ішінде, А. Байтұрсынұлының «Даналық диқаншысы» өлеңін бір сабаққа арқау ету арқылы да жас ұрпаққа ой салуға болады. Сонымен қатар, жаңартылған оқу бағдарламасына сай аталмыш өлең арқылы оқушыларды өлеңнің астарына үңілуге, мәнмәтіннің көбесін сөгіп талдау арқылы автор бейнесін жасауға, автордың өлеңді жазудағы түпкі ойын пайымдай білу әрекеттерін орындата аламыз. Мұндай жұмыс түрлеріне төселту оқушы бойында алған білімді қолдана білу дағдысын қалыптастырады. Сондай-ақ, сабақта жаңартылған оқу бағдарламасында атап көрсетілгендей, оқылым және айтылым дағдыларын қалыптастыру жұмыстары орын алады. Сөзіміз дәлелді болу үшін және өз тәжірибеммен бөлісу мақсатымен «Даналық диқаншысы» өлеңінің сабақ жоспарын назарларыңызға ұсынамын.

| | | |
|---|---|---|
| **САБАҚ:** А. Байтұрсынұлы «Адамдық диқаншысы» өлеңі Ұлтының ұлы ұстазы. | **Мектеп: Ақсай қаласы №7 ЖОББМ** | |
| **Күні:11.01.2018ж** | **Мұғалімнің есімі:**<br>Кожагалиева Айымгуль Махсотовна | |
| **СЫНЫП: 5** | **Қатысқандар саны: 17** | **Қатыспағандар: 0** |
| **Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)** | эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау(5.А/И2) | |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар:** | |
| | Шығармадағы мәселелер негізінде автор образын анықтайды | |
| | **Оқушылардың басым бөлігі:** «9 ромб» әдісі бойынша оқушылар МАҢЫЗДЫ және ОНША МАҢЫЗДЫ ЕМЕС деп санаған мәселелерді анықтайды | |
| | **Кейбір оқушылар:** Жұбыңызға анықталған мәселелердің неліктен маңызды және маңызды емес екенін түсіндіреді. | |
| Бағалау критерийі | Жеке, жұптық, тапсырмаларды орындай алады.<br>Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады. | |
| Тілдік құзіреттілік | ***Жаңа білім*** | |
| Ресурстар | Оқулық, кеспе қағаздар және кері байланыс, стикер. | |
| Әдіс-тәсілдер | Сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, көрнекілік. Рефлексия. | |
| Пәнаралық байланыс | Дене шынықтыру, қазақ тілі. | |
| **Алдыңғы тақырып** | Атымтай жомарт өсиеттері | |
| **Жоспарланған уақыт** | **40 мин** | **Ресурстар** |
| Басталуы 5 минут | Ой шақыру 2 мин және **Психологиялық ахуал қалыптастыру:** 2 минут<br>Кіріспе: - Балалар, бүгінгі сабаққа кіріспес бұрын автор портретіне бір сәт назар салып,ойланып көрейікші!<br>Автор портретіне қарай отырып, автор қандай тұлға деп ойлайсыңдар?<br>Өз көзқарастарыңмен бөлісе отырсаңдар...<br>**Білімдіден не пайда,**<br>**Білгенін көпке айтпаса.**<br>**Үйреткеннен не пайда,**<br>**Қайырымы қайтпаса**.<br>Деп ақын атамыз өзі айтып кеткендей, ол өз шығармалары арқылы өзінің өне бойындағы бар барлық білімі мен қайратын, | « Түртіп оқу » әдісі |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>білген - түйгенін еліне, өскелең ұрпаққа диқаншы ретінде дән етіп себе білді.Соның дәлелі бүгінгі сіздерге ұсынылып отырған «Даналық диқаншысы» өлеңі болмақ.(Автор өмірі мен шығармашылығы туралы презентация)<br>-Ендеше, автордың бойындағы осы тұлғалық қасиеттері оны тағы бір өлеңді дүниеге әкелуіне себепкер болды деуге болады.Олай болса бүгінгі сабақта сол «Адамдық диқаншысы» өлеңімен танысамыз.<br>Алдымен 1минут көз жүгіртіп іштей өлеңмен оқып,танысып шығайық.Өздеріңе түсініксіз сөздер кездессе қарындашпен түртіп кетіп отырамыз.<br>Мұғалім сабақта  оқушыларды жаңа тақырыпқа жетелейтін сұрақтар қояды. Балалар: «Диқаншы,ұстаз,дән,адамдық диқаншысы»,  деген сөздердің мән – мағынасын біз білеміз бе? сауалдарын қойып негізгі тақырыпқа ойысады.  Осы орайда ұстаз тек сабақ беруші мұғалім ғана емес,барлық бастамашыл үйретуші жандарды ұстаз деп атайтынын да ескерте кетуге болады.Сонымен қатар оқушының  бұған дейін алған білімін қайта жаңғырту мақсатымен бұрын танысқан Ахмет Байтұрсынов туралы мәліметтерін естеріне түсіре кеткен дұрыс. Мәліметтер тақтаға магнит арқылы жүйелі орнатылады. Бұл жұмыс түрі негізінде сабақтың негізгі таырыбына оқушыны бойлату, оның сабаққа деген белсенділігін арттыру мақсаты көзделеді. Осы тапсырма арқылы 5А\И2 оқу мақсаты жүзеге асады.<br>Сөздікпен жұмысы: Осы өлеңде оқушы терең бойлай бермейтін сөздер бар. оны сабаққа әкелінген сөздіктердің көмегімен оқушылар өз беттерімен іздеп табады, яғни ізденіс және ресурспен жұмыс болатынын ескерген дұрыс.<br>Мыс:Тұқым-дән,диқаншы –егін өсіруші,құр – бос жер,құл халық – бейнетшіл халық,шаштым-тараттым т.б.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Ортасы   20 минут</td>
<td><u>Білу және түсіну </u>, қолдану<br>1-тапсырма: 9 ромб әдісі бойынша( бірақ бұл жерде 9 аспекті ромбқа емес, кестеге бөлініп түсіріледі, өйткені төменгі сыныпқа тез түсініп ажырата алуына ыңғайластырылған) шығармадағы автор МАҢЫЗДЫ және ОНША МАҢЫЗДЫ ЕМЕС деп санаған мәселелерді анықтаңыз. Жұбыңызға анықталған мәселелердің неліктен маңызды және маңызды емес екенін түсіндіріңіз. 10мин. Мысалы: адамдық, еңбек, бейнет, зейнет.. - МАҢЫЗДЫ;<br> мал, есек, жасық .... - ОНША МАҢЫЗДЫ ЕМЕС.<br>Анықталған маңызды аспектілер арқылы автор бейнесін сипаттаңыз.<br>. Дескриптор: Білім алушы<br> - өлеңнен автордың маңызды деп санайтын 6 аспектісін анықтайды;<br> - 3 маңызды емес аспектіні анықтайды;<br> - анықталған маңызды аспектілер негізінде автор бейнесін 2 сөйлеммен сипаттайды.<br>ЖЖ жұптық жұмыс.Топтық  жұмыс.<br><table><tr><th>Маңызды</th><th>Онша маңызды емес</th></tr><tr><td></td><td></td></tr></table></td>
<td>«9 ромб» әдісі арқылы түсінді ріледі.<br><br>Оқушы лар өз ойларын тақтаға жазады</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | <br>**Оқушылар бір- бірін смайликтер ұсыну арқылы бағалайды.**<br>**2-тапсырма**:Шығармадан автордың «МЕН» бейнесін көрсететін тармақтарды табыңыз. 10 мин.<br>Үлгі: МЕН қырға шықтым, МЕН құрға шықтым, МЕН тұқымын шаштым.... МЕН ....<br>Тармақтардың мазмұны бойынша автор бейнесін сын есімдер арқылы ашыңыз.<br>**Дескриптор** Білім алушы<br>- шығармадағы автордың «мен» бейнесін ашатын өлең тармақтарын табады;<br>- тармақтар мазмұны бойынша автор бейнесіне қатысты сын есімдерді кластерге түсіреді.<br>**Жеке жұмыс ұйымдастырылады.**<br>Оқушылардың назары келесі кезекте оқулық бетіне аудартылады. Оқулық бетінде өлең жолдарын оқыта отырып,автор бейнесін және автор «Менін» тізбектеу жұмысы жүргізіледі .<br>Үлгі: МЕН қырға шықтым, МЕН құрға шықтым, МЕН тұқымын шаштым.... МЕН ....<br>**Оқушылар өз - өздерін «Бағдаршам» арқылы бағалайды**<br>**Талдау:Оқушылар өлеңнің идесын,сюжетін ашады.** | |
| Сергіту сәті 3минут | Адамдық диқаншысы қырға шықтым,<br>Көлі жоқ,көгалы жоқ құрға шықтым.<br>Тұқымын адамдықтың шаштым,ектім,<br>Көңілін көтеруге құл халықтың... | Қимыл мен сергиді әрі өлең жолын жаттайды |
| Аяқталуы 12 минут | **Бекіту: 7 мин. «Менің көңіл-күйім баспалдағы»**<br>Оқушылар стикерлерге өз есімдерін жазып (немесе смайликтің суретін салып) тақтада салынған баспалдақтардың біріне жабыстырады. Баспалдақтар «Керемет!», «Өзіме сенімдімін!», «Жақсы», «Жаман емес», «Маған көмек керек!», «Білмеймін», «Нашар» деп аталады.<br>Үйге тапсырма:9-тапсырма.эссе жазу.<br>87- бет.Кунделікке тіркету.<br>Қорытынды : 3мин.(Мұғалім бағалауы (Мұғалім оқушыларды «Жарайсың», «Бәрекелді», «Өте жақсы», «Жақсы» деген мадақтау сөздермен бағалап отырады )да осының ішінде) | Оқушылар стикерлер жапсырады |

**Қосымша ақпарат**

| | | |
|---|---|---|
| Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз? | Бағалау - Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз? | Пәнаралық байланыс<br>Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықтардағы байланыс |
| **Рефлексия**<br>Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды? | **«Менің көңіл-күйім баспалдағы»**<br>Оқушылар стикерлерге өз есімдерін жазып (немесе смайликтің суретін салып) тақтада салынған баспалдақтардың біріне жабыстырады. Баспалдақтар | |

| | |
|---|---|
| Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе?<br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | «Керемет!», «Өзіме сенімдімін!», «Жақсы», «Жаман емес», «Маған көмек керек!», «Білмеймін», «Нашар» деп аталады. |
| **Қорытынды бағамдау**<br>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:<br>2:<br>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім? | |

**№1 қосымша**

Білімдіден не пайда,
Білгенін көпке айтпаса.
Үйреткеннен не пайда,
Қайырымы қайтпаса.
Адамдық диқаншысы қырға шықтым,
Көлі жоқ,көгалы жоқ құрға шықтым.
Тұқымын адамдықтың шаштым,ектім,
Көңілін көтеруге құл халықтың...




**№ 2 қосымша** Бұл тек өз тәжірибемнен осы сабақтың сәтті өткендігінің дәлелі ретінде ұсынылып отыр.

**3 қосымша**




Әр сабақ әр оқушының бойында сөзсіз өзіндік ізін қалдырады. Жоғарыда ұсынылған қысқа мерзімді жоспарда көрсетілгендей оқушылар сабақта жаңа білім алумен қатар (сөздік жұмысы барысында жаңа сөздерді меңгереді, автордың адамгершілік ұстанымдарымен танысып үлгі тұтады) сабақ барысында ұжымда жұмыс істеп, өзара қарым-қатынас әдебін игереді (өзін және өзгені бағалау, қорыту, талдау, ұғыну мен мойындау т.б.). Оған қоса, әр ұстаздың өзіндік әдіс-тәсілі, қиял ұшқырлығы мен қарымы, шеберлігі сан салалы болып келеді. Алайда, тәжірибе алмасу, жақсыдан үйрену – шәкірт тәрбиелеп өсіру мақсатында келелі іс болмақ. Барша ұстаздарға табыс, сәттілік тілеймін!

## ЖИЕМБЕТ ЖЫРАУ «ЕҢСЕГЕЙ БОЙЛЫ ЕР ЕСІМ»

**Тасқалиева А.Е.,**
*Қараөзен мектеп-лицейі,*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

| | |
|---|---|
| **Мектеп:** Қараөзен мектеп-лицейі | **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:** Көне күндерден жеткен жәдігерлер |
| **Сабақ тақырыбы:** Жиембет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім» | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің есімі:** Тасқалиева Альбина Ерболатқызы |
| **Сынып: 7** | **Қатынасқандар:** 18<br>**Қатынаспағандар:** 0 |
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты:** | 7.1.3.1 /Т/Ж/- көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау;<br>7.1.4.1 /Т/Ж/- көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар жасай алады:** толғау мазмұнымен түсінеді, кейіпкерлерді анықтайды.<br>**Оқушылардың басым бөлігі жасай алады:** екпін, ырғақ, пауза, көтеріңкі дауысты сақтай отырып, шығарманы мәнерлеп оқи алады; толғаудағы автор бейнесін, кейіпкер бейнесін ашып, талдайды;<br>**Кейбір оқушылар жасай алады:** толғаудың сюжетін талдап, қорытынды шығарады. |
| **Бағалау критерийлері:** | • Екпін, ырғақ, пауза, көтеріңкі дауысты сақтай отырып, шығарманы мәнерлеп оқи алады.<br>• Толғаудағы автор бейнесін, кейіпкер бейнесін ашып, талдайды.<br>• Тақырыбы мен идеясын ашады.<br>• Толғаудың сюжетін талдап, қорытынды шығарады. |
| **Тілдік мақсатар** | **Тілдік дағдылар:** «Борт журналы» әдісі, Венн диаграммасы, |
| | **Арнайы пәндік лексика мен терминология:** жыр, жырау, жыршы, толғау |
| | **Диалог құруға арналған пайдалы тіркестер мен фразалар:** *менің ойымша, менің көзқарасым бойынша, ғалымдардың пайымдауынша, т.б* |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:** жыр деген не, жыршы деген кім |
| **Құндылықтарды дарыту:** | Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік |
| **Пәнаралық байланыстар:** | тарих, қазақ тілі |
| **АКТ қолдану дағдылары:** | интербелсенді тақта |
| **Алдыңғы оқу (бастапқы білім)** | Мәңгілік ел – мәңгілік мұрат!***«Туған ел» мектеп мұражайына бару.*** |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басталуы. 1 мин.**<br>**2 мин.**<br><br><br>**2 мин** | **Қызығушылықты ояту. «Мен - кереметпін» тренингі.**<br>***«Миға шабуыл» әдісі.***<br>- Балалар, мына суретке назар салайық, бұл - кім? Бұл тұлға туралы не білеміз?<br>***Сабақ тақырыбын, мақсатын хабарлау.***<br><br>**«Борт журналы» әдісі.** (Оқылымалды тапсырмасы). | **Слайд, портрет** |

| ***Берілген тақырып бойынша мен не білемін?*** | ***Мәтіннен қандай жаңалық туралы білдім?*** |
|---|---|
| | |

<table>
<tr>
<td>Ортасы<br>2 мин.<br>5 мин.<br><br><br><br>3 мин.<br><br>1 мин.<br><br>8 мин.<br><br><br><br><br><br><br><br>3 мин.</td>
<td>«Мағынаны тану» кезеңі.<br><br>• Жиембет жырау туралы мәлімет беру (слайд арқылы).<br>• «Еңсегей бойлы ер Есім» шығармасын оқу.<br>Дескриптор: Екпін, ырғақ, пауза, көтеріңкі дауысты сақтай отырып, шығарманы мәнерлеп оқи алады<br><br>Қосымша түсінік (арқылы): Жыр, жыршы, жырау, толғау.<br><br>Бейнеролик тамашалау: «Есім хан».<br>«Түртіп алу» стратегиясы. Қажетті мәліметтерді жазып отырады.<br>Топтық тапсырма. Венн диаграммасы.
<table>
<tr><th>Жиембет</th><th>Ұқсастығы</th><th>Есім хан</th></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор:<br>• Екі кейіпкерді салыстырады;<br>• Ұқсастықтыры мен айырмасын ажыратады;<br>• Бірлесіп, бір-бірін тыңдай отырып жұмыстанады.<br>• Өздері қорытындысын шығарып, әрекеттеріне баға береді.<br>«Борт журналы» әдісі. (Оқылымнан кейінгі тапсырма, сабақ басындағы кестені аяқтап толтырады).
<table>
<tr><th>Берілген тақырып бойынша мен не білемін?</th><th>Мәтіннен қандай жаңалық туралы білдім?</th></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Слайд<br><br>Оқулық.<br><br><br><br><br>Слайд<br><br>Бейнеролик</td>
</tr>
<tr>
<td>Аяқталуы<br>10 мин.</td>
<td>Қалыптастырушы бағалау.<br>Оқылатын шығарма тақырыбы: Жиембет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім»<br>Оқу мақсаты 7.Т/Ж1.Көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін<br>жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау<br>Бағалау критерийі:<br>• Кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдеріне қарай анықтайды<br>• Кейіпкер бейнесін талдайды<br><br>Қолдану. Тапсырма: Жыр жолдарын пайдалана отырып, кейіпкер типін жасалу тәсіліне қарай анықтаңыз, ойыңызды дәлелдеңіз.<br>Еңсегей бойлы Ер Есім,<br>Есім, сені есірткен<br>Есіл де менің кеңесім.<br>Ес білгеннен, Есім хан,<br>Қолыңа болдым сүйесін,<br>Қолтығыңа болдым демесін.<br>...Тал шарбаққа мал сақтап,<br>Тас қалаға жан сақтап,<br>Тасқан екен мына хан!<br>Қайрылып қайыр қылуға</td>
<td>Дереккөз:<br>http://bilim-all.kz/olen/2032-Ensegei-boily-Er-Esim</td>
</tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>2 мин<br><br><br><br>1 мин</td>
<td>Қылығың жоқ ұнаған.<br>...Әмірің қатты Есім хан,<br>Бүлік салып, бұйырдың<br>Басын бер деп батырдың -<br>Қанын ішіп қанбаққа,<br>Жанын отқа салмаққа.<br>Атадан жалғыз мен емес,<br>Хан ие, ісің жол емес.
<table>
<tr><td>Есім хан бейнесі қалай берілген?</td><td>Қандай тәсілдер арқылы жасалған?</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор Білім алушы:<br>- кейіпкер бейнесін талдайды;<br>- кейіпкерлер типін жасалу тәсіліне қарай анықтайды.<br>Кері байланыс «Жетістік баспалдағы»<br>4. Бәрі де түсінікті, барлығын орындадым.<br>3. Бәрі түсінікті, кей тапсырмаларды орындай алмадым.<br>2. Түсінікті, тапсырманы орындауда қиналдым.<br>1.Маған көмек керек.<br>
<br>
Үйге: Жиембет жырау. Жырдан үзінді жаттау.<br>Бағалау. «Бас бармақ» әдісі.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

## «АСАН ҚАЙҒЫНЫҢ ЖЕРГЕ АЙТҚАН СЫНЫ» АҢЫЗЫ

**Амиргалиева Н.С.,**
*А.Құсайынов атындағы ЖОББМБ кешені*

| | | |
|---|---|---|
| **Пән:** | Қазақ әдебиеті | **Мектеп:** А.Құсайынов атындағы ЖОББМБ кешені |
| **Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:** | Таза, мінсіз асыл сөз | **Мұғалімнің аты-жөні:** Амиргалиева Нурсулу Сабитовна |
| **Сынып:** | 5 сынып | |
| **Сабақ тақырыбы:** | «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы | |
| **Оқу мақсаттары:** | 5.1.2.1(Т/Ж)- әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау; | |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар орындай алады**: | |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады**: | |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады**: | |
| **Бағалау критерийлері:** | • Шығарманың негізгі тақырыбын анықтайды<br>• Әдеби шығарманың идеясын өз көзқарасы негізінде жеткізеді | |
| **Тілдік мақсаттар :** | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер**: | |
| | **Хат, өлең жазуға арналған пайдалы тіркестер**: | |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар**: | |
| **Құндылықтар:** | Тарих, мәдениет , ұлтжандылыққа баулу | |

| | | |
|---|---|---|
| **Пәнаралық байланыс:** | Қазақстан тарихы, география | |
| **Алдыңғы оқу:** | «Қобыланды батыр» жырындағы кейіпкерлерді шынайы өмірдегі кейіпкерлермен салыстырып баға берді. | |
| **Жоспар** | | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресу рс тар** |
| **Сабақтың басы**<br>**3 мин**<br><br>***Білу деңгейі***<br>**2 мин** | **Ширату.**«Саяхат» Әр оқушы өзіне ұнайтын елдің немесе қаланың атауын және ұнату себебін айтады. Мысалы, орал – ауасы таза; Алматы – таулы өлке...<br>**Жаңа сабаққа өту.**<br>**(Ж) «...қатысты 10 сөзді атаңыз» әдісі**<br>Мұғалім оқушылардан өзі тұратын қаланы 10 сөзбен сипаттауды сұрайды (әдемі, сұлу, көрікті, жасыл, ауасы таза, көз тартады, әсерлі, үлкен т.б.).<br>• Ендеше, осындай тамаша өлкеде өмір сүретін біздер –бақытты жандармыз. Асан қайғы бабамыз өз ұрпақтары өмір сүруге қолайлы, шұрайлы жер іздеп талай жерді кезген екен дейді аңызда. Сол аңызбен таныс болайық.<br>**ҚБ. Мадақтау сөздер** «Жарайсың», «Тамаша», «Керемет», «Өте жақсы» | Оқу лық |
| **Сабақтың ортасы**<br><br>***Түсіну деңгейі***<br><br>***Қолдану деңгейі***<br><br>***Талдау деңгейі*** | Сабақтың тақырыбы, мақсаты мен бағалау критерийлері таныстырылады.<br>**(ЖЖ)**<br>Оқылым. Оқулықтағы аңызды жеке оқып танысады, жұпта мазмұнын талқылайды.<br>**1-тапсырма**<br>Ертегіге сай тақырыпты белгілеңіз.<br>А. Әркмнің туған жері -Жерұйық.<br>В. Ұрпағының болашағын ойлаған Асан ата.<br>С. Батыр туса, ел ырысы.<br>Д. Ел мен жерге деген сүйіспеншілік<br>**2-тапсырма**<br>Шығарманың идеясын анықтаңыз.<br>Анықтаған идеяңызды «ПОПС» формуласы бойынша жазбаша түсіндіріңіз.<br>Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, ертегідегі басты идея - .....»<br>Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін ….»<br>Үшінші сөйлем: «Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын … »<br>Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім.... ».<br>**Дескриптор**<br>**Білім алушы**<br>- берілген нұсқалардың ішінен ертегіге сай келетін тақырыпты белгілейді;<br>- бірінші сөйлемде шығарманың идеясын анықтайды;<br>- екінші сөйлемде идеяны таңдау себебін түсіндіреді;<br>- үшінші сөйлемде идеяны нақтылауға қатысты ертегіден 2 дәлел келтіреді;<br>- төртінші сөйлемде идеяға қатысты өзіндік тұжырым жасайды..<br>**ҚБ**. Смайлик арқылы бағалау (Жарайсың!, Ойланып көр)<br>  | ҚБ<br><br>тапс ырма сы |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы Бағамдау деңгейі** | Ж. Синквейн<br>1. Асан қайғы<br>2<br>3<br>4<br>5 | |
| **Кері байланыс** | Бағдаршам түстері арқылы кері байланыс береді | |
| **Үй тапсырмасы** | Қазақстанның картасына Асан қайғының жүріп өткен жолдарын белгілеу | |

| **Қосымша ақпарат** | | |
|---|---|---|
| **Саралау - оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз?** | **Бағалау - оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс Құндылықтармен байланыс** |
| Таңдалған әрбір тапсырма сараланып беріледі. Мысалы, кейіпкерлерге хат немесе өлең жазу барысында қолдауды көп қажет ететін оқушыларға өлең құрауда өлең тармақтарының соңғы ұйқас сөздері немесе хат жазуда сілтеме болатын сөйлемдер беріледі. Ал қолдауды аз қажет ететін оқушыларға сын есім түріндегі тірек сөздер, қолдауды қажет етпейтін қабілетті оқушыларға қажет болған жағдайда жетекші сұрақтар қою арқылы оқу мақсатына жетулеріне ықпал етемін. | Жалпы сабақ бойынша оқушының жетістік деңгейін анықтауда бағалау критерийлеріне сүйенемін. Сабақтың өн бойына әрбір тапсырмадан соң қалыптастырушы бағалау жүргізіп, кері байланыс орнатамын. Сұрақ-жауап барысында оқушы жауаптарын мадақтау сөздермен бағаласам, «Ақпаратты сүзу» тапсырмасынан кейін оқушылар өзара «жарайсың» және «ойлан» смайликтері арқылы бағалайды. Жазба жұмысын орындағаннан кейін «Екі жұлдыз , бір тілек» әдісі арқылы оқушылар өзара кері байланыс жасайды. | Тарих, мәдениет , тілдің біртұтастығын сақтау, ұлтжандылыққа баулу. Туған жеріміздің тарихындағы мыңжылдықтарда ата-бабаларымыздың ұлы істері сақталғаны, кейінгі ұрпаққа үлгі болар ізгі істері туралы ой салу мақсаты көзделеді. |

## ҚАЗТУҒАН ЖЫРАУ. «ҚАЗТУҒАННЫҢ ҚОНЫСЫМЕН ҚОШТАСУЫ» ӨЛЕҢІ

**Сабирова Б.М.,**
*Жәңгірхан атындағы ЖОББМ*

| | | |
|---|---|---|
| **ПӘН: Қазақ әдебиеті** | МЕКТЕП: Жәңгірхан атындағы ЖОББМ | |
| **Сабақтың тақырыбы: Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» өлеңі** | МҰҒАЛІМ: Сабирова Бибигүл Мусақызы | |
| **СЫНЫП: 7 Т1** | ОҚУШЫ САНЫ: | КЕЛМЕГЕНДЕР: |

| | |
|---|---|
| **Сабақ қамтитын оқу мақсаттары** | Т/Ж4.Көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту. |
| **Смарт мақсаты** | **Оқушылардың барлығы:**<br>Өлеңнің негізгі идеясын түсінеді, кейіпкердің бейнесін аша алады,үзіндіні жатқа айтады.<br>**Оқушылардың көбісі:**<br>Кейіпкер бейнесін ашуда ақынның шеберлігіне талдау жасайды. Шығармадан |

| | |
|---|---|
| | мысалдар келтіре отырып, дәлелдей алады.<br>**Оқушылардың кейбірі:**<br>Шығарма мазмұнындағы тарихи оқиғаны бүгінгі өмірмен салыстыра алады,ел тағдыры мен жер тағдыры туралы өз ойларын жеткізе алады. |
| **Сабақтың түрі** | Жаңа сабақты меңгерту |
| **Бағалау критерийі** | • Өлеңнің негізгі идеясын түсінеді, үзіндіні мәнерлеп жатқа айтады.<br>• Мысалдар келтіре отырып ,кейіпкер бейнесін ашады.<br>Өз ойларын жеткізе алады |
| **Сабақта қамтылатын білім беру құндылықтары** | Ашықтық, ынтымақтастық, өзіне және айналадағы адамдарға құрмет, өмір бойы оқу |
| **Пәнаралық байланыс** | Қазақстан тарихы, география |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Іс-шаралар** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>2 минут | **«Мағынаны тану» кезеңі.**<br>Б.Тілеухановтың орындауындағы Қазтуған жыраудың«Қайран менің Еділім!» толғауын (57 секундынан бастап) тыңдайды. | Сабақтың басы Бекболат Тлеуханов «Қайран менің Еділім!» https://www.youtube.com/watch?v=hgzO7rD9kdI |
| Сабақтың ортасы<br><br>10 минут | **Проблемалық сұрақтар қойылады.**<br>Толғауда автордың айтқысы келген ойы?<br>«Қайран менің Еділім» деген жолдар неліктен жиі қолданылып тұр?<br>Толғауда қандай мәселе қозғалған?<br>**Оқылым. Қазтуған жырау туралы қысқаша ақпаратпен танысады.**<br><br>Қазтуған Сүйінішұлы (1420, қазіргі Астрахан облысы Красный Яр қала маңы - ө.ж.б.) - жырау. Қазтуған Сүйінішұлының туған, қайтыс болған жылдары белгісіз. Халық арасында Қарға бойлы Қазтуған атанып кеткен. Қазақтың XV ғасырдағы айтулы жорық жырауы. Әскербасы, батыр болған.Еділдің Ақтума, Бозан бойларында туып-өскен. XV ғасырдың орта шенінде іргесі жаңадан қаланған Қазақ хандығына қоныс аударған.Қазтуған жырау жорық жыршысы және халық эпосын жасаушылардың бірі саналады. Артына қазақтардың әскери рухын, туған жерін, халық өмірі мен тұрмысын суреттейтін көптеген өлеңдерден тұратын шығармашылық мол мұра қалдырды. Олардың көпшілігі сақталмаған. Дегенмен, бізге жеткен жекелеген туындылары оның әдебиет тарихы төрінен орын алуға лайықты екенін айғақтайды. | **Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы»**<br>**http://bilim-all.kz/olen/2293-Qaztugannyn-qonysymen-qoshtasuy** |

Оның поэзиясы жауынгерлердің көшпелі өмірін, көзқарасын суреттейді. Және олардың тұрмысын, айналадағы құлан таза табиғат туралы ойларын бейнелейді. Ақын-жыраудың қиялының жүйріктігі, өткірлігі, бай және әдемі көркемдік әдістері сол дәуірдегі қазақтардың поэтикалық өнерінің жоғары деңгейде болғанын, сонымен бірге, өзіндік ерекшеліктері бар екенін білдіреді.

**«Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» өлеңінің бөлімдері жұптарға таратылады.**

**1-бөлім**

Арайна,билер,арайна,
Арайна десем, болғай ма?!
Арайнасыз әр қайда
Ердің ісі оңғай ма?!
Арайна болған
Қазтуған,
Қайғыланып сонда толғай ма?!

**2-бөлім**

Ел қияға қонғай ма?
Еділ, Жайық арасы
Кеңшілік қоныс болғай ма?!
Ебей басты құба үлек
Ернімен шырпы шалғай ма?!
Бұл қоныста отырып,
Біздің мұсылман баласы
Жағасы босап тынғай ма?!

**3-бөлім**

Еділді қоныс етпеңіз,
Жағалай қалмақ алады.
Жайықты қоныс етпеңіз,

5 минут

Сыдыра біткен көкжиек,
Кәпірлер қала салады.
Аштарханды қоныс етпеңіз,
Шәһәрін оның алады.

**4-бөлім**

Еділді алса - елді алар,
Енді алмаған не қалар?
Жайықты алса - жанды алар,
Жанды алған соң не қалар?
Ойылды алса - ойды алар,
Ойлашы, сонда не қалар?
Қара мауыты мұшақат
Бүтін тоғай жерді алар.
Жаз кірге жақсы деп,
Дулығалы нарды алар,

15 минут

Қыс кірге жақсы деп,
Шудасы қалың айырды алар.
Сусынына шай алар,
Шайнауына май алар.

**5-бөлім**

Ойыл да Қиыл, Жем, Сағыз,
Қайран саланың жатқан аңғары-ай,
Ақ шалмалы пірлердің
Мешітке жаққан шамдары-ай!
Менің бүйтіп қозғалақтап жүргенім
Аузы түкті кәпірдің
Күшті болған салдары-ай!

3 минут

Кәпірден тендік алуға
Қайта келер деймісің
Мұсылманның баяғы
Шыңғыстан туған хандары-ай?!
Бұл қоныстан кетпесең,
Мұны талақ етпесең,
Атаңа нәлет кәпірдің
Пайдасына қалмаса игі еді
Ноғайлы, қазақ жұртымның
Кейінгі туған балдары-ай!

**6-бөлім**

Адыра қалғыр көк Жайық,
Аңырап қалған қонысым!
Қонысымнан ауған соң,
Кетпегей еді ырысым.
Таудағы тарлан бөрі едім,
Тарылған сынды тынысым.
Кейінгі өскен жас бала,
Ақ балтырын түрініп,
Басарына ерініп,
Көкірегі күйініп,
Тек тірлікке сүйініп,
Ықтиярсыз жүгіріп,
Аузы түкті кәпірдің
Етпегей еді жұмысын!
Бұл қоныстан кетпесең,
Мұны талақ етпесең,
Екеу-екеу сөйлесіп,
Біздің кейінгі өскен жас бала
Аузы түкті кәпірдің
Соқпаса екен пайдасын!

**7-бөлім**

Буыршынның жалғыз қырқар азуы,
Бөкеннің желіп өтер төрт саны,
Бұғының ауыр қара мүйізі,
Бидайықтың жалғыз соғары,
Қашағанның ұзын құрығы,
Ақ орданың тіреу сырығы,
Айдаса - қойдың көсемі,
Сөйлесе - тілдің шешені,
Арғымағын жаз жіберіп, күз мінген,
Күз жіберіп, жаз мінген,
Жазаласа - екі жылда бір мінген,
Жолдасын жолай іздеген,
Өзіне тиген дұшпанын
Қарт бурадай тіздеген -
Мен - Қарғабойлы Қазтуған,
Қайғыланып асып барамын
Ноғайлы-қазақ елімнен!

**1-тапсырма.Ж/Ж. Қима қағаздарда берілген үзінділерді жаттап, түсінік береді. Келесі жұпқа сұрақ әзірлейді.**

| **Бағалау критерийі** | **Дескрипторлар** |
|---|---|
| Өлең үзінділеріне | 1. Түсінік береді |
| | 2.Жатқа айтады |
| | 3.Сұрақ құрастыра алады |

| | | |
|---|---|---|
| | **2-тапсырма**. **Жұптық жұмыс**.<br>Берілген үзіндідегі кейіпкер бейнесіне талдау жасау үшін жырдағы кейіпкер образын (Қазтуғанның өзі) анықтау үшін «Төрт сөйлем» тәсілімен төмендегі тапсырмаларды орындайды.<br>1.Пікір. «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» толғауы бойынша өзіндік пікіріңізді бір сөйлеммен жазыңыз.<br>2.Дәлел. Толғаудағы кейіпкер /ақын/ мінезін ерекшелеп тұрған сөз бен суреттемелерге 2-3 мысал тауып, бір сөйлеммен дәлелдеңіз.<br>3. Мысал.Толғауды өмірмен байланыстырып, ақын қозғаған жер мәселесіне байланысты мысал келтіріңіз.<br>4. Қорытынды.Үзіндідегі /кейіпкер сөзін/, ішкі толғаныстары, ой-пікірі бойынша қорытынды шығарыңыз. | |

| **Бағалау критерийі** | **Дескрипторлар** |
|---|---|
| Үзіндідегі кейіпкер бейнесіне талдау жасап, кейіпкер образын (Қазтуғанның өзі) анықтайды. | Толғау мазмұны бойынша өзінің көзқарасын 1 сөйлеммен білдіреді. |
| | Ақын мінезін ерекшелеп тұрған сөз бен суреттемелерге 2-3 мысал тауып, бір сөйлеммен дәлелдейді. |
| | Ақын қозғаған жер мәселесін өмірмен байланыстырып,1 сөйлемменмысал келтіреді. |
| | Үзіндідегі кейіпкердің сөзі мен ішкі толғанысынан өзіндік қорытынды шығарып, 1 сөйлеммен жазады. |

| | | |
|---|---|---|
| 2 минут<br><br>Сабақтың аяғы | **Кері байланыс кезеңі**<br>Оқу мазмұнына байланысты**«Түртіп алу»** әдісі | |

| Бүгінгі сабақта мен үшін жаңалық болған ақпарат | Мені таңқалдырған ақпарат | Осы тақырып туралы алдағы уақытта зерттеп қосымша ақпараттарды білгім келеді... |
|---|---|---|
| | | |

**Үй тапсырмасы:**Қазтуған жыраудың өлеңін «Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас» деген мақалмен байланыстырып, үзіндіні жаттау.

| **Саралау – көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыларыңызға қандай жоспар құрған болар едіңіз?** | **Бағалау – оқушылардың не үйренгенін қалай анықтауды жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланысқа сілтеме**<br>**Денсаулық және қауіпсіздік**<br>**АКТ сілтемелері**<br>**Құндылықтар сілтемесі** |
|---|---|---|
| Жұптар бірі-біріне қолдау көрсетеді | Оқуды қадағалау<br>Сұрақ - жауап | Сыныпты жұптарға бөлу жұппен жұмыс істеу дағдылары. (бір-біріне құрмет) |

| | |
|---|---|
| Рефлексия<br>Сабақ мақсаттары/оқыту мақсаттары шынайы болды ма?<br>Бүгін оқушылар нені үйренді? Оқыту ортасы қандай болды?<br>Менің бөліп оқытқаным өз мәнінде жүзеге асты ма? Мен өз уақытымды ұтымды пайдалана алдым ба?<br>Менжоспарымақандайөзгерістеренгіздімжәненеліктен? | Төменде берілген бос орынды өз сабағыңызға рефлексия жүргізу үшін пайдаланыңыз. Сабағыңызға қатысты деген сол жақта келтірілген сұрақтарға жауап беріңіз. |
| | |

| |
|---|
| Қорытындыбағалау<br>Ең жақсы өткен екі дүниені атап көрсетіңіз (оқытуға және үйренуге қатысты)<br>1:<br>2:<br>Қандай екі дүние сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізуші еді? (оқытуға және үйренуге қатысты)<br>1:<br>2:<br>Осы сабақтың барысында мүмкін барлық сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағыма қажет болуы қандай ақпаратты білдім? |

## А.ҚҰНАНБАЕВ. «ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА»

**Мухитова Д.А.,**
*М.Мəметова атындағы жалпы орта білім беретін мектеп*

| | |
|---|---|
| **САБАҚ:** Қазақ тілі мен əдебиеті | Мектеп: М.Мəметова атындағы жалпы орта білім беретін ммектеп |
| **Күні:** | Мұғалімнің аты-жөні:<br>Мухитова Дарига Алибековна |
| **Сынып: 5 О3,5Ж2** | |
| **Бөлім атауы** | Мектеп өмірі. Əдепті бала – арлы бала. |
| **Сабақтың тақырыбы** | А.Құнанбаев. Ғылым таппай мақтанба. Бес дұшпаның білсеңіз. |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | Фольклорлық және шағын көлемді көркем əдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау(5.О3); Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу (5Ж2). |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Оқушылардың бəрі істей алады:** Өлеңді мəнерлеп оқып түсінеді, тақырыбын анықтайды.<br><br>**Оқушылардың көбі істей алады:**Өлеңнен бес жаман қасиетті тауып, талдау жасайды.<br><br>**Кейбір оқушылар істей алады:** Оқушылар тақырып бойынша өз ойларын саралайды, эссе жазады. |
| **Сабақтың түрі** | Оқылым жəне жазылым дағдыларын дамыту сабағы |
| **Бағалау критерийлері** | Білім алушы:<br>• Өлеңді мəнерлеп оқып түсінеді, тақырыбын анықтайды;<br>• Жаман қасиеттерді іріктеп, талдау жасайды;<br>• Өз ойларын саралап, өмірмен байланыстырып, эссе жазады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар:** Оқушылар сөздік қорларын кеңейтеді. Өз ойын жүйелі де еркін жеткізе отырып, өзгенің пікірін тыңдай біледі.<br>**Пəн лексикасы жəне терминология:**Абай, дұшпан, өсек, өтірік, мақтаншақ, бес, білсеңіз, ақылды, адам, тəрбиелі т.б.<br>**Диалог жəне жазылым үшін қажетті сөз тіркестер:** менің ойымша, қорытындылай келе,сипаттай келе, т.с.с. |
| **Құндылықтар** | **Зайырлы қоғам жəне жоғары руханият.**Абай ақын атамыздың əрбір өлеңі бір-бір құнды дүние деуге болады. «Тəуелсіз ел тірегі-білімді ұрпақ»-деп елбасымыз айтқандай, жаман əдеттен аулақ болып, |

| | |
|---|---|
| | жақсы қасиеттерге ұмтылсақ, қана бізден халық қамын ойлаған, Отанымыздың нағыз ұл-қыздары шығады. Сол себепті бүгінгі біздің тақырыбымыздың өзі осы «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының «Зайырлы қоғам және жоғары руханият» құндылығына жатқызамыз. |
| **Пән аралық байланыс** | Орыс тілі |
| **Ойлау дағдыларының деңгейі** | Білу, түсіну, жинақтау, бағалау |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | Абай Құнанбаев. «Ғылым таппай мақтанба».<br>Бес асыл іс көнсеңіз.<br><br>«Пицца» әдісінің көмегімен алдыңғы біліммен жаңа сабақты байланыстырамын. Пицца тіліктеріне жазылған сұрақтарға жауап беру арқылы тұтас пиццаны құраймыз. Сұрақтар:<br>• Абайдың өнер-білім туралы тағы қандай өлеңдерін білесіздер?<br>• Бес асыл іс. Ол не?<br>• Абай қандай ақын?<br>• «Талап» сөзінің мағынасын айт<br>• «Қанағат – қарын тойдырар» дегенді қалай түсінеміз?<br>• Бойымызға жақсы қасиеттерді сіңіру үшін не істеуіміз керек?<br>• Өмірде кімді үлгі санайсың? |

**Жоспар**

| **Жоспарланатын уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер** | **Дереккөздер** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>6 мин | **Қызығушылықты ояту кезеңі:** Окушылармен амандасу;<br>Оқушылар және олардың оқу құралдарын түгендеу.<br>Психологиялық ахуал: видеотаспа көрсетіп, адамның бойында болатынОқушыларды тиімді оқыту әдісі бойынша аралас екі «Бес асыл іс», «Бес дұшпан» тобына бөлу үшін қағаз қиындыларына талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ сөздері жазылып теріс аударылады. Әр оқушы берілген қағаз қиындыларын таңдап, қасиеттерді ажыратып, түсінік беріп, тобына отырады. | видеоролик «Бес дұшпан» тақырыбы, ютуб сайтынан |
| Сабақтың ортасы<br>32 мин | **Мәтін алды жұмыс:**<br>• Жаңа сөздер сыныпта қабырғаларда, шкафтарда ілініп тұрады.<br>• Оқушылар соны тауып жинап әкеледі, әркім өзі тауып әкелген сөздерді кезекпен оқып отырады.<br>• Мұғалім кезекпен оқылған жаңа сөздерді тақтаға жазып, аудармасын айтып отырады.<br>• Оқушылар бұл сөздерді сөздікке жазады.<br>***Дұшпан, өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ, жамандық, нәфрәтлі, ғибрәтлі, ғалым, ғылым***<br>• Өздерің көріп отырғандай, бүгінгі біздің тақырыбымыз | Сөздікпен жұмыс, оқулық |

| | | |
|---|---|---|
| | адамның 5 жаман қасиетіне арналғалы отыр, олай болса, балалар:<br>Асыл сөзді іздесең,<br>Абайды оқы, ерінбе!<br>Адамдықты көздесең,<br>Жаттап тоқы көңілге! — деп СұлтанмахмұтТорайғыров айтқандай Абай атамыздың «Ғылым таппай мақтанба өлеңін» оқып, жаман қасиеттерді саралауға арналған тапсырмаларға назар аударайық.<br><br>**1-тапсырма.**<br>Мұғалімнің жетекшілігімен жүргізілетін оқылым тапсырмасы. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін мұқият оқып, бағдарсызық арқылы ақпараттарды өлең мазмұнына сай сәйкестендіріңіз. Өлеңнің мазмұнымен бөлісіңіз.<br>***Ғылым***таппай мақтанба,<br>Орын таппай баптанба,<br>Құмарланып шаттанба,<br>Ойнап босқа күлуге.<br>**Беснәрседен**қашық бол,<br>Бес нәрсеге асық бол,<br>Адам болам десеңіз.<br>Тілеуің, өмірің алдында,<br>Оған қайғы жесеңіз.<br>Өсек, өтірік, мақтаншақ,<br>Еріншек, бекер мал шашпақ –<br>Бес дұшпаның, білсеңіз.<br>Талап, еңбек, терең ой,<br>Қанағат, рақым, ойлап қой –<br>Бес асыл іс, көнсеңіз.<br>Жамандық көрсең нәфрәтлі,<br>Суытып көңіл тыйсаңыз.<br>Жақсылық көрсең ғибрәтлі,<br>Оны ойға жисаңыз.<br>Ғалым болмай немене,<br>Балалықты қисаңыз?<br>Болмасаң да ұқсап бақ,<br>Бір ғалымды көрсеңіз.<br>Ондай болмақ қайда деп,<br>Айтпа ғылым сүйсеңіз,<br>Сізге ғылым кім берер,<br>Жанбай жатып сөнсеңіз?<br>Дүние де өзі, мал да өзі,<br>Ғылымға көңіл берсеңіз. | оқулық |

| | | |
|---|---|---|
| Бес асыл іс | | Пайдасыз нәрселерден аулақ болу |
| Жамандық көрсең нәфрітлі | | Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ |
| Жақсылық көрсең ғибрәтлі | | Талап,еңбек, терең ой,қанағат, рақым |
| Бес дұшпан | | Пайдалы нәрселерден үлгі-өнеге ал. |

Дескрипторлар:

- Өлеңді мәнерлеп оқиды, тақырыбын түсінеді.
- Адамның жаман қасиеттерін анықтайды, сәйкестендіреді.
- Өлеңнің мазмұнын айтады, өмірмен байланыстырады.

Кері байланыс:

«Блоб ағашы» ағашы тәсілі бойынша кері байланыс беремін. Оқушы сурет бойынша өз деңгейін анықтап, өз-өзіне баға беріп отырады. Қолдауды көп қажет ететін оқушыларды өзім смайлик арқылы ынталандырып отырамын.




**2-тапсырма.**
**Жұптық, топтық жұмыс. Өлеңнен жаман қасиеттерді іріктеңіз.**
1-ші топқа «Балық қаңқасы» беріледі.



*Бұл жаман қасиеттер неге итермелейді?*
2-ші топқа «Қарым-қатынас аймағы» шеңбері беріледі.Жаман қасиеттердің өсу ретімен орналастырып, сипаттау. Себебі мен салдарын түсіндіру.
Дескрипторлар:

- Жаман қасиеттердің әр қайсысына түсінік береді
- Салдары мен себебін анықтайды.
- Шешу жолдарын ұсынады, құндылықпен байланыстырады.

Кері байланыс:
«Жетістік баспалдағы» әдісін пайдаланамын. Бұл әдіс арқылы сабақтың басында боялған кейіпкеріміз яғни оқушымыз қазір қай баспалдаққа көтерілгенін, не төмендегенін қараймыз. Төмендеген оқушыға жеке кері байланыс жүргізіп, қолпаштаймын, түсінбеген жерін сұрақ қою арқылы түсіндіріп жібереміз.




3-тапсырма. Белсенді оқытудың РАФТ-технологиясын орындатамын.
Р-рөл-оқушы
А-аудиториясы-сынып
Ф-формасы-эссе
Т-тақырыбы: 1-топқа «Өтіріктің құйрығы бір –ақ тұтам» ,2-ші топқа «Еріншектің ертеңі бітпес» тақырыбында досыңа 5-8 сөйлемнен тұратын сипаттама эссе жазады.

Сипаттама эссені жазуда сабақтың басындағы тілдік мақсаттар ескеріледі.

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Пән лексикасы және терминология: Абай, дұшпан, өсек, өтірік, мақтаншақ, бес, білсеңіз, ақылды, адам, тәрбиелі т.б.<br><br>Диалог және жазылым үшін қажетті сөз тіркестер: менің ойымша, қорытындылай келе, т.с.с.<br>Дескрипторлар:<br>• Бүгінгі сабақта өткен мағлұматтарды біледі<br>• Өз ойын еркін жеткізеді<br>• Сипаттама эссені жазады<br>Кері байланыс:<br><br>Оқушыларды стикер арқылы кері байланыс жасаймыз. Қолдауды көп қажет ететін оқушыларды орындаған жұмыстарына сай мадақтаймын</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>5 мин<br><br><br><br><br><br><br><br>2 мин</td>
<td>Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?<br>Оқушылардың білімін саралау үшін 1- тапсырманы алдым. 1-тапсырма бойынша қолдауды көбірек қажет ететін оқушыларға өлеңді мәнерлеп оқып түсініп, тірек сөздер арқылы тақырыбын анықтау тапсырмасын беремін. Бұл тапсырманы сыныптың жас ерекшелігі мен сыныптың оқу деңгейіне сәйкес таңдадым. Тірек сөздер алдын-ала мәтінмен жұмыс барысында талданады. Сондықтан бұл деңгейдің оқушылары үшін бұл тапсырма қызықты, әрі орындауға ондай қиындық тудырмайды.<br>Ал қолдауды орташа қажет ететін оқушыларға өлеңнен бес жаман қасиетті тауып, талдау тапсырмасын ұсынамын. Бағдарсызық арқылы сәйкестендіріп, оқушы неге таңдағанын және ол қасиетке сипаттама береді. Бұл тапсырманы қолдауды көп қажет ететін оқушылардың кейбір де қызығушылықпен орындауы да мүмкін. Оқуышының өз деңгейіне сәйкес.
<table>
<tr><td>Бес асыл іс</td><td></td><td>Пайдасыз нәрселерден аулақ болу</td></tr>
<tr><td>Жамандық көрсең нәфрітлі</td><td></td><td>Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ</td></tr>
<tr><td>Жақсылық көрсең ғибрәтлі</td><td></td><td>Талап,еңбек, терең ой,қанағат, рақым</td></tr>
<tr><td>Бес дұшпан</td><td></td><td>Пайдалы нәрселерден үлгі-өнеге ал.</td></tr>
</table>
Ал қолдауды аз қажет ететін оқушылар өлеңнің мәтінін мәнерлеп оқып, тірек сөздерді тауып, талдап, сәйкестендіріп, мазмұнын толық әрі нақты жеткізеді. Сондай-ақ, өмірмен байланыстыра отырып, мысал келтіреді.<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)<br>«Зайырлы қоғам және жоғары руханият» құндылығы сабақтың барлық бөлімімен байланысты. Алынған тапсырмалар осы құндылықктың негізінде және оқушылардың тәрбиелік элементтеріне негізделіп таңдалынған. Мәселен, «балық қаңқасын» толтыруда оқушылар өмірмен байланыстырып, жаман қасиеттердің шешу жолдарын анықтайды. Сабақтың барысындағы барлық тапсырмалар жаманнан жиреніп, жақсыдан үйренуге шақырады, яғни тәрбиелік мәнге ие.</td>
<td>Жалпы баға<br>Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?<br>1.Топқа бөлу және топтық жұмыс<br>2. Әр тапсырма сайын оқушыларды ынталандыру және бағалау<br>Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?<br>1.Берілген уақыт бойынша жұмыс жасау<br>2. Белсенді әдістерді тиімді қолдану</td>
</tr>
</table>

## АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ. «ҒЫЛЫМ ТАППАЙ МАҚТАНБА»

**Тасанова М.Н.,**
*№20 ЖОББМ*

| | | |
|---|---|---|
| Тақырыбы: | **Абай Құнанбайұлы**<br>**«Ғылым таппай мақтанба»** | |
| Мақсаты | Оқушыларды қазақ халқының ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын таныстыру, адам бойында кездесетін бес асыл қасиет пен бес дұшпан қылықтарын ұғындыру, ақын шығармаларын оқып үйренуге, өмірлік ұстанымдарына айналдыруға баулу; | |
| Міндеттері | Мәнерлеп оқу дағдыларын жетілдіру, сөздік қорларын байыту, танымдық - шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету; | |
| Керекті жабдықтар | Адамгершілікке, ғылым, білімге бейімдеу, нағыз адамдық тұлға болып қалыптасуына жетелеу.<br>Оқулық,нұсқаулық,жұмыс дәптері,топшамалар,АКТ интернет желісі,презентация. Абай шығармаларының көрмесі, Абай өмірінен деректі фильм. | |
| Сабақ кезеңдері | Мұғалім әрекеті | Оқушы әрекеті |
| Оқушылардың үй тапсырмасына әзірлігін тексеру. | Ш.Уалиханов өмірбаяны мен ерекше таланты туралы жарыс сұрақтарына жауап береді.Жауабы әзір оқушы **«жұлдызша»**көтерсе ғана жауап береді. 1.Шоқан Уалиханов қашан,қай жерде дүниеге келген?<br>Қостанай облысы,Сарыкөл ауданы,Күнтимес қыстауында дүниеге келген.<br>2.Шоқан кімнің шөбересі?Шоқанның шын аты кім?<br>Шоқан-атақты Абылай ханның шөбересі.Шын аты-Мұхаммедканафия.<br>3.Оны Шоқан деп еркелеткен кім?Шоқан қандай бала болып өсті?<br>Әжесі Айғаным еркелетіп Шоқан атап кеткен.Ол өте ширақ, ақылды,алғыр бала болған.Жасынан тарихи аңыздарды,ән-жыр,әңгімелерді тыңдап өскен.<br>4.Шоқан Қосмұрындағы мектепте қандай білім алды?Кадет корпусында қалай оқыды?<br>Қазақ мектебінде арабша хат танып,қарындашпен сурет салуды үйренді. Ал Омбы қаласындағы кадет корпусында зеректігімен көзге түседі,достарының алды болады.Болашақ ғалымның зерттеушілік қабілеті де осы кезде оянады.<br>Шоқан Уалиханов кім?<br>Шоқан Шыңғысұлы Уалиханов-қазақтыңұлығалымы, тарихшы,әдебиеттанушы,фольклоршы,,географ,ағарт ушы.<br>Шоқан салған суреттер<br>  | «жұлдызша»көтер іп,жауап береді. Берген жауабының дұрыс,бұрыстығы бірден интер.тақта арқылы тексеріліп отырады. |
| **Жақсы сөз-жарым ырыс** | Оқушыларға таңдаулары бойынша дөңгелек және үшбұрыш кесінділерін ұсынамын.Әрқайсысына «Жақсы сөз-жарым ырыс»сөзінің мағынасын түсіндіре отырып,мінездеме беремін.<br>**Дөңгелекті** | Оқушылар топқа бөлінеді. Жақсы сөзбен қанаттандыру. |

| | | |
|---|---|---|
|  | **таңдағандар**:ешкімгеренжімейтін,ашуланбайтын,ешкімді ренжітпейтін,өз ісіне өте тиянақты оқушылар.<br>**Үшбұрышты таңдағандар**:өтірік айтпайды,өтірік айтқан адамды жек көреді,шындықты жақтайды,өте ізденімпаз оқушылар. | |
| **Негізгі бөлім**<br><br>*Кітаптар көрмесі:*<br>***«Әлем таныған Абай»*** | «Әлемнің Абайы» өлеңінен үзінді оқу.<br>Абай біздің –кемеңгер,<br>Теңдесі жоқ асқар биік шыңымыз,<br>Ақ ниетті,әділетшіл шыңымыз,<br>Асыл қазына,ашылмаған сырымыз.<br>Нақылменен сана құйған,<br>Қазағымның Абайы,<br>Ақылменен дана болған,<br>Бүкіл елдің Абайы.<br>Қазақ халқының ұлы ақыны-Абай Құнанбайұлы<br>Кіріспе сөз бейне фильм арқылы беріледі.<br>Слайд түрінде көрме ұйымдастырылады.<br><br><br><br><br>Қазақстанның барлық облыстарында,шет елде өткізілген «Абай оқулары»туралы айту,мадақтау.ынталандыру.<br><br><br>1.Абай қандай білім алған ? | Бейне фильм тамашалайды.<br><br>Көрме көреді<br><br>Топ басшысына бағалау парағы беріледі.<br>а)Сөздікпен жұмыс<br>ә)Мәтін 2топқа бөлініп беріледі(оқиды)<br>б)Бейне фильмнен көргендерін,оқығаннан білгендерін флипчатқа белгілеп өз ойларын түсіреді.Әр топтан бір оқушы жоба қорғайды.Тақырыптары: «Абай» |

<table>
<tr>
<td>«Абай оқулары»<br><br>Меңгерілетін білім<br><br>Жаңа тақырыпты оз беттерімен меңгеру тапсырмалары<br><br>«Ғылым таппай мақтанба»<br><br>Қорытынды:<br><br>Үй тапсырмасы:<br><br>Бағалау</td>
<td>2.Ғылым мен білімнің маңызы туралы ақын қандай даналық ой айтқан?<br>Үш тілде оқылған Абай өлеңінен үзінді бейне фильм арқылы көрсетіледі.<br><br>Ғылым мен білімге арналған өлеңмен танысу<br>«Ғылым таппай мақтанба»<br>Біздің ойымыз:
<table>
<tr><td>Бес асыл іс</td><td>Бес дұшпан</td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
«Қазіргі заман адамының моделі»<br>Әдепсіз,мейрімді,ақылсыз,надан,дарынды,залым,ерін шек, жан-жақты, көрсеқызар, талапты,сауатты,білімді,еңбекқор.<br><br>Казақ əд.христ. «Өсемпаз болма əр неге» өлеңін оқу.Анықтама жазу.<br><br>Өзін-өзі бағала</td>
<td>,«Шоқан мен Абай».<br>В)Конверттен буынмен кесілген сөйлемді құрастыру<br><br>Бейне фильм көреді.<br><br>«Ғылым таппай мақтанба» өлеңі туралы өз ойларын айтады.Өлеңді нақышына келтіріп жатқа мәнерлеп оқиды.<br><br>Оқушыларға өз беттерімен оқуға уақыт беріледі. 2топ кезекпен оқиды,толық сөйлеммен сұраққа жауап береді.<br><br>Интер.тақтада берілген адам бойында кездесетін қасиеттерді оқып,қажеттісін белгілейді.</td>
</tr>
</table>

## Т.НҰРМАҒАМБЕТОВ «АНАСЫН САҒЫНҒАН БАЛА»

**Сыдихова А.Ж.,**
*Сағырбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп- балабақшасы*

<table>
<tr><td>Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:<br>Бөлім атауы: Отбасы құндылықтары</td><td colspan="2">Мектеп: Сағырбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп- балабақшасы</td></tr>
<tr><td>Күні: 23.04.2018</td><td colspan="2">Мұғалімнің аты-жөні: Сыдихова А. Ж</td></tr>
<tr><td>Сынып: 5</td><td>Қатысқан оқушылар саны: 13</td><td>Қатыспаған дар:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы</td><td colspan="2">Т.Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала»</td></tr>
<tr><td>Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары</td><td colspan="2">5.2.4.1 (А/И)- көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу</td></tr>
<tr><td>Сабақтың мақсаттары</td><td colspan="2">Барлық оқушы орындайды:<br>Шығарманың идеясын түсінеді және хат немесе өлең</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | жазуға шығарма ішінен сөз тіркестерін жазып таба алады.<br>**Көптеген оқушы орындайды:**<br>Берілген тақырып аясында құрылымын сақтай отырып, хатты жаза алады.<br>**Кейбір оқушы орындайды:**<br>Хат немесе өлеңді жазғанда көркем бейнелі сөздерді пайдаланып әсерлі жеткізеді |
| **Бағалау критерийлері** | **Барлық оқушы орындайды:**<br>Шығарманың идеясын түсінеді және хат немесе өлең жазуға шығарма ішінен сөз тіркестерін жазып таба алады.<br>**Көптеген оқушы орындайды:**<br>Берілген тақырып аясында құрылымын сақтай отырып, хатты жаза алады.<br>**Кейбір оқушы орындайды:**<br>Хат немесе өлеңді жазғанда көркем бейнелі сөздерді пайдаланып әсерлі жеткізеді; |
| **Сабақта қамтылатын құндылықтар** | -Жауапты азаматтық позиция<br>-Құрмет |
| **Пәнаралық байланыс** | Әдебиет, өнер |
| **АКТ қолдану дағдылары** | |
| **Қолданылатын тақырыпқа қатысты тірек сөздер** | Ана, бала, мұң, сағыныш, мейірімділік, пендешілік, тіршілік, бала психологиясы, күту, уәде, үміт. |
| **Күтілетін нәтижелер** | Автор көзқарасын анықтай алады, шығарманың түйінді ойын анықтайды. Кейіпкерге хат жаза алады |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | Т. Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала» әңгімесі. Көркемдік ерекшелігі |

**Жоспар**

| **Жоспарланатын уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер** | **Дерек көздер** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**5 минут** | **Қызығушылықты ояту. Галереяға саяхат Ой шақыру.**<br>**Қ. Нұртастың орындауындағы «Ана» әнін тыңдату**<br><br>wopE466.tmp____Microsoft_Office_PowerPoint1.sldx<br>-Мына фотоларға қарап, бүгінгі сабағымызды болжап көріңіздерші?<br>-Бұл фотоларға қарап қандай құндылықтарды еске түсіреміз?<br>• **«4 сөйлем» әдісі арқылы шығармаға қысқаша көзқарас білдіру**<br>1. Пікір. Оқыған мәтін бойынша өзіндік пікірлеріңізді бір сөйлеммен жазыңыздар.<br>2. Дәлел. Өз пікірлеріңізді бір сөйлеммен дәлелдеңіздер.<br>3. Мысал. Пікірлеріңізді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңіздер.<br>• 4. Қорытынды. Тақырып бойынша қорытынды шығарыңыздар.<br>Сабақ тақырыбы мен бағалау критерийлерімен таныстыру. | |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br>5 минут<br><br><br><br><br><br><br><br>10 минут</td>
<td>

• **1.Жазушы баланың анасына деген сағынышын қалай суреттейді?**

| Шығармадан үзінді | Жазушы қалай суреттеген | Сенің алған әсерің |
|---|---|---|
| -Моо-мәааа, моо-мааа...<br>-Сенсің ғой ең да-нааа...<br>-Мәңгі дос сен ға-нааа... | | |
| Мамам әкелген қып-қызыл гүлдері бар көйлегім ше... Соны кимеймін бе? Ақ сызықтары бар қара костөмім ше? Оны да киемін. Мамам айтқан... Алматыда жаз кезінде де түн суық болады деп... | | |
| -Мама-а, тағы бір сүйші... | | |

• **Дескрипторлар:**
• -автордың суреттеуіне талдау жасай алады;
• -өз әсерін жеткізе алады.

Міне, осындай бала Сержанның сезімін, анасына деген сағынышын хатқа немесе өлең жолдарына түсіріп көрелік. РАФТ стратегиясы бойынша жазу.
Хат «Автор орындығы» арқылы оқылады.

**Қалыптастырушы бағалау**
• Екі жұлдыз, бір ұсыныс

</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың соңы**<br>**3 минут** | «Ар ождан аллеясы»Бұл әдістің мақсаты хикаяда проблемашешумен немесе дилеммамен бетпе-бет келгендегі кейіпкердің санасын зерттеу болып табылатынын түсіндіру.<br><br><br><br>**«Мейрамхана»**<br>Тақтаға «Аспаз» суреті ілінеді де «Тойдыңыздар ма?» деген сұрақ қойылады:<br>бөлек карточкаларға сұрақтар жазылады:<br>«Тойдыңыз ба?»<br>Мен ... тағы жер едім…<br>Ең ұнағаны …<br>... қорыта алдым.<br>Бұл мейрамхана…<br>… қатты тойдым.<br>... қарным ашып тұр. | |

**Қосымша ақпарат**

| | | |
|---|---|---|
| Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз? | Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз? | Пәнаралық байланыс<br>Қауіпсіздік ережелері<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент) |

| | |
|---|---|
| **Ойлану**<br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма?<br>Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды?<br>Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланған уақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен? | Төменде берілген бөлімді осы сабақ 3туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз. |

**Жалпы баға**
Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?
1:
2:
Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?
1:
2:
Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?

## «АЛПАМЫС БАТЫР» ЖЫРЫНЫҢ КЕЙІПКЕРЛЕРІ

**Макшаева Ж. Д.,**
*Ғ.Абдуллин атындағы орта жалпы білім беретін мектебі*

| | |
|---|---|
| **Мектебі:** | «Ғ.Абдуллин атындағы орта жалпы білім беретін мектебі» КММ |
| **Мұғалімі:** | Макшаева Жазира Джолдыевна |
| **Сыныбы- 6 « б»** | Күні - |
| **Пәні** | Қазақ әдебиеті №3 сабақ |
| **Сабақтың тақырыбы** | «Алпамыс батыр» жырының кейіпкерлері |
| **Сілтеме** | Оқулық, жырдың толық нұсқасы, ( интернет материалынан) |
| **Мақсаты** | «Алпамыс батыр» жырының кейіпкерлеріне сын тұрғысынан ойлау арқылы талдау жасап, жан-жақты ашады.<br>Жырдағы басты бейненің халықтың алып қуатының, қажымас қайратының, сарқылмас күшінің көркі екендігін дәлелдейді.<br>Топпен жұмыс негізінде жыр кейіпкерлеріне тән қасиеттерді саралайды.<br>Оқушылар өз Отанын, туған елін сүюге, құрметтеуге тәрбиеленеді. |
| **Күтілетін нәтижелер** | **А)** кейіпкерлерін сын тұрғысынан ойлау арқылы талдайды.<br>**В)** жыр кейіпкерлеріне тән қасиеттерді саралайды.<br>**С)** өзара бағалауды жүзеге асырады, кретерий арқылы бағалаудың маңыздылығын түсінеді. |
| **Керекті жабдықтар** | оқулық, интербелсенді тақта,постер, маркерлер, түрлі түсті қағаздар,стикерлер |
| **Сабақ бойынша мұғалім мен оқушының іс-әрекеті** | |

| **Сабақ кезеңдері (тапсырма)** | **Мұғалім әрекеті** | **Оқушы әрекеті** |
|---|---|---|
| **Оқушыларға психологиялық ахуал туғызу** | Оқушылармен амандасу. **Сыныпты топқа бөлу** (жырдың ең басты 3 кейіпкерін ата)<br>2 минут | Жырдың ең басты 3 кейіпкерін атау арқылы топқа бөлінеді. (Алпамыс, Гүлбаршын, Ұлтан) |
| **Кіріспе** | Үй тапсырмасын сұрау: Семантикалық карта толтыру. 2минут<br>«Кейіпкерлер әлемі» | Жыр кейіпкерлерінің жырдың басты қаһарманына қатыстылығын анықтайды. |

| Алпамыс | Қарындас | Әкесі | Қайын | Әйелі | жауы | | Шешесі | Әкесінің | Құлтайдың | Тайшық | Тайшық еліне хан | Күннен туған ұл | Ұлтанның сақау әйелі | Ұлы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Құл Тай | | | | | | | | + | | | | | | |
| Гүлбарш | | | | + | | | | | | | | | | |

| Мыстан | Тайшық | Сары | Байшұба | Бадамша | Ұл | Қара | Кей | Жәді | Қарлыға | Ана | Байбөрі | Тор |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | + | | | |
| | | | | | | | | | | | + | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | + | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | + | | |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | + |
| | | | | | | + | | | | | | |
| | | | | | | | + | | | | | |
| | | | | | + | | | | | | | |
| | | | | + | | | | | | | | |
| | | | | | | | | + | | | | |

<table>
<tr>
<td>Негізгі бөлім</td>
<td>Жаңа тақырып «Алпамыс батыр» жырының кейіпкерлері<br>Тапсырма №1 Әр топ суырған кейіпкерлерін (5) кестеге сай толтырады.(10 минут)<br>1-топ: Ноутбук арқылы интернеттен алынған «Алпамыс батыр» жырының толық нұсқасы арқылы кейіпкерлерді ашады.
<table>
<tr><td>Кейіпкер</td><td>Іс-әрекет (жырдан үзінділер)</td><td>Қандай адам</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
Тапсырма №2 (15минут)<br>Батырдың киімінің суретін салады.</td>
<td>Кесте бойынша «Алпамыс батыр» жырының толық нұсқасы арқылы кейіпкерлер бейнесін ашады.<br>Әр топ батырдың киімінің суретін салады және қорғайды.</td>
</tr>
<tr>
<td>Бағалау.<br><br>Қорытынды</td>
<td>Батырдың киімін бағалау критерийі
<table>
<tr><td>№</td><td>кретерийі</td><td>Ұпай</td></tr>
<tr><td>1</td><td>Дулыға (бас киім)</td><td>2</td></tr>
<tr><td>2</td><td>Дулыға шашағы</td><td>3</td></tr>
<tr><td>3</td><td>Дулыға маңдайшасы</td><td>3</td></tr>
<tr><td>4</td><td>Дулыға қапталы</td><td>3</td></tr>
<tr><td>5</td><td>Сауыты</td><td>1</td></tr>
<tr><td>6</td><td>Сауыт жейдесі</td><td>2</td></tr>
<tr><td>7</td><td>Қалқан</td><td>2</td></tr>
<tr><td>8</td><td>Қалқан әшекейі</td><td>3</td></tr>
<tr><td>9</td><td>Қаруы (найза, қылыш, шоқпар, садақ)</td><td>2</td></tr>
<tr><td>10</td><td>Найза шашағы,қылыш қыны,шоқпар ерекшелігі, садақ жебесі</td><td>3</td></tr>
<tr><td>11</td><td>Белбеу</td><td>1</td></tr>
<tr><td>12</td><td>Белбеу әдемілігі</td><td>2</td></tr>
</table>
Жиынтық бағалау</td>
<td>Әр топ топ жұмысын дәстүрлі түрде бағалайды.<br>Топ жұмысын кретерий арқылы бағалайды.<br><br>Оқушылар стикерлер арқылы рефлексия жасайды.</td>
</tr>
<tr>
<td>Үйге тапсырма</td>
<td>«Туады ерлер ел үшін» эссе жазып келеді.</td>
<td>Оқушылар берілген тапсырмаларға дайындалып келеді.</td>
</tr>
</table>

## Ғ. МҮСІРЕПОВ «ЖАҢА ДОСТАР»

**Темиргалиева Г.Т.,**
*Жәнібек ауданы, Е.Ниетқалиев атындағы ЖББОМ*

| **Сабақтың тақырыбы** | | **Ғ. Мүсірепов «Жаңа достар»** | |
|---|---|---|---|
| **Мақсаты** | | Оқушыларға Ғ. Мүсіреповтың қазақ әдебиетіндегі орнын айту, «Жаңа достар» шығармасының мазмұнын толықтай меңгерту, мәтінге талдау жасау, білімдерін кеңейту. | |
| **Оқыту нәтижесі** | | Әдеби-теориялық ұғымдарды тереңдете меңгерту, өз пікірін сенімді әрі дәлелді айтуға, қорытынды ой түюге үйрету. Ізденістерге негізделген жұмыс түрлерін өз бетімен, жаңа технологиялық үрдістерге сай орындауға дағдыландыру. | |
| **Түйінді идеясы** | | Шын дос – таусылмас қазына | |
| **Әдіс-тәсілдер** | | Диалог, топтық жұмыс, АКТ, СТО технологиясы, электронды оқулық, сұрақ-жауап. | |
| **Уақыты** | **Ресурстар** | **Сабақтың мазмұны:** | |
| | | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Оқушының іс-әрекеті** |
| **І кезең Қызығушылықты ояту** | | | |
| 3 мин | Тоқыма жіп | Амандасу<br>«Достардың торы» тренингін өткізу | Амандасу<br>«Достардың торы» арқылы бір – біріне сәттілік тілеу |
| 2 мин | Қағаз қиындылары | «Дос туралы жыр» әнінің жолдарынан құралған шумақ арқылы топқа бөлу | Өн жолдары жазылған қағаз қиындылары арқылы 3 топқа бөлінеді |

**ІІ. Үй тапсырмасын тексеру.**
**Ғ.Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығын, «Жаңа достар» әңгімесін оқып келу.** Оқушылар үш топқа бөлінеді.
**І. «Ұлағат» тобы**
**ІІ «Шапағат» тобы, ІІІ «Мейірім» тобы.**
Дискуссиялық карта 3 топқа 5 сұрақтан берілген, олар қолдарындағы жауап парағына «иә» немесе «жоқ» деп жауап береді.
**І «Ұлағат» тобы сұрақтары**

- *1. Ғ.Мүсірепов 1902 жылы дүниеге келді ме?*
- *2. Әңгіме «Екі ақсақ,бір желаяқ – үш боздақ, енді базарға қарай бет алдық» деп басталады ма ?*
- *3. «Жаңа достар» «Қазақ солдаты» романынан үзінді ме ?*

## Қ.МЫРЗАЛИЕВ. «КӘРІ ҚЫРАН» ӨЛЕҢІ

**Сейткалиева Н. К.,**
*Жәнібек ауданы «Е.Ниетқалиев атындағы ЖББОМ» КММ*

| **Тақырыбы:** | **Қ.Мырзалиев. «Кәрі қыран» өлеңі** |
|---|---|
| **Мақсаты** | Оқушы өз ойын ашық және еркін айтуына жағдай жасау, теориялық білімдерін ұштау. |
| **Жалпы мақсат** | Оқушы өздігінен талдай алады. Бір – бірін тыңдау мәдениетін қалыптастыра алады. оқушылардың өз бетінше ізденісіне жол ашу, топта жұмыс істеуге дағдыларын жетілдіру |

| | | |
|---|---|---|
| **Күтілетін нәтиже** | Әңгіменің негізгі идеясын түсінеді,білім, білік, дағдылары қалыптасады. Сөйлеу тілдері дамиды. топта жұмыс істеуге, пікір алмасуға үйренеді. Тақырып бойынша өз болжамын шығармашылық тұрғыдан жеткізе алады. | |
| **7 модульдің қолданылуы** | Блум таксономиясы, АКТ”, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, « Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы бағалау, Сұрақ-жауап, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”, диалогтік оқыту. | |
| **Қолданылатын әдіс-тәсілдер** | Диалогтік, жеке, жұптық, топтық, ой қозғау, салыстыру. | |
| **Қолданылатын ресурстар** | Флипчарт, маркерлер, портреттер, тақта, стикерлер, ноутбук | |
| **Ұйымдастыру кезеңі**<br>**Тренинг** | Жаңа тақырыпқа байланысты сыныпты<br>2 топқа бөлу | Оқушылардың мұндағы мақсаты өз жұптарын тауып, топ болып құралу |

| Сабақ кезеңдері | Тапсырма | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушылардың іс- әрекеті |
|---|---|---|---|
| Кіріспе. Ұйымдастыру кезеңі<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Білім<br>Жаңа сабақ. | «Ой қозғау»<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Тыңдалым | Өзімізге және сыныптастарымызға сәттілік тілейміз! (Қ.Мырзалиевтің «Қазақ осы» әні қосылып тұрады. Тақтадан ақын портреті көрсетіледі).<br>Балалар, ән таныс па?<br>Бұл кім? Ақын туралы не білеміз? Қандай өлеңдерін білесіздер?<br>Ендеше, бүгінгі ашық сабағымыздың тақырыбы: Қ.Мырзалиев. «Кәрі қыран» өлеңі . «Кезбе тілші» әдісімен қыран сөзінің мағынасын анықтайды.<br>а) Қыран қандай құс?<br>ә) Қазақстанның қай жерлерін мекен етеді.<br>б)Халқымыз не себепті қыранды қасиетті құс санған?<br>в)Мемлекеттік рәмізіміз - туда қыран не себепті бейнеленген?<br>**Бейнетаспадан қыранның тіршілігін көрсете отырып түсіндіру** .Қыран- 7 қазынаның бірі. Біртуар ұлы тұлғаларды халқымыз әспеттеп, құрметтеп отырған.<br>«Қырандай алғыр, қырандай биікке самға» деген ақ тілекті де айтқан. Қырандай алғыр, қырандай биікке самғаған ұлы тұлғалардың бірі - Қадыр Мырзалиев ағамыз екен. Қазақстан туы, Алтын адам, әнұран туралы әңгімелеу.<br>- Қыран тәуелсіздік белгісі болса, біздің тәуелсіз елдің қырандары-сендер. Осындай тәуелсіз елдің қыраны-Қ.Мырзалиевтің әнұран авторларының бірі болуы біз үшін үлкен мәртебе.<br>Ендеше балалар бүгінгі сабағымызға кірісейік:<br>Ана тілің-арың бұл,<br>Ұятың боп тұр бетте.<br>Өзге тілдің бәрін біл<br>Өз тіліңді құрметте !<br>-Осы өлеңнің авторы кім ? 1 топ. Ақынның өмірі (Топтастыру стратегиясы бойынша жұмыс жасайды).<br>2топ. Мақал - мәтелдер жазу | Бір – біріне сәттілік тілей отырып «Қыран», «Тау» болып екі топқа бөлінеді.<br><br><br><br><br><br>Берілген сұрақтарға жауап береді.<br>І топ пен ІІ топ **«Кезбе тілші» әдісімен** топтағы оқушылардан «Қыран дегенде көз алдыңа не елестейді?» сұрағы төңірегінде интервью аламын. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Оқылым Қ.Мырзалиев. «Кәрі қыран» өлеңі | Қыранға байланысты мақал-мәтел, өлең шумағын білесіздер ?<br>Қазір өлеңді екі бөлікке бөлеміз де, «рольдегі оқушылар» әдісімен жұмыс істейміз. Әр топтың әрбір мүшесі өзіне тиісті тапсырманы орындайды:<br>1 топ– мәнерлеп оқиды;<br>2 топ– мазмұнын айтады;<br>Мәтінді нақыштап оқушыларға оқытқан соң : жетекші сұрақ қоямын. | Топ мүшелері берілген постермен жұмыс жасайды. Берілген уақыттан кейін жұмыстарын ортада қорғайды.<br><br>«Рольдегі оқушылар» әдісі бойынша тізбектеп оқиды. |
| Түсіну. Ой талқы. -Не түсіндік? | Символ туралы түсінік беру. | Не білеміз? Қыран неге намыстанды? Сонда әңгіме не жайында? Символ дегеніміз не? | Берілген тапсырмаларды дұрыс түсіне отырып мағынасын ашу, түсініп білу |
| Қолдану | Топтық жұмыс.<br><br>Өтілген тақырыпқа арналған тапсырмалар төңірегінде | **1 тапсырма; 1-топ Өлеңнің буын, бунақ санын анықта.**<br>Қанатынан қаңтардың қары бүркіп<br>Қашатұғын көргенде бәрі де үркіп<br>Қырағы көз бүгінде қарауытып<br>Қалғып отыр қияда кәрі бүркіт<br>**2-топ Өлеңді композициялық құрылымына талда.**<br>Кіріспе, шығарманың экспозициясы:<br>Байланыс:<br>Дамуы:<br>Шарықтау шегі:<br>Шешімі:<br>**2 тапсырма; І топ: 5 жол өлең стратегиясы**<br>1. Зат есім<br>2. Сын есім<br>3. Етістік<br>4. Сөйлем құрастыр<br>5. Синоним<br>**І топ: «Кәрі қыран» өлеңінің** ұқсастығы, айырмашылығы бар ма екен, дәлелдеңдер.<br>Қыранға тән (басты ерекшелік) негізгі қасиетті көрсетіңдер.<br>**«Екі жақты түсіндірмелі күнделік».. Кестені** | Оқушылар жұпта топта жұмыстанады. талқылайды, өз ойларын , пікірлерімен толықтырады, бір- бірімен пікірлеседі, ортақ шешімге келеді.<br><br>Топ басшысы тапсырманы бөледі, топтық жұмыстың ережесіне сәйкес топ мүшелерінің жұмысын |

<table>
<tr>
<td></td>
<td></td>
<td>толтыру<br><table><tr><td>Не таңқалдырды?</td><td>Неліктен?</td></tr></table>ІІ топ: Өлеңге поэтикалық талдау жасау.<br>Теңеулер:<br>Эпитеттер:<br>Синонимдер:<br>Антонимдер</td>
<td>қадағалайды. Оқушылар топ болып тапсырманы орындайды.<br><br>Әр топтың бір мүшесі өзіне тиісті тапсырманы орындайды.Әр топ бірлесіп жұмыс жасайды.</td>
</tr>
<tr>
<td>Шығармашылық жұмыс.</td>
<td></td>
<td>«Еркін жазу» әдісі.<br>1 топ. Қыранша өмір сүргенің – қандай бақыт!<br>Қандай бақыт – қыранша өле білген! осы өлең жолдары бойынша өз ойы мен пікірін жазу.<br>2-топ. Қадыр ақынға немесе қыран құсқа арнап 1 шумақ өлең шығару<br>– Мағынасы түсініксіз сөздерді табады,<br>Зәбірі артты-<br>Албасты басқыр (қарғыс)-<br>Тәрк ету –<br>Жоспар құрастырады. Жауаптарын қадағалап, тексеру</td>
<td>Әр топтан үздік деп танылған оқушыға жеке тапсырма беру, өз пікірін жазады, талқылайды, жұпта, топта бір- бірін тыңдайды. Шығармашылық деңгейде жұмыс жасайды.<br><br>Жеке жұмыс түсініксіз сөздерді жазып, жоспар құрайды.</td>
</tr>
<tr>
<td>Талдау (Анализ)</td>
<td>Топтар жарысы</td>
<td>Тапсырма мен сұрақтар беріледі, әр топқа уақыт беріледі, қай топ бітсе, сол топ ортаға шығып жауаптарын көрсетеді «Т»-кестесі әдісімен жұмыс жасау. Екеуін салыстыру (4 қасиеті)<br><table><tr><td>Кәрі қыранның қимыл -әрекеті</td><td>Жас мұзбалақтың қасиеті</td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table></td>
<td>Берілген тапсырманы уақытылы орындау, сұрақтарға нақты жауап беру керек.Қай топтың тапсырмасы мен сұрақтары дұрыс болса сол топ жеңімпаз болады</td>
</tr>
<tr>
<td>Шығару (Синтез)</td>
<td>Қырандар туралы қандай шығармаларды білесіңдер?</td>
<td>Мысалы: Абайдың «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінде тастан қашқан тұз тағысын сегіз найзалы қыранның құтқармауы сөз болады.<br>М. Шаханов «Отырар» өлеңі бойынша ханды қыранға теңеуі т.б.</td>
<td>Әр топ өзара тақырыпқа қатысты берілген сұраққа жауап беріп, сабақты жинақтайды</td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| Кері байланыс<br><br><br><br><br>Бағалау.<br><br><br>Рефлексия | Екі жұлдыз, бір тілек Стикерлерді толтыру | **«Ойнай отырып ойлай біл». Музыкалық қобдиша.**<br>1. Бүгін қандай тапсырмалар ұнады?<br>2. Не өзгертер едіңіз?<br>3. Жаңа сабаққа көңіліңіз толды ма?<br>4. Қыранның соңғы шешіміне не себеп болды?.<br>Оқ ушыларға стикер толтыруды ұсыну<br>Сабақты «Мен нені білемін?», «Мен нені білгім келеді?», «Мен нені білдім?» деген сауалдармен бекіту. | Кері байланыс жасалынып, сабақ қорытындылана ды. Әрбір оқушы сабақтан алған әсерін айтады<br>Екі жұлдыз, бір тілек арқылы бағалайды.<br><br>Ұсынылған стикерді толтыру |
| Үйге тапсырма: | | «Кәрі қыран» өлеңін жаттау<br>Қыран құстың суретін салу. "Мен- тәуелсіз елдің қыранымын" тақырыбына шығарма жазу | |

## ҚАЗАҚ ЖАЗУЫ

**Куаншалиева М.Ж.,**
*Ө.Сахипов атындағы ЖББОМ*

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы**:<br>1-бөлім.Көне түркі жазбалары және қазақ жазуы | **Мектеп**:<br>«Ө.Сахипов атындағы ЖББОМ» КММ | |
| Күні:18.09.2018 жыл | **Мұғалімніңаты-жөні**:<br>Куаншалиева Мейргул Жумагазиевна | |
| **Сынып: 8** | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Қазақ жазуы |
| **Осы сабақ арқылы жүзегеасатыноқу мақсаттары** | 8.3.5.1 – оқылым және тыңдалым материалдары бойынша мәтіннің баяндау желісін сақтап, әр бөлігінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезис) жазу;<br>8.4.4.1 – сөздердің қолданыс аясын түсіну және ажырата білу; |
| **Сабақтыңмақсаттары** | **Барлық оқушылар орындайалады:**<br>• сызба бойынша қазақ жазуы туралы мәліметтер жинайды;<br>• мәтіндегі көтерілген мәселені түсінеді. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:**<br>күрделі сөз түрлерін анықтап, тілдік құралдарын талдайды. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>сөз тіркестерін орынды қолданады. |
| **Бағалау критерийлері** | - Мәтін бөлігіндегі ақпараттардан жинақы мәтін құрастырады;<br>- Қысқарған сөздің дұрыс жазылуын меңгереді;<br>- Мәтін мазмұнын жетекші сұрақтар арқылы әңгімелеп, талқылайды; |
| **Тілдік мақсат** | Пән бойынша қолданылатын терминдер: қысқарған сөздер |
| **Құндылықтарға баулу** | Азаматтық жауапкершілік және қазақстандық патриотизм, жалпыға бірдей еңбек қоғамы, зайырлы қоғам және жоғары руханият. |
| **Пәнаралықбайланыс** | Әдебиет, бейнелеу өнері. |
| **Тақырыпбойыншаалдыңғыбілім** | Енисей, Талас, Орхон ескерткіштері |

**Сабақбарысы**

<table>
<tr><th>Сабақтыңжоспаланған кезеңдері</th><th>Сабақтағыжоспарланғанжаттығутүрлері</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br>5 мин</td><td>Қызығушылықты ояту.<br>• Көне түркі жазба ескерткіштерін зерттеген ғалымдардың еңбегі туралы не білесің?<br>• Орхон ескерткіштері қай жерде табылған?<br>• Көне түркі ескерткіштерінің құндылығы неде?<br>• Жазбаша әдебиеттің дамуы туралы не білесің?<br>Ширату: "Круиз"<br>Оқушыларды шеңберге жинақтап, көлікпен круизге шығатыны айтылады. Ескеретін жағдай жол бойы кездескен суреттерге мән беріп отыру қажет болады. Круиз аяқталғаннан кейін оқушылардан жол бойы неге кезіккендерін, бұл суреттердегі жазулардың тарихын, біздің жазуымыздағы маңыздылығын сұрау.<br>Қазақ жазуының таңбалары арқылы 3 топқа бөлу<br><br><br><br><br><br></td><td>Жолда кездесетін суреттері:<br><br><br><br><br></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br>30 мин</td><td>Мағынаны тану.<br>Оқу мақсаты мен бағалау критерийлері хабарланады.<br>1-тапсырма.<br>"БББ кестесі" толтырылады.<br>Оқушыларға БББ кестесі таратылып, оның бірінші "білемін" бөлігіне қазақ жазуы туралы біліп келгендерін жазады. Екінші кестесіне сабақ барысында қандай мәлімет білгісі келетінін толтырса, үшінші кестеге сабақ соңында оралатындарын ескертемін. Екі бағанды толтырып болған соң оқып шығады. Қайталанбайтын тың жазбалар оқылады.<br><table><tr><th>Білемін</th><th>Білгім келеді</th><th>Білдім</th></tr><tr><td></td><td></td><td></td></tr></table><br>Оқу мақсаты мен бағалау критерийлері еске</td><td>Үлестірме қағаз<br><br>Аудиотыңдалым "Қазақ жазуы"</td></tr>
</table>

**түсіріледі.**

**2-тапсырма.Сызба бойынша қазақ жазуы туралы мәліметтерді жинайды.**

**Қазақ жазуы**

**Дескриптор:**

- Сызба бойынша қазақ жазуы туралы мәліметтерді жинайды.
- Мәтіннен күрделі сөздерді табады.

**Саралау жұмысы:**

Тапсырманы орындауға қиналған оқушыларға қазақ жазуы, күрделі сөздер туралы түсінікті **"Қос диаграммаға"**салып ұсынамын.

**ҚБ "Үш шапалақ"** 


**3-тапсырма. Берілген суреттер бойынша «Тарихи жәдігерлер» тақырыбына күрделі сөзді қатыстырып, мәтін құрап жазу.**





**Дескриптор:**

- Ақпараттық суреттердідұрыс пайдаланады.
- Күрделі сөздерді қатыстырып, мәтін құрайды.

**Саралау жұмысы:**

**1) "Сөздік кестесі"**(оқушыларға жеке қолдау көрсету (6)

Күрделі сөздердің ережесін ұсыну (анықтамасын алдына карточка түрінде беру)

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><th>Атауы</th><th>Түсініктемесі</th></tr>
<tr><td></td><td></td></tr>
</table>
<br>
ҚБ "Тыныс белгі"
<br>

<br>
Оқу мақсаттары мен бағалау критерийлері еске түсіріледі.
<br><br>
4-тапсырма. Мәтінді оқып, «Қазақ жазуы» тақырыбында мәтіндегі қысқарған сөздерді қолданып, жұптасып пікірлеседі.
<br>
Дескриптор:
<br>
- Мәтінді оқып, қысқарған сөздерді табады.
<br>
- Қысқарған сөздерді қолдана отырып, пікір білдіреді.
<br><br>
ҚБ "Жапондық бағалау"
<br>


<br>
Оқу мақсаттары мен бағалау критерийлеріне қайта ораламын.
<br>
5-тапсырма
<br>
БББ кестесінің үшінші бағанын толтырады.
<table>
<tr><td>Білемін</td><td>Білгім келеді</td><td>Білдім</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Үлестірме қағаздар</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>5 мин</td>
<td>Кері байланыс<br>"Бағалау терезесі"<br>Маған түсінікті     Сұрақтар пайда болды<br>Мен есте сақтадым     Түсінбедім</td>
<td>Стикерлер</td>
</tr>
</table>

## Б.СОҚПАҚБАЕВ «МЕНІҢ АТЫМ ҚОЖА»
## «ТҮБІНДЕ АДАМ БОЛАТЫН БАЛА»

**Тулешева М.Е.,**
*Жәнібек ауданы, Е.Ниетқалиев атындағы ЖББОМ*

<table>
<tr><td colspan="3">Сабақ тақырыбы: Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа»<br>«Түбінде адам болатын бала»</td></tr>
<tr><td>Күні</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td>Сынып 5</td><td>Қатысқандар саны</td><td>Қатыспағандар саны</td></tr>
<tr><td>Сабаққа негізделген оқу мақсаты</td><td colspan="2">Т.Ж 5.1.3.1 Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашады.<br>А.И. 5.2.4.1 Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу</td></tr>
<tr><td>Сабақ мақсаттары:</td><td colspan="2">Барлық оқушылар орындай алады:<br>Әңгімедегі кейіпкерлердің портреті мен іс-әрекетін анықтайды, өз әсерін хат жазу арқылы жеткізеді.<br>Көпшілік оқушылар орындай алады:</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | Әңгімедегі кейіпкерлер іс-әрекетіне өзіндік көзқарасы тұрғысынан талдау жасайды, құрылысын сақтап хат жазады.<br>**Кейбір оқушылар орындай алады:**<br>- Авторға хат жазуда өз сезімдерін, кейіпкерге деген көзқарастарын, алған әсерлерін жүйелеп, өлең не хат жазады. |
| **<u>Бағалау критерийлері:</u>**<br>**(жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)** | • Шығармадағы кейіпкерлердің портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашады,<br>• Әңгімеден алған әсерлерін сипаттап, авторға хат, өлең жазады; |
| **Тілдік мақсаттар** | **Диалогтер мен жазу үшін қолданылатын тіркестер:**<br>Кейіпкерден алған әсерін жеткізу үшін(елестету, сүйсіну,<br>жек көру,<br>жаны ашу,өкініш, таңдану) қолданады<br>**Талқылауға арналған сұрақтар:**<br>-Шығармадағы кейіпкерлер кімдер?<br>Қожаның іс-әрекетіне көзқарасың қандай? |
| **Ойлау деңгейі** | **Қолдану** |
| **Құндылықтарды дарыту** | Жақсыдан үлгі алу, жақсыдан үйрену |
| **Пәнаралық байланыстар** | Өзін-өзі тану |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Проектор, слайд |
| **Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім** | Шығарманың мазмұны, тақырыбы, идеясы, кейіпкерлері, жанр түрі. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басталуы 3 мин** | Ширату жаттығуы. Жағымды ахуал қалыптастыру.<br>«Автопортрет» әдісі бойынша оқушыларға А 4 форматына порттертерін салғызып, бір-бірімен алмастырып айтқызамын. Суреттерін әңгімелеу арқылы мінездерін анықтайды.<br>(Сабақтың мақсатына болжау жасау мақсатында) | |
| **Ортасы**<br><br>**12 мин** | **Сізге әңгіме несімен ұнады?**<br>**Қай кейіпкердің әрекеті сіздерге әсер етті?**<br>**Әңгімедегі таңқалдырған оқиға?**<br>**Ж.Ж**<br>**1- тапсырма:**<br>Ұсынылған кестедегі іс-әрекеттерді кейіпкерлермен сәйкестендір және кестеге лайық образдарды анықта.<br>**(Графикалық органайзер тәсілінің «Сәйкестендіру» кестесі.)** | |

| Шығармадан үзінді | Кейіпкерлер |
|---|---|
| Майқанова содан сабаққа екі күн келмеді.Шошынып ауырып қалыпты. Жұмысқа бүгін ғана шығып отыр. | Ахметов |
| -Қара көже мынаның не екенін білесің бе? | Сәйбек қарт |
| -Сені мектеп өмірі тойдырды ма? Ендеше неге қоймайсың тәртіпсіздікті! | Қожа |
| -Бар,әне шақырып жатыр.Әй, сотанағым | Жантас |

<table>
<tr>
<td>15 мин</td>
<td>
<table>
<tr><td>Шығармадан үзінді</td><td>Кейіпкерлер әрекетінің образын ашып жаз</td></tr>
<tr><td>Ал, екіншіден,ең әуелі біз лагерьге үлгілі,тәртіпті оқушыларды жібереміз.</td><td></td></tr>
<tr><td>Қу жалғыз сенің-ақ күйігіңді тартып өлетін болдым ғой. Осы сен не боп барасың күннен күнге. Бұл не сұмдық?</td><td></td></tr>
<tr><td>-Келесі сабақта қайсың бақа ұстап әкелесіңдер?</td><td></td></tr>
<tr><td>Менің мойынымда оның тиын емес,тенге емес,бақандай қарасы жүр</td><td></td></tr>
</table>
Дескриптор:<br>1.Кейіпкерлерді іс-әрекетімен сәйкестендіреді.<br>2.Берілген шығарма үзінділерінен кейіпкерлерді тауып, кейіпкерлер әрекетінің образын жаз.<br><br>Қ/Б. Оң жағындағы жұбымен жазғанын салыстыра отырып, өзін-өзі «+» «-» әдісімен бағалайды.<br>2- тапсырма<br>«Авторға хат» әдісі. Авторға шығармадан алған әсеріңді сипаттап, берілген сөз тіркестерін қолданып, хат не өлең жаз. Өлең, хат жазуда құрылымын сақта. Үздік жұмысты «автор орындығында» оқы.<br>Ұсынылатын тіркестер: түбінде адам болатын бала, қателігін түсіну, есеп беру, жеке бас тәртібі, қателігін түсіну, болашағына сену, өзгеше көзқарас, қабылданған міндеттемелер, жолдастық қарым-қатынас.<br>Критерий:<br>-Авторға өлең, хат жазу.<br>-Шығармадан алған әсерін сипаттау, берілген сөз тіркестерін қолданып, өлең, хат құрылымын сақтау.<br>Қалыптастырушы бағалау.<br>«Екі жұлдыз, бір ұсыныс»<br>Дескриптор:<br>- Шығармадан алған әсерін сипаттай алады;<br>- Шығармадан алған әсерін сипаттап, авторғахат жазады.
</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Аяқталуы<br>7 мин</td>
<td>«ПОПС» формуласы.<br>тапсырма Әңгіме мазмұнына сүйене отырып, кейіпкерлердің портреті мен іс-әрекеті арқылы бір образды анықтаңыз. Анықтаған образды ұсынылған құрылымға салып дәлелдеңіздер.<br>Бірінші сөйлем: «Менің ойымша, Қожа түбінде адам болатын бала.Екінші сөйлем: «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...<br>Үшінші сөйлем: «Оны мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын..<br>Соңғы сөйлем: «Осыған байланысты мен.... деген шешімге келдім..</td>
<td>«ПОПС» кестесі</td>
</tr>
<tr>
<td>3 мин</td>
<td>Оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне кері ораламын.<br>«Кері байланыс» Оқушыларға оқу мақсатын еске түсіре отырып «Сиқырлы ағаш» әдісі арқылы бүгінгі сабақтан алған әсерлерін бір сөйлеммен жазып ағашқа орналастырады.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

# Ы.АЛТЫНСАРИН «ҚЫПШАҚ СЕЙІТҚҰЛ» ӘҢГІМЕСІ

**Жумабаева Г.С.,**
*Т.Жароков атындағы орта мектебі*

| | | |
|---|---|---|
| **Мектеп:** «Жалпы білім беретін Т.Жароков атындағы орта мектебі» КММ-сі | | |
| **Сабақ тақырыбы:** Ы.Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі | | |
| **Күні** | **Мұғалімнің есімі:** Жумабаева Гульманат Саматовна | |
| **Сынып:** 5 «а» | **Қатысқандар саны:** 20 | **Қатыспағандар саны:** 0 |
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты** | 5.2.1.1(А/И)-әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу;<br>5.3.3.1(Б/С) - шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу. | |
| **Сабақ мақсаттары:** | **Барлық оқушылар:** Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды, жазба жұмысын орындайды, сұрақтарға жауап бере алады.<br>**Оқушылардың басым бөлігі:** Топтық жұмысты бірлесе орындайды, өз бетінше жұмыс жасайды. Салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табады.<br>**Кейбір оқушылар:** әдеби шығармадағы әр түрлі суреттеулерді табады, кейіпкерді өзіндік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазуда дәлелді пікірлер қолданады | |
| <u>Бағалау критерийлері:</u> (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже) | • Әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра және қарама-қарсы суреттеулерді тауып, дәлелдер келтіре алады;<br>• Шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жаза алады | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Тілдік дағдылар:** салыстыру, талдау, бағалау, анализ жасау, Интерпретация | |
| | **Терминология:** әңгіме, жанр, мінездеме, суреттеу | |
| | **Сөз тіркестері:** егін егу, кетпен, айырбас сауда,жәрмеңке реуішті базар, кәсіппен айналысу | |
| **Құндылықтарды дарыту** | Еңбек және шығармашылық | |
| **Пәнаралық байланыстар** | Тарих, география | |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интерактивті тақтамен жұмыс | |
| **Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім** | Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығы | |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басталуы** | **«Әдемі ойлай және дем ала біл!»** жаттығуы арқылы сыныпта жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру және сыныпты **«Пазлдар»** әдісі арқылы 4 топқа бөлу | Сурет қиындылары, музыка |

| | | |
|---|---|---|
| **Орт асы** | **“Кір жаятын жіп” әдісі** арқылы Ыбырайдың өмір жолынан деректер жинау<br>• Ыбырай қай жылы, қай жерде дүниеге келді?<br>• Кімнің тәрбиесінде болды және ол туралы қандай деректер білесің?<br>• Білім алған оқу орындары<br>• Атқарған қызметтері<br>• Қандай еңбектері жарыққа шықты?<br>• 6. Ыбырайдың басқа да қандай шығармаларын білесің?<br>•<br><br><br><br>Ы.Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесін оқып, танысады, талдау жасалады, содан кейін әр топқа түрлі тапсырмалар беріледі.<br><br>wopEC43.tmp_____Microsoft_Office_PowerPoint2.sldx<br><br>**І топ «Пайымдауды көрсету»** әдісі арқылы Сейітқұл мен ағасының іс-әрекетіне талдау жасайды. Мысалы: **Сейітқұлдың** күшті жағы- еңбекқор, әлсіз тұсы- ағасының өміріне өзгеріс енгізе алмағандығы, қауіптер- жаудан, ұрыдан, бөріден қауіп болды, мүмкіндіктері- қауіптен құтылудың жолын тауып,қорған салдырып, бақташы, күзетші қойды.<br>**Сейітқұлдың ағасының** күшті жағы- қайратты, әлсіз жағы- күш-қайратын әлсіздерге күш көрсетіп, оңай жолмен мал табуы, қауіптер- адамдар қолынан қаза табуы, мүмкіндігі- күш- қайратын адал еңбекке жұмсағанда, өмірі ұзақ болар ма еді?<br>**ІІ топ «Биопоэма»** әдісі арқылы кейіпкерлерге жан-жақты талдау жасайды. Мысалы: Есімі:Сейітқұл. Мекен жайы: Қабырға бойы.<br>Ол қандай?- еңбекқор, жақсы басшы. Сүйікті ісі-егін егу. Арманы- халқын бірлікте ұстап, молшылыққа кенелту. Синоноим- ел ағасы<br>**ІІІ топ «Маңыздылық аймағы»** әдісі арқылы кейіпкерлерге мінездеме береді. Ең негізгі, маңызды деп тапқан қасиеттерін аймаққа жақын орналастырады.<br>**IV топ «Сенімділік межелігі»** әдісі арқылы кейіпкерлердің өсу не кері кету жолын көрсетеді. Басты екі кейіпкердің өмірлік ұстанымдары негізінде қандай нәтижеге қол жеткізген графигін сызып береді. Әдеби эссе жазуға көмек негізінде топтарға тапсырмалар беріледі.<br><br>wopECB2.tmp_____Microsoft_Office_PowerPoint3.sldx<br>**І топ “Концептуалды кесте”** әдісі негізінде кейіпкерлердің автордың көзқарасы мен өзіндік көзқарасы тұрғысында өмірге қызығушылықтары мен адами қасиеттеріне анализ жасайды.<br>**ІІ топ «9 гауһартас»** әдісі бойынша әңгімеге негіз бола алатын 9 мақал-мәтелді тауып орналастырады және орналастыру себебін түсіндіреді.<br>**ІІІ топ «FILA формуласы»** әдісі арқылы деректер мен пікірлерді зерттейді. Маңызды сұрақ қойылады да, сол бойынша қосымша деректер, пікірлер талданып, іс-әрекет жасалады. | Қыстырғ ш-тар, жіп, үлестірм қағаздар<br><br>Флипчар Маркерл р, Стикерл |

| | | |
|---|---|---|
| | **IV топ «Автор орындығы»** әдісімен ***«Автор орнында болсаң Сейтқұлдың ағасына қатысты шешімді қалай аяқтар едің?»*** деген сұрақ төңірегінде ой қозғайды<br>**Әдеби эссе: «Еңбектің көзін тапқан ,**<br>**Байлықтың өзін табады.»** | Кесте, плакат, Интерактивті Тақта |
| **Аяқталуы** | Кері байланыс: «Бас. Қол. Жүрек»<br>• Бүгінгі сабақта басың арқылы нені меңгердің?<br>• Қолың арқылы нені жасай алдың?<br>• Жүрегің арқылы нені сезіндің?<br>Үйге тапсырма: «Өмірін еңбекпен әрлеген менің .....<br>(көршім, әжем, атам, ауылдасым, т.б.)» дерек пен жинақ. Формасын оқушының таңдауына беремін. (сұхбат, мақала, видео, аудиозапись, т.б ) | |

## БАЗАРҒА БАРАМЫН

**Усенова С.У.,**
*Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББМ*
*(Тасқала ауданы)*

| | | | |
|---|---|---|---|
| **САБАҚ:** Әдебиет | | **Мектеп:** БҚО, Тасқала ауданы<br>Ы.Алтынсарин атындағы ЖОББМ | |
| **Күні: 02.10.18 ж.** | | **Мұғалімнің аты-жөні:** Усенова Светлана Уразгалиевна | |
| **Сынып:** 8 (Т2) | | **Қатысқан оқушылар саны: 7** | **Қатыспағандар: 0** |
| **Бөлім атауы** | Сауда жасай білесің бе?<br>Абай Құнанбаев «Базарға қарап тұрсам әркім барар» | | |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Базарға барамын** | | |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | 8.2.2.1. түрлі жанрдағы көркем мәтіндерге сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу.<br>8.5.1.1.бөлшектік сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдану.<br>8.3.6.1 тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға беру. | | |
| **Сабақтың мақсаттары** | **Бәрі** тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға береді.<br>**Көбі** бөлшектік сан есімдерді жазба, ауызша жұмыстарда орынды қолдана біледі.<br>**Кейбірі** түрлі жанрдағы көркем мәтіндерге сүйене отырып, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолдана біледі. | | |
| **Бағалау критерийлері** | Тақырыпқа қатысты мәтіндерден негізгі ақпаратты табады, салыстырады, ұлттық сөз әдебін сақтап сұхбат құрады, бөлшектік сан есімдерді ажыратады, орынды қолданады. | | |
| **Тілдік мақсаттар** | ***Пән лексикасы және терминология:*** *таразы, азын-аулақ, жарамдылық, анда-санда, ұрла, сатушы, сатып алушы*, т.б. | | |
| **Құндылықтар** | Өзара сыйластық, сауда саласындағы мәдениеттілік | | |
| **Пәнаралық байланыс** | Экономика, психология | | |
| **Осыған дейін меңгерілген білім** | Абай Құнанбайұлы «Базарға қарап тұрсам әркім барар». Өлең мазмұны бойынша жуан-жіңішке сұрақтар. | | |
| **Жоспар** | | | |

| **Жоспарланатын уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер** | **Дерек көздер** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>3 минут | Тренинг<br>**wop10E1.tmp_____Microsoft_Office_PowerPoint1.sldx**<br>Екі топқа бөлу: "Қанағат", "Рақым"<br>**wop117E.tmp_____Microsoft_Office_PowerPoint2.sldx**<br><br>Суреттер бойынша сабақтың тақырыбын болжау.<br>Оқушылар полилог барысында өз ойларымен бөлісіп, сабақтың тақырыбын анықтайды, оқу мақсатымен танысады. | Слайд<br><br><br><br><br><br>Слайд |
| Сабақтың ортасы<br><br>3 минут<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>12 минут | **Мәтіналды жұмыс.**<br>Сөздік жұмысы.<br>*Саудаңыз жүрсін! - Хорошей торговли !*<br>*Табысты болыңыз! - Будьте успешны!*<br>*Пайдаңызға жаратыңыз!- Пользуйтесь во благо!*<br>*Киіміңіз үстіңізде тозсын! - Носите до износу!*<br>*Саудаңыз алға бассын! – Успешной торговли !*<br>*Жемісін көріңіз!- Пожните плоды!*<br>*Игілігіңізге ұстаңыз!- Пользуйтесь во благо!*<br>**Дескриптор:** -жаңа сөздерді үйренеді;<br>-сөздік жұмысын жүргізеді;<br>-диалогта қолданады.<br>**Мәтінмен жұмыс.**<br>2-тапсырма. **Топтық жұмыс**. Айтылым."Сатушы мен сатып алушы, екі сатып алушы, екі сатушы арасында диалог құрып, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолдану.<br>**1-топ:**<br>Сатушы: -Сіз не алайын деп едіңіз?<br>Саша: - Қойдың етін алайын деп едім. Килограмы қанша тұрады?<br>Сатушы: -Килограмы 1000 теңге тұрады.<br>Саша: - Сиырдың еті ше?<br>Сатушы: Сиырдың еті 1400 теңге тұрады.<br>Саша: Маған жарты килограмм қойдың етін, жарты килограмм сиырдың етінен беріңізші.<br>Сатушы: - Міне, ас болсын!<br>Саша: - Рахмет! Саудаңыз жүрсін!<br>**2-топ:**<br>Саша: -Асқабақ алайын деп едім, жартысын кесіп беріңізші.<br>Сатушы: -Жарайды, берейін. Тағы не аласыз?<br>Саша: - Жарты килограмм сәбіз, жарты килограмм пияз,<br>2 сарымсақ беріңізші.<br>Сатушы:- Картоп, көкөністер аласыз ба?<br>Саша:- Жоқ, картоп қажет емес. Қияр мен қызанақ алайын және бір буда аскөк беріңіз. Қанша болды?<br>Сатушы: -Мінеки, барлығы 600 теңге болды.<br>Саша: Рахмет! Саудаңыз алға бассын! | <br><br>Слайд<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>А4 парақтары |

| | | |
|---|---|---|
| 6 минут<br><br>10 минут<br><br>3 минут | **Дескриптор:** -диалогті рөлмен дұрыс оқиды;<br>- бөлшектік сан есімдерді атайды;<br>- ұлттық сөз әдебі формаларын орынды қолданады;<br>-тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға береді.<br><br>**3-тапсырма:** Топтық жұмыс. Жағдаят. *Берілді: 2000 теңге. Сатып алынатын зат: картоп, қызанақ, қияр, қаймақ, айран, сүт,орамжапырақ. Сауда орны: базар.*<br>**Бағалау дескрипторы:**<br>-берілген сөздерді қолданады;<br>-ойын жүйелі жеткізеді;<br>-математикалық қабілетін көрсете біледі.<br>**Мәтінсоңы жұмыс.**<br>Көрсетілім.Мультфильм бойынша ой бөлісу. Қорытынды шығару.<br>Дескриптор: -мультфильм мазмұнын түсінеді;<br>-ойын қазақша жеткізеді;<br>-құндылықтарды ажыратады;<br>-тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстыра отырып, баға береді.<br><br>wop124A.tmp____Microsoft_Office_PowerPoint3.sldx<br>**Топтастыру.Ақшаға сатылмайтын құндылықтар:**<br>махаббат, достық, мейірім, ар-ұят, әділдік, денсаулық, адам, отбасы, Отан...<br>**Кері байланыс.** «Попс» әдісі.<br>Менің ойымша .....................................<br>Мен мұны былай дәлелдеймін .............<br>Мынадай қорытынды шешімге келдім..............<br>**Үйге тапсырма:** 10-т.,11-т. | Қимақ ағаз<br><br>Мульт фильм "Есен" http://smk.edu.kz/Course/Topic/16/7995<br><br>Слайд |
| Сабақтың соңы<br>3 минут | **Бағалау. Өзара бағалау.**<br>"Екі жұлдыз, бір тілек"<br>**Рефлексия.** «3Қ» әдісі.<br>Қызық<br>Қажет<br>Қиын | Слайд |

**Қосымша ақпарат**

| Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз? | Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз? | Пәнаралық байланыс<br>Қауіпсіздік ережелері<br>АКТ-мен байланыс<br>Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент) |
|---|---|---|
| | | |

| | |
|---|---|
| Ойлану<br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары жүзеге асырымды болды ма?<br>Бүгін оқушылар нені үйренді? Сыныптағы оқу атмосферасы қандай болды? Дифференциацияны жүзеге асыру қолымнан келді ме? Мен жоспарланғануақытымды ұстандым ба? Мен жоспарыма қандай өзгерістер енгіздім және неліктен? | Төменде берілген бөлімді осы сабақ туралы ойларыңызды жазу үшін пайдаланыңыз. Сол жақ бағанда берілген сабағыңызға қатысты ең маңызды сұрақтарға жауап беріңіз. |
| | |
| Жалпы баға<br>Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?<br>1:<br>2:<br>Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым? | |

## Т.НҰРМАҒАНБЕТОВ«АНАСЫН САҒЫНҒАН БАЛА»

**Кулакова А.Ж.,**
*Бөрлі ауданы, Ақсай қаласының № 4 ЖОББМ*

| | |
|---|---|
| **Сабақ**: Т.Нұрмағанбетов«Анасын сағынған бала» | |
| **Күні:** 3 –бөлім, 3 - тоқсан | Мұғалімнің аты – жөні: Кулакова Алтын Женисовна |
| **Сынып**: 5 | Қатысқандар: Қатыспағандар |
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары**: | Т/Ж2. Танысу. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушылар орындай алады.** |
| | шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады** |
| | әдеби шығарманың идеясын өз көзқарасы негізінде жеткізе алады. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады** |
| | шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды |
| **Бағалау критерийі** | әдеби шығарманың идеясын өз көзқарасы негізінде тұжырымдайды. шығарманың негізгі идеясын ана туралы мақал-мәтелдермен байланыстырады. |
| **Алдыңғы оқу** | Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау |
| **Жоспар** | |

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Басы**<br><br>**2 минут**<br><br><br><br><br><br>**2 минут**<br><br><br>**8 минут** | 1. Оқушылардың назарын сабаққа аударып, сабақтың мақсатын, <u>тақырыбын таныстырып</u>, түрлі-түсті қима қағаздар арқылы топқа бөлемін.<br>**«10 сұрақ – ия - жоқ деген жауап» әдісі** бойынша төмендегі сұрақтар беремін<br>1. Сержан Есмағанбетке жиен болады ма? (ия)<br>2. Сержан әкесімен бірге тұрады ма? (жоқ)<br>3.«Балалы үйдің ұрлығы жатпас» шығарма тақырыбына сай мақал ма? (ия)<br>4. Әңгімеде қала тіршілігі суреттеледі (жоқ)<br>5. Сержан мылқау бала (жоқ)<br>6. Сержан Күміскүлдің баласы ма?(ия)<br>7. Есмағанбет Сержанмен танысқанда онымен амандаспайды. (жоқ)<br>8. Нағашылар Алматыға баруға қарсы болмайды (жоқ)<br>9. Есмағанбет ауылға жылда келетін (жоқ)<br>10. Есмағанбет кеткенде Сержан көңілді күймен шығарып салады? (жоқ)<br>ҚБ. Мадақтау | Слайд 2<br>оқулық<br>Слайд 3<br>Оқулық, дәптер, қалам<br><br>Үлестір ме қағаз |
| | **1-тапсырма С.**Слайдтағы мақал–мәтелдердің шығарма бөлімімен байланыстыру арқылы тақырыбы мен идеясын анықтау<br>А. Балалы үйдің ұрлығы жатпас В.,Ана алақанының аясы<br>Ақ шынардың саясы.<br>С.Домбыраның жақсы болмағы ағашынан<br>Жігіттің жақсы болмағы нағашыдан<br>Д. Анасыз өмір-сөнген көмір<br>♦ мақал-мәтелдердің мағынасын аша алады<br>♦ мақал-мәтелдерді өмірмен байланыстыра алады | |
| **Ортасы** | **2-тапсырма.**<br>**Ж.Ж«Егжей-тегжейлі білуге (түсінуге) арналған оқылым (сканерлеу)** әдісі бойынша оқушылар мәтіндегі оқиғаларға шолу жасайды. Оқушылар негізгі идеяны сақтайтын ұзақ мәтіннен қысқа мәтін шығарады. Қай материалды алып тастаса идея сақталатынын жұппен шешеді.<br>**Дескрипторлар:**<br>♦ мәтіндегі негізгі оқиғаларға шолу жасай алады<br>♦ қысқа мәтін жинақтай алады | |
| **20 минут** | **3-тапсырма** Шығарманың идеясын анықтау үшін<br>**«Төрт сөйлем тапсырмасы»** формуласын жазбаша түсіндіруін сұраймын. Шығарма неліктен «Анасын сағынған бала» деп аталды?<br>Бірінші сөйлем:«Менің ойымша,...»<br>Екінші сөйлем:«Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»<br>Үшінші сөйлем« <u>Оны мен мына фактілермен</u>, мысалдармен дәлелдей аламын...»<br>Соңғы сөйлем:«Осыған байланысты мен мынадай қорытындыға келдім...»<br>***Дескрипторлар:***<br>♦ шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтай алады<br>♦ идеяны таңдау себебін түсіндіреді<br>♦ идеяға қатысты өз көзқарасын тұжырымдайды<br>ҚБ. «Екі жұлдыз, бір тілек» | |
| **10 минут** | **4-тапсырма . <u>Кесте ұсынылады</u>** *Тақымы жазылмастан отыру, ,шүбәланған, елеуреп,зерек, құжынаған, тырайып, кіржию*<br>Синонимін табу, <u>сөз тіркесін құру Сағыныш, мұң, алаң, күмілжу, аңсау сөздері негізінде мақал – мәтелдер құрастыру</u> | |

| | | |
|---|---|---|
| | <table><tr><td></td><td>*Дескрипторлар:* ♦синоним сөздерді тауып, сөз тіркесін құрай алады<br>♦ тірек сөздер арқылы мақал-мәтелдер құрастыра біледі</td></tr></table> | |
| **Соңы**<br><br>**2 минут**<br><br><br><br><br>**1 минут** | **«5-5-1» тәсілі**<br>Оқушылар сабақтан меңгерген білімін, 5 сөйлеммен жазып, 5 сөзге қысқартын түйінді маңызды сөздерімен бөліседі. Ең маңызды сабақтың тақырыбы мен идеясы анықталады.<br><br>**Кері байланыс**: **«3-2-1» стратегиясы**<br>Бүгінгі сабақтан алған 3 маңызды ақпарат;<br>Бүгінгі сабақта қиындық тудырған 2 аспекті;<br>Бүгінгі сабақта ұнаған 1 іс-әрекет. | Сызба қағаз |
| | Үйге тапсырма<br>Сержан атынан Анасына хат жазып келу | |

| **Қосымша ақпарат:** | | |
|---|---|---|
| Саралау – оқушыға мейлинше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілетті оқушыға тапсырманы қалай түрлендіресіз | Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз | Пәнаралық байланыс ; денсаулық және қауіпсіздік,АКТ менбайланыс, құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі) |
| Мәтін бойынша блум сұрақтары жеңілден күрделіге негізделген.<br>**Барынша қолдау көрсету:** талдау, жинақтау, бағалау сұрақтар кезінде өзара пікір алмасу кезінде<br>**Орташа қолдау:** кейіпкерлер іс – әрекетін жазуда тірек сөздер ұсынылған, жетілдіруші сұрақтар арқылы қолдау көрсетемін.<br>Қабілеті жоғары оқушылар рөлдік ойынды сомдай алады, оларға **қолдау аз** көрсетіледі. | Критерийге сай бағаланады, дескрипторға сай бірін – бірі бағалайды.<br>Қызығушылығын ояту мақсатында ақшамен бағалайды, бұл жерде міндетті түрде дәлелді пікір айтады. | -қазақ тілі, дүниетану пәндерімен байланысқан.<br>- оқытуды жақсарту үшін ГО қолдандым<br>- Оқушыларға білім беру бағдарламасы аясында адамгершілік, бауырмалдық құндылықтар тақырыпқа бағытталған тапсырмалар, ой қозғау барысында көрінеді. |

## «АСАН ҚАЙҒЫНЫҢ ЖЕРГЕ АЙТҚАН СЫНЫ» АҢЫЗЫ

**Каиргузина Г.К.,**
*Пугачев МБК*

| | |
|---|---|
| **Пәні: қазақ әдебиеті** | Мектеп: Пугачев МБК |
| **Күні:** | Мұғалімнің аты-жөні: Каиргузина Гульзира Каментаевна |
| **Сынып:5** | Қатысқан оқушылар саны:<br>Қатыспағандар: |
| **Сабақтың тақырыбы:** | 1-бөлім.Таза мінсіз асыл сөз.<br>«Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы |

| | | |
|---|---|---|
| **Оқу мақсаттары** | 5.Т/Ж2 Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау | |
| **Сабақ мақсаттары** | *Шығарманың мазмұнын түсінеді, сұрақтарға жауап береді.*<br>*Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтайды.*<br>*Салыстыру арқылы шығарма тақырыбы мен идеясына талдау жасайды* | |
| **Жетістік критерийлері** | • Аңыздағы айтылған сындарды елді-мекендердің қазіргі ерекшеліктерімен салыстырады.<br>• Салыстыру арқылы шығарманың тақырыбы мен идеясына талдау жасайды | |
| **Тілдік мақсаттар** | Пән лексикасы және терминология: аңыз | |
| **Құндылықтарды дарыту:** | Елжандылық | |
| **Осыған дейін меңгерген білім** | «Қобыланды батыр» жыры | |
| **Жоспарланатын уақыт** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер** | **Дереккөздер** |
| **Сабақтың басы 10мин** | **Ұйымдастыру кезеңі.** «Шаңырақ» тренингімен ынтымақтастықты қалыптастыру және топқа бөлу.(Шеңберге тұрып ортасында 3 түрлі лента ұстап тұрамын. Оқушылар жан-жағынан ұстап, туған жер туралы айту керек. Тренинг біткен бойда қай түсті ұстаса сол арқылы топқа бөлініп отырады.)<br>**Қызығушылықты ояту.**<br>-Желмаясымен жортып жүріп, халқына шұрайлы жер іздеп аты аңыз болған адамды білесіздер ме?<br>-Асан ата неліктен Асанқайғы атанған қалай ойлайсыздар?<br>-Төмендегі суреттер сіздерге қандай ой (ассоциация) туындатты?<br>-Бүгінгі сабағымызда не туралы әңгімелесеміз?<br>-Сабақ мақсаттары қандай болады деп ойлайсыздар?<br> <br>Оқушылар өз ойларымен сабақтың мақсатын «Сэндгвичке» жазады. (Мақсатты анықтауы және түсінуі үшін бағыт беремін )<br>1-бөлікке «Мен бүгін аңыз туралы шығарманы оқимын»<br>2-бөлікке «Мен сабақта аңыздың тақырыбы мен идеясын анықтайтын боламын»<br>3-бөлікке «Мен оқыған мәліметті тапсырма барысында қолданатын боламын»<br>**Ширату жаттығу «Пазл» әдісі** Бірнеше бөлікке қиылған суретті жинайды. Аңыз туралы мәлімет сурет артына жасырылады. | А.Әлимов «Жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану, ғаламтор беттері |

<table>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br>25мин</td><td>1-тапсырма. Мәтінмен жұмыс. Ж,ТЖ<br>1.«Асанқайғының жерге айтқан сыны» аңызын оқулықтан жеке оқиды.<br>2. Мәтін мазмұны бойынша «Пиццаға» сұрақтар жазады.  Пицца таратушы сұрақтарды келесі топқа апарады. Ол топ сұрақтарға толық жауап бергеннен кейін пиццаға ие болады. ҚБ.Пицца таратушы ол топтың сұрақтарға қалай жауап бергеніне ауызша кері байланыс ұсынады.<br>Толық, нақты болса -  Жарайсыңдар!!!<br>Толық емес болса, - Жақсы жауап, бірақ ....... сұрақтар бойынша әлі де ойланыңыз.<br>2-тапсырма.<br>Жұптық жұмыс. Шығарманың тақырыбы мен идеясы қандай?<br>«4 сөйлем» әдісі.<br>Біздің ойымызша.............................<br>Себебі.................................................<br>Оған дәлел........................................<br>Шешім.................................................<br>3-тапсырма. Асан қайғының сын айтқан  жерлерін салыстырыңыз.  Ерекшеліктерін аңыздағы сөздермен көрсетіңіз.
<table>
<tr><td colspan="2">жер атауы</td><td rowspan="2">Менің ойымша.......</td></tr>
<tr><td>.............</td><td>................</td></tr>
<tr><td>Ерекшеліктері:<br>1.<br>2.<br>3.</td><td>Ерекшеліктері:<br>1.<br>2.<br>3.</td><td rowspan="2"></td></tr>
<tr><td colspan="2">Ұқсастықтары:</td></tr>
</table>
</td><td>Ресурс, ғаламтор беттері</td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы<br>10мин</td><td>«ҚАҚ»-«Плюс, минус, қызығамын» кері байланысы
<table>
<tr><td>Плюс (қосу)</td><td>Сіз үшін пайдалы мәлімет</td></tr>
<tr><td>Минус (Алу)</td><td>Сіз сәтті немесе пайдасыз санаған мәселе</td></tr>
<tr><td>Қызықты</td><td>Сіз болашақта пайдалы және қызықты болды деп санаған ақпарат</td></tr>
</table>
</td><td></td></tr>
<tr><td>Саралау</td><td>Бағалау</td><td>Пәнаралық байланыс</td></tr>
<tr><td>«4 сөйлем» әдісінде оқу мақсатындағы шығарманың тақырыбы мен идеясын</td><td>Бас бармақпен бағалау, өзара бағалау, ауызша кері байланыс жасау.</td><td>География, музыка</td></tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| ашу,«Грфикалық органайзер» шығарманың салыстыра отырып қорытынды жасауға дағдыландыру. | | |

## АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ «КҮЛДІР- КҮЛДІР КІСІНЕТІП» ТОЛҒАУЫ

**Муканова А.К.,**
*«Қаратөбе мектеп-гимназиясы» КММ*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің жоғарғы санатты мұғалімі*

| | |
|---|---|
| **Бөлім: Дананың сөзі - ақылдың көзі** | |
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты** | 8.Т/Ж2.Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу. |
| **Тақырыбы** | **Ақтамберді жырау «Күлдір- күлдір кісінетіп» толғауы** |
| **Сабақ мақсаты** | **Оқушылар**:<br>Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашып түсіндіреді. |
| **Бағалау критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)** | Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан түсіндіре алады.<br>Толғаудың идеясы мен ерекшелігін түсінеді;<br>Ауызша шығармада көтерілген мәселе мен жырау жайлы ойларын айтады;<br>Өз көзқарастарын жазылым жұмысында жеткізе алады |
| **Тілдік мақсаттар** | ***Пәндік лексика мен терминология:*** жырау, толғау, күлдір-күлдір кісінеген күрең, кеңес құру, қол бастау, т.б.<br>***Диалог пен жазылымға арналған тілдік қолданыстар:***<br>*Менің ойымша...*<br>*Менің байқауымша...*<br>*Шығармада көтерілген мәселе жайында былай ойлаймын...*<br>*Жырау көзқарасы мына жолдардан анық байқалады:*<br>*Ойымды қорытындылай келе:* |
| **Құндылықтарды дарыту** | «Зайырлы қоғам, жоғары руханият» |
| **Пәнаралық байланыстар** | Ақтамберді жырау толғауларының идеясы мен маңызын анықтағанда тарих пәнімен байланыс болады |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Әлеуметтік желілерден ақпарат іздеу, саралау, қолдану. |
| **Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім** | Алдыңғы сабақта оқушылар Ахмет Йассауидің «Даналық кітабы» бойынша шығарма идесы мен мазмұны, ондағы көтерілген мәселе туралы, көркемдік ерекшелігі туралы түсінік алып, тапсырмалар орындады. Бұл сабақта оқушыларға түрлі тәсілдер арқылы алдыңғы сабақта қалыптасқан дағды мен білімдерін жетілдіруге жағдай туғызылады. |
| **Сабақ барысы** | |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Жоспар бойынша орындалуы тиіс іс-әрекеттер** | **Дереккөз дер** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы 10 минут** | **1.Миға шабуыл**<br>Сабақтың басында оқушыларға Ақтамберді жыраудың «Күлдір- күлдір кісінетіп» толғауы бойынша бейнебаян (Youtube 03.06.10 Kazak Aktamberdi tolgauy**)** тыңдатылады. | Youtube 03.06.10 Kazak Aktamber |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>Бейнебянды көріп отырған кезде жұппен «Сұрақтар көшкіні» кестесі бойынша нақты аргументтерді жазып алып отырады.
<table>
<tr><td>1.Кім? Не?</td><td></td></tr>
<tr><td>2.Не жайлы айтылады?</td><td></td></tr>
<tr><td>3.Ерекше/ең ерекше...</td><td></td></tr>
</table>
Бейнебаянды көріп болғаннан кейін «Сұрақтар көшкіні» кестесіндегі аргументтерді жинақтап,топпен талдау жұмысын жүргізеді. Талдау аяқталған соң мұғалім сабақтың тақырыбы мен мақсатын сынып оқушыларымен бірлесе отырып анықтайды. Сабақ барысында мақсатты нәтижеге жету үшін тапсырмалар бойынша бағалау критерийін жасайды.
<table>
<tr><th>Бағалау критерийі</th><th>Дескриптор</th></tr>
<tr><td>Әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан түсіндіре алады.</td><td>1.толғаудың идеясы мен пафосын анықтайды;<br>2. ұлттық мүддемен байланыстырады;<br>3. заман сипатын бағалайды;<br>4. жырау стилімен айтады.</td></tr>
</table>
</td>
<td>di tolgauy</td>
</tr>
<tr>
<td>Сабақтың ортасы<br>27 минут</td>
<td>2.Қызығушылығын ояту<br>
1-тапсырма «Жанды суреттер»<br>
Оқушылар үш топқа бөлінеді. Сынып қабырғаларына суреттер ілінеді. Оқушылар «Жанды суреттер» әдісі бойынша саяхатқа шығады.Суреттерді шығармамен байланыстыра салыстырып, толғаудың идеясы мен пафосын анықтайды.<br>
<br>
3. Мағынаны тану<br>
2-тапсырма «Керемет пікірталас»<br>
Сынып оқушыларына «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауының нұсқасы таратылады, оқушылар нұсқаны оқып шығады. Толғауды оқып болған соң «Керемет пікірталас» әдісі арқылы бірінші жұппен «Күлдір-күлдір кісінетіп» толғауының мазмұны бойынша бір-біріне сұрақ қойып, пікір алмасады. Содан кейін бірнеше шағын топтарға бірігеді. Әр топтан бір өкіл шығады. Әрқайсысы үстелдің үстіндегі бір қиманы таңдап алады. Топ мүшелерімен қима қағазда жазылған:«Күлдір-күлдір кісінетіп күреңді мінер ме екенбіз!?», «Күдеріден бау тағып, Қамқапты киер ме екеміз?!», «Төменде бидің кеңесін, Біз де бір құрар ма екеміз?!» жолдарының мағынасын ашып, «Толғаудағы көрініс тапқан ұлттық мүдде қандай?» деген сұраққа сыныппен жауап береді.<br>
<u>ҚБ:</u> бір-бірін «Бағдаршам» арқылы бағалайды.<br>
3-тапсырма. Оқушылар « Төрт сөйлем» әдісі арқылы ойларын жеткізіп айтады.<br>
Пікір. Ақтамберді жырау толғауларында қазақ жеріндегі заман бейнесін көрсете алған.<br>
Дәлел. ..................................................................<br>
Мысал. .................................................................<br>
Қорытынды. ..............................................................<br>
<u>ҚБ:</u> «Шапалақ»<br>
4. Бекіту<br>
4-тапсырма «<u>https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/9-synyp/lesson/aqtamberdi-zhyrau-kuldir-kuldir-kisinetip-tolhauy</u>»<br>
Білімленд сайтына кіріп «Күлдір – күлдір кісінетіп» толғауы</td>
<td><u>https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adebieti/9-synyp/lesson/aqtamberdi-zhyrau-kuldir-kuldir-kisinetip-tolhauy</u><br>
</td>
</tr>
</table>

| | | |
|---|---|---|
| | бойынша өз біліміңді тексер.<br>***Қабілеті жоғары оқушылар топ спикері болып сайланады, мұғалім спикерді өз тобындағы қабілеті орташа оқушыларға көмектесуге бағыттайды.***<br>***ҚБ «Гүл дестесі» әдісімен бағалаймын. Сұраққа жауап берулеріне қарай гүл дестелерін беремін***<br>**5.Салыстыру «Автор орындығы» әдісі**<br>Ақтамберді толғауының маңызын түсіндір.<br>Мен үшін маңызы ..................................................................<br>Жастар үшін маңызы ..................................................................<br>Адамзат үшін маңызы ..................................................................<br>**Қабілеті жоғары оқушылар жырау рөліне еніп толғаудың маңызын салыстырып айтады.**<br>**6.Бағалау**<br>**5- тапсырма «Сөйлемді толықтыру» әдісі**<br>Оқушылар топқа бөлінеді. Әр топқа шығарма үзінділері таратылады. Әр топтан бір спикер шығып, үзінді бойынша **«Сөйлемді толықтыру» әдісі** арқылы өз ойын айта бастайды. Топ спикері ойын аяқтағанда екінші топтың спикері оған қарсы сұрақтар қояды. Топ мүшелері рөлмен ауыса алады. Сұрақтар төмендегідей үлгіде болады.<br>• Неге....<br>• Мұны қайдан білесіз....<br>• … үшін сізде қандай дәлел бар.<br>• Сіз неге олай ойлайсыз…<br>• Сіз келісесіз бе…<br>• Түсіндіре аласыз ба…<br>• … үшін не істеу керек?<br>Топ мүшелері спикерлерді сабақтың басында өздері бірлесе жасаған бағалау критерийіне сай бағалайды.<br>Мұғалім қабілеті орташа оқушыларды спикер болуға бағыттайды. Қабілеті жоғары оқушылар олардың жауаптарына толықтыру енгізіп, кері байланыс беріп қорытынды жасайды. | <br> |
| **Сабақтың соңы**<br>**3 минут** | Оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне кері оралымын.<br>**Кері байланыс:** «Рефлесия пирамидасы» арқылы қорытады.<br><br><br>Мұғалім оқушы жауаптарына кері байланыс береді.<br>**Үйге тапсырма**: Шығармада айтылған болашақ заман туралы өз ойларыңды тұжырымдау. | |

## «ҚЫЗ ЖІБЕК» ЖЫРЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ, ТҰРМЫС-САЛТ КӨРІНІСІ


**Ескожина С. С.,**
*Қаратөбе мектеп-гимназиясының*
*І санатты қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*
*(Қаратөбе ауданы)*


| | |
|---|---|
| Сыныбы: | 9сынып, уақыты: |
| Сабақтың тақырыбы: | **«Қыз Жібек» жырындағы ұлттық мәдениет, тұрмыс-салт көрінісі** |

| | |
|---|---|
| Мақсаты : | Жырдың тақырыбын, идеясын анықтай отырып, басты кейіпкерлер Төлеген мен Жібек , Бекежан бейнесі арқылы салт-дәстүр, ұлттық мәдениеттің маңызын, мәнін ашу, бүгінгі күнмен салыстырып баға беру, оқушылардың жан-жақты қабілеттерін ашуға баулу |
| Сабақтың түрі: | Түрлендірілген сабақ |
| Күтілетін нәтижелер: | Шығарманың тақырыбы мен идеясын шығарады.<br>Шығарманың тілінің құрылымдық-мазмұндық ерекшелігіне талдайды.<br>Жыр идеясы арқылы қазақ халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрінің мән-маңызына ұғынады, талдау жасайды , салыстырады |
| Керекті жабдықтар: | Оқулық, хрестоматия, маркер, ресурс парақтары,  АКТ мүмкіндіктері. |

**Сабақ барысы:**

| **Сабақ кезеңдері:** | Мұғалім әрекеті | Оқушы әрекеті |
|---|---|---|
| **Кіріспе 5 минут** | 1. Тұлға аралық байланысты орнату.<br>2.Сыныппен амандасу. | -мұғаліммен сәлемдесу;<br>- кезекшілік қызметін атқару;<br>- сабаққа зер салу. |
| **Тұсаукесер**<br>**7 минут** | Шашу шашып, конфетке оралған сұрақтарды оқушыларға қою.<br><br>**1.«Қыз Жібек» жыры халық ауыз әдебиетінің қай түріне жатады?Неліктен?**<br><br>**2.Жырдың идеясы не?**<br><br>**3. «Қыз Жібек» киносы қашан түсірілді. Басты кейіпкерлері кімдер?**<br>Фильм «Кыз¬-Жибек»<br>Шыққан жылы – 1970ж.<br>Автор сценария – Габит Мусрепов.<br>Режиссер – Султан¬-Ахмет Ходжаевич Ходжиков<br>Композитор – Нургиса Тлендиев<br>Художник-¬постановщик – Гульфайрус Исмаилова<br>Басты ролдерде: Асанали Ашимов, Меруерт Утекешева, Куман Тастанбеков<br>Киностудияда әлі күнге дейін басы кейіпкерлердің костюмдері мен аппаратуралары сақталған<br>**4.Жырда қандай әдет-ғұрыптар кездеседі?**<br>(Бата, көш, қыз қылығы, теріс бата, жеңгелік, қалыңдық ойнау,түс көру, түс жору, қоштасу, әмеңгерлік, жүзін жасыру)<br>Айгүл Елшібаева «Қыз Жібек» жырынан үзінді тыңдату | Үй тапырмасына сұрақ жауап береді. |
| **Негізгі бөлім**<br>**20 минут** | **ІІ. Жұптық жұмыс**<br>**1-жұп**<br>• Жырда кездескен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді «Екі жақты күнделік" әдісі арқылы анықтау<br>Бата беру \| •<br>Теріс бата \| • | Оқушылар жұптарымен бірігіп, берілген тапсырмалар бойынша жұптық жұмыс орындайды. |

<table>
<tr>
<td></td>
<td>
<table>
<tr><td>Жеңгелік</td><td>•</td></tr>
<tr><td>Қалыңдық ойнау</td><td>•</td></tr>
<tr><td>Ұрын келу</td><td>•</td></tr>
<tr><td>Түс көру</td><td>•</td></tr>
<tr><td>Түс жору</td><td>•</td></tr>
<tr><td>Қоштасу</td><td>•</td></tr>
<tr><td>Әмеңгерлік</td><td>•</td></tr>
<tr><td>Жүзін жасыру</td><td>•</td></tr>
</table>
<br>
2-жұп<br>
• Жырда кездескен салт-дәстүрге байланысты сурет салу және жырдың қай тұсында келеді, бұл салт-дәстүрдің мәні қандай?<br>
3-жұп<br>
• Жырда кездесетін салт-дәстүрден көрініс көрсету<br>
4-жұп<br>
• Кино кейіпкерлерінің бейнесін дыбыспен әрлеу, дубляждау<br>
5-жұп<br>
• Жырдағы Төлеген мен Жібек образына өлең шығару<br>
6-жұп<br>
• Қыз Жібек жырынан үзіндіні әнмен айт
</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Қорытынды<br>8 минут</td>
<td>
РАФТ жазу «Теңіздейін тебіреніп, менде ақынша толғанам»<br>
Кейіпкерлерге немесе оқушыларға әр түрлі формада жеке жазба жұмысы<br>
2.Бағалау.<br>
Үй тапсырмасы<br>
• Міндетті деңгейлі тапсырма.<br>
Жырдан Төлегеннің алты қазбен қоштасатын тұсын жаттау<br>
<br>
• Мүмкіндік деңгейлі тапсырма.<br>
«Жырдағы ұлттық мәдениет, салт-дәстүр көрінісі-тәрбие бастауы» эссе жазу
</td>
<td>
Оқушылар білімдерін пайдалану арқылы өз бетімен шығармашылықпен жұмыстанады.<br>
- Шығармашылық жұмыс бойынша бағалау критерийлері:<br>
<br>
-Сөйлем құрылымының толық болуы<br>
-Жыр мазмұнынан дәлелдер келтіруі<br>
-Жазба жұмысының құрылымын сақтауы (хат, өтініш т.б)<br>
-Көркем бейнелі сөздерді қолдануы
</td>
</tr>
</table>

## «АСАН ҚАЙҒЫНЫҢ ЖЕРГЕ АЙТҚАН СЫНЫ» АҢЫЗЫ. АСАН АТАҒА ХАТ

**Утегалиева М.С.,**
*Қаратөбе мектеп-гимназиясы*

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлімі:**<br>**Таза, мінсіз асыл сөз** | Мектеп:<br>Қаратөбе мектеп-гимназиясы | |
| **Күні:** | Мұғалімнің аты-жөні: Утегалиева Мираш Спортовна | |
| **Сынып: 5** | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |
| **Сабақтыңтақырыбы:** | «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы.<br>Асан атаға хат | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары: (оқу бағдарламасына сілтеме)** | 5.2.4.1.(А/И) Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу<br>5.3.2. 1.(Б/С)Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау | |
| **Сабақ мақсаттары** | Барлық оқушылар орындай алады:<br>Аңыз бойынша сұрақ құрастыра алады.<br>Шығармадағы автор бейнесін анықтайды,әр бейнеге аңыз мазмұнынан дәлел келтіреді. | |
| | Оқушылардың көпшілігі орындай алады:Аңыз бен мен шынайы өмір арасындағы байланыстарды тауып,шығарма кейіпкерін шынайы өмірмен салыстырады. Аңыз тақырыбына және оның маңызына қатысты бірнеше бөлігін белгілейді. | |
| | Кейбір оқушылар орындай алады:<br>Аңыз бойынша нақты немесе абстрактілі сурет салады.<br>Асан қайғы болып, аңыздағы бір жерді және өз туған жерін суреттеп жазады. | |
| **Бағалау критерийі** | Көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу<br>Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау | |
| **Тілдікмақсат** | Талқылауға арналған сұрақтар:<br>Асан қайғы шынайы өмірдегі осы ақпаратқа қандай пікір айтар еді?<br>Көріпкел абыз XXI ғасырда өмір сүрсе, өзі баға берген жерлеріне қандай сын айтар еді?<br>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:<br>Топырағы асыл<br>Шұрайлы<br>Құмы құт<br>Жері жусан | |
| **Ойлау дағдыларының деңгейлері** | Жоғары деңгей дағдылары | |
| **Құндылықтарға баулу** | Еңбек пен шығармашылық; | |
| **Пәнаралық байланыс** | география | |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | *Асан қайғының жерге айтқан сыны туралы оқушылар біледі,аңыз мазмұнымен танысады, авторға хат жаза алады* | |
| Сабақтың барысы: | | |

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | Жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**5 мин** | Ұйымдастыру<br>«Есесіне мен» психологиялық тренингі өткізіледі. | |
| **Сабақтың ортасы**<br>**2 мин**<br><br>**10 мин**<br><br>**7 мин**<br><br>**10 мин** | Ой қозғау<br>(Асан есіміне «қайғы» сөзінің тіркесіп келу себебін түсіндір.)<br>Асан қайғы<br>**1-тапсырма.**<br>1.«Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы бойынша жуан және жіңішке сұрақ құрастырады. Жұптары сұрақтың сауабын орындайды.<br>Орындап болған соң, бір-біріне пікір айтады.<br>• Жарайсың!<br>• Мен сенің жұмысыңа ризамын.<br>• Сен жақсырақ жұмыс істей алар едің<br>**2-тапсырма**<br>Сілтеме арқылы бейнематериалды тамашалап, төмендегі тапсырмалар бойынша жұмыс жүргізеді.<br>1.Асан Қайғы шынайы өмірдегі Арал теңізі туралы осы ақпаратқа қандай пікір айтар еді? Болжам негізінде өзіндік баға бер.<br><br><br>Дескриптор<br>- кейіпкердің ақпаратқа қатысты пікіріне болжам жасайды;<br>- жасалған болжам негізінде өзіндік баға береді.<br>- Асан қайғының сын айтқан бір жеріне таңдау жасап, сын жазады;<br>- XXI ғасырдағы Асан қайғының рөліне енеді;<br>**3-тапсырма**: Асан қайғыға туған жерін таныстырып хат жазады.Қаратөбе ауданы туралы мәліметпен таныстырылады.<br>***Қаратөбе ауданы туралы мәлімет***<br>• Батыс Қазақстан облысының оңтүстік-шығысында орналасқан аудан. Аудан солтүстігінде облыстың Шыңғырлау, батысында Сырым, Ақжайық аудандарымен шектессе, оңтүстік-шығысында Атырау облысының Қызылқоға, шығысында Ақтөбе облысының Ойыл, Қобда аудандарымен ортақ шекарасы бар.<br>• Аудан аумағы Каспий маңы ойпатының солтүстік-шығыс жағында орналасқан, оның негізін Нарынқұм-Аққұм шағылдары құрайды. Орталық және оңтүстік бөлігі жалпы тегістік жерлер, солтүстік те тегіс, бірақ жекелеген ойпатты жерлер кездеседі.<br>• Аудан аумағында Қалдығайты өзені ағып жатыр (жалпы ұзындығы 242 км, аудан шегінде – 130 км). Көлдердің жалпы ауданы 36,5 шаршы км құрайды, содан тұщы көлдер – 6,8 км.<br>• Жері қара топырақты, ашық, сортаң топырақты. Аудан аумағы өсімдік жамылғысына қарай құмды-далалық аймаққа жатады. Солтүстік-шығыс бөлігінде әртүрлі-дәнді шөптер өседі, батыс бөлігінде – бидайық-дәнді шөптер өседі.<br>• Аудан орталығы Қаратөбе кентінде орналасқан, Аудан орталығынан Орал қаласына дейінгі қашықтық – 260 км.<br>• Ауданда 9 ауылдық округ, 22 елді мекен бар. | Слайд, видеоролик<br><br><br>Слайд, энциклопедия |

| | | |
|---|---|---|
| | <br>Дескриптор<br>• Хат құрылымын сақтайды<br>• Тақырыпты ашады<br>• Көркемдегіш құралдарды орынды қолданады<br>• Мақал-мәтелдер пайдаланады.<br>Оқушыларға пайдалануға мақал-мәтелдер көрсетіліп тұрады<br>• (Туған жердің ауасы да шипа, Туған жердің жуасы да тәтті.<br>Туған жердің жусаны жұпар<br>• Әркімнің өз жері — жұмақ.<br>• Туған жер – тұғырың, Туған ел – қыдырың.<br>Туған жерге туың тік. | |
| **Сабақтың соңы**<br>**5 мин** | Кері байланыс<br>*«Үш М және Ә»*<br>*Оқушылар сабақ барысында жақсы орындаған үш мәселені атап, сабақта олардың жұмысын жақсартатын бір әрекетке ұсыныс жасау ұсынылады.* | |

## «КЕРҚҰЛА АТТЫ КЕНДЕБАЙ» ЕРТЕГІСІ

**Кубесова Ж.Қ.,**
*«Төлен негізгі орта мектебі» КММ*

| | |
|---|---|
| Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: | ”Таза, мінсіз асыл сөз” |
| Мектеп: | «Төлен негізгі орта мектебі» КММ |
| Күні: | Мұғалімнің аты-жөні: Кубесова Жанар Қалқымжайқызы |
| Сынып: | 5- сынып |
| Қатысқандар: | Қатыспағандар: |
| Сабақтың тақырыбы | «Керқұла атты Кендебай» ертегісі 2-сабақ |
| **Оқумақсаттары** | Т/Ж: 5.3.1- Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті аркылы образын ашу. |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлыкокушылар:**ертегі мазмұны арқылы кейіпкерлер бейнесін, іс –әрекетін анықтайды. |
| | **Көпшілігі:** ертегідегі кейіпкерлердің іс –әрекеті арқылы образдарына талдау жасайды. |
| | **Кейбірі:** кейіпкерлердің іс-әрекетіне баға беріп, тұжырым жасайды. |
| **Бағалау критерийлері:** | Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті аркылы образын ашады. |
| **Ойлау деңгейі** | Қолдану, талдау. |
| **Тілдік мақсаттар** | талдайды, өз ойын жазады, пікірін білдіреді |

| Құндылықтарға баулу | Қарапайымдылық, кішіпейілділік. |
|---|---|
| Пәнаралық байланыс | Өзін –өзі тану |
| Тақырып бойынша алдыңғы білім | Ертегісінің мазмұнын, тақырыбын, идеясын, кейіпкерлер бейнесін |

**Сабақ жоспары:**

| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы** 3минут | **Шаттық шеңбері «Жылы жүрек»**<br>Шарты: оқушылар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.<br>Ертегідегі кейіпкерлер бойынша 4 топқа бөлінеді. (Кендебай, Мергенбай батыр, қойшы бала, Хан)<br>**ТЖ.**Төрт топқа төрт тақырып беріледі.<br>«Ер қанаты - ат», «Қойшы баланың мұңы», «Алтын құйрықты құлын» «Ертегінің мұраты»<br>тақырыптары бойынша өз ойларын білдіреді.<br>**Қ.Б. Мұғалімнің мадақтау сөздері - Жарайсыңдар! Өте жақсы! Тамаша орындадыңыздар!** | Әдіс-тәсілдер қоймасы |
| **5 минут Сабақтың ортасы**<br><br>12 минут | 1- тапсырма. **«Мінездеме кестесі» әдісі**<br>**ЖЖ. Негізгі тапсырма:**Ертегідегі кейіпкер портретін жаз.Кейіпкердің ең маңызды 3 әрекеті мен сипаттауларын анықта.<br>Кейіпкер образына қатысты өз пікіріңді 1 сөйлеммен келтір. | Оқулық |

| Кейіпкер | Ертегідегі портрет | **Кейіпкердің ең маңызды 3 әрекеті** |
|---|---|---|
| Кендебай | Торсық шеке, аппақ ұл .... | 1. Аң аулап, кедейлерді қарық қылыпты.<br>2.<br>3. |

*2-оқушы*

| Кейіпкер | Ертегідегі портрет | Кейіпкердің ең маңызды 3 әрекеті |
|---|---|---|
| Керқұла ат | | 1<br>2.<br>3. |

**Қосымша тапсырма: «Екі жақты күнделік» әдісі**
Ертегідегі кейіпкердің портреті мен іс –әрекеті арқылы образын төмендегі кесте бойынша суреттеп сипаттаңыз.

| **Кендебай туралы халық ойы** | **Менің ойым (суреттеп сипаттау)** |
|---|---|
| | |

Орта мерзімді жоспар

**Дескриптор**
- портретін анықтайды
- кейіпкердің ең маңызды 3 әрекетін анықтайды;
- портрет пен маңызды әрекеттер негізінде кейіпкер --образына қатысты өз пікірін 1 сөйлеммен жеткізеді,
- кейіпкердің образын суреттеп сипаттайды.

**ҚБ.Екі жұлдыз, бір тілек.**

**2-тапсырма**

**ТЖ. «Суретті әңгімеле» әдісі**

Ғалам

| | | |
|---|---|---|
| 7 минут<br><br>5 минут<br><br>5 минут | (Әр топқа ертегідегі бір кейіпкерді бейнелейтін сурет беріледі).<br><br>Суреттегі кейіпкердің іс –әрекеті қандай оқиғамен байланысты екенін әңгімелеңдер,сол кейіпкердің портретін сипаттап айтып беріңдер.<br>Критерий:<br>- Суреттегі кейіпкердің іс –әрекетін оқиғаға байланысты әңгімелейді.<br>- Кейіпкер портретін сипаттай алады.<br><br>**Қалыптастырушы бағалау«Бағдаршам» әдісі.**<br><br><br>**3-тапсырма**<br>**Ж.**«Кендебай» деген сөзге байланысты «Бес жолды өлең» жазыңдар.<br>• Зат есім<br>2. Сын есім<br>3. Етістік.<br>4. Сөйлем<br>5. Синоним<br><br>**ҚБ.**  **«Қол шапалақтау»**<br><br>Түйін<br>“Сұрақты қағып ал “әдісі<br><br>1. Портрет және образ дегеніміз не?<br>2.Сонымен,әңгімедегі кейіпкердің іс-әрекеттерінен нені байқадыңыз?<br>Қай кейіпкердің іс-әрекеті ұнады? | тор<br><br>Қалыптастырушы бағалау тапсырмалары |
| **Сабақтың соңы**<br>3минут | **Кері байланыс**<br>«Шығу билеті» әдісі<br>Сен бүгін сабақтан нені үйрендің?<br>Сен үшін маңызды болған не?<br>Сен бүгінгі сабақ барысы бойынша нені тағы білгің келеді | |

## ҮЙІРІН ТАПҚАН КӨКСЕРЕК

**Жумагалиева М.К.,**
Қуағаш НМ

| | | |
|---|---|---|
| Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі:Балалар мен үлкендер | Мектеп: Қуағаш НМ | |
| Күні: 29.01.18 ж. | Мұғалімнің аты – жөні: М.К. Жумагалиева | |
| Сынып: 7 Т1 | Қатысқан оқушылар саны: 10 | Қатыспағандар:0 |
| Сабақтың тақырыбы: | Үйірін тапқан Көксерек | |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаты | Т/Ж2.Әдеби шығарманың тұжырымдамасы<br>7.Т/Ж2.Әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау. | |

| | |
|---|---|
| Сабақтың Мақсаттары | «Көксерек» шығармасындағы кейіпкерлерді сөйлете отырып, тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау |
| Жетістік критерийі | • Шығарма мазмұнын толық түсінеді;<br>• Шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдайды;<br>• Сұрақтарды жүйелі құрастыра алады; талқылауға белсенді қатысады; |
| Пәнаралық байланыс | АКТ, өзін-өзі тану |
| АКТ –ны қолдану дағдылары | Таныстырылым |
| Құндылықтарды игерту | «Мәңгілік ел» құндылығы:<br>Тіл және мәдениет<br>НЗМ құндылықтары:<br>• Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет;<br>• Ынтымақтастық;<br>• Жауапкершілік;<br>• Отбасы мүшелеріне, құндылықтарға деген құрмет |
| Алдынғы білім | Бұл бөлімде оқушылар II тоқсанда меңгерген тілдік дағдыларын одан әрі дамытады. Сабақ оқушылардың ғаламтор, әлеуметтік желі туралы ақпараттармен өрбиді |
| Тілдік Міндеттер | Адам, табиғат, мінез, достық, тағдыр, өмір, итаяқ |
| Алдынғы білім | Көркем шығармаға сыни шолу жасау |

Жоспар

| Сабақ кезеңдері | Жоспарланған іс - әрекеттер | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>5 мин<br><br>Сабақтың ортасы / сабақтың негізгі бөлімі<br><br>10 минут | МК. Ширату Балалар шеңберге дөңгеленіп тұрады *ҚБ: Мұғалімнің «Жарайсыңдар!», «Тамаша!»*<br>Бүгінгі сабағымыздың мақсаты: Әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау.<br>Алдыңғы сабақта өткенді қайталау:<br>• Шығарманың жанры:<br>• Тақырыбы:<br>• Идеясы:<br>• Шығарманың жазылуына не себеп болды?<br><br>Дескрипторлары:<br>• Шығарма мазмұнын толық түсінеді;<br>• Әдеби шығарманың жанрын анықтайды;<br><br>1-тапсырма.<br>• «Коллаж әңгіме»<br>Түрлі-түсті суреттері бар журналдардан әртүрлі суреттерді қиып алып, флипчартқа жабыстырып, тақырыпқа қатысты әңгіме құрастырыңыздар.<br>• Шығарманың жаңашылдығы неде деген сұраққа жауап беріңіздер.<br>Күшік асырап, ит еттім,<br>Ол балтырымды қанатты. |  |

| | | |
|---|---|---|
| 20 минут | Біреуге мылтық үйреттім,<br>Ол мерген болды, мені атты. (Абай).<br>Дескрипторлары:<br>• Тақырыпқа қатысты әңгіме құрастыра алады;<br>• Шығарманың жаңашылдығы неде екенін анықтай алады.<br>2-тапсырма. «Ыстық орындық» әдісі<br>Сынып оқушыларын 4 топқа бөлеміз.Әр топтан бір оқушы «Ыстық орындыққа», шығарма авторы, басты кейіпкер, Құрмаш пен әжесі, шақырылады. Қалған оқушылар қоятын сұрақтарын талдап алады (әр кейіпкерге әр топтан бір-бір сұрақтан. Сонда 4 кейіпкерге 4 сұрақ дайындайды).<br>Үлгі сұрақтар<br>1.Авторға: «Шығарма атауының сырын түсіндірсеңіз»<br>2.Құрмашқа: «Сіз ауыл адамдары мен әжеңіздің ескертпесіне неге құлақ аспадыңыз?»<br>3. Көксерекке: «Сіз неге Құрмашты өлтірдіңіз?»<br>*ҚБ Ішкі уәж «Жарайсың!» деп әркім өздерінің арқасынан қағып өзін-өзі бағалайды.*<br>Дескрипторлары:<br>• Берілген тақырып шеңберінде жеке көзқарастарын білдіре алады;<br>• Сұрақтарды жүйелі құрастыра алады; талқылауға белсенді қатысады.<br>«Дөңгелек үстел» стратегиясы<br>1. Жазушының бұл әңгімені жазуына не себеп болды?<br>2. Адамдардың бөлтірікке жасаған іс - әрекеттеріне қалай қарайсыздар?<br>3. Әңгіменің идеясы не?<br>4. Көксерек Құрмашпен неге тез тіл табысты?<br>5. Көксеректі жауыздыққа баулыған не?<br><br>ҚБ: «Сәнді жұлдыздар»<br> | «Ыстық орындық»орындық әдісі, сұрақтар, орындық<br><br>«Дөңгелек үстел» стратегиясы бойынша берілген сұрақтар бойынша білетіндерін топ болып қорытып жазады. топтан бір оқушы қорғайды.<br> |
| Сабақтың соңы<br>5 мин | «Рефлексиялық шеңбері»<br>Оқушылар шеңберге тұрып, төмендегі сұрақтарға жауап береді.<br>• Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен?<br>• Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды?<br>• Сабаққа катысуыңызды қалай бағалайсыз?<br>• Сабақта қандай қиындықтар туындады?<br>• Сабақ аяқталғанда көңіл-күйіңіз қандай? Неліктен? | «Рефлексиялық шеңбері» |

Қосымша ақпарат

| Саралау – оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |
|---|---|---|
| Саралау іріктелген тапсырмалар, накты бір оқушыдан күтілетін нәтижелер, оқушыға дебес қолдау көрсету, оку материалдары мен ресурстарын | Т. «Ыстық орындық» әдісі<br>ҚБ:Ішкі уәж « Жарайсың!» деп әркім өздерінің арқасынан қағып өзін-өзі бағалайды.<br>Т.«Дөңгелек үстел» әдісі | Сергіту сәтін орындағанда бір-біріне кедергі келтірмеу.<br>Денсаулық сақтау технологиялары. |

| | | |
|---|---|---|
| оқушылардың жеке қабілеттерін есепке ала отырып іріктеу (Гарднердің жиындық зият теориясы) түрінде болуы мүмкін. Саралау уақытты ұтымды пайдалануды есепке ала отырып, сабақтың кез келген кезеңінде қолданыла алады | ҚБ:«Сәнді жұлдыздар»<br>Жақсы- сары жұлдыз<br>Жарадың –қызыл жұлдыз<br>Ақылдым- жасыл жұлдыз | Сергіту сәттері мен белсенді іс-әрекет түрлері.<br>Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтары. |

| | |
|---|---|
| Сабақ бойынша рефлексия<br>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау ұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? | Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізі білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз. |
| | |

| |
|---|
| Жалпы баға<br>Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?<br>1 «Ыстық орындық» әдісі болды. Бұнда оқушылар кейіпкерді қонаққа шақыру арқылы сұрақтарын қойып, талдап алады.<br>2.«Дөңгелек үстел» стратегиясы.Берілген сұрақтар бойынша білетіндерін топ болып қорытып жазады. Оқушылар осы әдіс арқылы сабақтың мақсатына жетеді.<br>Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойлыныңыз)?<br>1.Келесіде сабақта жұптық жұмыс болса, сабақтың одан әрі жақсаруына ықпалын тигізер еді.<br>Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет? |

## ҚОРҚЫТ АТА

**Утеулиева Ә.Т.,**
*Алмаз орта жалпы білім беретін мектеп-балабақшасы*

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақмерзімдіжоспардыңтарауы:**<br>Дананың көзі –ақылдың сөзі | **Мектеп**: Алмаз орта жалпы білім беретін мектеп-балабақшасы | |
| Күні: | **Мұғалімніңаты-жөні**: Утеулиева Әсел Тілегенқызы | |
| **Сынып: 8** | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |

| | |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы** | Қорқыт ата |
| **Осы сабақарқылы Жүзегеасатыноқу Мақсаттары** | 8.1.2. 1 - әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу; |
| **Сабақтыңмақсаттары** | **Барлық оқушылар:**<br>Қорқыт ата кітабында неше жыр бар екенін, ол жырлардың тақырыбы не туралы екенін анықтай алады. |
| | **Оқушылардың басым бөлігі:** Қорқыт ата туралы монолог айта алады алады, мұғалімнің көмегімен ғалымға баға бере алады, шығармаларының мазмұнын салыстыра алады және атап өтеді. |
| | **Кейбір оқушылар:** шығарманың тақырыбы бойынша дәйексөз келтіреді, өз ойын пайымдай отырып, сын айта алады. |
| **Бағалаукритерийлері** | Қорқыт ата тақырыбын жан-жақты зерделей алады;<br>оқиға желісін дамытып жаза алады<br>Эпизодтарды салыстыра талдайды, бейнелерді жинақтап |

| | |
|---|---|
| | баға бере алады. Сыни пікір айтып, редакция жасай алады. |
| **Тілдік мақсат** | Дағдыларды дамыту: жеке, жұпта, топта жұмыс жасау, мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдердің мағынасын түсіну, қойылған сұраққа толық жауап беру, диалог құрастыру, мәтіннен жаңа сөздер мен сөз тіркестерін таба алу, мәтінге қатысты өз ойын айта алу. |
| **Құндылықтарға баулу** | Құрмет, ашықтық, ынтымақтастық,<br>Зайырлы қоғам және жоғарғы руханият,<br>Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы. |
| **Пәнаралықбайланыс** | Музыка,тарих, география |
| **Тақырыпбойыншаалдыңғыбілім** | Қорқыт атаның өмірбаяны |

**Сабақбарысы**

| **Сабақтың жоспарланған Кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>5 мин | **Ширату**<br>**Ширату «Амандасу тренинг» әдісі** Суреттерге байланысты қимыл іс-әрекет жасайды. Смайлик көрсеткенде бір-біріне күлімдей қарайды. Қолдың суреті көрсеткенде қол алысып амандасады. Жүрек бейнеленсе бір-бірін құшақтайды. Күн бейнеленсе ықыласпен тілектерін білдіреді.<br>Суреттерге байланысты үш топқа бөлінеді<br><br>Болжау стратегиясымен тақырып болажанады.<br>• Тақтада не көріптұрсыздар?<br>• Бұлқандайаспап?<br>• Қобызтуралы не білесіңдер?<br>• Бұласпаптыкөргендебізкімдіесімізгеаламыз?<br>• Қобызүнінестідіңіздерме?<br>**Оқу мақсатыжәне бағалау критерийлері хабарланады.** | Смайлик, қол, жүрек, күн бейнеленген суреттер.<br><br><br><br> |
| Сабақтың ортасы<br><br>25 мин | **1 тапсырма**<br>**Әр топоқушылары берілген мәтінді оқып, слайд бойынша әңгімелейді.**<br>Қорқыт ата кім болған?Қай ғасырда өмір сүрген? Шыққан тегі. Интерактивті тақтадан Қорқыт атаның суретін көрсету (1-слайд).<br>• Қорқыт ата VIII ғасырда қазіргі Қызылорда облысының Қармақшы ауданына қарасты Сырдария | Мәтін жазылған үлестірме қағаз; |

| | | |
|---|---|---|
| | өзенінің төменгі жағында, Жанкент қаласында өмір сүрген. Қорқыттың әкесі Қарақожа оғыз тайпасына жататын баят руынан шыққан, анасы – қыпшақ қызы.<br>• Қорқыттың өмірге келуі туралы аңыз. Қорқыт туыларда анасы тоғыз күн бойы қатты қиналады, алай-түлей боран соғады, нөсерлі жауын құяды, айналаны қара түнек басып, күн күркіреп, жұрттың құтын қашырып, зәресін үшырады. Халық жаңа туылған балаға «Қорқыт» деп ат қояды.<br>• «Қорқыт» сөзінің этимологиясы. 1) «Қорқ» сөзі – «ақыл айтушы» деген мағынада қолданылады. 2)*«Қорқыт» сөзі «құт әкелуші адам» деген мағынада қолданылады.*<br>Қорқыт атаға 1980 жылы Қызылорда облысының Жосалы стансасынан 18 шақырым жерде ескерткіш –кешен тұрғызылды.<br>**Дескриптор:**<br>• мәтінді оқиды.<br>• мәтінді түсіндіреді;<br>**ҚБ«Жапондық бағалау» әдісі**<br>Жақсы орындаған оқушыға «Ооо» - деп айтады. Әліде түзету керек болса «Ммм»- деп оқушылар барлығы бағалайды.<br>**Мұғалім мәліметі. Слайд арқылы**<br>Қорқыт ата ҮІІІ – ІХ ғасырларда Сыр бойындағы Жанкент қаласында өмір сүрген. Ол кісінің мазары қармақшы станциясынан 18 шақырымдай жерде тұр. Қорқыт – түркілердің оғыз ұлысынан шыққан асқан сәуегей, бақсы, күйшілік, жыраулық өнердің атасы. Қобыз аспабын алғаш жасап, тартқан адам дейді. Жиырма жасқа жеткенде, түс көріп, түсіндегі ақ киімді кісі: «Қырықтан артық өмір сүрмейсің», - деген соң, нағашылары сыйлаған желмаяға мініп алып, өлмейтін жер іздейді. Қайда барса да алдынан жер қазып жатқан адамдар шығады. «Бұл не?» - деп сұраса, олар: «Бұл Қорқыттың көрі», - деп жауап береді. Жан сақтауға жер қалмаған соң, Сыр суының үстіне кілемін төсеп, аңыратып қобыз тартады. Оның жанын алуға келген ажал күйдің әсерінен неге келгенін ұмытып, тұрып қалады. Қорқыт қалғып кеткен кезде ғана қайрақ жылан болып келіп шығады<br>Қорқыттан жеткен 11 күй бар. |  |




. «Қорқыт ата кітабы» - бүкіл Орта Азиядағы түркі тілдес халықтарға мұра. Кітаптың екі нұсқасы сақталған. 12 жырдан тұратын нұсқасы Германияда Дрезден қаласында, 6 жырдан тұратын екінші нұсқасы Италияда, Ватикандағы Аристолика кітапханасынла сақталған.




**«Фасоль қапшығы». С**
Оқушыларға бұршақ салынған қапшық лақтырылады.Әр оқушы мұғалім айтқан мәлімет бойынша сұрақ құрап, бір-біріне қояды.
**Дескриптор**:

- Тыңдалған мәтіннің мазмұнын түсінеді;
- Тыңдалған мәтін бойынша сұрақтарға жауап береді;

**ҚБ «Тосын сый» әдісі.**
**Жұптық жұмыс**

Қорқыт атаның нақыл сөздерінің қазіргі мақал-мәтелдермен ұқсастықтарын табу.

| № | **Қорқыт атаның нақыл сөздері** | **Қазіргі қазақ мақал-мәтелдері** |
|---|---|---|
| 1 | Қыз анадан көрмейінше, өнеге алмас, Ұл атадан көрмейінше, сапар шекпес. | Әке көрген оқ жона Шеше көрген тон пішер |
| 2 | Баба атын шығармаған жігерсіз ұл баба белін бүгілткенше, бүгілтпегені игі. | Жақсы бала әкесінің есіктегі басын төрге сүйрер, Жман бала әкесінің төрдегі басын есікке сүйрер. |
| 3 | Жат баланы қанша сақтасаң да ол ұл болмас, ол ішіп-жер, киер де кетер, бірақ көрдім демес. | Кісі баласы кісендесең де тұрмайды. Ер – туған жеріне, Ит – тойған жеріне |
| 4 | Жалған сөз бұл дүниеде болғанша, болмағаны игі. | Өтірікшінің шын сө де зая. |
| 5 | Ажал жетпей өлмек жоқ. | Ажал жетпей жан шықпас. |
| 6 | Бас аман болса, бөрік табылады. | Бас аманның малы түгел. |

**ҚБ «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі** арқылы топтан оқушылар пікірін білдіреді

***Жеке жұмыс***




Сабақтың соңы

10 мин

**«Құпия хат» әр түрлі фигуралар тізбегі оқушыларға таратылады.**

- Сабақта қандай бөлімді қарастырдық?
- Оқу мақсатына жету үшін біз қандай іс – әрекеттер жасадық?
- Жұптық жұмыс түрінен алған әсеріңізбен бөлісесіз?
- Сөздік қорын қандай жаңа сөздермен толықтырдық?
- Жеке жұмыс қаншылықты қиын болды?

Сұрақтар:
1. Қорқыт ата кім?



| | | |
|---|---|---|
| | 2. Ол қай жерде туған?<br>3. Әкесінің аты кім?<br>4. Шешесінің аты кім?<br>5. Қорқыт қанша өмір сүреді?<br>6. Ол қандай өмір іздейді?<br>7. Қорқыт қандай аспап жасайды?<br>8. Қобызды неден жасайды?<br>9. Қорқытты не шағып алады?<br>10. Оның қандай күйлері бар?<br>11. Қандай аңыз өлеңдері бар?<br>**Оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне кері ораламын.**<br>**Кері байланыс**<br>**«Рефлексия пирамидасы»**<br>1-Есте сақтау керек **бір** маңызды мәлімет<br>2-Менің білгім келген **екі**мәлімет<br>3- Мен білген **үш** мәлімет<br>4-Мен үйренген **төрт** мәлімет |  |

## ДЖЕК ЛОНДОН «МЕКСИКА ҰЛЫ» ӘҢГІМЕСІ. КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІ

**Мухатова А.К.,**
*А.Тихоненко атындары орта жалпы білім беретін мектебі*

| | | | |
|---|---|---|---|
| Сабақ: | | Мектеп: «А.Тихоненко атындары орта жалпы білім беретін мектебі» КММ | |
| Күні: | | Мұғалімнің аты-жөні: ***Мухатова Ардақ Кожантаевна*** | |
| Пәні: қазақ әдебиеті<br>Сыныбы: 5 | Қатысқан оқушылар саны: | | Қатыспағаны: |
| Сабақтың тақырыбы: | | **Джек Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі. Кейіпкерлер бейнесі** | |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) | | 5.1.3.1. Көркем шығармадағы кейіпкер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу;<br>5.2.3.1 Шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу**,** эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау | |
| **Сабақ мақсаттары:** | | **Бәрі:** Әдеби шығармадан көркемдегіш құралдарды тауып, кейіпкерлердің бейнесін аша алады;<br>**Көпшілігі:** Әңгімедегі кейіпкерлердің ерекшеліктерін көрсететін үзіндідегі бейнелеу құралдарының маңызын ашады;<br>**Кейбірі:** Үзіндідегі кейіпкерлердің сыртқы портретімен қатар, мінез-құлқын, көңіл күйін, дүниеге көзқарасын талқылайды, өзіндік тұжырым жасайды. | |
| **Бағалау критерийлері:** | | -Көркем шығармадағы кейіпкерлер образын аша алады;<br>-Шығармадағы тілдік бейнелеу құралдарының мағынасын анықтайды. | |
| **Тілдік мақсаттар:** | | -Бейнелеу, суреттеу құралдарын пайдалана алады:<br>-Өз ойларын жеткізе алады, сұраққа жауап бере алады.<br>Әңгімеге қатысты терминдер: ринг, бокс, нокаут, репортер, гонг,секундант, төреші, раунд | |
| **Құндылықтарды дарыту** | | -Елге деген азаматтық борышты, патриоттық сезімді түсіну;<br>-Адам бойындағы адами құндылықтарды ұғыну;<br>- Өзін ортада ұстау мәдениетін білу; | |
| **Пәнаралық байланыстар:** | | Өзін-өзі тану, дене шынықтыру | |
| **Тақырып бойынша алдыңғы білім** | | Әдебиет теориялары, шығарма мазмұны, спорт түрлері | |

<table>
<tr><th>Сабақтың кезеңдері</th><th>Жоспарланған жұмыс түрі</th><th>Дереккөздері</th></tr>
<tr><td>Сабақтың басы<br>Қызығушылықты ояту 3 мин</td><td>Ширату жаттығуы: Суретке байланысты іс-қимылды қайтала</td><td></td></tr>
<tr><td>Мағынаны тану</td><td><br><br>Осы ширату жаттығуын жасау арқылы балалар бүгінгі тақырыптың спортқа қатысты екенін біледі.<br>Сынып оқушыларына «Майкл келли-Роберт», «Ривера», «Дэнни» сөздері жазыған қима қағаздарын ұсынамын, таңдаған қағаз бойынша топқа бөлініп отырады.</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы:<br><br>7 мин</td><td>1-ші топқа:«Майкл келли-Роберт»<br>2-ші топқа: «Ривера»<br>3-ші топқа: «Дэнни»<br>ТЖ.<br>Т.Ж. 1-тапсырма «Маңызды үштік» тәсілі<br>Топтағы кейіпкерлер есімдерін жазыңдар, мінездеме беріңдер және кейіпкер бейнесіне қатысты жазушы қолданған көркемдегіш құралдарды тауып жазыңдар<br>
<table>
<tr><td>Кейіпкер</td><td>Мінез деме</td><td>Кейіпкер бейнесіне қатысты жазушы қолданған көркемдегіш құралдар</td></tr>
<tr><td></td><td></td><td></td></tr>
</table></td><td></td></tr>
<tr><td>5 мин.</td><td>Дескриптор:<br>-Кейіпкерге мінездеме береді:<br>- Кейіпкер бейнесіне қатысты жазушы қолданған көркемдегіш тәсілдерді табады<br>ҚБ: Мұғалімнің мадақтауы<br>С. Ж.Ж.2-тапсырма Тапсырманың ішінен өздеріңе ұнағанын орындаңыз<br>Дескриптор:<br>Әңгіме мазмұнына сай орындайды;<br>-Кейіпкерге тән бейнені ашады;<br><br>

ҚБ: «Қол сигналдары» әдісі арқылы әр топ бір-бірін бағалайды.<br>Т.Ж. «Пирамида» әдісі<br>3-тапсырма<br>Мәтіннен ұсынылған көркемдегіш құралдарды тауып жаз, мағынасын тауып, ойыңды дәлелде.<br>Дескриптор</td><td></td></tr>
</table>

<table>
<tr>
<td>5 мин.<br><br>5 мин.<br><br>5 мин.<br><br>5мин<br><br>Сабақтың соңы:<br>3 мин<br>2мин</td>
<td>

-Шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарын табады;
-Мағынасын түсіндіреді, дәлелдейді.

**ҚБ: Өзін-өзі бағалау.«Шыншыл кескін»**

Кескіндегі өзіне лайықты бағасын таңдап, пирамиданың тұсына орналастырады

Ж.Ж 4-тапсырма

**«Айқас алаңы»** тақырыбында жаттықтырушының көзімен әңгімеде кездесетін көркемдегіш құралдарды қолданып, өздеріңе ұнаған боксшылардың бейнесі мен іс әрекетін көз алдарыңа елестете отырып жаз. (30сөз)
(Көркемдегіш тәсілдерді алдарына беремін)

**Мұғалім қолдауы:**

**Эпитет:** азулы боксер, темірқанат боксшы, қаһарлы да даңқты, кекті көзімен;

**Теңеу:**теңіз шуындай,жаңбырдай жаудырып,жел айдаған қаңбақтай,ұлардай шулап,самал желпуіндей,теңіз толқынындай;

**Тұрақты сөз тіркесі:** құрдай жорғалаған, баудай түсірген, тілдерін жұтып қойғандай, отқа май құйды, аяғынан тір тұрды, мұрттай ұшты;

**Термин сөздер:**
Ринг,бокс,нокаут,репортер,гонг,секундант,төреші, раунд.

**Критерийі:**
-Эссе жазу құрылымы мен ой жүйелілігін сақтайды;
- 30сөз көлемінде жаза алады;
-Көркемдегіш құралдарды табады;
-Жаттықтырушының көзімен боксшылардың бейнесі мен іс әрекетін көз алдарыңа елестете отырып жазады

**ҚБ: «Шапалақтау» әдісі**

**Сабақты бекіту**

**«Шын немесе жалған» әдісі**

| Тапсырма | Шын | Жалған |
|---|---|---|
| Ривера айқасқа ақша үшін шығады | | |
| Дэнни үнемі әділдікпен жеңіске жетіп жүр | | |
| Робертмықты жаттықтырушы | | |
| Ривера «Мексика ұлы» атағын мақтан тұтып,жеңіс үшін бар күшін аямады | | |

**Кері байланыс: «Ашық микрофон»** әдісі




Оқушылар қойылған сұраққа жауап береді.
-Бүгінгі сабақтан алған әсерің?
-Сабақтан не түсіндің?
-Сабақ ұнады ма, несімен?
-Болашақта қандай болу керексің?

</td>
<td></td>
</tr>
</table>

**«АЯЗ БИ» ЕРТЕГІСІ**

**Тайпакова С.М.,**
*А.Тихоненко атындағы ОЖББМ*

| | | |
|---|---|---|
| **Ұзақ мерзімді жоспар.**<br>**І-бөлім.**<br>**Туған жерім – аялы алтын бесігім** | **Мектеп** БҚО, Шыңғырлау ауданы<br>«А.Тихоненко атындағы ОЖББМ» КММ | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің есімі:** Тайпакова Светлана Максутовна | |
| | **Қатысқандар саны:** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақ тақырыбы:** | **«Аяз би» ертегісі** | |
| **Осы сабақта қол жеткізілетін оқу бағдарламасына сілтеме)** | 6.2.1.1. Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау.<br>6.2.2.1. Эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау. | |
| **Сабақ мақсаттары** | -Шығарманың композициялық құрылымын біледі және авторымен танысу. | |
| | -Шығарма композициясын құрылымдай алады және автор бейнесімен таныса отырып, эпизодтарын айту. | |
| | -Шығарманың композициялық құрылымын талдайды, белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасайды, эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау. | |
| **Бағалау критерийлері** | - Шығарманың композициялық құрылымын біледі.<br>- Шығармадағы автор бейнесін анықтайды.<br>- Белгілі бір эпизодқа интерпретация жасайды.<br>- Эпикалық, поэзиялық шығармалардың ерекшелігін ажыратады. | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Оқушылар орындай алады:**<br>шығарма композициясына талдау жасайды;<br>шығармадағы автордың бейнесін анықтайды;<br>шығарманың белгілі бір эпизодына интерпретация жасайды. | |
| | **Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:** | |
| | Жаман, хан, уәзірлер, қырғауыл, сауысқан, шеңгел, қарақоға, шекпен. | |
| | **Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер:** | |
| | Сұрақ-жауаптары, салыстырмалы сөз тіркестері мен детальды дәлелдер. | |
| | **Талқылауға арналған сұрақтар:** | |
| | 1. Жаманның хан сынағынан сүрінбей өтуінің мәні неде деп ойлайсың?<br>2. Аяз бидің даналығын ашатын іс-әрекеттері шығарманың қай эпизодтарында кездеседі?<br>3.Не себепті эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау қажет деп ойлайсыз? | |
| **Құндылықтарға баулу** | **Тарих пен мәдениет,тілдің біртұтастығы** | |
| **Пәнаралық байланыс** | Ортақтақырыпқа негізделген пәндер. | |
| **Алдыңғы білім** | 5.2.1.1. әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу.<br>5.2.2.1. эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау. | |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың жоспарланған кезеңдері** | **Сабақтағы жоспарланған іс-әрекеттер** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Сабақтың басы**<br>**7** | Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық ахуал қалыптастыру.<br><br>Жағымды ахуал тудыру үшін «Оригами» әдісімен бір-біринетүрлі- түсті | **«Оригами» әдісі** |

| | | |
|---|---|---|
| **минут Мотив ациялы қ кезең** | <br>қағаздардан жүрекшелер жасап сыйлайд ы.Алған жүрекшелерінің түсіне қарай топтасады.Топтасып болған соң**«Не білдің?» әдісі** арқылы үй тапсырмасына қатысты сұрақтар қоямын.<br>1. Шығарманың қандай түрін әдеби шығарма деуге болады?<br>2. Салыстыру мен суреттеудің айырмашылығы не?<br>• Екі нәрсені салыстыра суреттеу дегенді қалай түсінесің?<br>• Екі нәрсені қарама-қарсы суреттеу дегенді қалай түсінесің?<br>• Не себепті эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау қажетдеп ойлайсыз?<br>• Ертегілердің қандай түрлері бар?<br>**«Құпия зат» әдісі** арқылы суреттегі бейнеге қатысты сұрақтар қоямын.<br>**Белсенді оқу**<br> <br>1.Суретте қандай ертегі бейнеленген деп ойлайсыңдар?<br>2. Аяз би» ертегісі ертегінің қай түріне жатады?<br>3. Аяз би» ертегісі туралы не білесіңдер? деп сұрақ қойып, жауабын білу үшін келесі кезеңнің тапсырмасына өтемін.<br>**ҚБ**  **«Гүл дестесі» әдісімен** бағалаймын. Сұраққа жауап берулеріне қарай гүл дестелерін беремін.<br>Мадақтау арқылы қолдау көрсетемін<br>Қызыл десте-өте жақсы!<br>Көк десте-тамаша!<br>Күлгін десте- жақсы! | **«Не білдің» әдісі**<br><br>**«Құпия зат» әдісі АКТ**<br><br>**ҚБ**<br><br>**«Гүл дестесі» әдісі** |

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақтың ортасы 20 минут Операциялық кезең** | **Бірлескен оқу**<br>Топтар өздері конверт ішіндегі белгілі бір эпизодқа арналған дайынсуреттер арқылы шығарманың мазмұнын «Галерея» әдісімен айтып,таныстырылым жасайды.<br><br><br>Кері байланыс:<br>1.Хан шаңыраққа қарап , ойланып жатып, қырық уәзіріне қандай жұмбақ жасырады? (жау шапты, ел бүлінді, апат соқты)<br>2.Жаман Барсакелместен келгенде ханға не дейді?<br>(Уәзірлер шығарып салған соң, бір аш арыстан соңымнан қалмады. Мына жауды мұқатайын деп, қылышымды суырып алып қуып кеттім. Осы сіздің ордаға кірді ме деп отырмын)<br>3.Жаманды шақыруға хан бір адамды жібереді. Жіберген жігіті барып, үйден сығалап қараса, төрде төсек үстінде Жаман жатыр. Ал Жаманның әйелі осы уақытта не істеп отыр еді?(әйел төрдегі айнаға қарап, өз көркіне таңғалып отыр екен).<br>4.Жаман өзі хан болған соң ордасының маңдайшасына не шегелеп қойды? (жыртық тоны мен жаман тымағын)<br>5.Шегелеулі тымағы мен тонына қарап, Жаман не деп өз көңілін басатын? (« Ай, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз, әліңді біл, Құмырсқа жолыңды біл).<br>Дескриптор:<br>1.Хан жасырған жұмбақ шешімін таба білді.<br>2.Жаман ханға өз жауабын берді.<br>3.Оқушылар шығарма құрамынан нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді тапты.<br><br>Топтар бірін-бірі «Бағдаршам» әдісімен өзара бағалау жасайды<br>**Жұптық жұмыс.2-тапсырма.**<br>«Ментальді карта» арқылы шығармадан автор бейнесін анықта.<br>Дәлел Аяз би<br><br>«Бес саусақ» әдісі арқылы тиімді кері байланыс жасады.<br>**ҚБ «Басбармақ» әдісімен бағалаймын.** | **«Галерея» әдісі.**<br><br>**«Сұрақ-жауап» әдісі**<br><br>**«Ментальді карта» әдісі «Бес** |

| | | |
|---|---|---|
| | <br><br>**Дескриптор:**<br>1. Шығармадағы автор бейнесін «ментальді картаға» түсірді.<br>2. Шығарма эпизоды бойынша дәлел келтірді. | **саусақ» әдісі**<br><br>**ҚБ «Басбар-мақ» әдісі** |
| | **Топтық жұмыс: 3-тапсырма.**<br>Венн диаграммасы арқылы эпикалық және поэзиялық шығармаларды салыстыр**.**<br>Эпикалық Поэзиялық<br>Айырмашылығы Ортақ қасиеті Айырмашылығы<br><br>Кері байланыс: оқушылар өзара жұптасу арқылы тиімді кері байланыс жасайды.<br>ҚБ«Бағдаршам» әдісімен бағаладым.<br><br>**Дескриптор:**<br>• Венн диаграммасы арқылы эпикалық, поэзиялық шығармаларды салыстырды | **Ойлан «жұптас» әдісі** |

<table>
<tr>
<td>Сабақтың соңы<br>13 минут<br>Саралау</td>
<td>Сабақ барысында алған білімдерін саралау үшін мынадай сұрақтар беремін:<br>
• Аяз би неге өзінің жыртық тоны мен жаман тымағын төріне іліп қойды?<br>
• Жаманның іс-әрекетіне баға беру арқылы кестені жалғастыр.<br>
<table>
<tr><td>Жаманның әрекеті</td><td>Менің ойым</td></tr>
<tr><td>Құс жаманы деп сауысқанды таңдайды.</td><td>Сауысқанда бірлік жоқ, адамға еш пайдасы тимейтін құс.</td></tr>
<tr><td>?</td><td>?</td></tr>
</table>
ҚБ «Басбармақ» әдісімен бағалаймын.<br>

<br>

</td>
<td>«Сұрақ ілмегі» әдісі.<br><br>ҚБ «Басбармақ» әдісі</td>
</tr>
<tr>
<td>Рефлексия</td>
<td>Рефлексия жасау үшін оқушылар сабақ барысындағы әрекеттеріне ауызша талдау жасайды. Сол арқылы сабақтың сәтті және сәтсіз тұстарын анықтай<br>

<br>
аламын.</td>
<td>«Пирамида» әдісі.</td>
</tr>
<tr>
<td>Үйге тапсырма беру.</td>
<td>Ертегі кейіпкерлерінің суретін салу. «Аяз биге» хат жазу.</td>
<td></td>
</tr>
</table>

<table>
<tr><td>Қосымша ақпарат</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақ бойынша рефлексия</td><td>Сабақ /оқу мақсаттары шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен жоспарлағансаралаушараларытиімдіболдыма?<br>Мен берілгенуақытішіндеүлгердімбе?<br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?</td><td></td></tr>
</table>

| |
|---|
| **Жалпы бағалау**<br>Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:___<br>2:.___<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1:___<br>___<br>2:___<br>Сабақ барысында мен сынып немесе жекелеген оқушылар туралы менің келесі сабағымды жетілдіруге көмектесетін не білдім?<br>___<br>___ |

## А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫ «ҚЫС»

**Кабиев М.С.,**
*Бөрлі жалпы орта білім беретін мектебі*

| | | |
|---|---|---|
| Сабақ: әдебиет | Мектеп: Бөрлі жалпы орта білім беретін мектебі | |
| Күні: | Мұғалімнің аты-жөні: Кабиев Мухамбет-казы Сагидуллаевич. | |
| Сынып: 6 | Қатысқандар: | Қатыспағандар: |
| Бөлім атауы | Абайды оқы,таңырқа. А.Құнанбайұлы «Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс». | |
| Сабақтың тақырыбы: | А.Құнанбайұлы «Қыс». | |
| Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары: | 6.1.2.1. Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну,негізгі және қосымша ақпаратты анықтау. | |
| Сабақ мақсаттары: | Барлық оқушылар орындай алады: өлеңнің негізгі мазмұнын сұраққа жауап беру арқылы айтады. | |
| | Оқушылардың көпшілігі орындай алады: негізгі және қосымша ақпаратты дұрыс ажыратады,диаграмманы толтырады. | |
| | Кейбірі орындай алады: негізгі және қосымша ақпаратқа қатысты өз ойларын білдіреді. | |
| Бағалау критерийі: | 1.Мәтіннің негізгі мазмұнын анықтайды;<br>2.Негізгі және қосымша ақпаратты ажыратады. | |
| Тілдік мақсат: | Оқушылар орындай алады: жаңа сөздермен жұмыс істей алады, негізгі, қосымша ақпаратты салыстырады. | |
| | Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: денелі,әуес,әлек | |
| | Әңгіме құрастыруға арналған пайдалы тіркестер:бұлттай қасы,кәрі құда,үсті-басы ақ қырау,әлек салды. | |
| Құндылықтарға баулу | Азаматтық жауапкершілік | |
| Пәнаралық байланыс | Дүниетану, сурет | |
| Тақырып бойынша алдыңғы білім | А.Құнанбаев.Табиғат лирикасы «Жаз» | |

| **Жоспар** | | |
|---|---|---|
| Жоспарланған уақыт | Жоспарланған жаттығу түрлері | Ресурстар |
| Басы | **Ұйымдастыру бөлімі**: Амандасады, «Шаттық шеңбері» әдісі бойынша бір-біріне тілек айтады.<br>«Пазл» әдісі бойынша топқа бөлінеді. Оқушыларға Аяз | https://ust.kz/word |

| | | |
|---|---|---|
| | ата, қарбөбек , ақшақар суреттерінің қиындылары беріледі.Суреттерді жинау арқылы топ құрайды.<br>  <br>«Артығын тап» әдісі.Оқушыларға суреттер (Абай, Пушкин, Лермонтов, Есенин ) ұсынылады. Оқушылар артық суретті анықтайды.жауаптарына түсінік береді.Содан соң сабақ тақырыбын анықтайды.<br> | https://massaget.kz/ layfstayl/bilim/ol-kim-bl-ne/22276/<br><br>https://www.google.kz/search?q<br><br>https://www.google.kz/search?q |
| Ортасы | **Тыңдалым алды:**<br>1.Оқушылар мәтінді 1-рет тыңдайды.Таныс емес сөздерді анықтайды,аудармасын сөздіктен іздейді. «ТКО» әдісі бойынша оқушылардың жаңа сөздерді меңгеру деңгейін анықтаймыз.<br>Мысалы: «Денелі адамның суретін маған көрсетініз.»<br>  <br>2.Оқушылар мәтінді 2-рет тыңдайды,топ ішінде мазмұнын талқылайды.<br>**Тыңдалым кезі**<br>**1-тапсырма**.«Ойлан,жұптас,бөліс» әдісі.<br>Мәтінді мұқият тыңдаңыз.Өйткені мәтін соңында сұрақтар беріледі.Сендер сол сұрақтарға жауап берулеріңіз керек.<br><br>Қыс<br>Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,<br>Соқыр-мылқау танымас тірі жанды,<br>Үсті-басы — ақ қырау, түсі суық,<br>Басқан жері сықырлап, келіп қалды.<br>Дем алысы — үскірік, аяз бен қар,<br>Кәрі құдаң — қыс келіп, әлек салды.<br>Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,<br>Аязбенен қызарып ажарланды.<br>Бұлыттай қасы жауып екі көзін,<br>Басын сіліксе, қар жауып, мазаңды алды.<br>Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,<br>Алты қанат ақ орда үй шайқалды.<br>Әуес көріп жүгірген жас балалар,<br>Беті-қолы домбығып, үсік шалды,<br>Шидем мен тон қабаттап киген малшы<br>Бет қарауға шыдамай сырт айналды. | https://www.youtube.com/ watch?v=yJwL0xnQ1hM<br>Smk.edu.kz.MAH<br>Үлестірме материал 6.6.<br><br>https://www.google.kz/search?q<br><br>Smk.edu.kz.MAH.<br>Үлестірме материал 6.4. |

| | | |
|---|---|---|
| | Сұрақтар:<br>• Өлең не туралы?<br>• Автор қысты кімге теңеді? Неге?<br>• Кәрі құданың киімдері қандай?<br>**Дескриптор:**<br>1.Сұраққа толық жауап береді.<br>2.Өлеңнің мазмұнын айтады.<br>**ҚБ. «Бас бармақ»**<br><br>Қалыптастырушы бағалау мақсатына жету үшін жетекші сұрақтарды қолданамын.<br>Мысалы:<br>1.Аяз атаны көрдің бе? Оны қалай сипаттар едің? Кез келген адам Аяз ата бола алады ма?<br>2.Малшылар не істейді?<br>**2.тапсырма**. (графикалық органайзер)<br>Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты тауып,берілген диаграмманы толтыру.<br>А деңгей:<br>В деңгейі:<br>Дескриптор:<br>1.А деңгейі 3 негізгі, 3 қосымша ақпаратты анықтайды.<br>2.В деңгейі 6 негізгі, 6 қосымша ақпаратты анықтайды<br>**ҚБ «Неге? Не себепті? Не үшін?»**<br>( қалыптастырушы бағалау барысында оқушылар жауаптарына түсінік береді.)<br>**3-тапсырма**<br>Мәтіндегі негізгі,қосымша ақпаратқа қатысты көзқарастарын білдіру.<br>**Алты қанат ақ орда үй шайқалды.Әуес көріп жүгірген жас балалар.**<br>Мәтіннің негізгі / қосымша ақпараты болып ... табылады. Себебі, менің ойымша, ... .<br>Соның нәтижесінде мен ... қорытындыға келдім.<br>Дескриптор:<br>1.Нақты мысалдар арқылы өз ойларын жеткізеді<br>**ҚБ. Өзін-өзі бағалау** | http://www.zkoipk.kz/ru/ confnis1s/713-conf.html<br><br>Smk.edu.kz.MAH<br>Үлестірме материал 11.1.<br><br>http://www.zkoipk.kz/ru/ confnis1s/713-conf.html |
| Соңы | **«Серпілген сауал» әдісі** арқылы сабақ тақырыбына сай сұрақ-жауап ұйымдастырады.<br>**Кері байланыс: «3,2,1» әдісі**<br>1.Бүгінгі сабақтан есте қалған 3 нәрсені жаз.<br>2.Сабақ барысында естіген 2 маңызды ұғымды жаз.<br>3.Талқылау барысында туындаған 1 сұрақты жаз. | |

**Т.Әбдіков «Қонақтар»**

**Қайрова А.,**
№4 ЖОББМ (Ақсай қаласы)

| | | |
|---|---|---|
| Сабақ тақырыбы:<br>Т.Әбдіков «Қонақтар» | Мектеп: №4 ЖОББМ | |
| Уақыты: 05.05.2018 | Мұғалімнің аты – жөні: Кайрова Акгуль | |
| Сынып: 7 | Қатысқан оқушылар саны: | Қатыспағандар: |
| **Оқу мақсаты** | **Т/Ж** 7.1.1.1.Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау<br>7.1.2.1.Әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау | |
| **Сабақтың Мақсаты** | **Барлық оқушылар**<br>• Шығарма сюжетінің құрамдас бөлімдерін анықтайды, кейіпкерлердің адамгершілік қасиеттерін талдайды;<br>**Көптеген оқушылар**<br>• Оқиға мазмұнын мақал-мәтелмен түйіндей алады.<br>**Кейбір оқушылар**<br>• Сюжет бөлшектерін өмірмен байланыстыра отырып талдайды; | |
| **Бағалау критерийі** | Маңызды оқиғаларды біледі;<br>Тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдай алады. | |
| **Пәнаралық байланыс** | Өзін-өзі тану, география | |
| **Тілдік мақсаттар** | **Пән лексикасы және терминология:**<br>Сюжет, эпизод, әдеби шығарма.<br>**Пікірталас үшін қажетті сөз тіркестер:**<br>Туып-өскен жер, ата-ана парызы, қара шаңырақ иесі, ғалым Сапабек, кер құлынды босату, тұсауымен кету | |
| **Құндылықтарды игерту** | «Мәңгілік ел» құндылығы:<br>• Өзіне және айналадағы адамдарға құрмет;<br>• Ынтымақтастық;<br>• Жауапкершілік;<br>• Отбасы мүшелеріне, құндылықтарға деген құрмет | |

**Жоспар**

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс - әрекеттер** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br><br>5мин<br><br><br><br><br><br><br>Сабақтың ортасы<br><br>7 минут | **Қызығушылықты ояту.**<br>**«Қонақ» сөзіне ассоциация жасау.**<br><br><br>-Енді осы қонақ сөзінің мағынасын ашып көрейік.<br>-Әңгіме неліктен «Қонақтар» деп неліктен<br>Сабақ мақсатымен таныстыру.<br>**«Шын-жалған»** әдісі<br>1.Шығарма бойынша шын, жалған ақпаратты анықтайды;<br>2.Сюжет бойынша ақпаратты дәлелдей алады;<br>1. Сапабек - геолог- ғалым (шын)<br>2. Үйіне арнайы шақыртумен келді (жалған)<br>3. Сапабек баласын атасының қасына тастайтын болды (жалған)<br>4. Баласы орысша білім алу керек (шын)<br>5. Сапабек үйіне жақын арада келіп кеткен (жалған) | |

| | | |
|---|---|---|
| минут<br><br>15 минут | 6. Ата-анасына жинаған ақшасын беріп, жиі-жиі келіп тұратынын айтты (шын)<br>7. Ата-анасы Сапабекке риза болды (жалған)<br>8. Мама, мама, ребята идут к озеру деген сөйлем авторы немересі (шын)<br>9. Біздің мынау да геолог болам деп жүр деген сөйлемін айтқан Сапабек (шын)<br>10. Әке жолын қуса, менің жолымды қусын деді Ерғабыл. (шын)<br>**ТЖ**<br>Топтар ақылдаса отырып, берілген кестелерді толтырады. Бос бағандарды барлық топ алма-кезек толтыра алады. 5 минут уақыт беріледі. Топтар «уақыт ережесіне» бағынады. Соңынан әр кестедегі жазбалармен танысады.<br>**(Соңғы баған тапсырмасына дарынды оқушылар жауап береді)** | |

| Бағалау критерийі | Сараланған дескриптор |
|---|---|
| Шығарма сюжетінің бөлшектерін талдайды; | Шығарма сюжетін біледі; |
| | Эпизодтардағы кейіпкерлердің сезімін болжайды |
| | оқиғаның өмірмен байланысын түсіндіреді |

| Әңгімеден үзінді | Кейіпкер қандай сезімде? | Өмірмен байланысы |
|---|---|---|
| Осы ғой, міне, алжыған деген осы шығар. Екі бие сенің басыңа көк тас қоя ма? | | |

| Әңгімеден үзінді | Кейіпкер қандай сезімде? | Өмірмен байланысы |
|---|---|---|
| Қуаныш қой, қуаныш. Қуанған мен қорыққан бірдей дейді ғой. | | |

| Әңгімеден үзінді | Кейіпкер қандай сезімде? | Өмірмен байланысы |
|---|---|---|
| Сол тасыңнан өзі пайда бар ма? Маған біреуін әкеп берсеңші. | | |

| Әңгімеден үзінді | Кейіпкер қандай сезімде? | Өмірмен байланысы |
|---|---|---|
| Бар, бар, алып кет! Жолдарың болсын! | | |

(үшінші баған дарынды оқушыларға арналған)

**«Хикая картасы» әдісі**

Бөлім атауы, оқиғаны бейнелейтін сурет, түйін сөзді мақалмен жазыңыз.

| | | |
|---|---|---|
| | (1 сөйлем)<br><br>**Дескрипторлары:**<br>1. Бөлімге ат қою<br>2. Оқиғаны бейнелейтін сурет салу<br>3. Түйін сөзді мақалмен жазу (қиындық туғызса, бағыттап, көмек ұсынамын)<br>1.Отан – өз бесігің, өз үйің.<br>2.Бала – бауыр-етің.<br>3.Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал келіп сәлем береді.<br>4. Ана алдында –құрмет,<br>Ата алдында – қызмет.<br>5. Балам – балым,<br>Баламның баласы – жаным.<br>6.Атаның көңілі балада, баланың көңілі далада.<br>**Кері байланыс: «Екі жұлдыз, бір тілек»**<br>**«Ар-ождан аллеясы» әдісі**<br>1-топ: Сапабек шаңырақ иесі, ата-анасымен қалсын.<br>2-топ: Сапабек ата-анасымен қалуға міндетті емес. | |
| Соңы<br>5 мин | Рефлексия.<br>Бүгінгі сабақ несімен ұнады?<br>Оқу мақсатына жеттім деп ойлайсыз ба?<br>Қай тапсырма сізге көбірек ұнады? | |

## ОРЫС СЫНЫПТАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫНЫҢ ҮЛГІЛЕРІ

## ТАУДА МЕКЕНДЕЙТІН АҢ-ҚҰСТАР

**Даужанова З.Ж.,**
*№6 А.С.Макаренко атындағы ЖОББМ,*
*қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі*

| **Мектеп: №6 ЖОББМ** | | |
|---|---|---|
| **Бөлім атауы:** Қазақстандағы жан жануарлар мен өсімдіктер әлемі.<br>**Сабақ тақырыбы:** Тауда мекендейтін аң-құстар | | |
| **Күні** | **Мұғалімнің есімі:** Даужанова Зульфия Жуманаевна | |
| **Сынып: 5** | **Қатысқандар саны** | **Қатыспағандар саны** |
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты** | 5.3.5.1. Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу.<br>5.4.4.1. Мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау.<br>5.4.2.1. Эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу. | |

| | |
|---|---|
| **Сабақ мақсаттары:** | \ Қосымша ақпарат көздерінен тауда мекендейтін аң-құстар туралы мағлұматтар алып, постер жасайды, сөйлем құрылымын сақтап, эссе жазады.<br>\ Аң-құстар туралы алған мәліметтерін кестеде салыстырады, постерде түсіндіреді, эссе талабына сәйкес жазады.<br>\Тауда мекендейтін аң-құстар туралы ақпаратты жинақтап, қорытынды жасайды; Өз тұжырымын постерде ұсынады, эссе құрылымын сақтап, тауда мекендейтін аң-құстарды сипаттап жазады. |
| **Бағалау критерийлері:** **(жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже)** | 1. Ақпарат көздерін пайдаланып, постер жасайды.<br>2. Қосымша ақпарат көздерінен мәліметтерді анықтайды.<br>3. Эссе құрылымын сақтай отырып, тақырыпқа байланысты оқиғаны сипаттап жазады. |
| **Тілдік мақсаттар** | **Тілдік дағдылар:** Оқылым, жазылым. |
| | **Терминология:** тау етегі, енген, мекендейді, жабайы, қорғайды, жойылу, аймақ. |
| | **Сөз тіркестері:** кітапқа енген, тауда мекендейді, жабайы мысық, тау етегінде кездеседі, жойылып кетпеу, сол аймақта, қорықта қорғайды. |
| **Құндылықтарды дарыту** | Ортақ тарих, мәдениет, тіл. |
| **Пәнаралық байланыстар** | Дүниетану, жаратылыстану.<br>Тауда мекендейтін аң-құстарды білу, оларлы қорғау. |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақта, энциклопедия. |
| **Алдыңғы оқу/ Бастапқы білім** | Аң-құстар туралы біледі, өзара ажырата алады. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басталуы**<br><br>**5 минут** | Сәлемдесу. Түгендеу.<br><br>Шеңберге тұрып, қобдишадан суырып алынған аң-құстардың әрқайсысына сай дыбыстау. (мысалы, барыс ырылдайды, аю ақырады т.б.)<br><br>Топқа бөлу.<br>Үш топ «Барыс», «Қызыл қасқыр», «Сақалтай» суреттерін қобдишадан суырып алып топқа бөлінеді.<br>  <br><br>**«Сәлемдеме жіберіңіз» әдісі** арқылы өткен сабақтар бойынша сұрақтарға жауап беру.<br>• Қызыл кітап ұғымын кім енгізді?<br>• Қызыл кітапқа қандай жануарлар енген?<br>• Қызыл кітап туралы не білесің? | Топқа бөлуге арналған суреттер |

| | | |
|---|---|---|
| | • Түлкі ағаштың басынан нені көрді?<br>• Түлкі қырғауылға не деді?<br>• Қырғауыл қалай жауап берді?<br>Қызығушылықты ояту:<br>Слайд арқылы тауда мекендейтін аң-құстардың суреттерін көрсету. Сұрақ қою арқылы жаңа<br>тақырыпты болжау, ашу. | Сәлемдем<br>сыйлығым<br>н<br>сұрақ<br>жазылған<br>қағаз<br>Интер<br>белсенді<br>Тақта |
| **Ортасы**<br><br>**15 минут**<br><br><br>**<u>Бағалау критерийі:</u>**<br><br>Ақпарат көздерін пайдаланып, постер жасайды. | **1-тапсырма.Т.Ж.**<br>**«Постер қорғау» әдісі.**<br><br>Мәтінді оқимын, оқушылар мәтіндегі жаңа сөздерді анықтайды,<br>Сөздердің аудармаларын табады. Әр топқа мәтінді үлестіремін.<br>Тауда мекендейтін аң-құстар өте көп. Соның бірі Тянь-Шань тауы мен Жоңғар Алатауында мекендейтін Тянь-Шань қоңыр аюы бар.<br>Ол жерде 200-300-дей аю өмір сүреді. Қазақстанда жойылып кетуге ықтимал қызыл қасқыр мекендейді. Сол аймақта мекен ететін орта азия тас сусары да бар. Таулы орманда Түркістан сілеусіні мекендейді. Саны онша көо емес. Қазақстанның ең үлкен жабайы мысығы Барыс бар. Ол Алтайдың биік тауларында мекен етеді. Саны 200-ден аспайды. Тек Алтайда ғана Алтай арқары кездеседі.<br>Бұл жерде 80-дей арқар бар.Таулы жерлерде тек аңдар ғана емес, құстар да бар. Қара ләйлек деген<br>Қызыл кітапқа енген құс кездеседі. Тау етектерінде жыланжегіш қыран мекендейді. Ал таулы орманда бақалтақ қыран өмір сүреді. Сол ормандарда Сақалтайдың бар жоғы ондаған жұптасқан құстар ұялайды. Бұл құстардың көпшілігі «Қызыл кітапқа» енген. Оларды қорықтарда ұстап қорғайды. Жойылып кетпеу үшін мемлекет қамқорлығына алған.<br>**Сөздікпен жұмыс:** «Сөзді тап әдісі» арқылы<br>Тау етегі - подножье гор<br>Енген - внесены<br>Мекендейді - обитают<br>Жабайы мысық - дикая кошка<br>Аймақ - край<br>Қорық - заповедник<br>Сақалтай - борадач<br>Бақалтақ қыран - орел карлик<br>Жылынжегіш қыран - змееяд<br>Қара ләйлек - черный аист<br><br>Тапсырма:<br>Мәтінді оқы, талқыла. Берілген ақпарат негізінде постер жаса. «Тауда Қандай аңдар мекендейді?», «Тауда қандай аңдар мекендейді?»,<br>«Таудағы тіршілік қандай?»<br>**Дескриптор:**<br>• Мәтінді түсініп оқиды.<br>• Қажетті мәліметті іріктейді, тобымен талқылайды.<br>• Постер қорғайды.<br>**Қалыптастырушы бағалау:** екі жұлдыз, бір тілек.<br><br><br>**1 ТІЛЕК** | Үлестір<br>мелі<br>мәтін<br>парағы<br><br>Интер<br>белсенді<br>тақта<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Флипчарт<br>Маркер |

| | | |
|---|---|---|
| **8 минут**<br><br>**<u>Бағалау критерийі:</u>**<br>Қосымша ақпарат көздерінен мәліметтер ді анықтайды.<br><br>**10 минут**<br>**<u>Бағалау критерийі</u>**<br>Эссе құрылымын сақтай отырып, тақырыпқа байланысты оқиғаны сипаттап жазады. | **Саралау тәсілі:** «Дереккөздер» әдісі.<br><br>**2-тапсырма. Ж.Ж.**<br>**«Қос диаграмма» әдісі.** Тауда және жазықта мекендейтін аң-құстар туралы энциклопедиядан алған ақпаратты пайдаланып **«Қос диаграмманы»** толтырады.<br><br>**Дескриптор:**<br>• Энциклопедиядан тақырыпқа байланысты мәлімет алады.<br>• Тауда және жазықта мекендейтін аң-құстардың ерекшеліктері мен ортақ қасиеттерін жазады.<br><br>**Қалыптастырушы бағалау:** смайлик арқылы<br><br>**Саралау тәсілі:** «Қорытынды» әдісі.<br>**3-тапсырма. Ж.**<br>«Эссе жазу» әдісі<br>**Дескриптор:**<br>• Сөз саны 50-ден аз емес.<br>• Кіріспе бөлім. (таудағы өмір туралы 1сөйлем жазу)<br>• Негізгі бөлім<br>( 1. тауда мекендейтін аңдарды 2 сөйлеммен сипаттап жазу.<br>2.тауда мекендейтін құстарды 2 сөйлеммен сипаттап жазу)<br>• Қорытынды бөлім ( тауда мекендейтін аңдар мен құстарға тән ерекшелік туралы 1 сөйлем )<br>**Қалыптастырушы бағалау:** дескриптор бойынша оқушылар бір-бірін бағалайды.<br>**Саралау тәсілі**: «Қорытынды» әдісі | «Қос диаграмм» әдісі<br><br>«Қазақста Қызыл кітабы беттеріне»<br>4-6 бет<br><br>«Жануарл р әлемінің үлкен атласы»<br>79-90 бет<br>51-67 бет<br><br>Смайлик арқылы<br><br>Өзара редакциял уды бақылау парағы |
| **Аяқталуы 2 минут** | **Бекіту.** | «Попкорн әдісі |

<table>
<tr>
<td></td>
<td><br><br>«Попкорн» әдісі арқылы оқушылар кезекпен орындарынан тез тұрып, бүгінгі сабақтан не меңгергенін, не есте қалғанын бір сөйлеммен, не бір тірек сөзбен айтады.</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3">Қосымша ақпарат</td>
</tr>
<tr>
<td><u>Саралау</u> - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?</td>
<td colspan="2">Саралау менің сабақ мақсатымнан бастап, сабақтағы барлық тапсырмамда да жүзеге асады. Мысалы, бірінші тапсырмада саралаудың «Дереккөздер» әдісін қолдандым.<br>Екінші және үшінші тапсырмаларымда саралаудың «Қорытынды» әдісіне сүйендім.<br><br>Үшінші тапсырмама тоқталсам, мұнда қолдауды барынша қажет ететін оқушылар:<br>Дескриптордың барлық қадамын орындай алмауы мүмкін, бірақ ұсынылған алгоритм бойынша эссе құрылымын сақтап жазуға тырысады.<br><br>Қолдауды орташа қажет ететін оқушылар:<br>Эссе құрылымын сақтап жазады, әр бөлімге бір сөйлемді толық келтіреді.<br>Қолдауды аз қажет ететін оқушылар:<br>Эссе құрылымын толық сақтай отырып, дескриптор қадамдарына сай сөз саны мен сөйлемдерді жеткілікті қолданып жазады.<br>Саралаудың бұл түрінің тиімділігі мұғалім барлық оқушыларға бағытталған нұсқау бере отырып, олардың әрқайсысының өзінен не күтетіндігін түсінгендеріне көз жеткізуге тырысады.</td>
</tr>
<tr>
<td>Бағалау - Оқушылардың үйренгенін, материалды меңгергенін тексеруді қалай жоспарлайыз?</td>
<td colspan="2"><br>1 ТІЛЕК<br><br>Оқушылардың өзара редакциялауды бақылау парағы арқылы бір-бірін бағалауы</td>
</tr>
</table>

| | |
|---|---|
| **Сабақ бойынша рефлексия**<br>Сабақтың оқу мақсаты шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен орындаған саралау шаралары тиімді болды ма?<br>Мен бүкіл уақыт ішінде үлгердім бе?<br>Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | Шынайы, оқушылар тауда мекендейтін аң-құстар туралы білді. Оқушылар әр тапсырманы қызығушылық таныта орындады, сұрақтарға белсенді жауап берді.<br>Саралау шаралары сабақ бойы тапсырма орындауда тиімді болды, себебі орынды қолдандым.<br>Уақытты тиімді пайдаланы, сабақтың мақсатына жете білдім.<br>Мен өз жоспарыма «эссе жазу» мақсатын енгіздім, себебі сабақ мақсатына жету үшін оқушылар өз ойларын қорытындылап жазу үшін. |
| **Қорытынды бағамдау** | |
| **Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?**<br>**1.** Топтық жұмыста орындаған «Постер қорғау» әдісі табысты болды.<br>**2.** «Эссе жазу» әдісі тиімді болды.<br>**Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?**<br>**1. 5.3.1.** әдісі.<br>**2.** деңгейлік тапсырмалар.<br>**Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?**<br>**1.** Әлсіз оқушылар жақсы оқитын оқушылармен бірлесе сабақта белсенділік танытты.<br>**2.** Сабақ мақсатына жетудегі кедергілер нәтижесінде келесі сабағымда жетілдіру, түзету жұмысын жүргіземін. | |

## ҚАЗАҚТЫҢ ӘНШІЛІК ӨНЕРІ

**Шайхиева Г.Н.,**
*А.С.Макаренко атындағы № 6 ЖОББМ*

| | |
|---|---|
| **Мектеп** | А.С.Макаренко атындағы №6 ЖОББМ |
| **Пән** | Қазақ тілі 7 сынып |
| **Мұғалім** | Шайхиева Гулжамал Нурмуханбетовна |
| **Сабақтың тақырыбы** | Қазақтың әншілік өнері |
| **Оқу мақсаттары** | 7.1.(тілдік бағдар)<br>Етістіктің шақтары мен қалау райдың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану<br>7.2.(тыңдалым)<br>Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау<br>7.5. (айтылым)<br>Диалогке қатысушылар коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші →тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру |
| **Жетістік критерийлері** | **Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:** Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды.<br>Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.<br>**Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:** Топтық жұмысты бірлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды.<br>Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды.<br><br>**Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады**:<br>Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады. |
| **Оқуға қажетті сілтемелер мен сайттар** | http://bilimland.kz. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Сабақтың формасы** | Топтық, жұптық, жеке. | | |
| **Сабақтың барысы** | | | |
| **Ойлау деңгейі** | **Мұғалімнің іс-әрекеті** | **Оқушылардың іс-әрекеті** | **Бағалау** |
| **Ұйымдастыру кезеңі**<br><br>**Үй тапсырмасын тексеру** | Амандасу<br><br>**Топтарға бөлу. «Сурет қиындысы»** арқылы топқа бөлу.<br>-Бұл не?<br>-Бұл аспаптармен не орындалады? Ән орындаушыны кім дейміз?<br>-Дұрыс, бүгінгі сабақтың тақырыбы «Қазақтың әншілік өнері».<br><br>6-тапсырма сұрақтарына жауап алады, бағалайды. | Амандасады<br>**Психологиялық ахуал** тудыру мақсатында сабақтың басында «Мен кіммін?» ойынын өткізу. Оқушылар шеңберге тұрып, әр оқушы атына сай зат есімді қосып айтады. Мысалы: Рифат – әнші.<br>Оқушылар музыкалық аспаптарды құрастырады<br><br>-Домбыра,қобыз<br><br>-Күй тартылады, ән айтылады.<br>-әнші<br><br>Ойын «Көңілді нота»<br>-Қазақ классикалық музыкасының негізін кімдер қалаған?<br>-Қазақтың ұлттық мәдениетінің ішінде қандай өнер жақсы дамыған?<br>-Қазақ әндерінің көпшілігі ненің сүйемелдеуімен орындалады?<br>-Қазақ әндері нені насихаттайды?<br>-Кең тараған қандай қазақ әндері бар?<br>-Халық күйлерінде не баяндалады?<br>-Халық күйлері бізге қалай жеткен?<br>(әр топ алған нотаға сәйкес сұраққа жауап береді) | (топ жетекшісі әр дұрыс жауапқа нотаға бір смайлик жапсырып отырады)<br><br>Вербальды бағалау<br><br>Жетістік критерийлері бойынша бағалау |
| **Түсіну және қолдану**<br>Сөздікпен жұмыс | Интерактивті тақтадан тақырыпқа қатысты жаңа сөздермен таныстырады,аудармасын айтады.<br><br>Бейнетаспа «Қазақтың әншілік өнері» | Оқиды,қайталайды, сөз тіркесін,сөйлем құрап айтады<br>(асыл қазына,тармақ, наным-сенім,дәуір, ауыздан-ауызға таралу, күміс көмей,үлгі-өнеге)<br><br>1.Бейнетаспа кім туралы?<br>2.Ол кім?<br>3.Әміре Қашаубаев неше жасында әнші бала атанды?<br>4.Ол қай елде өткен этнографиялық концертте ән салды?<br>5. Сол кезде Әмірені мемлекет қайраткері Луначарский:<br>«Қазақ даласының бұлбұлы» деп атаған. Қазіргі кезде<br>қазақтың бұлбұлы атанған әншілерді білесіңдер ме?<br><br>Сұрақтарға жауап береді. | Вербальды бағалау<br><br><br>Жетістік критерийлері бойынша бағалау |

| | | | |
|---|---|---|---|
| Жаңа сабақ | Оқулықтағы 1-тапсырманы орындатады<br><br>2-тапсырманы орындатады Жеке,топта<br><br>3-тапсырманы орындатады. Түсіндіреді Мәтіндегі негізгі ақпаратты анықтаңдар. Оқыту ***Постер жасату.***<br><br>4-тапсырманы **«ПОПС»** формуласын қолданып, мәтіндегі ақпарат бойынша өз пікіріңді дәлелде.<br><br>9-тапсырманы орындату.Жақша ішіндегі тиісті сөзді қойып,сөйлемді жазыңыз. Түсіндіреді Тексереді | -Қазақтың ән өнері туралы не білесің?<br>-Қазақтың қандай әншілерін білесің?<br>-Саған қандай әндер ұнайды:халық әндері ме әлде эстрадалық әндер ме?<br>-Қазақ тіліндегі қандай ән ұнайды?<br>-Ұялы телефоныңа ән жазасың ба?<br>-Ән жазсаң, ол – кімдердің әні?<br>Үлестірілген диаграммалық сызбаны толтырып, әңгімелейді<br>( суреттегі бір әншісі туралы айтады.)<br><br>**Мәтінді кезек оқиды.**<br>Оқушылар жаңа білімге сай оқулықты қолдана отырып негізгі ақпаратты анықтап постерге түсіреді.<br><br><br>**«ПОПС» формуласын қолданып, мәтіндегі ақпарат бойынша өз пікірін дәлелдейді.**<br><br>Жақша ішіндегі тиісті сөзді қойып,сөйлемді жазады.<br>жеке орындайды | <br>**«Жариялау» әдісі»**<br>(Әрбір топ берілген сұрақ бойынша өз позициясын жариялау керек.<br>Вербальды бағалау<br> |
| **Талдау Жинақтау** 11-тапсырма | **«Көңілді әуен»** ойынын ұйымдастырады Түсіндіреді Екі ән тыңдатады. 1.Қандай әндер тыңдадыңыз? | | Вербальды бағалау<br><br>Жетістік |

<table>
<tr>
<td>Қорытынды</td>
<td>2.Қай әнші ұнады?<br>3.Не себеті ұнады? Себебін айтыңыз.<br>Қазақтың әншілік өнері туралы пікіріңіз.<br>РАФТ стратегиясы<br>Р рөл журналист<br>А аудитория оқушылар<br>Ф форма интервью(сұхбат)<br>Т тақырып Әншілік өнер<br>Сабақ ұнады ма?<br>Бүгін сабақта не туралы айттық?</td>
<td><br>1.Әнші Әміре Қашаубаев туралы не білдіңіз?<br>2.Сізге дәстүрлі әншілер ұнай ма, әлде эстрада әншілері ұнай ма?<br>3. Қазақтың бұлбұлы атанған әншілерді білесің бе?<br>3.Әнші болғың келе ме? – сұрақтарына жауап береді.</td>
<td>критерийлері бойынша бағалау</td>
</tr>
<tr>
<td>Бағалау Үйге тапсырма</td>
<td>мұғалім жетістік критерийлер арқылы әр оқушыны қосымша бағалайды.<br>10-тапсырма</td>
<td>
<table>
<tr><td>Оқушының аты-жөні</td><td>«Диаграмма»</td><td>«Жариялау»</td><td>«ПОПС» формуласы</td><td>«Ойлан – жұптас – бөліс» әдісі</td><td>Ба лл</td></tr>
<tr><td>1.</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>2.</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>3.</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>4.</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>5.</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>6</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>7.</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>Оқушылар сабақ бойы жинаған ұпайлары арқылы жиынтық баға шығарады</td>
</tr>
<tr>
<td>Рефлексия</td>
<td></td>
<td>Кері байланыс<br><br><br>-Егер саған сабақ ұнаса және тапсырманың барлығын сәтті орындаған болсаң, нотаны  жасыл түске боя;<br>-Егер сен сабақта белгілі бір қиындықты кездестірген болсаң, нотаны  сары түске боя;</td>
<td></td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | -Егер саған сабақ барысында тапсырмаларды орындау қиын болып мұғалімнің көмегі қажет болса, нотаны  қызыл түске боя.<br>Егер қаласаң, нотаны түгел бояуыңа болады. | |

## БАҒДАРШАМ

**Кабдушева А. Е.,**
*М.Мәметова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі (Бөкей ордасы ауданы, Сайқын ауылы)*

| Сынып: 4 | Пәні: қазақ тілі (орыс сыныбында) |
|---|---|
| **Сабақтың тақырыбы:** | **Бағдаршам.** Болымды және болымсыз етістік. |
| **Сабақтың мақсаты:** | Оқушылардың көшеде жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және оны іс – жүзінде пайдалана білуін жетілдіру. Жол және адам өмірінің қауіпсіздігінің алдын алу, бағдаршам туралы, жол ережесінің маңызды екенін ұғындыру. Етістіктердің мағыналары жағынан болымды, болымсыз болып бөлінетінін түсіндіру, болымсыз етістіктердің –ма, -ме, -ба,-бе,-па,-пе жұрнақтарымен таныстыру. |
| **Оқу нәтижесі:** | Оқушылар етістіктердің мағыналары жағынан болымды, болымсыз болып бөлінетінін түсінеді, болымсыз етістіктердің –ма, -ме, -ба,-бе,-па,-пе жұрнақтарымен танысады, тәжірибеде пайдалана алады. Бағдаршам, жол ережелері туралы мәліметтермен танысып, өмірде пайдалана алады. |
| **Оқыту әдістері:** | «Пресс-конференция», «Дөңгелек үстел», «Сөздер банкі», «Басбармақ», «Бағдаршам» |
| **Барлық оқушылармен жұмыс:** | Болымды етістікті болымсыз етістікке айналдырып жаза алады, бағдаршам туралы білімдерін өмірде қолдана алады. |

**Сабақ барысы:**

| Уақыты | Мұғалімнің іс-әрекеті | Оқушының іс-әрекеті | Қажетті ресурстар |
|---|---|---|---|

| | | | |
|---|---|---|---|
| Кіріспе<br>5 мин<br><br>***Үй тапсырмасын тексеру. Өткенді еске түсіру<br>5 мин***<br><br>***Қызығушылықты ояту.<br>3 мин*** | Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылардың сабаққа әзірліктерін тексеру. Психологиялық тренинг.<br>Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз,<br>Қайырлы күн! Сәлемдесіп аламыз.<br>Мақсатымыз - білім алу,<br>Міндетіміз - еңбектену<br>Еңбектену арқылы<br>“5 “- ке қолды жеткізу!<br>Геометриялық фигуралар арқылы топқа бөлу. Топ басшысын сайлау. Бағалау парағын беру. Топ ережесін еске түсіру.<br>Үй тапсырамасын пысықтау.<br>*«Пресс-конференция»* дидактикалық ойынының шартын түсіндіреді.<br>Ойынның шарты: тақта алдына үш орындыққа етістікті зерттеп жүрген «ғалымдар» отырады. Қалған оқушылар «журналистер» болады. «Журналистер» «Ғалымдарға» сұрақтар қояды.<br>Мұғалім «жетекші ғалым» ретінде жауаптарды толықтарады.<br>Етістік дегеніміз не? Етістік қандай сұрақтарға жауап береді? Негізгі етістік дегеніміз не? Туынды етістік дегеніміз не? Дара, күрделі етістіктер туралы не айтасыз? Болымсыз, болымды етістік дегеніміз не? Мысал келтір.<br>**Жұмбақтар жасыру.**<br>1.Ала таяқ ұстаған, Жол тәртібін нұсқаған. Өміріңді күзеткен, Ысқырықпен түзеткен. (Жол полициясы)<br>2.Көліктің қаншасын үстінен өткізген, Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол)<br>3.Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та,<br>Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)<br>4.Өзі сөйлей білмейді,<br>Бірақ «Тоқта, жүр!» дейді. (Бағдаршам)<br>-Бағдаршам деген не? Бағдаршам жайлы не білеміз? Бағдаршам автомат жүйесіне қосылған үш көзді аспап. Жол ережесін сақтау үшін бізге бағдаршам керек.<br>-Бағдаршам жол ережесін реттеуші,жол қиылысынан өтуге көмектеседі. Жаяу жүрушілерді жол апатынан сақтайды.<br>-Бағдаршамның қызыл көзі жанғанда көліктер тоқтайды, ал адамдар жаяу жүрушілер ақ жолақтармен өтеді.<br>- Ал, ортадағысарыкөзіжанса, көліктердайындалады.- Ал жасылкөзіжанса, жолашылады, көліктержүреді. Бағдаршамныңүшкөзіжаяужүргіншілергежәнекөлік пен жүруге де өтеқолайлы, адамөміріңеорасанзор.<br>-Жолданөтердеөтемұқият болу керек. ЖолданжүгіріпөтугеболмайдыКөшеденөткендеарнайыақ жолақтарданөтукерек.<br>-Жолқиылысында аса абай бол, көшелерде, жолдардадопойнауға, шанаменсырғанапойнауға, болмайды. | Оқу құралдарын шығарады. Тренингке қатысады.<br><br>Топқа бөлінеді.<br><br>Тақта алдына үш орындыққа етістікті зерттеп жүрген «ғалымдар» отырады. Қалған оқушылар «журналистер» болады. «Журналистер» «Ғалымдарға» сұрақтар қояды: «Ғалымдар» мысал келтіре отырып, жауап береді.<br>Жұмбақтардың шешуін айтады.<br><br>(балалар әңгімелейді) | Тренинг жазылған парақшалар<br><br>Үстел<br><br>Интербелсенді тақта.<br><br>Слайд Бейнебаян |
| Таныстырылым<br>2 мин | Етістіктіңболымдыжәнеболымсызболыпбөлінуітуралыер ежементаныстырады. *(Етістікболымдыжәнеболымсызб олыпбөлінеді. Болымсызетістікболымдыетістікке* ***–ма, - ме, - ба, - бе, - па, - пе*** *жұрнақтарыжалғануарқылыжасалады: бар – барма, айт – айтпа, кел – келме.)* | Ереженіпысықтап, мысалдаркелтіреді. | Слайд |
| Негізгібөлі | Тапсырмалармен жұмыс | Топтартапсыр | Кеспе |

<table>
<tr>
<td>м 13 мин<br>Мағынаны тану</td>
<td>Тапсырмаберіп, қадағалап, бағыт, бағдарбереді.<br>1 – жаттығу<br>1-топ.<br>Атаңныңбаласыболма,<br>Адамныңбаласы бол.<br>2-топ.<br>Киіміңемақтанба,<br>Біліміңемақтан.<br>— Болымсызетістіктердіңастынсыз.<br>— Мақалдардыңмәнінтүсіндір.<br>2 — жаттығу<br>— Тыйымсөздердіоқы. Етістіктердітауып, олардыңболымды, болымсызекенінайт.<br>1-топ<br>1.Жолдан жүгіріп өтпе.<br>2. Құмырсқаның илеуін, қарлығаштың ұясын бұзба.<br>3. Автобуста карттарға, өзіңнен үлкендерге орын бер.<br>4. Малды аяғыңмен теппе.<br>2-топ<br>1. Нанды бір қолмен үзіп жеме.<br>2. Кітапты таза ұста.<br>3. Құстарға жемсауыт жаса.<br>4. Сүт тағамдарын жерге төкпе.<br>Тыйым сөздердің маңызы, тәрбиелік мәніне тоқталады.<br>Семантикалық карта
<table>
<tr><td>Етістік</td><td>Болымдыетістік</td><td>Болымсызетістік</td></tr>
<tr><td>жина</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>оқы</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>шашпа</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>сыбырла</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>ойнама</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>бұзба</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>кір</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>оят</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>баспа</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>тазалама</td><td></td><td></td></tr>
</table>
<table>
<tr><td>Етістік</td><td>Болымдыетістік</td><td>Болымсызетістік</td></tr>
<tr><td>сал</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>қорықпа</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>көтерме</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>бояма</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>отыр</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>жасыр</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>жүгір</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>күзетпе</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Шаш</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>алма</td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td>
<td>маларды «Дөңгелекүстел» әдісіменталқылайды.<br><br>Топта оқушылар бірлесіп жұмыс жасайды.<br><br>Топтар бірін-бірі «Басбармақ» арқылы бағалайды.<br><br>Семантикалық карта</td>
<td>қағаздар</td>
</tr>
<tr>
<td>Сергітусәті<br>2 мин</td>
<td>Бағдаршам<br>Қызыл – қолдарын жоғары көтереді.<br>Сары – бір-бірімен амандасады.<br>Жасыл – құшақтайды.</td>
<td>Қолдарын жоғары көтереді. Бір-бірімен амандасады.</td>
<td>Бағдаршам көздері</td>
</tr>
</table>

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Құшақтайды. | |
| Қорытынды5 мин *Ойтолғаныс.* | **Постермен жұмыс**<br>1 топқаболымдыетістік, болымсызетістікдеген не? Не түсіндің? Мысал келтір.<br>2 топқа – жол белгілері.<br>Тапсырманы постерде жазып, қорғайды, бір-бірін тексеріп, бағалауды ұсынады.<br><br>Шығармашылық жұмыстарда, оқушылардың жауаптарын талдау кезінде әр топтың жұмысында кім белсенділік көрсеткенін сұрайды.<br>Үйге тапсырма беріп, қалай орындау керектігін түсіндіреді. Бағдаршам туралы өлең жаттап келу. Етістік тақырыбын қайталау. | Топтар бірі-бірін «Бағдар шам» арқылы бағалайды.<br><br>Үй тапсырмасын күнделіктеріне жазып алады. | Постер, маркер.<br><br>Күнделік |
| Сабақтанкейінгікерібайланыс 3 мин | Рефлексия парағы таратылып беріледі. | Кері байланыс ты «Таңдау» тәсілімен жазады. | Рефлексия парағы |
| Бағалау 2 мин | Оқушылардың сабаққа қалай белсенділік танытқандарын сұрау. | Топ басшы лары тобындағы оқушылардың бағаларын айтады. | Бағалау парағы |

## ҚЫЗЫЛ КІТАП

**Жулкашова Ж.У.,**
*А.С.Макаренко атындағы №6 ОЖББМ*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі*

| | | |
|---|---|---|
| **Сабақ тақырыбы:** | Қызыл кітап (5 сынып) | |
| **Күні:** | **Мұғалімнің аты- жөні:** Жулкашова Жаннагуль Уразгалиевна | |
| **СЫНЫП:** 5 сынып | **Қатысқандар:** | **Қатыспағандар:** |

| | |
|---|---|
| **Осы сабақ арқылы жүзеге асатын оқу мақсаттары** | 5.1.6.1 – тыңдалым материалдарының мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру;<br>5.2.5.1 - берілген сұрақты дұрыс түсініп, лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу;<br>5.3.5.1 - қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу;<br>5.4.4.1 - мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жасау; |
| **Сабақ мақсаттары** | **Барлық оқушы орындай алады:** Мәтінді оқи алады, жаңа сөздердің мағынасын түсіне алады. |
| | **Оқушылардың көпшілігі орындай алады:** Тақырыпқа байланысты жаңа сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсінеді, ауызекі сөйлеуде қолданады;<br>- жаңа сөздерді пайдаланып, бейнежазбаның желісі бойынша әңгіме құрастыра алады, өзара сөйлеседі. |
| | **Кейбір оқушылар орындай алады:** Берілген материалдың кім\не туралы екенін түсінеді. Мәтін бойынша тірек сөздерді таңдап алып, мазмұндай алады. |
| **Жетістік критерийлері:** | Тақырып аясында сыныптастарымен тілдеседі, қосымша мәліметтер береді. |
| **Тілдік мақсат** | Ерте заман, қорғау, одақ, өсімдіктер, деректер, жойылып кету, сирек, тіркелген. |

| | |
|---|---|
| **Құндылықтарды дарыту:** | Адамгершілік, жауапкершілік, мейірімділік. |
| **Пәнаралық байланыс:** | Дүниетану, тарих. |
| | |
| **Алдыңғы оқу:** | Өткен сабақта танысқан тақырып бойынша сұрақтарға жауап беру.<br>Тілдік бағдар. |
| **Жоспар** | |

| **Блум таксономиясы** | **Уақыт** | **Жоспарланған жаттығу түрлері** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|
| **Білу**<br><br><br><br><br><br><br>**Түсіну** | **Басы**<br>**2 мин**<br><br>**3 мин**<br><br><br>**5 мин** | Топқа бөлу: Қиық суреттерді құрастыру арқылы топқа бөлу. (бүркіт, барыс, қызғалдақ)<br>**Суреттер галереясы** (оқушылар құрастырған суреттерін галереяға іледі)<br>**«Миға шабуыл» стратегиясы**<br>• Мына суреттерде бейнеленген жануар, құс, өсімдік туралы не білесіңдер?<br>• Бұларды Қазақстанның кез келген жерінен кездестіруге бола ма? Неге?<br>• Тағы қандай сирек кездесетін жануарлар, өсімдіктер мен құстарды атай аласыңдар?<br>• Олар неге сирек кездеседі?<br>• Сирек кездесетін жануарлар мен құстар, өсімдіктер мемлекет тарапынан қалай қорғалады?<br>• Балалар, сонымен бүгінгі сабақтың тақырыбы қандай болады деп ойлайсыңдар?<br>• «Қызыл кітап»<br>• Бүгінгі сабағымыздың мақсаты: «Қызыл кітап» туралы мәлімет алу.<br>Мұғалім оқушылардың тақырып бойынша түсінігін қалыптастыру мақсатында бейнематериал көрсетіп, ой бөлісу жұмысын ұйымдастырады.<br>Оқушылар бейнематериал негізінде сұрақтарға жауап береді.<br>-Бейнематериал не туралы?<br>-Кітапты неге қызыл деп атайды?<br>-Оның қандай парақтары бар?<br>-Қара бетте қандай жануарлар тізімі беріледі?<br>-Ал қызыл бетте ше?<br>-Жасыл бетке қандай жануарлар кіреді?<br>-Сонымен, балалар, қызыл кітап не үшін жасалған? | АКТ, интернет желісі, оқулық, интербелсенді тақта, суреттер, постер, смайликтер, бағдаршам, рефлексия парақтары.<br><br>**Смайликпен бағалау**<br><br>https://www.youtube.com/watch?v=zxPcDXRntdQ<br>**Қызыл кітапқа енген жануарлар** |
| **Қолдану** | **Ортасы**<br>**7 мин** | **«Ойлан, топтас, бөліс»** әдісі бойынша тапсырмаларды орындау.<br>1. Аудиожазылымды мұқият тыңдау;<br>2. Мәтінді түсініп оқу;<br>3. Сөздік жұмысы. (жаңа сөздердің мағынасын сөздік арқылы түсіндіру, сөз тіркестері мен сөйлемдер құру)<br>**Дескриптор:**<br>- Мәтінді мұқият тыңдайды.<br>- Мәтінді түсініп оқиды.<br>- Жаңа сөздермен танысады. | **Вербальды бағалау** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Талда у**<br><br>**Жина қтау** | **3 мин**<br><br>**10 мин**<br><br>**5 мин** | - Сөздік арқылы жаңа сөздердің мағынасын түсіндіреді.<br>- Жаңа сөздермен сөз тіркесін, сөйлем құрайды.<br><br>4. 4-тапсырма 52-бет (мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру)<br>**Дескриптор:**<br>- Сұрақтарды мұқият оқиды.<br>- Мәтінге сүйеніп, сұрақтарға толық жауап береді.<br><br>5. 5-тапсырма 52-бет<br>**Дескриптор:**<br>- Берілген тақырыптарды мұқият оқиды.<br>- Берілген тақырыптарды мәтіннің мазмұны бойынша орналастырады.<br>-Тірек сөздер арқылы постер құрады және қорғайды.<br>**Постерді бағалау критериі:**<br>1.Мазмұны тақырыпқа сай – 1<br>2.Ой жүйелілігі - 1<br>3.Дұрыс және көркем жазу - 1<br>4.Топтың шығармашылығы, ұйымшылдығы -1<br><br>«Топтық ой толғам» әдісін қолданып, сабақ барысында алған ақпаратты пайдалана отырып, әр топ кестені толтырады, ойымен бөліседі.<br><br><br>• | **Бағдаршам**<br><br>**Балдық бағалау**<br><br>**Рефлексия парақтары** |
| **Бағал ау** | **Соңы 5 мин** | Жетістік критериіне қайта оралайық.<br>• Қызыл кітап дегеніміз не?<br>• Ол не үшін жасалған?<br>• Қоршаған ортаны қорғауда сендердің үлестерің қандай<br>**Рефлексия** | |

## АНАМНЫҢ ТУҒАН КҮНІ

**Махметова Г.А.,**
*Бөрлі ауданы, Бөрлі ЖОББМ*

| | |
|---|---|
| **Сыныбы 3 «Г»** | Күні: |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Анамның туған күні**<br>**Тәуелдік, септік жалғауларын қайталау.** |
| **Мақсаты** | Оқушылардың сөйлеу қабілеттерін жетілдіру, мәтінмен жұмыс жасау барысында тәуелдік,септік жалғауларын қайталау. |
| **Күтілетін нәтижелер** | А/ Мәтін ішінен тәуелдік, септік жалғауларын ажырата алады |

| | |
|---|---|
| | **В/** Жеке, жұптық берілген тапсырмаларды өз бетімен орындай алады.<br>**С/** Тақырып бойынша эссе жаза алады. |
| **Керекті жабдықтар** | Оқулық, жұмыс дәптері, стикер, тапсырмалар, семантикалық карта, маркер, флипчарт, АКТ |

Сабақ барысы:

| **Сабақ кезеңдері** | **Мұғалім әрекеті** | **Оқушы әрекеті** |
|---|---|---|
| **Кіріспе** | **Ұйымдастыру кезеңі**<br>Оқушылармен сәлемдесу<br>*Сабаққа дайындық* | Оқушылар амандасады, ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру<br>Поэзия минуты |

**Тұсаукесер**

**I.** Топқа бөлу

**II.**Үй жұмысы: оқушылар **«Бауырсақ»** қойылымын көрсетеді.

**Мақал-мәтелді жалғастыр.**

**Мақалдың жалғасын хормен айтады.**

- Еңбектің наны тәтті,
  **Жалқаудың жаны тәтті.**
- Ас атасы –**нан**
- Нан **-киелі ас**
- Нан болмаса, **ән де болмайды**.
- Алтын – күміс тас екен,

**Арпа-бидай ас екен.**

**Негізгі бөлім**

**Не артық?**

Оқушылар артық сөзді тауып, жаңа тақырыпты ашады.

| | | |
|---|---|---|
| Қыркүйек | Наурыз | Қазан |
| Ақпан | Туған күн | Шілде |

Ендеше балалар,бүгінгі сабақта біз қандай тақырыппен жұмыстанатын боламыз?

**Сабақтың тақырыбы: Анамның туған күні**

**III. «Синквейн» әдісі** ауызша - ана

- Зат есім –существительное - **Ана**
- Сын есім –прилагательное – **Ана қандай?**
- Етістік –глагол **Ана не істейді?**
- *Сөйлем құрастыру*
- Синоним **ана – шеше.**

**IV.**Жұппен жұмыс **«Полиглот»** әр топқа үш сөзден беріледі.

**(Үш тілде сөздердің сәйкестігін табу)**

**Ана** - мама - **mother**
**Кітап** - книга - **book**
**Дос** - друг - **friend**

**Күн** - день - **day**
**Гүл** - цветок - **flower**
**Ана** - мама - **mother**

**Ана** - мама - **mother**
**Жақсы** - хороший - **good**
**Кеше** - вчера - **yesterday**

**V. Семантикалық картамен** жұмыс ауызша септіктер

| **Сөздер** | **А.С** | **І.С** | **Б.С** | **Т.С** | **Ж.С** | **Ш.С** | **К.С** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Анаға** | | | + | | | | |
| **Анадан** | | | | | | + | |
| **Ананың** | | + | | | | | |
| **Ананы** | | | | + | | | |
| **Анамен** | | | | | | | + |
| **Анада** | | | | | + | | |

**VI.Тәуелдеу «Ана»** жазбаша

| **Жақ** | **Жекеше түрі** | **Көпше түрі** |
|---|---|---|
| I | Менің ана + **м** | Біздің ана +**мыз** |
| II С\т | Сенің ана +**ң** | Сендердің ана +**ларың** |
| | Сіздің ана +**ңыз** | Сіздердің ана +**ларыңыз** |
| III | Оның ана +**сы** | Олардың ана+**сы** |

**VII.Тест , тексеріп бағалау**

**Тест**

- **1. Көктем айлары:**

А) қыркүйек, қазан, қараша В) маусым, шілде, тамыз
С ) желтоқсан, қаңтар, ақпан Д) наурыз, сәуір,мамыр

- **2. Табыс септіктегі сөзді табыңыз.**

А) Анамен В) Анадан С) Ананы Д) Анаға

- **3. Тәуелдік жалғауының ІІ ж с\т көпше түріндегі сөзді табыңыз.**

А) Менің күнім В) Сендердің күндерің
С) Сіздердің күндеріңіз Д) Олардың күні

- **4. Барыс септігіндегі сөзді табыңыз.**

А) ананың В) анаға С) ананы Д) анада

- **5. Тәуелдік жалғауындағы сөзді табыңыз.**

А) Мен оқушымын В) Біз оқушымыз
С) Сенің оқушың Д) Сендер оқушысыңдар

**Дұрыс жауаптары**

- **1. Көктем айлары:**
  Д) наурыз, сәуір, мамыр
- **2. Табыс септіктегі сөзді табыңыз.**
  С) Ананы
- **3. Тәуелдік жалғауының ІІ ж с\т көпше түріндегі сөзді табыңыз.**
  С) Сіздердің күндеріңіз
- **4. Барыс септігіндегі сөзді табыңыз.**
  В) анаға
- **5. Тәуелдік жалғауындағы сөзді табыңыз.**
  С) Сенің оқушың

**Бағалау**
**5 – “5”**
**3-4 – “4”**
**2 – “3”**

**VIII.**Сергіту сәті

**IX.Жаңа сөздермен жұмыс**

**X.Постермен жұмыс**

| | |
|---|---|
| **Қорытынды** | **Жаңа сөздермен жұмыс**<br>**Не істеп жатыр?**-что делает? (-ют)<br>**Дайындалып жатыр** -готовятся<br>***Мейірімді*** *–добрая*<br>***Тілеймін*** *–желаю*<br><br>**Мәтінмен жұмыс**<br>Менің атым –Санжар. Мен үшінші сыныпта оқимын.Бүгін- менің анамның туған күні. Менің анам отыз бес жасқа толды. Ол өте мейірімді. Мен анама барлық жақсылықты тілеймін. Мен анамды жақсы көремін.<br><br>*1топ «*Анамның туған күні» тақырыбына *Эссе жазады*<br>*ІІ топ Мәтін ішінен **тәуелдік, септік жалғауларын теріп жазады.***<br>*ІІІ топ мәтін бойынша сұрақ* **(диалог)** ***құрастырады.***<br>**XI. Аудармашы ойыны**<br>Осень –күз<br>Сто –жүз<br>Дедушка- ата<br>Брат –аға<br>Квартира –пәтер<br>Тетрадь- дәптер<br>Девочка-қыз<br>Птица –құс.<br><br>**«Ыстық орындық» әдісі** арқылы сабақты бекіту.<br><br>Оқушылар<br>Бағдаршам арқылы сабақты бағалайды<br><br>Бағдарш ам<br>**Бағдаршам сигналдары:**<br>***<u>ЖАСЫЛ СИГНАЛ</u>*** **=**<br>**Мен сабақты жақсы түсіндім**<br>***<u>САРЫ</u>*** **= Мен сабақты жартылай түсіндім, бірақ тағы жұмыс істеу қажет**<br>***<u>ҚЫЗЫЛ</u>*** **= Маған көмек керек.**<br><br>**YI. Үйге тапсырма:** Анаға арнап құттықтау хат жасап, жақсы тілек жазу |

## МЕНІҢ МЕКТЕБІМ

**Шумбалова А.Ф.,**
*№6 А.С.Макаренко атындағы ЖОББМ*

| | | |
|---|---|---|
| Мектеп: Орал қаласы, ЖОББМ №6 | | |
| Сабақ тақырыбы: Менің мектебім | | |
| Күні | Мұғалімнің есімі Шумбалова Анар Фурмашовна | |
| Сынып 5 | Қатысқандар саны 12 | Қатыспағандар саны |
| **Сабаққа негізделген оқу мақсаты** | 5.1.2.1 Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақ ақпаратты анықтау.<br>5.4.4.1 Мәліметтерді жинақтай отырып,тақырып бойынша постер жасау. | |

| | |
|---|---|
| **Сабақ мақсаттары:** | **1.**Берілген мәтінді түсінеді,негізгі ақпаратты анықтайды,постер жасауға мәлімет жинақтайды<br>**2.**Ақпараттардың мәтінге қатысты дұрыс - бұрыстығын ажыратады, жин алған ақпараттарын постерге түсіреді.<br>**3.**Тыңдаған ақпаратты бойынша өз ойларын дәлелдеп,постер қорғайды |
| Бағалау критерийлері: (жетістік критерийлері, табыс критерийлері, күтілетін нәтиже) | Мәтінді түсініп,бірлесіп мазмұнын айтады.<br>Ақпараттардың дұрыс-бұрыстығын ажыратады.<br>Тақырып бойынша постер құрастырады.<br>М |
| Тілдік мақсаттар | **Тілдік дағдылар:** тыңдалым,жазылым<br>**Терминология:** оқулық,қалам,күнделік,сызғыш,өшіргіш<br>**Сөз тіркестері:** өте жақсы,жазғым келеді,айтқым келеді, дауыстап оқу |
| **Пәнаралық байланыстар** | Орыс тілі,ағылшын тілі(мектеп, мектеп кабинеттері туралы сөздік қор) |
| **АКТ қолдану дағдылары** | Интербелсенді тақта |
| **Алдыңғы оқу / Бастапқы білім** | «Менің мектебім» тақырыбы бойынша түсініктері бар,білімдері қалыптасқан. |

**Жоспар**

| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығулар** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| **Басталуы (7 минут)** | Сәлемдесу, оқушыларды түгелдеу, сыныпта психологиялық ахуал туғызу<br>Ол үшін **«Жүректен жүрекке»тренингін** жүргіземін<br>Оқушылар берілген парақшаларға сыныптастарына жақсы тілек жазады.<br>Топқа бөлу: **«Мозайка» әдісі** арқылы сыныпты үш топқа бөлемін. Оқушылар қиылған әріптер арқылы сөз құрастырып, топқа бөлінеді.<br>Бағалау критерийлерімен таныстырып, әр топқа бағалау парақшаларын таратамын.<br>**Үй тапсырмасын тексеру**<br>• **«Қар кесегі» әдісімен** бірнеше сұрақтар қою арқылы өткен сабақта алған білімдерін тексеремін, кемшілік тұстары болса түзетіп, анықтаймын.<br>**Жаңа сабақ.**<br>Оқушыларға ой шақыру үшін тақырып туралы сұрақ қойылады. Жаңа сөздер түсіндіріледі.<br>- Сен қай мектепте оқисың?<br>- Нешінші сыныпта оқисың?<br>- Сенің мектебің қай мекен – жайда орналасқан?<br>- Өз мектебің туралы не айта аласың?<br>**Құпияға толы зат әдісі** бойынша сабақ тақырыбын ашу<br>   <br>**Жаңа сөздер:** оқулық,күнделік,сызғыш,өшіргіш, дауыстап оқу,іштей оқу | |

**Ортасы (25 минут)**

**«Миға шабуыл» әдісі**
1.«Менің мектебім» мәтінің екі рет тыңдатып,не туралы екенін талдау?
2.Бұл мәтінде қандай таныс сөздер кездесті?
3.Бұл мәтін бойынша түсінбеген сөздерің бар ма?
4.Мектептері неше қабатты екен?
5.Мектепте нелер бар екен?
6.Спорт залы қандай екен?

Ал енді балалар, «Менің мектебім» деген қалай түсінесіңдер?

**1 тапсырма.«дұрыс», «бұрысын» кестесі бойынша толтыру.**

**Бағалау критериий** Ақпараттар-дың дұрыс - бұрыстығын ажыратады.

| **Сөйлем** | **Дұрыс (+)** | **Бұрыс (-)** |
|---|---|---|
| Мектепке кіргенде сол жақта асхана,оң жақта кітапхана. | | |
| Екінші қабатта үш мұғалім бөлмесі мен он үш сынып бөлмесі орналасқан. | | |
| Біздің мектепте өз мұражайымыз бар. | | |

**Дескриптор:**
Мәтінді түсінеді
Мәтін бойынша қатесін табады
**Бағалау: Жазбаша кері байланыс**
**Саралау тәсілі:«дереккөздер»**

**2-тапсырма** топтық жұмыс. «Төрт сөйлем» әдісі арқылы оқушылар тыңдалған мәтінді талдап,берілген сөздермен,сөз тіркестерімен постер құрайды.
Менің арман еткен мектебім қандай болуы керек?
Мектеп оқушыны неге үйретеді?
Қазіргі заманда мектептің,білімнің қажеті бар ма?
Жағымды, жағымсыз жақтарына сараптама беріп, пікірталасқа топпен түседі.

**Дескриптор:**
«Төрт сөйлем» әдісі:
Пікір:
Дәлел:
Мысал:
Қорытынды:

**Бағалау критериий** Тақырып бойынша постер құрастыра-ды.

**Бағалау:**Фомативті бағалау бойынша оқушылардың қаншалықты түсінгендігін «Бағдаршам» әдісі арқылы анықтаймын.

жетілдіру керек

орташа

өте жақсы

**Саралау тәсілі: «жіктеу, диалог және қолдау көрсету »**

**3-тапсырма** жаңа сөздермен жұмыс «1 минут» әдісі: тақтаға үш оқушы

<table>
<tr>
<td>Бағалау критерийі<br>Мәтінді түсініп,бірлесіп мазмұнын айтады.</td>
<td>шығады. Сандықшадан мәтінде тақырыпқа байланысты кездескен таныс сөздер жазылған қағаздарды алады, мағынасын қалған оқушыларға түсіндіреді.<br><br>Дескриптор:<br>Сандықтан бір сөзді алады<br>Сол сөз туралы 1 минут сөйлейді<br><br>Бағалау:<br>Топ бірін-бірі смайликтер арқылы бағалайды<br><br><br><br><br>Саралау тәсілі: «бағалау»</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td>Аяқталуы (4 минут)</td>
<td>Бекіту: «Поп корн» әдісі арқылы оқушылардың бүгінгі сабақты түсіну деңгейін анықтаймын. «Бүгінгі тақырыпқа байланысты бір сөйлем»<br>Дескриптор: 1.Жылдам жауап бере алу<br>2.Ойын жинақы бере алу<br>3.Дұрыс сөйлем құрастырып, пікірін айту.<br>Бағалау: жұлдызша таратамын</td>
<td></td>
</tr>
<tr>
<td colspan="3">Қосымша ақпарат</td>
</tr>
<tr>
<td colspan="2"><u>Саралау</u> - Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлайсыз?</td>
<td>Менің үш тапсырмамда да саралау жүзеге асады.<br>1- тапсырмада тыңдалған мәтін бойынша «дұрыс», «бұрысын» кестесін толтырады. Мұнда саралаудың «дереккөздер» тәсілі жүзеге асады.<br>2- тапсырмада мәтінді талдап,берілген сөздермен,сөз тіркестерімен постер құрайды.Мұнда саралаудың «жіктеу,диалог және қолдау көрсету» тәсілдері жүзеге асады. Қолдауды барынша қажет ететін оқушыға тапсырманы орындау барсында жан – жақты әрі нақты көмек қажет болады.<br>Сол кезде ол топта жақын арадағы даму аймағында өз сыныптастарынан нақты көмек ала алады. Сонымен қатар мұғалім тарапынан сөзбен қолдау көрсету,сұрақ қою,ынталандыру арқылы оқушылар қолдау алады.<br>3- тапсырмада сандықшадан мәтінде кездесетін таныс сөздер жазылған қағаздарды алады, мағынасын түсіндіреді.Мұнда саралаудың «бағалау» тәсілі жүзеге асады.</td>
</tr>
</table>

| | |
|---|---|
| **Сабақ соңындағы рефлексия (3минут)** | "Алма ағашы" ---мен бәрін түсіндім, көңіл-күйім тамаша<br> --- мен түсінбедім, көңіл-күйім жоқ<br><br>---мен көп нәрсені түсіндім, үйрендім, көңіл-күйім тамаша<br>Мұғалім«Керібайланыс»әдісінің негізінде алмаларды таратады. Оқушылар сабақтан алған әсерлерін алма ағаштарына іледі. |
| **Үй тапсырмасы (1 минут)** | Мектеп туралы 5 сөйлем құрастыру. |
| Қорытынды бағамдау | Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1.топтық жұмыс «Төрт сөйлем» әдісі табысты болды.<br>2.жеке жұмыстағы «1 минут» әдісімен жүргізілген тапсырма тиімді болды.<br>Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алады (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?<br>1. «дұрыс», «бұрыс» әдісі бойынша тапсырмалар<br>2. «қар кесегі» әдісі арқылы да тапсырмалар орындатуға болады.<br>Сабақ барысында сынып немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/қиындықтары туралы не білдім? Менің келесі сабағымды жетілдіруге не көмектеседі, неге көңіл бөлу керек?<br>1.жетістіктері мен қиындықтарды оқушылардың кері байланыс нәтижесінде білемін.<br>2.сабақ мақсатына жетудегі кедергілер нәтижесінде келесі сабағымда жетілдіру, түзету жұмысын жүргіземін. |

## ТӘУЕЛСІЗДІК СИМВОЛЫ – ҰЛТТЫҚ ТЕҢГЕ

**Тлегенова К.К.,**
*Зеленов ауданы Асан ЖОББМБК*

| | |
|---|---|
| **Сабақ:** Тәуелсіздік символы – ұлттық теңге | **Мектеп:** Зеленов ауданы Асан ЖОББМБК |
| **Күні:** 01.02.18 | **Мұғалімнің аты-жөні:**<br>Тлегенова Камшат Калиуллиевна |
| **Сынып:** 5«Б» | **Қатысқандар:** 14 |
| **Оқу мақсаттары:** | 5.Т2 Тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты анықтау.<br>5.А1 Тақырып бойынша меңгерген жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антонимдерімен қатар қолдану,ойын жеткізе білу.<br>5.А2 Қазақша амандасу мәнері мен ұлттық этикет формаларын пайдалану.<br>5.О5 Қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу.<br>5.ТБ1.2 Жазба,ауызша жұмыстарды қолдану. |
| **Сабақмақсаттары: (табыс критерийлері)** | Барлық оқушылар:Сөйлесімәрекетініңнегізіндеоқушылардыңұлттық теңге жайлыақпараттықұғымынқалыптастырады |

| | | |
|---|---|---|
| | Көптеген оқушылар: Сұрақтарға дұрыс жауап береді.<br>Кейбір оқушылар: Диалог құрастырады.<br>Оқушының төменгі жетістігі (ОТЖ): ұлттық теңге жайлы ақпарат береді.<br>Оқушының орташа жетістігі (ООЖ): ұлттық теңге жайлы айтады, сипаттайды.<br>Оқушыныңжоғарғыжетістігі(ОЖЖ):тақырыпаясындатілдіккарым-қатынасқұраалады,сұхбаттасады, ұлттық теңгеге байланыстышағынмәтінқұрайды. | |
| **Тілдік мақсаты:** | **Сөздік жұмыс: қарқынды-интенсивный,**<br>Шыққан жылы –<br>год выпуска<br>бейне –внешний вид<br>төл теңге-национальная валюта<br>өңір-регион<br>мерейтой-праздник<br>арнайы-специальный<br>ерекше-исключительный<br>Жаңа сөздер және сөз тіркестерімен мәтінді мазмұндау. | |
| **Алдыңғы оқу:** | Үй тапсырмасын тексеру: Тіл тақырыбына мақал-мәтелдер,нақыл сөздер.Тәуелсіздік нышандары тақырыбына диалог. | |
| **Жоспарланған уақыт** | **Жоспарланған жаттығу Түрлері** | **Ресурстар** |
| **Басы** | Амандасу.Көңіл-күйлерін сұрау. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру (тренинг өткізу).<br>Стикерлер арқылы екі топқа бөлінеді.<br>***<u>Үй тапсырмасын тексеру:</u>***<br>1.Алтын ұяң — Отан қымбат,<br>Құт - берекең — атаң қымбат,<br>Аймалайтын — анаң қымбат,<br>Асқар тауың — әкең қымбат (Қазыбек би).<br>2.Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.<br>3.Сағынған елін аңсайды,<br>Сарыала қаз көлін аңсайды.<br>4.Жат елдің қаршығасынан,<br>Өз еліңнің қарғасы артық.<br>5.Бақа көлінде патша<br>Балық суында патша.<br>Жігіт елінде патша.<br>6.Егілмеген жер жетім,<br>7.Елінен айрылған ер жетім.<br>8.Ел іші алтын бесік.<br>9.Жері байдың елі бай.<br>10.Отан –қуат,<br>Отбасы – шуақ.<br>11.Ел елдің бәрі жақсы, өз елің бәрінен жақсы.<br>12.Туғанжердіңауасы да шипа.<br>**Табыс критерий:** Тіл тақырыбына мақал-мәтелдер,нақыл сөздерді айту.<br>- *мақал-мәтелдерді,нақыл сөздерді айтады;*<br>- *мақал-мәтелдердің,нақыл сөздердің мағынасын түсінеді;*<br>***(смайликпен бағалау)***<br>Тәуелсіздік нышандары тақырыбына диалог. | <br>АКТ<br><br>**Бағалау: Смайликтер арқылы мұғалімнің бағалауы жүзеге асады**<br><br>**өте жақсы** |

| | | |
|---|---|---|
| | | <br>**толықтыр**<br><br>**ойлан** |
| **Ортасы** | -Бүгінгі сабағымыздың тақырыбын ашу үшін видеоматериалға назар аударыңыз.<br>Ұлттық теңге тақырыбына арналған бейнефильм тамашалау..<br>-Бейнефильм не туралы?<br>(оқушылардың жауаптары).<br>Бүгінгі сабақтың тақырыбы:<br>**Тәуелсіздік символы-ұлттық теңге.**<br>**1-тапсырма.**<br>Мәтінмен жұмыс.<br>*<u>Жаңа сөздермен танысу:</u>*<br>Шыққан жылы –<br>год выпуска<br>бейне –внешний вид<br>төл теңге-национальная валюта<br>өңір-регион<br>мерейтой-праздник<br>арнайы-специальный<br>ерекше-исключительный<br><br>Топтар бір-бір сөйлемнен оқып шығады. Мәтін бойынша бір-біріне сұрақтар қойып, оларға жауап береді.<br>**1 топ-**«Дара диаграмма» әдісі бойынша мәтінді әңгімелеу.<br>**2 топ-**«Уақыт тізбегі» әдісі бойынша тыңдалған мәтін не туралы екенін түсіну.<br>**Табыс критерий:**Берілген әдістер бойынша мәтінді әңгімелеу.<br>**Критериалды бағалау.**<br>*-сызбаға сөздер мен сөз тіркестерін дұрыс жазады-1 балл*<br>*-сөздер және сөз тіркестерімен сөйлемдер құрастырады, түсінгенін айтады-2 балл.*<br>*-мәтіннен қарамен сызылған сөздердің синоним және антонимдерін табады- 3 балл.*<br>Сергіту сәті. **Ән Атамекен**.<br>**2-тапсырма.**<br>**1 топ**.сәйкестендіру.<br>Бірінші айырбастау<br>бейнеленді жобасын<br>қоймалары болашағы<br>бетіне жерасты | Топтарға арналған ватман, маркерлер, оқулық.<br>Әр топ тапсырмаларын орындап болған соң түсіндіреді, басқа топ мүшелері өз ұсыныстарын стикерге жазып жұмыстың астыңғы жағына жабыстырады |

| | | |
|---|---|---|
| | жасаған қазақ<br>халқының теңгеге<br>**2 топ.Сөйлемдерді дұрыс құрастыру.** Ұлттық теңгені жасауға екі жылдай уақыт кетті.Ұлттық валютада елдің өткені, бүгіні және болашағы бейнеледі.<br>**Топтар бір-бірін бағалайды.** ***(Бағдаршам түстерімен бағалау)***<br>**Табыс критерий:** Сөздерді дұрыс сәйкестендіру , сөйлемдерді дұрыс құрастыру. |  |
| **Бекіту** | **Кері байланыс:**<br>Ыстық орындық әдісі арқылы тақырыпты бекіту.<br><br>Екі тілек, бір ұсыныс. | |
| **Рефлексия**<br>Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандайболды?<br>Мен жоспарлаған саралаушаралары тиімдіболдыма?<br>Мен берілген уақытішінде үлгердімбе? Мен өзжоспарыма қандай түзетулер енгіздімжәне неліктен? | Бүгін оқушылар ұлтық теңге туралы мәлімет алып,білімдерін нығайтты.Оқушылар сабаққа белсене қатысып отырды.Жоспарланған шаралар тиімді болып,берілген уақыт ішінде үлгердім.Антоним, синоним ережелерін еңгізер едім.<br>Оқушыларға смайлик, жұлдызша, басбармақ, бағдаршам түстерімен қолдау көрсеттім.<br>Қабілетті оқушылар жоғары деңгейлі сұрақтарға жауап берді. | |

## Мазмұны:

**Қыдыршаев А.С.** Қалимолла Жұмағалиұлы Мырзағалиев - көркем шығармаға әдістемелік-тәжірибелік талдама жасау шебері.....4
**Тұрғаналиева Г.Г., Кулдашева М.С.** Қазіргі заманауи ритор-мұғалімнің тұлғасы .....8
**Хасанов Ғ.Қ.** Блум таксономиясы негізіндегі когнитивтілік категориялары.....11
**Габдуллина З.Д.** Қ.Мырзағалиев және әдебиетті оқыту мәселелері …..15
**Абдолова Г.К.** Оқу сауаттылығын қалыптастыруда белсенді әдіс-тәсілдер.....18
**Бердіғалиева Р.Ж**. Белсенді стратегиялар арқылы сөйлесу қызметінің түрлерін меңгерту.....22
**Казиева Г.У.** Қазақ тілі сабағында тыңдалым, айтылым дағдыларын қалыптастырудың тиімді жолдары.....25
**Шхан Н.Е.** Оқу мен оқытудағы дағдылар мен ұстанымдар.....29
**Набиева А.К.** Педагогикалық әдеп және ұстаздақ шеберлік.....32
**Зулкарнаева Г.Е.** Жаңартылған білім беру негізінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде оқушылардың сыни ойлау дағдыларын қалыптастыру.....35
**Диярова Р.Р.** Жаңаша оқыту мазмұнына – жаңаша көзқарас.....37
**Ержанова Б.** Абай шығармаларын оқытуда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер.....40
**Набиева С.Ш.** Оқылым – оқушының оқу сауаттылығын қалыптастырудың басты бөлігі.....45
**Теміргалиева М.Ж.** «Мәтінмен жұмыс жүргізудің тиімді жолдары».....47
**Мухамедьярова З.Т.** Абай Құнанбайұлының әдеби-шешендік тағылымы .....52
**Жарылғапова К.К.** Қазақ тілі мен әдебиетіноқытуда жаңа технологияларды пайдаланудың тиімді жолдары .....54

## Қазақ тілі пәні бойынша сабақ жоспарларының үлгілері

**Кенжегарина Қ.М.** Қазақ халқының салт-дәстүрлері .....58
**Сахасова Ш.Х.** Амандасу …..61
**Бисекешова Ж.М.** Бағдаршамның тарихы .....63
**Гиляжева Г. Ж.** Көшпелілердің жазуы .....64
**Хайруллина Ж.Ж.** Оқу құралдары.....66
**Жаманғарина А.А.** Ай мен Шолпан тоғысты.....69
**Махмудова Г. Ж.** Асыл тастар. Тасымал.....72
**Ержанова Г. Т.** Қара шаңырақ .....74
**Исатаева Л.И.** Жалбыз – емдік өсімдік .....77
**Бектұрғанова А.У.** Әке көрген оқ жонар.....81
**Ниязғалиева А.А.** Пирамида. Бөлек жазылатын сөздердің емлесіне қатысты ескертулер.....85
**Алипкалиева К.С.** Тұрақтылықтың басты кепілі-татулық пен келісім.....88
**Пергалиева А.Т.** Байқоңыр .....93
**Рыспаева А.Р.** Қонақ күту дәстүрі .....94
**Рахметова Н.У.** Жемістер мен көкөністер .....98
**Машанова Г.К.** Үйсіз жануарларды бірге қорғайық .....100
**Молдашева Р.М.**Тұмар патшайым .....101
**Султангереева Г.У.**Сырт келбет және өмір салты .....108
**Бексейтова В. Н.** Мың алғыс саған, қазақ халқы!.....110
**Измагамбетова М.С.**Тәуелсіз Қазақстан .....114
**Кошкарбаева К.С.**Отбасылық мерекелердің тәрбиелік мәні .....116
**Макарова А.М.** Қазақ халқының ауа райын болжауы .....118
**Утешева Р.А.** Таулар сыры .....120
**Хаирмухамбетов К.А.**Қонақ күту дәстүрі .....123
**Мухамбетжанова Г.А.** Бесікке салу .....126
**Алтаева У.М.** Қазақстандағы климаттық аймақтар .....130
**Тұрсынғали Л.Қ.** Денсаулықты сақтау үлкен өнер .....131
**Жантасова Г.Х**. Ай мен күн .....133
**Сапиева Г.С.** Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.....135
**Мұқанова А.С.** Музыка – жүрек тілі .....136
**Абдрахманова Д.М.** Бабамның киген киімі .....139
**Жанахметова Б.А.** Әлемнің жаңа жеті кереметі .....141

**Муканова А.К.** Ғаламтордың пайдасы мен зияны ....143
**Кенжесова М.** Хобби деген не? Сөздік қордың толығу жолдары....144
**Әйіп А.Т.** Отбасы – шағын мемлекет ....146
**Абуова А.С.** Қара шаңырақ ....148
**Басгулова Г. О.** Ана тілім – айбыным ....153
**Джулмухамбетова А.С.** Көне түркі жазуы ....156
**Иралиева М.Р.** Менің досым ....161
**Тапаева Г.К.** Қонақ күту дәстүрі ....164
**Султанова С.С.** Төрт түлік ....167
**Утегенова Н.Т.** Ғаламтор және кітап ....171
**Үмбеталиева Н.А.** Отан үшін от кешкендер....173
**Усагалиева А. З.** Дәрумендердің пайдасы....175
**Гиылманов Е. Ш.** Бата беру ....175
**Уразалиева Д.Е.** Мен не үйрендім? ....176
**Кенжегарина Г.М.** Қасқыр мен тиін ....178
**Жомартова А.** Жалбыз....180
**Аюпова Т.О.** Достық - өмірлік нұсқа ....182

**Әдебиет пәні бойынша**
**сабақ жоспарларының үлгілері**

**Кожагалиева А.М.** А. Байтұрсынұлы «Адамдық диқаншысы» өлеңі....185
**Тасқалиева А.Е.** Жиембет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім»....189
**Амиргалиева Н.С.** «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы....191
**Сабирова Б.М.** Қазтуған жырау. «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» өлеңі....193
**Мухитова Д.А.** А.Құнанбаев. Ғылым таппай мақтанба....198
**Тасанова М.Н.** А.Құнанбайұлы. «Ғылым таппай мақтанба»....203
**Сыдихова А.Ж.** Т.Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала»....205
**Макшаева Ж. Д.** «Алпамыс батыр» жырының кейіпкерлері....209
**Темиргалиева Г.Т.** Ғ. Мүсірепов «Жаңа достар» ....212
**Сейткалиева Н. К.** Қ.Мырзалиев. «Кәрі қыран» өлеңі....212
**Куаншалиева М.Ж.** Қазақ жазуы ....216
**Тулешева М.Е.** Б.Соқпақбаев «Менің атым Қожа». «Түбінде адам болатын бала»....219
**Жумабаева Г.С.** Ы.Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі ....222
**Усенова С.У.** Базарға барамын ....224
**Кулакова А.Ж.** Т.Нұрмағанбетов«Анасын сағынған бала»....227
**Каиргузина Г.К.** «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы....229
**Муканова А.К.**Ақтамберді жырау «Күлдір- күлдір кісінетіп» толғауы....232
**Есқожина С.С.** «Қыз Жібек» жырындағы ұлттық мәдениет, тұрмыс-салт көрінісі....234
**Утегалиева М.С.** «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы. Асан атаға хат....237
**Кубесова Ж.Қ.** «Керқұла атты Кендебай» ертегісі....239
**Жумагалиева М.К.** Үйірін тапқан Көксерек....241
**Утеулиева Ә.Т.** Қорқыт ата ....244
**Мухатова А.К.** Джек Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі. Кейіпкерлер бейнесі....249
**Тайпакова С.М.** «Аяз би» ертегісі....252
**Кабиев М. С.** А.Құнанбайұлы «Қыс» ....257
**Қайрова А.** Т.Әбдіков «Қонақтар»....260
**Орыс сыныптарындағы қазақ тілі пәнінен сабақ жоспарларының үлгілері**
**Дауженова З.Ж.** Тауда мекендейтін аң-құстар ....262
**Шайхиева Г.Н.** Қазақтың әншілік өнері....267
**Кабдушева А. Е.** Бағдаршам....271
**Жулкашова Ж.У.** Қызыл кітап....274
**Махметова Г.А.** Анамның туған күні....276
**Шумбалова А.Ф.** Менің мектебім ....279
**Тлегенова К.К.**Тәуелсіздік символы – ұлттық теңге....283

Көлемі 18,0 б.т. Таралымы 100 дана.Тапсырыс № 61

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің

Редакциялық баспа орталығы.

Орал қаласы, Достық даңғылы, 162.